

ҚР БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
А.БАЙТҰРСЫНҰЛЫ АТЫНДАҒЫ ТІЛ БІЛІМІ ИНСТИТУТЫ

АЙДАРБЕК ҚАРЛЫҒАШ ЖАМАЛБЕКҚЫЗЫ

**Қазақ терминологиялық
аталымының
ономасиологиялық негіздері**

Алматы, 2010

УДК 80/81
ББК 81.2 Қаз-3
А 31

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті
А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының
Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған

Жауапты редакторы

К.Ш.Хұсайын – филология ғылымдарының докторы,
профессор

Пікір жазғандар:

Ө.Айтбайұлы – филология ғылымдарының докторы, ҚР
ҰҒА академигі;

Б.Қалиев – филология ғылымдарының докторы, профессор

А 31 АЙДАРБЕК Қ.Ж.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2010. – 384 бет

ISBN 978-601-7206-24-6

Монографияда терминологиялық аталым қазақ тіл білімі аталым теориясының үлкен арнасы ретінде танылып, оның ерекше зерттеу нысаны, ғылыми ұстанымдары, ономасиологиялық түрлері мен үлгілері анықталған және сол арқылы қазақ терминологиясының қазіргі жай-күйіне ономасиологиялық тұрғыдан баға берілген.

Кітап ғылыми қызметкерлер мен магистранттарға, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушыларына және тіл, терминология мәселелеріне қызығушы көпшілікке арналған.

УДК 80/81
ББК 81.2 Қаз-3

ISBN 978-601-7206-24-6

© Айдарбек Қ., 2010
© Мемлекеттік тілді дамыту
институты., 2010

Алғы сөз

Тілдік аталым теориясы, тілдік бірліктердің ішкі жүйелілік мәнінің қалыптасу ерекшеліктерін талдау сонау XX ғасырдың бас кезінен басталып, XXI ғасырдың басында тіл біліміндегі өзекті мәселелердің бірі болып саналады. Өйткені аталым теориясының негізінде тіл білімінің жаңа бағыттары, жаңа салалары, жаңа ғылыми парадигмалары қалыптасып, атап айтатын болсақ, когнитивтік лингвистика, оның негізінде тіл білімінің когнитивтік ономастика, когнитивтік сөзжасам, когнитивтік терминология т.б. ғылыми жүйелері айқындала бастады.

Қазіргі қазақ терминологиясының синхронды сипаты оның қалыптасуының дереккөздері, жеке терминдер мен терминологиялық жүйелердің жасалу уақыты, аталым әдіс-тәсілдері оның қаншалықты күрделі және сан алуан түрлі ерекшелігін көрсетеді. Кез келген ұлттық тілдің терминологиясы сол ұлт өкілінің танымдық және практикалық іс-әрекетінің нәтижесі, қоғамның кәсіби қызметінің барлық салаларындағы арнаулы ұғымдар атауларынан көрініс береді. Осы ретте арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына ғылымның кәсіби тіл аталымдары жатқызылады. Қазіргі таңда жалпы аталым теориясы тиісті дәрежеде зерттелгенімен, арнаулы лексика саласындағы аталым мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін тапқан жоқ. Өйткені аталым саласындағы

барлық жаңа болып табылған, мейлі ол ұлттық тілдің өзінің «техникалық мүмкіндіктері» болсын немесе ұлттық тілден тыс, өзге халықтан қабылданған болсын, ең алдымен кәсіби лексикада көрініс табады. Себебі арнаулы лексика үнемі толықтырып отыруды талап етеді. Бұл өз кезегінде аталымның амал-тәсілдері мен жаңа жолдарын үнемі іздестіруге алып келеді.

Терминологиялық аталымның ономасиологиялық аспектіде зерттелуі, біздің ойымызша, терминжасамның бірқатар өзекті мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді. Олар: терминжасамның қазіргі таңдағы даму процесін айқындау, қазақ тілінің терминжасалымындағы өнімді, өнімсіз тұлғалар, терминжасаушы элементтерді (аффикстер, күрделі сөздердің стандартты бөліктері т.б.) нақты бағалап, саралану мен тілдік мәртебесін анықтау т.б.

Соңғы кездері терминологиялық аталымдағы сипаттама тәсілі арқылы беріліп жүрген терминологиялық бірліктер табиғаты ғылыми қызығушылық танытып отыр. Әсіресе мұндай құрылымдардың ақпараттық қасиеті, олардың қолданылу уәждері аффиксті сөзжасам мүмкіндіктерінің шектеулігінен бе, әлде жоқ па деген секілді мәселелер өз шешімін күтуде. Осы ретте терминологиялық жүйенің белгілі бір даму кезеңдерінде құрама атаулар өнімді болса, кейбір кезеңдерде универб-терминдер өнімділік танытады. Осыған байланысты бұл арнаулы бірліктің міндетті түрдегі уәжділік сипатына байланысты ма, әлде ұғымдық аппараттың күрделенуінің дәлелі ме деген сұрақтар өте маңызды болып табылады.

Тіл зерттеушілерін тіл қызметінің әлеуметтік және кәсіби салаларындағы аталымдық үдерістердің барысы ұдайы қызықтырып келген. Бұл қызығушылық арнаулы ұғымдардың аталым амал-тәсілдерін зерттеу қажеттілігімен, адам қызметінің нақты салаларындағы концептуалдық білімдердің кодқа салынуы мен терминологиялық бірліктердің тілдік бел-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—гілеу құралдары ретіндегі әлеуметтік маңыздылығымен, арнаулы лексика мен оның өзегін құраушы терминологияның ғылыми-техникалық үдерістің үдемелі қозғалысын көрсететін жалпы лексиканың басым бөлігін құрайтындығымен айқындалады. Ғылыми-техникалық төңкеріс жағдайында арнаулы лексика құрамына кіретін терминология тілдің лексика-семантикалық жүйесінің нағыз құбылмалы, динамикалық қабатын құрайды.

Осыған орай, белгілі бір кәсіби топқа жататын адамдар қолданатын сөздік қордың ерекшелігі де тілдің аталмыш қабатында айқындалады. Ал кез келген арнаулы лексиканың өзегі терминологиядан құралатындығы сөзсіз. Әрбір білім саласының терминологиясы арнаулы лексиканың, кең тұрғыдан алғанда, жалпы тілдің лексика-семантикалық жүйесінің бір бөлігі – арнаулы ұғымдар жүйесіне сәйкес термин жүйесін құрайды. Адам білімі мен қызметінің арнаулы салаларын талдау нәтижесінде бұл салалардың ұғымдар жүйесі екі бағытта қалыптастырылады: біріншісі сол саланың концепциясы, яғни теориясының элементтері ретінде көрінсе, екінші жағынан, терминдер жиынтығы ретінде түсіндіріледі.

Осы тұрғыдан терминологиялық аталым үдерісін зерттеу мен зерделеу оның теориялық негіздерін, ғылыми-техникалық коммуникацияны, ондағы бастапқы уәждемелерді анықтап, арнаулы аталымдардың пайда болуының басты принциптерін талдап, жинақтап жүйелеуді қажет етеді. Осымен байланысты ең басты айқындалмаған мәселе – терминологиялық аталым үдерісі, оның жалпы аталым үдерісінен айырмашылығы мен ұқсас жақтары, құрылымдық элементтерінің ономасиологиялық бағыт негізінде жүйеленбегендігі. Терминологиялық аталым үдерісін ономасиологиялық тұрғыдан талдап, теориялық жағынан тұжырымдау осындай қиындықтарды шешуге мүмкіндік береді.

Еңбекте қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, олардың аталымдық табиғаты ашылып, белгілері көрсетіліп, жасалу жолдары анықталып, түрлері мен үлгілері айқындалып, даму, қалыптасу заңдылықтары дәлелденеді. Кәсіп иелері атауларының тілді байытудағы атқаратын зор қызметі көрсетіліп, олардың ономасиологиялық-теориялық негізі жасалады.

I ТАРАУ

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАЛЫМНЫҢ ОНОМАСИОЛОГИЯЛЫҚ ТИПОЛОГИЯСЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ

Ономасиология және оның тіл білімі салаларымен арақатынасы

Тіл білімінде «семасиология» мен «ономасиология» лексикологияның екі бөлек тарауын атайтын терминдер екендігі мәлім. Біріншісі тыңдаушы немесе оқырман тұлғасының көзқарасын білдіріп, аталымның ұғыну, түсіну актісімен байланыстырылса, ал екіншісі сөйлеуші немесе жазушы тұлғаның көзқарасын анықтап, айтылым актісімен сабақтасады.

Осы кезге дейін лексикологияның ономасиология мен семасиология салалары кеңінен талқыланып, пікірталас тудырып отырған мәселелердің қатарында болғандығы белгілі. Өйткені сөз мағынасының табиғаты, сөз білдіретін ұғым жайында әртүрлі көзқарастар мен пайымдаулар кездеседі. Қазақ тіл білімінде ғалым К.Аханов лексика саласының негізгі тарауының бірі – семасиологиялық бағытты ең маңызды мәселелерді зерттейтін бөлім ретінде тани отырып, былай деп жазады: «Сөздердің мағыналық жақтары семасиологияда қарастырылады. Семасиология сөздердің мағыналарын және ол мағыналардың өзгеру жолдарын, семантикалық заңдылықтардың зерттейтін арнаулы бір сала болып саналады. Семасиология лексикологияның ең басты және маңызды саласы, өйткені оның зерттейтін мәселесі – мағынаны әрбір сөздің «жаны» десе болады. Семасиологияның лексикографиялық жұмыста да (сөздіктер жасау жұмысы) маңызы айрықша. Сөздіктерде, әдетте, сөздің мағыналық жақта-

ры талданады» [1,80-81бб.]. Ғалымның пайымдауынша, семасиологиялық зерттеулердің топшылаулары мен қорытындылары сөздік жасау жұмысын ғылыми және практикалық тұрғыдан дұрыс жолға қоюға көмектесіп, бағыт-бағдар сілтейді.

Ғалым аталмыш зерттеу жұмысында ономасиологияға мынадай анықтама береді: «Лексикологияның семасиология тарауымен тығыз байланысты бір саласы – ономасиология деп аталады. Семасиология сөздің мағыналарын, семантикалық заңдылықтарды зерттесе, ономасиология зат немесе құбылыс ұғымының белгілі бір сөзбен аталуының себебі неліктен екендігін қарастырады. Анығырақ айтқанда, сөзді семасиологиялық тұрғыдан қарастырғанда, оның мағыналық жағына назар аударылады да, ономасиологиялық тұрғыдан қарастырғанда, ұғымның сөзбен аталу, белгілеу жағына назар аударылады. Сонымен, ономасиология заттар мен құбылыстардың аталуы, белгіленуі туралы ілім дегенді білдіреді» [1, 81 б.].

Автордың келтірген анықтамаларымен келісе отырып, ономасиологияны тілдік белгілену, атаулану, аталым туралы ғылым деп анықтауға болады. Себебі ол жалпы аталым теориясын жасауға бағытталған сала болып табылады. Демек, ономасиологияның тіл білімінің саласы ретінде қалыптасуының өзі аталымдық қызметтің, тек оның лексикалық немесе сөзжасамдық аспектісінің ғана емес, бүкіл тілдің аталымдық құралдар жүйесінің кеңінен зерттелуімен байланысты.

Жалпы тіл білімінде ономасиология жеке сала болып танылғанына 50-60 жылдай уақыт өтті. Ономасиологияның аталым теориясының негізін құрушы сала болып қалыптасуына байланысты бірсыпыра дүдәмал сұрақтар да пайда болған еді. Қазір ономасиология мен аталым екі бөлек сала болғандықтан, олардың әрқайсысының зерттеу нысандарының аражігін айқындау, бұрын аралас жүрген терминдерді т.б. өз саласына сай қолдану қажет.

Тілдік аталым теориясы жалпы қоршаған орта нысандарының аталуымен байланысты мәселелерді зерттеуге бағытталады. А.А.Уфимцева аталған мәселе лингвистиканың ең өзекті проблемасы екендігін анықтай отырып, төмендегідей ғылыми тұжырымдама жасайды: «...тілдің ономасиологиялық бағытта зерттелуі дегеніміз – тілдік бірліктердің мазмұндық жағының, оның ішкі жүйелілік мәнінің қалыптасуы, сөздер

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— мен сөз тіркестерінің семантикалық жұмсалымын емес, олардың заттық аталымын, тілдік белгілеу құралдар ретіндегі тілден тыс заттық қатармен арақатынасын айқындау мәселелерін қарастыру болып табылады» [2, 19 б.].

Сонымен, семасиология тілде бар дайын сөздер мағынасын зерттейтін болса, ономасиология саласының негізгі қарастыратын мәселесі атаулар жасалымының заңдылықтары болып табылады. Ономасиологияның пайда болуы мен қалыптасуына тоқталар болсақ, ең алдымен, 1903 жылы лингвистикалық талдаудың семасиология бағытына қарама-қарсы қойып, ономасиологиялық талдауды ұсынған ғалым А.Цаунер болатын. Алайда ономасиология ілімі немістің атақты тілшілері Р.Мерингер, В.Мейер-Любке, Г.Шухардтың теориялық еңбектерінен бастау алады. Олардың пікірінше, сөздердің табиғи ерекшелігі материалдық және рухани мәдени құндылықтардың, артефакттердің, заттардың тілдік белгілену құралы ретінде зерттелуі қажет.

Ономасиологияның тіл ғылымы ішіндегі жеке сала ретінде қалыптасуы ХХ ғасырдың 40-50-жылдарынан басталады. Л.Вайсгербер, К.Балдингер, Ф.Дорнзайф, Б.Квадри т.б. тілтанушылардың ғылыми ой-пікірлері ономасиология ғылымының қалыптасып, дамуына едәуір ықпалын тигізді.

Ресейдегі ономасиология ғылымының негізгі сала ретінде айқындалуына ықпал еткен Н.Д.Арутюнова, В.Г.Гак, Г.В.Колшанский, Е.С.Кубрякова, Б.А.Серебренников, Ю.С.Степанова, В.Н.Телия, А.А.Уфимцева, Д.Н.Шмелевтің зерттеулерін негізгі атап өтуге болады. Бұл ғалымдардың зерттеу еңбектерінде ономасиология теориясының лингвистикалық және гносеологиялық негіздері анықталып, зерттеу әдістері мен терминологиялық аппараты қалыптастырылды.

Алайда Ресейдегі ономасиология ғылымының бастауында (ХІХ ғасырдың аяғы) орыстың ірі ғалымы М.М.Покровский тұрды. Оның пікірінше, семантика саласындағы зерттеулерді екі бағытта жүргізуге болады. Алғашқысы сөздердің морфологиялық немесе деривациялық категорияға қатысты жалпы ерекшеліктерін зерттеуге байланысты болса, ал екіншісі белгілі бір ұғымның түрлі тілдерде берілу жолдарын айқындау болып табылады [3, 346 б.].

Қазақ тіл білімінде бұл мәселенің «беті» әлі толық ашылған жоқ. Негізінен, ономасиология этнолингвистика, этимология, лексикология, семасиология көлемінде ғана зерттелініп келеді. Қазақ тіліндегі түрлі тақырыптық, лексика-семантикалық топтардың, тілдік бірліктердің аталу ерекшелігі әр сөз табымен байланысты лексикологияда беріліп келді. Ол ғылыми жұртшылыққа түрлі түркі тілдерінің лексикология саласынан белгілі. Сонымен бірге біраз еңбектерде атаулардың шығу төркінін, жаңа сөз жасау үдерісінің нәтижесін сөздің сөзжасам негізінде пайда болатынын негізге алып, ғалымдар ономасиологияны грамматикаға жатқызады. Алайда тіл біліміндегі аталым, атаулану үдерісіне қатысты мәселелердің бәрі тіл білімінің өзінше дербес саласы ретінде жеке қаралу керек деген ғалымдардың, оның ішінде, әсіресе, орыс тіл білімі ғалымдарының ұсыныстары қазақ тілшілеріне де әсер ете бастады.

Бұл салада қазақстандық ғалымдар – М.М.Копыленко, К.Ш.Хұсайын, З.К.Ахметжанова, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, С.Исабеков, Н.И.Букетова, Л.К.Жаналина, А.Алдашева, Б.Момынова, Б.Қасым, У.А.Мұсабекова, М.Малбақов, Р.Шойбеков, А.Оқа, А.Әлімжанова, Ә.Алмауытова т.б. ғылыми зерттеу еңбектерін жазып, осы салада құнды пікірлер айтып жүр. Біздің зерттеуімізде аталған ғалымдардың тілдік құбылыстарды ономасиологиялық тұрғыдан талдауға арналған қорытындылары мен тұжырымдары басшылыққа алынады. Әсіресе, бұл зерттеу үшін ономасиологиялық категориялардың ұғымдық категориялармен және адамның танымдық қызметімен тығыз байланыста қарастыру принципі аса маңызды.

Жоғарыда атап өткеніміздей, орыс тіл білімінде ономасиология XX ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап жеке сала ретінде зерттеліп, оны кейде грамматиканың ономатология атты бір саласы ретінде де қарастырады. Бұл тәжірибе ономасиологияның жүйелі түрде зерттелуіне мүмкіндік беріп, оның барлық мәселелерінің толық қамтылуына жағдай жасады. Қазір орыс тіл білімінде ономасиологияның жалпы теориялық мәселелері жан-жақты зерттелді. Ономасиологияны тіл білімінің жеке саласы ретінде В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, С.Д.Кацнельсон, В.Г.Гак, Н.Г.Комлев, Е.С.Кубря-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— кова, К.А.Левковская, Г.С.Щур, И.С.Торопцев сияқты ғалымдар теориялық тұрғыдан танытты.

Тілдік құбылыстардың ономасиологиялық бағытта зерттелуі сөйлеуші қызметімен тікелей байланысты. Ол белгілі бір тілден тыс мазмұнды тілдік формаға айналдырады. Ал бұл тілдік форманы сөйлеушінің құзырында бар тілдік жүйеден таңдап алып, өз кезегінде ол осы жүйелі-тілдік жағдайды сөйлеу жағдаятына сәйкес өзгертеді. Ғалым В.П.Даниленконың қорытындысы бойынша, бұл үдерісті мынадай формула түрінде сипаттауға болады: «тілден тыс мазмұн – тілдік форма/тілдік жүйе – сөйлеу» [4, 109 б.]. Құрылымдық-ономасиологиялық грамматика тілді сөйлеуші тұрғысынан «тілден тыс мазмұн – тілдік форма» бағытында зерттейді. Жұмсалымдық-ономасиологиялық грамматика да тілдің жұмсалымын, қызметін сөйлеуші тұрғысынан қарастырып, бірақ зерттеуді «тілдік жүйе – сөйлеу» бағытында жүзеге асырады.

Осымен байланысты белгілі ғалым Л.В.Щерба өзінің зерттеуінде «грамматиканы актив және пассив түрлерге бөліп қарастыру негізінде семантикалық жүйені зерттейтін «идеологиялық грамматиканың» жасалуы қажет», - деп санайды [5, 179 б.]. Ғалымның пікірі бойынша, белгілі бір ойдың тілде берілу жолдарын тек белсенді (актив) синтаксис саласы ғана қарастыра алады. Ал бұл кез келген тілдің грамматикасында өз шешімін таппаған, күрделі де қиын мәселелердің бірі болып саналады.

Осы ретте зерттеуші И.И.Мещаниновтың еңбектеріндегі ұғымдық және грамматикалық категориялардың арақатынасы жайлы ой-тұжырымдары біздің зерттеуіміз үшін өте маңызды: «... тілдегі кез келген ұғым ұғымдық категория бола бермейді. Ұғымдық категория дегеніміз – тілдік деңгейде белгілі бір құрылымы бар лексикалық, морфологиялық немесе синтаксистік жүйелерде берілген ұғым» [6, 15 б.]. Демек, лингвистер үшін ең маңызды мәселелердің бірі – ұғымның тілдік жүйеде қалыптасуы мен берілуі болып табылады.

Осыған орай, грамматикалық және ұғымдық категориялардың айырмашылығы «... белгілі біртұтас құрылым ретінде танылатын тілдік категорияның формалды айырым бел-

гілері грамматикалық категорияларда, ал оның семантикалық негіздері ұғымдық категорияларда беріледі», – деген тұжырым арқылы анықталады [7, 195 б.].

Тілдік бірліктерді ономасиологиялық тұрғыдан зерттеу, ең алдымен, атау-сөздердің жасалып, қалыптасуының аталымдық белгілерін анықтау болып табылады. «Ономасиология жаңа пайда болған ұғымның алғашқы сипаттамалы түрде аталуынан басталып, универб атауға жеткенге дейінгі әрекетті зерттейді. Ономасиология термині тіл білімінде екі түрлі мағынада: тар және кең ұғымда қолданылады. Ономасиология тар ұғымда атаудың ақиқат шындықтағы белгілі бір заттың белгілеуін, ал кең ұғымда тілдегі бүкіл атаулардың зерттелуін білдіреді» [8, 215 б.].


Ресей лингвистикасында сөзжасамның ономасиологиялық аспектілері ғалым Е.С.Кубрякованың еңбектерінде кеңінен қарастырылған. Бұл мәселе жөнінде автор былай деп жазады: «Ономасиологияның ең басты мақсаты – сөйлеушінің аталымдық қызметті орындау барысында ұстанатын негізгі принциптерін анықтау болып табылады. Осыған байланысты аталым теориясының лингвистика ілімінің бір саласы ретінде атқаратын негізгі қызметі – қоршаған орта фрагменттерінің тілдегі көріністерінің қалыптастырылуын, бұл үшін қандай тілдік құралдар мен амал-тәсілдер қолданылып немесе олардың жасалу жолдарын түсіндіру. Ономасиологияның ең бір маңызды бөлігі деривация саласы болуы тиіс. Себебі жоғарыда аталған аталымдық таңба, туынды сөзге қатысты мәселелер тек осы бағытта ғана шешімін таба алады» [9, 21 б.].

Е.С.Кубрякованың пікірінше, ономасиологияның зерттейтін маңызды саласы – сөзжасам. Сөзжасам аясында зерттелетін құбылыстардың басты аспектісі аталымдық немесе ономасиологиялық болуы керек. Е.С.Кубрякова: «Сөзжасам – туынды бірліктердің бір сөзді атаулар ретінде жасалуы мен қызмет етуін айқындайтын тіл білімінің саласы. Бұл атаулар табиғатына қарай екінші мазмұнына қатысты уәжді болып, формалды операцияларға сәйкес құрастырылған және деривация негіздеріне сәйкес бастапқы бірліктердің өзгеру сипатын анықтайтын тілдік бірліктер», – деп көрсетеді [10, 51-52 бб.]. Аталмыш еңбегінде Е.С.Кубрякова ғалым В.Матезиустың ономасиологияның негізгі міндеті – ақиқат болмыс эле-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— менттері аталуының амал-тәсілдерін зерттеу болып табылады деген пікірін қолдайды: «Баршамызға белгілі, бұл амал-тәсілдер алуан түрлі және бір-біріне ұқсай бермейді. Сол себепті де олардың барлығы бірдей сөзжасамдық сипатқа ие болмайды. Сондықтан да сөзжасамдағы аталым әктісінің ерекшелігін айқындау мәселесі өте маңызды» [10, 50 б.].

Осы ретте, жаңа атау жасалу әктісін талдауда Е.С.Кубрякованың пікірімен толық келісуге болады. Оның пайымдауынша, аталым әктісі ономасиологиялық аспектіде екі түрлі операциядан тұрады: 1) бір нәрсеге атау беру үшін ең алдымен референтті немесе денотатты сәйкестендіріп (идентификациялау), оның сөйлеушінің когнитивтік жүйесіндегі орнын анықтап, белгілі бір категорияға жатқызу қажет, 2) одан кейін барып аталған референттің өзіне ұқсас, тектес басқа референттермен салыстыру операциясы жүргізіліп, нәтижесінде оның басқалардан айырым белгілері айқындалып, жалпы сипаттамасы жасалады [10, 50 б.]. Алдымен, жалпы категориялдану құбылыстары, содан кейін субкатегориялдану құбылыстары іске асырылады. Аталым әктісін орындау барысында атау беруші (номинатор) ақиқат болмыстың жеке фрагменттерін бір-бірімен салыстырып, олардың арасында белгілі бір қарым-қатынастар орнатады. Жаңа сөз жасаудағы когнитивтік үдерістердің рөлі, міне, осыдан туындайды.

Біздің ойымызша, ономасиологияны тіл білімінің басқа салаларынан, әсіресе, семантика мен сөзжасамнан мүлдем бөліп қарастыру дұрыс емес. Себебі, тілдік деректерге талдау жүргізу барысында аталым үдерісінің екіжақтылық ерекшелігін ескерген жөн: сөзден ұғымға, ұғымнан сөзге қарай, формадан жұмсалымына қарай және керісінше.



Сурет 1 – Тілдік бірліктерді талдау жолдары

Аталым саласын зерттеген ғалымдардың пікірлеріне сүйенетін болсақ, тіл жүйесіндегі кез келген атау белгілі бір тәжірибе нәтижесі болып табылады. Адам белгілі бір ұғымды көптеген жылдар бойы зерттеуі мүмкін. Кез келген ұғым

атауының пайда болуын адам тәжірибесінен тыс қарастыруға болмайды. Әрбір тәжірибе нәтижесі адам санасында көрініс түрінде із қалдырады, сөйтіп түсінік нәтижесінде атау туады. Осымен байланысты ұғымға нақты атау беру мәселесіне қатысты философияда «сапа формасы» мен «сана процесін» (қабылдау, елестету, түсіну т.б.) бөліп қарастыру дәстүрі қалыптасқан. Демек, адамның өз айналасындағы дүниені тануы, денотаттың негізгі белгілеріне сүйене отырып таңбалауы адамның бойындағы біліміне, дағдысына тікелей байланысты болып келеді.

Аталымның ең басты мәселесі «ақиқат болмыстың жеке элементтерінің атаулану амал-тәсілдерін зерттеу болып табылады» [11, 228 б.]. Бұл үшін алдымен «белгілі бір ой-тұжырым нысаны» жайлы қатынастарды, сондай-ақ онымен ұқсас сөздер қатынастарын айқындап алу қажеттілігі туындайды.

Әдетте бұл тілдік құбылыс әсіресе терминологиялық еңбектерде айқын көрініс табады. Өйткені терминделетін ұғымның маңызды белгілер жиынтығынан «терминнің тұрпат межесінде берілетін оның ең қажетті және жеткілікті белгілері ғана іріктеліп алынады» [12, 8-9 бб.].

Сонымен, атау беру үдерісін талдау үшін, ең алдымен, таңбалануға тиісті тілдік емес материалдың өңделу және сұрыпталу үдерісінің қалай жүзеге асатындығын анықтап алу қажет. Ал бұл үдерісті біз өз кезегінде оның нәтижесіне қарай, яғни белгілі бір тақырыптық және лексика-семантикалық топтарға жататын дайын тілдік атаулар арқылы ғана анықтай аламыз.

Осыған орай, ономасиология туынды сөздер табиғатын семантикалық-жұмсалымдық аспектісінде зерттейді. «Сөздер өзінің негізгі таңбалау қызметіне қарай ұғымдардың тілде белгіленуі мен тіркелуін жүзеге асырушы диакритикалық таңба болып табылады» [13, 83 б.]. Сол себепті ономасиологиялық зерттеулер тіл білімінің семантика және сөзжасам салаларымен тығыз байланысты. Бірақ ономасиологияның зерттеу нысаны ерекше, ол «түрлі аталымдық таңбалар жиынтығы, сондай-ақ олар қалыптасуы мен түрлі кезеңдегі қоғамның қабылдауының жайы», - дегенді білдіреді [14, 23 б.].

Демек, қазақ тілі білімінің ономасиологиясының жеке сала ретінде қаралуы оның басқа салалармен байланысын

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— жоққа шығаруы емес. Себебі, біріншіден, тілде бір-бірімен байланыспайтын, байланысты керек етпейтін ешбір тілдік құбылыс жоқ. Екіншіден, әр тілдің аталымдық жүйесінің соңғы кезге дейін морфологияның, сөзжасамның және лексикологияның құрамында қаралуы олардың байланысын көрсетінін естен шығаруға болмайды.

Тілдік формалардың, жүйелердің байланысы – заңды құбылыс. Дыбыс сөзде қолданылады, сөздің құрамы түрлі «тұлғалардан» тұрады, ал сөздер сөйлемде, сөйлемдер мәтіндерде беріледі. Тілдегі құбылыстар бір-бірімен тығыз байланысты деген тұжырым тілдің осындай табиғи ерекшелігінен туындайды. Бірақ тіл құбылыстарының байланыстылығы әрқайсысының өзіндік ерекшеліктерін де жоққа шығармайды. Олай болса, аталым жүйесінің де тілдің басқа салаларымен байланысы оның өзіндік ерекшелігін, дербестік мәртебесін жоққа шығара алмайды деген сөз.

Ономасиология – тіл білімінің жеке саласы, оның өзіндік зерттеу нысаны бар. Бұл саланың зерттеу нысанына атаулар табиғатына қатысты тілдік бірліктердің тууы, пайда болу үдерісі, аталым түрлері, туынды сөздер, аталымдық заңдылықтар мен мағынаның, ұғымның қалыптасуы сияқты күрделі-күрделі мәселелер жатады. Басқаша айтқанда, ономасиология тілдегі аталым теориясымен байланысты барлық құбылыстар мен заңдылықтарды зерттейді.

Ономасиологияның ерекше бір бөлігі деривациялық ономасиология немесе туынды сөздер аталымы жайлы ілім деп аталады. Бұл бағыттың теориялық негізі М.Докулил, Е.С.Кубрякова, И.С.Улуханов, Л.А.Капанадзе, Р.С.Манчурян және т.б. ғалымдардың еңбектерінде жасалды. Мамандардың пікірі бойынша, ономасиология мен сөзжасамның өзара тығыз байланысына қарамастан, олар тіл білімінің екі бөлек ғылым саласы болып табылады.

Аталым теориясының басқа бір бағытта дамуын ғалым И.С.Торопцев пен оның шәкірттерінің еңбектері дәлелдейді: «Ономасиология үдерістік сөзжасаммен тікелей байланысты. Бұл бағыттың зерттеу нысаны – сөз тудырушы үдеріс, яғни психикалық үдеріс болып табылады» [15, 12 б.].

Осы орайда аталым мен сөзжасам ерекшеліктеріне де мән беру керек екені сөзсіз. Мәселен, Е.С.Кубрякова «Об опре-

делении границ ономаσιологических исследований» деген зерттеу мақаласында алғаш рет сөзжасам, аталым және ономаσιология салаларының ерекшеліктері туралы сөз еткен болатын. Оны автордың өз сөзімен келтірейік: «Сөзжасамның әрбір «әрекеті» аталымға қатысы бар әрекет болып табылады. Ал аталымның әрбір «әрекеті» сөзжасам «әрекеті» бола бермейді» [14, 23 б.]. Демек, ономаσιологияның зерттеу нысаны мен қарастыратын мәселелер аясы сөзжасамға қарағанда әлдеқайда кең әрі ауқымды. Сондықтан да аталым теориясы сөзжасамдық талдау үлгілерін негізге алуымен қатар этимология, дыбыс еліктеуіш, фразеотіркес жасау тетігін т.б. ескеруі де қажет.

Лексикалық бірліктердің пайда болу үдерісін зерттеу – ономаσιологияның міндеті. Сөз тудыру үдерісінің бір жағын семасиология, екінші қырын сөзжасам зерттесе, үшінші жағын ономаσιология қарастырады. Ономаσιология аталмыш тілдік құбылыстарды ономаσιологиялық категориялар тұрғысынан зерттейді. Тілден тыс мазмұнның тілдік таңбалануына орай, ономаσιологиялық категориялардың дамуы оның жалпы қалыптасу түрлерін көрсетеді. Осы категориялар арқылы тілден тыс мазмұнның «өңделуі» мен «реттелуі» нақты бір тілдің белгілі бір кезеңдегі атаулану тәсілдеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Деривациялық ономаσιология үшін маңыздысы – қарастырылып отырған кезеңде қандай кәсіби лексика қалыптасып, олардың аталымдық негізі қандай белгілер арқылы жасалғанын анықтау. Бұл аталымдарға негіз болған белгілерді анықтау терминологияның бірқатар өзекті мәселелерінің қоғам және ғылым тұрғысынан шешімін табу қажеттілігінен туындайды.

Ономаσιологиялық категориялардың сөзжасамдық категориялармен сәйкестендіру тәртібі арқылы болашақ терминжасам мен терминологиялық құрылым ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді.

Сөзжасамның ономаσιологиялық негіздері алғаш рет ғалым М.Докулил еңбектерінде анықталған:

1) ономаσιологиялық категориялардың құрылымы екі компоненттен тұрады: белгілі бір ұғымдық топты, тектік ұғымды көрсететін – *ономаσιологиялық негіз*; бір топтың ішінен бір затты айқындайтын, түрлік ұғымды білдіретін – *ономаσιологиялық белгі*;

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

2) ономасиологиялық категориялар сөзжасамдық категориялардың жасалуына негіз болады [16].

Алайда орыс ғалымы Е.С.Кубрякова өзінің зерттеу еңбектерінде ономасиологиялық құрылымның үш компоненттен тұратындығын жан-жақты дәлелдейді. Ғалымның пікірі бойынша, белгілі бір ономасиологиялық негізге ономасиологиялық белгінің телінуі ономасиологиялық байлам арқылы ғана жүзеге асады. Сондықтан да аталым актісі динамикалық үдеріс ретінде танылып, адам санасында өтетін іс-әрекеттердің көрінісі болып саналады.

Ономасиологияның күрделі мәселелерінің бірі ономасиологиялық құрылым теориясы болып табылады. Бұл мәселе негізінен Г.О.Винокур, В.В.Виноградов, Е.А.Земская т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады.

Ономасиологиялық құрылымдар «тілден тыс» факторларды толық көрсетпейді. Олар ақиқат болмыстың тілдік категориялық тәсілдер арқылы жүзеге асатын негізгі екі компонентін ғана таңдап белгілейді. Ономасиологиялық категориялар өз кезегінде гносеология-логикалық категориялардың ішінен белгілі бір мақсатты таңдау нәтижесін көрсетеді. Кез келген аталым актісінде заттар мен құбылыстардың немесе олардың белгілері арасындағы байланыстарды белгілейтін пайымдау қалыптасады. Сондықтан да қарапайым ойлау іс-әрекеті арқылы ономасиологиялық және психологиялық категориялар өзара байланыста болады. Мысалы, адамның кәсібіне қатысты атаулардың барлығын біріктіретін тұлға мен затты білдіретін «іс-әрекетті орындаушы» тектік ұғымы. Яғни адамға қатысты кәсіби атаулардың ономасиологиялық негізі «іс-әрекетті орындаушы» болып табылады.

Адамға қатысты әрбір кәсіби атаудың ономасиологиялық белгісі еңбектің түрлі аспектілеріне деген қарым-қатынастан туындайды. Еңбек заты, құралы мен жағдайына деген қатынасты жай ономасиологиялық белгі құрайды. Мысалы: *«жоспар жасаушы, жобалаушы» – жаспарлаушы, «қылмысты істі сотта қараған кезде тағылған айыпты қолдаушы адам» – айыптаушы, «үйдің іші-сыртын белгілі бір түрге келтіруші маман, құрылыс жұмысшысы» – әрлеуші, «бағыт сілтеуші, бағыт көрсетуші» – бағыттаушы (бакен – кеме жолындағы қауіпті жерге сигнал*

ретінде қойылған, су бетіндегі қалқыма белгі, көрсеткіш) «бакендерді ретке келтіруші қызметкер» – бакенші, «1. көне. Қожайынның жарлығын орындап отыратын басыбайлы қызметші. 2. Асхана, мейрамханада ас-тағам тасып, күтуші. 3. «Ұлт ойындарын басқарушы» – даяшы, «жоғары дәрежелі медициналық білімі бар емші маман» – дәрігер, «1. көне. Тоғыс есебін жүргізіп, ауа райы туралы болжам айтып отыратын адам. 2. Шаруашылық мекеменің кіріс-шығысын есептеп, сынақ жүргізіп, тіркеп отыратын маман» - есепші, «1. Қайықты жүргізуші, ескек есетін адам. 2. спорт. Қайыққа мініп жарысатын спортсмен» – ескекші және т.б.

Құрама ономасиологияның белгі жай белгінің дамуын, іс-әрекет нысанын, құралын немесе оның орындалу жағдайын көрсету арқылы анықталады. Мысалы: «қолөнермен айналысатын шебер, маман» – қолөнерші, «өндіріс пен шаруашылыққа қатысты жаңалықтар ұсынушы» – өнертапқыш, «онсайыс жарысына қатысатын спортышы» – онсайысшы, «тоғызқұмалақ ойнаушы, ойыншы» – тоғызқұмалақшы, «жолдың ой-қырын жақсы білетін, жол бастаушы, бағыт сілтеуші» – жолбасшы, «1. Жол жүргендегі серік, жолдас. 2. Вагондағы тәртіпті реттеуші теміржол қызметкері» – жолсерік, «1. Мәжілісті басқарушы; ұйым, мекеме бастығы. 2. Өкімет пен жоғарғы мемлекеттік орган басшысының ресми атауы» – төраға, «турасын айтатын адам, төреші» – әділқазы, «мекеме бастығының бірінші көмекшісі, оның қызметін атқаратын адам» – орынбасар, «1. Көшті бастаушы адам, керуен басы. 2. Ауыс. Үлгі-өнеге беруші, жаңа бағыттың бастаушысы, төлбасы. 3. Жарыста алда келе жатқан жеке адам яки команда» – көшбасы және т.б.

Туынды сөздердің ономасиологиялық құрылымы олардың жасалу ерекшеліктері негізінде айқындалады. Адамның кәсібіне қатысты атаулардың семантикалық ерекшеліктеріне байланысты сөзжасамдық және ономасиологиялық тұрғыдан талдануы оларды төрт топқа бөліп қарастыруға мүмкіндік береді. Олар:

I – егістіктен жасалған атаулар. Бұл атаулардың негізі нақты бір кәсіби іс-әрекетке қатынасты білдіруші ономасиологиялық категориядан құралады;

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

II – есімнен жасалған атаулардың негізі кәсіби қызмет затына деген қатынастарды білдіреді;

III – егістіктен жасалған атаулар. Бұл атаулардың негізі еңбек құралдарына деген қатынасты білдіретін ономасиологиялық категориядан құралады;

IV – еңбек шарты мен жағдайы қатынасын білдіретін есімнен жасалған атаулар.

Бұл туынды сөздер топтары өзінің семантикалық және сөзжасамдық уәждемелі қатынастарының ерекшеліктеріне сай іштей бірнеше топтарға жіктеледі. Мысалы, бірінші топ атаулары мынадай кіші топтарға бөлінеді:

1) адамның тікелей орындайтын іс-әрекетін көрсететін атаулар. Мысалы: *әрлеуші, безендіруші, сылаушы, сақтандырушы, реттеуші, үйретуші, тегістеуші, жұқартушы, жүргізуші* және т.б.;

2) машинамен т.б. аппараттар арқылы орындалатын іс-әрекеттерге қатысу қарым-қатынасын білдіретін атаулар. Мысалы: *тракторшы, комбайншы, бұрғышы, бұрғылаушы* және т.б.

3) пассив мағынаны білдіретін атаулар. Мысалы: *қоймашы, қазынашы, үміткер, ардагер, куәгер, серіктес, жарнашы* және т.б.

Сонымен, бір ономасиологиялық құрылымға бірнеше сөзжасамдық құрылымдардың сәйкес келуі синонимдік қатынасты білдірумен түсіндіріледі. Сөзжасамдық және ономасиологиялық құрылымдардың арақатынасы тілдің даму барысында өзгеріп отыратын құбылыстар қатарына жатады.

Соңғы кезде ономасиология бағытының әмбебап сипаты тілдің барлық деңгейі мен салаларында жүргізіліп жатқан зерттеулерде қолданылуымен айқындалады. Мәселен, қазіргі уақытта қазақ тіл білімінде *уәж, уәжділік* мәселелеріне айрықша назар аударылып отыр. Соңғы он-он бес жыл көлемінде лексикалық бірліктерді, тілдік құбылыстар мен үдерістерді, олардың *уәж, уәжділік* ерекшеліктері тұрғысынан қарастыратын лингвистикалық зерттеудің арнаулы саласы – *уәжтану* қарқындап дами бастады. *Уәжтанудың* зерттеле бастағанына көп уақыт бола қойған жоқ. Дегенмен, *уәжтану* мәселелері адамдарды ежелден ойландырған. Олар «Бұл зат неге осылай аталады?» деген сұрақ қойып, оған жауап табуға тырысқан.

Уәждеменің, уәжділіктің алғашқы теориялық негіздері ХХ ғасырдың басынан қалыптаса бастады. «Уәжтану» термині ең алғаш рет орыс лингвисті М.М.Гинатуллин еңбегінде қолданылып, анықтама берілген [17]. Ғалымның 1973 жылы қорғалған «К исследованию мотивации лексических единиц» атты диссертациясында уәжтану мәселелері кеңінен сөз болған. Осы еңбегінде ғалым бұл терминге былай анықтама береді: «Уәжтану – лексикологияның саласы. Уәжтанудың міндеті – атау беру кезіндегі сөз бен зат арасындағы байланыстарды және тіл дамуының белгілі бір кезеңіндегі сөздердің уәжділік күйі мен деңгейін зерттеу» [17, 11-12 бб.].

Уәжтану – лексикологияның жеке саласы, оның өзіндік зерттеу объектісі, ғылыми аппараты, терминологиясы мен талдау әдістері бар аталым уәждерін зерттейтін ілім. Лексикологияның арнайы саласы ретінде уәжтанудың лингвистикалық мәртебесі, негізгі қағидалары мен терминологиялық аппаратының анықталмағандығы аталмыш саланың қазақ тіл білімінде ғылыми теориясы әлі күнге жасалмағандығын көрсетеді. Осыған қарамастан, арнайы зерттеу жұмысын жүргізбегенмен, қазақ тіл білімінде уәж, уәжділік мәселелері жөніндегі Ө.Қайдардың, Т.Жанұзақтың, Е.Жанпейісовтің, К.Хұсайынның, Н.Уәлиевтің, Ж.Манкееваның, Б.Момынованың, Р.Шойбековтың т.б. ғалымдардың еңбектерін атап көрсетуге болады.

Ал орыс тіл білімінде М.М.Копыленко, З.В.Беркетова, О.И.Блинова, Н.Д.Голев, М.М.Гинатуллин, С.А.Колчин, В.В.Левицей, А.А.Леонтьев, Г.П.Мельников және т.б. ғалымдардың еңбектерінде әбден қалыптасқан, күрделі жүйесі мен өзіндік терминдері орныққан сала ретінде зерттелген.

Арнайы зерттеу нысаны болуы тиіс, уәжтану мәселесіне кеңірек тоқталып жатпай, тек осы саланың терминдері туралы, олардың ономазиология мен семасиология бағыттары тұрғысынан айырым белгілерін ашып көрсете кетуді жөн көрдік.

Терминдердің арнайы сала ерекшелігіне сәйкес жүйеленген сөздер жиынтығы болып табылатындығын және ол жүйенің ғылым дамуына орай үнемі өзгеріп отыратындығын дәлелдеу термин түзер алдында оларды алдын ала жіктеп, жүйелеп алуды қажет етеді. Оның үстіне, ғылым терминдерін жасауда әлі күнге дейін үлгі, негіз ретінде пайдаланылатын орыс терминологиясы болып отырғандығын ескергенді

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— жөн деп санадық. Ал орыс тіліндегі *мотив* сөзінің сөзжасамдық ұяда берілген туынды сөздер тізбегі А.Н.Тихоновтың II томдық сөздігінде келесі кестеде көрініс тапқан [18]:

Мотив

Мотивировать

Мотивироваться

Мотивирование

Мотивировка

Мотивировочный

Мотивация

Мотивационный

Мотивированный

Мотивированность

Немотивированный

Немотивированность

Сонымен қатар, орыс тіл біліміндегі уәжтану саласында мына терминдер де көрсетілген: «*мотивизация*», «*мотивема*».

Көп жағдайларда, өкінішке орай, осындай бір түбірден тараған терминдер жиынтығы бір тілден екінші тілге аударылғанда, баламасы табылғанда әртүрлі сөзбен беріліп, бастапқы жүйе мен екінші тіл жүйесі арасындағы үндестіктің бұзылуы жайы жиі кездеседі.

Алғаш рет қазақ тіл білімінде «уәж» терминін ұсынған ғалым – Н.Уәлиев. Осы терминнің сөзжасамдық қабілетін ескере отырып, біз уәжтану саласына қатысты төмендегі терминдер тобын ұсынамыз:

Мотивология – Уәжтану

Мотив – Уәж

Мотивировать – Уәждеу

Мотивироваться – Уәжделуі

Мотивирование – Уәждену

Мотивировка – Уәжденім

Мотивировочный (признак) – Уәждеуіш белгі

Мотивация – Уәждеме

Мотивационный – Уәждемелі

Мотивированный – Уәжді

Мотивированность – Уәжділік

Немотивированный – Бейуәжді

Немотивированность – Бейуәжділік

Мотивация – Уәждеуіштілік

Мотивема – Уәждем

Айта кететін негізгі мәселелердің бірі – уәж сөзі арқылы жасалған терминдер өзіндік бір жүйе құрайды дегенмен, олардың әрқайсысы белгілі бір арнайы ұғымды білдіреді. Осы орайда, бүгінге дейін зерттелген еңбектерде уәжтану терминдері бірінің орнына бірі қолданылып, шатастырылып жүр. Себебі, уәжтану мәселелері – әлі де шешімін таппаған, ал оның терминологиялық жүйесі айқындалмаған салалардың бірі.

Осы күнге дейін қазақ тіл білімінде лингвистикалық терминдер бойынша 1966 жылы І.Кеңесбаев пен Т.Жанұзақовтың «Лингвистикалық терминдердің орысша-қазақша сөздігі» студенттерге арналған шағын көлемді оқу құралы сипатындағы қостілді сөздік және ана тілімізде аталмыш саланың атаулары мен ұғымдарын мүмкіндігінше жан-жақты қамти алған толық көлемді «Тіл білімі сөздігі» (1998 ж.) жарық көрді [19].

Соңғы аталған еңбекке назар аударатын болсақ, бұл сөздікте уәжтану саласына қатысты үш термин ғана берілген: *мотивация, мотивема, мотивология*. Ал бұл терминдердің қазақ тіліндегі баламалары бірде *уәждену*, бірде *уәждеме* деп беріледі немесе орыс тіліндегі атаулары сақталады. Мәселен, «Мотивация, уәждену ағыл. motivation – уәждеме, дәлелдеме – тіл арқылы аталған заттың немесе құбылыстың белгілерін бейнелеу әктісі»; «Мотивема – гомогендік мотивті білдіретін термин, мыс. қазақ тіліндегі ою-өрнектердің атауларына қарай мынадай мотивемаларды ажыратуға болады: жан-жануарлардың бір мүшесіне ұқсастығына қарай – түйемойнақ, мүйіз, өркеш, ашатұяқ т.б.»; «Мотивология – лексикологияның бір саласы, дәлелдемелі (жартылай дәлелдемелі, дәлелдемесіз) сөздер мен мотивтік қатынастарды қарастырады. Сөздің түрлі аспектілерде мотивтенуі; «Мотивология – раздел лексикологии, изучающий мотивированные (полумотивированные, немотивированные) слова и мотивационные отношения, явление мотивации слов в разных аспектах» [19, 232 б.].

«Мотивологияға» берілген анықтама мен орыс тіліндегі дефиницияны салыстыратын болсақ, мынадай қайшылықтар-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— ды байқауға болады. Мысалы, жоғарыда *мотивация* – *уәждедену*, *уәждеме* деп аталса, ал бұл дефиницияда *мотивтену* деп беріледі. Сондай-ақ, «мотивационный» деген «мотивтік», «мотивированный» – «дәлелдемелі» деп берілген. Ал осы дефиницияны біз ұсынып отырған терминдермен келтірсек, онда ол былайша болар еді: «*Уәжтану* – лексикологияның бір саласы, *уәжді* (*жартылай уәжді, бейуәжді*) сөздер мен *уәждемелі* қатынастарды және сөздің түрлі аспектілерінде *уәждеме* құбылысын қарастырады».

Орыс тіл білімінде аталған саланың теориялық мәселелері мен терминологиялық аппараты негізінен М.М.Копыленко, О.И.Блинова, Н.Д.Голев т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылады. Жоғарыда аталған ғалымдар жүргізген зерттеулер *синхронды уәжділік* ұғымынан *диахронды уәждеме* ұғымын ажыратып көрсетуге толық мүмкіндік береді.

Уәждеме – тілдік құбылыс ретінде өткенге қатысы бар, затқа атау беру барысында оның бір белгісінің тілдік құралдар арқылы көрініс табуы. *Уәждеме* аталым үдерісінің міндетті сатысы болып табылады. Ал *уәжділік* лексикалық бірліктердің қазіргі таңда қолданылуын көрсетеді және сөздерде байқалмауы да мүмкін. Егер *уәждеме* – атау беру актісімен аяқталса, *уәжділік* атауда біршама уақыт сақталуы немесе сақталмауы да мүмкін.

«*Уәжділік*» терминінің табиғаты лексикологияның қарама-қарсы семасиология мен ономасиология салаларында екі түрлі түсіндіріледі. Семасиология бағыты *уәжділік* мәселесін дайын бір тілдік бірліктің басқа сөздермен ерекше қарым-қатынас түрлері ретінде қарастырады. Семасиология сөздер арасындағы *уәждемелі қатынас* түрлерінің мәселелерімен айналысады. Бұл әртүрлі қолданыстың негізінде бір сөздің басқа сөздермен арақатынасын белгілеу қызметін атқаратын *уәждеуіштілік* (мотивизация) деген үдеріс жатыр.

«*Уәждеуіштілік* – сөздерді семантизациялаудағы маңызды элемент болып табылады. Себебі, ол сөздің мағынасын құрайтын айырым белгілердің ең кіші семасының қолданылуын және белгілі бір дыбыстық құрылымның астарындағы мағынаны тануды қамтамасыз етеді» [20, 14 б.].

Ал *уәжділік* пен ономасиологияны басқа мәселелер байланыстырады. Ономасиология үшін бұл құбылыс ең басты

уәжденім ретінде қабылданады. «Уәжденім – тілден тыс бір мазмұнға уәжді тілдік форма жасау үдерісі» [21, 15 б.]. Уәжденім уәждеушілікке қарағанда қарама-қарсы бағытта жүзеге асырылады: алдымен, тілден тыс мазмұнның бір белгісі басқа белгілер арасынан бөлініп алынады да, болашақ атаудың уәждеуіш белгісі ретінде тілдің лексика-семантикалық қабатында тілдік құралдар арқылы қалыптасады.

Жалпы лексикалық бірліктердің уәжділігі – тіл білімінде аса маңызды әрі күрделі құбылыстардың бірі. Бұл мәселе бойынша жан-жақты талданған, семантиканың басқа категорияларына қатысты оның лингвистикалық мәртебесі айқындалған, аталған категорияны зерттеп, тұжырым жасалған еңбектер жоқтың қасы деуге болады.

Тілдегі *уәжділік* ұғымы сөз мағынасы, лексикадағы жүйелілік қатынастар, мән, форма, мазмұн, таңба, тілдік норма, аталым, лексикалық бірліктердің идиомалылығы және т.б. маңызды лингвистикалық категорияларды зерттеуде басты қызмет атқарады.

Осыған орай, ғылымның соңғы даму нәтижесі уәжтану мен сөзжасам тілдің екі түрлі саласы екендігі мәселесіне де ерекше назар аударған жөн. Яғни екі саланың әрқайсысының өз құрылымы, зерттеу нысаны ретіндегі өзіндік тілдік бірліктері бар. Олай болса, олардың әрқайсысының өзіндік терминдері де болуы шарт. Осы тұрғыдан келгенде, екі салаға да қатысы бар кейбір мәселелерді қайта қарап, бұл салалардың ерекшелігіне қарай олардың терминдерін түпкілікті біріздендіру маңызды мәселе деп санаймыз. Себебі әр саланың өзіндік ерекшелігі бірінші орында тұруы керек.

Тілдің бұл екі саласының (уәжтану, сөзжасам) зерттейтін мәселесі бір болғанымен, ішкі құрылымы мен зерттеу әдістері түрліше. Қазір уәжтану мен сөзжасам екі сала болғандықтан, олардың әрқайсысының ерекшелігін анықтап, терминдерін де нақтылай түсу керек екені белгілі болып отыр. Бұл туралы орыс тіл білімінде былай деп жазылған: «Уәждеме мен сөзжасамның айырмашылығы ішкі уәждемелі – сөзжасамдық құрылым элементтерінің бүтін уәжді сөзді түрлі әдістер арқылы зерттеуіне байланысты болып келеді. Мысалы, сөзжасам үшін қарастырылып отырған уәжді сөз «оңнан солға қарай» талданып, яғни жаңа ұғымды білдіретін

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— формант негізге алынады да, оған уәж болған түбір сөзден ерекшелігі айқындалып, уәждеме сөзжасамның бір кезеңі немесе сөзжасамдық үлгінің, статикалық үлгінің ауыспалы компоненті болып табылады. Ал уәждеме үшін жаңа атау жасалу дерегі (деривация) сөздің жаңа қолданысқа түсуі мен белгілі бір лексикалық бірліктің дамуы деп қабылданады. Демек, уәждеме саласындағы зерттеулер үшін жаңа жасалған уәжді сөз бен оған уәж болған түбір сөздің арасында айырмашылық жоқ, жаңа атау сөз тек жаңа синтагматикалық ортаға түседі» [21, 30 б.].

Сонымен, сөзжасамда кез келген түбір сөзге қосымшаның жалғануы жаңа мағынаның туындауы болып табылады. Ал уәжтануда жаңа «дүние» өзінен-өзі пайда болуы мүмкін емес деген қағиданы ұстанады, ол тек белгілі бір тілдік бірліктің жаңа қолданысқа түсуі, жаңа қызметті атқаруы, жаңа формаға ие болуы дегенді білдіреді.

Айтылған тұжырымдарды суреттен төмендегіше көрсетуге болады:




Сурет 2 – Аталымның басқа салалармен арақатынасы

Қазақ тіл білімінде К.Аханов «ономасиология» терминіне «Ономасиологияның диалектологияға да қатысы бар. Ономасиологияның диалектологияға қатысы әсіресе лингвистикалық географиядан айқын аңғарылады. Әртүрлі тілдердің диалектологиялық атластарының лексикологиялық картасы ономасиологиялық негізге сүйеніп жасалады да, бір заттың немесе құбылыстың диалектілердегі әртүрлі атауларының таралу шегі көрсетіледі», – деген анықтама берді [1, 81 б.]. Осы ой тұрғысынан келгенде, шындық болмыстағы заттар

мен құбылыстар жеке сөздермен ғана емес, тұрақты сөз тіркестерімен де берілетінін ескерген жөн. Сондықтан да аталымның зерттеу нысандарының қатарында мағынасы жағынан дара сөздермен сәйкес келетін фразеологиялық сөз тіркестері де қарастырылады.

Аталымның тіл білімінің басқа да салаларымен қатынасын мынадай сурет түрінде беруге болады:



Сурет 3 – Аталымның басқа да салалармен қатынасы

Суреттен байқап отырғанымыздай, аталым зерттеу мәселелерінің ерекшелігіне байланысты тіл білімінің түрлі салаларымен түйісіп, шектесіп жатады.

Сонымен, тіл біліміндегі ономазиологияның жеке сала ретінде қалыптасып, оның түрлі аспектілерде зерттелуіне көптеген ғалымдардың еңбегі сіңді. Олар ономазиологияны әр қырынан қарастырып, өзінше зерттеп, оның өзіндік зерттеу бағытын айқындап берді. Дегенмен көптеген зерттеулердің нәтижелері бір-біріне қарама-қайшы келіп отырған шақта ономазиология саласындағы терминологиялық аталым (*ары қарай - ТА*) үдерісін зерделеу мәселелері әлі де зерттеле береді. Сондықтан тіл білімінің ономазиологиялық зерттеу бағытының өзектілігі күннен-күнге өсіп, мазмұны айқындала түспек.

Лексикалық және терминологиялық аталымдардың ономазиологиялық типологиясы

Алынып отырған тақырыптың теориялық мәселелерін қарастыру үшін «аталым», «атаулану», «атау» терминдерінің дефинициясын ажыратып алу қажет. ТА ономазиологиялық аспектіде қарастырылатын «аталым» және «атаулану» тер-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— миндерін синонимдік эквиваленттер ретінде аламыз. Өйткені «аталым», «атаулану» терминдерінде агенттің (сөйлеуші жеке тұлғаның) белсенді, саналы орындайтын зат немесе құбылысқа атау беру іс-әрекетінің семантикасы айқын көрінеді. Сондықтан да «аталым», «атаулануды» біз үдеріс, үдерістің әктісі деп қабылдап, ал «атау» термині осы үдерістің нәтижесін көрсетеді деп түсіндіреміз.

Тілдік аталым мәселесі орыс және шет тілдерінің ономасиологиялық аспектісін зерттейтін еңбектерде қарастырылып келеді. Оның өзіне тән белгілері мен ерекшеліктері тіл зерттеушілерінің назарын аударып отырады. Бұл мәселе Н.Д. Арутюнова, А.А. Уфимцева, В.Н. Телия, Е.С. Кубрякова, В.Г. Гак, Н.Д. Голев, С.А. Колчин, О.А. Габинская, И.С. Торопцев, Л.А. Шкатова, С.С. Маслова-Лашанская, В.В. Копочева, О.П. Ермакова т.б. еңбектерінде талданса, қазақ тіл білімінде К.Ш. Хұсайын, Ж.Манкеева, Б.Қасым, З.Қ. Ахметжанова, Г.И. Байгунисова, Р.М. Исаева, Ә.Алмауытова т.б. зерттеулерінде де қарастырылып келеді. Бірақ қазақ тіл білімінде тілдік аталым түрлерінің мәселесі арнайы зерттеу нысаны болған емес.

В.Г. Гак аталым түрлерін аталымдардың иерархиясы, қызметі, атауланушы нысаны, құрылымы, тәсілдері, сөйлеу субъектісі мен адресаты, басқа аталымдармен парадигматикалық және синтагматикалық аспектілеріндегі арақатынасы бойынша көрсетіп, бұларды іштей тағы да бірнеше түрлерге бөліп жіктейді. Автордың қорытындысы бойынша, аталым түрлері ономасиологиялық тұрғыдан былайша жіктеледі:

I. Аталымдардың иерархиясы бойынша: *алғашқы (бастапқы, тура) – екінші (туынды, жанама)*.

II. Аталымның қызметі бойынша: *тілдік – сөйлеу*.

III. Атауланушы нысанға қатысты: *элементтік – жағдаяттық*.

IV. Атаулардың құрылымы бойынша: *ықшамды – таратылған*.

V. Атаулардың жасалу тәсілдеріне қатысты: а) белгіленушінің байланыстырылуы/оқшаулануы бойынша: *бөлшекті – бөлшекті емес, тәуелсіз – тәуелді, тікелей – жанама*;

ә) ішкі формасы бойынша: *жекеленген – түйінделген, квалификативтік (өзінің жеке белгісі бойынша) – релятивтік (қатыстық белгі бойынша)*; б) аталым құрылымы-

ның белгіленушімен байланысы бойынша: *бейуәжді – уәжді* (оның ішінде: *толық уәжді немесе жартылай уәжді, тура немесе жанама уәжді*, сонымен бірге *күшті немесе әлсіз ақпаратты уәжді*).

VI. Сөйлеу субъектісі мен адресатқа қатысты:

а) әлеуметтік аспект: *жалпықолданыстық – әлеуметтік* белгісі бар; ә) ақпараттық аспект: *«өзінікі» – сұхбаттасушының* немесе басқа да тұлғалар тұрғысынан жасалған атаулар; б) субъектінің нысанға қатынасы бойынша: *объективтік – эмоционалдық*.

VII. Аталымның парадигматикалық аспектіде басқалармен арақатынасы бойынша: а) сигнификаттар деңгейінде: *тең көлемді, түрлі көлемді, қатар бағыныңқылы, антонимиялық және ауыспалы*; ә) денотаттар деңгейінде: *түрлі аспектілі квалификативтік және түрлі аспектілі релятивтік*.

VIII. Аталымның синтагматикалық аспектіде басқалармен арақатынасы бойынша: *автономиялық және автономиялық емес*. Автономиялық емес түрлері өзара қайталанбалы (*пара-парлық, вариативтік, бірфокустық – түрлі фокустық, дистанттық – қабаттастық*) және синтагматикаға тәуелді аталымдар [22, 242-292 бб.].

Біздің байқауымызша, ғалымның бұл жіктемесі аталымның статикалық аспектісіне негізделіп, дайын аталымдық бірліктердің таңдалуын көздейтін тура және жанама аталымдардың қатынастарын қарастырады. Ал кейінгі жіктемелерінің барлығы жанама аталымның тура аталымға қатысты түрлерін айқындайды.

ТА ономасиологиялық сипатын айқындау үшін алғашқы терминологиялық және екінші ТА аражігін ажырату мәселесі маңызды. Бұл мәселенің шешімі тіл білімінің семасиологиялық және ономасиологиялық бағыттарына сәйкес тілдік бірліктерді талдау ерекшелігіне алып келеді. Мәселен, грамматика саласының маманы Б.С.Қапалбеков қазақ грамматикасының тұлғалық және жұмсалымдық бағытының ерекшелігін зерттеуде осы екі аспектіге ерекше мән береді: «Тұлғалық грамматика тіл жүйесінің «құралдық көрсеткіштен мағынаға» қарайғы бағытта зерттесе, жұмсалымдық грамматика «мағынадан құралдық көрсеткішке» қарай бағытта қарастырады. ...семасиологиялық және ономасиологиялық зерттеу-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— лер бастау нүктесінің «тұлғадан» және «мағынадан» бастап сипатталуына байланысты алынып отыр. Ал негізінде онома-сиологиялық грамматиканың өзі құрылымдық жағынан да, жұмсалымдық жағынан да қарастырыла береді» [23, 74-75 бб.].

Осы тұрғыдан келгенде, орыс ғалымдары В.Г.Гак пен В.Н.Телия екінші аталымға мынадай анықтама береді: «...атаулану үдерісінің барысында тілде бар аталымдық тәсілдердің жаңа қызметте қолданылуы» [24, 243 б.]. Біздің ойымызша, бұл жерде екінші аталымға семасиологиялық тұрғыдан анықтама беріліп, алғашқы және екінші аталым ұғымдары аталымның тура және жанама түрлерінің ұғымдарына сәйкес келтірілген. Сондықтан да зерттеуіміздің негізгі бағыты болып табылатын ономасиология заңдылықтарына сәйкес, біз алғашқы аталымды тілдік тұлғасы жоқ затқа, құбылысқа т.б. атау беру актісі деп қабылдап, ал екінші аталымды атауы бар затқа, құбылысқа басқа, жаңа атау беру үдерісі деп ұғынамыз. Қазіргі қазақ ТА үдерісі негізінен екінші аталым түрінде жүріп жатқаны белгілі. Ал алғашқы ТА қазақ терминологиясының стихиялық, ғылыми негізі қаланғанға дейінгі (донаучная) кезеңдеріне тән болған деп түсінеміз.

О.С. Ахманова: «Алғашқы аталымның туынды сипаты тек этимологиялық талдау нәтижесінде ғана айқындалады, ал екінші аталымның сипаты тіл иелерінің ассоциативтік ойлау ерекшеліктері негізінде анықталып, түрлі троптар (метафора, метонимия т.б.), аффиксация және синтаксистік құрылымдар арқылы жүзеге асырылады», – деп көрсетеді [25, 191 б.]. Ал ғалым Л.Қ.Жаналина бұл мәселе жөнінде былай деп жазады: «алғашқы аталымдар белгілі бір реалийлерді бастапқы ұғыну және сонымен қатар оларға тілдік субституттың берілуі кезінде пайда болады, екінші аталымдар қайталанбалы тілден тыс контактілерді экспликациялайды» [26, 244 б.].

Сонымен, алғашқы және екінші аталым қарама-қарсылығын былайша түсіндіруге болады:

- арнайы жасалған / бейімделген;

- осыған дейін аталмаған заттың алғашқы атауы/ қайта, екінші рет аталуы (парадигматикалық және синтагматикалық аспектілерде).

О.А.Габинская бұл аталым түрлерінің қарама-қарсылығын өзінше талдайды. Оның пайымдауынша, алғашқы аталым жаңа

сөз жасалуын қамтамасыз етсе, ал екінші аталым кез келген кейінгі жасалымдар жүйесіне тән болып келеді [27, 11 б.]. Сонымен бірге автор I аталым (тілде бар сөздің қолданылуын) және II аталым (сөздің сөзжасамдық үдеріс нәтижесінде жасалған қолданысы, бірақ ол әлі тілдік ұжым толық қабылдай қойған емес тілдік бірлік болып табылады) түрлерін ажыратып көрсетуге болатындығын да айтады [27, 12 б.].

Біздіңше, ғалымның келтірген жіктемесі, атап айтатын болсақ, I аталым, II аталым түрлері көркем әдебиет пен ауызекі сөйлеу тілдерінде ғана қолданылып, біріншісі коннотативтік мағыналарды беру қабілеттерімен сипатталса, ал аталымның екінші түрі окказионалды атаулар жасалымына тән болып келеді. Яғни алғашқы – екінші аталым терминдерінің қарама-қарсылығына қаншама көзқарастардың болғанымен, біздің ойымызша, сайып келгенде бұл мәселені сөз тудырушы аталым және дәстүрлі сөзді таңдау аталымы деп жіктеуге болады. Алғашқысы ақиқат болмыстың тілдік формада берілу жолдарын қарастырса, ал екіншісі аталымдық бірліктердің семантикалық икемділігі мен лексикалық қор байлығын анықтайды. Сөйтіп, жалпы тілдік аталым жүйесін зерттеушілердің пікірі бойынша, алғашқы аталым ономаσιологиялық болып танылса, екіншісі лексикалық негіздегі аталым болып саналады [27, 11 б.].

Ал біздің зерттеуіміз үшін екеуі де ономаσιологиялық бағытта қолданыла алады. Жоғарыда айтып өткеніміздей, алғашқы ТА – атау беру үдерісі, әктісі, екінші аталым өзге тілді терминге қазақ тілінде жаңа атау беру үдерісі. Сөйтіп, біздің зерттеуімізде екеуі де үдерістік мағынада қолданылып, аталым үдерісі, әктісі ұғымын білдіреді. Өйткені біздің ойымызша, аталған мәселені шешу үшін аталымның мынадай тұстарын ескерту қажет: біріншіден, сөз тудырушы үдеріс барлық жағдайда жаңа аталымдық бірлік жасалуымен аяқтала ма; екіншіден, дайын лексикалық бірліктің аталымдық қызметте қолданылуы атаудың таңдау әктісі бола ала ма?

Осы тұрғыдан Е.Курилович, Ю.Д.Апресян, Н.Д.Арутюновалардың синтаксистік және лексикалық деривация түрлерін ажыратып көрсетулері тіл білімі үшін өте маңызды болды. «Деривация» ұғымын лингвистикаға ХХ ғасырдың 30-жылдарында алғаш енгізген поляк лингвисті Е.Курилович бола-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

тын. Е.Курилович 1936 жылы жазған мақаласында «деривация» терминін сөзжасам мағынасында ғана емес, кең мағынасында «тілдік өзгеріс» деп қолданылатынын, лексикалық деривацияны, синтаксистік деривациямен салыстыра келіп, лексикалық «деривация бастапқы және туынды сөздердің алғашқы синтаксистік қызметіне қатысты бір-бірімен парапар болып келуін меңзейді», – деген анықтама берді [28, 63 б.].

Ғалымдардың пікірінше, жаңа аталымдық бірліктің жасалуы сәйкестендірілген атау жасалуымен тепе-тең келеді, ал екінші аталым синтаксистік деривацияның тәсілдері арқылы жүзеге асырылады. Әдетте, мұндай аталымдардың басым көпшілігі жалпы тілдік узус шеңберіне келмейтін окказионалды атаулар болады, бірақ оларды жоққа шығару негізсіз. Себебі, кезкелген жаңадан жасалған аталымдық бірлік өзінің қалай пайда болуына қарамастан, тілдік жүйенің элементі ретінде сол жүйеге еніп, өзіне тиісті орнын алады. Зерттеуші И.С.Торопцев айтқандай: «... лексикалық бірліктер жай, коммуникативтік мәнмәтінде емес, ерекше, арнайы, ономасиологиялық мәнмәтінде жасалады» [29, 29 б.]. Сонымен, тілдік аталым жүйесін зерттеушілердің пайымдауынша, оның мынадай түрлерін ажыратып көрсетуге болады: атау шығармашылығының аталымы және тілдік бірлікті таңдау аталымы:

1. Жаңа аталымдық бірліктердің жасалуы – ақиқат болмысқа бағытталған тілдік үдеріс; атау – индификатор, яғни ақиқат болмыстың жаңадан бөлініп шыққан тілдік субституты; таңдау аталымы – бар тілдік тәжірибе арқылы ақиқат болмыстың игерілуі, бұрыннан белгілі немесе атауы бар (индентификацияланған дәстүрлі аталым) нысанның қайтадан квалификациялануы;

2. Жаңа аталымдық бірліктің жасалуы оның сигнификатының қалыптастырылуымен сипатталады; дайын аталымдық бірлікті пайдалану оның нақты денотативтік мазмұнмен толығын көрсетеді. Ақтуалды сөйлеуде денотаттар белгілеу нысаны ретінде анықталынды. Бұл ретте аталым процесі В.Г.Гактың айтуы бойынша, келесі түрде жүзеге асады: «...денотаттың белгілі бір бөлініп шыққан белгісі бойынша, тілдік жүйеде оған қатысты дайын атау алынады немесе тілдік элементтер арқылы атау құрастырылады» [22, 250–251 бб.];

3. Жаңа аталымдық бірлік жасалу сәті кезінде тілге қатысты жүйесіздік сипатымен ерекшеленеді. Себебі, жаңа аталымдық бірлік тілдік жүйеден орын алу мақсатымен емес, тілден тыс ақиқат болмыс құбылыстарын белгілеу мақсатымен енеді. Алайда «жаңа лексикалық бірліктің қажеттілігін анықтаған тіл тұтынушының құзырында ана тілі туралы білімі, сөзжасамдық үлгіні дұрыс пайдалануға қатысты белгілі дәрежеде бағыт-бағдары болуы тиіс» [28, 44 б.].

Аталымдық бірліктердің пайда болуы тілдік және тілден тыс түсініктер арасында байланыстың орнатылуын, ақиқат болмыстың тілдік тұрғыдан іске асырылуын, нақты бір бейненің тілдік бейнелілік негізіне айналуын айқындайды. Сонымен бірге, аталымдық бірліктердің жасалуы таза қолданбалы мағынаға ие болатын адамдардың саналы түрдегі шығармашылық қызметі. Әсіресе бұл нысандардың жалқы есімдермен атаулануына, адамға қатысты атауларға, ғылыми және номенклатуралық терминологиялар қалыптастыруға тән құбылыс. Сондықтан да ғалым И.С.Торопцевтің концепциясы бойынша аталым теориясының ерекше бір тарауын қалыптастыру қажет. Бұл тараудың атқаратын негізгі міндеті сөзжасамдық үдерісті зерттеу болып табылады: «Бұл үдерісті лексикалық белгіленбеген мазмұннан, яғни синтаксистік немесе физиологиялық (дыбыс, сезіну түсінігінен) объективтелген мазмұннан оның лексикалық бірлікте белгіленуі бағытында қарастыру қажет» [30, 21 б.].

Бірақ, біздің ойымызша, бұл концепцияның мына бір тұстарын айқындау қажет: біріншіден, кез келген жаңа лексикалық бірлік жаңа аталымдық бірлік бола бермейді. Сол себепті де үдерістік ономазиологияның зерттеу пәнін синтаксистік дериваттармен байланысты қатынастар түрлерінен, бір нысанның туынды аталымдарынан ажыратып белгілеу керек; екіншіден, жаңа аталымдық бірлік бір сөзді атау ретінде қалыптастырылып, сәйкестендірілген атау сияқты узусқа енбеуі де мүмкін.

Нақты аталымдық үдерісті зерттеу мен зерделеу мәселесінің өзгешелігін мойындай отырып, оның тіл білімінде қойылғанына бірнеше он жылдық өтсе де, үдерістік ономазиология бағыты орыс тіл білімінде толық қалыптаса қойды деу қиын. Жалпы аталымдық үлгі типологиясын анықтау үшін әлемдік және орыс лингвистикаларында, қазақ тіл білімінде

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— аталмыш мәселенің зерттелу тарихына қысқаша шолу жа-сау арқылы ғалымдардың негізгі пайымдаулары мен тұжы-рымдарын қорытындылап, зерттеу нысанымыздың айқын-далмаған, шешілмеген мәселелерін, жауап берілмеген сұрақ-тарын талдап, жинақтап, жүйелеуіміз қажет.

Мәселен, В.Г.Гактың пікірінше, аталым актісінің негізгі компоненттері: *атау беруші субъект* (аталым субъектісі (номинатор), *атаулану* (номинант), *атауланатын нысан* (аталым нысаны, номинат) және *аталым адресаты* [22, 241-242 бб.]. Қазақ тіл білімінде Ш.Ш.Жалмаханов: «Тілдің таңба-лық мағынасының қалыптасу процесіне танымның: 1) тану-шы субъект (адам), 2) танылушы объект (өмір шындығы), 3) тілдік таңба (тіл) деген үш семиозис элементі қатысады. Семантика – тілдік таңба, оның мағынасы, семантикалық құндылық және мән секілді негізгі семиологиялық категория-ларды анықтауда тілдің, ойлаудың және объективті шындық-тың бір-бірімен қатынасын ғана тану жеткіліксіз, сонымен қатар тілдің динамикалық-статикалық, құрылымдық-іс-әре-кеттік, қарым-қатынастық-атауыштық аспектілері, жалпы айтқанда, таңбалар жүйесін зерттейді. Номинация – затты таңбалау ғана емес, заттың абстрактілі мәнін ерекше мате-риалдық формада – таңбада белгілеу, номинация денотатпен ғана шектеледі», – деген анықтама береді [31, 25 б.].

Біздің ойымызша, В.Г.Гак ұсынған аталымдық үлгідегі атаулану (номинант) компоненті аталым актісі емес, өйткені бұл жалпы аталым үдерісін білдіретін ұғым, яғни аталым нәтижесі, сонымен қатар атаулану үдерісінде адресаттың рөлі де дұрыс анықталмаған деп санаймыз. Себебі адресат та нақты аталым актісіне қатыспайды, оның жалпы тілдік ата-лым барысында тек атау беруші субъектімен қарым-қаты-насы ғана ескеріледі.

Осы ретте ғалым И.С.Торопцевтің аталымдық бірлік жа-салымына негізделген 6 компонентті сөзжасамдық үлгісі ерек-ше назар аудартады. Бұл үлгінің әрбір компоненті диалекти-калық тұтастықты көрсететін динамикалық және статика-лық аспектілерге негізделген:

1. Туынды лексикалық бірліктердің идеалды жақтарының сипаты лексикалық объективтенудің семантикалық негізі туралы, лексикалық объективтенуге бағытталған жаңа

идеалды мазмұнды сол процеске сәйкес дайындау жөніндегі ұғым.

2. Уәжденім түрлерінің жүйесі мен оның қолданылуы, яғни оның бір түрінің таңдалуы мен пайдаланылуы жайындағы ұғым.

3. Сөз тудырушы негіз және оның таңдалуы туралы ұғым.

4. Іске асыру тәсілдерінің жүйесі мен оны пайдалану жөніндегі ұғым (тәсілдердің бір нұсқасының таңдалуы).

5. Туынды лексикалық бірліктердің дыбыстық формасының сипаты мен оны табу ұғымы.

6. Лексикалық бірліктегі идеалдық және материалдық белгілердің ұштасуын және оның жүзеге асырылуы сияқты атауланушы нысандар туралы ұғым [30, 139 б.].


Дегенмен, аталым актісінің аталым субъектісі т.б. маңызды компоненттер бұл үлгіден тыс қалып қойғанын байқауға болады. Сөз тудырушы процесіті психикалық үдеріс деп таныған И.С.Торопцев өзінің ұсынған үлгісінде жаңа білімге ие болу психологиясын ескермейді. Бірақ атауланушы нысанның материалдық қалыптасу мәселесін қарастырмаған В.Г.Гакқа қарағанда, И.С.Торопцев атауланушы білімнің вербалдануына байланысты қажетті кезеңдердің барлығын өз үлгісінде қамтыған деп санаймыз.

Біздің ойымызша, әсіресе ТА ономашиологиялық негізін айқындау үшін аталымдық қызметті атқаратын жаңадан жасалған тілдік бірліктің жаңалығын саналы түрде ұғынып немесе ұғынбай жасау жалпы аталым классификациясының да негізгі параметрлерінің бірі болып табылады. Біздіңше, дәл осы белгі ТА лексикалық аталымнан ажыратып алудың басты критерийі болуы тиіс.

В.Г.Гак ұсынған аталымдар жіктемесінде бұл параметр қолданылмаған. Әдетте, сөзжасамдық үлгіні жүзеге асырып, жеке тұлғаның өзін жаңа атау жасаушы ретінде сезінбеуі мүмкін емес сияқты. Себебі, аталым процесі, ең алдымен, жаңа білімнің вербалдануы дегенді білдіріп, саналы түрде жасалуы тиіс. Дегенмен, аталым үдерісін ұғынбай жүргізу мүмкіндігін жоққа шығаруға болмайды. Өйткені тілдегі қате жасалған аталым субъектісінің өзін қоршаған ақиқат болмыс аталымын жеткіліксіз түсіну, қажетті білімнің жетіспеуінен туындаған атаулар оның айқын дәлелі бола алады.

Бұл ретте анықтауды қажет ететін мәселелердің бірі –

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— «тілдік аталым» мен «терминологиялық аталым» терминдерінің арақатынасы. Осы кезге дейінгі аталым теориясына арналған көптеген ғылыми әдебиеттерде «аталым» жалпы «тілдік аталым» деп көрсетіліп, ТА зерттеуде тілдік аталыммен салыстырады. Біздіңше, ТА да тіл білімінің бір саласы ретінде тілдік қарым-қатынастың ерекше тетігін зерттеуге бағытталғандықтан, оны жалпы тілдік аталымнан ажыратып көрсетуге болмайды. Керісінше, ТА жалпы тілдік аталымның бір бөлігі болып саналады. Ал осы уақытқа дейін аталым теориясының аясында, негізінен, лексикалық аталым түрлері қарастырылған. Жалпы тілдік аталым, лексикалық аталым, ТА арақатынасын былай көрсетуге болады:



Сурет 4 – Терминологиялық аталымның жалпы тілдік аталымдағы орны

Лексикалық аталымды жіктеуде ең басты параметрлер ретінде жаңа тілдік бірліктің жаңалығын ұғынып немесе ұғынбай жасау және аталымның стандарттылығы және стандартқа сәйкес келмеуі немесе нормаға сәйкестігі мен сәйкессіздігі секілді критерийлер басшылыққа алынып, лексикалық аталымның мынадай түрлері көрсетіледі:

- 1) қалыпты аталым (жаңа атау екендігі мойындалып, нормаға сәйкес жасалған атаулар);
- 2) мутациялық аталым (стандартты, жасау үлгісі тілдік тұрғыдан тұрақты, бірақ тіл тұтынушылары үшін байқалмай жасалған тілдік бірліктер);
- 3) жасалынды аталым (саналы түрде тіл стандартын бұзу арқылы жасалған бейуәжді атаулар);

4) «патологиялық» аталым (тілдік және тілден тыс факторларға байланысты «қате» жасалған, туындаған аталымдық бірліктер) [32, 46-48 бб.].

ТА үдерісі барысында терминдік бірліктердің жай тілдік бірліктерден өзгешелігін ескере отырып, ең басты параметрлер ретінде терминдердің стандарттылығын, нормаға сәйкес және саналы түрде белгілі бір мақсатпен жасалуын атап көрсетуге болады. Осы тұрғыдан ТА түрлерін былайша жіктеуге болады:

1) қалыпты ТА (нормаға сәйкес, саналы түрде жасалған терминдер): *мұрағатшы, кітапханашы, тасымалдаушы, түзетуші, сарапшы, дайындаушы* және т.б.;

2) мутациялық ТА (стандартты, тұрақты үлгілер арқылы жасалған терминдер): *сауыншы, зергер, емші, қазаншы, малшы, күмісші* және т.б.;

3) жасалынды ТА (тілдік нормаға сәйкес жасалған, бірақ алғашқы кезеңде термин жасандылығы белгілі болып тұрады. Ескере кететін жайт, бұл ТА лексикалық түрінен айырмашылығы ешқандай экспрессия болмайды. Себебі лексикалық аталымда бұл аталым түріне жатқызылатын атаулар негізінен белгілі бір экспрессия тудыру үшін жасалады): *аспансерік, асқарпаз, әуежайшы, төлқұжатшы, планшетші* және т.б. Лексикадағы патологиялық аталым түрі тек жалпықолданыстық сөздер қатарында ғана кездесіп, ТА талаптарына сай келмейді.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, В.Г.Гактың типологиясы бойынша, лексикалық аталымдар нысанға қатысты бейтарап және экспрессивті-эмоционалды болып жіктеледі. Бірақ аталымдардың осылайша жіктелуін аталым зерттеушілерінің барлығы дерлік қолдай бермейді. Олардың пікірі бойынша, экспрессивті сөздердің аталымдық қызметті атқаруға қабілеттілігі күмән келтіреді. Мұндай атаулар нысанды өзіне ұқсас нысандар тобының ішінен ерекше белгілеп көрсету үшін қолданылып, тіл иелері үшін маңыздылығы тек белгілі бір, сол сәтте өзекті болып табылған сөйлеу жағдаятында ғана пайдаланылады. Осы ерекшеліктеріне орай, экспрессивті сөздерді классификатор - сөздермен салыстыруға келмейді [33, 3 б.]. Әрине, бұл тілдің экспрессивті мағыналы сөздеріне дәл және дұрыс берілген анықтама, бірақ экспрессивті сөздердің аталымдық қызметін мүлдем жоққа шығаруға да

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— болмайды. Біздіңше, экспрессивтер белгілі бір жағдаяттық сипатта ғана өнімділік танытып, аталымның ерекше бір түрін құрайды. Алайда біздің зерттеуіміздің негізгі нысаны болып табылатын ТА түрлеріне экспрессивті сөздердің ешбір қатысы жоқтығын атап өткен жөн.

Тіл-тілдің лексикасында ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздер «терминдер» деп аталады. Күнделікті өмірде барлық салада жалпылама қолданыла берілетін сөздер ыңғайына қарай түрлі-түрлі мағынада жұмсалып, көп мағыналы болып келсе, терминдердің басым көпшілігі дара мағынасында жұмсалады. Демек, дара мағыналы болу – терминдерге тән, басты қасиет. Мысалы, *аффрикат, аффикс, артикль, артикуляция, аглютинация* деген терминдер қандай бір мәнмәтінде қолданылады, олардың әрқайсысы әрдайым өзіне тән негізгі бір мағынасында жұмсалады және сол ғана мағынасында ұғынылады. Терминдерде эмоционалды бояу, экспрессивті қызмет дегендер де болмайды [1, 161-162 бб.]. Біз мұны ТА жүйесінің өзгешелігін көрсету үшін ғана сөз етіп оырмыз. И.С.Торопцевтің пікірінше: «Лексикалық бірліктер коммуникативтік мәнмәтінге түскенге дейін жасалады» [15, 29 б.]. Сол себепті де, бір қарағанда, аталым жағдаятына адресаттың қатысы жоқ сияқты. Бірақ әрбір аталымдық бірлік аталым субъектісімен тек ақиқат болмыс туралы білімді вербалдау үшін ғана емес, сонымен қатар бұл білімді тілдік ұжымның басқа да мүшелеріне табыс ету үшін де жасайтыны белгілі. Осымен байланысты жаңа аталымның адресатқа міндетті түрде бағытталғандығын ескере отырып, М.В.Голомидова оның мынадай түрлерін атап көрсетеді: а) жеке тұлғаға бағытталған, ә) элеуметтік топқа бағытталған, б) жалпыға бағытталған аталымдар. Соңғысы адресат ретінде барша тілдік ұжымды айқындайды [34, 6 б.].

Осы ретте аталымның адресатқа қатысты болуы аталым тәсілінің таңдалуын, аталымдық бірліктің ақпараттық деңгейін, коммуникация барысында қолайлы деген нұсқаулардың ізделуін айқындайды. Терминологияның, терминдік бірліктердің тілдік және тілден тыс ерекшеліктеріне орай, адресатқа байланысты аталым түрінің екіншісі мен үшіншісі сәйкес келеді деп санаймыз. Өйткені терминолог-ғалым Б.Қалиевтің сөзімен айтатын

болсақ: «...терминдер халық түсіне алатын, халық игілігіне жарайтын тілдік бірліктер болып табылады. Ондай терминдер халқымыздың рухани байлығын молайтады, тілімізді байытады. Терминдердің ең басты қызметі – ғылыми ұғымды білдіру, сол арқылы ғылымды дамыту дейтін болсақ, бұған дейін бізге түсіндіріліп келгеніндей, термин – мамандарға, ғалымдарға ғана қажетті шартты таңба емес, ол – халықтың ақыл-ойы, санасы, ұлттың рухани қазынасы» [35, 33-34 бб.].

Термин зерттеуші Ш.Құрманбайұлы жаңа терминдік атаулардың әлеуметтік - қоғамдық қырлары туралы былай деп жазады: «Жаңа тілдік оралымдар, жаңа сөздер, терминдер көбіне ақпарат құралдары арқылы тарайды. Жұртшылықтың айтарлықтай бөлігі жаңа терминдермен салалық терминологиялық сөздіктерден емес, баспасөз материалдары мен электронды ақпарат құралдары арқылы танысып жатады. Кейбір оқырмандар журналистердің жаңа сөз қолданыстарын бекітілген термин ретінде қабылдап, ал публицистикалық стильді әдеби тіл нормасы деп есептейді. Кейде қандай да бір сөз, сөз тіркесі, термин не сөйлемді бұлай қолдануға болмайды деген кезде, газетте солай жазылған, теледидардан немесе радиодан осылай айтты деген уәжді жиі естуге болады. Қарапайым тыңдаушы, оқырман мен көрермен газеттен, теледидардан, радиодан естіп, оқып білгенін сол күйінде, норма ретінде қабылдайтындықтан, ақпарат құралдарының тілдік норманы қалыптастыруда да атқаратын қызметі өте жауапты. Түрлі тақырыптағы ақпарат тарату арқылы көпшіліктің санасында үлкен әсер қалдыратындықтан, барлық ақпарат құралдары әртүрлі тақырыптағы материалдарды жариялауда, хабар таратуда тіл нормаларының сақталуына, терминдердің дұрыс қолданылуына баса назар аударғандары жөн» [36, 7 б.].

Сонымен, аталымның әлеуметтік және жалпыға бағытталған түрлері саналы түрде ұғынып немесе стихиялық түрде жасалуы екеуінде де белгілі бір тілдік норманы ұстанып жасау ниеті басым келеді. «Тілдік норма – тіл жүйесінің дәстүріне сай тұрақты түрде қалыптасып, қоғамдық қатынастар арқылы орныққан тілдік амал-тәсілдердің жиынтығы, сөз қолдану ережелері» [37, 356 б.]. Ал жеке адресатқа бағытталған аталымдардың тілдік нормаға қатысы соңғыларымен салыстырғанда әлдеқайда еркін және тек адресатқа тәуелді болады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Аталым түрлерін жіктеуде тілдік дәстүрге қатыстылық критерийінің маңызды рөлін ескере отырып, біз А.Ф. Журавлевтің бұл жөнінде айтқан пікірін қолдаймыз. Автордың пікірі бойынша: «...бұл критерийдің тарихпен сабақтастығын ескерген жөн: тіл дамуының әрбір дәуіріне өзіндік тілдік стандарттар мен нормалар тән. Дегенмен, тілдің әрбір даму кезеңіне сәйкес стандартты және стандартты емес аталым түрлерін атап көрсетуге болады. Олардың ішінде біріншілері нормаға сәйкес жасалған болса, ал екіншілері бұл нормаларды сақтамауымен сипатталады. Алғашқылары қалыпты аталымдар қатарына жатқызылып, ал кейінгілері саналы түрде жасалады да, бірақ оларда тілдік стандарттарды бұзу байқалады» [32, 47-49 бб.].


Мұндай стандарттан тыс аталым түрлері И.С.Торопцевтің сөзжасамдық үлгісінде көрсетілмеген. Себебі ғалымның аталмыш құрылымы тілдік норма принциптерінің қатаң сақталуына ғана меңзейді. Дегенмен, мұндай принциптің аталым үдерісінде қаншалықты орындалуы, орандалмауы және атаулану барысында қатаң сақталуы маңызды болғанымен, атау таза дәстүрлі арнада жасалады немесе оның бұзылғаны, тілдік бірліктің өміршендігі тілде узуз құбылысы арқылы айқындалады. Сондықтан аталым түрлерінің бұл қарама-қарсылығын аталым үдерісіне қарағанда дайын аталымдық бірлікті таңдау үдерісіне тән келеді де, стандартсыз деп кез-келген жаңа атауды қабылдағаннан гөрі гносеологиялық қажеттілікті танытпайтын тілдік бірліктерді атаған жөн деп санаймыз (мысалы, жаргон, сленг т.б.)

Аталатын нысанға байланысты зерттеу еңбектерінде оларды *жеке нысандар аталымы* және *бір топ нысандар аталымы* деп екіге бөліп қарастыру дәстүрі қалыптасқан. Сөйтіп, әдетте бұл лексикаологиядағы жалқы және жалпы есімдер атауларының жасалуында кездеседі деп түсіндіріліп, осы тұрғыдан жалпы атаулар заттарды белгілеуімен қатар сын, сапа, іс-қимыл, әрекет және абстрактілік ұғымдарды да білдіре алатын атаулар болып саналады.

А.А.Уфимцева аталымдық бірліктердің үш тобын жіктеп көрсетеді: «сипаттаушы (жалпы есімдер), жекелеуші (жалқы есімдер), квантитативтік таңбалар (есептік сан есімдер)» [38, 37 б.]. Әрине, бұл атаулар жасалымының әрқайсысына тән өзіндік ерекшеліктері бар. Алайда әрбір топ нысандар ішінде де әрқайсысы аталым барысында өзгеше сипат алады, мы-

салы, жалқы атауларға қатысты топоаталым, антропоаталым, астроаталым және т.б. жалпы есімдерге қатысты табиғи нысандар, артефакттер, адамға байланысты т.б. аталымдар.

Жаңа аталымдық бірліктің туындауы, аталатын нысанды сипаттайтын белгілердің болуы атау беретін субъектінің ұғынуымен байланысты. Нысанды танып ұғыну мен атау жасалымы қатар жүргізілетін үдерістер. Аталымдық лексиканы зерттеген ғалымдардың пайымдауынша, нысан қасиеттерінің атаудағы көрінісіне жете мән беру қажет. Ономазиологиялық зерттеулердің барлығында дерлік аталатын нысандардың аталымдық белгілері бойынша жіктемелік типология мәселесі жан-жақты қарастырылады. Ғалымдар тілдік материалды талдау барысында аталатын нысанның қасиеттеріне байланысты аталымның мынадай түрлерін көрсетеді (В.Г.Гак, Б.А.Серебренников, А.А.Уфимцева т.б.):



Сурет 5 – Аталушы нысан қасиеттеріне байланысты аталым түрлері

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Аталымның белгі бойынша жіктелуі пішін, көлем, түс, тұрғылықты жері, қолданылу сипаты және т.б. белгілер бойынша аталып, белгінің атауда берілу жолдарына орай, метафора немесе метонимия арқылы жүзеге асырылады. Сонымен, атау мен нысанның сыртқы сәйкестігін талдау атаулардың семантикалық уәжділігінің терең тамырларын зерттеуді қажет ететіндігі сөзсіз. Ал бұл құбылыс – әрбір этностың белгілі бір өмір сүру кезеңімен байланысты ерекше сипатталатын, сонымен бірге әмбебаптық та көріністерімен айқындалатын тілдік заңдылықтардың бірі.

Аталым түрінің таңдалуы объективтік шындық сипатымен де, субъектінің жеке тәжірибесімен де байланысты. Ал аталымның негізін құраушы ретінде нысанның бір белгісінің іріктеп алынуы әрқашанда субъективті болып келеді. Аталым типологиясы тілдің техникалық тәсілдерімен де байланысты. Кез келген тілдің аталым үдерісінің барысында қолданылатын техникалық мүмкіндіктері мен тәсілдері алуан түрлі болады. Бірақ бұл мәселе біздің зерттеуіміздің басқа тарауында қаралады. Ал жоғарыда айтылған мәселелерді қорытындылап, кесте түрінде лексикалық және ТА типологиясын былайша көрсетуге болады.

Кесте 1 – Лексикалық және терминологиялық аталым түрлерінің типологиясы

Аталым түрлері		Лексикалық аталым	Терминологиялық аталым
I. Аталым иерархиясы бойынша	Алғашқы аталым	+	-/+
	Екінші аталым	+	+
II. Аталым қызметі бойынша	Тілдік	+	+
	Сөйлеу	+	+
III. Аталатын нысанға қатысты	Элементтік	+	+
	Жағдаяттық	+	+
IV. Атаулардың құрылымы бойынша	Ықшам	+	+
	Таратылған	+	+
V. Атаулардың жасалу тәсілдері бойынша	Бөлшекті	+	+
	Тұтас	+	+
	Квалификативтік	+	+
	Релятивтік	+	+
	Бейуәжді	+	-/+
	Уәжді	+	+

VI. Сөйлеу субъектісі мен адресатқа қатысты	Әлеуметтік	+	+
	Ақпараттық	+	+
	Жекелік	+	-
	Эмоционалды – экспрессивтік	+	-
VII. Аталымның парадигматикалық аспектідегі қатынастары бойынша	Антонимиялық	+	+
	Ауыспалы	+	-/+
	Квалификативтік	+	+
VIII. Аталымның синтагматикалық аспектідегі қатынастары бойынша	Автономдық	+	+
	Бейавтономдық	+	+

Әрбір тілдің сөздік қор ерекшелігі, ең алдымен, сол тілдің аталымдық қызмет атқара алатын тілдік бірліктер жасалымындағы техникалық мүмкіндіктерімен айқындалады. Дегенмен, аталымның негізгі тәсілдері (деривация, сөз тіркесі, сөздердің семантикалық өзгеріске түсуі, басқа тілдерден кірме сөздер қабылдау) әрбір тілдің аталымдық құралдар жүйесінде басты орын алып, әмбебап тәсілдер болып табылады. Осыған орай, түрлі тілдердің сөздік қор өзгешелігі атаулану тәсілдер түрлілігімен емес, олардың өнімді-өнімсіз тұрғысынан өлшенеді. Мәселен, қазіргі таңда орыс тілінде ең жоғары өнімділік танытып жүрген аббревиация құбылысының кейбір түрлерінің өнімділігі қазақ тілінде әлі де болса байқалмайды.

Дегенмен, терминдік бірліктердің басым көпшілігі тілде бар элементтер негізінде жасалады. Бұл элементтер атау беретін субъектінің өз тілінің немесе өзге тілдік (кірме терминдер) болуы мүмкін. ТА барысында тілдің ішкі қорын пайдалану екі бағытта жүргізіледі. Біріншісі – тілдегі дайын аталымдық бірлікке жаңа семантикалық қызмет (терминдік) жүктелуі арқылы, екіншісі тұлғалық жаңа терминдік бірлік жасалуымен сипатталады.

Сөз семантикасының түрлі өзгерістерге ұшырауы трансформацияның екі түрін бөліп көрсетуге негіз болады: лексика-семантикалық трансформация және семантика-синтаксистік трансформация. Әрине, бұл семантикалық өзгеріс

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— түрлерінің алғашқысы терминология саласы үшін өте өнімді және ұтымды пайдаланылып жүрген тәсілдердің бірі болып табылады. Сондықтан бұл құбылыстың ерекшеліктеріне арнайы тоқтала кеткен жөн.

Бір қарағанда дайын аталымдық бірліктің жаңа семантикалық қызметте қолданылуы, әдетте жаңа мағынаның сөздің бұрынғы мағынасымен байланысын айқындайтын сияқты. Бірақ кейде алғашқы мағына мен екінші мағына арасында ешбір байланыс байқалмайтын жағдайлар да кездесіп жатады. Яғни екінші мағына алғашқыдан туынды болуы да, болмауы да мүмкін. Осы тұрғыдан, лексикалық аталымда лексика-семантикалық трансформацияны екі қырынан қарастыруға болады: ішкі уәжді атаулар және ішкі бейуәжді атаулар. Ал ТА жүйесіне тек алғашқысы ғана тән. Себебі, ішкі бейуәжді семантикалық трансформация негізінен жаргон, арго тілдерінде жүзеге асырылып, ауызекі сөйлеуде экспресивтілік қызмет атқаруымен ерекшеленеді. Мысалы, *милиционер* → *мент*, *бастық* → *шеф* т.б.

Ішкі уәжді лексика-семантикалық трансформацияны (терминологиялық деривация) жіктеу үшін (терминологиялық) парадигматика және синтагматика ұғымдары негізінде сөз мағыналарының өзгеруін парадигматика және синтагматика тұрғысынан қарастыру қажет. Парадигматика тұрғысынан сөз мағынасының өзгеруі бір лексика-семантикалық парадигма мүшелері арасында немесе екі түрлі парадигма мүшелері арасында болуы мүмкін. Бірінші өзгеріс түрлеріне мағынаның кеңеюі, мағынаның тарылуы, семантикалық жылжыту (сдвиг) жатады, ал екінші өзгеріс түрі метафораға негізделеді.

Осыған байланысты ғалым Б.Момынова: «Синтагма мүшелерінің мағынасы өзінің алдынан немесе соңынан келетін синтагма мүшесіне барлық жағынан қарсы қою арқылы айқындалады. Синтагма ұғымы аясына сөздер ғана емес, сөз тіркестері, созылыңқы күрделі бірліктер (күрделі сөздер, туынды сөздер, сөйлем мүшелері, тұтас сөйлемдер) енеді. Синтагмалық қатынастар синтагманың толыққанды жеке мүшелері ғана емес, бүтін мен бөлшекті де байланыстырады. Тіл жүйесіне тән типологиялық қатынастың екінші түрі — парадигматикалық қатынас. Сөйлеу процесінен тыс ортақ

белгілері бар сөздер адам жадында ассоциацияланып, топ құрады, олардың өзара қатынастары мүмкіндігінше әртүрлі болады. Мұндай қатынастарды ассоциациялық қатынастар немесе парадигматикалық қатынастар деп атайды», – деп көрсетеді [39, 19-21 бб.].

Ғалымның бұл ой-тұжырымы мағынаның кеңеюі ғылыми және техникалық терминологияны толықтыратын ең бір өнімді тәсілдердің бірі екендігін дәлелдейді. Мысалы, *дел-дал – посредник, брокер, маклер, дилер*. Сол сияқты сөз мағынасының тарылуы да ТА тиімді тәсілдерінің бірі. Мәселен, түрлі терминологиялық жүйелердегі түрлі мағыналар білдіретін терминдердің қолданылуы: *оператор – құрылыс, байланыс, кино және т.б.; аппаратшы – байланыс, мемлекеттік аппарат* т.б. Мағынаның тарылуы түрлік тар белгінің орнына кең, жалпы тектік белгінің қолданылуы – тіл жүйесінде жиі қолданылатын тәсіл.

Семантикалық жылжыту (сдвиг) құбылысы, әдетте гетерожүйелік (диалектаралық) немесе диахронды (бір тіл тарихында) қарама-қайшылық ретінде қарастырылады. Мысалы, *жабдық – «қару-жарақ» – «құрал-сайман»; жент – «кітаптың қатты мұқабасы» – «тары жармасына май мен бал қосып жасалған тәтті тағам; қоспа»* және т. б.

Семантикалық өзгерістердің метафораға негізделген түрі сөздердің парадигма аралық байланыстарынан туындап, ономашиологиялық аспектіде бір сөздің орнына басқа лексика-семантикалық парадигмадағы сөздің қолданылуымен сипатталады. Бірақ бұл екі сөзді бір семантикалық элемент, даралаушы сема жақындастырады. Мысалы, *тығырық – «ілгері жүруі, өтуі қиын айналма, түйік жер» → «машиналардың көп жиналғандықтан кептеліп қалуы (пробка)»; жолақ – «жол-жол, алабажақ» → «автожол жолағы»* және т.б.

Синтагматика тұрғысынан лексика-семантикалық өзгерістердің екі түрі болады: семантикалық ықшамдау және метонимия. Семантикалық ықшамдаудың тіл ғылымында басқа да терминдік эквиваленттері бар: «конденсация», «уни-вербтену» және т.с.с. [40, 18-24 бб.].

Семантикалық ықшамдау тетігі бір сөздің семантикасына (даралаушы семантикалық компонент негізінде) онымен синтагматикалық байланыста болатын басқа сөз семанти-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— қасын жүктеу негізінде жүзеге асырылады. Яғни сөз тіркесінен құралған атаудың бір сөзі қалып қойған екінші сөздің синтаксистік валенттілігін жоймай, бүкіл сөз тіркесі білдіретін мағынаны беруі. Жалпы мұндай семантикалық ықшамдау құбылысы, әсіресе, ауызекі сөйлеу тіліне тән болып келеді. Мысалы, *компьютерге теру* → *теру*, *әскерде борышын өтеу* → *борышын өтеу*, *қызметтен босату* → *босату* т.б. Ал нақты терминология саласына қатысты семантикалық ықшамдау құбылысы ТА белгілі бір актісінде ғана орын алады. Мәселен, *тіл маманы* – *тілші*, *абайтану ғылымын зерттеуші* – *абайтанушы*, *шығыстану ғылымының маманы* – *шығыстанушы* және т.б.

Сөздердің синтагматикалық қатынастарын білдіретін, әдетте жалпықолданыстық тілге тән лексика-семантикалық трансформация тәсілінің бір түрі – метонимия. Ономасиологиялық аспектіде метонимия мағына өзгеруінің төмендегідей тұрақты үлгілері арқылы беріледі: *оқу курсы*, *пән* → *осы пән бойынша емтихан немесе сынақ тапсыру* (қазақ тілін тапсыру, математиканы тапсыру); *материал* → *сол материалдан дайындалған бұйым, зат* (*алтын таққан* – *алтын сырға таққан*). Терминология саласында бұл тәсіл аса өнімділік танытпағанымен, оның негізінде біршама терминдер жасалуын да атап көрсетуге болады. Мысалы, *коллегия* → *кафедра*, *сектор*, *топ*, *кеңес* т.б.

ТА жүйесіндегі семантика-синтаксистік трансформация негізінде сөздердің синтаксистік қасиеттері өзгерістерге ұшырап, сөз таптарының транспозициялануы арқылы олардың субстантивтенуі жүзеге асырылады. Бұл жөнінде ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы егістік терминдердің ішінде ең көп ұшырасатыны – тұйық егістік. Егістіктің бұл түрі арқылы жасалған терминдерді арнаулы салалардың барлығынан дерлік табуға болады. Мысалы, тіл білімінде – *жіктеу*, *септеу*, *қиысу*, *қабысу*, *матасу*, *меңгеру*, *үстеу*, *жалғау* т.б.; Заң ғылымында – *айыптау*, *анықтау*, *беттестіру*, *ескерту*, *тергеу*, *тұтқындау*, *тінту*, *таныту*, *іздеу* т.б., геологияда – *бұрғылау*, *қабатталу*, *кептелу*, *үлгілеу*, *шаймалау*, *сүйірлену*, *ісіну* т.б., экономикада – *арзандау*, *арзандату*, *жекешелендіру*, *кему*, *қымбаттау*, *тұтыну*, *ұзарту*, *өткізу*, *үйлестіру*, *сақ-*

тандыру т.б., информатикада – жобалау, жоғалу, елеу, қамығу, мүшелеу, күту, сұрыптау, перделеу т.б., әдебиеттануда – шендестіру, әсірелеу, дамыту, теңеу, суреттеу, толғау т.б., философияда – адасу, қоздыру, бейнелеу, табыну, ойлау, байқау, қорыту, терістеу, шектеу, байымдау, қалыптасу т.б. химияда – тұтану, шіру, булану, ісіну, көмірлену, тотығу т.б. ...Терминологияда сын есімдердің де өзіндік орны бар. Сын есімдер негізінен тіркесті терминдердің құрамында кездеседі. Мысалы, *жай сөйлем* (тіл білімі), *қара өлең* (әдебиеттану), *сары дақ* (физиология), *ащы ішек* (медицина)... Терминологияда сын есімнің зат есім сияқты дербес ешбір сөзбен тіркеспей терминденуі де ұшырасады. Мәселен, **сезікті** (подозреваемый) деп, заң ғылымында – «*қылмыс істеді деген күдікпен ұсталған және айып тағылмастан бұрын бұлтартпау шарасы қолданылған адамды*» айтады», - деп көрсетеді [41, 158-161 бб.].

Б.Момынова және Ж.Сәткенова қазақ тіліндегі сөздердің бір категориядан екінші бір категорияға ауысуы сөз таптарына қарай әртүрлі терминдермен аталатындығын айтады [42, 71 б.]:

1. **субстантивтену** – зат есімге айналу (заттану);
2. **адъективтену** – сын есімге айналу (сындану);
3. **прономилдану** – есімдікке айналу (есімдену);
4. **адвербиалдану** – үстеуге айналу (үстеулену);
5. **вербалдану** – егістікке айналу (егістіктену).

Техникалық құралдар жүйесінде жаңа аталымдық бірліктің жасалуы ТА ең маңыздысы болып есептеледі. Бұл ретте бір лексемадан тұратын термин және екі немесе одан да көп сөздерден тұратын терминдер (сөз тіркесі, синтагма, фраза) жасалады. Бір лексемалы терминдер сөзжасамында ең басты өнімділік танытатын сөзжасам тәсілдері – аффиксті сөзжасам мен композитті сөзжасам. Кез келген тілдің сөзжасам жүйесінде аффиксті сөзжасам ең бір өнімді тәсіл ретінде жан-жақты зерттелген, амал-тәсілдері мен түрлері айқындалған құбылыстардың қатарына жатады. ТА үдерісінде бұл сөзжасам түрінің лексикалық аталымдағыдай амал-тәсілдердің барлығы қолданылып, ешбір айтарлықтай өзгерістер кездеспейді.

Ал композитті сөзжасам арқылы белгілі бір тұтас синтагмалық реттілік негізінде берілген сөздердің қосарлануы нәти-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— жесінде бір лексемалы термин жасалады. Олар бірнеше жолмен жасалады: сөзқосым, қосарлау, қысқарту. Сөзқосым тәсілі арқылы туындаған терминдер синонимдік сөз тіркестеріне бара-бар болып келіп, олардың синтаксистік байланыстары жаңадан жасалған уәжді терминдерде сақталады. Мысалы, *әуежай, бортсерік, әнұран, оққағар, мұражай* т.б. Сөздерді қосарлау арқылы жасалған қос сөздер тілде екі сөздің қосарлануы және бір сөздің қайталануы негізінде жасалады. Мәселен, *сауда-саттық, академик-хатшы, ұшқыш-ғарышкер* т.б.

Қысқарту тәсілі тілдегі ықшамдау заңдылығына байланысты пайда болған тәсіл: *филология факультеті* → *филфак, мемлекеттік терминологиялық комиссия* → *мемтерминком* т.б. Қысқартулардың ерекше бір түрі ретінде тіл білімінде акронимия саналады. Акронимия дегеніміз – бастапқы сөз тіркесінің дыбыстық я әріптік қысқарымдарынан жасалған зат есімдер: *Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы* → *ТМД, бұқаралық ақпарат құралдары* → *БАҚ, Біріккен Ұлттар Ұйымы* → *БҰҰ* т. б.

ТА екі немесе одан да көп сөздерден жасалаған терминдерінің негізгі түрін сөз тіркестері құрайды. Сөз тіркестерінің ТА ерекше бір құралы ретінде белсенді қызмет етуін кейбір ғалымдар сөзжасамдық амал-тәсілдердің жеткіліксіздігімен түсіндіреді. Алайда бұл құбылыстың негізгі дәлелі олардың айқын уәжділікті білдіруімен анықталады. Сөз тіркестерінің бір лексемалы сөздің эквиваленті ретінде басты белгілері – тұрақтылық, клишелілігі және оның мәтіндердегі жиі қайталануы.

Ғалым Н.Д.Аругюнованың пікірінше, сөйлемдер де аталым құралы болып, тек белгілі бір уақиға аталымы ғана емес, сонымен бірге заттық аталымдық қызметті де атқара алады. Сөйлемнің аталымдық бірлік ретінде танылуы трансформация (номинализациялануы) арқылы жүзеге асырылады [43, 65 б.]. Мысалы, *өндірістік процестерді автоматтандыру, тау жынысының түрлілігі, табиғи судың талдануы* т. б.

Кірме терминдер ТА қомақты бөлігін құрайды. Кірме терминдер лексикалық және семантикалық деп екіге бөлінеді. Лексикалық кірме терминдерге *опера, балет, шахмат, альма матер, terra incognita* т.б. сияқты сөздер мен сөз

тіркестерін жатқызуға болады. Калькалау тәсілі – ТА өнімді тәсілдерінің бірі: а) сөзжасамдық калькалар: *денсаулықсақтау* ← *здравоохранение*; семантикалық калькалар: грамматика термині *тек* ← *род* т.б. Сонымен қатар мынадай калькалар түрін де байқауға болады: *теміржол* ← *железная дорога*, *ақ алтын* ← *белое золото*, *қара алтын* ← *черное золото* т.б. және жартылай калькалар мысалы, *киносүйер*, *кинокөрермен*, *теледидар*, *автокөлік*, *VELOШАБАНДОЗ* т.б.

Сонымен, ТА жүйесінде қолданылатын амал-тәсілдерге қарағанда, әрине, лексикалық аталым құралдары өзінің түрлілік жағынан да, сандық жағынан да сан қырлы болып келеді. Бұның себебі ТА тек арнаулы ұғымдарды білдіретін атауларға қатысты болып, экспрессия мен эмоцияны білдіретін атауларға тән емес. ТА жүйесіне зат есімнен басқа да сөз таптары қатысқанымен, олар негізінен субстантивтену, номинализациялану құбылыстарымен шектеледі. Яғни терминдер түрлі арнаулы салалардағы деректі немесе дерексіз ұғымдардың атаулары ретінде тек заттық формада ғана көрінеді.

Терминологиялық аталымның табиғи және жасалынды түрлерінің ономастиологиялық сипаты

Тіл білімінің аталым саласы – тілдік элементтердің таңбаланушы нысанмен бірігуін, онымен сәйкестендірілу ерекшелігін зерттейтін атаулану үдерісі. Аталымның зерттеу нысаны ретінде жеке ұғым, зат, сапа, зат немесе құбылыс пен оның белгілері т.б. болып табылады. Осыған орай, аталымдар лексикалық және пропозитивтік (сөз тіркесі немесе сөйлем түріндегі аталымдар) деп бөлінеді. Аталым барысында атау негізіне іріктеліп алынған белгі сол атаудың ішкі формасын құрайды. Сондықтан да бір нысан өзінің түрлі белгілеріне қарай түрлі атаулармен аталуы мүмкін. Атаудың сыртқы формасы аталым барысында таңдалған тілдің лексика - грамматикалық тәсілдері арқылы анықталып, ішкі формасы бірдей атаулар өзінің сыртқы формасы тұрғысынан ажыратылады.

Байқағанымыздай, аталымдық акт тілдік және тілден тыс факторлардың әсер етуімен жүргізіледі. Өйткені кез келген атау – адамның психологиясын, дүниетанымын, дүниеге де-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— ген көзқарасын, талғамын, әдет-ғұрпын, яғни менталитетін білдіретін элеуметтік-қоғамдық сипаттаға таңба. Бұл жөнінде Б.Қалиев: «Терминдер – «ғылыми ұғымның атауы» деген қағида негізінен дұрыс. Бірақ бұл – тар шеңбердегі ұғым. Термин ғылыми ұғымның атауы болуымен бірге, ол ұлттық сананың, ұлттық ойдың нәтижесі болуға тиісті. Сөйтіп, оның қоғамның ішкі-сыртқы сұранысын, рухани талаптарын толық қанағаттандырғаны абзал. Ол үшін, тағы да қайталап айтатымыз, термин ұлт тілінің негізінде жасалуы керек», – деп жазады [35, 34-35 бб.].

Қазіргі таңда терминдер лексиканың ең бір қарқынды дамып жатқан қабатын белгілейді. Сол себепті аталмыш категория жасалымында өтетін аталымдық үдерісті көрнекі түрде және айқын бақылап қадағалауға болады. Ал бұл үдерістің басты аталымдық құралдары мен амал-тәсілдерін, негізгі принциптерін анықтау – ТА негізгі міндеті. Адам танымының ерекшеліктері тілдік құралдар арқылы, әсіресе, аталымдық бірліктерде (сөзде) көрінеді. Тілдік таңба аталымдық бірліктер жүйесінде ұғым мазмұнын білдіретін маңызды белгілері бар белгіленуші затпен сәйкестендіріледі. Сондықтан аталымдық тілдік таңба денотатпен (материалдық және идеалдық) тығыз байланыста болуымен қатар, адамның танымдық қызметінің түрлі саласындағы ұғымдарды, бір топ заттар мен нысандардың маңызды белгілерін көрсететін сигнификатпен де өзара сабақтастықта болады.

Е.С.Кубрякованың пікірінше: «Аталым бірлігі болу үшін бұл – атауланатын бірлік өзіндік маңызы бар атау ретінде белгіленіп, аталымдық қызметті жүзеге асыруы қажет. Аталым актісінің міндеті атау мен сол заттың сәйкестігін орнату болып табылады. Алайда оның негізгі функционалдық маңыздылығы – ақиқат болмыс элементтеріне тілдік атау беруінде» [3, 245 б.].

Осымен байланысты ономасиология теориясында *табиғи* және *жасалынды* аталымдар мәселесі өз деңгейінде шешімін әлі күнге дейін таппаған. Лингвистика терминдеріне арналған сөздіктерде *жасалынды* және *табиғи* атау ұғымдары тіркелмеген. Осы ретте, бұл терминдер тек Н.В.Подольскаяның «Словарь русской ономастической терминологии» атты еңбегінде ғана көрсетілген. Н.В.Подольскаяның берген анық-

тамаларына сүйенетін болсақ, онда «табиғи – деп аталымның табиғи заңдылықтарына сәйкес жасалған атауды ұғынамыз. Ал жасалынды деп – кез келген шығармашылық нәтижесінде, аталымның табиғи үдерісінен тыс жасалған жалқы атауды қарастырамыз» [44, 57 б.].

Автордың пікірінше, жасалынды атаулар лексика-семантикалық, морфологиялық және фонетикалық үдерістердің табиғи дамуын бұзу негізінде жасалған тілдік бірліктер [44, 63-64 бб.]. Олай болатын болса, лингвистикалық және экстралингвистикалық негізде қате жасалған «патологиялық» аталымдардың барлығы жасалынды болуы тиіс [45, 48 б.]. А.В.Суперанская «табиғи қалыптасқан» мен «жасанды жасалғанның» айырмашылығын олардың жұмсалу, қызмет ету салаларына байланысты түсіндіреді: «Жасалынды атаулар ресми салада, ал бейресми салаларда дәстүрлі қалыптасқан атаулар қолданылады [46, 163 б.].

Әрине, жасалынды және табиғи атаулардың жұмсалу ерекшеліктері белгілі дәрежеде олардың қызмет етуі салаларына әсер етеді. Алайда бұл айырмашылықтың өзі олардың жасалынды немесе табиғи шығу тегінен туындайды. Тілдік бірліктердің қызмет ету орталары – өзгермелі, бір-бірімен тығыз байланысты салалар. Сондықтан бұл табиғи және жасанды аталымдарды ажыратып көрсетудің негізгі принципі бола алмайды. Ал ғалымның кейінгі жасаған тұжырымымен келісуге болады деп есептейміз. А.В.Суперанская: «... атаулардың табиғи қалыптасқан және жасалынды түрде жасалғаны теориялық тіл білімінің саласындағы тілдегі стихиялық және саналылық мәселелерімен байланысты», – деп қорытындылап [46, 160 б.], «... әдетте жасалынды атаулар сөйлеу практикасының нәтижесінде табиғи негізде сұрыпталмаған» [46, 241 б.], мақсатты сөз шығармашылық актісінің нәтижесі деген анықтама береді.

Аталымның жасалынды және табиғи үдерістерінің тілдік сипатын қарастырған Н.Д.Голев бұл құбылыстарды «тілдегі стихиялық пен рационалдық диалектикасымен» байланыстырады [47, 4 б.]. Зерттеуші аталымның саналы және рационалды актілерінің нәтижесінде жасалған бірнеше нысандар тобының пайда болғанын, әсіресе олардың терминология саласы мен көркем әдебиеттегі неологизмдерге қатыстылығын

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— көрсетеді де, ал жалпықолданыстық аталым үдерісінің көбінесе субъектінің саналы қызметіне тәуелді болмайды деп тұжырымдайды [48, 88-90 бб.]. «Пайда болған» – «жасалған», «стихиялық» – «рационалдық» қарама-қарсылық мәселелер – аталым теориясында бұрыннан зерттеліп келген құбылыстар. Көптеген лингвистикалық әдебиеттерде «стихиялық түрде пайда болған» дегенді «табиғи» ұғымның синонимі ретінде қолданып, ал «жасалған», «арнайы жасалған», «белгілі бір мақсатпен туындаған» дегендерді аталымдық бірліктің шығу тегіне байланысты жасалынды термин нұсқалары ретінде жұмсалады.

Мәселен, Л.В.Щерба: «Сөздерді «саналы» түрде «ойлап шығару» жағдайлары тілде өте сирек кездесетін құбылыс. Алайда олардың тілде бар екендігін жоққа шығаруға болмайды», – деп жазған [49, 25 б.]. В.А.Звегинцевтің де пікірінше, тілде «белгілі бір мақсатпен туындаған сөздер және осы мағынаға қарама-қарсы сөздер де бар» [50, 122 б.]. Шын мәнісінде, жалпықолданыстық тілдегі сөздер өзінен-өзі жасалып, жеке авторды қажет етпейді, керісінше, ғылым мен білім, техника саласында сөздер арнайы жасалып, қолданысқа енгізіледі. Осымен байланысты Г.О. Винокур былай деп жазады: «Өздігінен «пайда болған» терминдер де, «ойланып жасалған» терминдер де белгілі бір «шығармашылық» нәтижесі, оларға деген қажеттілікті сезініп, ұғынып жасалған сөздер» [51, 24 б.].

Әдетте, аталымдағы саналы және рационалдылық сипаттағы құбылыстарды термин шығармашылығы үдерісімен байланыстырады (В.П.Даниленко, Р.Е.Березникова, М.Н.Чернявский т.б.). Мысалы, М.Н.Чернявский терминдер мен номендерді «алдын ала негізгі мақсаты, қызметі мен қажетті интерпретациялары белгіленген тілдік жасанды таңбалар», – деп атайды [52, 350 б.].

Ғалым А.К.Матвеев аталмыш аталым түрлерін салыстырып, олардың басты ерекшеліктері ретінде төмендегідей белгілерін ұсынады:

1. Табиғи аталым:

- а) нысан қасиеттерінің стихиялық түрде есепке алынуы;
- ә) аталымның «табиғи» уәжділігі;
- б) міндетті түрде халық тәжірибесімен мақұлданыуы, бағаланыуы;
- в) аталым ұжымдылығы (авторының беймәлімдігі).

2. Жасалынды аталым:

а) анық мақсатты бағытты ұстануы;

ә) нысан қасиеттерінің мақсатты түрде есепке алынуы;

б) авторлықтың жекелік сипаты (жеке автордың болуы)

[53, 11 б.].

Қазақ лингвистикасының терминологиялық аппаратын ғұлама ғалымымыз А.Байтұрсынұлы жасағаны барша тілшілер қауымына да, қазақ зиялыларына да мәлім. Б.Қапалбеков: «...қалыптасқан дұрыс нәрсені бұзу мүмкін емес. Кезінде Қ.Жұбанов та Ахмет Байтұрсынұлы жасаған терминдердің кейбіреуін өзгертпек болған. Бірақ әріден қалыптасып қалған ұғымды бұза алмады. Біздіңше, бүгінгі зерттеушілердің міндеті – данышпан ғалымның термин жасаудағы ұстаған механизмнің ерекшелігін ашып, жалпы термин шығармашылығы (терминотворчество) туралы арнайы зерттеу жүргізіп, тіл білімінде жаңадан пайда болған ұғымдарға атау беруде оларды негізге алу болып табылады», – деп көрсетеді [54, 31 б.].

Қазіргі ТА үдерісі тілдік тұрғыдан бақылау жүргізуге болатын құбылыстардың қатарына жатады. Әсіресе, жоғарыда көрсетілген жасалынды аталым авторлығының жекелік сипаты белгісіне қатысты тіл білімі терминдерінен бірнеше мысал келтіруге болады. Мәселен, *Ә.Жүнісбек жасаған фонетика терминдері айтылым (акустика), жасалым (артикуляция), қабылданым (восприятие речи), естілім (перцепция), үндесім (сингармонизм), жуысым (целинность), тоғысым (смычка)* және т.б.; Н.Уәли жасаған *мазмұн межесі (план содержания), тұрпат межесі (план выражения), уәж, уәжділік (мотив, мотивированность)*; Ж.Манкееваның *«ғаламның тілдік бейнесі» («языковая картина мира»)*, *аталым (номинация)* т.б.; Ш.Құрманбайұлының *өріс (поле)*; Б.Қапалбековтің *жұмсалымдық (функциональный)* және т.б. терминдері.

Біз қарастырып отырған мәселе тіл білімінің философиялық өзекті мәселелерінің қатарына жатады. Өйткені бұл мәселелер генезис, тілдік таңбаның қызмет ету мәселелерімен тығыз байланысты. Жалпы бұл ұштағанды мәселелер ғалым А.Ф.Лосевтің еңбектерінде стихия мен сана аксиомасында жан-жақты қарастырылады. А.Ф.Лосевтің концепциясы мынадай тұжырымдардан тұрады:

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

1. Кез келген таңба стихиялық түрде пайда болады;
2. Кез келген таңба стихиялық түрде жасалған және оның стихиялық түрде қызмет ететін құрылымы болады;
3. Кез келген тілдік таңба стихиялық түрде қызмет етіп, жұмсалады;
4. Кез келген тілдік таңба адам санасының актісі болып табылады [55, б.65-91 бб.].

Байқап отырғанымыздай, автордың концепциясы бойынша, сөздер күрделі тілдік стихиялық негізде пайда болады. Бірақ ғалым тіл дамуындағы мақсатты, саналы үдерістердің рөліне аса көңіл бөлмеген. Ал, біздің ойымызша, бұл құбылыстар аталымда, әсіресе, ТА үдерісінде өте маңызды мәселелердің бірі болып табылады.

Аталымның жасалынды және табиғи түрлері мәселесіне арнайы зерттеу жүргізген ғалым В.В.Копчева тілдік бірліктің жасалу үдерісін сөйлеудегі шығармашылық үдеріс деп атап, оның бірнеше түрлі деңгейде субъект санасын қадағалайтын сатылардан тұратындығын көрсетеді [56, 24 б.]:

- 1) уәждер;
- 2) үдеріс барысы;
- 3) үдеріс қисыны;
- 4) реттілік;
- 5) аталым тәсілдері мен амалдары;
- 6) нәтиже.

Біздің ойымызша, тілдік тұрғыдан бұл қатардағы ең күрделі мәселелердің бірі сөздер мен терминдердің аталымдық қызметінің уәжділік сипаты болып табылады.

Уәжділіктің ерекшеліктеріне орай, тіл білімінде оны әртүрлі атаулармен ұштастырады: *ішкі форма, мазмұн таңбасы, лексикалық объективация, уәждеме, уәжденім, сөздің этимологиялық құрылымы* т.с.с. Әсіресе бүгінгі лингвистикада уәжділіктің түрлері туралы әрқилы пікірлер бар. «Мотивированность лингвистических единиц» атты еңбегінде Т.Р.Кияк уәжділіктің екі түрін атап көрсетеді: тілдік және сөйлеу уәжділігі [57, 27 б.]. Ал И.С.Торопцев: «Есть три способа мотивировки: 1) мотивировка подражанием; 2) мотивировка признаком; 3) мотивировка содержанием», - деп көрсетеді [58, 37 б.].

Бұл жөнінде В.Г.Гак былай деп жазды: «Абсолютной является фонетическая мотивированность, подразделяющие»

ся на морфологическую (значение слова вытекает из значения составляющих его частей) и семантическую (значение образуется вследствие переосмысления)» [22, 34 б.].

В.В. Левицкий уәжділік құбылысын зерттей отырып, оның үш түрін: «морфологиялық, семантикалық және фонетикалық», – деп көрсетеді [59, 23 б.]. Дәл осындай пікірді С.Ульман да қуаттай түседі [60, 223 б.].

Сөздің морфологиялық уәжділігі сөздің мағынасы мен морфологиялық құрылымы арасында байланыс болған жағдайда ғана сөз болады. Мысалы: *оқыту – оқытушы*. Ал семантикалық уәжділік сөзде метафора мен метонимия құбылыстарына негізделген бейнеліліктің болуы. Мысалы: **өгейшешек** (*қар кетісімен шығатын көпжылдық баданалық өсімдік*) > **өгейшешек** (*бір мекемеден, жұмыс орнынан заңсыз жалақы алушы адам*). Сөздің фонетикалық уәжділігі, сөз мағынасы мен оның дыбысталу арасындағы байланысты білдіреді де, дыбыс символизмімен тығыз байланысты болып келеді.

Сонымен қатар, уәжтану саласында семантикалық және уәждеуіш белгілердің аражігін ажырату мәселесінің маңызы зор. «Уәждеуіш белгі – белгілі мазмұн мен оның тілдегі белгілі формасының бірлігі ретінде және соңғысына қатысты сөзжасаушы құрал қызметін атқарады» [61, 21 б.]. Ал семантикалық белгілер сөздің сыртқы формасына қатысы жоқ, тек оның негізгі мазмұнын құраушы және сөйлеу барысында оның басқа сөздерден айырып көрсетуші белгілер болып табылады.

Шын мәнісінде, ұғым мен заттың арасында аталым деп айқындалатын аса мәнді аралық үдеріс болатынын – тіл зерттеушілері мойындаған құбылыс. Аталым лингвистикалық және экстралингвистикалық құбылыстарды байланыстырып, зат пен оның атауының арасындағы бірлікті орнықтырады. Қазақ терминологиясын зерттеуші ғалым Б.Қалиев көрсеткеніндей «...бұл кезең (аталым процесі) өте күрделі үдеріс және ол бірнеше танымдық заңдылықтарға бағынышты» [62, 17 б.]. Терминжасамның аталым тетігін жүзеге асыру кезінде уәжділік құбылысы үлкен мәнге ие болады.

Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық сипатын қарастырған зерттеуші С.С.Исақова бұл мәселе жөнінде былай деп жазады: «Терминге атау беруде уәжділік теория-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— сының маңызы ерекше. Уәжсіз термин ғылыми ұғымның мазмұнын аша алмайды. Уәжді термин – ғылыми ұғымның бейнесі, мазмұны. Уәжділік дегеніміз – заттың, құбылыстың бір белгісінің атауға негіз болуы. Уәжділік таңбаның мазмұны мен формасының арасын байланыстырушы болып табылады, таңбаның маңызды сипатының бірі болып есептеледі» [63, 30 б.].

Автор ТА жалпы кезеңдерін ажыратып көрсетуге талпыныс жасайды:

- 1) жаңа ұғымның кейбір ерекшеліктерін айқындау;
- 2) алдын ала сәйкес сөз іздеу;
- 3) тілдік мағынаның жалпы белгілерін анықтау;
- 4) мағынаның негізінде ішкі форманы нақтылау;
- 5) ұғымды оның қолданысында жетілдіру;
- 6) ішкі форманың өзгерістерінен туындаған мағынадағы өзгерістерді ескеру [63, 30 б.].

Байқағанымыздай, автор жалпы терминжасамдағы аталымдық үдерістер кезеңдерін дайын тілдік бірліктің узуалдану кезеңдерімен шатастырады. Сондықтан да, біздің ойымызша, ТА үдерісі атау беру жолдары мен жасалу тетігін көрсетсе, жаңадан жасалған дайын тілдік бірліктің қолданысқа енуі оның әрі қарайғы тағдырын шешетін узус құбылысы болып табылады.

Тіл білімінде қалыптасқан түсінік бойынша, аталым, атаулану үдерісінің динамикалық және статикалық аспектілері болады. Аталым саласының бұл маңызды ұстанымын туынды сөздердің аталымдық ерекшеліктеріне сәйкес Б.Қ.Қасым былайша түсіндіреді: «Туынды сөз (күрделі атау) – сөзжасамдық жүйенің кешенді бірліктерінен тұратын көнеден келе жатқан түрлерінің бірі. Туынды сөз номинативтік бірліктер ретінде мынадай ерекшеліктерге ие: 1) сөзжасамдық құрылым және сөзжасамдық құралдар: сөзжасамдық типтер мен үлгілер; 2) уәждеменің (уәжділік) көпқырлылығы. *Уәжділік* – аталым әрекетіндегі негізгі маңызды бөлшек.... Тілдік аталымның табиғатын зерттеу тілдің түрлі аспектісімен тығыз байланыста жүргізіледі. Демек, сөзжасамның амалдары мен заңдылықтары, тәсілдері аталым міндетін атқару үшін қызмет жасайды.... Заттың күрделі атауы – тілдік аталым құралы, тілде туынды лексема ретінде қалыптасқан сөздер» [64, 9-10 бб.].

Сөйтіп, ғалым Б.Қ.Қасым тілдік деректердің аталымдық қасиеттерін сараптай отырып, күрделі атаулардың мынадай уәжділік түрлерін көрсетеді:

I. *Тура уәжділік*. Күрделі атаулардың қалыптасқан мәні уәждеуші мағына негіздерімен сәйкестігі, яғни лексикалық морфемдердің айқын тура мағыналары сөзжасамдық құрылымда сақталған: *апа-сіңлі, әке-шеше* т.б.

II. *Жартылай уәжділік*. Күрделі атаулардың уәждеуші сыңарларының кез келген біреуінің мағынасы күнгірттеніп, көмескіленіп, ауыс мағынаға көшуі: *көрші-қолаң, жетімбұрыш* т.б.

III. *Көмескі уәжділік* (немотивированность). Сөзжасамдық құрылымда айқын мағынаның орнына жасырын мағына пайда болады, ауыс мағынаға көшеді: *жолбике, алаяқ* т.б. [64, 34-35 бб.].

Автор аталымның негізгі сүйенер тірегі – уәждемеге айрықша назар аударып, жаңа күрделі атаудың жасалуы мен қалыптасуын екі тұрғыдан қарастырады: I. *Процесс* (әрекет). II. *Нәтиже*. Процестің өзі бірнеше кезеңдерден тұрады:

1. *Алғашқы кезең:*

- а) ойлау мен таным процестерінің жүргізілуі;
- ә) заттар мен құбылыстар қасиеттерінің абстракциялануы;
- б) зат, құбылыстар жөнінде мағлұматтардың қалыптастырылуы;
- в) атау уәждерінің іріктелуі, сұрыпталуы.

2. *Аталым процесі:*

- а) ономасиологиялық негіз бен ономасиологиялық белгінің анықталуы;
- ә) екіншілік аталымның ассоциативтік ойлау, салыстыру, ұқсату т.б. тәрізді қырлары мен белгілерінің айқындалуы.

3. *Композитжасам* (күрделі аталым):

- а) сөзжасамдық құрылымның жасалуы;
- ә) ішкі мағыналық құрылымның айқындалуы;
- б) атаудың мағыналық және құрылымдық жақтарына өзгерістер жүргізілуі;
- в) туынды лексикалық бірлік қалыптастыру тілдік амал-тәсілдері мен құралдарының таңдалуы;
- г) жаңа мағынаның пайда болуы.

II. Нәтиже:

а) аталымдардың біртұтас лексикалық бірлік ретінде қалыптасуы;

ә) тілдік қолданысқа енуі [64, 26-27 бб.].

Біздіңше, ономасиологиялық негіз бен ономасиологиялық белгінің анықталуы аталым үдерісінің сөзжасамдық актісі болып табылады. Ғалымның келтірген жіктемесі жалпы аталым үдерісінің динамикалық сатылары мен деңгейлерінен тұрады да, ал негізгі зерттеу нысаны аталымның статикалық аспектісіне арналады. Осы ретте, автордың біз қарастырып отырған мәселеге қатысты аталымның жасалынды және табиғи түрлеріне берген анықтамалары назар аударарлық: «Лингвистикада аталымның қалыптасуының екі жолы бар: бірі – **табиғи аталым**, нормаға сәйкес және табиғи жолмен жасалған атаулар. Табиғи аталымға зат пен құбылысты тілде белгілеу кездейсоқтық түрде емес, тілдің ішкі заңдылықтарының негізінде үнемі жүріп отыратын қалыпты үрдіс, сонымен қатар мақсатты түрде реалийлердің түрлі қасиеттерінің жиынтығынан бір ерекше белгісін сұрыптап алу арқылы жасалатын аталымдарды да жатқызу орынды: *аюбадам* (*бұта*), *аюқарақат* (*жеміс-жидек; қарақат*), *аюқұлақ* (*дәрілік шөп*), *аютабан* (*ұлы шөп*); екіншісі – **жасанды аталым**, саналы түрде және белгілі мақсатқа бағытталған лексикондар: *агушник* – *АГУ-де оқитын студент*, *милле-ниум пати* – *мыңжылдық* (*тысячелетие*), *елорда* – *астана*, *конгресс-холл* – *сарай* (*дворец*), *мұзқала* – *сырғанақ* (*ледяной город*) т.б.» [64, 19 б.].

Профессор К.Ш.Хұсайын сөздердің табиғи және жасалынды жолмен жасалуын атаулардың уәжділік қасиеттерімен байланыстырып, табиғи сөздерді *уәжді атаулар*, ал жасалынды атаулар *бейуәжді сөздер* деп түсіндіреді [65, 16 б.].

Сонымен, уәж, біздіңше, коммуникация қажеттілігінен туындайтын іс-әрекетке түрткі болатын ниет, себеп. Бұл қызметті атқарушы субъекті саналы түрде ұғынып немесе ұғынбай жасауы мүмкін. Сондықтан да саналы түрде ұғынып орындалған қызмет белгілі бір мақсат қалыптасуын, ол мақсатты жүзеге асыру үшін қажетті амал-тәсілдер мен құралдардың іріктеліп, таңдалуын, яғни нақты бір нәтижеге қол жеткізуді көздейді. Ал стихиялық түрде пайда болған тілдік бірлік

өздігінен пайда болушылық сипатымен ерекшеленеді. Аталымдық қызметтің уәждері айқын анықтала беретін құбылыстар қатарына жатпайды. Саналы түрде ұғынбай жасау дегеніміз сөз шығармашылығы барысында сананың болмауы дегенді білдірмейді, керісінше, кез келген сөздің пайда болуы – сананың нәтижесі. Сол себепті бұл реттегі ең басты айырмашылық – аталым субъектісінің жаңа сөзді белгілі бір мақсатпен саналы түрде ұғынып немесе өзінің атқарған қызметін ұғынбай атқаруында.

Кез келген атау беру үдерісі адамның ақиқат болмысты, объективті шындықты игеру барысында жинақтаған тәжірибе-сімен, ақыл-ойдың жіктемелік және селективтік жұмысымен, қоршаған ортаны белгілеу нәтижесінде туындаған түсінігімен, тұжырымдарымен тығыз байланысты. А.Ф.Лосевтің пайымдауынша: «Белгілі бір зат кездейсоқ, қарапайым түрде, жай оған сілтеу негізде, оның түгел ұсақ-түйегі айқындалып, көрсетіліп аталмаса да, бұл ретте де ол белгілі дәрежедегі сананың шығармашылық жұмысының нәтижесі: ой-сана бұл затты сол тектес заттардан айырып, ерекше бөліп көрсетіп, оның белгіленуінің қажеттілігін, объективтік шындық құбылысының факті екендігін айқындайды» [55, 85 б.]. Барлық жағдайда тілдік таңба – адам ой-санасының жемісі, адамның бақылау мен қорытындылау, дүниені танып білу, категорияландыру мен абстракциялау қабілеттерінің жүзеге асырылуы.

Ғалымның пікірі бойынша, мақсатты тілдік таңбаның стихиялық негізде пайда болуынан ең басты айырмашылығы терең «ішкі» және «көзге көрінбес» құбылыс екендігінде емес, керісінше, санамен тұжырымдалған ойдағыны іске асыру міндетін атқаруында. Әрине, «ойланып жасалған» және «арнайы мақсатпен жасалған» болып ғылыми терминдер мен номенклатуралық белгілер саналады. Алайда мұндай атаулар арнаулы емес жалпықолданыстық салаларда да кездеседі [55, 72 б.]. Яғни таңба мен оның формасының таңдалуы рационалды түрде жүзеге асырылады да, әрбір нақты аталымдық жағдаят сөз жасалуымен аяқталып, көптеген лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларға бағынышты.

Аталым үдерісіндегі стихиялық пен саналылықтың арақатынасы ондағы субъективтік пен объективтік факторлардың тұтастығы қалай берілгеніне тәуелді. Бұл мәселе тура-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— лы Г.В.Колшанский былай деп жазады: «Тілді лингвистикалық талдау практикасында лингвистер, әдетте, кез келген тілдік құрылым мазмұнының алғашқы, объективтік субъектіге емес, денотаттың қасиеттеріне байланысты заттық-логикалық қырын ажыратып, мазмұнның екінші жағы субъектінің ниет-мақсаттары мен оның ассоциативтік қабілеттеріне, уәждеріне байланысты субъективтік деп аталады» [66, 10 б.].

Адамның жаңа сөз жасауына қоршаған орта, ақиқат болмыс, объективтік шындық ең алғашқы және маңызды себепші болып табылады. Ал денотаттың сипаты заттық аргумент аталым үдерісі мен нәтижесіне ықпал ететін маңызды объективтік фактор болып саналады. Сайып келгенде, аталым зерттеушілерінің объективтік дүниенің аталым үдерісі мен нәтижесіне әсер етуін есепке алмаудың дұрыс еместігін басып айтады. Аталым үдерісі адамға тәуелсіз болатын нысанды субъектімен біріктіріп, біртұтастықты білдіретін құбылысқа айналдырады. Шындығында, аталым үдерісі барысындағы объект пен субъектінің қатынастары аталым теориясының күрделі мәселелерінің қатарына жатқызылады.

Әсіресе, бұл құбылыстың тиісті шешім табуы ТА үдерісінде маңызды рөл атқарады. Өйткені, біздің ойымызша, лексикалық аталымды объективтік факторлардың өзектілігі басым болса, қазіргі ТА субъективтік фактордың сипаты ерекше. Алайда осы екеуінің аталым үдерісіндегі арақатынасы қалайша жүзеге асырылатындығы аталмыш салалар үшін бірдей қажет.

Осымен байланысты атау берушінің (субъектінің) атау беру үдерісінің барысында қалыптасатын көзқарасы, нысанды игеру мен танып білу үдерісімен, онымен практикалық қызметі барысында танысуымен, тікелей жанасу жиілігімен байланысты туындайды. Ал атауланушы нысан (объект) әрдайым көптеген қасиеттер мен оны сипаттаушы белгілерге ие болып, басқа нысандармен байланысқа, қарым-қатынасқа түседі. Бұл ретте, субъектінің негізгі аталымдық қызметі — нысанның алуан түрлі белгілерінің ішінен атау негізіне алынатын шектеулі бір топ белгілерін іріктеп алу болып табылады.

Осы орайда, зерттеуші Н.Д.Голевтің субъектінің нысанға қатысты қарым-қатынас орнатуы немесе прагматикалық

аспектісі жайлы айтқан тұжырымы өте маңызды. Оның пікірінше, нысан жеке, табиғи болмысты білдіруімен қатар функционалдық болмысқа да ие бола алады. Нысанның адам қызметінде атқаратын рөліне байланысты оны субъектінің түсіндіруі, баяндалу дәрежесі, қандай белгілерінің алға шығуы немесе байқаусыз қалуы тікелей тәуелді [20, 11 б.]. Г.В.Колшанский: «Тілдегі субъективтілік пен объективтіліктің диалектикалық сипаттағы арақатынасы гносеологиялық элементтермен қатар психологиялық та, таза лингвистикалық та элементтерден тұрады» – деп көрсетеді [66, 15 б.].

Сондықтан аталым әктісі атау беруші субъектінің жекелік (индивидуальдық) ғана емес, сонымен бірге жекеліктен тыс сипаттағы сәттерден тұратын қабылдау және ойлау психологиясымен тығыз байланысты. Ақиқат болмысты жіктеу тәсілдері, аталым негізіне алынатын белгілі бір тілден тыс белгілердің субъект санасында тіркелуі жалпы генетикалық түрде адамның қабылдау табиғатымен кодталған іс-әрекеттер болып табылады. Жалпы алғанда, адам ақиқат болмыс құбылыстарын немесе заттардың қасиеттерін ажыратуды өзінің бес сезім мүшесі (есту, көру, иіс т.б. мүшесі) арқылы жүзеге асырады.

Субъекті нысанды қабылдау үдерісінде оның бірқатар қасиеттері бар екендігіне көз жеткізіп, олардың ішінен ақпараттың маңызды деп таныған бір немесе бірнеше белгілері мен қасиеттерін іріктеп алады [67, 278 б.]. Осының нәтижесінде субъекті әрі қарай аталған нысанды басқаларынан оңай танып, ажыратып алады. Ал бұл белгілер ретінде нысанның бірден көзге түсетін ең айқын сипаттағы тұстары мен көріністері анықталады. Ақиқат болмыс реалий белгілерінің іріктелу үдерістері автоматтандырылған іс-әрекеттерге көшіп, әрі қарай «тұрақты саналы бақылау мен зер салып, атқаруды күшейтуді» қажет етпейді [68, 10 б.].

Атау берушінің қабылдау үдерісі белгілі дәрежеде әлеуметтік тәжірибеге тәуелді болып, белгілі бір тәртіп пен бағытта іске асырылады. Атау беруші субъекті аталым үдерісінің барысында үнемі бір социумның мүшесі ретінде танылып, ұрпақтан-ұрпаққа беріліп келе жатқан тәжірибе иесі болып табылады. Себебі, ғасыр бойы қабылдаудың жалпы стереотиптері мен инварианттары жасалып, адамның заттық қабылдауы әлеуметтік тұрғыдан қалыптасқан эталондардың

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері — қатысынсыз мүмкін емес [69, 123 б.]. Қабылдаудың типологиясы, стереотиптілігі аталым үдерісінде объективтік факторлар ретінде сипатталады. Тілден тыс белгілердің іріктелуі белгілі дәрежеде автоматтандырылған адамның дүниені белгілеуі нәтижесінде қалыптасқан жалпы заңдылықтармен айқындалады. Дегенмен, жеке тұлғаның қызметі оның тек стереотиптік қана емес, сонымен бірге шығармашылық мүмкіндіктерінің де көрінісі [68, 10 б.]. Өйткені дүниені бірдей қабылдайтын, ойлау мүмкіндіктері бірдей адам болмайды, мейлі бұл адамдар бір мәдениет өкілдері болсын психология мен білім дәрежесі бір болғанымен, ассоциативтік, ұқсастық т.б. қабілеттері түрлі болып келеді. Сондықтан да субъект аталымдық басқа да қызметтерді іске асыруда қайталанылмайтын тұлға ретінде сипатталады, себебі, оның нақты жинақтаған тәжірибесі бірегейлігімен ерекшеленеді.

Осымен байланысты нысан белгісінің таңдалуы және оның тілдік белгілену тәсілі сол жүйеде қалыптасқан заңдылықтар мен техникалық мүмкіндіктерге бағынышты. Шындығында, аталымның кез келген актісінде тілдегі бар аталымдық үлгілерді пайдалану саналы түрде ұғынып та, ұғынбай да қолдану сипатында іске асырылады. Бұл ретте, қалай болған жағдайда да, тілде қалыптасқан тұрақты аталымдық үлгіні пайдалану қажет, олай болмаған жағдайда коммуникацияны жүзеге асыру қиындыққа ұшырап, тіпті оның болмауы да ықтимал. Мысалы, орыс халқы үшін «*стюардессаны*» – «*аспансерік*» деп, «*проводникті*» – «*жолсерік*» деп немесе «*спринтерді*» – «*желеяқ*» деп алынуы мүмкін емес, себебі орыс тілінде мұндай аталымдық үлгілер жоқ. Ал қазақ тілі үшін *серіктес*, *әріптес* және т.б. тілдік бірліктер нормаға сәйкес жасалған аталымдық бірліктер болып табылады.

Осыған орай, жаңа сөздің жасалуы, белгі мен форманың таңдалуы гносеологиялық пен психологиялық тәсілге қарағанда лингвотехникалық амал болып табылады [24, 151 б.]. Сол себепті де, адамға туылғанынан берілетін және белгілі дәрежеде оған үнемі ықпал ететін объективтік факторлардың бірі – ана тілі. Аталым үдерісінде атау беруші тілдің «мирасқорлық» сипатын (фактісін) елемеге болмайтынын естен шығармайды, осы ретте аналогия – тілдік техниканың ең бір маңызды заңдылығы болып саналады да, тілдік жүйе

ашық, құбылмалы құрылым болуымен қатар, белгілі дәрежеде консервативтілікті де танытады. Осыған орай, көптеген зерттеушілер мойындаған аталымға қатысты келесі антиномиялар туындайды: шығармашылық жекелік сипатта жүзеге асырылса, тілдік дәстүрдің ұжымдық сипаты басым болады; тілдік дәстүр жалпыға тән стильді іске асыратын болса, шығармашылық дәстүрлі формаларда сақталатын тіркесімділіктің жаңаша қолданысы ретінде көрінеді.

Сонымен, аталымдық үдеріске қатысатын объективтік факторлар (нысан, қабылдау стереотиптері, тілдік дәстүр т.б.) әрқашан субъективтік факторлармен күрделі қарым-қатынастарға түседі. Сөздің – аталымдық бірлік ретінде әлеуметтік те, жекелік те (индивидуалды) табиғаты болады. Нысан белгілерінің ішінен біреуінің таңдалуы субъективтік негізде жүзеге асырылады. Денотаттың көптеген қасиеттерін танып білген субъекті оның аталымға лайық деп таныған бірекеуін ғана таңдап алады. Өз кезегінде, тіл құзырында көптеген формалардың болуы, субъектінің олардың ішінен біреуін, аталымға қажеттісін іріктеу, сұрыптау арқылы таңдау іс-әрекетін атқаруын қажет етеді.

Аталым үдерісінің ең маңызды субъективтік факторы – жаңа атау жасамас бұрын атау беруші субъектінің алға қойған мақсаты. Жаңа атаудың болашақта қандай болуы ең алдымен жеке тұлғаның психологиялық ұстанымына байланысты. Бұл ретте, аталым саналы түрде, белгілі бір мақсатпен (алдын ала белгілі бір мақсатты көздеуімен) орындалған атаулану актісі ретінде де және тіл иесінің арнайы мақсатты көздемей-ақ атау жасауы негізінде де жүзеге асуы мүмкін. Демек, тілдегі табиғи және жасалынды құбылыстардың қарама-қарсылығы келесі элементтерден тұрады:

Табиғи ↔ жасалынды:

- 1) *болмыстық (объективтік) ↔ жасалған;*
- 2) *стихиялық ↔ мақсаттылық;*
- 3) *өзінен-өзі туындаған ↔ болжам, жоспар бойынша пайда болған;*
- 4) *еріксіздік ↔ шығармашылық.*

Алайда екеуі де адам қызметінің нәтижесі болғандықтан, айқын және анық шек қою мүмкін емес. Себебі, көп жағдайда, жасалынды атаулар табиғи негізде жасалып, та-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— биғи аталым факторына айналады. Біздіңше, жасалынды аталымның негізінде табиғи тілдік формалар мен құрылымдар болуына байланысты басты айырмашылық аталымының мақсатты бағытта жүзеге асырылуы болып табылады.

Сонымен, жасалынды және табиғи аталымды ажыратып көрсетудің негізгі белгісі бұл тілдік бірліктің стихиялық түрде пайда болуы мен тілдік таңбаның арнайы жасалуы. Осы ажыратушы белгінің аталым типологиясы үшін маңыздылығын А.Ф.Журавлев былай көрсетеді: «Тілдегі аталымдық бірліктердің қалыптасуы адамның мақсатты шығармашылығының нәтижесінде ғана емес, сонымен бірге дайын тілдік материалдың түрлі формалды және семантикалық трансформациялануы арқылы да пайда болады. Аталымдық қызметті білдіретін лингвистикалық бірліктің жасалу сәтінде оның жаңалығын ұғыну/ұғынбау критерийі жалпы аталым жіктесінің ең басты параметрлерінің бірі болып табылады» [32, 46–47 бб.]. Осыған орай аталымның табиғи түрін аталымдық қызметтің еріксіз, байқаусыз орындалған үдеріс ретінде жүргізілетін, атау беретін субъектінің санасында нақты аталым мақсаттың қалыптасуымен сипатталатын аталым түрі деп танымыз. Яғни тілдік бірлік сөздің осы сәтте қажет болуына байланысты ғана пайда болады және атау беретін субъекті өзінің жасаған сөзін оның басқа да нұсқаларының мүмкін болуына талдау жүргізбейді. Нақты тілдік жағдаят оны тілдік шығармашылық қызмет атқаруына алып келеді де, ол өзінің нәтижесін табиғи өзінен-өзі орындалған іс-әрекет ретінде қабылдайды. Аталым үдерісінің осылайша жүзеге асуы, ең алдымен, сөздің адамдардың өзара қарым-қатынас жасауындағы практикалық міндет атқаруымен байланысты және «мұндай жағдайда автор аталымның объективтік тілдік заңдылықтарын түйсік арқылы ғана сезінеді» [48, 89 б.]. Сол себепті де стихиялық негізде жасалған аталымдық бірліктер ана тілінің заңдылықтарына сәйкес туындайды да, олардағы аталым үдерісі табиғи сипатта анықталып, арнайы әрі мақсатты түрде жасалмайды.

Табиғи жолмен жасалған атаудың да узуалдану үдерісі стихиялық түрде өтеді. Қандай болмасын жаңадан пайда болған атау өзін қоршаған тілдік ортада халық тәжірибесінің «сараптамасынан» (апробациясынан) өткізіледі. Яғни әлеу-

меттік бағалаудан өтіп, нәтижесінде қабылдануы да немесе қабылданбауы да мүмкін. Сондықтан да көбінесе жаңа тілдік бірліктің «өміршендігі» оның қажеттілігі мен дер кезінде жасалуына тығыз байланысты. Бірақ алдын ала тілдік жүйедегі атаудың «тағдырын» болжап, тілдік ұжымдағы орнын анықтау мүмкін емес.

Сайып келгенде, табиғи аталым – саналы түрде бақылау мен қадағалауға келмейтін, алайда субъекті ерігіне тәуелді үдеріс. Лексикалық аталымда субъективтік және объективтік факторлардың арақатынасы жалпы өзара әрекеттестікте объективтік заңдылықтардың басылымдылығымен сипатталады. Ал жасалынды аталым үшін саналы ұстанымдар тән. Бұл ретте заттың өзіне тектес заттардың арасынан бөлініп шығып вербалдануы қажеттілігінен емес, белгілі аталым мақсатының болуынан туындайтын аталымдық үдеріс. Бірақ жасалынды аталымды табиғи аталымнан мүлдем бөлек қарастыруға болмайды. Мәселен, көп жағдайда ТА үдерісіне қатысты термин немесе номен жасаушы субъекті саналы түрде тілде табиғи қалыптасқан үлгілер мен нұсқаларды қолданады. Бұл жөнінде ғалым Н.П.Семенов былай деп жазады: «...өсімдік атауларын құрастыруда ең тиімдісі қарапайым халыққа жүгіну. Оған туынды жасау түк емес... Халық ешқашанда тілдің рухани болмысына қарсылық келетін сөз жасамайды, ал ондай сөздер, негізінен, әдеби және ғылыми шығармаларда кездеседі» [70, 22 б.].

А.В.Суперанская мен А.А.Реформатский жаңа химиялық элементтердің атаулануын талдау нәтижесінде мынадай қорытындыға келеді: «...дұрыс деп орыс тілінің тарихи негізде қалыптасқан ғылыми дәстүрлері мен нормаларына сәйкес жасалған атауды қабылдаған жөн» [71, 89 б.]. Бұл үдерістің рационалдылығы авторлардың жаңа атаулар ұсынуында үнемі «қолайлылық», «тиімділік» принциптерін негізге алуымен түсіндіріледі. Жаңа терминдердің авторлары әлеуметтік маңыздылығы тұрақталған үлгілерді қатаң ұстанады, өйткені тілдік дәстүрге сәйкес жасалмаған атауларды енгізу үшін нақты, дәлелді уәждерді келтіру қажет. Сондықтан қазіргі ТА үдерісінің жасалынды табиғатын ескере отырып, мүмкіндігінше тілде қалыптасқан табиғи үлгілер мен құрылымдарды пайдаланған жөн. Арнайы бір мақсатпен жасалған жаңа терминдік атаулар өздерінің параметр-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— лері мен тілдік табиғатына сәйкес өз қызмет ететін жүйелерге енуі тиіс, бұлай болмаған жағдайда олар жасалу барысында-ақ жүктелген мақсаттарды орындай алмайды. ТА осы негізгі ұстанымды аталмыш үдерістің рационалдылығы мен арнайы жүзеге асырылатынын айқындайды.

Дегенмен, ең рационалды сөз шығармашылығы болып табылатын терминологияда да тілдік талаптарға сәйкес келмейтін терминдер мен терминдік элементтер бекітіліп, қолданылып жүр. Бұл салада да кездейсоқтық пен стихиялық орын алып, тілші-терминолог ғалымдардың еңбектерінде қате жасалған терминдер жан-жақты талданып, дұрыс нұсқалары ұсынылуда. Осыған орай, қазіргі таңда жасалынды ТА үдерісінде жаңа термин жасаудың жауапкершілігі күшейіп, субъективтік факторлар рөлінің маңыздылығы басым келеді. Субъективті фактор дегеніміз — аталымдық қызметтің саналы түрде жүзеге асырылуы.

Ғалымдардың терминологиялық жүйелерді үнемі жетілдіру, біріздендіру және жүйелеу мақсатында терминдер мен номенклатуралық атауларды қайта қарап, қате, сәтсіз жасалғандарының орнына тілдік нормаға, дәстүрге сәйкес жаңа атаулардың жасалуы практикалық қажеттіліктен туындайды.

Осы орайда, зерттеуіміздің негізгі нысаны — ғылым мен техниканың алуан түрлі салаларында қолданылатын арнаулы сөздер — терминдерді біріздендіру, реттеу, жүйелеу мәселелеріне келетін болсақ, бұл тұста біршама ала-құлалық байқалады. Г.В.Степанов терминдерді біріздендіру, стандарттау, реттеу мәселелерінің өзектілігіне тоқталып, бұл ұғымдарға төмендегідей анықтама береді: «Реттеу — терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуін іздеуге бағытталған мамандардың бірлескен жұмысы. ... Стандарттау — әр ұғым үшін бір ғана терминді таңдап, оны арнайы құжаттарда бекіту. ... Біріздендіру әртүрлі ұлттық тілдердегі терминдермен аталатын ғылыми және техникалық ұғымдардың сәйкес келуі» [72, 57 б.].

А.В.Суперанская, Н.В.Подольская, Н.В.Васильевалардың пікірінше, реттеу мен біріздендіру нормалау қызметіне жатады: «Нормалау термині мейлінше дәйекті әрі оның ауқымы кең, олар халықаралық термин болғандықтан, оны аудару қажет еместігін және бұл терминнен нормалау немесе нормаланды-

ру, нормаланған терминология, нормалау қызметі тәрізді туынды терминдер қатары өрбиді», – дейді [73, 189 б.].

Осы орайда, бұл мәселені арнайы зерттеген профессор Ш.Құрманбайұлының пікіріне толық қосыламыз. Ол терминологиялық жұмыстардың қатарына біріздендіру (унификация), стандарттау (стандартизация), реттеу (упорядочение), жетілдіру (усовершенствование), жүйелеу (систематизация), нормалау (нормализация) сияқты жұмыс түрлерін жатқызып, терминологияны стандарттау, біріздендіру және реттеу мәселелеріне ерекше көңіл бөледі [41, 27 б.].

Біз үшін ең күрделі де арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе терминологияны біріздендіру болып табылады. Ш.Құрманбайұлы «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» атты еңбегінде: «Терминологияны біріздендіру бірнеше сатыдан тұратын ауқымды да күрделі жұмыс. Тілші-терминолог ғалымдар терминологияны біріздендірудің бес сатысын атап көрсетіп жүр. Бірінші – белгілі бір тар мандықтың шеңберінде біріздендіру; екінші – сала шеңберінде біріздендіру; үшінші – нақты бір ұлт тілінің шеңберіндегі біріздендіру; төртінші – туыстық тілдер шеңберінде біріздендіру; бесінші – тіларалық, ұлтаралық біріздендіру, алтыншы – халықаралық, бүкіл ортақ терминдері бар тілдер арасындағы біріздендіру», - деп жазады [41, 27 б.].

Л.И.Скворцов терминологиялық мәселелердің ең өзектілерінің бірі ретінде біріздендіруге айрықша мән беру қажеттігін айта келіп, бұл жұмыстың маңызын былайша көрсетеді: «Қазіргі кездегі салалық терминологияны біріздендіру лингвистикалық мәселелері терминжүйені жетілдірудің маңызды және логикалық аспектілері секілді өз алдына жеке зерттеу аспектісін құрайды да негізгі үш принцип арқылы анықталады: жүйелілік, нормативтілік және эстетикалық» [74, 14 б.].

Ш.Құрманбайұлының пікірінше, «Бір ғана ұлт тілінің ауқымында жүргізілетін тілішілік біріздендіру (внутриязыковая унификация) жұмысынан гөрі кеңістік тіл саясатының мүддесіне сай келетін тіларалық біріздендіру (межъязыковая унификация) ісіне мемлекет тарапынан айрықша мән берілді. Кейбір ғалымдар терминологияны іштей біріздендіру (внутренняя унификация терминологии) терминін де қолданып жүр. Біздіңше, тілішілік біріздендіру термині ықшамдылығы жағы-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— нан да, терминологиялық жұмыстың мазмұнын ашуы тұрғысынан да алдыңғы терминнен гөрі ұтымдырақ» [41, 30 б.]. Осы тұрғыдан алғанда, біздің зерттеуіміз тілішілік біріздендіру мәселесін шешуге бағытталады да, біріздендірудің негізгі принципі етіп ономаσιологиялық принцип алынады. Бұл мәселеде, А.И.Моисеев, Л.И.Скворцов, Л.А.Шкатова сияқты ғалымдардың ұсынған принциптері басшылыққа алынған.

Жалпы терминдерді ономаσιологиялық тұрғыдан талдау үлгісі төмендегідей сатылардан тұрады:

1. Атаудың негізіне алынған ұғымды талдау:

- техника саласындағы немесе ғылым жүйесіндегі ұғымның орнын анықтау;

- терминологияның жасалу, құрылу принципін белгілеу;

- терминмен белгіленген ұғымның мазмұнын айқындау.

2. Атаулану негізіне алынған ономаσιологиялық категорияны анықтау:

- ономаσιологиялық негіздің сипатын анықтау;

- ономаσιологиялық белгінің сөзжасамдық уәждемемен арақатынасын айқындау.

3. Терминдерді сөзжасамдық тұрғыдан талдау:

- туынды сөзге негіз болған тілдік бірлікті анықтау;

- сөзжасаушы элементті айқындау,

- сөзжасам үлгісін белгілеу;

- үлгінің өнімділігін анықтау.

4. Терминнің морфемдік талдануы:

- бөлшектерге бөлінуі;

- құрылымдық бөлшектердің сипаты;

- морфонология құбылыстарын айқындау.

5. Сөздің этимологиялық талдануы:

- алғашқы уәждеме мен пайда болу уақытын белгілеу;

- сөздің семантикасындағы өзгерістерді анықтау;

- сөздің құрылымындағы өзгерістерді анықтау;

- терминдену себептері мен уақытын айқындау.

6. Терминдерге қойылатын талаптарға сәйкес келуі:

- жүйелілік;

- мәнмәтіндік тәуелсіздігі;

- нақтылық, дәлдік;

- қысқалық;

- қайта айтылуы (воспроизводимость);
- эстетикалық;
- нормативтілік;
- қолданыс жиілігі.

7. Атау сөзді термин ретінде қолдануға болатындығы жайлы тұжырымды қорытынды жасау.

Аталымдық бірліктер аталым үдерісінің туындысы ретінде міндетті түрде оның ерекшеліктерін айқындайды. Мысалы, Е.В.Красильникованың пайымдауынша: «... әсіресе терминология саласында жеке аталымдық тәсілдер мен құралдар қорын жасау үрдісінің басымдылығы айқын сезіледі» [75, 147 б.]. Сонымен, жасалынды және табиғи ТА негізінде аталымдық қызметтің түрлі бағытта жүргізілуі, ең бастысы, субъективті және объективті факторлардың атаулану барысында түрлі қарым-қатынастарға түсуіне байланысты болып келеді.

Аталымның түрлеріне қатысты ғылыми әдебиеттерде басқа да терминдер қолданылады. Мысалы, М.Н.Володина «халықтық аталым» және «ғылыми аталым» терминдерін келтіріп, оларға мынадай анықтамалар береді: «Халықтық аталым бұл әлем бейнесінің барынша нақты әрі ауқымды түрде берілуі болса, ғылыми аталым дегеніміз – барлық әлем тілдеріне ортақ ақиқат болмыстың біркелкі берілуі» [76, 43 б.]. Сөйтіп, автор ғылыми аталым түрлеріне жан-жануарлар, өсімдіктер, тұрмыстық артефакттер, табиғи құбылыстар т.б. атауларын жатқызады. Ғалымның пікірінше, бұл салалардың ғылыми танымы ғылыми аталымның негізін құрап, өзінің метатілін жасауға мүмкіндік береді. Осы үдерістің нәтижесінде ғылыми таным саласындағы халықтық аталым тетігі қызметінің тарылуы, мүлдем қызмет етуінің жойылуы да мүмкін. Дегенмен, автордың пікірінше, адамзат тіршілік еткен жағдайда халықтық аталым да қызмет етеді. Сонымен, ТА жасалынды және табиғи түрлерінің мынадай белгілерін атап көрсетуге болады:

Табиғи ТА:

- 1) атаулану сөйлеу коммуникациясында жүзеге асырылады;
- 2) атаулану үдерісінің сөйлеу жағдаятында орындалуының негізгі тірегі аталымдық қызмет атқаратын денотаттың вербалды белгіленуінің қажеттілігі болып табылады;

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

3) атау берілетін нысанның нақты анықталуына мүмкіндік туғызатын ең жоғары ақпараттық сипатындағы белгілерін іріктеп көрсетуге тырысады;

4) уәждеуіш белгінің атаудың соңғы нұсқасында бекітілуі аталмыш белгінің атау берушіге де, адресатқа да объективтік маңызын дәлелдейді;

5) аталымдық бірліктің узуалдануы халықтық тәжірибе сараптамасынан (апробациядан) өту нәтижесінде жүзеге асады.

Жасалынды ТА:

1) адресат – тілдік ұжым;


2) субъектінің аталымдық қызметті белгілі саналы түрде орындауы коммуникация міндетімен байланысты;


3) термин шығармашылығының жекелік сипаты аталымның субъективтік факторларын алға тартады;

4) атау беруші жаңадан жасалатын терминнің алдын ала қолданылуына, адресатпен қабылдануына болжам жасауға тырысады;

5) жазбаша тіркелуін қажет етеді.

Аталған белгілерді сурет түрінде беретін болсақ:





Сурет 6 – Терминологиялық аталым түрлерінің ерекшеліктері

А.В.Суперанская атап көрсеткеніндей, мақсатты әрекет нәтижесінде пайда болған арнаулы лексика түрлерінің әрбірі жасалынды атау шығармашылығынан туындайды. Арнаулы лексиканың жасалынды табиғаты жалпы лексикалық бірліктер сөздерінде болмайтын түбегейлі өзгерістерге алып келеді. (Мысалы, аббревиатуралар мен қысқартулардың қолданылуы) [77, 7-8 бб.].

Біздің ойымызша, қазіргі ТА үдерісінің нәтижесінде туындаған жаңа терминдердің басым көпшілігі жасалынды аталым нәтижесі болып табылады. Алайда олардың ішінде табиғи аталым жолымен жасалғандарын да мойындап, жоққа шығаруға болмайды.

Терминологиялық аталымның ономасиологиялық принциптері

Тіл білімі теориясының күрделі мәселелерінің бірі – тіл мен ойлаудың арақатынасы екендігі тіл зерттеушілерінің барлығы дерлік мойындаған заңдылық. Әлі күнге дейін бұл мәселе қаншама жан-жақты талданып, қарастырылып, арнайы зерттеу нысаны болғанымен, тиісті шешімін тапты деп айту қиын. Мәселен, Н.Р.Лурия: «Неоспоримость существования коммуникативной и мыслесозидательной функции языка запрещает с позиции постулата о функциональных границах исключить из рассмотрения тот механизм, который собственно и создает высказывание вместе с его семантическим представлением и формой. Семантическое представление при таком понимании является не исходным терминальным компонентом модели языка, а некоторым продуктом мыслительного процесса, мыслительной деятельности, в свое очередь имеющий замы-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері — сел (или мысль) с которого начинается процесс формирования высказывания», — дейді [78, 9 б.].

Бұл ретте Н.Р. Лурияның «ойлау – баяндау» үлгісінде ойлау мәнге қарама-қарсы қойылып, автор баяндаудың екіжақтылық маңызын айқындап, олардың компоненттері ретінде мағына мен форманың ажыратылмас біртұтастығын көрсетеді. Ал өзінің тілдік үлгісінің динамикалық компоненті ретінде мән-мағынаның мәтінге қарайғы емес, ойлаудан туындайтын айтылымға қарай ауысуы деп анықтайды.

Егер аталым бірлігі тілдің коммуникативтік қызметіне тәуелді болатын болса, онда аталым әктісі жалпы қызмет ету функцияларымен, оның ішінде сөйлеу қызметімен тығыз байланысты үдеріс болып табылады. Аталған мәселені аталым теориясының аясында қарастырылуын ең алғаш Прага лингвистикалық мектебінің өкілдері ұсынған. Олардың пікірі бойынша, ономаσιологиялық талдаудың бастапқы тірегі сөйлеушілердің коммуникативтік іс-әрекеттерді орындауға бағытталған ниеттері болуы тиіс. Яғни аталым теориясының маңызды зерттеу нысаны – айтылым нақты бір сөйлеу жағдаятына байланысты «сөйлем» болып табылады [79, 17 б.].

Ақиқат болмыстың әрбір элементінің тілдік белгілеудегі амалтәсілдері мен құралдарын функционалдық ономатология мен функционалды синтаксис салаларында зерттелуі ғалым Н.Д.Арутюнованың пайымдауынша: «Лексикалық аталым мәселелерінің тиісті деңгейде анықталуы үшін коммуникация мазмұны мен мақсатының бірігуін қажет етер еді» [80, 43 б.]. Автордың бұл тұжырымы немістің белгілі лингвистері Р.Мерингер, В.Мейер-Любке, Г.Шухардт, Л.Вайсгербер, К.Балдингер, Ф.Дорнзайф, Б.Квадри, В.Флейшер т.б. мойындаған «аталымсыз коммуникация болмайды» деген формулаға сәйкес келеді.

В.Г.Гак: «Атаулану үдерісінің ұлттық-субъективтік сипаты, ең алдымен, бейне тандалуы мен оның лексикалық репрезентациялануына байланысты. Осының нәтижесінде тепе-тең ұғымдарды білдіретін сөздердің ішкі формасы аталатын заттар мен құбылыстарды жан-жақты көрсетіп, олардың түрлі ерекше белгілері жөнінде «хабардар» етеді», — деп көрсетеді [71, 49 б.]. М.Н.Володина ТА негізгі принциптерін зерделеуде оның психолингвистика теориясымен тығыз байланысты құбылыс екендігін атап көрсетіп, «адам-

ның ақиқат болмысты шығармашылық тұрғыда белсенді қабылдауы оның тілдік қызметінен туындайды, бұл термин шығармашылығының психикалық негіздерін, осы үдерістегі адамның бейнелі-абстрактілі ойлау ерекшеліктерін қарастыру үшін өте маңызды», – дейді [82, 92 б.].

Ғалымның ТА психоллингвистика теориясына негізделген принциптерін тұжырымды түрде былайша көрсетуге болады [82, 92-100 бб.]:

I. Адамның ақиқат болмысты қабылдауы танымдық үдеріс ретінде жүзеге асады:

- 1) нысанның алғашқы категориялдануы;
- 2) нысанның белгілерін айқындау;
- 3) дәлелдеу, растау, нақтылау үшін қажетті зерделеу жүргізу;
- 4) соңғы қорытынды.

II. Тіл мен жад (есте сақтау қабілеті).

Когнитивтік психологияда ақиқат болмыс нысандарын жіктеу және талдап қорытындылау іс-әрекеттері индивидтің вербальдау кезеңіне дейінгі аталым актісінде жүзеге асырылады. Сондықтан да тіл – адамның іс-әрекетіне әсер ететін ұзақ уақыттық таңбалық-ұғымдық жад ретінде сөйлеушіге ерекше түрде орындалатын нақты бағдарлама ұсынады. Селективтік іріктеу нәтижесінде тілдік жүйеде адам мен қоғамның үздіксіз дамуына ықпал ететін қажеттілері ғана сақталады. Жад тілдік бірліктердің бейнелі-мағыналық трансформациясымен тығыз байланысты. Әсіресе, бұл құбылыс термин шығармашылығы үдерісіндегі ассоциативтік бейнелі ойлау әрекетін талдау үшін маңызды.

III. Визуалды ойлау.

Психоллингвистикада жан-жақты зерттелген бейнелі ойлаудың бір түрі – визуалды ойлау. Ойлаудың осы түрі арқылы нысандардың өзара байланысы мен қарым-қатынастары және жаңа формалардың жасалуы іске асырылады.

IV. Ой-сананың шығармашылық рөлі.

Әдетте ой үдеріс ретінде танылып, сол арқылы адамның санасы мен жадындағы бар бейнелердің шығармашылық тұрғыдан өңделуі мен қайта қорытылу үдерісі жүргізіліп, жаңа бейнелер жасалымы жүзеге асады. Психологияда бейнелер трансформациялануының мынадай түрлері болады:

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

- 1) агглютинациялау;
- 2) акценттеу (ерекше мән беру);
- 3) гиперболизациялау;
- 4) интерполяциялау;
- 5) экстраполяциялау.

Мәселен, орыс тіліндегі *ұшақ, ғарыш кемелері, спутниктер* терминдерін жасау идеясы олар нақты пайда болмастан бұрын адамдардың ой-санасында болған. Бұл терминдердің табиғатынан байқалады: «самолет» – «самостоятельный полет», яғни өзінен-өзі ұшады идеясын білдіреді.

V. Термин шығармашылығындағы ассоциативтік-метафоралық ойлаудың рөлі.

Қазіргі таңда жүргізіліп жатқан психолингвистикалық және философиялық зерттеулердің көрсетуі бойынша, ойлаудың негізі метафорадан құралады. Ассоциативтік метафора әрқашанда терминологиялық лексика жасалымының өнімді тәсілдерінің бірі болған. Метафора негізі аналогиядан туындайды. Ал аналогия кез келген түсіндірудің өзегін құрайды да, терминнің дефинитивтік қызметі де осыдан барып шығады.

Әрине, ғалымның бұл тұжырымдары мен қорытындылары тіл білімінің психолингвистика, когнитивтік лингвистика, нейролингвистика сияқты салаларының зерттеулері үшін өте маңызды. Біздің зерттеуіміздің басты нысаны – қазақ ТА ономасиологиялық сипатын, аталымдық үдеріс барысындағы нақты тілдік операциялары мен оларды жүргізу жолдарын айқындау.

Алайда мұндай бағыттағы зерттеулерде адам ақиқат болмысы қалай қабылдайды? Адамның танымдық үдерісі қалай жүзеге асырылады? Жаңа шығармашылық үдерісті жүргізу барысында ойлау қандай қызмет атқарады? т.б. сұрақтарымен үнемі сабақтасып жатады.

Адамның объективтік шындықты қабылдауы мен белгілеуі біршама ықтималдық жағдайында өтеді. Өйткені сөйлеуші әрқашанда сол жағдаят, сипатталушы зат, оның қасиеттері мен қарым-қатынастары, іс-әрекеттері туралы біршама хабардар болады. В.Г.Гак аталым жағдаяты мен мәнмәтініне байланысты оның негізгі үш түрін ажыратып көрсетеді:

1) жағдаятты аталым (сұхбаттасушылардың аталмыш жағдаят туралы біліміне байланысты);

2) синтагматикалық аталым (сөздің басқа сөздермен синтаксистік байланыста болуы);

3) қайталанған аталым (атаудың аталмыш нысанның бұрынғы атауына бағынышты болуы) [83, 22-29 бб.].

Аталымның бастапқы, алғашқы үдерістері қазіргі тілдерде кездесе бермейді. Тілдің аталымдық құралдары, негізінен, екінші аталым немесе басқа тілдерден кірме атаулар қабылдау арқылы толығып отырады. Екінші аталым түрлерінің барлығы адамның ой-санасының ассоциативтік ерекшеліктерімен байланысты. Адамның ассоциативтік ойлауының нәтижесі – метафора. Когнитивтік ғылымда метафора – тілдік құбылыс ретінде негізгі когнитивтік үдерісті көрсетуші құрал. Метафораны когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастыратын зерттеушілердің тұжырымы бойынша, күнделікті семантикалық үдерістердің негізін, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, аналогия құрайды. Ал метафора – маңызды аналогтық үдерістердің тілдегі көрінісі.

Кез келген затқа, құбылысқа т.б. атау беру үшін оны адамның қабылдау сәті өте маңызды. Өйткені атау – қабылдау нәтижесі болып табылады. Осыған орай, атау беретін субъектінің белгілі бір ұғымды қабылдау әдісі жайында біз қаншалықты хабардар болсақ, сол ұғым атауының уәждемесі соншалықты айқын болады. Яғни адамның қабылдаудың қандай да бір әдісін қолдануы зат немесе құбылысқа белгілі бір атау беруге итермелейді. Мысалы, кейбір терминдік бірліктердің атаулары өздері белгілейтін ұғымдарды көрсетсе, мысалы:

«дүкенде зат **сататын** адам» – **сатушы**;

«мал **сауумен** шұғылданатын кәсіп иесі» – **сауыншы**;

«**тоқу** ісімен шұғылданушы» – **тоқушы**;

«**күріш** өсіруші» – **күрішші**;

«**қойма** ұстаушы» – **қоймашы**;

«**орман** қызметкері» – **орманшы**;

«**пішен** шабатын адам, шөпші» – **пішенші** және т.б., ал кейбіреулерінде мұндай қасиеттер байқала бермейді:

«Ұлы **Отан** соғысына қатысқан адам» – **майдангер**;

«**киім** үлгілерін жасайтын маман» – **сәнгер**;

«1. Түрлі жарыстарда озып шыққандарға сыйлық, жүлде, награда беруді шешетін білгір мамандар тобы.
2. Заң. Белгілі бір істің, мәселенің қаралуына дәл, соңғы

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—
тұжырым беруші маман» – **сарапшы;**

«аспан денелерінің қозғалыстарын бақылаумен шұғыл-
данған адам, ерте кездегі астроном» – **жұлдызшы;**

«нан пісіруді кәсіп еткен адам» – **наубайшы;**

«белгілі бір істің дұрыс орындалуын қадағалап, жөн
сілтеп отыратын ресми адам» – **нұсқаушы;**

«завод, фабрика пештерін жағушы, ыстық су қаза-
нын қайнатушы» – **көсеуші;**

«сәулет өнерінің, тас қашаудың шебері, суретші,
мүсінші» – **сымбатшы;**

«фехтование спортымен айналысушы» – **семсерші**
және т.б.

В.Гумбольдт тілді «сыртқы құбылыстар әлемі мен адам-
ның ішкі әлемінің ортасындағы дүние», – деп түсіндірген
[84, 57 б.]. Яғни мән-мағыналарды сөйлеу арқылы беру және
ұғыну үдерісіндегі субъектілердің психикалық өзара әрекет-
тестіктерінен тыс зерттеуге болмайды. В.Гумбольдттың
идеяларын дамытқан ғалым А.Везбицкая «ақиқат болмыс
тіл арқылы ойлауда беріледі», – деп көрсетеді [85, 19 б.].
Аталым теориясы өткен ғасырдың соңғы жылдарында Еуро-
па тіл білімінде кеңінен зерттеле бастады. Алайда аталым
әдістеріне келгенде көптеген қиындықтар туындады. Әсіре-
се, атауланушы ұғым мәселесі қарама-қайшылықтардан тұра-
тындығы анықталды. Мәселен, халық санасында туындап,
жалпықолданыстық тілде белгіленетін ұғымдар мен айқын
шектелуі және дәл анықталатын ғылыми ұғымдардың ара-
сында елеулі айырмашылықтар бар.

Осымен байланысты В.Г.Гак ұғым белгісіздігінің екі түрлі
болатындығын дәлелдейді [86, 19 б.]:

1) объективті белгісіздік (кейбір «ұғымдық өзектердің» бір-
біріне ауысуы айқын көрінбеуі нәтижесінде пайда болады);

2) субъективті белгісіздік (сөйлеу сәтінде сөйлеушінің
ұқсас ұғымдар мен заттар арасындағы айырмашылықтар-
ды айқын сезінбеуі салдарына байланысты туындайды).

Ғалымның пікірінше, аталым әдістері мен тәсілдерін зер-
делеу үшін түрлі тілдерде болатын нақты бір ұғымды тал-
дау қажет және бұл ұғымдар атау берілетін нысанның тепе-
теңдігін талап етеді. Осы тұрғыдан келгенде, мұндай ұғым-
дар қатарына: 1) салыстырылатын тілдерде сөйлейтін бар-

ша халықтың түсініктерімен байланысты ұғымдар; 2) бірдей анықталатын ғылыми терминология ұғымдары жатады.

Жалпы, В.Г.Гактың зерттеу еңбектерінде аталым түрлерінің бірнеше типологиясы қарастырылады. Бұл типологияларға атаулану актісіндегі келесі аталым параметрлері әсер етеді: дереккөз, сыртқы форма, семантикалық түр және аталымның ішкі формасы.

I. Аталым дереккөздеріне қатысты:

- 1) тілдегі дайын лексикалық бірліктің қолданылуы;
- 2) жаңа лексикалық бірлік жасау;
- 3) өзге тілден кірме сөз қабылдау.

II. Атаудың сыртқы формасына қатысты:

- 1) жай сөз;
- 2) туынды сөз;
- 3) күрделі сөз;
- 4) сөз тіркесі.

III. Семантикалық түрге қатысты:

- 1) кең мағынадағы атау;
- 2) тар мағынадағы атау;
- 3) тура аталым;
- 4) жанама аталым.

IV. Аталымның ішкі формасына қатысты:

- 1) заттың сыртқы белгілері (пішін, түс, көлем және т.б.);
- 2) аталатын нысанның міндеті мен қызметі;
- 3) нысанның белгілі бір мекенмен, орнымен байланысы (мекенжайы, тұрған орны, таралымы т.б.);
- 4) нысанның жасалу материалы;
- 5) нысанның жасалу тәсілі;
- 6) нысанның басқалармен байланыс түрлері және т.б.

Қазіргі таңдағы қоғамның даму барысы ғылыми-техникалық прогрестен көрінеді. Тілде адамды қоршаған объективтік шындық, ғылым мен техника, материалдық және рухани мәдениет дамуының жетістіктері белгіленеді. Білімнің жаңа салалары мен оған сәйкес жаңа ұғымдардың пайда болуы аталым қажеттілігін туғызады. Егер де түрлі кәсіп иелері күнделікті өмірде қарым-қатынасты жалпы әдеби лексика арқылы жаса-са, ал арнаулы коммуникацияның тиімділігін арттыру үшін адамның еңбек қызметінің нәтижелерін дәл белгілейтін терминдер – арнаулы сөздер жасалады. Бұның барлығы арнаулы лексика-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—лық бірліктер санының көбеюіне, бірқатар терминологиялық жүйелердің қалыптастырылуына алып келеді. Сонымен, білімнің түрлі салаларына қызмет көрсететін терминологиялық лексика қазіргі қазақ әдеби тілінің сөздік қорының маңызды бөлігін құрап, бірге-бірте сөздіктерге енгізілуде.

Адамның кәсіби қызметінің белгілі бір саласының қажеттілігін қамтамасыз ететін сөздер – арнаулы лексиканы құрайды. Арнаулы лексика, ең алдымен, өзінің ерекше денотатын айқындауымен сипатталады. Мұны нақты сезінбей, коммуниканттар сөйлеу қарым-қатынасын іске асыра алмайды. Көптеген ғалымдардың пікірінше, арнаулы және жалпы лексиканың ең бір маңызды айырмашылығы осыдан туындайды: «... общую лексику мы воспринимаем от звуковой материи к десигнату и затем – к денотату, специальную же лексику вне связи с денотатом понять нельзя, только после нахождения денотата, ориентируясь на определенный подъязык, может беспрепятственно осуществляться коммуникация» [73, 16 б.]. Жалпы лексикадан арнаулы лексиканың ерекшелігі – ол жалпықолданыстық сипатта пайдаланыла алмайды, себебі лексиканың бұл түрін тек сол салада қызмет етушілер ғана түсінеді де және ол бөлек, жеке арнаулы коммуникация құралы болып табылады.

Адамның қоршаған ортаны тануы әрқашанда сөз жасалымымен ерекшеленген. Өзінің жаңалықтары мен жетістіктерін тіл құралдары арқылы белгілеп, үнемі атау беру қызметін атқарып отырған. Адамның атау беруі әлеуметтік тәжірибесі мен практикалық қажеттіліктерінен туындайтын құбылыс. Осыған орай, тілдік аталым мәселелері әрқашанда тіл зерттеушілерінің назарынан тыс қалмаған, керісінше, үнемі зерттеу нысаны ретінде жан-жақты қарастырылуына себеп болған.

Осымен байланысты Ф.Қалиевтің «Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігінде» «аталым» былайша түсіндірілген: «Номинация (лат. Nominatio атау) – 1) сөздің немесе сөз тіркесінің затты атап білдіруі; 2) атаумен байланысты жалпы тіл мәселелерінің және номинативтік тұрғыда қарастырылатын сөзжасам, көпмағыналылық, фразеология т.б. жиынтығы» [37, 227–228 бб.]. Ғалым В.Н.Телияның анықтамасы бойынша, «аталым» дегенміз – бұл: «Аталымдық қызметті жүзеге асырушы тілдік бірліктердің жасалу процесі. Бұл тілдік бірліктердің

басты қызметі тілден тыс болмыс фрагменттерінің атаулануы мен оларға сәйкес ұғымдарды және олардың тілдік бірлік (сөз, сөз тіркесі, фразеологизмдер және сөйлемдер) мағыналық формасында берілуін қамтамасыз ету» [87, 162 б.]. Е.Н.Земская мен Е.С.Кубрякова *аталым* деп тек сөйлеу мен тіл бірліктерінің пайда болу үдерісін ғана емес, сонымен бірге сол бірліктердің өзі ретінде де түсінеді [88; 89].

Лексикалық бірліктер атауының тілдік табиғатын лингвосомиотикалық аспектіде қарастыратын А. Уфимцева: «Таңба мағынасы дегеніміз – таңба формасының элементтері мен семиотикалық актінің, үдерістің бір-бірімен қатынасы немесе семиозисті құрайтын таңба, атау берілетін зат немесе заттар тобы, ұғым, нақты жағдаят, сөйлеуші, тыңдаушы, коммуникативтік мақсаттардың арасындағы қатынас», – деген анықтама береді [90, 40 б.]. Демек, ғалымның тұжырымдауынша, «мағына» дегеніміз:

1) ұғымдық, идеалдық дерек мағынасы субстанционалдық дерек ретінде анықталуы (таңба мағынасын субстанционалдық дерек ретінде түсінуі);

2) таңбаның жағдаят элементтері немесе таңбалық жүйе (таңба мағынасының қызметтік интерпретациясы) арасындағы қатынас ретінде анықталуы. Мағынаның субстанционалдық табиғатына негізделген анықтамасы субстанцияның жіктелуі таңбалау затымен (таңбаланушы зат – құбылыстың ұғым-түсінігімен) не идеялық затпен бірігіп тұтасуымен байланысты.

Қазақ тіл білімінде Ш.Ш.Жалмаханов тілдік бірліктің түрлі қатынастарға түсу қабілеттілігіне орай, олар бірнеше сипатты білдіреді деп санайды [31, 24-25 бб.]:

1) таңбаның мазмұндық және формалдық жағының бір-бірімен қатынасы;

2) таңбаланатын денотатқа қатынасы (заттың типтік түсінігіне тұтастық ретінде қарау) – «заттық қатынастылық» немесе денотаттық мағына;

3) таңба формасының зат туралы ұғымға қатынасы, оның негізгі белгілерінің тұтастығы «ұғымдық қатынас» немесе сигнификаттық мағына;

4) тілдің ішкі жүйесіндегі таңбалардың арасындағы қатынас (парадигмалық, синтагмалық);

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

5) таңба мен адамдар іс-әрекетінің арасындағы қатынас;

6) айтушы мен тыңдаушы арасындағы қатынасты кейбір лингвистикалық бағыттар мағына ретінде анықтап, оны «сти-мул-реакция» деген терминмен атайды.

Біздің түсінігіміз бойынша, аталым үдерісі алғашқы кезеңінен бастап аяқталу сәтіне дейінгі тілдік аталым теориясының ең бір күрделі құбылысы болып табылады. Аталым теориясының маңыздылығы аталым принциптері, аталым әдісі, амал-тәсілдері мен құралдары ұғымдарынан тұрады.

Аталым принципі дегеніміз – тіл иелерінің санасында мазмұндық (семантикалық) категория ретінде көрініс беретін уәждеуіш белгілердің жалпы қорытылуы негізінде қалыптасатын атаулану үдерісінің бастапқы сатысы. **Аталым әдісі** дегеніміз – уәждеуіш белгінің аталым принципін орындауың, оны іске асарудың амалы. Демек, аталым принциптері мен әдістерінің арақатынасы форма мен мазмұнның қатынасы сипатында болады. Ал аталым тәсілдеріне қатысты көптеген лингвистикалық әдебиеттерде оның фонетикалық, лексика-фразеологиялық және синтаксистік түрлері көрсетіліп, ғалымдар аталым принциптері, әдістері мен амал-тәсілдері пайдаланылған үдерістің нәтижесі міндетті түрде уәжді тілдік бірліктер жасалуына алып келеді деп санайды.

ТА үшін ең маңызды мәселелердің бірі – терминнің аталымдық қызметі. Мәселен, А.А.Реформатский «аталымдық қызмет терминнің ерекшелігін көрсете алмайды, себебі бұл функция барлық сөздерге тән қасиет», – десе [91, 4-50 бб.]. А.И.Моисеев, керісінше, терминнің аталымдық қызметіне жете мән беріп, зат есімдердің белгілі бір тобы ғана нақты мұндай қызмет атқару қабілетімен ерекшеленетіндігін айтады [92, 244-245 бб.]. Терминнің аталымдық қызметі жөнінде Г.О.Винокур: «... термин – терминологиялық жүйенің элементі ретінде зат пен құбылысты арнайы көрсететін ұғым», – деп анықтайды [93, 218 б.].

Терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлының көрсетуінше, терминдер мынадай басты белгілермен ерекшеленеді [41, 7 б.]:

1. Терминдер негізінен сөз немесе сөз тіркесті болады (кейде сөйлем түрінде де кездеседі).

2. Терминдер негізінен тілдік бірліктер (символ-сөз, сан, географиялық таңба түріндегі терминдер де бар. Бірақ тер-

минологиядағы олардың үлес салмағы термин-сөздерге қарағанда әлдеқайда төмен).

3. Термин – белгілі бір терминологияның мүшесі.

4. Термин деген – ұғым аты.

5. Терминнің міндетті түрде дефинициясы болады.

6. Терминдердің негізгі басым бөлігі жалпы есімдер, сөз табына қатысты жағынан зат есімдер болады.

7. Терминдер атауыштық қызмет атқарып, негізінен ғылым тілінде, арнаулы сала шеңберінде қолданылады.

Кез келген ұғымның атаулану үдерісін талдау үшін, ең алдымен, тілден тыс материалдың қалай жіктеліп, өңделетінін қарастыру қажет. Ал бұл үдерістің өту сипаты оның нәтижесі белгілі бір лексика-семантикалық топтың атауы арқылы айқындалады. Ғалымдардың аталымның жеке мәселелеріне арналған көптеген зерттеу еңбектері жалпы аталым теориясына елеулі үлес қосты. Мысалы, В.Г.Гактың аталымдар типологиясы саласындағы зерттеулері; М.Н.Володинаның ТА ақпараттық табиғатына арналған еңбектері; терминологияның жеке салаларына бағытталған монографиялар мен диссертациялық жұмыстар (А.А.Уфимцева, В.Н.Телия, З.А.Сергеева, К.Ю.Пешкова; қазақ тіл білімінде: Ө.Айтбайұлы, Б.Қалиұлы, С.Ақаев, Ш.Біләлов, Ш.Құрманбайұлы, А.Алдашева, С.Әлісжанов, К.Аяпбергенова, М.Молдажаров, Е.Әбдірәсілов, А.Қоңырова, Ө.Нұржанова, С.Сәрсенова, А.Исанова, М.Қожаева, С.Исақова т.б.).

Ғалымдардың еңбегіне сүйене отырып, салалық терминологияны – ғаламның тілдік бейнесінің нақты деректерін білдіретін арнаулы концептер жиынтығын айқындаушы ұйымдасқан ерекше таңбалар жүйесі деп анықтауға болады. Осыған орай, аталым үдерісінің атаулар практикасы, құрылымы, семантика, логикамен т.б. байланысты құбылыстармен қатыстылығын анықтауға болады. Сөз, оның ішінде, термин де лингвистикада тек таңба ретінде ғана емес, сонымен бірге аталым бірлігі, яғни тілдік бірлік ретінде қарастырылады.

Дегенмен, ТА жалпы тілдік аталымға қарағанда екінші дәрежелік деңгейде жүргізіледі. Себебі, жалпықолданыстық тілде барлық заттар мен құбылыстардың бұрыннан келе жатқан атаулары да бар, аталып болған да, ал арнаулы сала-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— лар үнемі жаңа атауларды қажет етеді. Осымен байланысты аталым теориясының негіздері, ең алдымен, терминологиялық лексика үшін аса қажет. Терминологиялық ұғымға атау беру үшін оның маңызды белгілерінің «терминнің таңбалық формасында негіз ретінде алынатын біреуі немесе бірнәшесі іріктеліп алынады» [12, 7-8 бб.].

Терминологияны ономасиологиялық аспектіде қарастырығанда, терминнің ұғымдарды белгілеуі мен бір-бірінен ажыратып көрсете алуына байланысты диакретикалық таңба ретінде қабылданады, яғни ономасиологияда туынды термин семантикасы функционалдық тұрғыдан зерттеледі.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, жалпы тілдік аталымның негізгі тілдік бірлігі, аталымның басты тірегі – сөз. Сөздердің аталымдық қызмет атқаратын сөз таптары тұрғысынан қарастырылуының да маңызы зор. Бұл мәселе жеке тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғалымдардың пікірі бойынша, негізгі аталымдық сөз таптарына зат есім, сын есім, етістік және үстеулер жатқызылып, тек осыларда ғана үнемі жаңа мазмұн пайда болып, жаңа атаулар жасалады. Абсолюттік аталымдық қызметті зат есімдер білдіреді. Басқа аталымдық сөз таптарының бұл қасиеті әлсіздеу келіп, өзге сөз таптары білдіретін мазмұнды көрсете алу қабілеттері зат есімге қарағанда төмендеу болады.

Сөз таптарының аталымдық сипаты жөніндегі тілші ғалымдардың пікірлері түрліше. Терминолог-ғалым В.П. Даниленко: «Осы уақытқа дейін тек зат есімдер мен оның негізінде жасалған сөз тіркестері ғана терминдер болып қабылданса, кейінгі кездері сын есім, етістік, үстеу сияқты сөз таптары да термин бола алады деген көзқарастар бар» – десе [94, 49 б.], А.А.Реформатский: «...терминдер өзінің таза күйінде тек зат есімдер арқылы беріледі. Сондықтан да терминологиялық сөздіктер негізінен зат есімдерден құралады. Басқа сөз таптары зат есіммен синонимдік қатар құрай алмайтын жағдайда ғана қолданылады. Орыс тілі сияқты тілдерде әрбір етістікті терминнің зат есімдік эквиваленті болады. Басқа сөз таптарының (етістіктердің, сын есімдердің т.б.) термин бола алу мүмкіндігі – зат есімнің жетекші роліне, оның басым аталымдық сипатына ешбір нұқсан келтірмейді» – деген қорытынды жасайды [95, 168 б.].

Бұл мәселе жөнінде орыс ғалымы Г.О.Винокур былай дейді: «Іс-әрекет пен үдеріс атаулары техникалық терминологияның негізгі бөлігін құрайды. Техникалық терминологияда іс-әрекеттің өзі емес, олардың атаулары сөз болады. Техника дегеніміздің өзі еңбек үдерісін қалыптастырудың белгілі бір түрін білдіріп, осы үдерістің ұғынуын көрсетеді. Техника саласы үшін еңбек үдерісінде жүзеге асырылатын іс-әрекет біздің көз алдымызда орындалып жатқан жай құбылыстан ұғымға айналады. Яғни ұғым логикалық субъектілерге тән түрлі атрибутивтік немесе предикативтік қасиеттер мен белгілерге ие бола алатын, логикалық эксперименттерге бейім, теориялық ойлаудың амал-құралы қызметін атқара алады. Осыған орай, техникалық терминологияда «етістікті» іс-әрекетті білдіретін грамматикалық категория етістіктің өз формасында емес, іс-әрекет мағынасын сақтап, оны абстрактілі затты мағынасымен біріктіретін дерексіз зат есім формасымен беріледі... (закалка, обжиг, травление)... Етістіктердің техника тіліндегі қолданысы жалпы тілдегі қолданысқа қарағанда ешбір кем болмайды. Бірақ техникалық әдебиеті тілі мен техникалық терминология ұғымдары өзара сәйкес келе бермейтін ұғымдар жүйесін құрайды. Сол себепті техника ұғымдарын білдіретін сөздер терминологиялық аталымдық қызмет атқару кезінде міндетті түрде абстрактілік формасында көрініс табады» [93, 13 б.].

Терминдердің белгілейтін барлық нысандарының заттық қабылдануы, олардың ерекше субстантивтік үрдісімен айқындалады. Терминдердің бұл ерекше қасиеті, олардың денотаттары әрқашан затты білдіретін жалқы атаулармен жақындастырады. Сонымен, терминолог ғалым Ш.Құрманбайұлының сөзімен айтқанда: «...терминологияда зат есімнің басым болуының ең басты себебі – аталған сөз табының тілде атауыштық қызмет атқаруында» [41, 155 б.].

Бұл мәселелердің зерттелуіне ономазиологиялық бағыт тұрғысынан келгенде ғалым А.В.Исаченконың жалпы терминдерді термин-атаулар мен термин-сипаттамаларға бөліп қарастыру пікірі ерекше назар аудартады. Ғалымның пайымдауынша: «...термин-атаулар бейуәжді, әдетте бір сөзден құралған терминдер, ал термин-сипаттамалар бұл көп сөзден құралған уәжді термин-фразалар болып, ықшамдалған дефиницияларға сәйкес келеді» [96, 37 б.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Қазіргі таңда термин-фразалар, әсіресе, техника мен өндіріс технологияларында кеңінен орын алып, аталған салаларда процесс, құрылыс, қосылыс (химическое соединение) және т.б. сипатын дәл беруімен ерекшеленеді. Себебі, бұл салалардағы жаңа ұғымдар көп жағдайда белгілі тілдік материалдар арқылы көрсетіліп, оларға қосымша анықтамалар беріліп отырады. Мысалы, *өндірістік процестерді автоматтандыру, жұқа түйіршікті агрегат, жерасты суының жинақталуы, алмас өндіруші өнеркәсіп, жылдам соқпалап бұрғылау, автоматты түрде төңкерілетін вагонетка, қазуды кері жүріспен жүргізу, бұзылған жерлерді қалпына келтіру, топырақтың құнарлылығын қалпына келтіру, созылым бойымен қазып алу, тау жынысының газға қанықтығы, тазартып қазып алу аймағы, тау жынысының бекемдік коэффициенті* және т.б.

Мұндай құбылыс адамның кәсібін білдіретін терминдерде де байқалады, мысалы: *ұйым жетекшілері, қоғамдық бірлестіктер жетекшілері, машина жасау технологиясы, қалалық құрылыс инженері, фотостудия қызметкері, өрт сөндірушілер, түрме күзетшісі, энергобақылауды іске асыратын қызметкер, тауарды насихаттаушы, шыны пішіндеуші, көркемдік өнім жасаушы, ағаш өңдеуші, жиһаз қаптаушы, құрылғы операторы, реактор апаратышысы, локомотив мәшинешісі, көше сатушысы, жүк тиеуші, механик көмекшісі, үй қызметкері, кеме электригі, оттарды қараушы* және т.б.

Терминология мәселелеріне арналған ғылыми әдебиеттерде терминдер құрамындағы компоненттерді терминдік элементтер деп атау дәстүрі қалыптасқан. Бұл ұғымды алғаш рет ұсынған ғалым Д.С.Лотте болатын. Д.С.Лотте: «Терминдік элемент дегеніміз – терминологиялық мағынасы бар ең минималды бірлік», – деген анықтама береді [97, 15 б.].

Біздің ойымызша, терминдік элементтің терминологиялық мағына арқылы анықталуының өзі күмән келтіреді. Себебі терминологиялық мағына ұғымы әлі де болса тіл білімінде өз шешімін таппаған таласты мәселелердің бірі болып табылады. Оның үстіне нақты терминологиялық мағына жайлы тек терминнің толық құрамы болған жағдайда ғана сөз қозғауға болады. Терминдік элементтің толық терминнен

айырмашылығы, ол ұғымды толық білдіре алмайды, тек белгілі бір терминологиялық өрісті ғана көрсете алады. Яғни мұндай мағына ұғымның тек бір белгілерін ғана айрықша көрсетуімен шектеледі. Мәселен, ғалым Т.Л.Канделакидің пікірі бойынша: «Терминдік элемент дегеніміз – термин білдіретін ұғымның белгілерімен айқындалған терминнің мағыналық бөлшектері» [98, 38 б.].

В.М.Лейчик термин мен терминдік элементтердің маңызын анықтауда, оларды тілдің екі басқа қырымен сәйкестендіреді. Ол: «... терминнің мазмұн межесі ұғымды білдірсе, ал тұрпат межесі тұрғысынан терминдік элемент болып табылады», – деп тұжырымдайды [99, 65 б.]. Ал терминолог В.П.Даниленконың анықтауы бойынша: «...морфемадан бүтін сөзге немесе шартты таңбаға дейін, яғни терминнің кез келген құрылымдық компоненті терминдік элемент болып, олар терминнің таза формалдық компоненттері түрінде ғана сипатталуға тиіс» [94, 37 б.].

Сөйтіп, орыс ғалымдары терминдік элементтерді мағыналық терминдік элементтер (латын және грек тілдерінен енген *logos, intra, entos* секілді т.б. сөздер) және көмекші терминдік элементтер (*-инут:инсулин, альбумин;-ота: карцинома, гранулема; -итис: гастрит, цистит; -ин-: инъекция, интубация* т.б.) деп екіге бөліп қарастырады [73, 102-103 бб.].

Аталмыш ғалымдардың тұжырымдарын түйіндей келгенде, терминдер құрылымындағы терминдік элементтер үш түрлі негізгі бірліктер арқылы беріледі: 1) терминнің морфологиялық талдануы арқылы айқындалатын терминдік элементтер; 2) термин-сөз тіркесінің синтаксистік талдануы арқылы айқындалатын терминдік элементтер; 3) бейнелі-графикалық талдау арқылы анықталатын символдық терминдік элементтер.

Белгілі терминолог-ғалым А.А.Реформатский өзінің «Термин как член лексической системы языка» деп аталатын көлемді ғылыми-зерттеу мақаласында түрлі терминдерге сипаттама бере келе, олардың қатарында төл сөздер де, өзге тілді сөздер де, халықаралық және жасалынды сөздер де кездесетінін анықтап, терминологиялық сөзжасамға айрықша мән береді. Ол терминологиялық сөзжасамның мынадай бағыттарын ажыратып көрсетеді: 1) терминжасам; 2) терминдерден туынды сөздер жасалуы [100, 121 б.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Алайда терминологиялық сөзжасам дегеніміз орынды ма? Оның жалпы сөзжасамнан қандай өзгешелігі бар? – деген сұрақтар туындайды. В.П.Даниленко: «...терминологияда жалпы лексикадағыдай тәсілдер өнімділік танытады, олар: семантикалық, синтаксистік, морфологиялық», – деп көрсетіп, оларды бөліп қарауға еш келмейтінін айтады [94, 89-90 бб.]. Ағылшын тілі терминологиясын зерттеген ғалым В.Н.Шевчуктің пікірінше, бұл тілде әскери терминология мен жалпы лексика сөзжасамында бірдей сөзжасамдық тәсілдер қолданылғанымен, кейбір сөзжасамдық элементтер ерекше міндеттер атқарады. Мәселен, *medical corpsman*, *field artilleryman*, *minilaser range finder* сияқты мысалдарда соңғы *-man* және *-er* элементтері бүкіл фразаларға қатысы бар [101, 10-14 бб.]. Жалпы лексикада мұндай құбылыстар байқалмайды, ал арнаулы лексика саласы үшін бұл – норма. Яғни бұл ретте жалпы лексикада қолданбаған тілдік мүмкіндікті алғаш терминжасамда пайдаланып, терминологиялық сөзжасам мен жалпы сөзжасам айырмашылығын айқындап тұр.

Осы орайда орыс ғалымдары А.В.Суперанская, Н.В.Подолянская, Н.В.Васильевалардың сөздердің синонимдік қатынастары жайлы айтқан ойлары орынды болып келеді [73, 106-107 бб.]. Мысалы, орыс тіліндегі *сестра* – *сестричка* деген сөздердің жұбы – логиктер үшін эмоционалдық реңкпен ғана ажыратылатын синонимдер. Олардың экстенциясы, мағына көлемі, денотациялануы екі түрлі, бірақ коннотация мен интенция жағынан бір: әрбір *сестричка* – *сестра* бола алады, алайда әрбір *сестра* – *сестричка* немесе *сестренка* бола бермейді. Себебі соңғылары тек жасы жағынан кіші, ерекше жақсы көретін немесе мазақ мағынасында ғана қолданылады. Яғни бір сөздің мағына көлемі екінші сөз мағына көлеміне қарағанда жоғары болып, жұрнақсыз сөздер беретін мағыналарды жұрнақ арқылы жасалған сөздер бере алмайды. Сөйтіп, бұл сөзжасамдық құбылыс арнаулы лексика саласындағы жұрнақсыз формаларды жұрнақ арқылы жасалған сөздермен салыстыру нәтижесінде кейінгілері басқа ұғымдарды белгілеу үшін қолдану мүмкіндігін туғызды. Мысалы, орыс тіліндегі *зонтик* – бұл зонттың шағын түрі емес, *гүл формасы*, *валик* – валдың кіші түрі емес, *фоно-*

граф валигі дегенді білдіріп, орыс тілінің *-ик, -ок, -ка* жұрнақтары терминжасам элементтеріне айналған.

Қазіргі кезде мұндай құбылыстар қазақ терминжасамында да орын ала бастағанын байқауға болады. Мысалы, ғалым-терминолог Ш.Құрманбайұлы: «...кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады. ...энергетика саласында кейінгі жылдары *-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш* жұрнағы арқылы жасалған терминдердің молайғандығы байқалады. Мәселен, *ажыратқыш – выключатель, электроқозғалтқыш – электродвигатель, араластырғыш – смеситель, қыздырғыш – нагреватель, жайтартқыш – молниевывод, ауа жинағыш – воздухоборник, ауабаптағыш – кондиционер, ауа үрлегіш – воздуходувка, бу таратқыш – парораспределитель, вагон аударғыш – вагоноопрокидыватель, жерлендіргіш – заземлитель, көбейткіш – умножитель, күлтұтқыш – золоуловитель, ағытқыш – расцепитель, оқшаулатқыш – изолятор, сақтандырғыш – предохранитель* т.б. терминдер. ...информатика және есептеуіш техника терминдерінің *-уыш/-уіш* жұрнағы арқылы жасалуы: *талдауыш – анализатор, жабдықтауыш – поставщик, жүктеуіш – загрузчик, қосындылауыш – сумматор, құжаттауыш – документатор, жинақтауыш – накопитель, шоғырлауыш – концентратор, шектеуіш – ограничитель, өңдеуіш – обработчик, модульдеуіш – модулятор, маршруттауыш – маршрутизатор, құрылмалауыш – конструктор, жөндеуіш – отладчик, жоспарлауыш – планировщик, сипаттауыш – описатель, есептеуіш – вычислительная, вычислительный, кодтауыш – кодировщик* т.б.», – деп көрсетеді [41, 127-129 бб.].

Біздің ойымызша, берілген мысалдардан *-қыш/-кіш, -ғыш/-гіш; -уыш/-уіш* қосымшаларына жұрнақ қызметінен гөрі терминжасамдық элементтердің қызметі тән. Яғни жалпы сөзжасам мен лексикада қолданылатын тәсілдер белгілі бір терминологиялық өрісте терминжасам құралдарының қызметін атқарады.

Терминология саласындағы аталымдық қызмет міндетті түрде белгілі бір мақсатты бағытымен ерекшеленетіндігін атап өткен болатынбыз. Өйткені терминдер белгілейтін

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— қажетті терминологиялық ақпарат арнаулы атауды қажет етеді. Атаулану тілдік құбылысы адамдар ұжымының дамуы мен тіршілік етуінің басты шарттарының бірі болып саналады. Ақиқат болмыстың нақты және абстракт нысандарына атау беру арқылы адам тілді өзінің физикалық және рухани қызмет үдерісінде үнемі пайдаланылатын ерекше бір «құралға» айналдырады.

Жалпы, тіл – коммуникация мен ойды білдірудің ең басты негізгі құралы бола тұрып, адамның қоршаған ортаны танып білуінің, адам тәжірибесін білімге айналдырудың амал-тәсілі. Ал бұл үзілмес үрдістің негізі адамның аталымдық қызметінен тұрады. Адамның аталымдық қызметі дегеніміз – бұл ақиқат болмыстың біртұтас, жүйелі-мазмұнды талданып берілуі, әлемнің ерекше ақпараттық-тілдік көрініс табуы. Адамның ақиқат болмыс құбылыстары мен заттарына атау беру қажеттілігі мен қабілеті, оның дүиеге келген кезінен-ақ басталады. Ал қазіргі таңда терминология саласына қатысты адамның аталымдық қызметі аса қажетті және өзекті мәселелер қатарына жатады. Себебі, біздің заманымызда терминология саласының маңыздылығы ғылыми-техникалық білімнің үздіксіз қарқынды дамуымен байланысты айқындалып отыр.

Қазіргі тілдік жағдаятты «ақпараттық-терминологиялық жарылыспен (взрыв)» салыстырып сипаттауға болады. Өйткені ғылым мен техниканың үздіксіз дамуы көптеген жаңа ұғымдар мен түсініктерді дүниеге әкеліп, оларға атау беру (аталым) қажеттілігі туындайды. Сондықтан да арнаулы ұғымдарға атау берумен байланысты кең спектрлі мәселелерді зерттейтін ТА теориясының зерттемесін әзірлеу міндеті аса маңызды. ТА ең басты өзгешелігі оның ерекше топ атауларына – адамға ақиқат болмыста бағыт-бағдар беруші маңызды элементтер, терминжасам мәселелеріне байланысты болып келеді. Терминдер адам қызметінің танымдық және өзгермелі сипатта дамуына себепші болып, арнаулы коммуникация үдерісінде дәнекерлік қызмет атқарады.

Жалпы алғанда, ТА негізгі принциптері тілдік аталымның принциптеріне көп жағдайда сәйкес келеді. Тіл білімінде тілдік аталым ойлау арқылы тілден тыс болмыс деректерінің тілдік мағыналарға ие болу үдерісі деп анықталады. А.Н.Леонтьевтің пікірінше: «...тілдік аталымда заттық дүние болмыстың,

оның қасиеттері мен байланыстардың, қатынастардың идеалды формасы көрініс табады» [102, 134 б.].

Жалпы аталым негізін құраушы басты принциптің мәні атау берілетін заттың нақты бір белгісі арқылы оның жалпы бейнесін көрсетіп беруінен тұрады. Яғни жекелік, субъективтіліктен жалпыға, объективтелген құбылысқа ауысу, көшу дегенді білдіреді. Аталым тек белгілеу мен коммуникация үдерісін ғана емес, сонымен қатар таным үдерісін де айқындайды. Бұл жөнінде ғалым Г.В.Колшанский былай деп жазады: «...көп жағдайда, тілдік формада берілген ақпараттың дәлдігі, дұрыстығы атаудың құрылымына байланысты болады. Ал ол өз кезегінде адам санасындағы материалдық дүниенің дұрыс, дәл берілуін айқындайды» [103, 78-79 бб.].

Осымен байланысты адамның аталымдық қызметі объективтік дүниенің субъективтік бейнесі құрылуының негізі болып табылатын, ақиқат болмысты шығармашылық, белсенді қабылдау үдерісін көрсетеді. Жаңа затқа немесе құбылысқа т.б. атау беру барысында оның бір белгісі ғана негізге алынады. Ал бұл атауға негіз болған басты белгі еркін түрде таңдалып, сол себепті де атаулану үдерісі белгіленуші затқа немесе ақиқат болмыс құбылысына деген субъективтік көзқарас нәтижесі ретінде анықталады.

Белгілі тіл зерттеушісі В. фон Гумбольдт аталым үдерісінің субъективтік сипаты мен дерексизденушілік негізі туралы ойларын айта келе, мынадай пікір келтіреді: «Сөз – сол заттың нақты көрсеткіші емес... ол біздің жеке сол затқа деген көзқарасымызды білдіруші» [84, 56 б.]. Кез келген сөз – бұл ақиқат болмыс туралы ақпараттың жиынтығы, есте сақтап қалу құралы және көшірмесі. Ғалым А.Ф.Лосевтің пайымдауы бойынша, әрбір тілдік таңба бұл белгілі бір «заттық ақпараттың», «ұғыну, түсіну актісі» [55, 106 б.].

Демек, тең ұғымдарды білдіретін сөздердің ішкі формасы түрлі тілдерде атау берілетін заттар немесе құбылыстардың әртүрлі жақтарын негізге алуына байланысты атаулану үдерістің ұлттық-субъективтік сипатын айқындайды [81, 49 б.]. Осыған байланысты әртүрлі тілдердегі бір зат немесе құбылыстың атауы болып табылатын терминдер аталымның түрлі белгілері арқылы жасалып, ақиқат болмыстың жан-жақты қырларын айқындап, бір-бірін толықтырып тұрады. Міне, осы тұста заттар

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

мен құбылыстардың сипатында субъективтілік факт айқын көрінеді. Өйткені әр тіл өкілі өзі маңызды деп санаған заттың бір белгісін аталым негізіне таңдап алады. Г.В.Колшанскийдің тұжырымы бойынша: «Сөздердің жасалу үдерісінде таңдау мәселесі аса маңызды болып табылады. Себебі таңдау бірқатар шарттарға байланысты: адамның физиологиялық ерекшеліктері, бұған сөйлеу қызметі мен тетігі де жатады» [103, 167 б.]. Сонымен қатар автор басқа да шарттардың болуын жоққа шығармайды, мысалы: «аталым үдерісіне қатысатын адамның тәжірибесі, комбинаторлық қабілетінің даму деңгейі, ассоциациялық қасиеттері, қоршаған ортаның сипаты мен оның жалпы осы затқа деген қызығушылығы және т.б.» [104, 67 б.].

Дегенмен, біздің ойымызша, атау берілетін заттың бір белгісінің таңдалуы – бұл сөздің дыбыстық қабатының жасалу тәсілі, яғни аталым техникасына тікелей қатысты мәселе. Сонымен бірге заттың немесе құбылыстың атауына негіз болатын басты белгінің таңдалуы атауланушы нысанды түсіндіру мен оған баға беру мәселесімен де байланысты. Себебі, субъективтік және объективтік тұрғыдан іріктелген белгі аталым негізіне алынып, сол зат немесе құбылыс туралы объективтік ақпаратты сипаттап беруші қызметін атқарады.

Сондықтан да ТА дегеніміз – атауланушы зат немесе құбылыс туралы атау берушінің субъективтік-объективтік қабылдауы мен түсінігі. Мәселенің осы жағын қарастырғанда, әрбір тілдің өзіне тән ерекшеліктері айқын көрінеді. Мұндай жағдайда, жаңа ұғымның уәждеуіш негізінің таңдалуы бір-бірімен тығыз байланысты ұлттық ішкі және сыртқы тілдік деректерге бағынады. Әдетте, бұл тұста тіл иелеріне түсінікті, айқын ішкі формаға ие уәжді терминдер жасалады. Белгілі зерттеуші Д.С.Лотте атап көрсеткендей, жаңа термин жасау барысында терминделетін ұғымның физикалық маңызын немесе техникалық идеясын толық көрсете алатын қажетті де жеткілікті белгінің іріктелуі атау беруші авторға байланысты болып келеді [97, 26 б.].

Егер жаңа термин сол қоғамның нақты қажеттілігіне сай болса, онда сол тілге еніп, орнығып, кеңінен таралады. Міне, осы жерде тілдің екіжақтылық – жекелік пен ұжымдылықтың ажырамас бірлігі туралы диалектикалық заңы айқын көрінеді. Ғалым Б.А.Серебренниковтың айтуынша: «...жал-

пы адамдардың психофизиологиялық құрылымының біртұтастығы, қоғамдық сананың болуы, ассоциациялар ортақтығы және т.б. қоғамдық әлеует қалыптасуына себепші болып, жеке адам жасаған дүниенің қоғамның қабылдауы мен бекітуіне негіз бола алады» [105, 441-442 бб.].

Сонымен, ТА мәселелерімен байланысты көптеген сұрақтардың дұрыс шешімін табуы үшін мынадай факторлар ескерілуі тиіс: *тәжірибе, лингвистикалық техника, адамдар психологиясы мен жеке тұлғаның рөлі, қоғамның атқаратын рөлі, сыртқы жағдайлардың ықпалы, аталым және тілдік жүйе, тілдердің қарым-қатынастары, ақиқат болмыс туралы ой-тұжырым.*

Ал аталым үдерісі мен оның нақты актілері жайында сөз болғанда мынадай тұстарды ескеру керек деп санайды кейбір ғалымдар [106, 77-79 бб.].

1) Заттың атауы басқа ассоциациялар тудырмауы қажет;

2) Аталым үдерісінің барысында атау интенциясына назар аудару қажет. Себебі, адамның жаңа затты қабылдауында, оның санасында ол жайлы мағына мен мәнді осы атау интенциясы қалыптастырады;

3) Жаңа атау мағынасының репрезентациялау қызметі тек сол атау берілуші зат туралы ғана түсініктің қалыптастыру міндетін атқарады және де оны өзі тектес заттардан бөліп ажыратып көрсетуге мүмкіндік береді;

4) Аталым негізіне атау беруші субъектінің сезімі, эмоционалды көңіл-күйі де әсер етеді (мысалы, метафора).

Сонымен, түйіндей келгенде, төмендегідей қорытынды жасауға болады:

1) ТА мен терминологиялық жүйелердің қалыптасуын жеке тілдердің лексикалық қорының қалыптасуымен салыстырғанда уақыт жағынан олар әлдеқайда кейінгі, ал ақиқат болмыс заттары мен құбылыстарының алғашқы аталымына байланысты екінші аталым болып саналады;

2) Терминжасам тәсілдерінің сипаты терминологиялық жүйенің қалыптасуы уақытының кезеңіне тәуелді болады. Себебі термин, ең алдымен, белгілі бір ғылым саласының элементі болып табылады;

3) Терминнің мазмұн межесі – ғылыми жүйелерде жасалынды түрде қалыптастырылатын тілден тыс ақиқат бол-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— мысты білдірсе, тұрпат межесін өзінің немесе өзге тілдің тілдік элементтері және жасалынды түрде іріктелген терминдік элементтер айқындайды;

4) Кез келген термин шектеулі мамандар тобы қолданытын ұғымдық аппараттың құрамдық бір бөлігін анықтап, арнаулы білім саласында қалыптасуымен сипатталады;

5) ТА үдерісінде термин уәжділігіне ерекше көңіл бөлінеді. Уәжді терминдер өз тілі негізінде жасалған және халықаралық терминдік элементтерден құралған терминдер де бола береді. Өз тілінің негізінде жасалған терминдердің уәжділігін метафора немесе метонимия тілдік құбылыстары айқындайтын болса, ал халықаралық терминдердің уәжділігі оның құрамындағы терминдік элементтермен анықталады;

6) Тілдердің басым көпшілігінде терминдік элементтер ретінде латын және грек тілдерінің элементтері қабылданған;

7) Терминдер грамматикалық тұрғыдан сын есім, етістік, үстеу секілді сөз таптарынан да жасала береді. Бірақ олардың аталымдық қасиеттерінің төмен болуына байланысты ТА зат есімдердің атауыштық қызметі ең жоғары болғандықтан, аталмыш үдерістің негізін құраушы грамматикалық категория болып саналады.

Тілдік құбылыстардың ономасиологиялық бағытта зерттелуі сөйлеуші қызметімен тікелей байланысты екендігі анықталып, ол белгілі бір тілден тыс мазмұнды тілдік формаға айналдырады. Ал бұл тілдік форма сөйлеушінің құзырында бар тілдік жүйеден таңдалып, өз кезегінде, ол осы жүйелі-тілдік жағдайды сөйлеу жағдаятына сәйкес өзгертеді.

Осымен байланысты тілдік бірліктерді ономасиологиялық тұрғыдан зерттеу, ең алдымен, атау-сөздердің жасалуы, қалыптасуының аталымдық белгілерін анықтау болып табылады. Ономасиология теориясы жаңа пайда болған ұғымның алғашқы сипаттамалы түрдегі аталуынан бастап, универб атауға жеткенге дейінгі әрекетті зерттейді. Тілдік бірліктерді ономасиологиялық тұрғыдан зерттеу дегеніміз – атау-сөздердің жасалуы, олардың қалыптасуының аталымдық белгілерін айқындалуын білдіреді.

Аталым актісі ономасиологиялық аспектіде екі түрлі операциядан тұрады: 1) бір нәрсеге атау беру үшін ең алдымен референтті немесе денотатты сәйкестендіріп (идентифика-

циялау), оның сөйлеушінің когнитивтік жүйесіндегі орнын анықтап, белгілі бір категорияға жатқызу қажет; 2) одан кейін барып аталған референттің өзіне ұқсас, онымен тектес басқа референттермен салыстыру операциясы жүргізіліп, нәтижесінде оның басқалардан айырым белгілері айқындалып, жалпы сипаттамасы жасалады. Алдымен жалпы категорияларда құбылыстары, содан кейін субкатегорияларда құбылыстары іске асырылады. Аталым актісін орындау барысында атау беруші (номинатор) ақиқат болмыстың жеке фрагменттерін бір-бірімен салыстырып, олардың арасында белгілі бір қарым-қатынастар орнатады. Жаңа сөз жасаудағы когнитивтік үдерістердің рөлі, міне, осыдан туындайды.

Ономазиологиялық құрылымдар «тілден тыс» факторларды толық көрсетпейді. Олар ақиқат болмыстың тек тілдік категориялық тәсілдері арқылы жүзеге асатын негізгі екі компонентін ғана таңдап белгілейді. Ономазиологиялық категориялар өз кезегінде гносеологиялық-қисынды категориялардың ішінен белгілі бір мақсатты таңдау нәтижесін көрсетеді. Кез келген аталым актісінде заттар мен құбылыстар немесе олардың белгілері арасындағы байланыстарды белгілейтін пайымдау қалыптасады. Сондықтан да қарапайым ойлау іс-әрекеті арқылы ономазиологиялық және психологиялық категориялар өзара байланыста болады.

Бұл ретте анықтауды қажет ететін мәселелердің бірі – «тілдік аталым» мен «терминологиялық аталым» терминдерінің арақатынасы. Осы кезге дейін аталым теориясына арналған көптеген ғылыми әдебиеттерде «аталым» жалпы «тілдік аталым» деп көрсетіліп, ТА зерттеуде оны тілдік аталыммен салыстырады. Біздіңше, ТА да тіл білімінің бір саласы ретінде тілдік қарым-қатынастың өзгеше тетігін зерттеуге бағытталғандықтан, оны жалпы тілдік аталымнан ажыратып көрсетуге болмайды. Керісінше, ТА жалпы тілдік аталымның бір бөлігі болып саналады. Ал осы уақытқа дейін аталым теориясының аясында, негізінен, лексикалық аталым түрлері ғана қарастырылған.

ТА жіктеуде ең басты параметрлер ретінде жаңа тілдік бірліктің жаңалығын ұғынып немесе ұғынбай жасау және аталымның стандарттылығы және стандартқа сәйкес келмеуі немесе нормаға сәйкестігі мен сәйкессіздігі секілді кри-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— терийлер басшылыққа алынып, олардың мынадай түрлері айқындалды: қалыпты ТА (нормаға сәйкес, саналы түрде жасалған терминдер); мутациялық ТА (стандартты, тұрақты үлгілер арқылы жасалған терминдер); жасалынды ТА (тілдік нормаға сәйкес жасалған, бірақ алғашқы кезеңде термин жасандылығы белгілі болып тұрады).

ТА жүйесінде қолданылатын амал-тәсілдерге қарағанда, әрине, лексикалық аталым құралдары өзінің түрлілік жағынан да, сандық жағынан да терминологияға қарағанда сан қырлы болып келеді. Бұның себебі ТА тек арнаулы ұғымдарды білдіретін атауларға қатысты болып, экспрессия мен эмоцияны білдіретін атауларға тән емес. ТА жүйесіне зат есімнен басқа да сөз таптары қатысқанымен, олар негізінен субстантивтену, номинализациялану құбылыстарымен шектеледі. Яғни терминдер түрлі алуан арнаулы салалардағы деректі немесе дерексіз ұғымдардың атаулары ретінде тек заттық формада ғана көрінеді.

Зерттеу барысында ТА табиғи және жасалынды түрлері анықталды. Табиғи ТА: 1) атаулану сөйлеу коммуникациясында жүзеге асырылады; 2) атаулану үдерісінің сөйлеу жағдаятында орындалуының негізгі тірегі аталымдық қызмет атқаратын денотаттың вербалды белгіленуінің қажеттілігі болып табылады; 3) атау беретін нысанның нақты анықталуына мүмкіндік туғызатын ең жоғары ақпараттылық сипаттағы белгілерін іріктеп көрсетуге тырысады; 4) уәждеуіш белгінің атаудың соңғы нұсқасында бекітілуі аталмыш белгінің атау берушіге де, адресатқа да объективтік маңызын дәлелдейді; 5) аталымдық бірліктің узуалдануы халықтық тәжірибе сараптама-сынан (апробациядан) өтуі нәтижесінде жүзеге асады.

Жасалынды ТА: 1) адресат – тілдік ұжым; 2) субъектінің аталымдық қызметті белгілі саналы түрде орындауы коммуникация міндетімен байланысты; 3) термин шығармашылығының жекелік сипаты аталымның субъективтік факторларын алға тартады; 4) атау беруші жаңадан жасалатын терминнің алдын ала қолданылуына, адресатпен қабылдануына болжам жасауға тырысады; 5) жасанды тіркелуін қажет етеді.

Терминологияны ономасиологиялық аспектіде қарастырағанда, терминнің ұғымдарды белгілеуі мен бір-бірінен ажыратып көрсете алуына байланысты диакретикалық таңба

ретінде қабылданады, яғни ономасиологияда туынды термин семантикасы функционалдық тұрғыдан зерттеледі. Жалпы тілдік аталымның негізгі тілдік бірлігі, аталымның басты тірегі – сөз. Сөздердің аталымдық қызмет атқаратын сөз таптары тұрғысынан қарастырылуының да маңызы зор. Бұл мәселе жеке тіл білімінде жан-жақты зерттеліп, ғалымдардың пікірі бойынша, негізгі аталымдық сөз таптарына зат есім, сын есім, етістік және үстеулер жатқызылып, тек осыларда ғана үнемі жаңа мазмұн пайда болып, жаңа атаулар жасалады. Абсолюттік аталымдық қызметті зат есімдер білдіреді. Басқа аталымдық сөз таптарының бұл қасиеті әлсіздеу келіп, өзге сөз таптары білдіретін мазмұнды көрсете алу қабілеттері зат есімге қарағанда төмендеу болады.

Біздің түсінігіміз бойынша, аталым үдерісі алғашқы кезеңінен бастап аяқталу сәтіне дейінгі тілдік аталым теориясының ең бір күрделі құбылысы болып табылады. Аталым теориясының маңыздылығы аталым принциптері, аталым әдісі, амал-тәсілдері мен құралдары ұғымдарынан тұрады. *Аталым принципі* дегеніміз – тіл иелерінің санасында мазмұндық (семантикалық) категория ретінде көрініс беретін уәждеуіш белгілердің жалпы қорытылуы негізінде қалыптасатын атаулану үдерісінің бастапқы сатысы. *Аталым әдісі* дегеніміз – уәждеуіш белгінің аталым принципін орындаудың, оны іске асырудың амалы. Демек, аталым принциптері мен әдістерінің арақатынасы форма мен мазмұнның қатынастылық сипатында болады. Ал аталым тәсілдеріне қатысты көптеген лингвистикалық әдебиеттерде оның фонетикалық, лексика - фразеологиялық және синтаксистік түрлері көрсетіліп, ғалымдар аталым принциптері, әдістері мен амал-тәсілдері пайдаланылған үдерістің нәтижесі міндетті түрде уәжді тілдік бірліктер жасалуына алып келеді деп санайды.

II ТАРАУ

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАЛЫМ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КЕЗЕҢДІК СИПАТЫ

Қазақ терминологиясы және кәсіп иелері атауларының даму кезеңдері

Қазіргі таңда терминология, практикалық тіл білімінің жаңа саласы ретінде тілтанымда қалыптасқан дәстүрлі көзқарастан басқа ғылыми тұжырымдарды негіздеу қажеттілігімен айқындалады. Осы орайда ғалым Я.Горецкий: «Сөздік қор бірліктерін зерттеу барысында, мысалы, жеке атауларды зерттеуде екі тәсіл қолданылуы мүмкін: дайын сөздер мен атаулардың мағынасын айқындау немесе заттың қандай тілдік амалдар арқылы аталғанын анықтап көрсету. Лингвистикада зерттеудің бірінші тәсілі семасиология, ал екіншісі ономасиология деп аталады. ... Терминологияны зерттеуде, жаңа атаулар жасаудың тілдік заңдылықтарын қарастыру барысында, ең алдымен аталуды қажет ететін заттан бастау қажет. Сондықтан да терминологиялық зерттеу жұмыстарында ономасиологиялық аспект негіз ретінде алынуы қажет», – деп көрсетеді [107, 17 б.].

Біздің ойымызша, кез келген лексика-семантикалық топтың тілдік бірліктерін талдауда ономасиологиялық аспектпен қатар семасиологиялық зерттеу тәсілін бірге қолдану қажет. Себебі, ономасиология мәселелері әлі де болса зерттеуді қажет ететін салалар қатарына жатады және адам кәсібiне қатысты атаулардың термин екендігін барлық тілші ғалымдар мойындай бермейді. Дегенмен кәсіп иелері атауларының басым көшiлiгi терминдену үрдісінен өтiп, олардың ономасиологиялық тұрғыдан зерттелуі терминологияны бiрiздендiру қажеттілігiнен туындап отыр.

Тіл білімінде кәсіп иелерінің атауларына қатысты зерттеу жұмыстары екі бағытта жүргізіледі. Бірінші бағытты ұстанушы зерттеушілер іс-әрекет атқарушы мағынасындағы зат есімдердің сөзжасамдық ерекшеліктерін анықтап, осы топқа жататын сөздердің тілдік заңдылықтарына сәйкес, оларды жалпыхалықтық лексика жүйесінде қарастырады (А.И.Моисеев, В.Л.Иващенко, З.А.Умирзакова, С.А.Колчин, Г.В.Смирнова, И.И.Мигирина, Н.М.Микаэлян, Е.Д.Бесценная, С.Л.Акопова, Р.М.Исаева, Р.Абдукаримова және т. б.).

Ал екінші бағытты ұстанатын ғалымдар кәсіп иелерін білдіретін атауларды белгілі бір терминологиялық жүйе аясында талдап, оларды терминдер қатарына жатқызады (Ж.Л.Закупра, О.Н.Трубачев, Т.Л.Канделаки, Н.А.Щеглова, В.П.Даниленко және т.б.). Біз зерттеуімізде аталмыш атауларға қатысты көзқарастың соңғысын қолдаймыз. Бірақ бұл мәселеге арналған зерттеулер жоқтың қасы десек те болады. Себебі бұларды термин ретінде қарастырғанмен, нақты тілдік негізде олардың терминологиялық жүйе мүшелері екендігі дәлелденбеген. Алайда адамның кәсібіне қатысты атаулардың терминдік табиғатын анықтау мәселесі терминология, лексикология мен сөзжасамның теориялық негіздері үшін ғана емес, сонымен қатар бірнеше практикалық міндеттерді шешу үшін де маңызды, мәселен, классификаторлардағы, тізімдердегі және тарифті-біліктілік анықтамалықтардағы ресми атауларды біріздендіру үшін де аса қажет.

Академик В.В.Виноградовтың айтуынша, термин мен терминология мәселесі жалпы тіл білімі мәселелері қатарына жатады: «... термин ұғымын айқындауға қатысты мәселелердің барлығы тіл білімін түрлі ғылыми салалармен жақындастыруымен бірге оны түрлі кәсіби еңбек және өндірістік практика салаларымен де түйістіреді. Терминологияны біріздендіру мәселесі маңызды құрылымдық мақсатпен байланысты. Алға қойылған мақсат – белгілі бір арнайы сала аясында белгіленген мақсатқа сәйкес терминдердің үлгілерін жасау болып табылады» [108, 6-7 бб.].

Ғалым В.П.Даниленко терминологияның түрлерін ажырату туралы былай дейді: «Терминология халықтық, табиғи, ғылыми және бақылауға келетін түрлерге бөлінеді. Әдетте қазіргі жағдайға сәйкес терминжасам үрдісін бақылау және реттеу салалық терминологияның табиғи қалыптасу кезеңінен өткен-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері — нен соң ғана болады. Яғни атаулар варианттылығы, көпмағыналылық құбылыстарынан кейін іріктеліп, терминнің ұтымды нұсқасы табиғи түрде таңдалып, тілдік нормаға енуіне байланысты болып келеді» [109, 77 б.]. Ғылыми әдебиеттерде терминге берілген анықтамалардың ішінен біздің зерттеуіміздің ерекшелігіне орай ең жақыны ғалым Л.Капаназенің терминнің дефинитивтік қызметін басшылыққа алған түсініктемесі болып табылады: «Термин дегеніміз — ғылым мен техника саласының белгілі бір ұғымды білдіретін және осы саланың басқа да атауларымен байланысы бар бір терминологиялық жүйе құрайтын атау бірлігі» [110, 80 б.].

Осыған орай бір тілді түсіндірме сөздіктің құрылымына қатысты мәселелерді арнайы зерттеген ғалым М.Малбақовтың монографиясында дефиниция, түсіндірме, анықтама ұғымдарына байланысты былай деп жазылған: «... бірқатар лексикографиялық еңбектерде синоним ретінде қарастырылған түсіндірме, дефиниция, анықтама терминдері шын мәнінде бір-біріне синоним емес. Дефиниция — сөздік бірлікке берілген қысқаша анықтама. Ол түсіндірменің құрамына кіреді. Түсіндірме ұғымына дефинициядан да басқа лексика-стилистикалық, грамматикалық-функционалдық сипаттамалар кіреді. Анықтама термині мен анықтама процесінің атауын — сөздіктегі сөздік бірлікке берілетін түсіндірмелі анықтамалардың бәрін атаған жөн тәрізді. Сөздік мақалада дефинициядан басқа да анықтамалар болған жағдайда оларды дефинициялық анықтама және қосалқы семантикалық функционалдық анықтама түрінде айқын ажырату керек» [111, 62 б.].

Жалпы кәсіп иелерінің атаулары халықтық терминология және ұзақ табиғи қалыптасу кезеңінен өтіп барып қана қалыптасады. Адамның кәсібiне байланысты атаулар еңбектi ұйымдастыру қажеттiлiгi туындаған соң барып ғылыми және ғылыми-техникалық терминологияға енедi. Термин сөздер жалпықолданыстық сөздерге тән лексикалық мағынаға ие бола алмайды. Мысалы, «делдал» тілдік бірліктің терминология мен жалпы әдеби тілдегі мағыналарын салыстыратын болсақ, экономика саласындағы бұл терминнің даралаушы белгілері дедалдық атқаратын коммерциялық қызметінің маңызынан туындайды:

- тауар өндірушілер мен тұтынушыларға;

- тауар сатушылар мен сатып алушыларға;
- тауар мен көрсетілетін қызметтердің айналасына ықпал ететін адам;
- заң жүзінде сатушылар мен сатып алушылардың өзара шарт жасауына;
- шарттың орындалуына жәрдемдесетін адам;
- төлайым сатып алушы;
- өнеркәсіп агенттігі;
- сауда агенттігі.

Аталмыш белгілердің барлығы қазіргі таңда кәсіпкерлік қызметтің дамуы мен маңыздылығының өркендеуінен туындайды. Кәсіпкерлік қызметтің өзгеруі термин мазмұнының өзгеруіне алып келеді: делдалдар заң жүзінде сатушы мен сатып алушылардың өзара шарт жасауын және оның орындалуын ұйымдастырады.

«Делдал» жалпы әдеби сөзінің лексикалық мағынасы оның терминологиялық мазмұнына қайшы келмейді. Бірақ оның мағынасы әлдеқайда жалпы және бір-екі ғана даралаушы белгіден тұрады: «Делдал. 1. Екі кісінің арасын келістіру үшін жүретін дәнекер, келістіруші адам. 2. Ауыс. Сатушы мен алушы арасында жүретін пайдакүнем». Ғылыми-кәсіптік тәжірибенің өзгеруі жалпыәдеби сөздің мағынасына әсер етпейтінін байқауға болады.

Ғылым, өнер, техника т.б. салаларға қатысты адам кәсібіне байланысты терминологиялық атаулардың мазмұны олар атқаратын қызметтің ғылыми ұғымымен анықталады. Мысалы, *кәсіпкер* – *кәсіпкерлікпен айналысып жүрген құқықты жеке тұлға*. Жалпыәдеби тілде бұл сөз көпмағыналық қасиетке ие: 1. *Кәсіпші, кәсіп істеуші, кәсіпқой маман иесі*. 2. *Ауыс. Істі, кәсіпті ұйымдастырушы, бизнесмен*.

Сонымен, адамның кәсібіне қатысты атауларды термин деп қабылдау үшін терминдік бірліктердің негізгі белгісі қисынды анықталу қасиетіне ие болуы тиіс. Олар көбіне жалпыхалықтық тілдегі сөздің мағынасына сай келмейтін нақты бір мазмұнды білдіретін тілдік бірліктер болып табылады. Бұл терминдер арнайы әдебиеттерде қолданылып, оларды саналы түрде жасап, белгілі бір жүйеге ұйымдастырады.

Терминологияны зерттеуші ғалымдардың пікірі бойынша, терминдердің тағы бір маңызды ерекшелігі – оның белгілі

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— бір терминологиялық өріске қатыстылығы мен жүйелілік қасиетінде. Термин ретінде қабылданатын кәсіп иелерінің атаулары осы өрістің бір бөлігін құрайды. Мысалы, «айыпкер», «айыптаушы» терминдік атаулар терминологиялық өрістің мынадай терминологиялық кестесінен орын алады:

айып → *жай, түбір сөз*

айып-кінә → *номен агентис (деноминатив)*

айыпақы → *номен агентис (деноминатив)*

айыпкер → *номен агентис (девербатив)*

айыпкерлік → *номина акционис (девербатив)*

айыппұл → *номен агентис (деноминатив)*

айыпсыз → *сын есім (девербатив)*

айыпсыздық → *номина акционис (девербатив)*

айыптал → *етістік (деноминатив)*

айыпталу → *номина акционис (девербатив)*

айыпталушы → *номен агентис (девербатив)*

айыпта → *етістік (деноминатив)*

айыптау → *номина акционис (девербатив)*

айыптаушылық → *номина акционис (девербатив)*

айыпты → *сын есім (девербатив)*

айыптық → *сын есім (девербатив)*

айыптылық → *номина акционис (девербатив)*

айыпшыл → *сын есім (девербатив)*.

Осы негізде басқа да атаулардың терминологиялық өрістегі орнын былайша анықтап көрсетуге болады: *аудар* → *аудару* → *аударма* → *аудармашылық* → *аудармалық*; *бағдар* → *бағдарла* → *бағдарлау* → *бағдарлама* → *бағдарламашы* → *бағдарлаушы*, *бағдаршы* → *бағдаршыл* → *бағдарлы*; *тірке* → *тіркеу* → *тіркеуші* → *тіркелмелі*; *шап* → *шабу* → *шабуыл* → *шабуылшы*; *үлгі* → *үлгілеу* → *үлгіші* → *үлгілі*; *мәлім* → *мәлімдеу* → *мәлімет* → *мәлімдеме* → *мәлімдеуші*; *піш* → *пішу* → *пішім* → *пішуші* → *пішінді* және т. б.

Осы мәселеге байланысты Ө.Айтбайұлы: «Жүйелілік талабы термин құрайтын элементтер мен белгілерді іріктей білу жүйесіне тікелей байланысты. Іріктеу сәтінде ол белгілердің біртектестігіне қатты көңіл бөлумен қатар, терминдер жүйесінің дұрыстығы белгілі жүйе бойынша белгілерді іріктеуге ғана емес, сонымен бірге сол белгілердің қай түрде бо-

латынына да байланысты екенін ескеру қажет. ... терминология жүйелілігі термин элементтерінің тіркесімділігіне, басқаша айтқанда, олардың орналасу тәртібіне де қатысты болады», – деп тұжырымдайды [112, 16 б.].

Бұл мәселенің жалпы тілтанымда ғылыми негізделуі әлі де арнайы зерттеуді қажет ететіні белгілі. Мәселен, ғалым В.П.Даниленко оның жіктемелік мәніне баса назар аударып, сол тұрғыдан түсіндіруге талпыныс жасайды [113, 68 б.]. Осыған байланысты тіл зерттеушісі А.А.Реформатский терминнің сөзжасамдық жүйесіне көбірек көңіл бөледі [91, 54 б.]. Ал әйгілі тілші Р.А.Будагов терминдер жүйесін екі түрлі бағытта қарастырады. Бір жағынан, терминологияның элементі ретінде, екінші жағынан, жалпы тіл жүйесінің элементі есебінде қабылдайды [114, 33 б.]. Терминологиядағы жүйелілік мәселесі ғалым Ш.Құрманбайұлы еңбегінде жан-жақты талданып, «Терминологиядағы жүйесіздік – жүйелілікке негізделген термин жасай алмаудан, ұлт тілінің мүмкіндігін дұрыс пайдаланбаудан, терминологиялық жұмыстарды кәсіби деңгейде жүргізе білмеуден туындайтын жайт» екендігі дәлелденеді [41, 19 б.].

Ғалымның көрсетуі бойынша: «Әр саланың ұғымдарының өзара байланысы, иерархиясы, сатылық, түрлі қарым-қатынасы ұғымдық, логикалық тұрғыдан қалай жүйелі болса, тілдік тұрғыдан да сол ұғымдардың жүйесін көрсететіндей етіп таңбалау қажет болады. Сондықтан да тілдік бірліктер терминдердің ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсетіп бере алатындай сөзжасамдық жүйелілікке негізделіп жасалып, соның негізінде терминологиядағы жүйелілікке қол жеткізу көзделеді. Терминологиядағы жүйелілік ұғымдар жүйесінің аралық байланысын тілдік бірліктер, атау сөздер арқылы да жүйелеп беру болып табылады» [41, 15-16 бб.].

Академик Ө.Айтбайұлының пікірінше: «Жүйелілік тәртібі сақталған жерде синонимдік қатарға, көпмағыналылыққа орын жоқ. Әсіресе, әрқилы қызмет атқаратын жалғау, жұрнақтарды белгілі бір мағынада қайталап қолдануға әуес болмаған жөн. Жалпы, қалайда терминдер жүйелілігі лексика тұрғысынан да, морфология тұрғысынан да талап етілген дұрыс. Жай сөздер табиғатына тән кейбір грамматикалық ауытқулар терминдерде болмауы тиіс» [112, 16 б.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Дегенмен, көптеген жағдайларда аталуы бірдей термин сөздер өріс ішінде түрлі байланыстармен сипатталып, екі басқа терминологиялық өріске қатысуы негізінде омонимдік қатарлар құрайды. Мысалы: *жарна төлеуші → жарнашы, пайшы; жарна жинайтын қызметкер → жарнашы; грамматиканың сөз формаларын зерттейтін тілші ғалым → морфолог; организмнің құрылысын, түрін зерттейтін ғалым → морфолог; автомат аппаратқа күтім жасайтын адам → автоматшы; автоматпен қаруланған жауынгер → автоматшы және т. б.*

Термин бірмағыналылық қасиетке тек белгілі бір терминологиялық өріс қатарына енуі арқылы ғана ие бола алады. Бірақ кей кезде бұл терминологиялық өрістер бірқатар өндірістік салаларға қатысты ортақ кәсіптердің болуына байланысты бір-бірімен жанасып, ортақ атаулар жүйесін де құрауы мүмкін. Мысалы, металдың механикалық өңделуіне байланысты өндірістік салалардың барлығына ортақ мынадай кәсіп атауларын келтіруге болады: *металл жонушы, жөндеуші, реттеуші, банкер, ұштаушы, өңдеп қырнаушы, ажарлаушы т. б.*

Осымен байланысты кәсіп атаулары өздерінің тар салалық жүйелерімен байланысының ажырауы арқылы қазіргі таңда элеуметтік-экономикалық терминдер қатарынан орын алуда. Сонымен бірге кәсіп атаулары ауызекі сөйлеу барысында бірнеше өндірістік салаларға тән ортақ қолданылу жиілігінің жоғары болуына байланысты олар жалпы әдеби тілге тез еніп, өздерінің өріспен белгіленетін бірмағыналылық қасиетін жоғалтып, жай сөздер белгілеріне, яғни көпмағыналылық және экспрессивтік мазмұнға да ие бола алады.

Сонымен, адам кәсібіне қатысты атаулардың басым көпшілігі термин, терминологиялық жүйе мүшелері болып табылатыны сөзсіз. Олар саналы түрде жасалып, біріздендіріліп, ресми құжаттарда, классификаторларда, тізбектемелерде, тарифтік-біліктілік анықтамалықтарда, ресми тізімдерде тіркеледі. Қазақ терминологиясы мүмкіндігінше ұлттық негізде құрылуы тиіс. Жаһандану үрдісіне жұтылып бара жатқан ұрпаққа қазақ ұлтының қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірінің ерекшеліктері ретінде танылатын терминдердің табиғатын танып білудің маңызы ерекше.

Тілдің ұлттық сипатта қалыптасуы тілдегі өзгерістермен байланысты екендігі баршаға мәлім. Тілдегі өзгерістер сөз мағынасының, құрылымының, қызметінің өзгеруімен сипатталады. Сөз мағынасының өзгеруі мен жаңа аталымдардың пайда болу себептерін тіл мамандары екі факторға негіздеп қарастырады: бірінші – экстралингвистикалық фактор, бұл фактор қоғамда, саяси, мәдени т.б. өзгерістерге байланысты жаңа атаулар мен сөздердің қалыптасуына әсер етеді. Екінші фактор – лингвистикалық деп аталады, яғни тілдегі бұрыннан бар сөздер мен атаулардың уақыт өте мағынасы өзгеріп, басқа қызметке жұмсалыуы болып табылады.

Аталған екі факторға байланысты қазақ терминологиясында екі бағыттағы терминдердің қолданысқа ену белгілерін байқауға болады. Белгілі бір ұлттың қоғамдық-саяси, мәдени өмірінде болып жатқан өзгерістердің барлығы оның тілінде көрініс табады. Тілдің даму тарихын халық өмірінде болған өзгерістермен байланыстырып қарау қазіргі тіл білімінің негізгі зерттеу ұстанымы болып табылады. Сол себепті біз терминжасамды, оның ішінде кәсіп иелерінің атауларын қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланыста қарастырамыз. Осы мәселе жөнінде академик Ө.Айтбайұлы былай деп жазады: «Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрдайым өте жоғары бағалап, оның өзгеріс, өрістерін жете қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстың бірі ретінде сол қоғам тіршілігін айнаға түсіргендей өрнектейді.

Қоғам қашан да қозғалысқа, өзгеріске, дамуға бейім тұрады. Осыған орай тіл де дамиды. ... Осы тұрғыдан алып қарағанда, дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткіштерінің бірі оның терминдік жүйесінің саралануы болып табылады. Тілдің қоғамдық қызметі арта түсті, дамыды деп ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеге жетсек, осыны айтқызатын алдымен терминологиялық лексика» [112, 8 б.]. Терминологиялық лексика қатарынан кәсіп иелерінің атауларын құрайтын лексиканы ерекше атап көрсетуге болады. Терминдік сипат алған бұл атаулар мен сөз тіркестері ұлт өмірі және қоғамның тарихи кезеңдерімен тікелей байланысты тілдік фактілер болып табылады. Яғни бұл да қоғам дамуының заңдылығына сәйкес туған лексика. Терминологиялық лексиканың бұл қабатының дамуында өзіндік ерек-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— шелік бар. Әдетте термин сөздердің пайда болуын ғылым мен техника дамуымен байланыстырады.

Біздіңше, кәсіп иелерінің атауларына байланысты зерттеуде бұл түсінікті дәлел ретінде қабылдауға келмейді. Себебі, жалпы «кәсіп дегеніміз нені білдіреді?» деген сұраққа жауап беретін болсақ, онда *кәсіп дегеніміз—«1. Тіршілік әрекеті, мамандық. 2. ауыс. Жұмыс, еңбек» болып табылады* [115, 292 б.]. Демек, жалпы лексиканың ең өнімді де өрісті саласы болып табылатын бұл атаулардың дамуын әлдеқайда ертеден, тіпті қазақ халқының ұлт болып, этнос болып қалыптасқан кезеңінен бастап қарастырған жөн. Бұған, әсіресе, ауылшаруашылық құрал-саймандарына, үй іші жабдықтарына, зергерлік, әскери-әкімшілікке т.б. байланысты көптеген сөздер мен атаулар сол кездері-ақ тілімізде пайда болғаны немесе енгені дәлел бола алады.

Лингвистикалық және экстралингвистикалық факторларының әсерінен туындаған кәсіп иелерінің атаулары, олардың жасалу жолдары мен тәсілдері сан түрлі екенін байқауға болады. Бұл атаулардың жасалуы – қазақ халқының сонау ерте заманнан бергі тарихымен бірге өсіп, біте қайнасып келе жатқан құбылыс. Кез келген тілдің кәсіби лексикасы, оның даму жолдары, қалыптасуы жан-жақты зерттеуді талап етеді. Бұл жөнінде қазақ тіл білімінде Ж.Молдажаров, К.Айтазин, А.Айғабылов, Ж.Манкеева, Б.Қалиев, А.Алдашева, Б.Момынова, Р.Шойбеков, Ш. Құрманбайұлы т.б. зерттеулер жүргізді. Алайда осы кезге дейін алуан түрлі кәсіпті иеленген мамандар және олардың атаулары туралы арнайы зерттеулер жоқ. Аталмыш лексика-семантикалық топты құрайтын атаулар жөнінде, негізінен, зат есім тудыратын жұрнақтар туралы сөз болғанда, есімдерден зат есім тударатын жұрнақтар **-шы**, **-ші**: *қойшы, колхозшы, тракторшы, мұнайшы, диірменші, тыңшы, аппаратшы, мотоболшы, лебедкашы, парашютшы, музыкашы, моторшы, металшы, минашы, эксковаторшы, шахматшы, шихташы, футболшы, хоккейші, хронометражшы, тепловозшы, транспортшы, физкультурашы, фельетоншы, фокусшы, фольклоршы, фонаршы, фрезерші, ұсақтаушы, кәуапшы, жібекші, түсініктемеші* деп қана көрсетіледі немесе **-кер**, **-гер** жұрнақтары арқылы адамның кәсібін, қызметін, әлеуметтік күй-жайын білдіретін туынды

зат есімдер жасалатындығы: *қызметкер, саудагер, дәрігер, ғарышкер, борышкер, сахнагер, зияткер, айтыскер, газеткер, баспагер, киногер, майдангер, тәлімгер, сәнгер, жазбагер, иегер, туындыгер, шипагер, емгер, дәріскер, суреткер, бояқкер, жалгер, зейнеткер, жеңіскер, үміткер, төңкеріскер* және т.б.; сонымен қатар, **-кеш:** *арбақеш, кіреқеш, мейірқеш;* **-паз:** *аспаз, білімпаз, сәнпаз, өнерпаз;* **-гөй:** *ақылгөй, дәмегөй;* **-ман, -мен:** *аларман, дәрісман, базарман, берермен, көрермен, оқырман, айдарман, телекөрермен, өлермен* деп айтылады.

Мәселен, А.Ысқақов есімдерден зат есім тудыратын өнімді, өнімсіз жұрнақтар туралы айта келіп, *-шы, -ші* жұрнағының аса өнімді жұрнақ екендігін, оның үш мағынаны білдіретіндігін көрсетеді:

1) кәсіп иелерінің я мамандықтардың атаулары белгілі бір кәсіппен шұғылданатын адамды білдіреді. Мысалы, *қойшы, тілші, әдебиетші, тарихшы, егінші, сауыншы, малшы, сақшы* т.б.;

2) адамның белгілі бір дағдыға айналған іс-әрекеті мен қабілет-қасиеттерінің аттарын білдіреді. Мысалы, *оқытушы, бастаушы, барлаушы, тергеуші, жәрдемші, көмекші, өтірікші, өсекші, нұсқаушы* т.б.

3) қоғамдық ағымды, көзқарасты (идеяны) жақтаушының және белгілі бір қоғамға қатысушының атын білдіреді. Мысалы, *мичуринші, жақаевші, берсиевші, спортшы* т.б. [116, 156–158 бб.].

Сонымен қатар осы еңбекте автор *-кер, -гер* жұрнағының қызметіне тоқталады. Бұл жұрнақ арқылы туған сөздер іс-әрекет иесінің атауы ретінде қызмет атқарады. Мысалы, *айлакер, қызметкер, дәрігер, іскер, жұмыскер, қаламгер, суреткер, сайыскер* т.б.

Қазіргі таңда кәсіп иесі атаулары жан-жақты дамып, өміріміздің барлық салаларын қамтып, оны зерттеу, аталым тәсілдерін айқындау, тек теориялық жағынан ғана емес, практикалық тұрғыдан да үлкен маңызға ие болуда. Өткен ғасырлардан бастап қазіргі заманға дейінгі аталмыш лексикалық топ атаулары қалыптасуының ерекшеліктерін зерттеу тіл дамуындағы сыртқы және ішкі факторларының өзара әрекеттестігінің нәтижесінде туындайтын аталым тетігінің жалпы заңдылықта-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— рын айқындауға мүмкіндік береді. Тіл білімі ғылымында қалыптасқан көзқарас бойынша, қай тілдің болсын лексикасының дамуы сыртқы факторлардың әрекеттерімен бірге тілдің ішкі үрдістерімен анықталады. Бұл үрдістер тілдің дамуының екі қырын сипаттайды: бір жағынан, тұрақтылық үрдісі, екінші жағынан, экспрессивтілік үрдісі. Осы аталған үрдістер тілдік жүйенің түрлі деңгейлерінде бір-бірімен күрделі өзара әрекеттестікте болып, басқа да категориялармен өзара байланысқа түседі. Мысалы, мұндай категориялар қатарына мыналарды жатқызуға болады: дестүр, тілдік бедел, әдеби норма, әдеби стандарт.

Лингвистикада семасиологиялық тұрғыдан кәсіп иелерінің атауларын агентивтік мағына білдіретін сөздер деп анықтау дәстүрі қалыптасқан. Ал ономасиологиялық бағыттағы зерттеулер Л.А.Шкатова, В.Л.Воронцова, А.И.Моисеев т.б. олардың ономасиологиялық құрылымдарының ерекшеліктеріне сәйкес үш үлкен топқа бөліп қарастырады.

1. Іс-әрекетке қатыстылықты білдіретін атаулар:

а) адамның тікелей орындайтын іс-әрекетін көрсетуші атаулар: *пісіруші, толтырушы, жіктеуші, сұрыптаушы, өңдеуші, иіруші, әрлеуші, майлаушы, пішуші, ұсақтаушы, ораушы, себуші, құрастырушы, қаптаушы, араластырушы, салушы* және т.б.;

ә) іс-әрекетке қатысуына байланысты атаулар: *«ашыту процесін жүргізуші» – ашытқышы, «металды өңдеу процесіне қатысушы, жүргізуші» – ыстық металды илектеуші, «балқыту процесін жүргізуші» – балқытушы* және т.б.;

б) іс-әрекетке пассив қатынасты білдіруші атаулар: *тасушы (ісқағаздарды т.б.), шабарман* т.б.;

2. Іс-әрекет нысанына қатысты атаулар:

а) жасалатын, дайындалатын затты көрсететін атаулар: *шұжықшы, қаймақшы, оюшы, өрнекші, суретші* және т.б.;

ә) өңделетін затқа қатысты атаулар: *жұқартушы, тұздаушы, тері өңдеуші, құс өңдеуші, мүйіз өңдеуші, уылдырық өңдеуші, теңіз өнімдерін өңдеуші, гранитші* және т.б.;

б) ғылыми қызмет нысанына қатысты атаулар: *кибернетик, тілші, әдебиетші, математик, химик, экономист, шығыстанушы геоботаник, зоолог, физиолог, биофизик, биохимик, ихтиолог, микролог, микробиолог, бактериолог, зоотехник, фармаколог, герпетолог, энтомолог* және т.б.

в) затқа күтім көрсетуіне байланысты атаулар: *малшы, сиыршы, құс өсіруші* т.б.

3. Іс-әрекет тәсіліне қатысты атаулар:

а) іс-әрекет құралына қатысты атаулар: *аппаратшы, локомотивші, машинеші, тракторшы, комбайншы, айыршы, орақшы* және т.б.;

2) еңбек жағдайына қатысты атаулар: *шахташы, киоскер, моншашы, лифтші, фотозертханашы, кітапханашы, баспагер* және т.б.

Мысалдардан байқағанымыздай, тіл дамуының түрлі кезеңдеріне сәйкес атаулардың қатынас түрлері өзектілігі мен өнімділігі тұрғысынан айырмашылықтарымен және өзгешеліктерімен сипатталады. Мәселен, қазіргі таңда адамның тікелей орындайтын «іс-әрекетін көрсететін» атаулар өзінің өнімділігін жоғалтып, еңбек жағдайының өзгеруіне орай, іс-әрекетке қатысуына байланысты атаулар өзекті болып табылады. Ал мұндай ономаσιологиялық құрылымдар, негізінен, құрама атаулармен беріледі: *ширата дайындаушы, темір шебері-өткізуші, реакция аппараттарын құрастырушы, монокристалдар мен жолақтар аппаратшысы, құнды металдар өндірісіндегі аппаратшы, гидронневматикалық құрылғы машинкешісі, отпен тазарту машинесінің машинешісі, қалыптарды сумен тазалау және майлау машинешісі* т.б.

Ал дайындалатын, жасалатын затқа қатысты атаулар өнімсіз ономаσιологиялық құрылымдар қатарына жатқызылады, себебі олар ұсақ өндіріс түрлерін сипаттайды. Дегенмен, бұл атаулар сан жағынан кәсіп иелері атауларының маңызды бір бөлігін құрайды. Іс-әрекет тәсіліне қатысты атаулардың ішінде ең өнімдісі – іс-әрекет құралына қатысты атаулар. Ал еңбек жағдайына қатысты атаулардың өнімділігі негізінен ауызекі сөйлеу тілінде көрініс береді.

Қазан төңкерісінен бұрынғы дәуірде мұндай мағына тудыратын лексика-грамматикалық тәсілдер, негізінен, араб, парсы, моңғол, қытай, орыс тілдерімен байланысты болса, Қазан төңкерісінен кейінгі дәуірде орыс тілі және сол тіл арқылы латын, грек, жалпы еуропа тілдерімен қарым-қатынас нәтижесінде бұл байланыс шеңбері кеңейді. Кәсіптік мағына білдіретін араб сөздері қазақ тілінде VIII ғасырда-ақ кол-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— даныла бастаған. Оларға *шайыр (ақын), мұғалім, ғалым, әкім, сардар* т. б. сөздер жатады.

Қазақ тілінде парсы тілдерінен кірген сөздер де аз емес. Мысалы, *арбакеш, дәрігер, өкіл, хабаршы, сарбаз, жауынгер, шәкірт, дихан* т.б. қазіргі қазақ тілінің төл сөздеріне айналып кеткен. Тілдік деректерге қарағанда, кәсіп иелерінің атаулары өз дәуірінде өзекті болып, кейіннен пассив қорға өтіп, тәуелсіздік алғаннан кейін қайта жанданып қолданыла бастаған. Ал кезінде қазақ тілі, әсіресе, Қазан төңкерісінен кейін шетел тілдерінен енген кәсіптік мағына білдіретін терминдер мен тіркестер арқылы байланысқа түскен. Ғылым мен техниканың, экономика мен мәдениеттің қарқынды даму дәуірінде сан алуан халықаралық кәсіби терминдердің өмірімізге батыл енгенін айтуымызға болады.

Уақыт өте келе, бір мамандықтар өзгеріп, жаңа мамандықтар пайда болған сайын кәсіп иелері атауларының ономасиологиялық құрылымы мен құрамының да өзгеруі заңды құбылыс. Бұл, әрине, қол еңбегінің азайып, көп жұмыстардың механизациялануына байланысты болатын тілдік үдеріс. Бұрын қазақ халқының күнкөріс тіршілігі негізінен төрт түлік малмен байланысты болғандығы баршаға мәлім. Ол кездегі кәсіп атауларының шеңбері малшаруашылығымен, одан алынатын өніммен тығыз байланысты болуы да заңды. Мәселен, *шопан, малышы, қойшы, түйеші, жылқышы, сиыршы, қасатшы, сақпанышы, етікші, тері илеуші* т.б. кәсіп атауларын атап көрсетуге болады. Осыған қоса, қазақ халқында саяткерлік, аңшылық жақсы дамыған. Осымен байланысты қазақ халқында *жырышы, термеші, күйші, әнші, домбырашы, жырау, шешен, шебер, сайыпкер, мерген, құсбегі, аңшы* т.б. атаулар кездеседі.

Қол өнеріне, аң аулауға, мал өсіруге, егіншілікке қажетті құрал-саймандары атаулары да кәсіби лексиканың қомақты бір бөлігін құрайды. Ислам дінін қабылдау арқылы дінге, ғылымға, әдебиетке, мәдениетке, сауда-саттыққа байланысты толып жатқан араб, парсы сөздері тілімізге кірікті. Оларға, *иман, имам, молда, хасірет, ғалым, мұғалім, сардар, өкіл, шаруа* тағы басқа сөздерді жатқызуға болады.

Қазіргі қазақ әдеби тілі арқылы лексикалық, соның ішінде әсіресе, терминологиялық құрамында да орыс тілінен кірген сөздер баршылық. Алғашқы қазақ газеттерінде қолданыл-

ған орыс сөздері негізінен өнеркәсіп бұйымдары, сауда-саттықпен, заң, әкімшілік, әскери басқару ісімен байланысты болды. Мысалы, *ойаз, болыс, княз, начальник, губернатор, император, жандарал, советник, консул, судия, предсдатель, крестиан, староста, министр, солдат, көпес, граф, землемер, памошник, агроном, студент, приказчик, секретар, чиновник* және т. б.

Кәсіп иелері атаулары барлық сөз таптарынан сөз тудыру, жаңа сөз жасау тәсілдері арқылы жасалады. Ол үшін кәсіпті білдіретін сөздер тіліміздегі белгілі жұрнақтарды қосып алады. Ал бұл жұрнақтар этимологиясы жағынан арнайы терең зерттеуді қажет етеді. Ең өнімді жұрнақтардың бірі *-шы, -ші* жұрнағы өзі жалғанған сөзіне адамның кәсібі, мамандығына байланысты ұғымды білдіреді. Қазіргі таңда кәсіп атауларын жасауда иран-парсы тілдерінен қазақ тіліне енген *-қор, -кер, -гер, -кес, -кеш, -ман, -мен, -наз* жұрнақтарының маңызы да кем емес.

Кәсіп иелері атауларының ономасиологиялық құрылымын диахрондық жақтан зерттеу халқымыздың тарихын, көп ғасырлар бойы басынан өткен жолын білуге, жалпы ТА үдерісін анықтауға да жол ашар еді деп ойлаймыз.

Ғылыми дәстүр бойынша, қазақ терминологиясының даму кезеңдері үшке бөлінеді:

I кезең – «Қазақ терминологиясының қазан төңкерісіне дейінгі және кейінгі кезеңі (1910–1935 ж.ж.);

II кезең – қазақ терминологиясының жалпыкеңестік терминдер қалыптастыру кезеңі (1935–1990 ж.ж.);

III кезең – тәуелсіз Қазақстан терминологиясы дамуының бағыт-бағдарын айқындау кезеңі (1990 жылдан бергі уақыт).

Қазақ тілі біліміндегі термин мәселесінің зерттелуі қазан төңкерісіне дейін басталып, ХХ ғасырдың басы қазақ терминологиясы үшін елеулі кезеңдердің бірі болып саналады. Бұл кезең ішінде ғылымның әртүрлі салалары бойынша жазылған А.Байтұрсынұлы, Ш.Құдайбердиев, Х.Досмұхамедұлы, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев, Н.Төреқұлов, Ж.Күдерин, М.Дулатұлы, С.Қожанұлы, Е.Омарұлы, Т.Шонанов, К.Жәленов, Ғ.Қараш сынды қазақ зиялыларының еңбектері жарық көрді. Осы кезеңнен бастап, қазақ термин мәселесі арнайы сөз бола бастайды. Бұл туралы профессор Ш.Құрман-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— байұлы: «Сол кезеңде алғашқы оқулықтар мен ғылыми еңбектерді жазған автордың қай-қайсысы да терминжасам ісіне өз үлестерін қосты дегеніміз жөн, оған алғаш қолданған терминдер дәлел бола алады», – деп жазады [117, 38 б.].

Сөйтіп, автор қазақ терминологиясының даму кезеңдерін былайша бөліп көрсетеді:

I кезең – қазақ терминологияның қалыптасуының алғашқы кезеңі (1910-1930 жж.);

II кезең – ғылыми терминологияның Одақтық тіл саясаты негізінде қалыптастыру кезеңі (1930-1990 жж.);

III кезең – қазақ терминологиясының ұлттық тіл негізінде қалыптастырылуының жаңа кезеңі (1990 жылдан бергі уақыт).

Осы ретте, ғалым қазақ терминологиясын қалыптастырудағы бірінші кезеңге жете мән береді. Ол: «... дәл осы мерзім ішінде қазақтың білікті ұлттық кадрлары қалыптасып, білім беру мен ғылымды ұлт тілінде дамытудың негізі берік қаланған еді. Қазақ зиялыларының алдында термин жасаудың үлгісін көрсете отырып, қазақ терминологиясын қалыптастырудың бағыт-бағдарын айқындау міндеті тұрды. Мұндай зор міндетті атқаруда қазақ оқығандарының арасында А.Байтұрсынұлының орны айрықша болды. Ол жүздеген тіл, әдебиет және жалпы мәдениетке қатысты терминдерді жасап, оларды қолданысқа енгізе отырып, өз замандастарына ана тілінде термин жасаудың жарқын үлгісін көрсете білді», – деп жазады [117, 40 б.].

Сонымен бірге, автор Ж.Күдериннің 1927 жылы жарық көрген «Өсімдіктану» оқулығында 300-ге жуық қазақ тілінде жасалған терминдер мен көптеген қазақша өсімдік атаулары (мысалы, *аналық, аталық, тұқымдық, сабақша, қалбырша, қабықша, қолташа, қайықша, буын, тарамыс, жік, шырын, сақина, өзек, сұрып* т.б.), Сұлтанбек Қожанұлының 1924 жылы Ташкентте басылған «Есептану құралында» *дәреже, түбір, сыр, дүркін* сияқты терминдер болса, Елдес Омарұлының 1928 жылы Қызылордада басылған «Пішімдеме» (геометрия) оқулығында *түйін (теорема), қар (катет), пішін (фигура), қия (диагональ), өріс (радиус), өре (диаметр), саты (таблица)* тәрізді терминдер, ал 1923 жылы Ташкентте жарық көрген М.Жұмабаевтың «Педагогика» оқулығында *абай, әсер, елес, әдет, ес, жан, хиял,*

қайрат, құлық сияқты терминдер кездесетіндігін атап көрсетеді [117, 40-41 бб.].

Жоғарыда аталған оқулықтармен қатар бұл кезеңде қазақ тілінде «Айқап» (1911–1915), «Жаңа мектеп» (1925–1933) журналдары мен «Қазақ» газеті (1913–1918) шығып тұрған. Ал, қазақ терминологиясының екінші кезеңі жайлы профессор Ш.Құрманбайұлы былай деп жазады: «Біздіңше, 30-жылдардан 90-жылдарға дейінгі (дәлірек айтқанда, сексенінші жылдардың аяғына дейінгі) уақыт аралығын ұлттық ғылыми терминологияның дамуының бір ғана кезеңі деп қараған дұрыс. Өйткені бұл мерзім ішінде терминжасау мен шет тілдерінен қабылдау мәселесінде айтарлықтай өзгеріс болған жоқ. Ғылыми терминологияны қалыптастырудың басқа арнаға бұрылуына негіз де болмаған еді. Яғни, сол бағытты қолдап, болашақта барлық ұлттардың ана тіліне айналуға тиіс Кеңес одағының мемлекеттік тілі – орыс тілінің жан-жақты дамуына, қоғам өмірінің барлық саласында қызмет етуіне жағдай жасап отырған орталықтың өзге ұлт тілдеріне, оның ішінде қазақ тіліне деген көзқарасы өзгере қойған жоқ болатын. Сондықтан да ғылыми терминологияны дамытуда 30-жылдары Одақтың тіл саясаты тұрғысынан қаралып жасалған принциптер 90-жылдарға дейін басшылыққа алынып келді» [118, 48 б.].

Сондықтан да біздің зерттеуіміздің негізгі дереккөздеріне ең алдымен лингвистикалық деректемелерді жатқызамыз. Мәселен лингвистикалық энциклопедиялық сөздіктер, анықтамалықтар мен ғылыми-көпшілік әдебиеттер, мерзімді басылымдар және көркем әдебиет туындылары. Ал лингвистикалық емес деректерге біз тарихи дерекнамаларды, ғылыми зерттеулер мен өндірістік құжаттамаларды жатқызамыз.

Ендігі бір үлкен мәселе бұл атауларды кезеңдерге бөліп қарастыру мәселесі болып табылады. Қазақ терминжасам ісін кезеңдерге бөліп зерттеу мәселесін академик Ө.Айтбайұлы бес кезеңге бөліп қарастырады:

1) бірінші кезең ХХ ғасырдың 10-жылдары мен 30-жылдардың екінші жартысындағы аралықты қамтиды (А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедұлы);

2) екінші кезең 30-40-жылдарды қамтиды (бұл кезеңнің басты белгісі – интернационалдық терминдер мен орыс атау-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— ларын тілімізге түпнұсқадағы пішінін бұзбай, сол қалпында қабылдау болып табылады);

3) үшінші кезең ретінде 40-50 жылдар аралығын атауға болады (бұл жылдардың ұлттық лексиканы дамытуға қосқан үлесі шамалы);

4) төртінші кезең 50-70-жылдар аралығының үлесіне тиесілі (сол кездегі баспасөз материалдарынан көптеген интертерминдердің қазақша баламалары жасалып, орыс сөздерінің қазақша сөйлей бастағанын байқауға болады);

5) бесінші кезеңге 70 және 90-жылдардың екінші жартысына дейінгі аралықты жатқызуға болады (алғашқысы – тоқырау жылдары, екіншісі – қайта құру, үшіншісі – Кеңес одағының құлап, Тәуелсіз мемлекеттер достастығының пайда болған заманға сәйкес туындаған тіл қозғалысы) [112, 65-66 бб.].

Әрине, бұл көрсетіліп отырған кезеңдер жалпы қазақ тілінде термин туралы ғылыми ой-пікірдің қалыптасуымен байланыстырылып отыр. Біз зерттеу материалымыздың ерекшелігіне сәйкес бұл атауларды кезеңдерге бөліп қарастыруды қазақ әдеби тілінің қалыптасу мәселесін де ескеруді жөн көрдік. Алайда, қазақ әдеби тілінің қалыптасуын кезеңдерге бөліп зерттеу ісі өткен ғасырдың бірінші жартысынан басталғанымен, бұл мәселе жөнінде пікірлер әр алуан. Қазақ әдеби тілінің қалыптасу мәселесін ғалым Н.Т.Сауранбаев үш кезеңге бөліп қарастырады: бірінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысына дейін; екінші кезең – XIX ғасырдың екінші жартысынан Қазан төңкерісіне дейін; үшінші кезең – Қазан төңкерісінен қазірге дейін [119, 17 б.].

Қазақ әдеби тілінің мәселелерін арнайы зерттеген ғалым Ғ.Ғ.Мұсабаев бұл мәселеде мынадай пікір ұсынады: 1) Абайға дейін; 2) Абайдан Қазан төңкерісіне дейінгі аралық; 3) Қазаннан кейінгі кезең [120]. Ал М.Балақаевтың пікірінше қазақ әдеби тілінің қалыптасу кезеңін қазақ жазуының пайда болу уақытымен байланыстыру қажет [121, 14 б.].

Біздің зерттеуімізде кәсіп иелерінің атауларын кезеңдерге бөліп қарастыруда тілдік критерийлермен қатар әлеуметтік критерийлерді де мойындауымыз қажет. Сол себепті зерттеу материалды біз үш кезеңге бөліп қарастырамыз.

Бірінші кезеңді жалпы еңбекті ұйымдастыру шаруаларымен, өнімді істеп шығарушының, жасаушының, тұтынушы-

ның тапсырысы бойынша өндіру, жасау қызметтерінен бастап оны сатып, тарату іс-шараларымен байланыстырамыз. Бұл кезең XX ғасырдың 30-жылдарына дейінгі аралықты қамтиды. Бұл осы аралықта сөз алмасу үдерісі мен тіларалық қатынастың дамығанын байқауға болады. Бұл кезеңде қалыптасқан атаулардың басым көпшілігі діни, ғылыми, қоғамдық-саяси және түрлі шаруашылыққа, ұсақ өндіріске, қолөнеріне қатысты термин сөздер болып келеді. Бұл тұста қазақ елі түгелімен Ресейге қосылып біткен болатын. Яғни капитализмнің дамуы орыс және қазақ халықтарының арасындағы ақша айналымы, мәдени байланыс, сауда-саттық жұмысы екі ел арасындағы қарым-қатынасты күшейтті. Соның нәтижесінде бұл кезеңде қазақ тіліне жаңа сөздер ене бастады. Осы кезеңде игерілген сөздердің біразын көркем шығармалардан да кездестіруге болады (Абай, Жамбыл, С.Көбеевтің туындылары). Мысалы, болыс, старшина, поштабай, майор, губернатор және т. б.

Термин ғылым мен техниканың тілі екенін ескерсек, қазақ топырағында ғылыми ой-пікірдің өрбуін зерттеушілер XIX ғасырдың екінші жартысынан бастайды. Ғылым туралы тұңғыш деректер мен ғылыми мақалалар алғашқы қазақ газеттері – «Түркістан уәлаятының газеті» (1870-1882) мен «Дала уәлаятының газеті» (1888-1992) беттерінде жарияланған.

Профессор Б.Әбілқасымовтың «Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» атты еңбегінде: «... бұл газеттердегі ғылыми мақалалардың көбі сол кездегі ғылыми экспедиция материалдары, солардың жұмысы туралы есеп не солар жайында хабар болып келеді. Сонымен бірге тіл, әдебиет, тарих этнографияға қатысты мақалалар да жарияланып отырған. Бұларда кездесетін ғылыми ұғымдарды газет қазақ ұғымында бұрыннан бар сөздер арқылы түсіндірмек жолымен аударып беруге тырысқан, кей кездерде сол терминдік мағынадағы орыс сөздерінің өзін қалдырып та отырған» [122, 19-20 бб.].

Ал қазақ сөзінің нағыз терминдік қызметте жұмсалуды «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінен бастау алады. Бұл басылымдардың қазақ терминологиясы қалыптасуындағы маңызы жөнінде академик Ө.Айтбайұлы былай деп жазады: «... «Айқап» журналы қазақтың жазба әдеби тілін, оның жақсы дәстүрлерін әрі қарай дамытуда, жалпыхалықтық тілдің кейбір стильдік тар-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері — мақтарың қалыптастыруда, оның терминологиялық лексикасын жасауда орасан зор қызмет атқарды. ... Жалпы «Қазақ» газетінің тіліміздің терминдену сапасы мен сөзжасам процесіндегі жаңалықтары ұшан-теңіз. Бұл газет сол кездегі басқа басылымдардың қай-қайсысынан болса да сауаттылық жағынан әлдеқайда жоғары деңгейде. Әсіресе қазақ тілінің негізгі байлығын, ішкі өз мүмкіншілігін іске жаратуда теңдесі жоқ үлгілерін туғызған. Сонымен бірге өзіндік қорымыздың көзін ашуы әлденеше ғылыми түйін жасауға мүмкіндік береді» [112, 76-99 бб.].

Тілші ғалымдар арасында «Қазақ» газетінің тілі жөнінде алғаш арнайы зерттеу еңбек жазған ғалым Б.Момынова: «Бүгінде бұқаралық ақпарат құралдарында пайдаланылып жүрген көптеген қоғамдық-саяси терминдер қазіргі лексикалық мағынасы мен стилистикалық реңктерінде ең алғаш «Қазақ» газеті бетінде қолданылған болатын. Яғни «Қазақ» газеті жаңа замандағы, жаңа әлеуметтік-саяси бағыттағы қоғамдық-саяси лексиканың негізін қалаған тұңғыш қазақ мерзімді басылымы болды. Сондықтан да, жалпылай алғанда, қазақ тілінің бүгінгі және болашақтағы дамуында, жекелей алғанда, қоғамдық-саяси лексиканың қалыптасу, даму тарихында «Қазақ» газетінің маңызы зор, атқарған қызметі ұшан-теңіз екендігін көрсетеді», — деп тұжырымдайды [123, 7 б.].

Сонымен бірге бұл кезең — терминжасам үдерісінің бас-тапқы кезеңі болуымен де терминология тарихында айрықша орын алады. Сол тұста терминжасамда негізінен тіліміздің бар байлығын сарқа пайдалану бағыты, терминдерді «қазақиландыру» бағыты басым болды. Бұл жерде А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Х.Досмұхамедов тәрізді тұлғалардың ықпалы зор болғаны белгілі. Екінші кезеңге ХХ ғасырдың 30-жылдан 90-жылдарға дейінгі аралықты жатқызуға болады. Бұл кезеңнің басты белгісі интернационалдық терминдер мен орыс атауларын тілімізге түпнұсқадағы пішінін бұзбай, сол қалпында қабылдау болды. Қазақ тілінің сөздік құрамында ең бір мол, әрі күрделі қабатты орыс тілінен енген кірме сөздер мен сол арқылы келген халықаралық терминдер құрағандықтан, қазақ тіл білімінде орыс тілінен енген сөздерді кезеңге бөліп қарастыру дәстүрі қалыптасты. Мысалы, Ғ.Мұсабаев өзінің «Современный казахский язык» деп аталатын еңбегінде бұл сөздерді үш кезеңге бөліп қарастырады:

1) Бірінші кезең XVII ғасырға дейінгі дәуірді қамтиды. Бұл орыс халқымен қазақтардың әлі тығыз араласа қоймаған, шаруашылық-экономикалық байланыстың енді орныға бастаған кезі;

2) Екінші кезең XVII ғасыр мен XIX ғасырдың екінші жартысындағы аралықты қамтиды. Бұл тіларалық қатынас аударушылармен арадағы қатынасқа орай дамыған кезең;

3) Үшінші кезең XIX ғасырдың екінші жартысынан басталып, Қазан төңкерісіне дейінгі аралықты білдіреді. Бұл аралықта қазақ елі түгелімен Ресейге қосылып біткен уақытты қамтиды [120, 27 б.].

Осы кезеңде жүргізілген терминологиялық жұмыстар жайында профессор Ш.Құрманбайұлы мынадай тұжырым келтіреді: «Тіларалық біріздендіру жұмыстарын жүргізуде КСРО халықтарының ортақ тілі орыс – тілін үлгі етіп алу ұсынылды. Мәскеудегі КНТТ (Комитет научно-технической терминологии) Одақ көлеміндегі терминологиялық жұмыстарды үйлестіріп отырған басты мемлекеттік орган әрі ғылыми мекеме ретінде кеңес халқына ортақ терминологиялық қордың (общесоветский терминологический фонд) орыс тілі негізінде қалыптасуына үлкен ықпал етті» [41, 30 б.]. Ал нақты осы кезеңдегі терминология дамуы мен қалыптасуы мәселелеріне арналған еңбектің алғы сөзінде Ш.Құрманбайұлы былай деп жазады: «Өткен жиырмамыншы ғасырдың 30-жылдарынан бастап, қазақ терминологиясы дамуының жаңа кезеңі басталды. Сол 30-жылдарға дейінгі жиырма жылдай уақытты қамтитын алаш оқығандарының терминологияны дамытуда ұстанған бағыт-бағдары басқа арнаға бұрылды» [124, 3 б.].

Дегенмен бұл кезде газет-журналдарда қазақ мәдениетінің мәселелері көтеріліп, орфография, орфоэпия салаларына көңіл бөліне бастайды. Сол кездің өзінде баспасөз материалдарынан көптеген интернационалдық терминдердің қазақша баламалары жасалып, орыс сөздерінің қазақша нұсқалары қолданысқа ене бастағанын байқауға болады. Осы ретте 1936 жылғы Қазақстанның мәдениет қызметкерлері съезіне Мемлекеттік терминкомның атынан қазақ әдеби тілінің терминдерін жасау принциптері ұсынылғанын айтып өткен жөн. Бұл мәселе жөнінде академик Р.Сыздық: «Ол принциптер негізінен «Бюллетеньнің» 1935 жылғы І нөмірінде жарияланған «Қазақ

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— әдебиет тілінің терминдері туралы» деген редакциялық мақалада айтылған. Ал мақала авторы және проектінің негізгі авторы Қ.Жұбанов екені даусыз. Бұл принциптерді (10 пункттен құралған) съезд болмашы ғана редакциямен өзгеріссіз қабылдайды. Бұлар:

1) ел-елдің өз тілдерінде аударылмай алынып жүрген халықаралық терминдер, мысалы, *революция, совет, теория* т.б. аударылмай алынсын;

2) әр елде аударылып алынып жүрген терминдер (*өндіріс, еңбек, ақша, түбір* т.б.) қазақша аударылып алынсын, олардың тек қазақша эквиваленті табылмаған күнде орысша сөздер алынсын (*сословие, состав, клетка, слет*);

3) түрлі пәндерде бір немесе бір-біріне жақын мағынада қолданылатын терминдер бір-ақ түрде алынсын: *форма, материя* (философия мен физикада), *морфология* (ботаника мен лингвистикада);

4) бір сөзбен айтылатын, бірақ бір пәнде термин, екіншісінде термин емес болса, алғашқысы аударылмай, соңғысы аударылып алынсын: *мануфактура* – экономиканың даму кезеңі мағынасында аударылмаса, мата мағынасында қазақша алынады;

5) халықаралық терминдер орыс тілінде жазылғанынша алынсын;

6) қазақша аударылып алынған терминдер нормаға жат, жасанды болмасын;

7) *-изация, -ификация, -ация* жұрнақтарымен келетін терминдердің негіздеріне қазақ жұрнақтары жалғанып алынсын: *машинизация* – *машиналандыру* (машинизацияландыру емес), *электрификация* (электризацияландыру емес); сын есімдердің *-ский, -ный* жалғаулары алып тасталып, қазақша ықшамдалып жұмсалсын: *популяр кітап, абсолют шама, буржуаз идеология*;

8) *-ист, -изм, ре-, син -, суб-, анти-, контр-* аффикстері алынсын;

9) ықшамдалып қосылатын *авто, аэро, авиа* терминдері қазақ сөздеріне де ықшамдалып қосылсын;

10) қазақ тілінде де сөз қысқарту арқылы терминдер жасалсын: *«аутком»*, - деп жазады [125, 32-33 бб.].

Үшінші кезеңге ХХ ғасырдың 90-жылдарынан бастап осы уақытқа дейінгі аралықты жатқызамыз. Бұл кезеңнің қазақ

елінің тәуелсіздік алып, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебені иеленіп, ол Тіл туралы Заң мен Конституцияда заңдастырылуына орай мемлекеттік тілімізге, оның ішінде қазақ терминологиясының қалыптасуы мен дамуына жасаған ықпалы ұшан-теңіз. Қазақ терминінің тілдік табиғаты, әсіресе, қазақ терминологиясының ғылыми-теориялық негіздері, тарихы мен даму жолдары терминолог ғалымдар Ө.Айтбайұлының, Б.Қалиевтің, Ш.Құрманбайұлының, Б.Момынованың, Ш.Біләловтің т.б. еңбектерінде жан-жақты баяндалады.

Қазіргі кезде терминология мәселесі тіл ғылымында ғана емес, жалпы баспасөз және ақпарат беттерінде ең көкейкесті тақырыпқа айналып, ұлттық терминологиялық қор жасау қажеттілігінен туындайды. «Тіл – ғылым-білімнің, техниканың, яғни барлық арнаулы салалардағы қызметін мүлтіксіз атқару үшін оның сол салалардағы кәсіптік қатынасымды қамтамасыз ете алатындай біріздендірілген, жүйеленген, ретке келтірілген ұлттық терминологиялық қоры жасалуы керек» [126, 3 б.].

Тілде жаңа ұғымдар мен атаулардың пайда болуы ғылым мен техника саласындағы өзгерістермен, жаңалықтармен тығыз байланысты. Осы тұрғыда ХХІ ғасыр ғылым мен техниканың ең жоғары дамыған кезеңі, яғни нағыз терминологияның шарықтау ғасыры болып табылады. Бүгінде терминология мәселесін зерттеудің өзектілігін академик Ө.Қайдаров мынадай себептермен түсіндіреді: «Бірінші себеп – әрбір өркениетті ел ғылыми - техникалық прогрестің айнасы іспетті терминологияның тап-тұйнақтай сындарлы болуына ерекше мән беріп, заман талабына сәйкес оқтын-оқтын оның бағыт-бағдарларын анықтап, үрдісін байқап, ширатып шынықтырып отыруға тиіс, біз де енді сондай ел санатына жатамыз. Екінші себеп – қазақ әдеби жазба тілі мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі – оның жон арқасы, бүкіл рухани-мәдени өміріміздегі жаңалықтардың бәрін сергек сезініп, сол ыңғайда өзгеріп отыруға бейімді құбылыс, сондықтан да мемлекеттік әдеби тіліміздің бүгінгі күйі мен ертеңгі жағдайы терминологияның реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен және қолданыс аясының кеңдігімен өлшенеді» [127, 3 б.].

Қоғамдағы өзгерістер, саяси-әлеуметтік және экономикалық қатынастардың жаңа күйге ауысуы тіршілігімізге жаңалықтар

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— енгізіп, тілімізде жаңа термин мен атаулардың пайда болуына әсер етеді. Қазақ терминжасам ісі ұлт тілі негізінде жүргізіліп, тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерді терминдер шығармашылығында кеңінен пайдалану үрдісі байқалады. Сонымен бірге дайын сөзжасамдық үлгілерге де арқа сүйей отырып, өзіндік жаңа формалар мен терминдік парадигмалардың пайда болуын атауға болады. Терминологиялық лексиканың осындай өзгерістерге толы саласы кәсіп иелері атаулары болып табылады. Осы саладағы болып жатқан өзгерістерді дер кезінде есепке алып, ескеріп отыру, біздің ойымызша, жалпы тіл дамуына, әсіресе, терминологиялық үдерістерге тілдік бақылау жасауға және болашақ ТА даму бағытын анықтауға мүмкіндік береді.

Қазақ терминологиялық аталымының стихиялық түрде жасалу кезеңі

Қазіргі когнитивтік терминологияның өзекті мәселесі тіл мен ойлаудың сабақастығы тек таза теориялық тұрғыда ғана емес, сонымен бірге практикалық та құндылығы бар аса маңызды тілдік құбылыс ретінде танылады. Өйткені бұл тілдік дерек, әсіресе, саяси, экономикалық, ғылыми және мәдени қарым-қатынас жасаудың бағалы да құнды құралы болып табылады. Әрбір тілдің кез келген тілдік бірлігі адам ой-санасының нәтижесі болғандықтан, терминологиялық бірліктері де осы тұрғыдан қарастыруды қажет етеді. Термин сөздердің қазіргі таңдағы қолданысы сан алуан болып келеді. Тіл білімінде антропологиялық бағыттағы зерттеулер қазіргі кезде кең көлемде жүргізілуде. Тіл, тілдік бірліктер, оның ішінде терминологиялық бірліктер арқылы адамның өзін танып білуі, адамның қасиеттері мен тұрмыс-тіршілігін айқындау бұл тәсілдің негізгі тірегі мен ұстанымы.

Қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатынас жасауы тіл арқылы іске асырылады. Ой-сана қорытындысы жарыққа шығып, жүзеге асырылуы үшін ол тілдік бірліктерге, тілдік таңбаларға негізделуі керек. Ал әрбір тілдік бірлік адам санасы жұмысының жемісі болғандықтан, терминдерді де осы тұрғыдан зерттеу мәселесі өте маңызды болып табылады. Қазіргі терминология ғылымында қалыптасқан теориялық ұстаным бойынша, кез келген терминологиялық бірлік ғылыми тұрғыдан анықталған болуы керек. Термин сөздер ғылыми негізде

анықталмаған жағдайда ол ғылым мен техниканың, мәдениет пен өркениеттің дамуын айқындайтын құрал бола алмайды.

Тілдің адам мен қоғам дамуы мен қалыптасуын анықтайтын ең бір маңызды құрал болып табылатыны ешбір күмән келтірмейді. Өйткені ол адамдар коммуникациясының басты құралы, қоғам мен объективтік дүние туралы ақпараттың маңызды иесі болып табылады. Бұл ақпаратпен қоғам мүшелерінің барлығы бөлісіп, ол адамдардың қоғамдық санасына, қоғам мүшелерінің ортақ көзқарастары мен пікірлері қалыптасуына ықпал етеді.

Тіл өзінің дамуы мен қызмет етуінде ең алдымен адаммен, оның биологиялық және ағза ерекшеліктерімен байланысты болып келеді, ал бұл өз кезегінде тілдің адамдар қарым-қатынасы құралы ретіндегі дамуы мен қалыптасуын қамтамасыз етеді. Мұндай ерекшеліктерге адамның ойлауды жүзеге асыруы, санасы, ұғымдық ойлау қабілеттері, сөйлеу органдары т.б. жатқызылады.

Сонымен бірге тіл – қоғамдық категория, себебі қоғамнан тыс адамның тілдік қабілеттері дамымайды. Лингвистикада тіл ойлаумен, санамен, адамның танымдық қызметімен, тұрмыс-тіршілігімен, тарихымен тығыз байланыста қарастырылады. Тіл дегеніміз – тарихи тұрғыдан үнемі даму үстінде болатын әлеуметтік құбылыс, коммуникация жүйесі, сонымен қатар тілдің өзінің ішкі құрылымы, типологиясы мен тілдік бірліктер жүйесі де болады. Жалпы айтқанда, тіл – таңбалық жүйенің ерекше бір түрі және тілдік таңбаның өзге семиотикалық жүйелер таңбаларынан маңызды айырмашылықтары да бар. Яғни ол, ең алдымен, белгілі бір көлемді ақпаратты беретін құрал болып табылады.

Терминология арнаулы лексиканы зерттейтін сала ретінде лексикологиямен және концептологиямен тығыз байланысты болып келеді. Терминологияны зерттеуші ғалымдардың (Ф.Риггз, Б.Рассел, И.Кухарж т.б.) пікірінше, терминолог терминдерді дербес сөздер ретінде қарастырады. Олар терминдерді белгілі дефинициялар аясында ғана зерттейді. Ал лексиколог терминологиялық бірліктерді олардың ғылыми анықтамаларынан тыс қарастырады, себебі ол үшін бұл атаулар жалпы тіл жүйесінің бір бөлігі ғана болып табылады. Ал терминолог үшін, керісінше, терминологиялық жүйе ұғымдар жүйесіне сәйкес келуі өте маңызды.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Осыған орай, термин мен ұғым арақатынасы таным сипатымен тығыз байланысты. Яғни өзі таңбалап тұрған ғылыми немесе техникалық затпен немесе құбылыспен таңба арасында міндетті түрде байланыс болуы қажет деп саналады. Бұл өз кезегінде терминнің ішкі танымдық табиғатын, сондай-ақ терминнің ішкі ұғымдық уәжділігін де көрсететін негізгі факторлардың бірі болып табылады.

Тіл – үнемі өзгерістерге түсіп тұратын жанды құбылыс, сондай-ақ ұлттық терминология саласы да үнемі өзгеріс үстінде екендігі ешбір дау келтірмейді. Сондықтан да тіл білімі саласында терминжасам ісі жүйелілікті, реттілікті қажет ететіндігі туралы көп айтылады. Қоғамның дамуы міндетті түрде тіл дамуына ықпал етеді. Көптеген жаңа атаулар, ұғымдар, терминдер өткен ғасырда қазақ тілінің ғылыми жүйесін қалыптастырды.

Жалпы тіл заңдылықтары әрбір кезеңнің даму ерекшеліктеріне лайықты түзіліп отырады. Сол себепті де тілдің өткен тарихын, қазіргі күйін, болашақтағы сипатын әрдайым бақылап, қадағалап отыруға болады. Басқаша айтқанда, уақыт пен кеңістіктен тыс дамитын тіл жоқ. Қазақ терминологиясының болмысы барлық уақытта бірдей болған жоқ. Осыдан қоғам дамуының өзгерістерінен қазақ тіліндегі терминологиялық жүйенің жасалуы, қалыптасуы жағынан ғылыми ой-тұжырымдар мол әрі әртүрлі. Бұрын сөздік қорымызда негізінен малшаруашылығы, әдет-ғұрып, салт-сана, табиғат құбылыстары мен сауда-саттыққа қатысты термин, кәсіби сөздер кеңінен орын алса, ал қоғамның сол кездегі дамуына орай ғылым, техника, саясат, өнеркәсіп, сәулет, құрылыс туралы терминдер әлі жасала қоймаған. Дегенмен ғылыми терминологияға дейінгі қалыптасқан терминдік, кәсіби атаулар жиынтығы арнаулы лексика шеңберінде ерекше орын алатыны сөзсіз.

Біз арнаулы лексиканы жалпы лексика сөздерінің шеңберінде аралық орын алады деп қарастыру дұрыс емес деп санаймыз. Себебі, ол жалпы тіл жүйесі секілді ұйымдастырылады да, бірақ оған қарағанда көлемі жағынан аздау келіп, кәсіптік бағыттағы өзінің «кішігірім тілдерін» қалыптастырады. Тіл білімінде «кішігірім тіл» термині өткен ғасырдың 60-шы жылдары пайда болған. Мәселен, В.Н. Шевчук әскери «кішігірім тіл» ерекшеліктері жайлы сөз етеді [101, 6 б.].

Осы орайда белгілі ғалым, академик Ә.Қайдардың мына бір пікірі назар аударарлық: «Ғылым тілін жалпы әдеби тіл тұрғысынан алып, оны бейнелі түрде «кішігірім тіл» (подязык, языковая система, мини язык мағынасында) деп қарайтын болсақ, осы «үйшіктің» дүниеге келуін жазба әдеби тілдің қалыптасуымен басталады деп қараған жөн. Өйткені жазу-сызу болмаған, не кенжелеп қалған тілде ғылым тілінің дүниеге келуі мүмкін емес» [128, 18 б.].

Бір жағынан қарағанда, «кішігірім тіл» арнаулы сөздер арқасында тілдің сөздік қорының бай екендігін білдірсе, екінші бір жағынан, жалпы тілдің бейнелеу құралдарының тек бір бөлігін ғана қолдануы оның кемдігін көрсетеді. Сонымен «кішігірім тіл» дегеніміз – тілдің кәсіптік мақсатта жұмсалатын ерекше формасы. Бұл салада тек сол кәсіби қызметке қажетті болып саналатын тілдік элементтер ғана қолданылады.

Орыс тіл білімінде ғылым тілі мәселесін арнайы зерттеген В.Н.Ярцева: «Табиғи тілдің түрлі ақпараттарды беруде шектеусіз мүмкіндіктері болғанымен, әрбір ғылым өзіндік көпқұрылымдық тілін қалыптастыруға бейім болып келеді. Өйткені ақпараттың семантикалық айқындылығы тілдік таңба мен ол арқылы белгіленетін ақиқат болмыс дерегі бір мағыналылық сәйкестікті ғана талап етеді», – деп көрсетеді [129, 87 б.].

Ғылыми әдебиеттерде тілдің түрлі формалары шығу тегіне байланысты табиғи – жасалынды, даму әдіс-тәсіліне қатысты стихиялық – саналы деп бөліп қарастырылады. Осымен байланысты Т.Л.Канделаки мынадай қорытынды жасайды: «Әдетте табиғи қалыптасқан терминологияның бірнеше кемшіліктері болады: көпмағыналылық, термин-дублеттер, көптеген ұғымдардың терминдік атаулары да болмайтын жағдайлар да кездеседі. Жалпы терминологиялар стихиялық түрде қалыптасады, ұғымдар бір уақытта пайда болмайды, сол себепті де әрбір ғылыми ұғымдар жүйесіне сәйкес бір мағыналы, ретті терминдер жүйесі табыла бермейді» [12, 8 б.].

Ресей лингвистикасында бұл мәселені жан-жақты зерттеген А.В. Суперанская бастаған зерттеушілердің пайымдауынша, көптеген терминологиялар ұлттық тілдер сөздерінен бастау алғанымен, әдеби тілдермен ортақ тұстары өте

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— аз болады. Өйткені арнаулы тілдердің көптеген элементтері әдеби тілдердің қалыптасуына дейін-ақ белгілі болған. Сондықтан да олар онтологиялық тұрғыдан бір-бірімен сәйкес келе бермейді. Ғылыми мәтіндердің арнайы редакциялануы, арнаулы ғылыми және өндірістік «кішігірім тілдердің» нормаларының қатаң сақталуы, бір қарағанда, терминдерді әдеби тілмен жақындастырады. Алайда бұл арнаулы сөздердің жазылуы мен айтылуына ғана қатысты болып келеді. Ал оларды маңыздылығы тұрғысынан қарастыратын болсақ, онда терминдердің мазмұны, олардың жүйелі ұйымдастырылуы, басқа сөздермен тіркесу қабілеттері, терминжасам үлгілері мұның барлығы жалпықолданыстық аясынан тыс құбылыстар, яғни әдеби тілден тыс дүниелер болып табылады [73, 60-61 бб.].

Біздің ойымызша, әдеби тіл мен кәсіби «кішігірім тілдер» арасында мүлдем байланыс жоқ деп қарау дұрыс емес. Себебі арнаулы лексиканың (терминдер, номендер, онимдер) әдеби тілге өтуі заңды құбылыстардың бірі болып табылады. Оның үстіне ғылым мен техниканың «кішігірім тілдері» өзіндік кәсіби норма, өзіндік сөзжасамдық үлгілер қалыптастырғанымен, олардың көбі әдеби тілдердің ерекшеліктеріне негізделіп жасалады.

В.П.Даниленко тілдік норманы жалпы тілдің жүйелі-құрылымдық негіздеріне сәйкес келуі деп анықтайды. Бірақ соңғы кездері ғылым тіліндегі терминжасам мен термин қолданылуында жалпы әдеби тіл үрдістеріне ұқсамайтын құбылыстар байқалатындығын да естен шығармағанымыз жөн. Осыған орай В.П.Даниленко, А.В.Крыжановская, Л.И.Скворцов [130, 7-8 бб.] тілдік норманың кәсіби нұсқасы ұғымын енгізуді ұсынады. Ғалым Г.Ронданың пікірінше, теориялық терминологияның негізгі зерттеу нысаны ұғымдардың тілдік белгіленуі, арнаулы салалардағы атаулардың жасалу тәсілдері болып табылады. Сөйтіп, автор ұлттық тілдің барлық лексикалық жиынтығын жалпы лексика және арнаулы мақсаттарға арналған лексикаға бөліп қарастыру қажет деп санайды [131, 1 б.]. Арнаулы мақсаттағы тілдер негізінде терминологиялық сөздіктер, терминологиялық стандарттар құрастырылып, терминологиялық жүйелер, технологиялық үдерістер, құрылыстар т. б. сипатталады. Сонымен бірге, арнаулы мақсатты көздейтін тілдер бейнелі құралдарды қолданбауымен

ерекшеленеді. Мұнда әдеби тілге тән түрлі көркемдік амалдар артық құбылыстардың қатарына жатқызылады, себебі олар ұғымдар сәйкестігін айқын көрсетуге нұқсан келтіреді. Сондықтан да арнаулы тілге стилистикалық синонимдер, көркемдік бейнелеу құбылыстары тән емес. Ал термин емес сөздердің арнаулы тілде қолданылуы, керісінше заңды құбылыстардың бірі болып саналады, себебі олар коммуникация жағдайын жүзеге асыру үшін қажет.

Ғылыми еңбектер мен жұмыстарды жазу барысында қолданылатын тіл белгілі бір нормаға келтірілген жалпыұлттық тіл болып табылады. Осыған дейін термин мәселесі стилистика тұрғысынан да қарастырылмаған. Алайда ғылыми мәтіндердің стилистикасы тіл жүйесінің дербес саласы ретінде қарастырылуы да мүмкін. Себебі ресми ғылыми сөйлеумен қатар қарапайым кәсіби сөйлеу түрі де бар екендігі ешбір күмән келтірмейді.

Сонымен, ұлттық әдеби тіл тарихы ұғымы өзінің даму кезеңдерімен сипатталады. Осыған орай, арнаулы мақсатты тілдер де тарихи категория ретінде анықталып, олардың пайда болуы әдеби тілдердің қалыптасуынан бұрынырақ кол-өнер, сауда-саттық т.б. дамуымен байланысты. Арнаулы мақсаттарға бағытталған тілдер жалпы емес, жеке коммуникативтік салаларға қызмет көрсетеді. Мұндай тілдер ғылым мен техниканың дамуына орай өзгерістерге де ұшырайды, мәселен, ғылыми халықаралық жаңалықтар, өндіріс пен сауданың интернационалдануы айтарлықтай интернационалдық элементтерден тұратын және ғылым мен техника, өндірістің жаңа сапаларына қызмет көрсететін жаңа арнаулы «тілдер» қалыптастырылуына алып келеді.

Кез келген ұлттық тілде терминологиялық лексика ерекше орын алады. Әрбір ғылым мен техника саласының терминологиясы өзі қызмет ететін ғылым саласы ұғымдарының жүйелі байланыстарына сәйкес білім бір жүйеге ұйымдастырылады. Сондықтан қазіргі таңда ұлттық тілдердің әдеби нормаланған формаларынан басқа да түрлері бар, олар: аймақтық диалектілер және әдеби емес ұлттық кәсіби «кішігірім тілдер».

Академик Ә.Қайдар: «Егер бірінші көзқарас термин жа-саудың бүгінгі таңдағы жаңа үрдісі – терминологияның

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— ұлттық негізін қалыптастыруды, ұлт тілінің өз қасиетін паш етуді мақсат етсе, екінші көзқарас терминдердің мән-мағынасы танылып, сөйлеуші қауымға түсінікті болуы айқындалып алынуы ұлттық қауымның ғылым мен білімінің мәні мен мазмұнын жаттау, есте сақтау емес, көңілге түйіп, көкірегіне қондырып, терең тануына кепілдік жасаса, үшінші көзқарас бойынша, жай сөз де, термин де тілдің бір тайқазанында қайнаған, бірақ терминдер жай сөзден өзінің мағыналық шарттылығымен, ғылым-білім – техникаға бағышталған шектеулі қолданысымен ерекшеленетін құбылыс екенін айқындай түседі демекшіміз», – деп көрсетеді [132, 22 б.].

Жоғарыда аталған ұлттық тіл түрлері мен формаларының барлығын бір-бірімен табиғи шығу тегі немесе жасанды жасалуына байланысты, басқа түрге түрлендірілуіне қатысты стихиялық немесе саналы деп салыстыруға болады. Әдеби тіл өзінің шығу тегіне байланысты табиғи, бірақ оны саналы түрде қалыптастырып таратады. Ал тұрмыстық қарапайым тіл мен диалектілердің шығу тегі табиғи және стихиялық түрде дамиды. Сленг те шығу тегіне қатысты табиғи, бірақ оның дамуына саналы іс-әрекеттер ықпал етеді. Жаргондар мен кәсіби «кішігірім тілдер» негізінде табиғи да, жасалынды да элементтер болып, стихиялық түрде де, бірақ көбіне саналы түрде дамиды.

Аталмыш тіл формаларының барлығында дерлік арнаулы ТА жүзеге асырыла бермейді. Терминдер ғылыми-техникалық коммуникация барысында ғана туындайды. Ал біз қарастыратын қазақ ТА алғашқы стихиялық кезеңі ұлттық тіл негіздерін анықтап, ТА жүргізу барысын саналы түрде ұғынып, ұғынбай орындау сипатымен ерекшеленеді.

Қазіргі таңда терминдік бірлік ретінде аталып жүрген сөздер мен сөз тіркестері қоғам дамуының заңдылықтарына сәйкес туындаған лексика болып табылады. Тілдің терминдік лексика қабатының дамуында өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл сөздік құрамға жататын терминдік бірліктердің бәрі саналы әрекет нәтижесі деп айтуға болады.

Орыс ғалымы М.Н.Володина жалпы арнаулы терминологияның қалыптасу үдерісін әдетте екі кезеңге – стихиялық және ұйымдық-мақсатты деп бөліп қарастырылатынын айта келе, былай дейді: «... арнаулы терминологияның қалыптасуының бірінші кезеңі белгілі бір кәсіби-ғылыми саланың

құрылуымен байланысты болса, ал екіншісі оның жоғары деңгейдегі дамуымен байланысты болып келеді. Бірақ ТА осы екі кезең актілерінде де адамның қызметі бағытталған нысандарға ғана атау беріледі» [82, 81 б.].

Терминологиялық аталым үдерісінің екінші ұйымдық-мақсатты кезеңінде жасалған терминдік бірліктер екінші аталым нәтижесі болып табылады. Бұл мәселемен түбегейлі түрде айналысып жүрген лингвист ғалымдар екінші аталымның гносеологиялық нәтижесін ұғымдардың бір-біріне ауысу қасиеті арқылы бұрын танылған ұғым негізінде қалыптасып, адамның ақиқат болмысты тану барысында атау берілуші заттың жаңа белгілерін көрсетеді деп түсіндіреді [133, 168 б.]. П.А.Флоренский осы пікірді қолдап, ТА бірінші кезеңінде техникалық атаулар кездейсоқ белгіленуіне байланысты байқаусыз жасалса, ал екінші кезеңде, керісінше, техникалық тіл саналы түрде, белгілі бір мақсатпен, жүйелілік ерекшеліктер ескеріле отырып қалыптасатынын атап көрсетеді [134, 376 б.].

Нақты терминологиялар қалыптасуының алғашқы кезеңінде терминнің «ішкі формасын» айқындайтын ТА белгісінің таңдалуында негізгі рөлді субъективтік-ұлттық фактор атқарады. Терминдер қалаптасуының бұл кезеңі түрлі әдебиеттерде стихиялық, табиғи, ғылыми терминологияға дейінгі деп аталып, аранулы лексика пайда болуы мен дамуын талдаудың генетикалық аспектісімен тығыз байланысты.

Тілдік таңбаның семантикасы мәселесін жан-жақты зерттеген ғалым Ю.Д.Апресян: «Тілдік таңбаның семантикасы зат, қасиет, іс-әрекет, процес т.б. туралы қарапайым ұғымды (наивное понятие) айқындайды. Нәтижесінде ғасырлар бойы қалыптасып келе жатқан ғаламның қарапайым бейнесі (наивная картина мира) қарапайым геометрия, қарапайым физика, қарапайым психология т.с.с құрылып, халықтың материалдық және рухани тәжірибесін көрсетеді», – деп тұжырымдайды [135, 56-57 бб.].

Ғылым мен техника қалыптасуының алғашқы кезеңінде ғылыми танымның жалпы жағдайын, термин шығармашылығын айқындайтын басты факторды ұғым мен сөздің сәйкестігі емес, олардың кейбір ұқсастықтары ғана белгілейді. Әдетте, жаңа құбылыс пайда болғанда, ол бұрынғы тәжірибеде бар дүниемен салыстырылып, тіл арқылы оның ұқсас жақтары бел-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—гіленіп, жаңа ұғым тілде бар сөздер негізінде қалыптастырылады. Өйткені ақиқат болмыс туралы білімді жетілдірудің оңай бір жолы тілдегі бар сөздердің лексикалық мағыналарында белгіленген бейнелер негізінде бекіту болып табылады.

Сондықтан да алғашқыда термин ретінде ассоциативтік қайта ойлауға бейім келетін жалпы қолданыстағы сөздер қабылданған. Ассоциативтік байланыстардың түрлі сипатына қатысты терминологиялық қайта ойлаудың бірнеше принциптері бар. Мұндай терминжасамның ең өнімді тәсілдерінің бірі – жалпы қолданыстағы сөздің атқаратын, орындайтын қызметтерінің ұқсастығы ассоциациялары нәтижесінде терминденуі болып табылады. Мысалы, *тегістеу* → *тегістеу +ші* → *тегістеуші (шлифовщик)*, *шеку* → *шеку +ші* → *шекуші (чеканщик)*, *оймыштау* → *оймыштау +шы* → *оймыштаушы (резчик)* және т.б.

Жалпы қолданыстағы сөз мағынасының арнаулы қолданысқа енуінің тағы бір өнімді тәсілі пішін ұқсастығына байланысты ассоциация болып табылады. Әсіресе бұл тәсіл арқылы техникалық терминдер кеңінен жасалады. Мәселен, *шапта саусағы*, *елек*, *артқы белдік*, *шынжыр табан* және т.б.

Әрбір ұлт тілінің негізгі сөздік қорын құраушы тілдік бірліктер адамға қажетті ең маңызды ұғымдарды белгілеп, түрлі терминологиялық жүйелердің ажыратылмас бөлігін танытады. Бұл ретте терминдену барысында семантикалық қайта мән алған сөздер мен арнаулы терминологияға өзінің негізгі мағынасымен енген сөздерді бөліп көрсету қажет. Мысалы, *зергер*, *шебер*, *нақыштаушы*, *пішуші*, *бояушы*, *көзеші*, *қышы*, *бедерші*, *безеуші* т.б. атаулар жалпы қолданыстағы сөздерден арнаулы ұғымның маңызды белгілерін айқындайтын дефинициясының болуымен ғана ажыратылады.

ТА стихиялық кезеңіндегі түрлі тілдердегі терминделуші ассоциациялардың ұқсастығы семантикалық ауысу құбылысының тілдік эмбебаптығымен анықталып, ойлаудың жалпы адамдарға ортақ сипатымен айқындалады. Дегенмен, терминдер белгіленуші зат немесе ақиқат болмыс құбылысына деген нақты бір тілге тән субъективтік-ұлттық таным ерекшелігін көрсетеді. Осымен байланысты, тепе-тең ұғымдарды білдіруші сөздердің «ішкі формасы» түрлі тілдерде аталушы нысанның әртүрлі қырынан көрсетеді. Сонымен, ТА

стихиялық кезеңінде қалыптасқан терминдер әрбір терминологиялық жүйеге қажетті тектік-түрлік жіктемелік принципке барлық жағдайда бағына бермейтіндігін атап өткен жөн.

Лейбниц өзінің «символдық тіл» құбылысы жайлы айтқан тұжырымында былай дейді: «Атаулану үдерісінде белгілердің ыңғайлығы ескерілуі тиіс. Бұл атаудың қысқалығында емес, атау берілуші заттың мазмұнды негізінің дәл берілуінде жүзеге асады. Осы ретте ойлау жұмысы жеңілденіп, оны көз алдына келтіру, елестету қызметі оңай әрі тез орындалады» [136, 155-156 бб.]. Бірақ мұндай нәтижеге қол жеткізу үшін терминнің ақпараттық мазмұны оның құрылымдық-коммуникативтік тұлғасына толық сәйкес келуі қажет. Ғалым П.А.Флоренскийдің пікірінше: «...сәтті жасалған атау (термин) бұл көп жылғы талдау, тұрақтылықпен және тығыз байланысты көптеген белгілердің сәйкестігін, қатынасын анықтау нәтижесі болып табылады» [134, 369-371 бб.].

ТА «ұйымдық-мақсатты» екінші кезеңінде термин-сөздердің ішкі формасы ақпараттық сипатты айқын білдіретін арнаулы ұлттық және интернационалдық тілдік тәсілдер арқылы жасалады. Бұл ретте терминдер «жасалынды реттеу нысандары» болып табылады. ТА белгілі бір мақсатты бағыты, нақты ономасиологиялық тапсырма, арнаулы ақпараттық ұғымның тілдік белгіленуіне қолайлы амал-тәсілдер қолданылуын қамтамасыз етеді.

Түрлі терминологияларда жүйелілікті орнықтыру мәселесі, ең алдымен, нақты бір ғылыми-техникалық білім саласына жататын ұғымдардың иерархиялық тектік-түрлік жіктемесіне байланысты. Тілімізде бар байырғы лексика негізінде терминологиялық қорымызды толықтыру кезінде немесе кез келген арнаулы саланың жаңа терминдерін жасау барысында белгілі бір үлгіні сақтаудың терминология үшін маңызы зор. Бұл негізінен терминологиядағы жүйелілікті сақтау үшін қажет. Осыған байланысты терминологиядағы жүйелілікті кейбір терминолог-ғалымдар терминжасамның басты принципі деп санайды [73, 213 б.].

Шынында да, қазіргі таңда көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, жалпы қолданыстық лексика мен терминдік лексиканың басты айырмашылығы кейінгісінің жүйелілік тұрғыдан ұйымдастырылуында. Арнаулы ұғымды білдіретін термин

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— белгілі бір терминологиялық жүйеде нақты орны бар, сол жүйенің мүшесі болғандықтан ғана, сол жүйеге сәйкес мағынаға ие бола алады. Терминнің ақпараттылық қасиеті де осыдан туындайды. Бұл жөнінде қазақ терминологиясының жүйелілік мәселесін арнайы сөз еткен ғалым Ш.Құрманбайұлының пікірі назар аударарлық. Ол: «Жүйеленген салалық терминологияны қалыптастыруда сол саланың терминдерін белгілі бір сөз тудырушы морфемаларды немесе терминдік элементтерді пайдалана отырып жасау тәжірибесі бар. Бізде де кейбір арнаулы сала терминдерін жасауда соңғы жылдары біршама өнімді жұмсалып жүрген жұрнақтардың бар екенін аңғаруға болады. Мәселен, іс жүргізу саласында *-ма/-ме, -ба/-бе, -па/-пе – анықтама, хаттама, баяндама, мінездеме, мәлімдеме, көшірме, баянжазба* т.б. Тіл білімінің фонетика саласында *-м, -ым/-ім – айтылым, алмасым, естілім, жасалым, екішелім, жалғаным, қатынасым* т.б. Синтаксис саласында кезінде А.Байтұрсынұлы жасап, тілімізге енгізіп кеткен *бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш* терминдерін туғызған *-уыш, -уіш (-ыш/-іш)* жұрнағы бар екені белгілі. Әскери іс саласында *-уыл/-уіл, -ауыл/-еуіл* үлгісімен жасалған *шабуыл, айдауыл, ереуіл, жасауыл* сияқты көне атаулар қолданысқа ене бастады. Мұндағы бір айта кететін жайт, соңғы үлгімен жасалған атаулар кейде дайын қалпында қолданысқа ене бастағанымен, терминжасамда бұл үлгі алдыңғы жұрнақтар сияқты жаңа терминдер тудыруда пайдаланылмай келеді» [41, 127-128 бб.].

Сонымен бірге, біз өз зерттеуімізде ғалым Б.Момынованың тілдік бірліктерді парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар тұғысынан талдау үлгісіне сүйенеміз. Ғалымның пікірінше: «Тілдік бірліктердің мәдени мәнін жіктеп көрсетуде сатылай сипаттауға, тілдегі парадигматикалық және синтагматикалық қатынастарға сүйенген дұрыс. Айталық, **парадигматикалық қатынас** бойынша қыз айттыру (әрі процесс, әрі нәтиже) мынадай сатылардан тұрады:

қыз көру;

қыз айттыру;

неке;

некелесу, неке қию//некеге отыру, т.б. Әрине парадигмалық бұл қатарды (бағанды) толықтыра түсуге болады,

бірақ ең негізгі тірек болатын ұғымдар осы келтірілген сөздерден құралады. Қыз айттыру тіркесінің **синтагмасын**: *қыз көру, қызды ұнату (шешесіне қарап қызын ал), құда түсу, күйеу келтіру, құйрық-бауыр жесу, кәде тарату, киім кидіру, қыз ұзату, қайындарға ат қою, т.б. құрайды» [137, 134 б.].*

Ғалымдардың жоғарыда келтірілген пікірлерін қолдай отырып, сала терминдерінің белгілі бір қалыптасқан сөзжасамдық үлгі бойынша біртектес жасалуының синтагмалық жүйелілігін, сонымен қатар терминжасам барысында парадигмалық ерекшеліктерді де ескерген дұрыс болар деп санаймыз. Мысалы, ою-өрнек саласына қатысты терминжасам микрокешендерінің парадигмалық негізі:

*ой
оймақ
оймақта
оймақшы
оймалы
оймашы
оймыш
көркемоймыш
тілік оймыш
бедерлі оймыш
шұңғыл оймыш
аймақты оймыш
үй оймышы
өрнекті оймыш
оймыш-өрнек
оймыштаушы*

Неміс ғалымы Л.Хофман термин мағынасы негізгі екі компоненттен құралады дейді. Біріншісі арнаулы ұғымның маңызды белгісінің айқындалуына байланысты болса, ал екіншісі кәсіби-ғылыми саланың ұғымдық жүйесіне сәйкес терминнің алатын орнының анықталуы [138, 103 б.].

Шын мәнісінде, термин белгілі бір ұғымдық-терминологиялық жүйеде дұрыс орныққан жағдайда, ол келешекте таным құралына айналып, сол жүйенің әрі қарай дамуына септігін тигізеді. Терминологияны стандарттау – адамның термин шығармашылық қызметін оңтайландыруға, адамның терминжасам үдерісі барысында әлеуеттік мүмкіндіктерін

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— тиімді пайдалануға негіз болатын терминологиялық жұмыстардың бірі. Орыс терминологиясын зерттеген терминолог ғалым Р.Г.Котов стандарттауға қатысты төмендегідей пікір айтады: «Терминологияны біріздендіру мен стандарттау туралы айта отырып, дәлме-дәл мағынасында стандарттауға қол жеткізу қиын мақсат екенін, оның өзінше бір идеалды құбылыс екендігін атап көрсеткен жөн» [139, 45 б.].

Сонымен, терминологияны стандарттаудың маңыздылығы, әсіресе, кәсіби коммуникация үдерісінде айқын көрініс табады. Өйткені стандарттау нәтижесі әріптестердің өзара бір-бірімен толық түсінісуін қамтамасыз етеді. Сондықтан да айқын және жүйелі, ретті стандарттау негізінде құрылған нақты терминологиялар ерекше таңбалық амал-тәсілдер жүйесін құрап, арнаулы салада қолданылып, адамның шығармашылық қызметін бағыттап отырады.

Жинақтай айтқанда, ТА – адамның қызметі мен түрлі білім салаларының арнаулы ұғымдарының ойлаумен тығыз байланысты атаулану үдерісі. Жалпы лексикалық аталыммен сабақтастықта жүзеге асатын ТА адамдардың танымдық қабілеттеріне тәуелді болып, тілдік ішкі және сыртқы факторларының өзара әрекеттестігі мен таным нәтижелерінің тілдік белгіленуімен сипатталады. Әдетте, бұл шығармашылық үдеріс екінші аталым негізінде орындалып, кәсіптік-ғылыми қызмет процесінде аса қажетті арнаулы үлгілеудің лексикалық бірліктер қатарына жататын ерекше атаулар – терминдердің жасалуына бағытталады.

Қазақ тіл білімінде кәсіп иелерінің атауларын арнайы сөз еткен зерттеулер жоқтың қасы. Дегенмен бұл атаулардың сан қырлы түрлерін, сөз таптары (зат есім), олардың грамматикалық, сөзжасамдық белгілеріне орай талданған еңбектерде кәсіп иелерін білдіретін зат есімнің жұрнақтары деп бөлшектей қарастырған. Тілді жүйелі қатынастар – лексика-семантикалық топтарға жіктеп қарастырған зерттеулерде, сол топқа байланысты адамға қатысты атаулар деп көрсетіле отырып, аталған лексика-семантикалық сөздер тобында жіктеледі.

Аталмыш лексикалық топ атаулары қазақ халқының қай кезеңде болмасын өмір сүрген ортасының тыныс-тіршілігінен мол мағлұмат беретін, салт-дәстүрін, табиғатының байлығын айқындайтын тілдік бірліктер қатарына жатады.

Қазақ тіл білімінде XVI ғасыр жазба ескерткіштерінің лексикасына зерттеу жүргізген М.Б.Сабырдың «Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы» атты еңбегінде: «*Kәсіп иесін білдіретін сөздердің көбі қазіргі қазақ тілі тұрғысынан түсінікті: йұлдузчы, көзәтчи, оташы, авчы* т.б. Кейбір архаизм сөздерге тоқталайық. Мәселен, *амирахур* (бас ат күтуші) сөзі екі сөзден тұрады. Амир – арабтың «бастық, әмір» мағынасындағы сөз. Ал *ахур* (ақыр) қазақ тілінде қолданылып жүрген сөз. *Ат байладым ақырға* деп келетін қара өлеңдер бар емес пе», – деп берілген [140, 35 б.].

Қазақ тіліндегі араб-парсы элементтерінің басым көпшілігі діни, ғылыми, қоғамдық-саяси және түрлі шаруашылыққа, ұсақ өндіріске, қолөнеріне қатысты терминдер болып келеді. Араб тілі зерттеушісі Л.Рүстемов мынадай қорытынды жасаған: «Түп төркіні иран тілдес болып келетін сөздердің түркі тілдерінің өзара инфильтрация жасау процесі ертеректе арабтар мұнда келмей тұрған кезде – араб мәдениетінің гүлденуінен әлдеқайда бұрын басталған» [141, 44-45 бб.].

Араб, иран тілдерінен енген кірме сөздердің қазақ тіліне ену мерзімін Л.Рүстемов аталған еңбегінде екі кезеңге бөліп қарайды: «Араб және парсы тілдерінен ауысқан лексикалық элементтердің қазақ тіліне ену уақытын біз шартты түрде екі кезеңге бөліп қараймыз: бірінші кезең – XV ғасырға дейінгі мерзімді қамтиды, екіншісі – XV ғасырдан, Ұлы Октябрь социалистік революциясына дейінгі кезең» [141, 45 б.].

Қазақ тіліне ислам дінімен бірге еніп, тіпті фонетикалық жағынан да қазақшаланып кеткен мұндай элементтердің басым көпшілігі араб сөздері: *имам, қази, муфтий, молда, қазірет, құраншы, мүдәррис, азаншы, халифа, қари, ишан*. Сондықтан қазіргі қазақ тілінде мұндай сөздердің қолдану өрісі мейлінше кең әрі алуан түрлі болып келіп, адамдар арасындағы тілдік қарым-қатынастың сан қырлы жақтарын қамтиды. Мысалы, тәрбие және білім беру, ғылым, әлеуметтік, қоғамдық, саяси, сауда және т.б салалар: *әкім, әмір сыта, хакім, бітуажә, кірекеш, делдал, жаназашы, мұғалім, ғалым, тарихшы, айыпкер, қазынашы, базаршы, дүкенші* және т.б.

Алайда егіншілік пен бау-бақша, малшаруашылығы салаларына қатысты терминдердің басым көпшілігі қазақ тілінің

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— байырғы өз сөздері болып келеді. Мәселен, егіншілік, диқаншылыққа қатысты сөздер: *масақшы, жүзімші, шабықтаушы, шабықшы, орушы, суарушы, қауыншы, орақшы, жүгеріші, қамбашы, сушы, қырманышы, отақшы, шалғыншы, шалғышы, егінші, шығыршы, мақташы* т.б; малшаруашылығына байланысты атаулар: *қырықтықшы, қырқымшы, биеші, жылқышы, қасапшы, тауықшы, сауыншы, қорашы, енші, бұқашы, бұзаушы, қозышы, қойшы, сиыршы, кесікші, бақташы, бадашы, табыншы, атшы, түйекеш, бапкер, шопан, күзеуші, баптаушы, бағушы, жемдеуші, идіруші, таңбашы, құрықшы, маралшы, малшы, тағашы, түйеші* т.б.

Бұл мысалдардан осы кезеңге сәйкес қазақ тілінің дамуына варианттылық құбылысының тән екендігі байқалады, мысалы, бір кәсіп атауы бірнеше лексемалармен беріледі: *сиыршы – бадашы; бағушы – бақташы – табыншы; баптаушы – бапкер; егінші – диқан; шалғыншы – шалғышы; отақшы – шабықшы; сушы – суарушы және т.б.*

Қазақ тіл білімінде варианттылық және әдеби норма мәселелеріне зерттеу жүргізген С.Бизақовтың еңбегінде: «Өзінің даму ерекшелігі мен дәрежесіне қарай тіл көне жазбалы тіл және кенже жазбалы тіл деп бөлінеді. Сондай-ақ ру тілі, тайпа тілі, халық тілі, ең соңында ұлт тілі, яғни жазба әдеби тілі қалыптасқан кездегі тілі деп, төрт түрлі кезеңі аталып жүр. Сөз тұлғасының бірнеше вариант қатарының болуы әсіресе әдеби тілдің қалыптасуының алғашқы кезеңіне тән болса керек», – деп берілген [142, 17 б.].

Әсіресе, варианттылық құбылысы ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қазақ халқының күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын бейнелейтін атауларда ерекше байқалады. Мысалы, жерлеу салт-жораларына қатысты атаулар: *жерлеуші – зиратшы – қабірші – сүйекші – мүрдеші – көмуші* т.б.

Сонда кездесетін емдеу, ем-дом жасау ісіне байланысты атаулардың қайсыбірі мына тектес: *бақсы, тамыршы, оташы, сынықшы, үшкірші, емші, тәуіп, құйнаш, емші-демші, зікірші, емсек, демші, дарушы, ілгір* т.б. Осымен байланысты кәсіби саладағы маман сөзқолданысының прагматикалық ерекшеліктерін зерттеген тілші-ғалым Қ.Айтмұхаметова ар-

наулы лексиканың қолданылуы жөнінде былай деп жазады: «Медицина саласы бойынша жиналған ауызша мәтіндерде терминдердің қолданылуы жиі кездеседі. Бұл заңды да, өйткені ол арнайы қолданыс, негізінен, дәрі-дәрмектің, физиологиялық (табиғи), патологиялық (ауру түрлері) құбылыстардың атауларына қатысты болып келеді. Ауру атауларының халық арасында кең тараған нұсқалары да кездеседі.

«Дәрігер» сөзінде кездесетін арнаулы лексиканы үш топқа бөлдік: а) анатомиялық (дене мүшелерінің) атаулар: жүрек, бауыр, асқазан, жатыр бауы, бас, аяқ, қол т.б.; ә) ауру түрлеріне қатысты атаулар: 1. дәстүрлі медициналық (боткин, пневмония, анемия), 2. халықтық атаулар (сары ауру, соқыр ішек, қызамық); б) дәрі-дәрмек атаулары: 1. химиялық жолмен дайындалатын таблеткалар (мукалтин, супрастин, тавегил, рибоксин, гиниприл т.б.), 2. әртүрлі жағылмайлар (оксалиновий, финалгон, қызыл май, спасатель т.б.), 3. дәрілік шөптер (ромашка, череда т.б.)» [143, 458 б.].

Осы ретте балгерлік ісіне қатысты атаулардың кеңінен берілуі де назар аудартады: *балшы-балгер, балшы, жауырынышы, ақшы, жорамдаушы, жорушы, құмалақшы, бақсы-балгер, бақсы-тәуіп, дарымшы* т.б.

Бұл аралықта қалыптасқан атаулардың басым көпшілігінің ономасиологиялық құрылымы айқын болып келеді. Себебі, олардың атаулануының негізі – өздері жасап, істеп, дайындап шығарған зат, бұйым тағы басқа атауына байланысты сөздер. Мысалы, *тұзақшы, қымызшы, арқанышы, оқшы, керегеші, қазаншы, наншы, сүтші, сырмақшы, өрмекші, пешші, өрнекші, сабыншы, арбашы, құмырашы, шегеші, шаңырақшы, қышышы* және т.б.

Сонымен бірге, бұл тұста түрлі металдарды өңдеу ісіне байланысты атаулардың қалыптасқанын да мынадай кәсіп иелерінің атауларынан байқауға болады: *мыскер, болатшы, қорғасыншы, бақыршы, темірші, қаңылтыршы* т.б.

Осы кезеңге байланысты туындаған кәсіп иелері атауларының ономасиологиялық құрылымының негізі еңбек затына қатысты ономасиологиялық белгінің қалыптасуымен ерекшеленеді. Бұл атаулардың басым көпшілігінің негізі жасап шығарған затқа, бұйымға т.б. деген қатынасты білдіреді. Мысалы, *әбзел жасайтын адам → әбзелші, кесте тоқи-*

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—
тын адам → кестеші, ер-тоқым жасайтын адам → ерші,
малақай тігетін адам → малақайшы, балға соғушы, темір
ұстасы → балғашы, кілем тоқитын адам → кілемші, киіз
басушы → киізші, құдық қазушы → құдықшы, көпір са-
лушы → көпірші, ошақ қазушы → ошақшы және т.б.

Сонымен қатар, кәсіп атаулары қалыптасуының сыртқы
экстралингвистикалық қағидаларының бірі – заттың жасалу тех-
нологиясына байланысты екендігін жоғарыда көрсетілген
бірнеше атаулардан байқауға болады. Ономасиологиялық
құрылымы жалпылама сипаттағы атаулар қатары да кезде-
седі. Мысалы: қолөнерімен айналысушы шебер → қол-
өнерші, тоқу ісімен шұғылданатын кісі → тоқушы, ою-өрнек
көрінісін меңгерген зергер → нақышшы, қолынан іс келетін
өнерпаз адам → шебер, өңдеу жұмысын жүргізуші →
өңдеуші, өрнек салушы → өрнектеуші, нәрсенің сырт
көрінісін көркемдеп, әдемілеуші → әрлеуші, алуан түрлі
сәндік бұйымдар мен әшекейлі заттарды зерлеп, айшық-
тап жасаушы ұста → зергер, темірден неше түрлі бұйым
жасап шығаратын қолөнері бар адам → ұста және т.б.

Бұл келтірілген зат есім сипаттағы мысалдардың
көпшілігінің семантикалық негізі заттық категориялық белгіні
білдіретін атаулар болып табылады. Басқалары зат есімге сөз
тудырушы негіз ретінде алынған өңделетін материалға тиісті
туындаған атаулар: қышшы, мысшы т.б. Солардың ішінен, атау
негізіне еңбек құрал-саймандары алынған атауларды ерекше
бөліп қарауға болатын сияқты. Мысалы: орақпен егін егуші
→ орақшы, тырмамен айдалған жердің топырағын май-
далаушы адам → тырмашы, күрекпен жұмыс істейтін
адам → күрекші, кетпенмен жұмыс істеуші → кетпенші,
айырмен жұмыс істейтін адам → айыршы және т.б.

Ғалым Б.Момынова Шәкәрім өлеңдеріндегі сөздердің лек-
сика-семантикалық топтарын рухани-мәдени лексика элемент-
тері мен материалдық лексика элементтері деп шартты түрде
екіге бөліп, олардың ішінде: «Кәсіп иелерінің атаулары да ұшы-
расады: Орақшы пішен шауып шөп алғанда; Тігінші тіккен
ақша алып; Мергенге түзу мылтық, оқ арманда; Мал бауы-
сыз малығыға сөзің батпай», - деп көрсетеді [137, 236 б.].

Кәсіп иелері атауларының лексика-семантикалық тобы
қалыптасуының алғашқы кезеңін талдау үшін олардың тер-

миндену үрдісінің ең алғашқы кезеңін де сипаттау қажеттігі туындайды. Еңбек пен тіршілік ету салаларының жіктелуі және осыған сәйкес арнайы қарым-қатынас пен қолөнер өндірістік салалардың қалыптасуы рухани мәдениет, діни, этика, әлеуметтік мекемелер дамуына ықпал етеді. Дегенмен, бұл тұстағы атаулардың барлығы дерлік терминденіп, терминдік мағынаға ие бола қойған жоқ, керісінше, күнделікті қатынас саласында адам тұлғасын білдіретін кең семантикалық ауызекі белгілері бар сөздер ретінде ғана қалып қойғандары да біршама. Мысалы, *қамысшы, қоңыраушы, сүтші, қауыншы* т.б.

Бірақ сол кездің өзінде атаулардың басым көпшілігі арнайы лексикамен байланысты арнайы ұғымдарды білдіре бастайды. Мәселен, «нан пісіруші адам» – **наншы**, «киім тігетін, киім тіккен адам» – **тігуші**, «киім-кешек тігумен кәсіп ететін шебер, маман» – **тігінші**, «нан пісіруді кәсіп еткен кісі» – **наубайшы** т.б.

Сонымен, қолөнершілік кезеңіне қатысты атаулардың лексика-семантикалық тобы құрамы жағынан әр алуан:

1) әскери атаулар: *«қылышпен жасақтанған сарбаз, жауынгер»* – *қылышкер*, *«найза қаруымен соғысқан сарбаз, найзагер, жаугерші-жауынгер, батыр, ер жүрек, ер»* – *найзашы*, *«қалалар мен бекініс сарайлар сияқты үлкен орындардың қақпасын күзетуші, қарауыл»* – *қақпашы*, *«бір нәрсені күзететін адам, қарауылшы»* – *күзетші*, *«бір нәрсені қорғаушы, сақтаушы, шекара күзетушісі»* – *сақшы*, *«садақ атуды кәсіп еткен мерген адам»* – *садақшы*, *«дарбаза күзетшісі»* – *дарбазашы*, *«қорық қоруды, күзетші, қарауыл»* – *қорықшы*, *«жау шебіне шабуыл жасаушы»* – *шабуылшы*, *жасақшы*, *жүзбасы*, *қолбасшы*, *елубасы*, *мыңбасы*, *түменбасы* және т.б.

Осы ретте тарихшы Қ.С.Ахметжановтың «Жараған темір кигендер» атты зерттеу еңбегінде орын алған әскери кәсіби атауларының төмендегідей топтарын атап көрсетуге де болады [144, 233–237 бб.]:

а) әскердің құрамына қатысты атаулар: *ондық, жүздік, мыңдық, түмен, жасақ, қосын, қол, лек, аламан, қылқұйрық, оң қанат, сол қанат, кезуіліш топ, тосқауылшы топ, салықшы топ, қарауылшы топ, ереуіл, бұқтырма, игеру, қатар, шеп, сап, байқау, асаба, шашақ, ша-*

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—
тыр, дабылшы, жауырыншы, жайшы, дабыл, дабыл-
паз, керней, сырнай, ұран, сүрен, атой, шығдауыл, өкіше,
қара қазан, қарауыл төбе, шолғыншы, қамал, бекініс,
қорған, қақпа және т.б.;

ә) соғысқа қатысты атаулар: айқас, сайыс, ұрыс, шай-
қас, жорық, жортуыл, шабуыл, барлау, күзет, атыс, ша-
быс, майдан, күрен, олжа, тұтқын, сауға, жекпе-жек
айқас, қоян-қолтық айқас, шегініс, қамаяу, қоршау т.б.;

б) қаруға қатысты атаулар: басы – қарудың негізгі
жұмсалатын бөлігі, жүзі – кесетін, шабатын жері, ұшы –
түйрейдің жері, қыры – қатайтып тұратын жері,
ұңғысы – сапқа орнататын жері, сабы – қолға ұстай-
тын бөлігі, бау – бойға асуға арналған бөлігі, сазағы –
қарудың басы мен сабының түйіскен тұсы т. б.;

в) қару түрлерінің атаулары: кескіш қарулар – семсер, сапы,
қылыш, алдаспан, зұлтықар, қайқы қылыш, жатаған қылыш,
имек бас қылыш, ақ берен, ақ алмас, қызыл алмас, ақбалдақ,
алтын балдақ, кескір, бүктелмей семсер т.б.; атқыш қарулар-
дың түрлері – жақ, жай, садақ, саржа, құрама садақ, қайың
садақ, қарағай садақ, алтын садақ, сар-садақ т.б.; оқтын
түрлері – жебе, қозы жаурын, сауыт бұзар, көбе бұзар, до-
ғалақ, сұр жебе, сырлы жебе, қызыл жебе, сары жебе, бе-
рен оқ, қырлы жебе, кез оқ, қос қанатты оқ, төрт қанатты
оқ, сары жүнді оқ т.б.; мылтық түрлері – жез айыр, қойша-
ғыр, құлдыр-мамай, шиті мылтық, қара мылтық, самқал,
алты қырлы мылтық, тапанша; түйрейдің қару түрлері – най-
за, сүңгі, жыда, шашақты найза, жалаулы найза, қоңырау-
лы найза, сырлы найза, қайың найза, тулы емен найза, қара-
ғай найза, ырғай найза, тулы найза, байрақты найза; шаба-
тын қарулардың түрлері – айбалта, екі басты балта, қара бал-
та, ақ балта, ала балта, толғамалы балта т.б.; соғатын қару-
ларының түрлері – шоқпар, жез шоқпар, тас шоқпар, шойын
шоқпар, күрсі, бұздыған, басмойын шоқпар, бес батпан
шоқпар, он екі батпан күрсі т.б.;

г) қаруды қолдану, жұмсау, асыну әдістері: ату, кесу, шабу,
түйреу, соғу, шаныу, тіреу, қадау, үйіру, керу, тарту, қан-
жығаға байлау, тоқымға басу, тебінгіге қыстыру т.б.;

д) қорғаныс жарағының атаулары: сауыт түрлері – көбе
сауыт, ақ көбе, жеңсіз берен, кіреуке сауыт, шар болат,

жалаңқат т.б.; дулыға түрлері – шошақ дулыға, көбе дулыға, болат дулыға, алтын қалпақ, жез телпек т.б.; қалқан түрлері – болат қалқан, тері қалқан, тақтай қалқан, тал қалқан, көбе қалқан; сауыттың жасалу әдістері – тоқу, өру, соғу, тігу, шегелеу, сыру, астарлау, көбелеу, теру, байлау және т.б.

2) музыкаға қатысты атаулар: сыбызғышы, кернейші, күйші, қомысшы, құрайшы, сырнайшы, домбырашы, қобызшы және т.б.

3) сауда-саттыққа байланысты атаулар: сатарман (сатушы адам), саудагер, таразышы, базаркеш, көтермеші, омарташы (бал сатушы), аспапшы (құрал-сайман жасап сатушы), делдал, таразбан, базаршы, жәрменкеші және т.б.;

4) арнайы кәсіп иелерінің атаулары: жұлдызшы – «аспан денелерінің қозғалыстарын бақылаумен шұғылданатын оқымысты, астроном», жылнамашы – «жылнама жазатын адам», дастаншы, аңызшы, жыршы, қиссашы, мысалшы, оқытушы және т.б.;

5) қызмет ететін орнына байланысты атаулар: «моншаны қыздырып дайындаушы» – моншашы, «қазына ұстаушы» – қазынашы, «қойма ұстаушы» – қоймашы, «сарай күзетуші» – сарайшы және т.б.

Бұл атаулардың сөзжасамдық құрылымын талдау барысында ономасиологиялық негізге сүйене отырып, олардың сөзжасамдық түрлерін саралаудан гөрі осы кезеңге тән сөзжасамның жүйелілік құбылыстарын құрайтын атаулардың үждері мен ішкі қатынастарын айқындау маңызды деп санаймыз.

Демек, қолөнершілер атауының ең өнімді ономасиологиялық құрылымы еңбек затына, бұйымына қатысты қалыптасқан атаулар тобы болып табылады. Бұл қатынас сипаттамалы сөз тіркестері де арқылы беріліп отырған, мысалы: *өрүдің маманы* → **өрімші**, *бау байлаушы* → **баушы**, *жүк артушы* → **жүкші**, *лау айдаушы* → **лаушы**, *кен қазушы* → **кенші** т.б.

Сонымен, ойымызды жинақтап келгенде айтарымыз, біріншіден, аталмыш кезең біртұтас белгілі бір дәрежеде ұйымдасқан күнделікті қолданысқа лайық адамға қатысты атаулардың қоғамға пайдалы қызметті белгілейтін әдіс-тәсілдер жүйесі қалыптасуымен сипатталады.

Екіншіден, бұл тұста пайда болған қолөнершілер атаулары сол кезде қалыптасқан ұсақ қолөнері өндірісі жайлы

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— ұғымды айқындайды. Ал ұсақ қолөнер өндірісі қарапайым құрал-саймандарды пайдалану, тауарды дайындап, өңдеп шығару және оны өткізу, яғни сату қызметтерінің қатар іске асуы, тауарды тұтынушылар тапсырысы бойынша дайындау ерекшелігімен анықталады.

Үшіншіден, ұсақ тауарлық өндіріс жағдайында адамға қатысты атаулар негізі еңбек нәтижесі, демек, заттық қатынасты айқындайтын ономасиологиялық принципке сәйкес қалыптасады. Бұл өз кезегінде кәсіп иелерін білдіретін атаулардың басым көпшілігін, негізінен, субстантивті сипаттағы туынды сөздер жүйесі құрайтындығын анықтайды.

Төртіншіден, қолөнершілік кәсіп атауларының терминжасамында зат есімді негіз + -шы, -ші, ең өнімді сөзжасамдық құрылым болып табылады. Дегенмен, бұл сөзжасамдық парадигма адам тұлғасын білдіруші басқа да жұрнақтар арқылы жасалып, мысалы, -гер, -кер, -бан т.б., варианттылық құбылысымен сипатталады.

Бесіншіден, кәсіп иелері атауларының терминденуі шектеулі адамдарға ғана түсінікті көптеген жеке операцияларға бөлінген кәсіби іс-әрекеттің және өндірістің арнайы нысаны қалыптасу кезінен ғана басталады. Сонымен бірге, біз бұл атаулардың терминдену кезеңін ХХ ғасырдың 10-30-жылдарынан бастағанды жөн көрдік. Себебі, бұл жалпы қазақ терминжасам үдерісінің ғылыми негізде жүргізілуінің бастапқы кезеңі болып табылады. Ал бұл кезең өз алдына бөлек түбегейлі зерттеуді қажет ететін мәселе екені сөзсіз.

Қазақ терминологиялық аталымының ұйымдық-мақсатты түрде жасалу кезеңі

Әрбір тілдің арнаулы лексика саласы ғасырлар бойы адамның еңбек қызметінің ұйымдастырылуымен байланысты қалыптасады. Адамның мақсатты кәсіби қызметі үдерісінің барысында жаңа идеялар мен заттар пайда болып, оларға атау беру қажеттілігі туындайды. Ал атауы жоқ ұғымдармен, заттармен әрекет жасау қиындығы кәсіби қызмет үдерісінде үнемі жаңа лексикалық құралдар мен тәсілдер жасалуына алып келеді. Жалпы лексикаға қарағанда арнаулы лексика тек сол салада қызмет ететін адамдарға ғана түсінікті

болып, арнаулы коммуникация құралы болып табылады. Арнаулы лексиканың ең бір қомақты бөлігін түрлі жалпы есімдер топтары (адам аттары, географиялық, ғарыш, геологиялық нысандар атаулары) және терминдер мен номендер құрайды.

Адам қызметі мен білімінің түрлі салаларын қамтитын арнаулы лексиканың реттелуі мен біріздендірілуі «термин» ұғымымен тығыз байланысты. Ресей тіл білімінде термин мәселесіне арналған көптеген монографиялар мен оқулықтар жарық көрді, мақалалар жазылды. Бұл мәселелер Г.О.Винокур, Л.Н.Капаназе, Ю.Н.Бельчиков, А.А.Реформатский, Д.С.Лотте, В.В.Виноградов, В.П.Даниленко, Т.Н.Канделаки, В.М.Лейчик, А.И.Моисеев, В.Н.Гречко, Л.И.Сворцов, Н.Л.Котелова, О.И.Блинова, Т.С.Коготкова, И.Н.Волкова, А.В.Суперанская, Н.В.Подольская, Н.В.Васильева, С.Д.Шелов, С.В.Гринев, М.Н.Володина т.б. зерттеулерінің арнайы нысаны болғаны белгілі.

Дегенмен, аталмыш ғалымдардың «термин» ұғымын анықтауында, оны жалпықолданыстық сөздер мен арнаулы лексиканың басқа да топтарынан ажыратып көрсетулерінде әлі күнге дейін бір шешімге келген пікірлері мен көзқарастары қалыптаса қойған жоқ. Терминдерді жалпы әдеби тіл сөздерімен салыстырып қарастыру мәселесі әрқашанда зерттеушілердің назарынан тыс қалмаған. Әсіресе бұл терминологияны, арнаулы лексика бірліктері мен түрлі терминдердің қызмет етуі мен реттеу мәселелерін анықтауда өзектілігі айқын көрінеді. Бұл жөнінде С.В.Гриневтің мынадай тұжырымы назар аударарлық: «Термин ұғымын, термин мен сөздің сәйкестігін анықтап алмай, терминологиялық жұмыстардың негізгі міндеттерін айқындауға болмайды» [145, 26 б.].

Аталмыш мәселені қарастырудағы ғалымдар ұсынған негізгі көзқарастар бойынша, терминдер ұлттық әдеби тілдің басқа лексикалық бірліктеріне, мынадай критерийлер тұрғысынан ажыратылады (А.А.Реформатский, С.В.Гринев, Д.С.Лотте, Л.А.Капаназе):

- 1) бірмағыналылық;
- 2) дәлдік;
- 3) жүйелілік;
- 4) жазылу тұрақтылығы;
- 5) эмоционалдық бейтараптылық;

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

- 6) заттық аталымдылық;
- 7) мәнмәтіндік тәуелсіздік;
- 8) қысқалық;
- 9) әдеби тіл нормаларына сәйкестілік.

Мәселен, А.А.Реформатскийдің пікірі бойынша: «Дұрыс терминдер мейлінше көпмағыналылық пен экспрессиялықтан шектелуі керек, сонда ғана олар көпмағыналы және экспрессиялы қарапайым терминологиялық емес сөздерден айқын ажыратылады» [91, 58 б.].

Ал кейбір ғалымдардың (А.Я.Шайкевич, Ф.В.Риггз т.б.) пайымдауынша, «идеалды терминдер» тек жаратылыстану және дәл ғылымдардың терминдері ғана болуы мүмкін. Г.О.Винокур: «Термин ретінде кез келген сөз қабылдануы мүмкін. Терминдер бұл ерекше сөздер емес, ерекше қызмет атқарушы сөздер ғана», - деп жазады [93, 5 б.]. Осындай функционалдық бағытты ұстанушылық басқа да авторлардың еңбектерінде сөз болады. Мысалы, В.М.Лейчик: «... жай тілдік бірлік терминологиялық қызметті орындау нәтижесінде ғана терминнің белгілерін қабылдайды және бұл тілдік бірлік термин болуынан бастап бұрынғы белгілерін де жоғалтады», - деп көрсетеді [146, 10 б.].

Терминдік бірліктердің атқаратын негізгі қызметі аталымдық-дефинитивтік қызмет деп аталады. Өз кезегінде бұл қызметтің ерекшелігі терминнің мынадай қасиеттерімен айқындалады:

а) термин белгілі бір білім саласының ұғымдар жүйесінің арнаулы ұғымын белгілейді;

ә) термин дефиницияның орнына қолданылады.

Ал терминнің міндетті түрдегі жүйелілік сипатын барлық зерттеушілер бірауыздан қолдап, оны негізгі белгілердің қатарына жатқызады. Алғаш рет термин мен ұғымның жүйелі сәйкестігі жөнінде сөз қозғаған ғалым Д.С.Лотте терминология жүйелілігі мына шарттардың сақталуын талап етеді деп көрсеткен [147, 10 б.]:

1) терминологиялық жүйе ұғымдар классификациясына негізделуі тиіс;

2) жіктемелік сұлбаларды негізге алып, терминденуші белгілер мен ұғымдарды ажыратып көрсету қажет;

3) сөздер терминденуші ұғымның басқа ұғымдармен ұқсастығы мен ерекшелігін көрсетуі керек.

Жоғарыда көрсеткеніміздей, терминдердің жүйелілік принципі – барлық зерттеушілер мойындаған құбылыс. Алайда терминнің белгілі бір ұғымдар жүйесіндегі ұғыммен жүйелі сәйкестігі мен оның сипаты әлі күнге дейін пікірталас тудыруда. Ғалым Е.Н.Толикина термин жүйелілігінің үш түрлі бағытта қарастырылатынын айтады: «Бірінші көзқарасты ұстанатын авторлардың пікірі бойынша, жүйелілік жіктемелік маңыздылықты анықтаса, екіншілері терминнің сөзжасамдық жүйелілігін басшылыққа алады, ал үшіншілері терминнің екіжақтылық жүйелілігін атап көрсетеді: терминологиялық жүйе элементі ретіндегі жүйелілігі және жалпы тілдік жүйе элементі ретіндегі жүйелілік» [148, 53-54 бб.].


Жалпы терминнің белгілі ұғымдар жүйесіндегі бір ұғыммен байланысы жеке терминологиялық өріс шеңберінде анықталады, ал одан тыс болған жағдайда терминдердің омонимдік құбылыстары пайда болады. Осы сияқты түрлі көзқарастар арнаулы ұғымдар – терминдердің атаулану үдерісі жөнінде де бар. Мәселен, Ю.Д.Апресян «Табиғи тіл ұғымдары және жасалынды тіл ұғымдары», – деп жалпықолданыстық сөздер мен терминдерді ажыратып көрсетеді [149, 91 б.]. Ю.Д.Апресянның осы пікірі ғалым С.В.Гриневтің де еңбегінде қолдау тапқан. Зерттеушінің тұжырымдауынша, «ұғым» мен «түсініктің» арасындағы айырмашылық біріншісінің терминге, ал екіншісінің жалпықолданыстық сөзге қатыстылығымен айқындалады [145, 32 б.].

Лингвистикада жалпықолданыстық сөз мағынасы мен оның негізінде жасалатын арнаулы – терминологиялық мағынаны айырып көрсету дәстүрі белгілі тілші-ғалым А.А.Потебня мен Л.В.Щербаның еңбектерінен бастау алған. Олар сөз мағынасының «жақын» және «әрі қарайғы» бағыттарын анықтап көрсеткен [150; 151].

Терминология мәселесін арнайы зерттеген ғалым В.М.Лейчиктің пайымдауынша, термин мен ұғым байланысы туралы тұжырымдар нақтылауды қажет етеді. Өйткені қисынды ұғымдар ғылыми-техникалық т.б. ұғымдардан жай ажыратыла бермейді. Осымен байланысты автор былай деп жазады: «Терминдер арнаулы ұғымдарды белгілейтін құралдар ретінде өздерінің мазмұндық құралымдарында қисынды да, арнаулы да ұғымдардың белгілерін көрсетеді. Бұл қисынды ұғым белгілері терминнің мазмұндық құрылымында орын алады дегенді білдіреді.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Сонымен, термин дегеніміз – күрделі көп қабатты құрылым, оның астыңғы қабаты қисынды суперстраттан құралады. Ал бұл құрылымның өзегін ерекше концептуалды, функционалды және формалды құрылымдардан тұратын терминологиялық маңыз құрайды» [152, 21 б.]. Оны сурет түрінде беретін болсақ:



Сурет 7 - Терминнің логикалық-тілдік құрылымы

Сонымен бірге терминнің міндетті түрде дефинициясының болу критерийі–лингвистикалық әдебиеттерде жиі талқыланатын мәселе (О.С.Ахманова, В.П.Даниленко, В.Н.Володина т.б.). Осыған орай, зерттеушілер (У.Вайнрайх, С.Д.Шелов, В.М.Лейчик т.б.) дәстүрлі «термин – ұғым – дефиниция» үш тағанының тұрақтылық сипатына күмән келтіреді.

Шын мәнісінде, егер терминнің дефинициясының болуы ең бір маңызды критерий болса, онда қазір қазақ тіл білімі терминдерінің көбі лексикографиялық еңбектерде тіркелмеген жайы барша тілшілер қауымына мәлім, онда дефинициясы жоқ терминдерді қазақ тіл білімі терминологиялық жүйесінен тыс қалдыру қажет болады. Сондықтан да бұл критерий қазіргі таңда әлі өзінің тиісті деңгейінде сақталады деп қорытындылауға болмайтындығын айтамыз. Яғни дефиницияның жоқтығы терминдік статуска ешбір нұқсан келтірмейді, өйткені оның ұғымдық маз-

мұны оған кіретін элементтер мен оның мәнмәтіндік қолданысы арқылы да айқындала береді. Осы ретте біз ғалымдардың (С.Д.Шелов) дефиниция терминнің – ұғымдық өзгешілігін тіркеудің бір тәсілі деген пікірлерін қолдаймыз.

Терминдердің ең бір талас келтірмейтін ерекшеліктерінің бірі – олардың негізгі тілдік құралдар ретінде тілдік жүйенің белгілі бір бөлігінде қызмет етуі. Мұндай тілдің ішіндегі бір жүйені белгілеу үшін лингвистикалық әдебиеттерде көптеген терминдер қолданылады (В.М.Лейчик, А.В.Суперанская, Н.В.Подольская, Н.В.Васильева, В.П.Петушков, А.Я. Шайкевич т.б.):

- 1) «арнаулы мақсаттарға арналған тіл»;
- 2) «арнаулы тіл»;
- 3) «кішігірім тіл».

Осымен байланысты, осы күнге дейін шешімін таппаған мәселелердің бірі – арнаулы мақсаттарға бағытталған тілдердің лексикасындағы терминдердің алатын орны болып табылады. Сонымен бірге, В.М.Лейчик, С.В.Гринева, С.Д.Шелов сынды орыс ғалымдары терминдердің номенклатуралық атаулардан, терминоидтардан, предтерминдерден, квазитерминдерден, кәсіби лексика мен кәсіби жаргондардан өзгешілігі де тиісті шешімін таппағандығын атап көрсетеді.

Біздің зерттеуіміз үшін арнаулы лексиканың терминологиялық және кәсіби лексика (кәсіби сөздер мен кәсіби жаргондар) деп жіктелгені маңызды. Ал мұндай жіктеу жүргізу үшін ең басты критерий ретінде коммуниктивтік жағдаяттың формалдылық, бейформалдылық құбылыстары басшылыққа алынады.

Осыған орай, зерттеуші Л.П.Крысиннің мына тұжырымы осы мәселенің анық-қанығын көрсететін сияқты: «Белгілі бір кәсіп өкілдері өздерінің кәсіби ортасында қарым-қатынас жасауда ұлттық тілдің екі бірдей «кішігірім тілін» қолданады. Қарапайым, күнделікті қарым-қатынаста кәсіби жаргонды қолданса, ресми мақсаттарда, әсіресе жазба түрінде арнаулы «кішігірім тілді» пайдаланады» [153, 69 б.].

С.Д.Шелов кәсіби лексиканың төмендегідей ерекшеліктерін анықтайды:

- 1) сөз немесе сөз тіркесінің аталмыш мағынасында қолданылуының үлкен немесе кіші мөлшерде нормаланбағандығы;
- 2) оның қолданысының функционалдық-стильдік шектелуі (ауызекі сөйлеумен шектелуі);

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—


3) эмоционалды-экспрессивтік коннотациялар мен бейнеліліктің болуы [154, 82-84 бб.].

Автордың пікірінше, кәсіби лексика сипаттамасында көрсетілген ерекшеліктердің алғашқы екеуі соңғысына қарағанда маңыздырақ: «Сонымен, нормативтік бағыттың негізгі нысаны аталым фактісі (таңба дұрыс жасалған ба, жоқ па) емес, таңбаның сол мағынада және сол жағдаятта қолданылу факті болып табылады» [154, 82 б.].

Ғалымның эмоционалды-экспрессивтік коннотациялардың болуы, болмауы жайында айтқан тұжырымы да дәлелді көрінеді. Ол коннотациялардың болу, болмауын тілдік бірліктердің терминологиялық игерімі дәрежесіне байланысты қатыстылық сипатымен айқындалады деп түсіндіреді [154, 84 б.].

Шынында да, терминдену үдерісі лезде, бір сәтте орындалатын іс-әрекет емес, ол бірте-бірте жүргізіліп, оның барысында эмоционалды-экспрессивтік коннотациялардың ақырын жойылуы да мүмкін. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, терминдердің арнаулы функционалды стильдің ерекше компоненті болуы терминологияның стильдік бейтараптылығын анықтайды. Себебі, термин ешбір эмоционалдық реңкті білдірмегені дұрыс. Осымен байланысты терминнің жалпы әдеби тілдің атауыштық бірліктерімен арақатынасы анықталады (терминдену үдерістері, бейтерминдену, жалпы қолданыстағы көпмағыналы сөздермен арақатынасы). Терминологияның жүйелі параметрлерінің негізгі критерийлерін терминнің тілдің стилистикалық құрылымындағы орны, этимологиясының, грамматикалық құрылымы мен сөзжасамдық парадигмалық ерекшеліктері, лексика-семантикалық топтар мен категориялармен байланысы сияқты құбылыстар анықтайды.

Жүйелі терминологияның тілдің стилистикалық құрылысындағы орны әдеби функционалды стильдер шеңберіндегі жалпы тілдік қордың жалпықолданыстық лексика мен кәсіби лексика бөлігі ортасында болып келеді. Оны сурет түрінде берсек:



Сурет 8 – Терминологияның әдеби стильдердегі орны

Жалпықолданыстық, кәсіби атаулар сияқты жүйелі терминдер де белгілі бір ұғымдарды білдіргенімен, ғылыми, өндірістік ұғымдардың арнаулы белгіленуі болып табылады. Терминдердің кәсіби сөздерге қарағанда қолданыстық аясы әлдеқайда кең және бірнеше елдерде, мемлекеттерде белгілі болады.

Кәсіби сөздер мен терминдердің айырмашылығы олардың сипаттамаларында айқынырақ көрінеді. Кәсіби сөздердің жүйелі терминдерден өзгешелігі – ұжым және белгілі аумақпен шектелуінде. Кәсіби лексика–терминдердің қысқартылған және қарапайым дублет-атаулары. Кәсіби лексикада жалпықолданыстағы лексиканың метафоралануына келе бермейтін, маңызы жоқ белгілері алынады. Мысалы, **каплей** – *капитан* – *лейтенант* (теңізшілердің кәсіби кодификацияланбаған ауызекі сөйлеуінде), **коробка** – *гимарат* (құрылысшылардың кәсіби терминологиялық емес атауы) және т.б.

Жүйелі терминдердің жалпықолданыстық, кәсіби лексикалық атаулардан ең маңызды, басты өзгешелігі – бейэмоционалдылығы. Егер терминде эмоционалдық ренк (семема) пайда болған жағдайда ол терминологиялық жүйеден тыс қалып, пассив, жалпы тілдік қордан немесе кодификацияланбаған кәсіби сөйлеу жүйесінен орын алады. Сондықтан да неологиялық терминжасам сипатын айқындауда кез келген жаңа инновацияның термин бола бермейтіндігіне жете мән беру қажет.

Білім-ғылымсыз ізгілікті қоғам құрып, өркениетті елдердің қатарына қосылу да, даму да, әлемдік білім кеңістігіне ену де мүмкін емес. Өйткені білім – қоғамды әлеуметтік, мәдени-ғылыми үрдіспен қамтамасыз ететін құбылыс. Оның ең негізгі тірегі болып табылатын мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту, қоғамдық өмірдің барлық саласына енгізу, орнықтыру мәселесі қазіргі таңда кезек күттірмейтін мәселелердің біріне жатады.

Қазақ терминологиясы дамуының қай кезеңі болмасын терминжасам, терминологияны қалыптастыру, біріздендіру, жүйелеу сияқты терминологиялық мәселелер мемлекеттік тіл саясатына сәйкес жүргізіліп, терминология саласының маңызы заман талабына сәйкес анықталып отырған. Терминологияның қоғам өмірінде алатын орны, оның сол қоғамдағы атқаратын қызметтерінің мәні мен ауқымы, келешек-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

тегі даму бағыттары, басқа ұлт терминдерімен қатынасы сияқты маңызды мәселелердің барлығы да мемлекеттің жүргізіп отырған тіл саясатына сәйкес белгіленетіні мәлім.

Терминдердің осы уақытқа дейін орыс тілінен немесе орыс тілі арқылы басқа тілдерден еніп, лексикамыздың терминдік қабатының негізін құраушы термин-сөздер тобы болып келгені белгілі. Қазақ терминологиясындағы тілдік элементтер қатарына орыс тілінен кірігіп, төркіні өзге тілдерден бастау алатын интернационалдық терминдер де жатады. Бұл атаулар – жалпы халыққа таныс, қолдану жиілігі өте жоғары терминдер. Олардың құрамына орыс тілінің элементтері де еніп кеткенін байқауға болады. Бұл туралы академик Ө.Айтбайұлы мынадай пікір білдіреді: «Қазақ терминологиясын қалыптастыруда айрықша орны бар ... бір көз – ол орыс және сол тіл арқылы келіп жеткен интернационалдық терминдер. Соңғы 50-60 жылда бұлардың қатарының көбейгені соншама, қазіргі қолданыстағы сөз байлығымыздың кем дегенде 70-80 процентін қамтиды екен. Бұл, бір қарағанда, тіл байытудың өнімді жолы боп көрінгенімен, екінші жағынан, ұлттың тіл тынысын тарылта бастаған, сондықтан да саналы түрде саралап қолдануды қажет ететін лексикалық қорға айналып барады» [112, 100 б.]. Дегенмен, тіліміздің терминологиялық жүйесін жасауда өзіндік орны бар бұл кірме терминдер әдеби тілдің даму барысын сипаттайтыны сөзсіз. Қазірде бұлардың көбі қоғам дамуының ерекшеліктеріне сәйкес қазақ тіліне аударыла бастады. Ал біразы дыбысталуы тұрғысынан қазіргі әдеби тіл нормасына сәйкестендірілуде.

Академик Ө.Айтбайұлы аталмыш еңбегінде орыс тілінен енген сөздерді сарапқа ала отырып, олардың тілімізге енуін мынадай себептермен түсіндіреді: «Алғашқыда бұлар өзара қарым-қатынас нәтижесінде стихиялық түрде еніп, кіріге бастайды. Ал кейін, әсіресе, Қазан төңкерісінен соң орыс және интертерминдер жоспарлы және жүйелі түрде ресми әрекеттер нәтижесінде енгізіліп, қатар түзейді. Тіпті бұларды тым еркінсіткеніміз соншама, ана тіліміздің ежелден қалыптасқан сөзжасам заңдылықтарын аяқ асты етіп, ол сөздер жат тілдік пішінін бұзбай қабылданатын болды» [112, 75 б.].

Әскери атауларға байланысты сол кезде пайда болған термин сөздердің бағыныштылық қатынасты білдіретін *под-*,

обер-, унтер-, фельд- сияқты сөз алды қосымшалары арқылы жасалған сөздер екендігін байқауға болады. Мысалы, *поручик* – «Орыс армиясында XVII ғасырдан бастап қолданылған офицерлік шен» → *подпоручик* – «Патшалық Ресей армиясында прапорщик пен поручик аралығындағы бірінші офицерлік шен»; *офицер* → *унтер-офицер*; *лейтенант* → *обер-лейтенант*; *маршал* → *фельдмаршал*; *генерал-фельдмаршал*; *фельдфебель* және т.б.

Жалпы, сол кезде орыс тілінен енген сөздер құрамы жағынан әр алуан: **саяси атаулар** – *аунартком, ауатком, ауылнай, социал-шовинист, революционер-демократ, меньшевик, комсомол, социал-демократ* т.б.; **үй тұрмысы, шаруашылыққа байланысты атаулар** – *фермер, көшір, тәшкеші, батырақ* т.б.; **мәдениет пен ғылым саласына қатысты атаулар** – *әртис, доқтыр, математик, музыкант, инженер* және т.б. Орыс халқының өзіне ғана тән *тұрмыс-тіршілік, әскери-әкімшілік* т.б. ерекшелігіне байланысты *дворян, гусар, есаул, дьяк, городской, пристав, кулак, крепостник, помещик, урядник, ротмистр, жандарм, капрал* тәрізді сөздер де бар.

Әрине, кірме терминдер мәселесі арнайы зерттелуді қажет ететін мәселелердің қатарына жатады. Бірақ, әсіресе, орыс тілінен енген ғылыми ұғымдарды білдіретін терминдердің немесе терминдер құрамындағы өзге тілдік терминдік элементтердің, терминдік элемент ретінде қолданылып жүрген префикстер мен префиксоидтар, аффикстер мен аффиксоидтардың көпшілігі аударуға келетін мағыналарды білдіреді. Демек, олар беретін ұғымдардың өзін аударып немесе басқа баламасын жасау арқылы жеткізуге болады.

Осыған байланысты кейбір ғалымдар бар интернационалдық терминдерді кеңінен қолдап, ғылымның дамуымен байланысты жасалып жатқан кірме терминдерді кіргізуден бас тартсақ, ғылыми интеграциядан алшақтап, әлемдегі дамып жатқан ғылыми жаңалықтар легінен тыс қаламыз деген пікірді алға тартады. Бірақ терминнің кірме нұсқасы мен қазақ тіліндегі нұсқасын қатар қолдана отырып, дублеттік құбылысын қалыптастыру бұл мәселенің шешілуіне алып келмейтіні анық.

Бұл, әсіресе, кірме терминдерді қазақыландырудың алғашқы кезеңіне тән құбылыстардың бірі. Мысалы: «*Оқыған*

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— дәрігерлер арасында не ауру екенін айыра алмайтын докторлар толып жатыр» («Қазақ», 1913, №27). Жалпы XX ғасырдың басы қазақ терминологиясы үшін қазақ халқы елінде болып жатқан саяси-әлеуметтік, қоғамдық, экономикалық, мәдени өзгерістерге байланысты кірген жаңа ұғымдарды ұлттық тілде баламалауда, сөз тудыру, терминжасам амалдарын жетілдіруде ерекше болды.

Қарастырылып отырған мәселенің терминография тарихы үшін маңыздылығын анықтап, ғалым Ш.Құрманбайұлы былай деп жазады: «Ұлт тіліндегі алғашқы терминологиялық сөздіктеріміз өткен ғасырдың 20-30-жылдары жарық көргені белгілі. Бұл тұрғыда хронологиялық жағынан Н.Қаратышқанұлының «Пән сөздері» ең алғашқы жарық көрген терминологиялық сөздік ретінде көрсетіліп жүр. ... 1910 жылдардан 1930 жылдарға дейінгі аралықта А.Байтұрсынұлы бастаған қазақ зиялыларының ұстанымдарына сәйкес термин шығармашылығының ұлттық сипатта дамуымен ерекшелетіндігі белгілі. Сол кезеңде жарық көргендіктен, бұл сөздік те өз уақытының талабына, терминологияның даму үрдісіне сай жасалған» [155, 3-4 бб.].

Аталмыш сөздіктегі ерекше мол терминдердің бір тобы – кәсіп иелерінің атаулары. Бұл атаулар қоғамдық өмірдің әртүрлі саласын, лауазым, атақ-дәрежеге тән сөздерді қамтиды. Басым көпшілігі қазіргі тілімізде сол күйінде өзгеріссіз қолданылады. Мысалы, *жәбірленуші (потерпевший), тергеуші (следователь), нұсқаушы (инструктор), меңгеруші (заведующий), егінші, диқан (земледелец), қазынашы (казначей), шебер (мастер), теруші, тізуші (наборщик), бақылаушы, байқаушы (наблюдатель), мирасқор, мұрагер (наследник), жұмысшы, жұмыскер (рабочий), сақтандырушы (страхователь), сақтаушы (страховщик), айғақ (понятой)* және т.б.

Сонымен бірге, сөздікте біршама орыс тілінен енген және интернационалдық терминдер қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне икемделіп алынған. Мысалы, *аптамабиліші (автомобилист), атұлтан (адъютант), әртіс (артист), ботысман (боцман), бұғалтыр (бухгалтер), белесепетші (велосипедист), доқтыр (доктор), деректір (директор), енженер (инженер), инспектір (инспектор), кәстір (кассир), кіняз (князь), кемесер (комиссар), лоспан (лоцман), натарыс (нотариус), пұркерел (прокурор), потограпияшы (фотограф)* т.б.

Қарастырылып отырған кезең ғасырлар бойы қаланған табиғи терминологияның ғылыми тұрғыдан ұйымдастырылып және саналы түрде қалыптаса бастағанын көрсетеді:

1) -шы, -ші жұрнақтарының етістікті негізге жалғануы арқылы кәсіп иелерін білдіретін универбті атаулар терминжасамының өнімді және тұрақты тәсілдерінің біріне айналған: *сену – сенуші, істеу – істеуші, орындау – орындаушы, теру – теруші, бақылау – бақылаушы, қарау – қараушы, ұйыстыру – ұйыстырушы, көшіру – көшіруші, тергеу – тергеуші* және т.б.;

2) сол кездегі қазақ зиялы қауымының кәсіп атауларын қалыптастыруда терминжасамды біркелкі үлгіде рәсімдеу талпынысы байқалады. Мысалы, *өнер, кәсіп (профессия) – сәулет өнері (архитектура) → сәулет өнерпазы (архитектор), су өнері (гидротехника) → су өнерпазы (гидротехник)* және т.б.;

3) сөз тіркесті терминдер көбінесе қызметтік иерархия мағынасын білдіреді. Мысалы: а) *ұлы әскер басы (главнокомандующий), ұлы доқытыр (главный доктор), қарауыл бастығы (начальник караула), әскер ыштабының бастығы (начальник военного штаба), түрменің саясат бөлімінің бастығы (начальник политотдела дивизии), қамсыздандыру бастығы (начальник снабжения), ірі істер тергеуші (следователь по важнейшим делам)* т.б.; ә) іс-әрекет және оның нысанын көрсетуші сөз тіркесті атаулар: *өкілдік беруші (доверитель), өсиет етуші (завещатель), бөдірет беруші (заказчик), кепіл салушы (залогодержатель), бақылаушы ұшқыш (летчик-наблюдатель), қалық тергеушісі (народный следователь), мұра қалдырушы (наследователь), билік орындаушы (судебный исполнитель), іс жүргізуші (делопроизводитель)* т.б.; б) іс-әрекеттің нысаны мен оның орындаушысын білдіруші атаулар: *шаруа маманы (агроном), берже делдалы (биржевой маклер), мал дәрігері (ветеринарный врач), әскерлік қызметші (военнослужащий), қызмет адамы (должностное лицо)* және т.б.

Табиғи терминологияның қалыптасуы ұзақ уақыттық аралықты, кейде бірнеше дәуірлік, ғасырлық уақытты да талап ететініне байланысты біз талдап отырған кезеңде күрделі терминдер әлі қалыптаса қоймағаны байқалады. Мәселен,

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— бұған Н.Қаратышқановтың «Пән сөздері» сөздігіндегі *алып сатар (спекулянт)* тәрізді атаулардың бөлек жазылуының өзі дәлел бола алады.

Жалпы терминдік лексика көзінің екі түрі бар: ішкі көздері (жалпы қолданыстағы лексика) және сыртқы көздері (өзге тілден енген терминдер). Тілдің даму тарихы халық өмірінде болған өзгерістермен астасып жатады. Сол себепті бүкіл термин шығармашылығын, оның ішінде терминологиялық лексиканың терминденуі, сөзжасамның түрлі амалдары арқылы жасалған бөлігін де қоғам өміріндегі өзгерістермен тікелей байланысты қарастырғанымыз жөн.

Қазақ лексикасының терминденуін арнайы зерттеген ғалым Ш.Құрманбайұлы: «Терминдену дегеніміз – тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғымға қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталмыш ұғымның атауы ретінде терминдік мағына жүктеу процесі», – деп түсіндіреді [118, 15 б.]. Бұл ретте, байырғы лексикамыздың жаңа өмірге лайықты жаңаша сипат алуы, өнімділік таныта бермейтін кейбір жалғау, жұрнақтардың жаңаша қызметке көшуі, қазақ сөзінің қоғамдағы қызметінің кеңеюі мен терминдік сипатта қолдана бастағаны сияқты тілдік құбылыстар сөз болады. Үздіксіз жүріп жатқан бұл тілдік үдерістің тіл ғылымы үшін маңызын ашып, зерттеудің қажет екені сөзсіз. Әрбір ұлт тілінің өз негізінде қалыптасқан қоғамдық-саяси, ғылыми, мәдени т.б. лексикасының зерттелуге тиісті мәселелерді арнайы қарастыру арқылы жалпы ғылым тілінің қалыптасу жолдарын нақты саралауға болады.

Жоғарыда айтып өткеніміздей, қандай да бір тілде болмасын, жаңа термин жасау, оның терминологиялық қорын байытып, терминологиялық жүйесін реттеудің негізгі көзі, ең алдымен, сол тілдің өз сөздік құрамы, жалпы әдеби тілі, ұлттық тіл лексикасы болып саналады. Сондықтан да терминдердің қатарында ұлт тіліне тән әртүрлі ономаσιологиялық құрылымдар мен үлгілер молынан кездеседі.

Осы кезеңге сәйкес тілдің номенклатуралық жүйесіндегі аталымның біртұтас тілдік бірлік күйінде қалыптасқан *«іс-әрекетті орындаушы, атқарушы»* мағынасындағы атауларды мынадай топтарға жіктеп қарастыруға болады:

1) өндірістік үдеріске байланысты қалыптасқан атаулар: *иші, илеуші (тері илеуші), бастырушы, жонушы, бояушы, бұрғышы, үгітші, құюшы, үгуші, шыңдаушы, қашаушы, пісіруші, басушы, иіруші, тұзуші, санаушы, реттеуші, сабаушы, тиеуші* және т.б.;

2) жұмыс орнына байланысты атаулар: *баспаханашы, баспагер, моншашы, шаштараз, бекетші, кемеші* және т.б.;

3) заттық қатынасқа байланысты (еңбек құралдары, шикізаттар, өнім, бұйым т.с.с.) атаулар: *қабаданшы, қайлашы, қақпанышы, қайрақшы, қалыпшы, қарағаншы, қарағайшы, көпірші, көмірші, ошақшы, отыншы, соқашы, диірменші, әйнекші, шарықшы, қоқыршы, мұнайшы, шырақшы, кенші, мысшы, жібекші, тұзшы* және т.б.;

4) спорт, ұлттық ойындар түрлеріне байланысты атаулар: *шаңғышы, тоғызқұмалақшы, ескекші, көкпаршы* және т.б.

Сонымен, қазіргі қазақ тілінің терминологиялық қабатын құрайтын көптеген терминдік атаулар ұлттық әдеби тілдің құрамындағы жалпыхалықтық қолданыстағы сөздер болып табылады. Осымен байланысты ғалым К.Аханов: «...әрбір тілдің байлығы ондағы сөздердің санының молдығымен өлшенбейді, сонымен бірге ондағы сөздердің мағынасының кеңдігі, түрлі-түрлі мағынада қолданылуға икемділігі, мәнерлеуші, бейнелеуші тәсілдерінің молдылығымен де өлшенеді», — деп көрсеткен [1, 84 б.].

Осы ретте тілші ғалым И.В.Арнольд: «... сөздің өрісінің өзгеруі, дәлірек айтқанда, бір саладан екінші салаға ауысуы әрдайым оның мағынасының өзгеруіне алып келеді», — деген тұжырым жасайды [156, 51 б.]. Сонымен бірге, жалпы лексиканың сөздері ұғым мен аталған нысанға сәйкес болатындығын және арнаулы лексиканың барлық сөздері арнаулы денотаттарға атау болатындықтан, жоғарғы денотатив бағытты иелену мәселелері А.В.Суперанская, Н.В.Подольская, Н.В.Васильевалар еңбегінде арнайы қарастырылған [73, 34 б.].

Арнаулы лексиканың құрамына адамның мамандық қызметімен тығыз байланысты барлық терминдік бірліктер жатады. Осы орайда ғалым А.В.Суперанская: «Арнаулы лексикаға жалпы қолданыста болмайтын барлық сөздерді немесе жалпы лексикада жоқ сөздерді жатқызу қате», — деген қорытынды жасайды [73, 26 б.]. Арнаулы лексика көлемін жалпы лексика көле-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— мімен салыстыра қарастыру мәселесі аталмыш еңбекте былай түсіндіріледі: «... кез келген ұлттық тіл заттық-кәсіптік өріс пен сөздік құрамын, жалпы лексика оның өзегін, ал жеке тілдік топтар оның перифериясын құрайды. Білім немесе өндіріс саласы неғұрлым ұлғайған сайын жалпы лексиканың перифериялық жағдайының негізінде кейде толық көрінбейтін қасиеттері жоғары деңгейден көрініс табады» [73, 27 б.].

Сонымен қатар, жалпы қолданыстағы сөздің терминологиялық өріске көшкенде мағынасы өзгеріп, жаңа үстеме мағыналар бірлігін құрайды. Енді, адам кәсібіне байланысты атаулар осы үстеме мағынаның мынадай түрлеріне ие бола алады:

- 1) адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауы;
- 2) белгілі бір іс-әрекетті жасап шығару мүмкіндігіне ие болуы;
- 3) белгілі бір іс-әрекетпен кәсіби түрде айналысуы;
- 4) іс-әрекетпен әуесқой түрде айналысуы;
- 5) бір іске, жұмысқа берілуі немесе сол іс, жұмысқа, кәсіпке бейім болуы;
- 6) іс, жұмыспен шектен тыс мөлшерде айналысуы;
- 7) белгілі бір қасиетке т.б. ие болуы және т.б.

Сонымен, адам кәсібіне байланысты атаулар терминжасамында негізгі сөз ретінде байырғы сөздер де, жаңа сөздер мен кірме атаулар да қолданылады. Бұл жалпы тілге тән ерекшелік болып табылады. Себебі тілдің дамуы оның лексикалық жүйесінің дамуымен байланысты болып келеді. Қазіргі терминологиялық қорды дамыту, байыту ұлттық әдеби лексикаға байланысты десек, оның ішінде қазақ тілінің өз негізінде қалыптасқан жалпы адам кәсібіне қатысты атаулардың да сипаты ерекше.

XX ғасырдың алғашқы кезеңі ғылым мен техниканың, экономиканың, жалпы мәдениет пен әлеуметтік өмірдің мейлінше дамуымен, сол кезде болған алуан түрлі әлеуметтік, саяси өзгерістер қоғамдық өмірге де көптеген жаңалық әкелуімен ерекшеленді. Қазақ тілі сөздік құрамында ғылым, өнеркәсіп, техникаға байланысты ұғымдарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестері байқала бастайды. Қазақ тілінде терминжасамның ғылыми негізде жүргізілуін XX ғасырдың бастапқы кезеңінен бастаған жөн деп санаймыз. Мұның өзіндік негізі бар. Ш.Құрманбайұлы алғы сөзін жазып, бас-

паға дайындаған «Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі» атты еңбегінде сол съезде алғаш рет қазақ терминологиясының ғылыми ұстанымдары жасалып, бекітілгені туралы айтылады. Олардың қысқаша мазмұны төмендегідей:

1 – Қазақша пән сөздері қазақтың өз тілінен алынатын болсын.

2 – Қазақтың өз тілінен табылмаған пән сөздер, басқа түрік қалықтарынан ізделсін; басқа түріктер тіліндегі пән сөздер – жалпы түрік сөзі болып, жат тілдің әсерінен аман болса, ондай сөздер жатырқамай алынсын.

3 – Иаурыпа қалықтарының бәрінің де сіңіп кеткен жалпы жұртқа ортақ пән сөздер, қазақ тілінің заңдарына келтіріліп, бізге де пән сөз болып алынсын.

4 – Қазақтың өз тілінен басқа тілдерден алынған пән сөздер қазақ тілінің байандамада байналаб көрсетілген заңдарынша өзгертіп алынсын.

5 – Қазақша пән сөздерін тексеріп қабылдап алатын орын, – қазақша білім кеңесі, – жалпы қазақ қалқы үшін жалғыз болсын.

6 – Қазақша сөздер әлібби ретімен тізіліп, лұғат кітебі болып жазылып шығарылсын [157, 105-106 бб.].

«Терминология мәселелері» жинағында орын алған профессор Ш.Құрманбайұлының «1920-1930 жылдары жарық көрген терминологиялық жинақтар мен сөздіктер туралы» мақаласында бұл съездің қазақ терминологиясы үшін маңызы былайша келтірілген: **«Айрықша атап өтуді қажет ететін мәселенің бірі – тұңғыш рет қазақ терминологиясын дамытудың қағидаттары осы съезде белгіленді.** Кезінде алаш зиялыларының аттарын атауға, олардың еңбектері туралы сөз қозғауға болмайтындықтан болса, олар ақталғаннан бергі кезеңде де түрлі себептермен, бірқатар тіл мамандары алғашқы терминология қағидаттары 30-жылдардың орта тұсында жасалды деп жазып жүр. Бұл пікірдің шындыққа жанаса қоймайтындығына осы съезд материалдары нақты дәлел бола алады. Терминология дамуының тұңғыш қағидаттары қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінің қаулысымен бекітілген. Бұл қағидаттар съезд қаулысымен бекітіліп қана қойған жоқ, алаш зиялыларын қуғын-сүргінге ұшыратып, істен шеттеткен отызыншы жылдардың басына

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— дейін олар терминологиялық жұмыстарды жүргізуде басшылыққа алынды» [158, 251-252 бб.].

Шынында да, сол кезеңдерде шыққан «Пән сөздер», «Атаулар сөздігі», «Қазақша-орысша тілмаш» тәрізді еңбектер терминологияның даму тарихынан біраз деректер береді. Мұнда терминдік пішінге ие болып, тұрақты атаулық қызмет атқара бастаған біршама сөздерді кездестіреміз. Бұл ретте, «Атаулар сөздігінің» орны айрықша. Мәселен, ғалым Ш.Құрманбайұлы аталмыш сөздіктің қазақ терминографиясы тарихындағы рөлі жөнінде былай дейді: «Қазақ терминографиясының тарихында өзіндік орны бар, «Атаулар сөздігі» өткен ғасырдың отызыншы жылдарындағы термин шығармашылығы мен терминологиялық сөздік түзу ісінің кезеңдік келбетін, терминология комиссиясының жұмысы мен алаш зиялыларының ұлттық терминқор қалыптастыруда ұстанған ұстанымдарын көрсететін нақты тілдік-тарихи дерек ретінде лексикограф, терминограф мамандардың, жалпы филологтердің, тіл мәселесі қызықтыратын көпшілік қауымының қажетіне жарайды деп білеміз» [159, 8 б.].

Ғылыми-техникалық төңкерістің тілдік құрылымдар дамуына ықпал етуі адам кәсібіне байланысты атаулардың терминденуінде жаңа қатынастар пайда болуымен айқындалды. Атап айтатын болсақ, іс-әрекет құралына байланысты қатынасты білдіретін жаңа ономасиологиялық құрылымдар жасалды. Мысалы, «Атаулар сөздігінде» мынадай өндіріс салалары дараланып, жеке көрсетілген: *тау-кен кесібі, ағаш жасау кесібі, кен өндірісі, қолөнер кесібі, алтын өндірісі, керемік кесібі, кәнсербі кесібі, бояу кесібі, орман кесібі, зығыр кесібі, май кесібі, май өндірісі, мәшине өндірісі, мәшине жасау кесібі, метал кесібі, метал шығару кесібі, тиірменшілік өндірісі, тиірменшілік кәсібі, сабын былғау кәсібі, мұнай кәсібі, өңдеу кәсібі, сауда кәсібі, мақта кәсібі* және т.б. Сонымен бірге, осы салаларға қатысты кәсіп атаулары да беріліп отырған. Мысалы: *тау-кен кесібі* → *тау-кен кәсіпшісі, кен қазушы; ағаш жасау кесібі* → *ағаш шебері; кен өндірісі* → *көншілер; қолөнер кесібі* → *қол кәсіпшісі; сауда кәсібі* → *саудагер* және т.б.

Ірі машиналық индустрияның дамуына орай механикаланған еңбек үдерісін білдіретін кәсіп атаулары қалыптаса бастай-

ды. Дегенмен, бұл кезеңге сәйкес мұндай атаулар көп кездесе бермейді, мысалы, *меқаникеші (тетікші)*. Бұл аралықта қазақ тіліне, әсіресе химиялық өндіріске байланысты көптеген сөздер еніп үлгерді: *орман кимиелік зауыт* (лесохимическая промышленность), *әпір* (эфир), *поспыр* (фосфор), *көкжар, кініраз* (купорос), *сірке* (уксус), *қышқыл поспырлы ізбес* (фосфорно-кислая известь) және т.б. сөздер сол кездерде-ақ тілімізге енген. Бірақ механикаландыру мен ғылым жетістіктерін аса қажет ететін бұл өндіріс салаласына қатысты кәсіп-мамандық атауларының әлі қалыптаса қоймағаны байқалады.

Біздің ойымызша, бұл ретте, орыс зерттеушісі О.Н.Трубачев атап көрсеткендей, дәстүрлі терминологияның көнелік негізі, яғни оның үнемі жеткіліксіздігі, нақты техникалық прогрестен артта қалып қоятын қасиеті көрініс табады [160, 9 б.]. Себебі, көп жағдайда, атаулар сол бұрынғы қалпында етістік негізінде жасалып, іс-қимылға байланысты қатынасты білдіргенімен, еңбек барысы белгілі бір машина, аппарат, құрал т.б. арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, *тоқушы* (текстильщик), *жол бұрушы* (стрелочник), *теруші* (наборщик), *реттеуші* (монтер) және т.б.

Ғылыми-техникалық төңкеріс заманында кәсіп иелері атауларының ономасиологиялық құрылымдарын айқындайтын табиғи негізде қалыптасқан терминология өндірістердің дамуы талабына сәйкес өзгерістерге ұшырап, ғылыми терминологияға айнала бастайды.

Шынында да, әдеттегі түсінік бойынша, термин сөздердің пайда болуын ғылым мен техникаға байланыстырамыз. Осымен байланысты ғалым Л.А.Шкатованың мына пікірі назар аударарлық: «Ғылыми-техникалық төңкеріс дәуірінде кәсіптер тар салалық категориядан әлеуметтік-экономикалық категория дәрежесіне көтеріліп, бұл өзгеріс өз кезегінде жалпы қоғамдағы кәсіпке деген көзқарастың өзгеруіне алып келді» [161, 95 б.].

Ғылыми-техникалық терминологияның мағыналар жүйесі Т.Л.Канделакидің көрсетуінше мынадай категориялардан тұрады: «1) заттық категория; 2) үдерістік категория; 3) жағдаяттық категория; 4) режимдік категория; 5) қасиеттік категория; 6) өлшемдік категория; 7) шама категориясы; 8) ғылым және оның салаларының категориясы; 9) кәсіптер мен

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— жұмыс категориясы» [12, 10 б.]. Ал осы негіздегі терминология принциптері академик Р.Сыздықтың пайымдауынша А.Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш рет көрсетілген: «... терминология ғылым, техника, саясат сияқты қоғамның интеллектік тіршілігіне қатысты дүние екендігін көрсете отырып, «термин» мен «ұғым» дегендердің өзара байланысына қатты назар аударады, яғни термин жасауда сөздің атаулық (номинативтік) қасиеті мен ұғымдық мәні дегендерді таниды. Айталық, техника салаларына жататын терминдердің жасалуында номинативтік бағдар, яғни заттардың атаулары бірінші орында тұрады (мысалы, машиналардың, техникалық құрал-жабдықтардың терминдері көбінесе зат атауларынан жасалады), ал ғылыми терминологияда «ұғым» бірінші орынға шығады, мұнда термин болатын ұғымға мән беріледі, басқаша айтқанда, ғылымға қатысты терминдер заттың аты емес, ұғымның аты болуы керек. ...Термин жасаудың амал-тәсілдерін де ғалым дұрыс түйсінген: тіл білімі үшін белгілі затты емес (номинативтік бағытты емес), ғылыми ұғымды атау қажеттігін теория жүзінде болсын, интуитивті түрде болсын жақсы сезген. Жаңа ұғымдарды, дерексіз есімдерді атауда (терминдеуде) жұрнақтар арқылы жаңа тұлға жасау, байырғы сөздердің мағынасын ауыстыру, лексикалық тіркестер түзу амалдарын қолданған, сөздерді біріктіру, қосарлау тәсілдеріне көп бармаған деуге болады: *жай-сын, зат-сын* (қазіргіше атасақ, субстантивтенген сын есім) сияқты бір-екі ғана тұлға бар» [162, 251-260 бб.].

Бұл жүйедегі әрбір мағынаның орны сол категорияның ішіндегі және басқа да категориялардың мағыналарымен байланысы негізінде айқындалады. Ғалым В.П.Даниленко айтқандай: «Табиғи терминология бірінен кейін бірі жалғасып жататын, бір топ ішінде иерархиялық қатынаста болатын мағыналар жүйесін құрайды. Бірақ бұл ұғымдар жүйесінің барлық мүшелері бірдей белгілі бір мазмұнға ие тілдік бірлік ретінде көріне бермейді. Сол себепті де көп жағдайда табиғи терминдер көп вариантты болып келеді» [109, 77 б.]

Лингвистикалық бақылауға әсіресе терминдер бейім келетіндігі белгілі. Олардың қатарына кәсіп иелерінің терминдік атауларын да жатқызуға болады. Бұл атаулардың жасалу үдерісін қадағалау, оларды реттеу және біріздендіру мәселе-

леріне қатысты зерттеулер мен практикалық іс-шаралар ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында басталған. Бірақ бұл салада істелетін шаруа әлі де болса жетерлік.

Терминдердің белгілейтін ұғымдарына мүмкіндігінше толық сәйкес келуі мәселелерін зерттеушілердің біразы терминдерді реттеудің лингвистикалық негізі ретінде мынадай принциптерді ұсынады: атаулардың негізгі құрылымдық түрлерінің таңдалуын қамтамасыз етуші жүйелілік принципі; кәсіп иелері атауларының жасалымындағы жалпы әдеби талаптардың ескерілуіне бағытталған нормативтік принцип және эстетикалық принцип [74, 14 б.].

Орыс тіліндегі кәсіп иелері атауларын ғылыми тұрғыда зерттеп, оларды реттеу мәселесін арнайы қарастырған ғалым Л.А.Шкатова кәсіп иелерін білдіретін терминдік атауларға біркелкілік, қысқалық және бейтараптылық сияқты талаптарды да қою қажеттігін атап көрсетеді [163, 17 б.]. Бірақ практика жүзінде аталған принциптердің бәрі бірдей толық іске асырыла бермейтіндігі белгілі. Осыдан, аталған талаптарға қоса арнайы филологиялық білімі жоқ практиктерге арналған лингвистикалық тұжырымдама (негіздеме) дайындау қажеттігі туындайды. Аталмыш мәселеге осы тұрғыдан келгенде терминдік атауларға қойылатын басты талаптар ретінде элеуметтік және эстетикалық шарттар болып табылатыны сөзсіз. Өйткені терминдік кәсіп иелерінің атаулары еңбек ететін адамдар қоғамында пайда болып, сол қоғамда оларға саналы түрде баға беріліп айқындалады.

Ғалым Д.Н.Шмелев атап көрсеткендей: «Терминдер – саналы түрде жасалған немесе көп варианттар арасынан таңдап алынған жасалынды құрылымдар» [164, 144 б.]. Ал белгілі тіл зерттеушісі Р.А.Будагов: «Ойланып жасау үдерісі бар жерде міндетті түрде тіл эстетикасы сақталады», – дейді [165, 85 б.].

Сөйтіп, терминнің эстетикалық жақтарына әсер ететін социолингвистикалық принцип төмендегідей критерийлерден тұрады:

- 1) кәсіптің қоғамдық маңыздылығы;
- 2) белгілі бір атаудың басқа да жаңа атаулар жасалымына негіз бола алу қабілеті;
- 3) жалпықолданыстық тілде ауыспалы мағыналарының болуы;

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

4) сөздің эмоционалдық реңкі мен қолданылу аясы.

Әйтсе де, терминжасамның ең басты лингвистикалық критерийі сөздің қай сөзжасамдық түр негізінде жасалған сипатымен анықталады. Мәселен, 1931 жылы жарық көрген «Атаулар сөздігі» мен 2005 жылы шыққан «Орысша-қазақша сөздік» материалдары негізінде терминжасам үдерісін салыстырып қарасақ, өзара едәуір айырмашылық бар екенін байқамау мүмкін емес. Алдыңғы еңбектегі өнімсіз жұрнақ, өнімсіз тұлға кейінгілерде сол кезеңге лайық өнімді жұрнақ, өнімді формаларға алмастырылады.

Кесте 2 – Терминжасам үдерісінің сипаты

«Атаулар сөздігі» (1931 жыл)	Орыс термині	«Орысша-қазақша сөздік» (2005 жыл)
Ұста	Кузнец	Ұста, шебер
Серік	Партнер	Серіктес
Тілмаш	Переводчик	Аудармашы
Шебер	Ремесленник	Қолөнерші
Өсімқор	Ростовщик	Өсім алушы
Аласылы	Кредитор	Қарыз беруші, несиеге беруші
Кепіл	Поручитель	Кепілші
Қамқор	Опекун	Қамқоршы

Сонымен бірге 2008 жылы жарық көрген ғалым Ш.Құрманбаұлының «Алаш және терминтану» атты монографиясындағы 30-жылдарға дейін жасалған терминдер тізімінде орын алған адамға қатысты атаулардан мынадай мысалдар келтіруге болады: *аламан (авантюрист), аптыр (автор), ұшушы (авиатор), атпекет (адвокат), сопы (аскет), кен қазушы (забойщик), дауашы (знахарь), қараушы (зритель), натуршы (натуралист), натуршы (натурщик/ца), мәклер (маклер), кісі киік (мизантроп), мәнтөр (мәшине реттеуші) (монтер), дінге үндеуші (миссионер), бересілі (должник), өсиетші, өсиет етуші (завещатель), талапкер (истец), билік орындаушы (судебный исполнитель), сақтаушы (страховщик), ақталушы (страхователь), мұрагер (наследник), мұрашы (наследодатель), құмса әйел (первородящая женщина), акушер (акушер), мал дәрігер (ветврач), мал першіл (ветфельдшер), қор-*

ғаушы (защитник), істеуші (исполнитель), азғыртушы (подстрекатель), жасы толмаған (несовершеннолетний), көмекші (пособник), ауған (переселенец), ақын (поэт), басқарушы (управляющий), серттес (контр-агент), бодырет беруші (заказчик), бодыретші (подрядчик), кен кәсіпкері (горнопромышленник), бақылаушы (надзиратель), кісі (физическое лицо), заң кісісі (юридическое лицо), жай кісі (частное лицо), ақы иесі (собственник) және т.б.

Ғалымның аталмыш монографиясындағы: «20-жылдары ғылыми терминологияны жасап, қалыптастыру стихиялы түрде жүзеге асырылмай, терминологиялық жұмыстарды мақсатты, жүйелі жолмен жүргізу қолға алына бастады. Термин комиссиясы құрылып, онда шоғырланған мамандар қазақша терминдерді жасау, іріктеу, көпшілікке ұсыну ісімен айналысты», – деген қорытындысы біздің зерттеуіміздегі қазақ терминологиялық аталымының қалыптасуын стихиялық түрде жасалу кезеңі және ұйымдық-мақсатты түрде жасалу кезеңі деп бөліп алған ұстанымыздың дұрыстығын дәлелдейді [166, 190 б.].

Ал термин қалыптастырудағы ономаσιологиялық критерий атау негізіне дұрыс белгі алынуын қамтамасыз етеді. Өйткені терминдер негізін қалыптастыратын белгілер саналы түрде іріктеліп алынады. Осындай термин қалыптастырудың тілдік табиғатын түсіндіру кезінде өте жиі қайталанатын тұжырымдардың бірі – В.В.Виноградовтың: «Терминнің жасалуы мен анықталуының екі жағы, оған деген екі көзқарас бар: құрылымдық-тілдік және белгілі бір ғылым, өндіріс немесе үдерістің ұғымдар жүйесінің дамуымен байланысты ұғымдық, семантикалық жағы. Бұл екі жүйе өзара әрекеттестік қатынаста болып, қоғам өмірімен, мәдени-тарихи дәстүрлермен тығыз байланысты болып келеді», – деген сөзі [108, 7 б.].

Осы тұрғыдан алып қарағанда, терминжасамның ұғымдық, семантикалық жағы нақты сол сала мамандарының, ал құрылымдық-тілдік жағы тілшілердің шешетін мәселелер қатарына жатады. Сонымен бірге терминжасамға тікелей қатысты терминдік түр ұғымын ескерген де өте маңызды. Терминдік түр дегеніміз – атаудың ономаσιологиялық және тілдік құрылымын айқындайтын жалпы терминжасалымның үлгісі, кестесі. Терминдік түр сөзжасамдық түрге қарағанда әлдеқайда кең ұғымды білдіреді. Себебі терминдік түрге ақиқат болмыстың

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

бөлек элементтерінің атаулану амал-тәсілдері да жатады, ал олардың барлығы бірдей сөзжасамдық болып табыла бермейді.

Ғалым П.Н.Денисов 1965 жылы «Русский язык в школе» журналының 6-санында жарияланған «Некоторые лингвистические проблемы терминологии» деген мақаласында мынадай пікір айтады: «Тілде екі қарама-қарсы үрдіс байқалады. Бірінші үрдіс – сөйлеушіні өзінің ойын субъективтік дәл жеткізу үшін жаңа атаулар, сөз тіркестерін жасауға итермелесе, ал екінші қарама-қарсы үрдіс – объективтік қарапайымдылық және түсінікті болу мақсатында субъективтік көптікке жол бермеуге тырысады.

Аталған екі үрдістің қарама-қарсылығы сөйлеуші мен тыңдаушының екі бөлек атқаратын қызметінен туындайды. Яғни сөйлеуші затты атайды (ономасиология), ал тыңдаушы сөйлеушінің атаған затын, ұғымын, құбылысын көз алдына келтіру, елестету, ұғыну қызметін атқарады (семасиология). Басқа сөзбен айтқанда, бұл екі үрдіс тілдік үдерістердегі анализ бен синтез құбылыстарының өзара әрекеттестігін айқындайды» [167, 13 б.].

Терминологиялық жүйенің ономасиология бағытында дамуы сөйлеушінің ұғымды белгілеп, оны нақты және дәл беруі қазіргі тілде аналитикалық құрылымдардың, сипаттамалы жасалымдардың кеңінен пайда болуына алып келеді. Мысалы, *мәдени-ағарту қызметкерлері, суретші-қалпына келтіруші, онколог ғалымдар* т.б. Ал ауызекі сөйлеу үдерісінде, керісінше, синтездеу құбылысы басым екендігі мәлім.

Осыдан шығатын қорытынды – сипаттамалы, сөз тіркесі арқылы жасалған немесе бір лексемалы кәсіп иелерін білдіретін атаулар жалпы лексика-семантикалық топ ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік терминдік үлгілері бар тілдік бірліктер қатарына жатады. Ал бұл атаулардың терминдену деңгейі әлеуметтік және ішкі тілдік заңдылықтарға бағынышты болып, мынадай шарттардың ескерілуін талап етеді: 1) қоғамдық қарым-қатынастар сипаты; 2) өндіріс, ғылым мен техниканың даму деңгейі; 3) еңбек мазмұны мен сипатын айқындайтын даралаушы белгілердің дамуы; 4) тілдің даму кезеңіне сәйкес тілдік жүйеде арнайы сөзжасамдық тәсілдердің болуы; 5) лексикалық жүйедегі парадигматикалық және синтагматикалық байланыстар дамуының деңгейі; 6) өнімді ономасиологиялық құрылымдар ішіндегі қарым-қатынас түрлері.

Қазақ ұлттық терминологиясы дамуының жаңа кезеңі

Тілдік бірліктерді ономасиологиялық тұрғыдан талдау принциптері сөзжасам, ономасиология және семасиология салаларының өзара қарым-қатынасы мен айырмашылықтары мәселелерін қарастырумен тығыз байланысты болып келеді. Ономасиологиялық талдау жалпы сөзжасамдық талдауға ұқсайды және оның әдіс-тәсілдерін қолданады. Бірақ қазіргі таңда сөзжасамның ғылым саласы ретінде екі зерттеу нысаны ажыратылып көрсетіле бастады: сөздердің сөз тудыру құрылымы (дайын тілдік бірліктер қалай жасалған) және сөзжасамдық үдеріс (сөздер қалай жасалады). Осы негізде сөзжасамның екі түрлі аспектісі, екі ғылыми саласы айқындалады. Бұл аспектілердің бірі – сөз тудырудың үдерістік жағын зерттеп, динамикалық деп аталады.

Зерттеуші И.С.Торопцев өзінің «Словопроизводственная модель» атты монографиясында: «Үдерістік сөзжасамның пәні – сөз тудыру үдерісі (психикалық үдеріс барысындағы идеалды дүниенің объективтенуі мен лексикалық материалдануы) мен сөз тудырушы үлгі (жоғарыда аталған үдерісті жүзеге асырушы үлгі). Жалпы бұл салалардың зерттеу нысанасы бір. Себебі үдеріс барысының заңдылығын көрсету – ғылым, үлгі, ал осы үдерістің дерек түріндегі көрінісі сөз немесе графикалық, көрнекілік және т.б. болып табылады. Сондықтан ономасиология лексикалық бірліктер пайда болуының динамикалық және статикалық та жақтарын зерттейді. Бұлар өзара жақсы үйлеседі», – деген тұжырым жасайды [15, 12-13 бб.].

Ғалым А.И.Моисеевтің пікірі бойынша: «Сөзжасам ғылым ретінде сөздің жасалу үдерісін емес, осы үдеріс пен актінің нәтижесін – жаңа сөздерді зерттейді. ...ал ономасиологияның сөзжасамнан айырмашылығы, керісінше, сөз жасалуының үдерісі немесе актісін зерттейді» [168, 11 б.].

Бұл жөнінде Е.С.Кубрякова: «Сөзжасамның ономасиологиялық аспектілерін сипаттаумен біз оның негізгі белгілерін анықтаймыз, сөзжасамның барлық амал-тәсілдері мен үлгілері аталым міндеттерін жүзеге асыру үшін қызмет етеді», – дейді [169, 223 б.]. Осыған орай, ономасиология теориясында орын алған лексикалық және синтаксистік бөлімдермен қатар деривациялық ономасиология бөлімін де ерекше атап көрсету қажет. Аталмыш саланың зерттеу

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— мәселелері қатарына мыналар жатады: адамның аталымдық қызметінің нәтижесі – туынды сөздер ерекшелігі; тілдің ономасиологиялық сөзжасамдық категориялары; аталымның нақты міндеттерін шешуге бағытталған сөзжасам амал-тәсілдері мен сөзжасамдық құралдардың ономасиологиялық бағыты мен рөлі; туынды сөздер ономасиологиялық құрылымының сипаты және жіктелуі.

Е.С. Кубрякова: «Сөзжасамның әрбір актісі аталым актісі болып табылады. Бірақ аталымның барлық актілері сөзжасам актілері бола бермейді. Ономасиология зерттеу нысанасы мен қарастыратын мәселелері жағынан сөзжасамға қарағанда әлдеқайда кең және ауқымды», – деп көрсетеді [14, 23 б.].

Ономасиология ғылымның жеке саласы ретінде ХХ ғасырдың соңғы жылдарында семасиология құрылымынан бөлініп шыққаны белгілі. Осыған сәйкес, тіл білімінде сөз мағынасын зерттеудің ономасиологиялық және семасиологиялық аспектілерін ажыратып көрсету қажеттігі туындайды. Алғаш бұл аспектілер «тыңдаушы» (дыбысталуудан мағынаға қарай) және «сөйлеуші» (мағынадан дыбысталуға қарай) позицияларымен ажыратылды. Көптеген лингвистикалық әдебиеттерде: «Зерттеулердің ең маңызды кемшіліктерінің бірі – семасиология мен ономасиология аспектілерін шатастырып алуында», – деп көрсетіледі [170, 81 б.].

Н.Д.Голев пікірінше: «Ономасиология (күшті семантика) – заттар мен ұғымдардың лексикалық бірліктермен белгілену принциптерін және заңдылықтарын зерттейді, ал семасиология (әлсіз семантика) – сөздер арасындағы байланыстарды, қатынастарды зерттеуге бағыттылған» [20, 14 б.].

Сөз мазмұнын зерттеудегі ономасиологиялық және семасиологиялық аспектілердің айырмашылығы жайында ғалым В.Н.Туркин еңбегінде былай көрсетіледі: «Семасиология – семантиканы сөзден оның мағынасына қарай, ономасиология – ақиқат болмысты мағынадан сөзге қарай бағыттарында зерттейді» [171, 61 б.].

Осы орайда, ономасиологиялық мәселелерді зерттеуде өзіне ерекше назар аударатын жайт – лексикалық инновациялардың тілге немесе сөйлеуге қатысты мәселесі. Бұл мәселе жөнінде А.Г.Лыков: «Лингвистиканың ең күрделі мәселелерінің бірі – тіл мен сөйлеудің өзара әрекеттестігі», – деген пікір айтады [172, 3 б.]. Шынында да тіл мен сөйлеу мәселесі тіл білімінің

маңызды мәселелерінің бірі болып саналады. Б.А.Серебренников пікірі бойынша, бұл: «ең күрделі, әлі күнге дейін өз шешімін таппаған мәселелердің бірі» [173, 85 б.].

Тіл зерттеуші А.А.Реформатский өз еңбегінде: «Тіл мен сөйлеу – бұл екі ұғымды көбінесе шатастырады. Алайда мәселен, физиологтар мен психологтар тек сөйлеумен айналысады, педагогика – оқушылардың сөйлеу қабілетін дамытумен, сөздік қорын байытумен байланысты, медицина – сөйлеу дефекттерін зерттейді т.с.; барлық жағдайда «сөйлеуді» «тілмен» алмастыруға болмайды. Себебі, әңгіме психофизикалық үдеріс жайында болып отыр», – деп көрсетеді [174, 33 б.].

Дегенмен, тіл мен сөйлеудің таза лингвистикалық негіздегі арақатынасы әлдеқайда күрделі және қиын. Алғаш тіл мен сөйлеудің айырмашылығы мен ерекшелігін неміс тілшісі В.фон Гумбольдт атап көрсеткен. Оның ғылыми негіздемесі ХХ ғ. басында Ф.де Соссюр еңбектерінде жалғасын тапты. Ф. де Соссюрдің негізгі пайымдаулары: «Тілдік қызметті зерттеу екі бөлімнен тұрады: біріншісі, негізгі тілдің өзін зерттейді. Өйткені ол жеке адамға тәуелді емес, әлеуметтік құбылыс. ... Екіншісі сөйлеу қызметінің жекелік ерекшелігін зерттейді (сөйлеуді, сөйлеу барысын). Бұл екі пән өзара тығыз байланысты: тіл ең алдымен сөйлеу түсінікті болу үшін және қимылды жүзеге асыру үшін қажет, сөйлеу өз кезегінде тілдің тұрақтылығын қамтамасыз етеді, тарих тұрғысынан келер болсақ, сөйлеу әрқашан тілден бұрын болған факт», – деп берілген [175, 42 б.].

Осы негізде айқындалған тіл мен сөйлеудің ерекшелігін былайша жүйелеп көрсетуге болады:

Кесте 3 – Тіл мен сөйлеудің ерекшеліктері

Тіл	Сөйлеу
Психикалық құбылыс	Психофизикалық құбылыс
Әлеуметтік	Жеке
Жүйелі	Жүйесіз
Пассив	Белсенді
Тұрақты, ұзақ уақыттық	Тұрақсыз, бір дүркінділік
Синхронды	Диахронды
Маңызды, елеулі құбылыс	Жанама, кездейсоқ құбылыс

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Сонымен қатар, тіл білімінде тіл мен сөйлеудің айырмашылығы жоқ, бұл пара-пар бір құбылысты білдіреді деген пікірлер де кездеседі (А.С.Чикобаева, А.Г.Спиркин және т. б.).

Осы мәселеге байланысты ғалым М.М.Копыленконың: «Тіл дегеніміз тұрақты даралаушы, түрлік бірліктер (фонемалар, семемалар және т.б.) жүйесі және жеке адамдардың санасында қалыптасқан олардың тіркесімділік үлгілері», – деген тұжырымы зерттеуімізге негіз бола алады [176, 192 б.]. Ғалымның пікірінше: «Тіл тек статикалық түрде бейнеленеді. Тілдің болар-болмас өзгеруі жалпы жүйенің өзгерілуіне әкеліп соғады. «Сөйлеу» термині үш мағынаны білдіреді. Біріншіден, сөйлеу тілдің материалдануын қамтамасыз етеді (дыбыстардың, ауаның қозғалуы және қимылы). Екіншіден, бұл тілдің үдерістік формасы (статикалық емес қимылдың көрінісі). Үшіншіден, тілдің барлық жағдайда тілге адекватты сәйкессіздік көрінісі» [176, 192 б.].

Демек, тіл мен сөйлеу екі басқа құбылысты білдіреді. Осыған орай, «олардың әрқайсысының психикалық, идеалды дүниелермен қатынасы қандай?» деген сұрақ туындайды. Бұл сұраққа жауапты біз М.М.Копыленконың еңбегінен таба аламыз. Ғалымның пайымдауы бойынша: «Тіл тек адамға тән санамен (ақиқат болмысты бейнелу формасы) байланысты. ...Сөйлеу – тілдің акустикалық немесе графикалық (таңбалы) манифестациясы ретінде ойлау қабілетімен байланысты. ...Сонымен, біріншісі жүйе мен статиканы білдіреді (тілдің табиғатына тән), екіншісі осы жүйенің жүзеге асу үдерісін білдіреді (сөйлеу табиғатына тән)» [176, 192 б.]. Осымен байланысты А.Г.Лыков еңбегінде: «Тілдің маңыздылығы – оның дыбыс пен мағынаны сәйкестендіру қабілетінде. «Дыбыс-мағына» корреляциясы «дискретті-континуалды» корреляциясына изоморфты болып келеді», – деп берілген [177, 325 б.].

Сонымен қатар, сөйлеу мен тілдің айырмашылығы ақпаратты сақтау, жеткізу барысында да көрініс алады. Сөйлеу ақпараттың артықшылығына жол бермейді, тіл, керісінше, артық ақпаратты да есепке алады. Яғни тіл артық ақпаратты сақтайды, сөйлеу артық ақпаратты жоюға тырысады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, көптеген лексикалық инновациялар тілдік жүйеге енбей, тек сөйлеу актілерінің шеңберінде қалып қоюы мүмкін. Мұндай жаңа атаулар сөйлеу инновациялары қатарына жатады. Жаңа атаулардың тілдік жүйеден орын алуы-алмауын, олар-

дың жасалу деректерін талдау, лексикографиялық өңделуін, негізінен, неология бағытындағы зерттеулер көрсетеді. Қазақ тіл білімінде неология теориясына зерттеу жүргізген А.Алдашева, Қ.Қадырқұловтың еңбектерін атап өтуге болады. Неологияға қатысты көптеген мәселелердің ішінде ерекше назар аударатыны жаңа сөздердің бір-бірінен айырмашылығы мен олардың сөйлеу жүйесіндегі рөлі болып табылады.

Жалпы аталым теориясына қатысты сөйлеу – аталым деп танылып, ал «сөйленім» коммуникацияға тән құбылыс деп анықталады. Бұл карама-қарсылық түрлі уәждерді білдіруімен айқындалады: сөйлеу – тілдік таңбалар жасауымен ерекшеленсе, «сөйленім» – қарым-қатынас қажеттіліктерін өтейді.

Орыс тіл білімінде «сөйлеу қызметі» мен «сөйлеу» терминдері синонимдер ретінде қарастырылып, тілдің жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді деп сипатталады. Тіл өзінің қолданылуы барысында кодқа оппозиция құрап, тіл-код адам санасында тіркелген тілдік бірліктер жиынтығы мен оларды дұрыс қолдану ережелері ретінде айқындалады.

Тілдің статикалық және динамикалық түрлері тілдік қызметтер сипатымен ажыратылады. Бұл екі түрлі тілдік қызмет адамның негізгі танымдық және коммуникативтік қажеттіліктерінен туындайды. Таным тілдің аталымдық және аккумулятивтік қызметтерінің жүзеге асырылуын қамтамасыз етсе, коммуникативтік қызмет тілдің динамикалық қасиетін іске асырады. Ал тілдің реттілігі, сөйлеу барысында тілдік бірліктердің іріктеліп, таңдалуы құрылымдық қызметтің нәтижесі болып табылады. Аталған тілдік қызметтің төрт түрі біз қарастырып отырған дихотомияның екі жағын құрайды. Сөйлеу қызметі аталымдық және коммуникативтік қызметтерімен сипатталса, тіл құрылымдық және аккумулятивтік қызметтер арқылы жүйеленеді.

Аккумулятивтік қызмет ақиқат болмыс деректерінің тілдік субституттарын ұйымдастырып, ақиқат шындық бейнесінің тілде берілуін қамтамасыз етеді. Тілдің құрылымдық қызметі ерекше материалдық құрылым ретінде анықталады да, оның әрбір элементінің тілдік мағынасы болады. Аталымдық қызмет тілдің формалды-семантикалық реттілігін орнатады. Тілдік бірліктер сыртқы белгілеріне орай белгілі бір деңгейлер тұрғысынан топтастырылып, деңгейлік құрылыс аталымдық қызмет пен оның нәтижесі тілдік таңбалар жасалуына негіз болады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Аталымда әрбір жаңа білім өзінің тілдік формасына ие болады. Осымен байланысты, сөйлеу қызметінің осы формасы тілдің, оның элементтері мен үлгілерінің жасалуын қамтамасыз етеді. Аталым тіл-кодқа аталымдық жүйе арқылы ықпал етіп, бір жағынан, динамикасын анықтаса, екінші жағынан, сөйлеу шығармашылығы барысында формалдық құралдардың қолданылуын айқындайды. Танымдық аталымдық қызметтің нәтижелері жинақталып, тұжырымдалып, ақиқат болмыстың дублеттік құрылымын көрсетеді. Сонымен тіл бірнеше жүйелердің қарым-қатынасы арқылы анықталады. Бұл, өз кезегінде, «тіл-сөйлеу» дихотомиясының бірінші компонентінің онтологиялық күрделілігін көрсетеді.

«Тіл-сөйлеу» құрылымының екінші компоненті де үдеріс ретінде анықталғанымен, оның сөйлеу шығармашылығы секілді сөйлеу дефинициясынан кейін жасалуы лингвистикада «жасырын психология» бар екендігін айқындайды. Сонымен қатар, тіл білімінде сөйлеуді үдеріс ретінде де, оның нәтижесі ретінде де ұғынатын көзқарастар бар (Ю.С.Маслов, С.Д.Кацнельсон). Осыған орай, бұл дихотомия үш тағанды қатынас категориясына айналады.

Мұндай ұштағанды қатынас Л.В.Щербаның еңбектерінде тілдің үш аспектісі деп көрсетілген:

- 1) тілдік қызмет (бірінші аспект);
- 2) тілдік жүйе (екінші аспект);
- 3) тілдік материал (үшінші аспект) [178, 363 б.].

Ғалымның пайымдауынша, тілдік жүйе сөйлеу қызметімен онтологиялық байланыста болса, тілдік материалмен методологиялық байланыста болады. Объективтік түрде тілдік жүйе сөйлеу қызметі арқылы оның нәтижесі тілдік материалға негізделеді. Өйткені тілді игеру, зерттеуде тілдік жүйе тілдік материалдардан алынады. Тілдің қолданылуы барысында пайда болған сөйлеу шығармасы сөйлеу қызметінің қай формасының нәтижесі болуына орай өздерін түрліше жүргізеді.

Тілдің табиғи (дыбыстық) формасындағы коммуникация нәтижесінің жазуда берілуі коммуникативтік бірліктің жасанды тіркелуін ғана көрсетеді. Ал аталым өзінің аталымдық бірліктерінің әрі қарайғы қалай айтылуын, қолданылуын да меңзейді. Сөйтіп, коммуникация барысында жасалған таңбалардың қайта айтылуы, қолданылу аясы да коммуникация болып саналады.

Ал аталымдық бірліктердің қолданылуы аталымның нәтижелі және үдерістік жақтарын ажыратып, үш тағанды сипатты негіздейтін құбылыстардың бірі болып табылады. Аталымдық бірліктердің коммуникациялық шығармалар құрылымының тәсілдері деп түсіну, оны коммуникативтік қызмет компоненті ретінде қабылдау, аталымдық қызмет ұғымының дұрыс анықталуына нұқсан келтіретіні сөзсіз. Себебі, аталымдық бірліктердің аталым нәтижесі болуы мен олардың коммуникация құралдары ретіндегі сипаттарында үлкен айырмашылық бар. Осыған орай, аталымдық жағдаяттың басты нысандары субъект пен объективтік шындық болса, таңба олардың өзара әрекеттестігінің тіркелу тәсілі ғана болып табылады. Ал коммуникативтік жағдаяттың басты нысандары – субъект пен адресат. Мұның барлығы коммуникация барысында көрініс беріп, аталымдық қызметті емес (нысанның жаңа атаулануы емес), таза субституттық, таңбалық қызметті жүзеге асырады. Аталымдық бірлік танымдық қызметті анықтайды, ал оны белгілеуші таңба белгілі білімді қайталау, қайта айтылу сипатын айқындайды.

Сонымен, коммуникация үшін үдеріс пен оның нәтижесі сәйкес келіп, сөйлеу ұғымын нақтылауда үдеріс пен оның өнімі – дихотомиясы жеткілікті болады. Ал аталым үшін үдеріс пен оның нәтижесі сәйкес келуі де қажет, бірақ генезистен бөлініп шыққан нәтиже әрі қарай «өмір сүріп» бастайды. Сондықтан да аталым үшін үш тағанды құрылым тән. Осы ретте екі түрлі сәйкестік пайда болады:

1) Коммуникацияда:

- а) «тіл – сөйлеу»;
- ә) «процесс + нәтиже»;

2) Аталымда:


- а) «тіл – сөйлеу»
- ә) «процесс + нәтиже»;
- б) «нәтиже».

Аталымдық қызметтің нәтижелері апробациядан өтіп, социум қабылдап, узусқа айналған соң «ғаламның тілдік бейнесін» ғана емес, сонымен бірге аталымдық жүйені де құрайды. Егер «ғаламның тілдік бейнесі» барлық аталымдық бірліктердің ойлаудың шығармашылық жұмысының негізінде туындаған семантикалық жақтарын қаласа, аталымдық жүйе аталымдық бірліктерді шығу тегіне байланысты ұқсастық –

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— айырмашылық тұрғысынан ұйымдастырады. Аталымда аталымдық бірліктер мақсаттар мен нәтижелерді көрсетсе, коммуникацияда құрал мен тәсілдер рөлін атқарады.

Сөйлеу қызметінің формалары олардың жүзеге асырылу жолдарымен де түрленеді. Уәжденімге сәйкес аталым «айтылым» ретінде жүзеге асырылса, коммуникация «айтылым» және «тыңдалым» негізінде іске асырылады. Аталымда «тыңдалым» аталымдық бірліктің игерілуі мен тілде орын алуына байланысты түсіну, ұғынумен алмастырылады.


Жаңа білім түріндегі тілден тыс мазмұн тілдік белгіленуде тілдік мағыналар арқылы іске асырылады. Ал «тыңдалым» мен «түсінуде» вербалданушы тілдік мазмұн өзінің формаларын жоғалтып, тілден тыс мазмұнға айналады. Сөйлеу қызметін сурет түрінде беретін болсақ:



Сурет 9 – Терминологиялық аталымдағы сөйлеу қызметінің барысы

Аталымдық қызмет нәтижелері қайта айтылу белгісіне ие болып, тілдің абсолюттік құрылымын айқындайтын аталымдық жүйе мен «ғаламның тілдік бейнесіне» ұйымдастырылады. Аталымдық жүйе аталымдық бірліктер жасалымы мен оның барысында қолданылған формалды тәсілдерді айқындап, жүйелі құрылымдық құрылыс түрінде кодификацияланған тіл жасайды. Өз кезегінде аталым нәтижелері тілді толықтырып, өзгертіп, тікелей әсер етеді. Осының нәтижесінде тілдің сөйлеуге, сөйлеудің тілге үздіксіз ықпал ету құбылыстары жүргізіліп, аталым тілдің үш компонентін сипаттайды: аталымдық жүйе, ғаламның тілдік бейнесі, аталымдық жүйе арқылы «тіл – код» анықталады, ал тіл өзінің кодталған бөлігі арқылы аталымға қажетті тілдік құралдарды ұсынады.

Коммуникация аталымға қарағанда тұтас күйінде тілмен реттеліп, оның дайын бірліктерін, үлгілерін, оларды біріктіру ережелерін қолданады. Сонымен, синхронды қызмет етуі тұрғысынан тіл сөйлеуге қарағанда алғашқы болып табылады. Тілдік жүйенің сөйлеу қызметі формаларымен сәйкестігін сурет түрінде төмендегідей беруге болады:



Сурет 10 – Тілдік жүйенің сөйлеу қызметімен сәйкестігі

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Тіл білімінде тіл мен сөйлеудің арақатынасы жеке тіл мәселелерімен байланысты қарастырылады (Ф. де Соссюр, Ж.Вандриес, И.С.Торопцев т.б.). Ғалымдардың пікірінше, тілдің жеке, сонымен бірге жалпы формалары да болады. Жеке тіл бір адамға тән болса, жалпы тіл әрбір халық қолданысындағы жеке тілдер жиынтығы іспеттес. Жеке тілдің ең басты ерекшелігі – оның психофизиологиялық қасиетінде. Жалпы тілге бұл қасиет тән емес, өйткені ол әлеуметтік қасиетке ие. Тілдің жекелік қасиеті сөйлеу қызметімен анықталса, жалпы тіл жүйелі субстанция түрінде болады. Аталымның сөйлеу қызметінің бір түрі жүйелі құрылым ретінде жеке тілге де, жалпы тілге де қатысы бар. Ал үдерістік, нәтижелік тұрғысынан жеке тілге қатыстылығы басымырақ.

Генезисі жағынан жекелік танытатын аталымдық бірліктер жалпы тілге енуі де, енбей қалуы да мүмкін. Бұл мәселе жөнінде академик Р.Сыздық былай деп жазады: «Жаңа тұлға, жаңа сөз жасаудың қажеттілігі көбінесе өмірдің өзінен туып отырғанын мойындауға мәжбүрміз. Сырт қарағанда, бұндай сөздер бейберекет, некен-саяқ кездесетін құбылыс болып көрінгенімен, шындығында, теріп алып, жинақтап қарасақ, белгілі бір жүйемен (лексика-семантикалық тәсілдермен) жүріп жатқанын аңғарамыз» [179, 148 б.]. Автор қазақ неологиясының басты-басты ерекшеліктері ретінде мыналарды көрсетеді:

1) Бұрыннан сәтсіз, әрқилы аталып келген зат есімдерге дұрыс балама іздеу үстінде кейбір жұрнақтар активтеніп келеді. Ол жұрнақтар: -ма, -ыс, -паз, -гер және сөз-жұрнақ -хана;

2) Туынды сын есім жасауда -лық жұрнағының өрісін біраз тарылту тенденциясы байқалады. Тенденцияның дұрыстығы мынада: -лық жұрнағы бұл күнде терминделген сын есімдер тудырудың негізгі нормасы, бірақ бірден-бір, жалғыз – дара тәсілі емес, бұл салада қосалқы құралдарды да әбден сарқа пайдалануға болады;

3) Орыс әдеби тілінің дәл бүгінгі таңдағы барысында қоғамның даму күйіне орай әрбір актіні, әрбір іс-әрекет иесін, әрбір құбылысты, әрбір операцияны жеке атау (номинация) процесі дамып келе жатқанын орыс тілін зерттеушілер айттып отыр. Номинацияның күшеюінің бір түрінде термин деп сөйлеу (терминологизация речи) жатады. Ол үшін тілде етіс-

тіктен жасалған зат есімдер (поворот, снижение, плодоношение, разворот, поливка) кең қолданылатын болды. Ал енді дәл осындай құбылыс қазіргі әдеби тілінде де көріне бастады: *жиналыстың салтанатты ашылуы болды, замандас тұлғасын жасауға бару, трактор жөндеуден өтті, дәрігерлік қараудан өту, көрініс беру, шешімін табу* т.т.;

4) Бұрыс аталып жүргендерді дұрыстау, атаусыз жетім сөздерге ат қою, қосақты атауларды дараландыру (оқу құралы – оқулық), осылар үшін кейбір енжар жұрнақтарды активтендіру, қақтығыста жүрген тұлғаларды үйірге қайта қосу тәрізді әрі дұрыс, әрі қажет, әрі етек алып келе жатқан игі істің үстінде, күрішпен қоса кейбір күрмектер су ішіп кетер ме екен деген қауіміз бар. Осы жаңа атаулардың кейбіреулерін контекске қарап топшылауға болса да, көпшілігі ең алдымен бірден түсінікті бола алмайтыны заңды. Сондықтан бұлардың сәтті, дұрыс табылғандарын немесе ең қолайлы осы болар-ау дегендерін халықтандыру қамын ойластыру қажет [179, 150-153 бб.].

Неологизм (латынның *neos* – «новое» және *logos* – «слово» деген сөздерінің бірігуінен жасалған) – әдеби тілдің құрамына ене қоймағанымен, күнделікті тұрмыста енді ғана, жаңа ғана қолданысқа түсіп жүрген жаңа сөздер.

В.Г.Гактың атап көрсетуінше: «Неологияның ең маңызды мәселелерінің бірі – неологизмдердің басқа инновациялар түрлерінен ажырату критерийлерінің айқындалуы. Мысалы, ксенизмдерден (басқа ұлттың болмысын бейнелейтін кірме сөздер), гапакстардан (жеке авторлық қолданыстар), окказионализмдер (потенциалды немесе «сөйлеудегі» сөздер) мен эвфемеризмдерден (өткінші құбылысты бейнелейтін сөздер)» [180, 38 б.].

Жалпы тіл білімінде жаңа сөздерді жіктеуде тілшілер үш терминді қолданады: 1) неологизм; 2) окказионалды сөздер; 3) потенциалды сөздер. Н.З.Котелованың көрсетуінше, неологизм табиғатына қатысты көзқарастың төрт түрі бар: жаңа сөз – стилистикалық категория; неологизм – жаңа реалияны көрсету үшін пайда болған сөздер; неологизм – сөздіктерде тіркелмеген сөздер; неологизм – тілде жаңадан пайда болған сөздер мен сөз тіркестері [181, 12-13 бб.]. Шынында да, жаңа сөздерді қабылдау олардың жаңалық қасиетін сезіну-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— мен байланысты. Кейбір зерттеушілер жаңа сөздерді айқын-дауда тілге енуі - енбеу критерийлерін басшылыққа алады.

Ғалым Қ.Аханов неологизмдерге: «Тілде жаңа ұғымдарды білдіретін сөздер неологизмдер деп аталады. Мысалы, *космонавт, жердің жасанды спутнигі, космодром, планета аралық корабль* және т.б. Неологизмдер – тың сөздер ретінде қаралады да, көнерген сөздерге (историзм мен архаизмдерге) қарама-қарсы құбылыс болып табылады», – деген анықтама береді [1, 150 б.].

Біздің ойымызша, неологизм ретінде жаңа ұғымды, реалияны білдіретін сөздер ғана танылып қоймайды. Сонымен қатар бұрыннан болған ұғым атауының басқа сөзбен аталуы да неологизм болуы мүмкін. Сондықтан академик Р.Ғ.Сыздықтың: «Жаңа қолданыстар тек жаңа ұғымдарды білдіру үшін ғана емес, бұрыннан келе жатқан зат, бұйым, құбылыстарды дәлірек, дұрысырақ етіп қайта атау үшін де тауып жатады. Бұрын *проводник, пляж, дача, призер, овош, установка* деп орысша атап жүрген сөздерге қазақша балама тауып, бұл күнде *жолсерік, жагажай, саяжай, жүлдегер, көкөніс, қондырғы* деп атайтын болсақ, бұлар да лексикамыздағы жаңа қолданыстар ретінде танылады» [182, 3 б.] – деген пікіріне сүйене отырып, сөздердің неологизм болу критерийі шартты және тарихпен (уақытпен) байланысты деп топшылаймыз.

Қазіргі лингвистикалық еңбектерде неологизм және окказионалды сөздердің айырмашылығы ретінде олардың тіл немесе сөйлеу бірліктер қатарынан орын алатын белгісі басшылыққа алынады (Е.А.Земская, А.Г.Лыков, И.В.Агоронян, О.А.Габинская және т.б.). Мысалы, А.Г.Лыковтың пікірінше: «Окказионалды сөздер сөйлеу құбылысы болып, тілге жатпайды» [183, 79 б.]. Дәл осы пікірді Е.А.Земская да қолдайды: «Окказионалды және потенциалды сөздер тілдің емес, сөйлеудің фактісі болып табылады. Сондықтан да олар тіл фактісі – неологизмдерге қарама-қарсы құбылыс болып саналады» [184, 23 б.]. Осы тұжырымды И.В.Агоронян еңбегінен де көреміз: «Тілге неологизмдер, сөйлеуде окказионализмдер пайда болады» [185, 3 б.].

Осыған орай, тағы бір мәселе окказионалды және потенциалды сөздердің айырмашылығы мен ерекшелігін айқын-

дауға байланысты. Көптеген зерттеу еңбектерінде окказионалды сөздердің потенциалды сөздермен салыстырғанда ең негізгі деп екі белгісі көрсетіледі: 1) окказионалды сөздер сөзжасамындағы норманың сақталмауы; 2) өнімсіз сөзжасам үлгілерінің қолданылуы. Біздің ойымызша, осы екі критерийдің негізгісі – біріншісі. Себебі, шынында да, окказионалды сөздер тілдің сөзжасам нормаларын сақтамайды, ал потенциалды сөздер бұл құбылысқа жол бермейді.

Е.А.Земская өз еңбегінде: «Потенциалды сөздер сөзжасам заңдарын жүзеге асырады, ал окказионалды сөздер бұл заңдарды бұзуымен ерекшеленеді. Олар – антиподтар», – деп көрсетеді [184, 27 б.]. Қазақстандық тіл білімінде осы мәселеге зерттеу жүргізген Р.С.Зуеваның еңбегінде: «...окказионалды сөздердің потенциалды сөздерден ажырататын негізгі критерий ретінде олар жасалуындағы сөзжасам үлгісінің өнімді-өнімсіз критерийін алған дұрыс емес, негізгі критерий морфемалардың валенттілік қасиетінде. ...егер тіркесімділік жалпы тілдік нормаға сәйкес келіп, морфема валенттілігін бұзбаса, онда бұл потенциалды сөз. Окказионалды сөздер тілдік жүйедегі морфемалар байланысын бұзу арқылы жасалады», – делінген [186, 10-11 бб.].

Х.М.Нұрмұқановтың, Е.Н.Жанпейісовтің пікірлері бойынша, окказионалды сөздер белгілі бір стиль талабына сәйкес дүниеге келіп, семантикасы көп жағдайда контексте тәуелді болуымен ерекшеленеді [187, 102-142 бб.]. Ғалым Ш.Ш.Сарыбаевтың пайымдауынша: «Окказионализмдер неологизм жасалуының алғашқы сатысы іспетті. Бірақ олардың барлығы бірдей нормативті статуска ие бола бермейді» [188, 48 б.].

З.Бейсенбаева мен Н.Уәлиев потенциалды және окказионалды сөздерді неологизмдер деп санайды: «Кейінгі жылдары баспасөз беттерінде *желорай (сквозняк)*, *қабылхана (приемная)*, *қызанақ (помидор)*, *көкжасан (оазис)*, *жагажай (пляж)*, *ақжайма (простыня)*, *сусиыр (гиппопотам)*, *көкөніс (овощ)* тәрізді тосын сөз легін жиі ұшыратып жүрміз. Әрине, бұлар неологизм де, жалпыхалықтық қолданысқа түскен сөздер де емес. Бұлар потенциалды сөздер ғана» [189, 4 б.]. Қазіргі таңда осылардың біршамасы (*көкөніс*, *жагажай*, *қызанақ* және т.б.) жалпыхалықтық сипатқа ие болып, тілдік нормаға еніп кеткен сөздер болып табылады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Сондықтан да біз окказионалды және потенциалды сөздерді неологизмдер қатарына жатқызамыз. Себебі, негізінен, кез келген окказионалды немесе потенциалды сөз узуалдану үдерісінен өтіп, узуалды тілдік бірлік мәртебесіне ие бола алады. Узуалдану үдерісі дегеніміз – сөйлеу элементтерінің іріктеліп, тілдік нормаға енуі. Узуалдану үдерісінің негізгі элементтері: 1) сөз қолданысының жиілігі; 2) сөзді қолданушы топтың «авторитеті» (кейде бұл «авторитет» иесі ретінде жеке адам да бола алады).

Сонымен, ономасиологиялық талдауда тіл мен сөйлеуден туындайтын неологизмдер мен окказионализмдерді ажыратып көрсету дәстүрі маңызды емес. Демек, осы ономасиологиялық талдау принциптерін терминдік жаңа атауларды да зерттеу барысында негіз етіп алуға болады деген қорытынды жасаймыз.

XX ғасырдағы ғылым мен техниканың дамуы, әлеуметтік саяси, тарихи, мәдени өзгерістер өмірімізге көптеген жаңа ұғымдарды алып келіп, сол ұғымдардың әрқайсысына жеке атау табу қажеттілігін туғызып, аталымдық үдерістердің өзектілігін арттыруда.

Қоғамдағы осы өзгерістер кез келген тілдің құбылмалы, өзгеруге, жаңаруға бейім тұратын саласы – терминологияда көрініс табады. Қазақ тілінің терминологиясы қазір даму, жаңару үстінде. Оның басты себебі – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алуы, қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесіне ие болуы. Аталмыш өзгерістер қазақ тілінің коммуникативтік, аталымдық қызметтерінің күшейіп, қолдану аясының, қоғамдық қызмет аясының кеңеюіне себепші болды. Осы құбылыстар нәтижесінде туып жатқан жаңа сөздер, терминдер ағыны қазақ тіл білімінде «жаңа қолданыстар» деп аталып жүргені мәлім. Өйткені олардың бәрі бірдей лексиканың негізгі қорына бірден кіріп, тиісті орнын ала бермейді. Ол үшін қолданыс елегінен, сұрыптау, таңдау, іріктеуден, тілдік узуалдану үдерісінен өтуі қажет.

Шындығында, қазақ тіл білімінде жаңа қолданыстардың пайда болу, жасалу, қалыптасу заңдылықтарын зерттеуді термин шығармашылығы мен терминжасам мәселелерінен бөліп қарастыру мүмкін емес. Бұл мәселе жөнінде А.Байтұрсынұлы: «Пән сөздері жағынан басынан-ақ қазақ басқалардан бөлек жол тұтынды, басқа түріктер, әдебиет тілі араб, парсы сөздерімен шұбарланса, көркем болады дегендіктен,

екінші, дайын пән сөздерін ала бергендіктен, түпкі ана тілі мен әдебиет бөліктеніп, өз сөздерін жат сөздер жұтып, жойып жіберу дәрежесіне жеткен. Қазақ жат сөзге әуестенбей, пән сөздерін өз тілінен жасауға тырысты. Әдебиет тілі ауылдағы қазақтың хат білетін, білмейтін – қайсысына да болса түсінікті болуын көздейді. Тіл арасына жік түсіп айырылмас үшін жат сөздерді амалсыз болған жерде ғана алатын тәртіп қолданды», – деп жазған [190, 413 б.].

Қазақ тіл білімінде неологияның теориялық негіздері мен тұжырымдары І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев, Р.Сыздық, С.Исаев, К.Аханов, Ө.Айтбаев, Н.Уәлиев, А.Алдашева, Ш.Құрманбайұлы, Қ.Қадырқұлов т.б. ғалымдардың еңбектерінде қарастырылған.

Қазіргі таңдағы ТА негізгі принциптерін анықтау үшін ғалымдардың ұсынған терминжасам қағидаттарын білуді қажет етеді. Сондықтан академик Ө.Қайдар ұсынған принциптерге көңіл бөлген жөн сияқты. Олардың қысқаша мазмұны мынадай [127, 1-4 б.]:

1. Мемлекеттік тіл тірегі – терминологияға мемлекеттік қамқорлық жасау;

2. Терминжасам ісінде көрініс беріп жатқан бұқаралық үрдістің жақсы үлгілерін орнықтыру;

3. Байырғы лексикалық байлығымызды сарқа пайдалану;

4. Туысқан түркі тілдері тәжірибесін іске қосу;

5. Интернационалдық терминдерді қазақ тілінің фонеморфологиялық ерекшеліктеріне икемдеп алу;

6. Орыс тілінен (жалпы славян тілдерінен) енген терминдік атауларды мүмкін болғанынша қазақшаға аударып қолдану, аударуға келмейтіндерін қазақ тілінің фоно-морфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау;

7. Салалық күрделі терминдер мен атауларды қазақ тілінің өз негізінде алғашқы әріптері мен буындары бойынша қысқартып пайдалануды заңдастыру;

8. Көп жылғы тәжірибе арқылы қалыптасқан дәстүр мен шарттылық заңдылығын мойындау;

9. Лексикалық байлығымызды салалық жүйе бойынша жіктеп, саралап пайдалану;

10. Тіліміздегі ұлттық және интернационалдық термин атаулардың сандық сапалық салмағын табиғи қалпында сақтаудың жолдарын іздестіру;

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

11. Терминдер мен атаулардың емлесін тіл заңына, жазу дәстүріне сәйкес реттеу.

Академик Ә.Қайдардың терминжасам принциптерін талдай келе, ғалым Ө.Айтбайұлы былай деп жазады: «Біздің ойымызша, ең негізгілері деп үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, онбірінші принциптерді айтуға болатын сияқты. Басқалары күнделікті қажеттілікке орай қатар жүргізіліп отыруға тиісті шаралар. Солардың ішінде үнемі күнделікті назарда тұратыны – өз байлығымызды сарқа пайдалану, түркі тілдері тәжірибесін ескеру, интертерминдерді тіл заңдылығына сәйкестендіріп қабылдау, дәстүр мен шарттылықты мойындау, атауларды қысқартып алу жайы – жазу дәстүрімізді сақтау тәрізділері. Терминжасам процесінде болып жататын ала-құлалықтардың көбі осы шарттардың ескерілмеуіне, тіл заңдылығының аяқасты етілуінен деп білеміз. Заман талабына ескерілген бұл принциптер, сөз жоқ, қазақ тілінде термин реттеуге себебі тиер игі үлгі» [112, 64 б.].

Профессор Ш. Құрманбайұлы қазақ терминологиясын дамыту мен жетілдірудің төмендегідей негізгі ғылыми қағидаттарын ұсынады [191, 10-19 бб.]:

1. Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі – қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану;

2. Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау:

1) туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау;

2) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау.

Терминология арнаулы, ғылыми білімді жіктеу үшін қажет. Басқаша айтқанда, мұндай құбылыстар мен үдерістерді жіктеу үшін олардың атаулары болып, яғни терминдермен белгіленуі керек. Жіктеу мен терминологияны бөліп қарастыруға болмайды. Осы тұрғыдан ғана термин тіл жүйесіндегі лексика-семантикалық топ және белгілі бір білім саласындағы ұғымдар жүйесіндегі орны мен шектеулі анықтамасы бар ұғым атауы бола алады. Термин ұлттық тілдің, сөздік қордың лексикалық бірлігі ретінде функционалдық саланың арнаулы тілдің негізгі материалы болып, мағынасының дәлдігі мен нақтылығы, айқындылығымен ерекшеленеді. Бұл ретте терминдерге белгілі бір салада бірмағыналық қаси-

етінде көрініс табатын тұрақты семантикалық мөлшер тән болып келеді.

Ғылыми ұғымдардың қызмет етуі мен жүйелілігін тілдік бірліктер арқылы беретін терминология саласы кез келген тілдің қазіргі таңдағы сөздік қорының ең бір динамикалық бөлігін құрайды. Қазіргі кезде білім-ғылымның қай саласы болмасын тәжірибе жүзінде жаңа ұғымдарға (реалийлерге) термин енді жасалып жатқан жағдайлар болуы сөзсіз. Мәселен, өндірістік және ғылымның даму үстіндегі көптеген салалары өзінің ретті терминологиясы бар құқығын жариялағанда бүкіл жаңа ұғымдар атауларын біріктіріп, қосып беруге тырысады. Бұған дәлел ретінде тіл білімінің жаңа саласы аударматану ілімінің жаңа терминдерін келтіруге болады: *ғылыми-техникалық аудармашысы, штаттағы аудармашы, штаттан тыс аудармашы*, сонымен бірге аббревиатуралар күйінде берілген терминдерде байқалады: *FTA (ғылыми-техникалық аударма)* және т.б.

Бұл келтірілген мысалдар арнаулы салалардағы жаңа атаулар мәселелерінің ғылыми және қолданбалы аспектілері болатындығын дәлелдейді. Терминдер ретті жасалып, жаңа терминдердің бір бөлігі ғана бірте-бірте салалық терминологиялық жүйелерден орын алады. Терминдерді біріздендіру, реттеу жұмыстарын дұрыс жүргізу үшін термин-неологизмдердің қалай және қашан жасалғанын, қазіргі терминологиялық лексиканың жүйелілік параметрлері тұрғысынан бағалау критерийлерін білу өте маңызды.

Әрине, жаңадан жасалған терминнің өміршеңдігін, ең алдымен, оның ғылыми мазмұны айқындайды. Бұл терминологиялық неологизацияның басты шарттарының бірі болып табылады, яғни жекелеген терминдерді нақты бір термин-жүйеге іріктеу барысында термин-неологизмдердің ғылыми таным нысаны ретіндегі ғылыми ойлау нысаны мен ғылыми ойлау белгілерінің ажыратылмас бірлік екендігін ескеру қажет.

Терминологиялық жаңа жасалымдардың қабылдауға болатындығын олар білдіретін ақпарат көлемі көрсетеді. Өйткені түрлі семантикалық үлгілерде жасалған терминдер түрлі мән-мағыналық тілдік әлеуетті білдіріп, жалпы ұғымдарды ғана емес, сонымен бірге барынша арнаулы ұғымдарды да атайтындығы мәлім. Әдетте, терминологиялық

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— жүйенің негізін эмбебап терминдер (аталмыш ғылымның жалпы категориялық маңызын білдіретін атаулар) құрайды. Сол себепті де осындай ұғымдарды беретін, терминжасам талаптарына сәйкес жаңадан жасалған терминдер терминологиялық жүйеден өз орнын міндетті түрде табады деп қорытындылауға болады. Сонымен қатар, дағдылы терминдер болып ғылыми зерттеулерге негіз болатын, әсіресе, жаңадан ашылған немесе жете талдауды талап ететін құбылыстарды білдіретін уникалды терминдер де саналады. Бұл ретте ең қиындық тудыратыны жаңа концепцияның пайда болуына байланысты қалыптасқан жеке авторлық терминдер. Әрине бұл да терминологияны толықтыратын көздердің бірі болып табылады. Бірақ мұндай терминология әрқашан ғылыми терминдер жүйесіне лайықты бола бермейді. Мысалы, *қаундопшы (регбист), салмадопшы (баскетболист), қақпадопшы (волейболист)* т.б.

Терминология саласындағы неологизация құбылысы үшін саналы түрде басқарылатын фактор тән. Түрлі ғылыми және өндірістік сала мамандары өздеріне қатысты терминдер құрамын жай ғана қабылдап қоя салмай, арнаулы терминологияның терминдер жүйесі ретінде қалыптасуы мен жетілдірілуін ескерулері тиіс. Яғни жаңа жасалымдар қатарынан тек қажеттілері ғана емес, сонымен бірге қазіргі әдеби тіл нормалары мен талаптарына сәйкес келетін ең үздік үлгілері іріктеліп алынады.

Ғылыми-техникалық төңкеріс кезінде жаңа терминдер жасалуы, тіпті жаңа терминологиялардың пайда болуы объективті құбылыс болып саналады. Мәселен, жаңа пайда болған ғылым мен техника салаларының (кибернетика атаулары, ғарыш саласының жаңа терминологиясы) және жаңа терминологиялық жүйенің қалыптасуы мен жасалуының уақытын (күні, айы, жылы) анықтауға әбден болады. Бірақ дәстүрлі терминологиялық кешендер аясында неологизация үдерісінің үздіксіз даму сипатын ескерген жөн. Себебі, жаңа терминдер мен терминологиялық жүйелер ғылым мен техниканың дамуымен, жаңа қоғамдық қатынастар пайда болуымен байланысты дүниеге келетіндігі баршаға мәлім.

Негізінен жаңа терминдерді ғылым, техника т.б. салалардағы жаңа идеяның авторы болып табылатын немесе өз саласында жаңалық жасаған, ашқан мамандар жасайды. Сондық-

тан да терминдерді ғылыми-өндірістік қызметтің өзгеше бір өнімі деп санауға болады. Көп жағдайда жаңа технологиялық атаулар авторларының арнайы филологиялық дайындығы болмауы, бір жағынан, терминжасамды бастапқы кезіндегі стихиялық жағдайға алып келетін болса, ал екінші жағынан, жаңадан жасалған терминді кодификациялау, стильдік нормалау кезінде терминші-мамандарды іске қосып отырады.

Әлеуметтік лингвистика аспектісі қазіргі кездегі терминжасамның мүмкіндіктері мен тілдік тәсілдерінің жете қатыстырылуын талап етеді. Жалпы алғанда терминдер тілде бар, белгілі сөздер, сөз тіркестері мен олардың бөліктерінің терминденуі арқылы жасалады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, олар жалпы қазіргі тілдің сөздік қорын толықтыратын амал-тәсілдер арқылы жүзеге асырылады. Мысалы, неологизмдердің өнімді форманттар арқылы жасалуы, жергілікті диалектілердің, әлеуметтік және кәсіби жаргон, тұрмыстық тіл элементтерінің термин ретінде қабылдануы, кірме сөздер және тілде бар сөздердің семантикалық өзгеруі. Сонымен бірге терминдер жалпы тілдік лексикологиялық заңдылықтарына сәйкес топтастырылып, синонимдік және көпмағыналылық құбылыстарға ие болады. Мәселен, қызмет көрсету саласы, тұрғын үй коммуналды шаруашылық қызмет көрсету атауларының ішінде кәсіп атауларына қатысты мынадай түрлері болады: *арамен, қоларамен, белдекпен кесуші, құбыр мен дайындаманы кесуші, сұйық металды кесуші, арнаулы белдекте бұранда кесуші; бұрғылаушы → құмтүрпі бұйымдарды бұрғылаушы, кварцті шөпті тілімшені бұрғылаушы, шыны бұйымдарын бұрғылаушы, электрқыш бұйымдарын бұрғылаушы* және т.б.

Жаңа атау авторының терминологиялық атау затының – арнаулы денотатты жетік білуі семантикалық тұрғыдан оны міндетті түрде уәжді термин жасауына алып келеді. Сондықтан да алдымен өнертабысқа сипаттамалы атау беріліп, кейіннен семантикалық конденсация негізінде бұл атау универбтеніп ықшамдалады. Семантикалық ықшамдаудың нәтижесі тек термин-универбтер ғана емес, сонымен бірге терминқысқартулар да болып табылады.

Жалпы терминжасам үдерісін неологизация заңдылықтары мен тілдің лексикалық және терминологияның даму ерек-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— шеліктерін ескере отырып жүргізген жағдайда қажетті термин жасау үшін әрқашан оңтайлы жол табуға болады. Терминологиялық жаңа атау жасау үшін оған деген нақты қажеттілік болған жағдайда ғана жасалады. Жаңа терминді арнаулы ұғымның терминологиялық атауы жоқ кезде ғана жасау қажет. Қазіргі заманда жаңа терминді бір автор ғана емес, ұжым да жасауы мүмкін. Бұған дәлел ретінде *лавсан* (КСРО Ғылым Академиясының Физикалық институт қызметкерлері ойлап тапқан) терминін келтіруге болады.

Сонымен бірге жаңа терминдер жасау барысында тіл дамуының ішкі заңдылықтарын да қатаң сақтаған жөн. Қазіргі таңдағы тілдің негізгі параметрлерін ескеріп, сөзжасамдық, грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктерді сақтау қажет. Жаңа терминдер жасаудағы тілдің түрлі амал-тәсілдеріне қарамастан, ең маңызды болып тілдің ішкі заңдылықтарына сәйкес қалыптасқан жаңа терминдер жалпы әдеби тілде бар сөздер негізінде жасау дәстүрі, ең бір өнімді көздердің бірі мен болып табылады. Терминдену үдерісі сөздердің семантикалық өзгерістермен жаңа мағыналардың пайда болуымен бірге, жеке, дербес сөздердің форманттарға айналуына да алып келеді. Мәселен, қазақ тіліндегі аффиксоидтар құбылысы (*әуежай, саяжай, жағажай* және т.б.).

Кез келген тіл терминжасамда барлық жағдайда өзінің тілдік қоры мен амал-тәсілдеріне сүйенеді. Дегенмен, әрбір ұлттық терминологияның қомақты бір бөлігін қалыптасқан терминологияның ғана емес, сонымен бірге жаңа атаулар қатарын да өзге тілден қабылданған терминдер құрайды. Бұл құбылыс терминология саласындағы кірме сөздер үдерісі жүріп жатқанын және оны саналы түрде реттеу қажеттілігінің дәлелі. Осы тұрғыда мынадай фактіге мән беру қажет: шет тілді терминологиялық кірме сөздер нақты бір саланың қалыптасу кезеңін айқындап, кейін түрлі сол тілдің төл варианттарымен жарыспалы түрде қатар қолданылып, көп жағдайда табиғи бәсекелестікке өз тілінде жасалған терминдерге жол береді. Мысалы: *процент* → *пайыз* → *процент*; *рынок* → *нарық* → *рынок* деп қайтадан алынсын дегенімен, қазіргі таңда мейлі ол ресми тілде болсын, ауызекі сөйлеуде болсын, егер узусқа бір рет өз тілінде жасалған термин түссе, ол әрқашанда қолданыста кірме терминнен басым болады.

Сонымен, тәжірибе жүзінде неологиялық терминжасам барысында ең алдымен жаңа термин жасаудың нақты, уәжді қажеттілігіне назар аудару керек. Жаңа терминді жасауда, бір жағынан, ұжымдық-әлеуметтік тәжірибені ескеру қажет болса, екінші жағынан, жаңа атаудың тіл дамуының ішкі заңдылықтарына сәйкестігін ескерген жөн. Жаңа терминдер жасалуына негіз болатын әлеуметтік және жалпы тілдік параметрлердің анықталуы әрбір жасалып жатқан терминологиялық атауды жетілдіру, жақсарту үшін маңызды. Осының барысында терминші мамандардың қазіргі терминологиялық жүйеге саналы ықпал етуі жүзеге асырылады. Терминдерді жетілдіру үдерісінде реттеу және біріздендіру кезеңдері болып, оның нәтижесінде жүйеде тек нақты, қажетті және тілдік тұрғыдан дұрыс жасалған терминдер ғана қалады. Ғалым В.П.Даниленко бұл мәселе жөнінде былай деп жазады: «Ең алдымен терминнің лингвистикалық дұрыстығына мән беру қажет. Ал лингвистика тұрғысынан терминнің дұрыс болуы немесе болмауын оның қандай сөзжасам амал-тәсілдері арқылы жасалғандығы анықтайды» [94, 189 б.].

Тіл білімінде жалпы тілдік норманың мынадай белгілері көрсетіледі (Р.Сыздық, Н. Уәлиев, Л.К. Граудина т.б.):

- 1) тілдің жүйесіне, яғни тілдің өз заңдылықтарына, оның ішінде грамматикалық заңдылықтарына сәйкес келуі;
- 2) дәстүрлік белгісі, яғни әдеби нормаға сәйкес келуі;
- 3) солай қолданылып кетуге, яғни тілдік узусқа қатыстылығы.

Академик Р.Ф.Сыздық жалпы тілдік норманы былайша түсіндіреді: «...белгілі бір кезең ішінде көпшілік қабылдаған, тұрақталған қолданыстар, яғни сөздердің мағынасы, олардың фонетикалық-графикалық көрінісі (тұлғасы), сөз жасау және сөз өзгерту модельдері, синтаксистік амалдары. Әрине, норма, яғни дәл солай қолданыс (сол мағынада, сол тұлғада, солайша құбылтуда т.т.) бір уақытта пайда болып, ешбір өзгермей, қатып қалатын категория емес. Тіпті әрбірден соң сол қолданыс дәл сол кезеңде дұрыс деп көпшілік қабылдаған норма болғанмен, тіл тіршілігінде (тәжірибеде) өзгеріп, «үлгілілік» сипатынан айырылып отыруы мүмкін немесе «нор-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— ма осы» деп көрсетілгеніне қарамастан, оған бағынбаған кейбір элементтер күнделікті қолданыста көпшілік тарапынан баспасөзде, радио мен теледидарда, ғылыми әдебиет пен шаршы топ алдындағы шешендік сөздерде қолдау тауып, кеңінен жұмсала бастайды да, жаңаша нормаға айналады» [192, 189 б.].

Қазіргі кезде қазақ терминологиясының шешілуге тиіс өзекті мәселелерінің бірі – терминологиялық инновацияларды нормалау болып табылады. Терминологиялық жаңа қолданыстардың нормасы жалпықолданыстағы сөздердің нормасымен сәйкес келгенімен, өзіне тән ерекшелігі де болады. Бұл мәселе жөнінде ғалым Н.Уәли былай деп жазады: «Термин атаулы – арнайы тілдің мағыналық ядросы және негізгі мазмұндық ақпаратты беретін тілдік бірлік. Жыл өткен сайын ғылымның сан-салалы дамуымен байланысты терминнің саны жалпылама сөздердің санынан көбейе түспек. Терминдер тасқыны жаңа ғылыми пәндердің, ондағы ұғымдар мен іргелі категориялардың ашылуына байланысты соңғы жылдары жаңа қарқын ала түсті. Осымен байланысты терминологияда норма мәселесі күн тәртібіндегі бірінші мәселеге айналды. Терминдік норма дегеніміз – терминнің дұрыс жасалуы мен дұрыс қолданылуы. Терминжасам мен терминқолданым саналы процесс. Терминжасам әдетте мынадай шарттарды негізге алады:

- термин нормасы жалпы әдеби тіл нормасымен қайшылықта болмауға;
- термин жүйелі болуға;
- термин контекстке тәуелсіз болуға;
- термин қолдануға ыңғайлы болуға;
- термин бірімәнді болуға;
- термин ұғынықты болуға тиіс» [193, 261-262 бб.].

Терминологиялық жұмыстар, әсіресе, оның реттелуі норма және сөйлеу мәдениеті ұғымдарының қарастырылуын талап етеді. Себебі, терминдерге ең басты қойылатын шарттардың бірі – олардың лингвистикалық тұрғыдан дұрыстығы болып табылады. Сондықтан да терминологияны реттеуде алға нормативтік талаптар қойылады. Біздің ойымызша, тер-

миндер мен терминологияларға қойылатын нормативтік шарттарды алты пунктке топтастыруға болады:

1. Жүйелілік;
2. Бірізділік;
3. Термин мен ұғымның бірмағыналылық сәйкес келуі;
4. Семантикалық дәлдік;
5. Қысқалық;

6. Терминдер жарыспалылығы мен варианттылығын айқындап, қажеттілерін енгізу.

Белгілі бір терминологиялық жүйеге енгізілетін жаңа терминологияны реттеу және біріздендіру жұмысының барысында нормативтік параметрлерге сай келетін терминдер іріктеліп, сарапқа алынады. Нормативтік параметрлердің негізгілерін мынадай белгілер құрайды: атаудың ұғым мазмұнына сай келуі, келмеуі; терминнің көпмағыналылығына мүмкіндігінше жол бермеу; термин-синонимдердің тек қажеттілерін қалдырып, синонимдер санын шектеу; терминнің тілдік белгіленуінің ұтымды формасын беру; терминнің қысқалық белгісін, жеңіл айтылуын қамтамасыз ету; жаңа терминдерді өздерінің терминологиялық өріс үлгілеріне сәйкес жасап енгізу.

Түйіндей келгенде, терминологиялық жүйені қалыптастыру үшін төмендегідей талаптар қойылады:

1. Жаңадан жасалған арнаулы атаулардың ішінен қажетті, ұтымды терминдерді іріктеп алу;
2. Оларға дәл белгіленген анықтама беріп тіркеу;
3. Терминнің бірмағыналылық ерекшелігі ескеріліп, қажетсіз синонимдерден шектеу.

Осындай талаптар ескеріліп жасалған терминдер арқылы салалық терминология жүйелері нығайып, бұл саладағы бүкіл өзгерістерге үнемі бейімделуге мүмкіндік береді. Кәсіп иелері атауларының ономазиологиялық құрылымдарының ерекшеліктеріне сәйкес олар үш үлкен топқа бөлініп қарастырылды: 1) Іс-әрекетке қатыстылықты білдіретін атаулар: а) адамның тікелей орындайтын іс-әрекетін көрсететін атаулар: (*ісіруші, толтырушы, жіктеуші, сұрыптаушы, өңдеуші* және т.б.); ә) іс-әрекетке қатысуына байланысты атаулар:

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— балқытушы – «балқыту процесін жүргізуші» және т.б.; б) іс-әрекетке пассив қатынасты білдіретін атаулар: тасушы (ісқағаздарды т.б.), шабарман т.б.; 2) іс-әрекет нысанына қатысты атаулар: а) жасалатын, дайындалатын затты көрсететін атаулар: шұжықшы, қаймақшы, өрнекші және т.б.; ә) өңделетін затқа қатысты атаулар: жұқартушы, тұздаушы, тері өңдеуші және т.б.; б) ғылыми қызмет нысанына қатысты атаулар: кибернетик, тілші, әдебиетші, математик, химик, экономист, шығыстанушы және т.б.; в) затқа күтім көрсетуіне байланысты атаулар: малышы, сиыршы, құс өсіруші т.б.; 3) іс-әрекет тәсіліне қатысты атаулар: а) іс-әрекет құралына қатысты атаулар: аппаратшы, локомотивші, машинеші және т.б.; 2) еңбек жағдайына қатысты атаулар: шахташы, киоскер, моншашы, лифтіші және т.б.

Тіл дамуының түрлі кезеңдеріне сәйкес атаулардағы қатынас түрлері де өзектілігі мен өнімділігі тұрғысынан айырмашылықтарымен және өзгешеліктермен сипатталады. Мәселен, қазіргі таңда адамның тікелей орындайтын «іс-әрекетін көрсететін» атаулар өзінің өнімділігін жоғалтып, еңбек жағдайының өзгеруіне сәйкес «іс-әрекетке қатысуына байланысты» атаулар өзекті болып табылады. Ал мұндай ономасиологиялық құрылымдар, негізінен, құрама атаулармен беріледі (*ширата дайындаушы, темір шебері-өткізуші, реакция аппараттарын құрастырушы* т.б.).

Ал қолөнершілер атауының ең өнімді ономасиологиялық құрылымы еңбек затына, бұйымына қатысты қалыптасқан атаулар тобы болып табылады. Бұл қатынас сипаттамалы сөз тіркестері де арқылы беріліп отырған. Сонымен, біріншіден, аталмыш кезең біртұтас белгілі бір дәрежеде ұйымдасқан күнделікті қолданысқа лайық адамға қатысты атаулардың қоғамға пайдалы қызметті белгілейтін әдіс-тәсілдер жүйесі қалыптасуымен сипатталады; екіншіден, бұл тұста пайда болған қолөнершілер атаулары сол кезде қалыптасқан ұсақ қолөнер өндірісі жайлы ұғымды айқындайды. Ал ұсақ қолөнер өндірісі қарапайым құрал-саймандарды пайдалану, тауарды дайындап, өндеп шығару және оны өткізу,

яғни сату қызметтерінің қатар іске асуы, тауарды тұтынушылар тапсырысы бойынша дайындау ерекшелігімен анықталады; үшіншіден, ұсақ тауарлық өндіріс жағдайында адамға қатысты атаулар негізі еңбек нәтижесі, демек заттық қатынасты айқындайтын ономасиологиялық принципке сәйкес қалыптасады. Бұл өз кезегінде кәсіп иелерін білдіретін атаулардың басым көпшілігін, негізінен, субстантивті сипаттағы туынды сөздер жүйесі құрайтындығын анықтайды; төртіншіден, қолөнершілік кәсіп атауларының терминжасамында зат есімді негіз + -шы, -ші, ең өнімді сөзжасамдық құрылым болып табылады.

Дегенмен, бұл сөзжасамдық парадигма адам тұлғасын білдіруші басқа да жұрнақтар арқылы жасалып, мысалы, -гер, -кер, -бан т.б. варианттылық құбылысымен сипатталады. Кәсіп иелері атауларының терминденуі шектеулі адамдарға ғана түсінікті көптеген жеке операцияларға бөлінген кәсіби іс-әрекеттің және өндірістің арнайы нысаны қалыптасу кезінен ғана басталады. Сонымен бірге, біз бұл атаулардың терминдену кезеңін ХХ ғасырдың 10-30- жылдарынан бастағанды жөн көрдік. Себебі, бұл жалпы қазақ терминжасам үдерісінің ғылыми негізде жүргізілуінің бастапқы кезеңі болып табылады.

Сонымен қатар, жалпы қолданыстағы сөздің терминологиялық өріске көшкенде мағынасы өзгеріп, жаңа үстеме мағыналар бірлігін құрайды. Сөйтіп, адам кәсібіне байланысты атаулар осы үстеме мағынаның мынадай түрлеріне ие бола алады: адамның белгілі бір іс-әрекетті орындауы; белгілі бір іс-әрекетті жасап шығару мүмкіндігіне ие болуы; белгілі бір іс-әрекетпен кәсіби түрде айналысуы; іс-әрекетпен әуесқой түрде айналысуы; бір іске, жұмысқа берілуі немесе сол іс, жұмысқа, кәсіпке бейім болуы; іс, жұмыспен шектен тыс мөлшерде айналысуы; белгілі бір қасиетке т.б. ие болуы және т.б.

Осыдан шығатын қорытынды – сипаттамалы, сөз тіркесі арқылы жасалған немесе бір лексемалы кәсіп иелерін білдіретін атаулар жалпы лексика-семантикалық топ ерекшеліктеріне сәйкес өзіндік терминдік үлгілері бар тілдік

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

бірліктер қатарына жатады. Ал бұл атаулардың терминдену деңгейі әлеуметтік және ішкі тілдік заңдылықтарға бағынышты болып, мынадай шарттардың ескерілуін талап етеді: 1) қоғамдық қарым-қатынастар сипаты; 2) өндіріс, ғылым мен техниканың даму деңгейі; 3) еңбек мазмұны мен сипатын айқындайтын даралаушы белгілердің дамуы; 4) тілдің даму кезеңіне сәйкес тілдік жүйеде арнайы сөзжасамдық тәсілдердің болуы; 5) лексикалық жүйедегі парадигматикалық және синтагматикалық байланыстар дамуының деңгейі; 6) өнімді ономасиологиялық құрылымдар ішіндегі қарым-қатынас түрлері.

Қазіргі кезде қазақ терминологиясының шешілуге тиіс өзекті мәселелерінің бірі терминологиялық инновацияларды нормалау болып табылады. Терминологиялық жаңа қолданыстардың нормасы жалпықолданыстағы сөздердің нормасымен сәйкес келгенімен, өзіне тән ерекшелігі болады. Терминологиялық жұмыстар, әсересе, оның реттелуі норма және сөйлеу мәдениеті ұғымдарының қарастырылуын талап етеді. Себебі терминдерге ең басты қойылатын шарттардың бірі — олардың лингвистикалық тұрғыдан дұрыстығы. Сондықтан да терминологияны реттеуде алға нормативтік талаптар қойылады. Біздің ойымызша, терминдер мен терминологияларға қойылатын нормативтік шарттарды алты пунктке топтастыруға болады: 1) жүйелілік; 2) бірізділік; 3) термин мен ұғымның бірмағыналылық сәйкес келуі; 4) семантикалық дәлдік; 5) қысқалық; 6) терминдер жарыспалылығы мен варианттылығын айқындап, қажеттілерін енгізу.

Белгілі бір терминологиялық жүйеге енгізілетін жаңа терминологияны реттеу және біріздендіру жұмысының барысында нормативтік параметрлерге сай келетін терминдер іріктеліп, сарапқа алынады. Нормативтік параметрлердің негізгілерін мынадай белгілер құрайды: атаудың ұғым мазмұнына сай келуі, келмеуі; терминнің көпмағыналылығына мүмкіндігінше жол бермеуі; термин-синонимдердің тек қажеттілерін қалдырып, синонимдер санын шектеуі; терминнің тілдік белгіленуінің ұтымды формасын беруі; терминнің қысқалық белгісін, жеңіл айтылуын қамтамасыз етуі; жаңа терминдерді

өздерінің терминологиялық өріс үлгілеріне сәйкес жасап енгізу. Түйіндей келгенде, мынадай қорытынды шығаруға болады: жаңадан жасалған арнаулы атаулардың ішінен қажетті, ұтымды терминдерді іріктеп алу; оларға дәл белгіленген анықтама беріп тіркеу; терминнің бірмағыналылық ерекшелігі ескеріліп, қажетсіз синонимдерден шектеу.

III ТАРАУ

ТЕРМИНЖАСАМ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ТЕРМИНДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ОНОМАСИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ

Терминдердің мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері

ТА үдерісін зерттеу мен зерделеу үшін оның теориялық негіздерін белгілеп, ғылыми-техникалық коммуникация, ондағы бастапқы уәждемелерді анықтап, арнаулы аталымдардың басты принциптерін талдап, жинақтап жүйелеуіміз қажет. Ең басты айқындалмаған мәселе ТА үдерісі, оның жалпы аталым үдерісінен айырмашылығы және ұқсас жақтары, ономасиологиялық бағыт негізінде құрылымдық элементтерінің жүйеленбегендігі.

Білімнің әрбір арнаулы саласында лексикалық қорымызды толықтырып және жаңартып жататын үздіксіз тілдік үдеріс жүріп, жалпы лексиканың дамуынан әлдеқайда озық болуымен ерекшеленеді. Сөздер – өзінен-өзі жасалып, бірден тілдік қолданысқа ене салатын бірлік емес. Сөздер оған нақты қажеттілік туындаған жағдайда ғана жасалады. Мәселен, жалпы лексикада сөздер, әдетте, белгілі бір сөйлеу жағдаятына байланысты жасалып, оған түрлі ассоциациялар негіз болады. Ал арнаулы салада атау беруші сол затты ойлап тапқан адам немесе оған жақын шағын бір топ болуы мүмкін. Жалпы тілдік аталымның ТА айырмашылығы – жалпы лексикалық аталымның сөйлеу барысында пайда болған атаулары қоғамдық тәжірибе тұрғысынан іріктеліп, олардың кейбіреулері ғана тілдік нормаға еніп, қолданысқа түсуінде. Ал

арнаулы лексикада, керісінше, ұсынылған атаулардың барлығы бастапқы кезде бірдей қолданылып, сол сала ішінде қалыптасып, тең дәрежеде пайдаланылуы мүмкін.

А.В.Суперанская, Н.В.Подольская, Н.В.Васильева сияқты авторлардың 1989 жылы жарық көрген зерттеу еңбегінде ХІХ ғасырдың ортасына дейін терминдердің көбі төмендегідей үлгіде жасалған деп көрсетілген:

1. Жалпы сөздердің қолданысына бірнеше шектеулер қойылып, қарапайым сөзге терминологиялық мағына беру арқылы терминдер қатарына өткізу.

2. Сипаттамалы атаулар, термин-фразалар жасау.

3. Автордың зерттеп дамытып жатқан теориясына сәйкес жаңа сөздер жасау (сөз шығармашылығы) [73, 82 б.].

Кейіннен бұл тәсілдер жүйелі номенклатуралар мен белгілі бір теориялар шеңберіндегі терминдердің арақатынасы мен байланысын айқындау үшін қажет термин-модификаторлар жүйесі бар жүйелі терминологиялармен толықтырылып, сонымен бірге сөзді термин ретінде сол терминделуші ұғыммен бірмағыналық сәйкестендіру мақсатында арнаулы дефинициялар жасалып, кірме терминдер қабылдау және өзге тілді терминдерді аудару сияқты қосымша терминжасам амал-тәсілдері қалыптасады.

ТА жалпы тілдік аталымға қарағанда, негізінен, екінші аталымға сәйкес келеді. Өйткені жалпы тілдегі барлық құбылыстардың бұрыннан қалыптасқан атаулары бар, ал арнаулы салалар үнемі жаңа атаулар қажеттілігімен сипатталады. Осыған орай, ТА оны білімнің жеке, дербес саласы ретінде анықтайтын төмендегідей мәселелермен байланысты болып келеді:

1. Термин шығармашылығы;

2. Терминологиялық мағынаның арнаулы бағытта дамуы;

3. Жүйелілік;

4. Реттілік;

5. Бірізділік;

6. Белгілі бір жүйеде және оған сәйкес терминологиялық өрісте ұйымдастырылып реттелуі;

7. Термин экстенциясы мен интенциясы және т.б.

Бұл ретте ең басты шешілмеген мәселе – жалпы қолданыстағы сөз, термин, термин-сөздер, термин-ұғым, терминнің мазмұн межесі мен тұрпат межесі сияқты сабақтас катего-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

риялардың арақатынасы, айырмашылықтарының нақтыланбағандығы, яғни олардың тұтастық қасиеттері, белгілерінің жинақталмағандығы. Термин өзінің тұрпат межесі тұрғысынан жай сөзбен тең келгенімен, мазмұн межесі жағынан жай сөзге мүлдем ұқсас келмейді. Егер жай сөз өзінің сыртқы формасы арқылы танылса, терминдер үшін ең маңызды қызметі оның мазмұны, атқарады. Сол себепті де жай сөздер үшін аталушы заттың дыбысталуы мен мазмұны біртұтас бірлік ретіндегі сипаты аса маңызды болса, терминдерде бұл тұтастық байқала бермейді. Мысалы, терминнің лексикалық, синтаксистік байланыстары жайлы мәселелерді талдағанда ол жай сөз ретінде қабылдана береді, ал егер оның ұғыммен байланысын талқылаған жағдайда термин жай сөзге қарама-қарсы бірлік ретінде қарастырылады. Сондықтан да көптеген терминолог ғалымдар термин-сөз бен термин-ұғымды екі бөлек терминологиялық категория деп қарауды ұсынады [71, 83 б.].

Аталымдық сөздердің объективтік сипаты оларды ұғыммен жақындастырады. Ұғымдар сияқты лексикалық мағыналар да ақиқат болмыс элементтері мен жеке-дара деректері туралы адамның білімі мен ой-тұжырымдарын білдіреді. Сондықтан да сөз мағыналары да, ұғымдар да объективтік шындықтың ерекше бір формасы, ал бұл формалардың негізі абстракциялау мен жалпы қорытындылау сияқты іс-әрекеттерден тұрады. Сөздер мен ұғымдардың астарында әрқашанда белгілі бір жалпы, тұрақты әрі жалпыланып қорытындыланған мағына болады.

Барлық сөздер (жалпы есімдер де, жалқы есімдер де) тілдік жүйенің бірліктері ретінде жалпы дүниенің сипатын білдіруімен ерекшеленеді. Алайда бұл тұжырымды тіл білімінде ғалымдардың барлығы қабылдаған, мойындаған деп айту қиын, керісінше, мағына концепциясына қатысты түрлі ой-пікірлер бар (Ф. де Соссюр, А.И.Смирницкий, Г.А.Колшанский, П.С.Попов, В.В.Виноградов, С.Д.Кацнельсон, Н.Г.Комлев т.б.). Оларды жүйелі түрде көрсететін болсақ, мағына дегеніміз:

- 1) аталушы зат;
- 2) зат туралы түсінік (немесе идеалды зат);
- 3) ұғым;
- 4) қарым-қатынас: а) зат пен таңба арасындағы; ә) зат пен ол туралы түсінік арасындағы; б) таңба мен ұғым ара-

сындағы; в) таңба мен адам қызметі арасындағы; г) таңбалар арасындағы;

- 5) сөз-таңба қызметтері;
- 6) ақпарат инварианты;
- 7) объективтік шындықтың көрінісі.

Бұл жүйеде берілген концепциялардың ішінен ғалымдар тарапынан ең жиі талқыланатын мәселе мағына мен ұғымның арақатынасы болып табылады.

Ғалымдар бұрыннан мағына мен ұғым терминдерінің айырмашылығын немесе бір екендігін дәлелдеп, бұл мәселе көптеген зерттеу еңбектерінің нысаны болған. «Сөз ұғымды білдіреді», «сөз ұғымды жүзеге асырады», «мағына негізінде ұғым болады», «ұғым мен мағына өзара байланыста болады, бірақ сәйкес келмейді» деген тұжырымдар мен пайдалауларды лингвистикалық зерттеу еңбектері мен мақалаларда жиі кездестіруге болады.

Келтірілген ой-тұжырымдарға қатысты мынадай қорытындылар жасауға болады:

1) ұғым мен мағына түрлі мазмұндары бар екі басқа категория деген пікірге келісуге болмайды;

2) ұғым мен мағына мазмұндары тұрғысынан сәйкес келіп, олардың айырмашылығы танымдық үдерістің екіжақтылық қасиетімен ғана ерекшеленеді: ойлау үдерісі мен тілдік үдеріс тұрғысынан [194];

3) мағына мен ұғымның мазмұн тұрғысынан айырмашылығы ғылыми және қарапайым ұғымдар түрлеріне қатысты ажыратылады;

4) психикалық актілерге танымдықпен қатар эмоционалдықтың та қатысы бар екендігін ескеру қажет.

Мәселен, «ұғым» мен «мағына» сөздерінің терминологиялық және ауызекі сөйлеу барысында қолданылуы. Ғалым Ю.С.Степанов: «...ұғымдар адам танымының нәтижесі ретінде сөздермен белгіленген объективтік шындықтың барлық құбылыстарында бола бермейді. Ұғымдардың пайда болуы ақиқат шындықтың ғылыми танымымен байланысты болса, ал сөздер арқылы адам өміріндегі күнделікті де, ғылыми да маңызы бар құбылыстар беріледі», – деп көрсетеді [195, 149-151 бб.].

Сонымен, Ю.С.Степановтың пікірінше, ұғымға ең жақын құбылыс – мағына. Кейбір жағдайда (кейбір сөздер) мағына

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— мен ұғым біртұтастықты білдірсе, ал басқа бір лексикалық бірліктерде ұғым болмайды, яғни мұндай жағдайда мағына мен ұғым байланыс мәселесі де қозғалмауы тиіс.

Мағынаны таңба мен зат арасындағы қатынас деп түсіну сонау XVII ғасырдан бастау алады (Д.Локк). Оны сурет түрінде былай көрсетуге болады:



Сурет 11 – Сөз бен зат арақатынасынан туындайтын мағына көрінісі

Ал мағынаны таңба мен ұғым арасындағы қатынас деп түсінушілер оны адам санасында жүзеге асатын логика-психологиялық үдеріспен байланыстырады. Мысалы, Е.М.Галкина-Федорук мағынаны таңба мен ұғым арасындағы қатынас деп көрсетіп, оған мынадай анықтама береді: «Сөздің лексикалық мағынасы – белгілі бір дыбыстық кешен мен ақиқат болмыс құбылысының арасында сөйлеуші ұжым орнатқан байланыс» [196, 47 б.]. Алайда ғалым ұғым мен мағынаны біркелкі құбылыс деп танымайды. Оның пікірінше, ұғым – логикалық категория, ал мағына – тілдік категория [197, 82 б.].

Аталған тілдік құбылысты таңба мен қызмет арасындағы қатынас деушілер психология мен лингвистиканың бихевиоризм бағытын қолдайды. Олар психиканың ерекше сипатын, сана фактісін жоққа шығарып, адамның іс-әрекетін тірі организмнің механикалық іс-қимылы деп қана қарастырады. Бихевиоризмнің тағы бір түрі операционализм болып табылады. Операционалистердің пікірінше, мағына – аталмыш терминге сәйкес операция, іс-әрекеттер жиынтығы, яғни мағынаны адамның не айтқысы келгенінде емес, айту барысында не істегенінен іздеу қажет деп санайды.

Таңбалар арасындағы қатынасты мағына деп түсінушілер оны дистрибуциямен байланыстырса, сөз-таңба қызметін қолданушылар семантикалық қызметтің өзін «мағына» тер-

минінің орнына пайдаланады. Тіл білімінде математикалық әдістердің қолданылуы мағынаны кибернетика терминдері, әсіресе «ақпарат» термині арқылы анықтауға мүмкіндік берді. Әрине сөзде белгілі бір ақпараттың болуы ешбір күмән келтірмейді. Алайда сөздің лексикалық мағынасын бұл ақпараттың инварианты толық қамти алмайды.

Мағынаның объективтік шындықтың көрінісі ретінде анықталуы ғалым А.И.Смирницкийдің еңбектерінде қарастырылған. А.И.Смирницкий: «...Сөздің мағынасы заттар мен құбылыстардың көрінісі немесе сөздің ішкі құрылымын айқындайтын санадағы қатынастар», – деп көрсетеді [198, 89 б.]. Сөздің мағынасы қалай түсіндірілгенімен де, оның белгілі бір көріністі беретіндігі, белгілейтіндігі даусыз. Өйткені тіл – адам санасы мен объективтік шындық арақатынасының, соңғысының түрлі формаларын санада белгілейтін, көрсететін құрал.

Жоғарыда аталған мәселелер терминтанымның ең бір өзекті проблемасы – термин мен табиғи тілдің сөз сәйкестігін қарастыруда өте маңызды рөл атқарады. Өткен ғасырдың 30-шы жылдарында Г.И.Винокур айтқандай, термин ерекше сөз емес, ерекше қызмет атқаратын сөз бірлігі. Осы жөнінде сол жылдары А.А.Реформатский былай деп жазады: «Бір қарағанда, терминология саласы өзінің шектеулі параметрлерімен ерекшеленсе, екінші бір жағынан, қарапайым сөйлеумен үнемі өзара әрекеттестікте болады. Әрбір қарапайым сөз арнаулы сөздікке енгізілуі арқылы термин болып, әрбір термин аталушы затпен дәл сәйкестігін жоғалту негізінде қайтадан күнделікті сөйлеуге оралуы да мүмкін» [95, 165 б.].

Кеңес Одағы заманының 60-шы жылдары ғылымның қарқынды дамуына орай, әсіресе ядролық физика, химия, ақпарат теориясы салаларына қатысты көптеген терминдер пайда болды. Үздіксіз жүріп жатқан терминдену үдерісі зерттеушілердің назарынан тыс қалған жоқ. Сөйтіп, А.А.Реформатскийдің жасаған ой-тұжырымы өз жалғасын тапты. Оның терминнің ерекше қызметі туралы айтылған ойы жүйе ұғымымен түйістірілді: «Терминнің ерекше қызметі сол терминнің кіретін жүйесімен анықталады, жүйеден тыс болған жағдайда ол өзінің терминдік сипатын жоғалтады» [91, 55 б.].

Көптеген терминологиялық зерттеулерде жүйелілік сипатын «нақты бір білім саласының ұғымдар жүйесін қалыптас-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— тыру қабілеті» немесе «терминнің терминдер жиынтығын құрап көрсету қасиеті», – деп анықтайды [199, 93 б.]. Сонымен бірге авторлар ұғымдар жүйесінің терминдер жүйесімен сәйкес келмейтінін де атап көрсетеді, өйткені «ұғымдар жүйесі – авторлық, ал терминдер жүйесі – жалпы құндылық; жаңа концепцияның әрбір авторы өзінің ұғымдық жүйесін жаңа терминдерді де, қолданыста бар терминдерді де қатыстыра отырып жасайды» [91, 97 б.].

Сондықтан да біздің зерттеуіміз үшін «жүйелілік» ұғымын терминнің ұғымдар жүйесін қалыптастыру қасиеті деп қабылдаған маңызды. Себебі ономасиологияның негізгі теориялық ұстанымы – тілдік бірліктердің жасалу заңдылықтарын айқындау. Осы тұрғыдан келгенде, терминнің негізгі қасиеті жаңа білімді ерекше экспликациялық тәсіл ретіндегі қабілеті болып табылады. Сонымен, термин жүйелілігі – оны табиғи тіл лексикасынан өзгешелендіретін ерекше қасиеті.

Термин мен сөздің арақатынасы мәселесін ғалым В.А.Никифоров былайша баяндайды: «Терминология – жүйеге байланысты ерекше қызметі негізінде айрықша лексикалық топты құрайды. Терминология жүйесі жалпы тіл жүйесінің белгілі бір бөлігі ретінде ғылыми ойды білдірудің құралы. Терминология дегеніміз – жүйе. Терминологиядан тыс болған жағдайда сөз терминдік сипатын жоғалтады, бірақ аталымдық қызметін сақтап қалады, өйткені аталымдық қызмет сөз атаулының жалпы қасиеті» [200, 114 б.]. Терминнің мұндай сипаттамасы – статикалық аспектіде қарастырылатын терминологиялық зерттеулерге қатысты жасалған анықтама. Терминдерді жүйелілік ұғымы негізінде терминдер жиынтығы деп қарастыру оның мән-мағынасын толық айқындап бере алмайды. ТА ономасиологиялық аспектіде зерттелуі терминологияны ғылыми ойлаудың берілу құралы ретінде қарастырумен қатар, оның нәтижесі екендігін де зерделеуді қажет етеді. Сондықтан терминдердің қолданылу, қызмет көрсету салалары тек терминологиялық жүйе шеңберімен шектелмесе керек деп санаймыз.

Алайда термин жүйелілігі оның ұғым негізінің маңызды белгісінің бірі болып табылады. Өзінің формасы бойынша ол – жеке сөз, ал маңызы мен дефинициясы, қызметі оның тұтастай терминологиялық жүйедегі орнына тәуелді терминдер мен

термин емес сөздердің қарама-қарсылығы кейбір ғалымдарды бұл оппозицияның лингвистикалық табиғатын жоққа шығаруға да талпыныс жасауына алып келген. Мысалы, ғалым В.А.Ступин: «Терминдер «сөздерге» қарағанда айтылымдар – білімдер құрылымының элементтері, «терминдердің» жалпы қолданыстық сөздерге қарама-қарсы қойылуы дәстүрлі семиотикаға қатысы жоқ теорияларда қарастырылмайды, бірақ шын мәнісінде айтылымдар – білімдер мен айтылымдар – ақпараттар айырмашылығын көрсетеді. Бір ұлттық тілдегі «арнаулы» және «жалпықолданыстық» ұғымдар лингвистикалық емес, социолингвистикалық параметрлер болып табылады. Бұл параметр жеке тұлғалардың (бірнеше топтардың) тіл мен сөйлеуде көрініс беретін бірнеше ғасырлар бойы бүкіл тілдік ұжым қалыптастырған мәдениетті игеру деңгейін айқындайды. Басқаша айтқанда, «арнаулы» және «жалпықолданыстық» ұғымдары жеке тұлғалар мен топтардың экологтық – мәдени әлеуметтендірілуі деңгейін анықтаушы лингвистикалық көрсеткіштер», – деп анықтайды [201, 5 б.].

Біздің ойымызша, аталмыш мәселенің осылайша анықталуына мынадай белгілер себепші болды:

- 1) терминнің тілдік таңба ретінде ерекше табиғаты;
- 2) терминнің таным теориясымен, ғылыми білім дамуымен байланысы;
- 3) терминнің экстралингвистикалық табиғаты.

Шынында да, көптеген жағдайда динамикалық табиғаты бар терминдердің мәселесін статикалық аспектіде қарастыру мүмкін емес.

Жүйелілік ұғымының терминдердің жиынтығы деп анықталуына қарсы пікірді Ю.Н.Марчук те білдіреді. Ол: «Бүкіл ғылыми-техникалық әмбебаптық терминологияны бірнеше бір-біріне қарсы келетін жеке-дара салаларға бөліп, салалық сөздіктерге тіркеу мүмкін емес. Тар салалардың да сөздік қорының 85%-ын басқа салалар немесе жалпы тілде бар сөздер құрайды. Ғылымның өзінің біркелкі иерархиялық жіктемелік схемасы жоқ. Мәселен, мына деректер мен құбылыстар бұл ғылым саласының тек мына түріне қатысты деп көрсететін нақты дерек жоқ», – деген қорытынды жасайды [202, 71 б.].

Ал кейбір лингвистикалық зерттеулерде мынадай пікірлер айтылады: терминологияларда әрбір элементті жеке алғанда

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— оның жүйелілігін танып білу мүмкін емес, себебі жүйе дегеніміз – бұл элементтер жиынтығы. Сондықтан жеке терминнің жүйелілігі жайлы айту қисынға келмейді (И.С.Торопцев, Н.Е.Елфимов, Ю.Н.Марчук т.б.). Сонымен, жүйелілік ұғымы өте маңызды белгі, бірақ та термин мен сөздің аражігін айқындау үшін жеткіліксіз болып табылады.

Осымен байланысты, бірнеше терминологиялық зерттеулерде термин мен сөз мәселесіне қатысты түрлі түсініктер келтіріліп жүр. Зерттеушілердің біразы терминология мен жалпыхалықтық лексиканы мүлдем ажыратып көрсету мүмкін емес деп санаса (Ю.Н.Марчук, С.Д.Кучерова т.б.), басқалары терминология жалпыхалықтық лексиканың ерекше қабаты деп көрсетеді (Т.С.Коготкова, В.Е.Приймук, А.А.Сивков т.б.). Ғалымдардың пайымдауынша, терминдер жалпы лексиканың бір қабатын құрап, оған жалпы әдеби сөздер кірігуі әбден мүмкін.

Бірақ терминология теориясында бұл пікірлерді мүлдем жоққа шығаратын ой-тұжырымдар да бар. Ғалымдардың пікірінше, термин лексиканың ерекше бөлігі ретінде жалпы-әдеби тілге мағына құрылымының өзгешелігімен қарама-қарсы қойылады (Н.Г.Благова, Т.Сэйвори т.б.). Термин мен сөздің арақатынасы терминологияның функционалдық аспектіде қарастырылуында жаңаша қырынан зерттеледі. Маңызды теориялық қорытынды ретінде ғалым В.М.Лейчиктің тұжырымын атап көрсетуге болады: «...термин белгілі бір табиғи тілдің лексикалық бірлігі негізінде жасалады, яғни бұл тілдің лексикалық бірлігі термин субстраты болып табылады» [199, 89 б.]. Бұл ретте аталмыш мәселенің шешілуіне негіз ретінде логикалық туындылық категориясы басшылыққа алынады.

Ономасиологиялық аспектіде бұл мәселенің қарастырылуына төмендегілер негіз бола алады:

1) жалпы аталым концепциясының ономасиологиялық бағытта жасалуы;

2) аталымның лингвистикалық және лингвистикадан тыс деректерге байланысы;

3) терминологиялық сөзжасамның үдерістік сипаты.

Қарастырылып отырған мәселенің ономасиологиялық аспектіде шешілуі, ең алдымен, терминологияның табиғи тілдік негізін мойындау болып саналады. Тіл – семиотика-

лық жүйе ретінде тек белгілі бір код қызметін атқару ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар қайта кодталу қасиетін де көрсете алады, яғни бірнеше салаларда қатар жұмсалуды мүмкін. Табиғи тіл – алғашқы жұмсалудың саласы болса, қалғандарының барлығы табиғи тіл таңбаларының қайта кодталуына орай екінші қызмет етуі болып саналады.

Сонымен, терминология – табиғи тілдің жұмсалудың екінші саласы немесе оның «кішігірім тілі» дегенді білдіреді. Сондықтан да термин мен сөздің арақатынасы туындылық принципіне негізделеді: сөз – алғашқы, термин – екінші, туынды, яғни қайта кодталған таңба. Бірақ екеуі де: термин де, сөз де табиғи тіл негізінде жасалады.

Терминнің ғылыми ұғыммен сәйкестігі – ғалымдар тарапынан мойындалған, қабылданған ең бір маңызды қасиеті. Терминнің ұғымдылығы, сөз жоқ, оның басты маңызды категориялық белгісі. Профессор Ш.Құрманбайұлы сөздің лексикалық және терминдік мағыналары арасындағы айырмашылық пен ұқсастықты ұғым белгілері арқылы анықтау барысында былай деп жазады: «Ұғымның мазмұны адамның таным деңгейінің өсуіне орай үнемі байып, толығып отырады. Соған сәйкес логикада ұғымдардың қарапайым (формалды) және ғылыми ұғымдар болып жіктелетіні мәлім. Қарапайым ұғымды құбылыстардың адамның күнделікті өмір тәжірибесінде байқалатын баршаға ортақ, көбінесе оның оңай аңғарылатын белгілері құраса, ғылыми ұғым сол құбылыс зерттеу нысаны болатын ғылым саласында қалыптасады. Ғылыми ұғымды сырт көзге байқала бермейтін арнайы зерттеу барысында ғана айқындалатын мейлінше мәнді белгілер құрайды. Соған қарамастан қарапайым ұғым мен ғылыми ұғым бір сөзбен беріледі. Бұл сөздің лексикалық мағынасы мен терминдік мағынасы толық сәйкес келеді деген сөз емес» [203, 174 б.].

Сонымен, терминнің ұғымды белгілеу қасиеті – оның ең маңызды белгісінің бірі. Оның үстіне, терминнің бұл қасиеті оған берілген түрлі анықтамалардың ең тұрақты сипаттамасының да бірі болып табылады. Мысалы, «Термин дегеніміз – сөз (немесе сөз тіркесі), оның тілдік таңбасы белгілі бір ғылым мен техника саласының ұғымдар жүйесінің бір ұғымына сәйкес келуі» (Я.А.Климовицкий) [204, 35 б.]; «терминдер – арнаулы сөздер ... заттар мен ұғымдарды дәл атауға,

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— беруге бағытталған бір мағыналы сөздер» (А.А. Реформатский) [174, 110 б.]; «термин – арнаулы тілдің (ғылым, техника т.б.) сөзі немесе сөз тіркесі. Олар арнаулы ұғымдар мен арнаулы заттарды дәл беру, белгілеу үшін жасалады (өзге тілдерден қабылданады)» (О.С.Ахманова) [25, 474 б.]; «термин – ерекше түрдегі сөз немесе сөздерден құралған кешен. Олар негізінен ұғымдарға сәйкестендіріліп, басқа сөздермен, сөздік кешендермен жүйелі қатынастарға түседі» (А.О. Хаютин) [205, 81 б.]; «Термин – арнаулы білім немесе ғылым саласы теориясының жалпы – нақты немесе абстрактілі ұғымдарын белгілейтін, арнаулы мақсаттарды атқаратын белгілі бір тілдің лексикалық бірлігі» (В.М.Лейчик) [206, 25 б.].

Қазіргі уақытта терминологияның ұғымдық мәселелері тиісті деңгейде дамыған және мынадай тақырыптарды қамтиды: ұғым және оның түрлері; ұғымның белгілері және ұғым белгілерінің түрлері; ұғымдардың жасалу тәсілдері; ұғымдардың экстенционалы және интенционалы және т.б. Бұл ретте пікірталас тудыртып жүрген мәселе – терминнің (лексикалық) мағынасы және терминмен аталатын ұғымның қарама-қарсылығы. Аталған мәселе ХХ ғасырдың 60-70-жылдарынан бастап зерттелуде. Осымен байланысты түрлі көзқарастар А.С.Гердтің ғылыми мақаласында қарастырылып, былайша топтастырылған:

1) терминдердің лексикалық мағынасы олар білдіретін ұғыммен сәйкес келмейді;

2) ұғым дегеніміз – терминнің лексикалық мағынасы;

3) ұғым дегеніміз – терминнің мағынасы, бірақ оларда лексикалық мағына болмайды;

4) терминдер терең ғылыми ұғымдарды белгілейді, ал күнделікті сөздер қарапайым ұғымдарды білдіреді [207].

Біздің ойымызша, ғалымдардың мұндай түрлі көзқарастары ең алдымен термин мен ұғымның байланысына қатысты емес, арнаулы ұғым мен арнаулы емес ұғымдарды ажыратып көрсетуінде болып отыр. Осындай арнаулы ұғым мен арнаулы емес ұғымдарды айырып көрсету сипаты Ю.Д.Апресьянның еңбектерінде ғылыми және қарапайым ұғымдар формасында көрініс тапқан [135, 56-60 бб.]. Оларды кейбір зерттеушілер құрылымдық-логикалық және индуктивті-логикалық ұғымдар деп те көрсетеді [208, 49-58 бб.].

Жалпы әдеби тілдің сөздері формасы мен грамматикалық сипаты тұрғысынан терминге толық сәйкес келіп, бірнеше мағынаны білдіре алады. Олардың бір бөлігі арнаулы, терминологиялық емес мағыналар болса, ал бір бөлігін арнаулы, терминологиялық мағыналар құрайды. Осы ретте жалпытілдік сөздердің арнаулы емес мағыналары мен олардың негізінде пайда болған терминдер мағыналары сәйкес келе бермейді.

Сонымен, жалпы терминді жалпықолданыстық сөзден ажыратып көрсету барысында пайда болған барлық ғылыми концепциялар, сайып келгенде, мынадай жайттарға негізделеді:

1) белгілі бір ғылым саласына қатысты (сөз немесе сөз тіркесі) мағынасында ғана таңбаның терминологиялық бірлік екендігі айқындалады;

2) таңбаның терминологиялық бірлік екендігі, оның мағынасын түсіндіретін белгілі бір жүйеге қатысты ғана анықталады;

3) таңбаның терминологиялылығы да аталмыш түсіндіру жүйесіне сәйкес оның мағынасын сәйкестендіруге неғұрлым көбірек мәлімет қажет болса, соғұрлым таңбаның терминологиялылығы жоғары болады.

Кәсіп иелері атаулары терминденуінің деңгейлік сипаты

Кез келген тілдік бірлікті термин ретінде қабылдау үшін оның терминологиялық дәрежесін анықтау қажет. Бұл мәселені біз адамға қатысты атаулар негізінде қарастырамыз. Өйткені әрбір әдеби тілдің сөздік қорының маңызды бір бөлігін адамға қатысты атаулар құрайды. Адамның ақиқат болмыс құбылыстары мен заттарына деген көзқарасы мен түсінігінің, басқа адамдармен өзара қарым-қатынасының түрлі сипаттамалары мыңдаған сөздермен берілген. Бұл атаулардың лексикографиялық анықтамалары төмендегідей идентификациялар арқылы беріледі: *адам, жұмыс істеуші, жұмыскер, қызмет атқарушы, маман, халық, қолдаушы, жақтаушы, кісі* және т.б. Мысалы: «*айырман жұмыс істейтін адам*» – **айыршы**, «*көмір қазатын шахтада жұмыс істеуші*» – **көмірші**, «*араб тілін, әдебиетін, тарихын, мәдениетін зерттеуші маман*» – **арабист**, «*Ауганстанның негізгі халқы*» – **ауған**, «*атеизмді қолдаушы, жақтаушы*» – **ате-**

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері — **ист**, «сиыр бағатын кісі» – **сиыршы**, «бакендерді ретке келтіруші жұмыскер» – **бакенші** және т.б.

Әдетте, адам мағынасын білдіретін зат есімдер мынадай семантикалық топтарға жіктеледі:

1) адамның атқаратын қызметіне байланысты атаулар: *бұрғылаушы, жеткізуші, жинақтаушы, теруші, реттеуші, демеуші, үйлестіруші, үйретуші, тегістеуші, бақылаушы* т.б.;

2) адамның кәсібін немесе соған бейімділігін анықтайтын затқа байланысты қалыптасқан атаулар: *мәмілегер, етікші, домбырашы, сәулетші, тілші, малыш, қазынашы, мұнайшы, құмырашы, орманыш* т.б.;

3) адам мінезінің айрықша басым бір қасиетіне немесе белгісіне байланысты қалыптасқан атаулар: *қалжыңбас, алаңғасар, нақұрыс, қыдырымпаз, жылпос, алаяқ, суайт, өтірікші, өсекші, ұрысқақ* т.б.;

4) адамның ұлтына, тұрғылықты жеріне немесе еліне байланысты атаулар: *азиялық, америкалық, неміс, қытай, қазақ, ұйғыр, канадалық, қытайлық, латыш* т.б.;

5) адамның белгілі бір қоғамдық ағымға, идеологиялық бағытқа қатыстылығы немесе қоғамдық ұйым, мекеме құрамында болуына байланысты атаулар: *дәруші, исламшы, расашыл, идеалист, дуалист, гуманист, анархист, марксист, коммунист, кришнаидтер* т.б.

Бұл лексика-семантикалық топтардың барлығына ортақ, оларды біріктіретін «адам, тұлға, кісі» категориялық семасы даралаушы семалар сипатына әсер етіп, мағыналардың айқындалуына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Осыған сәйкес аталмыш лексика-семантикалық топтардың жіктелуіне байланысты мынадай даралаушы семаларды ажыратып көрсетуге болады: «*қызмет*», «*зат*», «*қасиет*», «*тұрғылықты жер*» және «*әлеуметтік жағдай*».

Соңғы аталған екі сема – «ел», «*тұрғылықты жер*», «*ұлт*», «*қоғамдық ағым*», «*идеологиялық бағыт*», «*қоғамдық ұйым*», «*мекеме*» ұғымдарына сәйкес келіп, зат есім тұлғасында берілуіне байланысты оларды бір лексика-семантикалық топқа жатқызуға болады. Сондықтан барлық адамға қатысты атауларды «*қызметке байланысты атаулар*», «*субстанцияға байланысты атаулар*», «*қасиетке байланысты атаулар*» деп үш үлкен – лексика-семантикалық топқа жинастыруға болады.

Осы жіктемеге сәйкес жалпы ономасиологиялық негізді «қатынас түрін білдіруші адам» деп алып, тілден тыс мазмұнды реттеу және жинақтап қорытындылау мақсатында мынадай үш ономасиологиялық категорияны ұсынуға болады: «іс-әрекеттік қатынасты білдірушінің категориясы», «субстанциялық қатынасты білдірушінің категориясы», «қасиет иесінің категориясы».

Терминнің семантикасын толық айқындайтын тілдік құрам оның дефинициясы болып табылады. Өз кезегінде термин дефинициясы ғылым мен техника, өнеркәсіп, ауылшаруашылығы т.б. саласының терминологиялық жүйесі арқылы белгіленеді. Осымен байланысты ғылыми әдебиеттерде терминнің ең басты ерекшеліктері ретінде төмендегідей белгілері көрсетіледі:

1) терминнің белгілі бір терминологиялық жүйеде орнын айқындайтын бірмағыналылық қасиеті;

2) уәждеуші сөзге қатысты терминнің стандарттылығы;

3) терминдік үлгілердің басым көпшілігінің тұрақтылығы;

4) термин құрылымының айқындылығы.

Орыс ғалымы Л.А.Шкатова адамға қатысты атаулардың термин немесе термин еместігін дәлелдеу үшін бұл атаулардың мынадай ерекшеліктеріне назар аудару қажет деп санайды [209, 40 б.]:

1) логикалық категория негізінде тілдік таңбаланушыларға тән қасиеттер мен қатынастардың сипатын анықтау;

2) адамға қатысты атаулар терминдік бірліктер болып табылған жағдайда олардың келешекте қандай терминологиялық өріске жатқызылатынын анықтап, сол өрістің сипатын айқындау;

3) сөзжасамдық құрылымдар сипатын айқындау: уәждеушіге қатысты стандарттылық, үлгілер тұрақтылығы, семантикалық айқындылық.

Бірақ атаулардың барлығы бірдей бұл белгілерге толық сәйкес келе бермейтіндігі мәлім. Себебі аталмыш белгілердің терминдердегі көрінісі түрлі болуы мүмкін. Сондықтан да ғылыми әдебиеттерде сөздердің «терминдену дәрежесі» ұғымы қалыптасқан. Өйткені жалпы сөздердің терминологиялық өріске енуі өзекті, негізгі немесе соңғы, перефериялық болуына байланысты терминденудің түрлі дәрежелері анықталады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Осыған орай, адамға қатысты атаулардың мынадай терминдену дәрежелері болады:

1) *нөлдiк дәреже* (терминдену құбылысының мүлдем болмауы): бұл ретте, сөздің мағынасы мәнмәтінге тәуелді болып, тілдің арнаулы емес құралы күнделікті қолданылатын сөз ретінде ешбір терминологиялық өріске жатпайды;

2) *бірінші дәреже*: сөздер арнаулы белгілеу құралы ретінде қолданылып, кәсіби сөйлеудің белгілі бір жүйесінде ғана қызмет ететін вариантты, бірақ айқын бір мазмұнды білдіре алмайтын тілдік бірліктер;

3) *екінші дәреже*: жалпы әдеби тілге қарағанда әлдеқайда таралаушы белгілері айқын ұғымдарды білдіретін, жабық, шектеулі жүйе шеңберіне жататын, арнаулы қолданыста белгілі бір мазмұны бар атаулар (топонимдер, өсімдік атаулары т.б.).

4) *үшінші дәреже*: арнаулы әдебиеттерде, оқу және анықтамалық құралдарда бекітілген мазмұнды білдіретін, ресми кодификацияланған таңба ретінде қабылданған атаулар.

Сонымен, терминденудің ең жоғарғы деңгейі үшінші дәрежені білдіретін сөздерге тән, ал ең төменін бірінші дәрежеге жататын сөздер көрсетеді. Осымен байланысты сөздің терминдену дәрежесі неғұрлым жоғары болса, соғұрлым бұл тілдік бірліктің шарттылығы мен жасалындылығы да жоғары болады.

В.П.Даниленко атап көрсеткендей: «Терминология жалпы әдеби тілдің ерекше бір саласын анықтап, ғылым мен техниканың салаларында қызмет етеді. Термин анықтамасының негізі ретінде біз арнаулы салада қолданылатын сөз немесе сөз тіркесін алып, олардың арнаулы ұғым атауы және оған сәйкес дефинициясының болуын міндетті деп санаймыз» [94, 15 б.].

Шынында, жалпы әдеби лексикадан терминнің ең басты ерекшелігі – оның дефинитивтік қызмет атқаруында. Осыған орай, белгілі ғалым В.В.Виноградов былай дейді: «Сөздің ең маңызды қызметі атауыштық немесе дефинитивтік екендігі баршаға мәлім. Яғни егер ол жалпы белгілеу құралы болса, онда сөз – жай таңба, ал егер логикалық анықтама құралы болса, онда ол ғылыми термин болып табылады» [210, 16 б.].

Ұғымның анықтамасы, дәлірек айтатын болсақ, оның дефинициясы ұғымның мазмұнын айқындап, оған ұқсас ұғымдардан айырмашылығын көрсетіп, оның маңызды белгілерінен құралады. Сонымен қатар, терминнің тағы бір ерекшелігі

оның қолданыс аясы болып табылады. А.А.Реформатский: «Терминология – бұл әлеуметтік ақиқат болмыстың интеллектуалды тұрғыдан ұйымдасқан салалардың, яғни ғылым, техника, саясат т.б. қасиеті», - деп көрсетеді [174, 80 б.]. Осыған орай, терминдердің арнаулы салалардағы жұмсалымы олардың саналы түрде ұйымдастырылуын талап етеді. Яғни бұл салалардағы сөздердің қолданылуы бақылау мен басқару негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте, термин жүйелілігі мәселесі де ерекше орын алады. Себебі термин өзінің қолданыс саласындағы басқа сөздермен де тығыз байланыста болады. Терминнің формасы мен мазмұны терминологиялық өріс сипатына тәуелді болып, мазмұны арнаулы білім мен практика саласы ұғымдарының дамуымен анықталатын болса, ал формасы терминжасамның жүйелі амал-тәсілдері арқылы қалыптастырылады.

Адамға қатысты атаулардың терминдену дәрежесі мәселесіне оралатын болсақ, онда терминденудің ең жоғарғы дәрежесін кәсіп иелерінің атаулары көрсетеді. Тіл білімінде бұл атаулардың жалпы әдеби тіл лексикасынан айырмашылығы ретінде мынадай белгілерін ажыратып көрсету дәстүрі қалыптасқан:

1) кәсіп иелері атауларының тек азғана бір бөлігі жалпықолданыстық лексика қатарынан табылып, басым көпшілігі тар шеңберлі арнаулы лексикаға жататын ғылым, техника, өнер, басқарудың түрлі салаларының терминдеріне сәйкес келеді;

2) кәсіп иелері атауларының жалпы әдеби тіл сөздерімен қатар қолданылуы көп жағдайда ұнамсыз, жағымсыз ассоциациялар туғызады;

3) кәсіп атаулары практикалық терминологиялық жұмыстың нысаны болып саналады.

Байқайтынымыз, көптеген ғылыми әдебиеттерде, ғылыми-зерттеу жұмыстарда, ғылыми мақалаларда кәсіп, мамандық, қызмет, лауазым атаулары ажыратылмай беріледі. Біздің ойымызша, бұл орынды. Себебі ұйымдық-өкімдік немесе әкімшілік-шаруашылық міндеттерді атқарушы лауазымды тұлға мемлекеттік басқару аппаратының маңызды бөлігін айқындап, лауазым номенклатурасында кәсіп атауларына сәйкес келіп, көп жағдайда кәсіби құраммен түйісіп жатады. Сондықтан да жоғарыда аталған атаулардың барлығын тұрақты, кәсіби, қоғамдық маңызы бар іс-жұмысты атқарушы белгісі

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— біріктіріп, олар уақытша немесе әуесқойлық іспен шұғылданушы, терминденуге келмейтін адам атауларына қарама-қарсы қойылады. Мысалы, «бірді-бірге айдап салушы, жауластырушы» – **арандатушы**, «жағынғыш, жағымпазданушы» – **жағынушы**, «егінді арам шөптен тазартушы, отаққа қатысушы» – **отақшы**, «пәтерді жалға алушы, пәтерде тұрушы адам» – **пәтерші**, «түскен олжадан сый сұраушы, сый алушы» – **сауғашы** және т.б.

Кәсіп, лауазым, мамандықты белгілейтін терминдер терминдік емес атаулардың сөзжасамына белгілі дәрежеде ықпал ететін, аталмыш лексика-семантикалық топтың негізін құраушы «өзекті құрылымдар» болып табылады.

Кәсіп, лауазым, мамандық қызмет атаулары екі ономасиологиялық категория арқылы анықталады: 1) қызметке байланысты қатынасты айқындайтын терминдер: *дайындаушы, ара-лаушы, кесуші, балқытушы, біріктіруші, құтқарушы, атқыш, тексеруші, бақылаушы, көшіруші, әрлеуші, жүргізуші, орындаушы, қайнатушы, иіруші, түсіндіруші, тергеуші, ұйымдастырушы, жонушы* және т.б; 2) субстанцияға байланысты қатынасты айқындайтын терминдер: *балташы, бункерші, электродшы, тракторшы, моторшы, сигналшы, мәшинеші, кранишы, қырықтықшы, паркетші, тақтайшашы, әйнекші, қазаныш, белбеуші, қайрақшы, аспапшы, мысшы, қаңылтырышы, күмісші, ішекші, трафаретші, авербаншы, гүлші, рецептурашы, наубайшы, содашы* және т.б.

Ономасиологиялық категорияның екіншісі семантикасы жағынан да, құрылымдық тұрғысынан да алғашқысына қарағанда күрделі. Өйткені тілдік құралдар негізінде бұл ономасиологиялық категория ішіндегі мынадай қатынастар айқындалмайды: «*жасап шығарушы*» – кәмпитші, бисквитші, карамельші; «*өңдеу*» – мысшы, күмісші, қышшы; «*қызмет көрсету*» – мәшинеші, аппаратшы; «*зерттеу*» – тарихшы, тілші және т.б.

Дегенмен, қоғамдық пайдалы қызмет атқаруына байланысты қалыптасқан адамға қатысты атаулардың барлығы терминологиялық өрістерге енгізіліп, олардың тілдік формасында белгіленетін терминдерге тән қасиеттерге ие бола алады. Стандартты, тұрақты, ресми қолданыста дефинициясы бар терминдерге терминологиялық үлгі бойынша жасалған тұрақсыз сөйлеу құрылымдары мен потенциалды сөздер

карама-қарсы қойылады. Жалпы әдеби тіл арнаулы салалардан кәсіп, мамандық, лауазым т.б. атауларын кіріктіріп, оларға көпмағыналылық пен эмоционалдық реңк таңып, арнаулы қолданыстағы шектеулі тіркесімділігін жойып, ассоциативтік байланыстарын кеңейтеді. Ал бұл атаулардың терминологиялық сөздіктер реестрінен кеңінен орын алмауының ең басты себебі – ішкі формасының айқындылығы мен тұрақтылығында. Сонымен бірге тағы бір атап өтетін жайт – атаулардың сансыз көп болуы.

Адамның тұрғылықты жеріне байланысты атаулар терминденудің екінші дәрежесін білдіреді. Олар ресми түрде қабылданған географиялық және этнографиялық терминдермен қатар қолданылады. Бірақ бұл терминдердің күнделікті қолданыстағы даралануы жоғары болғанымен, ғылыми сипат алуды қажет етеді. Бұл атаулардың сөздіктегі идентификаторлары «халық», «тұрғыны» сөздері болып табылады. Мысалы, *америкалық* – «Америка жерін мекендейтін негізгі тұрғылықты халық», *моңғол* – «Моңғолия жерін мекендейтін тұрғылықты халық» және т.б. Аталмыш атаулар сөзжасамдық тұрғыдан география терминологиясымен тығыз байланысты болып, негізінен бұқаралық ақпарат құралдарында әлеуметтік терминдер ретінде кеңінен қолданылады.

Терминденудің бірінші дәрежесін адамның белгілі бір ұйымға (қоғамдық ұйым, мекеме, қоғамдық ағым, идеологиялық бағыт т.б.) қатыстылығына байланысты атаулар айқындайды. Себебі бұл атаулар ресми бекітілген және анықтамалық пен оқу әдебиеттерінде қабылданған терминологиялардан орын алады. Олардың ең басты ерекшелігі – окказионалдық және уақытша, тұрақсыз болуында. Өйткені бұл атаулардың көбі белгілі бір уақытта жаңа атау болып, уақыт өте историзмге айналады: *футуристер, акмеистер, импрессионистер, большевиктер, лениншілдер* т.б.

Орыс тіліндегі ауызекі сөйлеуде зат есім сөзжасамының белгілі бір кезеңдік мерзімін зерттеген ғалым Е.А.Земская: «...соңғы кезде адамның жұмыс немесе оқу орнына және белгілі бір ұйымның мүшесі болуына байланысты мынадай атаулардың жасалуы байқалады: *филфаковец, инъязовец, мишовец*. Сонымен қатар *-ник* жұрнағы және *-ш* интерфикс арқылы жасалған атауларды да байқауға болады: *эм-*

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— гәушиник, гашиник, фэзәушиник, фэпәкашиник және т.б.», – деп көрсетеді 211, 10 б.].

Сонымен, терминденуші атаулардың айрықша ерекшелігі ретінде уәждеушіге қатысты стандарттылық және термин-жасам үлгісінің тұрақтылығын атап көрсетуге болады. Соңғы кезде терминологияның ең басты мәселесі болып жүрген терминдерді біріздендіру мәселесі адамдарға байланысты атауларға да қатысы бар екендігін мойындау қажет. Салалық терминологияның біріздендіру мәселесі шешілмей, кәсіп иелері атауларын біріздендіру, стандартқа түсіру, реттеу қиынға соғатыны мәлім. Сондықтан да Мемлекеттік жікте-мелік және «Бірыңғай кәсіп атауларының тізбесін» дайындау ісі салалық терминология мәселесімен тығыз байланысты терминологиялық қызметтің бірі болып саналады.


Бұл терминдік атаулардың семантикалық-құрылымдық ерекшеліктерін қарастыратын болсақ, онда, ең алдымен, жалпы термин мәселесінің тұрпат межесі мен мазмұн межесін айқындап алу қажет.

Сөздің тұрпат межесі мен мазмұн межесі жайындағы идеяны алғаш дәлелдеп ұсынған ғалым Л.Ельмслев: «Лингвистер үшін мазмұнның ғылым саласынан тыс болатын құбылыс екенін, мазмұн таңбалық формаға ие болған жағдайда ғана тіл құрамына еніп, сонда орнығатыны анық», – деп көрсетеді [212, 306 б.]. Сонымен қатар термин-сөздерді өзге тілден қабылдап алған кезде, олардың ұғым мазмұнының ешбір өзгеріссіз қалатынын да атап айтқан.

А.И.Смирницкийдің пікірі бойынша: «... сөздің дыбыстал-уы оның мағына құрамына жатпайды, себебі мағына таң-баланушы–сөз білдіретін зат емес. Мағына сөздің құрамына жататын мөлшер, шама ретінде анықталмайды. Таңбаланушы заттың бейнесі сөз мағынасының тек бір бөлігін ғана құрайды» [213, 9-83 бб.]. А.И.Смирницкийдің осы тұжырымы жайлы ғалым терминолог А.А.Реформатский былай дейді: «... ең бастысы – дыбысталу мен таңбаланушы, олардың зат немесе құбылыспен байланысында емес, дыбысталу мен зат немесе құбылыстың белгіленуімен, яғни сөз мағынасымен байланысында. Жалпы материя мен форма, мазмұн мен форма, дыбысталуы мен мағына деп екіге бөліп қарауды қойып, сөзді лингвистиканың басты нысаны ретінде құрылымдық біртұтастық сипатта зерттеу қажет» [100, 116 б.].

Терминнің семантикалық табиғатын зерттеуші Т.Л.Канделаки бұл ерекше тілдік бірліктің тұрпат межесі мен мазмұн межесі бар екендігін нақтылап, олар арасындағы арақатынастарды айқындады [12, 7 б.].

Сонымен, зерттеушілердің пікірлерін тұжырымдай келгенде, терминнің мазмұн межесі дегеніміз – сөз. Терминнің бұл екіжақтылық сипаты – оның жай сөздерден айырмашылығын айқын көрсететін құбылыстардың бірі. Табиғи тілдерде сөз мағынасының қалыптасуы мен өзгеруі бірте-бірте жалпы тілдік жүйелер дамуына орай болғандықтан, олардың мазмұн межесі мен тұрпат межесі ажырамас біртұтас бірлік болып табылады. Ал терминологияда, керісінше, мәселен, терминологиялық жүйенің кейбір ұғымдары сол жүйедегі орнын бұзбай, яғни өз мазмұн межесін өзгеріске ұшыратпай, жаңа атауға ие бола алады. Мұндай жағдайда терминнің тек тұрпат межесі ғана басқа сипатқа ие болады. Яғни терминдер үшін бұл категориялар ажыратылатын құбылыстар қатарына жатқызылады. Кесте түрінде былай көрсетуге болады:



Сурет 12 – Термин және жалпықолданыстық сөз мазмұн межелері мен тұрпат межелерінің байланысы

Жалпы лексикадағы сөздердің семантикасы табиғи жолмен дамитын болса, терминологиялық лексикада термин-сөз жасалынды құрылымдық бірлік болғандықтан, оған бастан-ақ белгілі бір семантика танылады. Бұл ретте термин-сөз термин-ұғымның таңбасы болып, оның құрамындағы эле-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— менттердің лексикалық мағыналары термин мағынасын толық айқындай алмауына жол беруі мүмкін. Термин-ұғымның толық мағынасы оның терминологиялық өрісінде, өзі тектес терминдер жүйесінде немесе дефинициясы арқылы ғана анықталады.

Аталым – адамның ақиқат болмысты танып білуімен бірге жүретін үдеріс. Неғұрлым таным үдерісі толық әрі айқын болса, соғұрлым атау да дәл болады. Г.П.Мельников аталым үдерісінің таным үдерісімен байланысын анықтап және оның маңыздылығын былай деп түсіндіреді: «... нысандар мен олар жайлы түсініктерді салыстыру барысы ортақ немесе ерекше қасиеттер, белгілерді анықтау үшін қажет» [214, 15 б.].

Терминнің тұрпат межесін табиғи тілде бар сөздерден қалыптастыруда олардың уәжділік сипаты маңызды рөл атқарады. Себебі, уәжді термин есте сақтап қалуға оңай және аталатын басқа да құбылыстармен, басқа да терминдермен ассоциативтік байланыстар орнатуға қолайлы. Аталым (әсіресе бірінші) ұғымның толық белгіленуі емес. Жаңадан жасалған сөздің ең алғашқы қолданысы микроаталым деп аталып, жалқы да, жалпы да атауды бере алмайды. Атау мәртебесі, оның тілдегі орны, сөйлеудегі қолданыс үдерісінде ғана анықталады. Аталым үдерісін зерттеуші ғалым В.В.Мартынов: «... аталымның әрбір әктісі сәйкестендіруші және ажыратушы элементтерден тұратын екіжақты құрылым жасалуымен сипатталады» [215, 106 б.].

Термин уәжділігі экстралингвистикалық құбылыстарға жатады. Уәжді термин ерекше сөз ретінде екі экстралингвистикалық болмысты уәждеуші және уәжделуші ұғымдарды біріктіреді. Осының нәтижесінде пайда болған термин өзінің терминологиялық өрісінде қызмет ете бастайды. Белгілі бір дыбыстық кешенге мағына берілу үдерісін зерттеу арқылы атау беруші адам санасында бір зат туралы пайда болған түсінікті сол зат тектес басқа заттар жайлы қалыптасқан түсініктерді біріктіретін ассоциативтік амалдарды анықтауға болады. Нәтижесінде дәл осы түсініктер мағыналар ретінде жаңа сөздің мән-мазмұндық негізін құрайды. Бұл ретте мынадай тілдік құбылыстар орын алады:

1. Сөз мағынасының шектелуі (ограничение): *биржалық маклер, бас мердігер, ресми өкіл*, яғни *маклер, мердігер, өкіл* сөздерінің интенциясы арта түседі;

2. Сөз мағынасының кеңеюі: *өріс* – «семантикалық *өріс*, терминологиялық *өріс*» – мал *өрісі*, яғни *өріс* ұғымының көлемі кеңейіп, оның экстенциясы ұлғаяды;

3. Бір сөз мағынасына басқа сөз мағынасының элементтері қосылуы: *тұсаукесер* «презентация» – *баланың тұсаукесері*;

4. Екі сөз мағынасының бірігуі: *пікірсайыс*, *шаңсорғыш*, *іссапар* және т.б.

Бұл жөнінде ғалым Л.С.Выготский: «...мұндай аталымдарда түрлі ассоциативтік құбылыстарға байланысты ауыспалы мағыналар туындайды (метафоралық, метонимиялық, ұқастық т.б.)», – деп көрсетеді [216, 194 б.].

Термин табиғатына эмоционалдық қасиет тән емес. Сондықтан да ТА бейнелілік терминнің ерекше уәжділігін, оның басқа терминдермен қатынасын, сонымен бірге аталушы заттардың бір-бірімен байланысын көрсету үшін қолданылады. Яғни жалпы тілдік жағдайда стилистикалық фигураларды тудырушы амалдар арнаулы аталымда терминжасам үшін қолданылады.

Метафора арқылы шығу тегі мен қолданылуы жағынан екі мүлдем басқа зат бір белгісі негізінде жақындастырылып, әдетте сыртқы бейнелерінің бір ұқсастығы бойынша ауыспалы мән жасалады. Мәселен, Ш.Құрманбайұлы өзінің «Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері» атты зерттеу еңбегінде: «*Ұғымдардың сыртқы пішіндерінің ұқсастығына қарай сөздің метафоралану жолымен терминденуін келесі мысалдан көреміз: сырға – асыл тастардан жасалған, сән үшін әйелдердің құлағына тағатын затқа айтса; биологияда сырға термині – «кейбір құстардың алқымындағы екінші жыныстық белгісі болып табылатын салпыншақ теріні» – білдіреді.*

Мұнда әшекейлі бұйым мен құстың салпыншақ терісінің арасында ешқандай қызмет ұқсастығы жоқ. Сөздің алғашқы мағынасының метафоралануына екі ұғымның сыртқы формаларының ұқсастығы негіз болған», – дей келе, мынадай қорытынды жасайды: «Деректі ұғымдардың атауы болатын сөздердің метафоралану тәсілі арқылы терминденуінің себебі – дерексіз ұғымдарға қарағанда оларды көзбен көріп, қолмен ұстап, өзара салыстыру мүмкіндігінің молдығынан болса керек» [41, 156-157 бб].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Сонымен қатар терминжасамда метонимия тәсілі де қолданылады. Мұнда екі ұғымның бір кеңістікте немесе уақыт аралығында шектес, іргелес болуы негізге алынады. Мысалы, арнаулы аталымдар екі денотатқа бірдей бағытталған атаулар категориясы бар: үдерісті әрі нәтижені білдіретін атаулар (су ағызғыш, құйма, қорытпа, балқыма т.б.); қызметті көрсететін орынды (бөлме, кеңсе т.с.с) әрі адамдарды білдіретін атаулар (баспа, цех, бюро) және т.б. Ал ауыспалы мән тудырушы тағы бір тәсіл – синекдоханың бүтін орнына бөлшекті, жалқы орнына жалпыны (және керісінше) айтатын атаулардың терминологияда өте сирек кездесуіне байланысты, оларды метонимияның бір түрі ретінде қарайды. Сонымен, ауыспалы мән тудырушы тәсілдердің ішінде терминологияда ең көп қолданылатыны – метафоралық тәсіл. Алайда терминологияда бұл тәсіл арқылы жасалған атаулар өзінің көркемдік – стилистикалық емес аталымдық қызмет атқаруымен сипатталады.

Түйіндей келгенде, тіл жүйесі жаңа ұғымдарды белгілегенде үнемі олардың жасалу үдерісінен артта қалады. Сондықтан да негізгі «соңғы» атау жасалмас бұрын алғашқы атаулар немесе «микротаалымдар» жасалып, олар бірнеше атау ішінен ұтымдысын, тиімдісін таңдап алуға негіз болады. Осыған байланысты арнаулы лексиканың дамуына орай мынадай қарама-қайшылық туындайды: терминге қаншалықты бірмағыналылық, нақтылық, дәлдік талаптары қойылса да бірнеше нұсқаны іріктеу мен реттеуді қажет ететін синонимдес терминдер саны көбейе береді. Терминолог ғалым А.А.Реформатскийдің сөзімен айтқанда: «Нағыз термин оның құрамы элементтерінің бірнеше рет кодталуы және қайта кодталуы нәтижесінде ғана жасалады» [217, 20 б.].

Терминологиялық бірліктердің уәжділік сипаты

Қазақ ТА үдерістік – ономасиологиялық сипатын анықтау үшін «уәж», «уәждеме», «уәждену» мәселелері де аталған аспектісінде қарастырылуы тиіс. Себебі лексикалық, терминологиялық атаулардың да басым көпшілігі тілде бұрын бар сөздер негізінде жасалуы, олардың қыр-сыры, мән-мағынасы, атау беру, ат қою сияқты мәселелер тіл тарихымен аста-

сып жататындығының белгісі. Кез келген ұлттың таным нәтижелері сол халықтың тілінде таңбалаңады. Белгілі бір уәжге негізделіп қойылған атаулар – халықтың ұлттық психологиясының, ұлттық дүниетанымының, ұлттық мәдениетінің көрінісі.

Уәж, уәжділік мәселелеріне қатысты зерттеулер қазақ тіл білімінде кең көлемде жүргізіліп, бұл ретте Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Е.Жанпейісов, М.М.Копыленко, К.Ш.Хұсайын, М.М.Гинатуллин, Б.Қалиев, Ж.Манкеева, Б.Момынова, А.Салқынбай, Г.Смағұлова, Б.Қасым, Р.Шойбеков, Ә.Алмауытова т.б. зерттеушілердің еңбектеріндегі «уәж», «уәжділік» туралы пікірлері мен ой-тұжырымдарын атап көрсетуге болады. «Уәжділік» мәселесі лингвистика, философия, социология, психология, семиотика сияқты көптеген ғылым салаларында зерттеу нысаны болып, тілдегі «уәжділік» ұғымы мынадай лингвистикалық категорияларды – сөз мағынасы, сөз формасы, мазмұны, белгісі, аталымы т.б. зерттеудің негізі болып отыр.

Мысалы, Е.Жанпейісовтің «Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауезова)» [218], Ж.Манкееваның «Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы» [219], «Мәдени лексикасының ұлттық сипаты» [220], А.Сейілханның «Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық сипаты» [221], Ш.Елемесованың «Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары» [222], Қ.Қайырбаеваның «Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні» [223], А.Тұрышевтың «Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері» [224] т.б. зерттеу еңбектерін ерекше атап көрсетуге болады.

Е.Жанпейісовтің зерттеу еңбегінде материалдық мәдениетке байланысты атаулардың тарихи-лингвистикалық негіздері анықталып, олардың шығу төркіні, уәжділігі жөнінде құнды пікірлер айтылса [218, 7-38 бб.], профессор Ж.Манкееваның зерттеу жұмысында заттық мәдениет лексикасы ұлттық-дәстүрлі мәдениет сипатын көрсететін, рухани танымдық тілдік құрал деп танылады [220, 11 б.].

Ғалым Б.Қалиев «Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының лексика-грамматикалық және морфологиялық құрылысы» атты монографиясында қазақ тіліндегі өсімдік атауларына байланысты уәж белгілерін жан-жақты талдап, олардың семантикалық-құрылымдық ерекшеліктерін арнайы зерттеген [225, 52-56 бб.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Қазақ тіл білімінде уәжділік мәселесін тарихи сөзжасам тұрғысынан қарастырған ғалым А.Салқынбай: «Уәжділік тек философиялық ұғым ғана емес, ол тіл білімімен де тығыз байланысты. Тіл таңбалық жүйе болғандықтан сөздің жасалу негізділігін айқындайды. Туынды сөздер құрылымдық және әлеуметтік негізділігімен ерекшеленіп, сондықтан да оның уәжділік аспектісінде қарастырылуы, уәжділіктің бір ұшын этимологиямен байланыстырады. Этимологиялық зерттеулер болмаса, негіздеме мәні айқындалмайды», – деп көрсетеді [226, 25 б.].

Оқа Ардақтың «Киіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық жүйесі» атты кандидаттық диссертациясында киіз үйдің болмыс-бітімін ономасиологиялық жүйе негізінде анықтап, мынадай қорытындыларға келген: киіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық негіздері мен уәжді белгілері айқындалған; көшпелілерге тән киіз үйдің пайда болуының алғышарты мен даму барысы көрсетілген; киіз үй атауларындағы ұлттық, ұлыстық белгілер анықталған; киіз үй құрылысын сипаттайтын жіктемелік белгілері талданған; киіз үй жабдықтарын дайындау технологиясына қатысты тілдік бірліктер айқындалған; киіз үйге қатысты атаулардың лексика-грамматикалық сипаты, компоненттік құрылымы, тұлғалық ерекшелігі анықталған [227, 4-5 бб.].

«Қазақ музыка аспаптары атауларының этнолингвистикалық сипаты» деп аталатын Т.Б.Жаубасованың зерттеу жұмысында музыкалық аспаптар атауларының және оларға қатысты ұғымдардың этнолингвистикалық табиғаты айқындалып, олардың негізгі уәждері белгіленген [228, 5 б.]. Автор өзінің зерттеу жұмысында музыка мәдениетінің тарихында лайықты орны бар музыка аспаптарының басым көпшілігінің (түгелдей десе де болады) қазақ этносы тарапынан қазақ топырағында дүниеге келгендігіне ешбір басқа елдің дауы жоқ, таза қазақ, ұлттық феноменді құбылыс екендігін олардың негізгі уәждері тұрғысынан пайымдаған.

Уәжтану саласындағы атауға негізгі тірек болатын ұғым-түсініктің бірі – «уәж» термині. Уәж адамның белгілі бір қажеттілігін өтеу үшін, іс-әрекетке негізделген саналық тұрғыдан саралау, анықтау. Зерттеуіміздің алғашқы бөлімінде айтып өткеніміздей, «уәж» терминін ғалым Н.Уәлиев ұсынған. Бұл термин бір топ ғалымдар тарапынан (Р.Сыздық,

Б.Қалиев, Ж.Манкеева т.б.) қолдау тауып, қазіргі зерттеулерде кеңінен қолданылып жүр.

Зат атауының уәжі – белгілі уәждердің нақты түрде атаудан көрінуі, уәж бірлігі әртүрлі деңгейдегі абстракция деп түсініледі. Ғалым М.М.Гинатуллин құс атауларындағы уәжділікті 10 түрге бөліп:

- 1) «үні, дауысы (дыбыс еліктеуіш)»;
- 2) «үні, дауысы (дыбыс сипаты)»;
- 3) «басқа нысандармен ұқсастығы»;
- 4) «көлемі», «пішіні»;
- 5) «басқа соматикалық белгілер»;
- 6) «мекені»;
- 7) «тағамы»;
- 8) «түсі»;
- 9) «іс-әрекеті (тіршілігі)»;

10) «иісі», – деп көрсетсе [17, 11-12 бб.], М.М.Копыленко «Түркі тілдеріндегі жануарлар атауларының уәжділігі» атты зерттеу мақаласында М.М.Гинатуллин көрсеткен 10 уәж санын 18-ге жеткізеді:

- 11) «іс-әрекет атқарушы»;
- 12) «іс-әрекет нысаны»;
- 13) «іс-әрекет нәтижесі»;
- 14) «жасы»;
- 15) «культтік шығу тегінің қайта аталуы»;
- 16) «белгінің иесі»;
- 17) «сыртқы пішіні»;
- 18) «тұрмыс-тіршілікте пайдаланылуы» [229, 105-107 бб.].

Тілдік ұжым өзінің танымы тұрғысынан аталушының, яғни нысанның өзіндік белгі-қасиетіне, ерекшелігіне сай таңбалық форма, атау береді. Аталымдық акт барысында пайда болған атаудың өзі оны қойған қоғамдық ортаның, тілдік ұжымның өмір тәжірибесінен алынады. Осымен байланысты қандай да болмасын тілдік таңбалар сол тілдік ұжымның дүниетанымы, тұрмыс-тіршілігінің тілдегі бейнесі болып табылады. Белгілі ақиқат құбылысы мен заттарын таңбалауда адамдар аталатын басқа нысаннан ажыратып тұрған белгісін (дифференциалды) негізге алып таңбалайды.

Мұндай белгілер түрлі болып (көлем, пішін, қызмет, жасалу материалы, екінші бір нысанға қатысы т.б.) келеді де,

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— тіл білімінде бұл белгілер уәждеуіш белгілер деп аталады. Таңба мен таңбаланушы арасындағы осы уәждердің төркіні лингвистикалықпен қатар, экстралингвистикалық та негіздерге байланысты. Өз кезегінде бұл уәждер атау берушінің (номинатор) тұрмыс-тіршілігінің, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің көрінісі болып табылады.

Қазақ тіліндегі қолөнерге байланысты атаулардың уәжділік сипатын қарастырған ғалым Р.Шойбеков алғашқы аталым мен екінші аталымның ерекшелігі туралы былай деп жазады: «Қолөнеріне байланысты атаулардың уәжін іздегенде ең алдымен (бірінші кезекте) жалпылауыш атаулардан, одан кейін жалқылауыш атаулардан іздейміз. Қолөнері бұйымдары атауларына мұрындық болып тұрған атаулардың тірек сыңары жалпылауыш сөз де, жалқылауыш сөз де болуы мүмкін. Мысалы: **сырға** – әшекейдің жалпылауыш атауы. Өйткені бұл әшекей бұйым басқа әшекейлерден өзінің формасы, материалы, қолданылатын орны т.б. ерекшеліктерімен (белгілерімен) ажыратылады. **Алтын сырға, маржан сырға** дегенде «сырға» – жалқылауыш атау. Жалқылауыш атауларға бір бұйымның түрлерін көрсететін атаулар жатады. Жалпылауыш атаулар көбінесе бір компонентті болып келеді (**арба, үй, киім, білезік, кілем** т.б.). Бұндай атаулардың қандай уәжбен аталғанын анықтау қиын. Өйткені түбір сөздерде көбіне уәж болмайды. Уәжділік, көбіне, көп туынды сөздерде болады. Уәжділік мәселесі, негізінен, туынды сөздерге тән қасиет екендігі белгілі. Жалпылауыш атаулар алғашқы аталымдар болғандықтан, оларды тарихи-диахронды түрде халықтың дүниетанымымен, өмірлік тәжірибесімен, шаруашылық-мәдени ерекшеліктерімен, жалпы тілден тыс факторларымен байланыстыра отырып зерттеген жөн» [230, 15 б.]. Ғалым «уәж», «уәжділік» жөнінде мынадай тұжырым жасауға болады деп көрсетеді:

- уәжділік – мақсатты процесс;
- уәжділік – тілдік бірліктің белгісінің тілде көрініс табуы;
- уәжділік – жаңа ішкі форманың жасалу процесі;
- уәжділік – сөзжасамдық актінің нәтижесі;
- уәжділік – ішкі формамен, мағынамен тығыз қарым-қатынаста;
- уәжділік – ішкі формаға тікелей бағытталған;

- уәжділік дәрежесі – сөз мағынасының дамуына қарай өзгеріп отырады;

- уәжділік – ішкі формаға заттың ең айқын белгілерін көрсететін сипат береді;

- уәжділік – өзінде бар хабарларға байланысты ішкі формадан ажыратыла алады [230, 29-30 бб.].

Адамның қоршаған ортаны тануының белгісі – айналадағы заттарды ажырата білуі, олардың белгілерін, қасиеттерін саралай алуы. Сондықтан уәждеуіш белгі, қасиет – затқа ат қоюда маңызды рөл атқарады. Ж.А.Манкеева бұл жөнінде: «Заттың негізгі белгі-қасиетін (уәждерін) анықтау номинация теориясының ең негізгі қағидасы болып табылады. Сондықтан атау мен зат арасындағы тілдік емес себептерді жан-жақты зерттемей тұрып, ол атаулардың шығу себептерін анықтау мүмкін емес. Осыған байланысты тіл білімінде тілдік единицалардың ойлау, тіл және шындықпен қарым-қатынасын, ондағы сөйлеушінің рөлін зерттейтін саласын номинация деп атайды», – деп жазады [231, 41 б.].

Жалпы уәжділік теориясы аталым теориясымен, қоршаған ортаны адамның танып-білуі барысындағы танымдық талдауымен тығыз байланысты. Ол тіл білімінде аталымдық үдеріс ретінде қарастырылады. Осыған орай уәжденім затқа атау беру үдерісінде міндетті түрде болатын тілдік құбылыс. Ал уәжділік–аталым актісімен аяқталып, тілдік бірліктерде ұзақ уақыт сақталады.

Тіл білімінде қоршаған ортамен арақатынасына байланысты тілдік таңбалар белгілер, символдар, бейнелер деп үшке бөлінеді. Бейнелеу – заттың басқа бір затпен байланысқа түсу кезіндегі өзгерісі. Бұл өзгеріс әсер ететін заттың кейбір жақтарымен ұқсастықта болуына орай аналогиялар жасалуына алып келеді. Осы аналогиялар негізінде адамның ой-санасында заттар арасында ұқсастық орнатылып, нәтижесінде жаңа аталым жасауға итермелейді.

Жалпы, ғалымдардың пікірінше, терминдердің мағынасы оның тілдік құрылымымен айқындалған дефинициясында көрсетілуі керек. Осы мәселе жөнінде Д.С.Логте былай деп жазады: «Термин ұғымының қажетті белгілері оның анықтамасынан алынып, құрылымдық элементтері арқылы белгіленуі тиіс. Термин жасау, өнері мынадай белгілерден тұрады: мейлінше айқын берілуі тиіс,

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— сонымен бірге термин қысқалығы да ескерілуі қажет» [232, 108 б.]. Терминологияны стандарттау мен реттеуге арналған әдістемелік әдебиеттерде де осындай талаптар қойылады: «ұғым белгілері терминде берілуі қажет» [233, 29-31 бб.].

Осымен байланысты ғалым В.П.Даниленконың айтқан ой-тұжырымына назар аударарлық: «Терминнің тілдік құрылымы мен оның анықтамасын біртұтастықта қарастыру қажет. Ал термин мен оның анықтамасына қойылатын тілдік талаптар олардың грамматикалық, сөзжасамдық т.б. дұрыстығын қажет етеді» [94, 196-199 бб.]. Осы ретте терминдердің уәжденім мәселелеріне ерекше назар аудару қажет деп санаймыз.

Терминдердің морфологиялық және сөзжасамдық уәжділік мәселелері В.М.Овчаренко, Е.П.Стемковская, О.Д.Митрофанова, Т.Л.Канделаки, В.П.Даниленко, В.Н.Прохорова, Б.И.Бартков, О.Г.Гусакова т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінде қарастырылған. Ал терминнің лексика-синтаксистік уәжділігі, негізінен зерттеуші Т.Р.Кияк еңбектерінде талданған. Уәжділік мәселесінің мағынамен тығыз байланысын анықтай келе Т.Р.Кияк былайша тұжырымдайды:

- 1) мағына – аталушы зат;
- 2) мағына – ұғым;
- 3) мағына – ұғым мен сөздің қатынастық қасиеті;
- 4) мағына – түсінік;
- 5) мағына – хабарлаудың басқаша нұсқасы (инвариант);
- 6) мағына – сөз – белгінің қызметі;
- 7) мағына – белгі мен зат арасындағы қатынас;
- 8) мағына – ұғым мен зат арасындағы қатынас;
- 9) мағына – түсінік пен зат арасындағы қатынас;
- 10) мағына – адам іс-әрекеті мен зат арасындағы қатынас;
- 11) мағына – сигнификат пен белгі арасындағы қатынас;
- 12) мағына – шындықтың көрсетілуі [234, 31 б.].

Сөйтіп, Т.Р.Кияк ішкі форма, уәж, уәжділіктің айырмашылықтарын былайша анықтап көрсетеді:

1) уәжділік – үдеріс; ішкі форма – құрал, уәжділік аталымның сөзжасамдық актісінің нәтижесі;

2) ішкі форма – кез келген сөздің тұрақты (жүйелі) сипаттамасы;

3) уәжділік – ішкі форма мен мағына арақатынасының нәтижесі. Уәж, негізінен ішкі формаға бағытталады.

4) уәж де, уәжділік те – синхрондық құбылыстың мәні. Сөздің ішкі формасы тілдік бірліктердің этимологиясын ашуға көмектесуі мүмкін;

5) уәжділік ішкі формаға денотаттың ең айқын жағын көрсететін қасиет береді;

6) уәжділік дәрежесі сөз мағынасы дамуымен байланысты өзгереді, сөздің ішкі формасы оған қарағанда тұрақты;

7) уәжділік пен ішкі форманы өздерінде бар ақпараттарына байланысты ажыратуға болады.


Осыған байланысты терминнің уәжділігін екі аспектіде қарастыруға болады:

1) терминнің жалпықолданыстық тіл негізінде жасалуына орай туынды тілдік бірлік болуы оның уәжділігінің лексика аспектісінде қарастырылуын қажет етеді;

2) терминнің басқа терминологиялық бірліктермен арақатынасы оның уәжділігінің синтаксистік (лексика-синтаксистік) аспектіде қарастырылуын меңзейді.

Д.С.Лотте терминдерді уәжденімі тұрғысынан дұрыс бағытталған, бейтарап және жалған бағытталған деп үш түрге бөліп жіктейді [232, 30-31 бб.]. Ғалым Т.Р.Кияқтың көзқарасы бойынша, термин уәжділігі уәжденім дәлдігі мен толыққандылығынан туындайды. Бұл ретте уәжділіктің дәлдігі терминнің ішкі формасының мәністік элементтерінің терминдік мағынасының мәністік элементтерімен сәйкес келу деңгейін білдірсе, уәжділіктің толыққандылығы дегені, керісінше, термин мағынасының мәністік элементтерінің терминнің ішкі формасының мәністік элементтеріне сәйкес келу деңгейін көрсетеді [234, 57-97 бб.]. Сурет түрінде беретін болсақ:

Уәжділіктің дәлдігі



Уәжділік толыққандылығы

Сурет 13 – Терминнің уәжділік дәлдігі мен толыққандылығының көрінісі

Сонымен, терминдер, басқа сөздерге қарағанда, бір тәсіл арқылы ғана жүзеге асырылады: арнаулы ұғымды атау үшін

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

олар ойлап шығарылады, жасалады. Алдымен, арнаулы ұғым пайда болады, содан соң оған атау ретінде лайық келетін таңба іздестіріліп табылады. Осы тұрғыдан келгенде, термин үнемі екіншілік қасиет танытады, яғни әрқашанда уәжді болады.

Ғылыми-техникалық терминдер, негізінен жай сөздерге қарағанда екінші жасалым сипатын анықтап (көп жағдайда терминдер мағынаның арнаулы бағытта дамуы немесе сөздің лексикалық мағынасының метонимиялық өзгерісімен сипатталатын терминдену үдерісі барысында жасалады), әдетте уәжді болып табылады. Алайда термин уәжділігі толық емес немесе уақыт өте жойылған да болуы мүмкін. Л.А.Капанадзенің пікірінше, «терминологиялық практикада ең бір өзекті және жиі талқыланатын сұрақтардың бірі – терминнің уәжділік мәселесі» [110, 77 б.]. Терминнің уәжділік мәселесін қарастыру үшін, ең алдымен, өзара байланысты екі термин уәжділігі мен оның ішкі формасы – ұғымдардың аражігін ажыратып алу қажет.

О.И.Блинованың көрсетуінше: «Ішкі формасы бар сөздер ғана уәжді сөздер болып саналады, өйткені сөздің ішкі формасы сөз уәжділігінің іске асырылуының, материалданылуының бірден-бір тәсілі» [235, 30 б.].

С.В.Гринеv: «Қазіргі таңда терминнің уәжділігі деп оның семантикалық айқындылығын қабылдайды, яғни форманың термин белгілейтін ұғымды көрсете алу қасиеті», – деп көрсетеді [236, 173 б.]. О.И.Блинова ішкі формаға мынадай анықтама береді: «Ішкі форма – сөздің морфосемантикалық құрылымы, ол морфемалардан құрылады, ал уәждемелі мағына дыбыстық форма (таңба) мен лексикалық мағынаны байланыстырады» [235, 32 б.].

Осыдан, терминнің ішкі формасы термин дәлдігін қамтамасыз етіп, ғылыми ұғымды білдіреді, сонымен бірге термин жүйелілігін де, яғни терминге өзінің терминологиялық жүйесін қалыптастыруы мен оның ішінде қызмет етуіне де себепші болады деген қорытынды туындайды. Алайда кейбір ғалымдар терминдердің уәжділігін термин емес сөздер уәжділігінен ажырату қажеттілігін айтады: «Терминтанымда бұл ұғым ажыратылып көрсетіледі: ішкі формасы – терминнің тілдік субстраты табиғи тілдің аталмыш лексикалық бірлігінің форма ретінде алынуын түсіндіреді. Бұл ретте термин формасының уәжділігі, лексикалық бірлік уәжділігіне қарағанда, екіншілік

сипат білдіреді; бейуәжді лексикалық бірлік уәжді термин бола алады. Термин семантикасы мен қызметінің уәжділігі терминнің терминологиялық жүйедегі орны мен аталушы нысанға тура қатыстылық сипатымен айқындалады» [206, 31 б.].

Уәжділік дәрежесіне байланысты (толық, жартылай, нөлдік) терминдердің келесі түрлері ажыратылады: толық уәжді, жартылай уәжді, бейуәжді және жалған уәжді терминдер [237, 31 б.]. Осы мәселеге байланысты терминтанушы ғалым В.П.Даниленко: «Терминологияда жүзеге асырылатын лексикалық мағына түрімен тікелей байланысты аталымның негізгі принципі болып табылатын уәжділік – бейуәжділік тілдік сипатының жалпы мәселесі туындайды. Бұл ретте біз уәжді және бейуәжді атаулардың, сонымен қатар уәжденімнің түрлі тектері мен түрлі дәрежелері болуын да жоққа шығара алмаймыз», – деп көрсетеді [94, 62 б.].

Қазақ тіл білімінде Ұ.Б.Әділбаеваның зерттеуінде өсімдік атауларының уәжділігі осылайша талданған [238]: *толық уәжділік* – сөздің формасы мен өз мағынасына кіретін белгіні толық ашуы. Ішкі форма белгісінің мағына ішіне толық кіруін көрсете алуы немесе зат уәжінің негізіне алынған белгінің зат мағынасын толық аша алу қабілеті; *жартылай уәжділік* – ішкі форма мен лексикалық мағына арасында ортақтықтың, жалпылықтың болуы немесе заттың уәжі ретінде негізге алынған белгінің сол заттың мағынасын жартылай аша алу қабілеті; уәжділіктің болмауы (бейуәжділік) – ішкі форма құрамына кіретін морфемалардың ешқайсысының мағынадан сәйкестік таппауы немесе мағынаны аша алмауы, мағынадан зат белгісінің, уәжінің көрініс таппауы; *абсолютті уәжділік* – сирек кездесетін құбылыс. Ішкі форманың семантикалық белгісінің және лексикалық мағынасының толық сәйкес келуі.

Сөйтіп, ғалымдардың пікірінше, терминнің уәжділігі дегеніміз – сөздің ішкі формасының айқындылығы. Ал уәжділік түрлері мәселесіне тоқталатын болсақ, онда терминологияға қатысты оның мынадай түрлері ажыратылып көрсетіледі:

- 1) сөзжасамдық-морфологиялық уәжділік;
- 2) синтаксистік уәжділік;
- 3) семантикалық уәжділік.

Уәжділіктің жоғарыда аталған түрлері қазақ тіліндегі терминологиялық сөзжасамның негізгі үш тәсіліне сәйкес ке-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— леді: морфологиялық, синтаксистік және семантикалық. Сондықтан да барлық терминжасам барысында пайда болған терминдерді, күрделі терминдерді, сөз тіркесті терминдер мен мағынаның семантикалық өзгеруіне байланысты жасалған терминдерді уәжді деп қабылдауға болады. Бейуәжді терминдер қатарына синхронды тұрғыдан жасалу уәжі белгісіз, қазақ тілінің туынды құрылымы емес, сондай-ақ кірме атаулар жатқызылады.

Аталымның белгілі бір түрінің жүзеге асырылуы тілдің құрылымдық ерекшеліктеріне байланысты. Қазақ тілінің морфологиялық сөзжасам жүйесінің кеңдігі мен түрлілігі терминологиядағы аталымның уәжділік тегінің басты рөл атқаруына алып келеді және де бұл аталым түрін қазақ терминологиясының кез келген саласында жетерліктей мөлшерде кездестіруге болады.

Екінші жағынан, терминологияның интернационалдылық құбылыстарға бейім келуі, әсіресе, жаңа ғылым салаларына қатысты терминологияларда грек, латын, орыс т.б. шет тілдері морфемаларынан жасалған терминдер легінің көбеюіне шектеу қоюға мүмкіндік бермейді. Алайда аталым уәжділігі барлық жағдайда ұғымның ішкі қисынды құрылымын айқындайды деу қиын. Өйткені терминнің өзі де эксплицитті қызметті, яғни ұғым мазмұнын түсіндіру қызметін атқармауы да мүмкін. Сондықтан да аталым уәжділігі термин мағынасын түсіндіруге барлық жағдайда бағыт-бағдар беретін сенімді тәсіл деп қабылдауға болмайды. Дегенмен термин уәжділігі қазіргі таңда аталым нәтижесінің де, аталым үдерісінің де ең басты, қажетті негізгі принципі болып табылады.

Біздің зерттеуіміз үшін уәжділік мәселесінің статикалық және динамикалық аспектілерінде қарастырылуы маңызды рөл атқарады. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, сөздің ішкі формасы уәжділікпен тығыз байланысты. Осыған сәйкес ішкі форма тілдік форма мен тілдік мағынаны үйлестіруші құрал болып саналады. Ішкі форманың аталмыш қасиеті сөзжасамдық уәжденім ұғымында көрініс береді. Өйткені сөзжасамдық уәжденімде бір сөздің мағынасы мен формасы (уәжділік) басқа сөзден алынады (уәждеушіден), сондай-ақ уәжділік мағынасының ауқымды дефинициясына сәйкес уәжділік басқа формалар мен мағыналардан да туындайды. А.П.Комаров-

тың көрсетуі бойынша, тілдегі мазмұн межесі мен тұрпат межесінің өзара әрекеттестігі екі бағытта жүргізіледі: «Мағына (идеалды мағына) дыбыс материясын тілдің дыбыстық материясына айналдырады... Мағынасыз дыбыстың тілге қатысы жоқ. ... Мағына идеалды құбылыс ретінде материалдық негізсіз ойға сыймайды. Сондықтан мағынаның идеалды құбылыс ретінде шығу тегі мен қызмет етуі материалдық дыбысының болуына тәуелді» [237, 67 б.]. Мағына мен форманың ажыратылмас біртұтастық байланысы – аталымдық үдерісте форманың тілдік бірлік мәртебесіне ие болуының басты шарты.

Объективтік шындықтың тілдік таңбалармен үйлесімділігі уәжділіктің басқа түсінігінің пайда болуына себепші болды. Динамикалық уәжділік статикалық уәжділік сияқты тілде ғана сипатталмайды, керісінше, ойлаумен сұрыпталған реалийлер әлемінде қызмет етеді: «... сөз дегеніміз – заттың сана-сезіммен қабылдаудың эквиваленті емес, сөздің жасалу сәтінде сөйлеу шығармашылығы акті барысында қалай ұғынғанының, түсінгенінің эквиваленті» [239, 103 б.].

Ішкі форма – таңбаның уәжділігін, нақты сөздердің мағыналары мен формаларының сабақтастығын айқындайды. Яғни ол уәжділікті сөздер жасалуы барысында пайда болатын жеке сөздердің жалпы қасиеті ретінде көрсетеді. Сондықтан да ішкі форма уәжділіктің екі түрінде біріктіріп береді және тілдік таңбаның белгілейтін ақиқат болмыс әлемінен тәуелділігін анықтап, сондай-ақ оның формалдық жағының семантикалық жағына байланыстылығын айқындайды. Ішкі форма – лайықты форма жасау үдерісіндегі тілден тыс мазмұнды тілдік мазмұнға айналдырудың белгісі, сипаты.

Ішкі форманың тілдің ономазиологиялық аспектісіне қатыстылығын көптеген ғалымдар атап көрсеткен. Ғалымдардың басым көпшілігі А.А.Потебняның ішкі форманы мазмұн межесінің құбылысы екендігі жөнінде айтқан пікіріне қосылады: «Сөздің мағынасы тіл білімінің нысаны ретінде сыртқы дыбыстық формамен салыстырғанда сөздің ішкі формасы болып табылады немесе ішкі мазмұнды көрсетуші тәсіл» [240, 47 б.].

Бұл анықтама бойынша, ішкі форма тек қана мағына ретінде емес, сонымен бірге ақиқат болмыс құбылысының вер-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

балдануының тәсілі ретінде де анықталған. Ал көптеген ғалымдардың осы ретте қоятын және оған жауап іздейтін сұрағы: ақиқат болмыс бейнесі іспетті мағына мен вербалды құрылымның тұтасуы қалайша жүргізіледі, жүзеге асырылады? Кейбір ғалымдардың пікірінше, бұл үдеріс уәждеуіш белгілер арқылы іске асырылып, ішкі форма аталым үдерісінде нысанның негізгі белгісі болып табылады. Ішкі форманың осы ерекшеліктері келесі дефиницияларда көрсетілген: «Лексикалық бірліктердің ішкі формасы сөздің лексикалық мағынасының ерекше компоненті ретінде енген және сөзбен берілген аталым белгісі» [241, 16 б.]; «Внутренняя форма – это только точка для фиксации взгляда, стержень для нанизывания на него истинного, главного, а не только кажущегося значения» [242, 69 б.]; «Внутренняя форма констатирует исключительную устойчивость семантического влияния внутренней формы на восприятие слова и его употребление» [243, 70 б.].

Лексикалық аталымда ішкі форма лексикалық мағынаның басты компоненті ретінде туынды сөздерде емес, көпмағыналы сөздерде де көрініс табады. Полисемияның дамуы формаларға қатысты операцияларды қажет етпейді, сондықтан да ішкі форма тек мазмұн межесімен ғана шектеледі. Ол ауыспалы мағыналарда болып, оны метафора немесе метонимияны актуалдандыратын бейнелі семалар белгілейді. Осымен байланысты лексикадағы туынды сөздер мен көпмағыналы сөздердің ішкі формасы бір-біріне ұқсас келе бермейді. Таңбаның дыбысталуы мен мағынасының бірігуі, бір жағынан, экстралингвистикалық білімді бойына сіңіру үдерісінде өтетін болса, екінші жағынан, В.Гумбольдт көрсеткендей, туынды сөздің мазмұн межесі мен тұрпат межесі арасында ішкі аналогиялар қалыптасу үдерісінде жүргізіледі. Сондықтан да ішкі форманы оның таңбамен біріктіретін мағынаның ең бір маңызды бөлігі деп айқындаумен қатар, оны формалды – семантикалық құбылыстар қатарына да жатқызады: «... ішкі форма оның дыбысталуы мен мағынасының байланысын түсіндіретін құрылымы – сөздің морфо-семантикалық құрылымы» [239, 26 б.].

Терминологиядағы ішкі форма –ТА актісінің нәтижесі. Сонымен, сөздің ішкі формасы үш түрлі қарым-қатынасты көрсетеді:

зат пен сөздің арасындағы, сөздің дыбысталуы мен мағынасының арасындағы, сөз формасы мен семантикасының бинарлық құрылымы компоненттерінің арасындағы қарым-қатынас.

Ә.Б.Алмауытованың «Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты» атты кандидаттық диссертациясында мынадай мәселелерге көңіл бөлінген: киім атауларының себепші уәждері қарастырылып, олар уәждік белгілері бойынша топтастырылады; киім атауларына қатысты фразеологизмдердің этномәдени уәждері анықталады; киім атауларына қатысты кейбір этнографизмдердің қалыптасуына ұйытқы болған әлеуметтік уәждер айқындалады; киім атауларына қатысты жеке сөздердің, фразеологизмдердің этномәдени мазмұнын ашу арқылы этносқа тән «ғаламның тілдік бейнесі» көрсетіледі; зерттеліп отырған тақырыпқа қатысты ырымдар мен әдет-ғұрыптарға, символдарға лингвомәдениеттанымдық тұрғыдан талдау жасалады; жекелеген киім атаулары диахрондық тұрғыдан қарастырылып, шығу төркіні анықталады [244, 10 б.]:

Ә.Б.Алмауытова ономаσιологиялық әдіс негізінде мынадай уәжділік түрлерін айқындайды:

- 1) жасалу материалына байланысты уәжділік;
- 2) формасына (пішініне) байланысты уәжділік;
- 3) жасалу технологиясына байланысты уәжділік;
- 4) әлеуметтік мәніне байланысты уәжділік;
- 5) этномәдени ерекшелігіне байланысты уәжділік;
- 6) түсіне байланысты уәжділік;
- 7) қызметіне байланысты уәжділік;
- 8) көлеміне байланысты уәжділік [244, 10 б.].

Біз қарастырып отырған материал негізінде мынадай ономаσιологиялық құрылымдарды атап көрсетуге болады.

1) **кәсіби қызмет затына байланысты атаулар:** *кітапханашы, құжаттанушы, саясаттанушы, құрақ дайындаушы, сағыз жинаушы, ат үйретуші, ағаш шебері, ағаш ұстасы, паркетші, тақтайшашы, әйнекші, егінші, қазаншы, белбеуші, текелажшы, кеме текелажшысы, ұстақалыптаушы, аспапшы, қайрақшы, желкенші, құдықпеші, көрмеші, фунитуршы, тоннельші, фенольшы, қоспашы, пошташы, газшы, мұнайшы, катодшы және т.б.;*

2) **кәсіби қоғамдық пайдалы іс-әрекетке байланысты атаулар:** *қашаушы, баптаушы, мәртабандаушы, бел-*

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—гілеуші, қысымдаушы, тасымалдаушы, сырлау жинақтаушы, пішіндеуші, гидротазартушы, сырлау жұмыстарының бақылаушысы, балқытушы, біріктіруші, үйлестіруші, жөндеуші, дайындаушы, безендіруші, өлшеуші, құтқарушы, сақтандырушы, оққағар, бояушы және т.б.;

3) іс-әрекет құралына байланысты атаулар: *домбырашы, қобызшы, арашы, балташы, қырықтықшы, құбыр төсеу машинисі, жылжымалы стансының машинисі, жылжымалы ерітінді араластырғыштың машинисі, ерітінді сорғыштың машинисі, жылжымалы асфальт-бетон араластырғыштың машинисі, құбыр тазалағыш машинаның машинисі және т.б.*

Сонымен, ТА – лингвистикалық және экстралингвистикалық деректерге тығыз байланысты үдеріс. Ал бұл үдерістің тілдік нәтижесі аталым альтернативтілігі мәселелерінің қарастырылуын қажет етеді.

Терминологиялық аталым мүмкіндіктерінің альтернативтілігі

Ақиқат болмыс құбылыстарының тілдік белгіленуі кез келген тілде белгілі бір стандартты жағдаяттардың болуы мен стандартты тілдік үлгілерді қолдану және олардың берілу жолдарымен байланысты болады. Сондықтан да неғұрлым осы тілдік үлгілер жүйесі кең болса, соғұрлым тілдік белгілену формалар жүйесі де мол болып келеді. Аталым түрлері мен үлгілердің молдығы ақиқат болмыс элементтерінің тілдік белгіленуін түрлі деңгейдегі амал-тәсілдер мен үлгілер арқылы жүзеге асырып, кең әлеуеті зор аталымдық жүйені айқындайды. Бұл әлеуетті жүзеге асыру мүмкіндігі көптеген факторларға тәуелді болып, бір тілдегі аталым альтернативтілігі қандай жағдайларға бағынышты болатын лингвистикалық мәселелер әлі де болса толық зерттелмегені анық.

Аталымның көптеген өзгеше тәсілдерінің пайда болуы, оның мынадай түрлерін жіктеп көрсетуге себеп болды: лексика-семантикалық, фразеологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік. Осы күнге дейін аталған тәсілдердің әрқайсысы арнайы зерттеулерде немесе тіл білімі саласының жеке мәселелерін зерттеуге арналған еңбектерде қарастырылған.

Мәселен сөзжасам саласына қатысты М.Докулил, Е.С.Кубрякова, И.С.Улуханов, Б.Қасым, А.Салқынбай, Ж.Тектіғұлдың еңбектерінде, лексика мен семантикаға қатысты А.А.Уфимцева, В.Г.Гак, Ю.Д.Апресян, Е.Жанпейісов, Ж.Манкеева, Б.Момынова, Ш.Құрманбайұлы, Р.Шойбековтың, синтаксиске қатысты Н.Д.Годер, Н.Д.Арутюнова, М.В.Никитин, З.Ерназарова, Б.Қапалбеков, М.Жолшаеваның зерттеу еңбектерінде сөз болады. Тілдік бірліктердің мән-мағыналық мазмұнын анықтау барысында тілдік құрылымдар, мысалы, туынды номиналтер мен синтаксистік құрылымдар түрлерінің арақатынасы мен өзара әрекеттестік мәселесі де қарастырылған (Е.С.Кубрякова, Е.Л.Гинзбург, И.Г.Милославский т.б.).

Аталымның альтернативті формаларының пайда болуы мен жалпы бір жағдаятты, құбылысты немесе нысанды түрлі тәсілдермен сипаттау мүмкіндігін арнайы зерттеген ғалым Е.С.Кубрякова төмендегідей қорытынды жасайды: «... белгілі бір нысан немесе бір жағдаяттың альтернативті формалармен сипаттауын қарастыру (оларды түрлі формалармен беру мүмкіндігі) – осы формалардың семантикалық тұрғыдан мағыналарын зерттеудің бірден-бір жолы болып табылады» [245, 21 б.]. Ақиқат болмыстың түрлі атауларының болуы бір қарағанда Ф.де Соссюрдің тілдік таңба еріктілігі принципіне толық сәйкес келеді. Дегенмен ғалымның өзі жасаған қорытындысына ерекше назар аудару қажет. Ғалымның пайымдауынша: «Тілдік таңбалардың бір бөлігінің ғана абсолюттік еріктілікті білдіруі таңбаның уәжділігіне байланысты, ал нақты тілдік жүйеге қатысты тілдік таңбаның еріктілік қасиетін шектеу қажет» [246, 100-101 бб.].

Семиозис тұрғысынан таңбада тілдік құрылымның элементі ретінде ойлау мен тілдің өзара байланысы жүзеге асырылады. Э.Бенвенист атап көрсеткендей: «... жалпы ойлау мүмкіндігін тілдік қабілеттіліктен бөліп қарау мүмкін емес. Себебі тіл – мағына беруші құрылым, ал ойлау бұл тілдік таңбаларды дұрыс пайдалану дегенді білдіреді» [247, 114 б.].

Таңбаның жасалу тетігі, таңбаланушы мен таңбалаушының бірігуі қалай жүзеге асады? Бұл тілді зерттеудің семиотикалық аспектісінің негізгі сұрағы болып табылады. Сондықтан да семиотиканың тіл ғылымының дамуы үшін семиозис қандай жағдайларда жүзеге асырылып және оның барысында қандай үдерістер орын алатынын айқындайтын зерт-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— теулер өте маңызды және аса қажет. Бұл сұрақтарға жауапты тек мына үш тағанды жете талдау арқылы табуға болады: *ақиқат болмыс – адамның ойлау қызметі – тіл – заттық-идеалды құрылым*.

Бір сөзді немесе бірнеше сөзден құралған атаулар білдіретін ұғымдардың тілдік белгіленуі – белгілі бір дискурстық ортада жүзеге асырылатын адамның ойлау мен сөйлеу қызметінің нәтижесі. Аталымның әрбір актісі ақиқат болмыс құбылыстарына бағытталып, адамның тілдік құралдарды пайдалануы арқылы жүзеге асырылады. Ал бұл аталым актісіне қатысатын негізгі факторлар: *атау беруші субъект, аталатын нысан және тіл (тілдік материал)*. Осы ретте аталымның тағы бір маңызды факторы – аталым үдерісінің орындалу ортасы. Өйткені сөйлеуге қатысушылардың сол зат туралы білім жиынтығы, сөйлеуші интенциясы, аталым адресатының тілді білу деңгейі т.б. аталым барысында өте маңызды рөл атқарады. Ғалым Н.Д. Арутонова атап көрсеткендей, дискурс дегеніміз: «... өмірге бағытталған сөйлеу (өмір сүруді айқындайтын сөйлеу)» [248, 136-137 бб.].

Дискурс – сөйлеу барысында туындайтын, сөйлеу актісімен (аталым актісімен) тығыз байланысты тілдік құбылыс. Ал бұл актінің орындалуы сөйлеушінің іс-әрекеті болып табылады. Сондықтан да дискурс, бір жағынан, сөйлеуші қызметімен байланысты (тілді қолдануы), екінші жағынан, «оның бүкіл интенцияларымен, білімімен, мақсаттарымен, жеке тәжірибесі мен өзі атқаратын когнитивті-коммуникативтік үдерісті білу деңгейіне» байланысты болады [249, 15 б.].

Аталым әрқашанда жеке шығармашылық акті болып, бұл аталым актісінің орындалуы сөйлеушінің «заттар әлемі» мен «сөздер әлемі» туралы белгілі бір білімі болуын талап етеді. Яғни сөйлеушінің ақиқат болмыс пен тілдің жүйесі туралы білімі болуы қажет. Оның үстіне, сөйлеушінің номинатив адресаты мен аталымның орындалатын нақты «сыртқы» жағдайлары туралы да бағыт-бағдары мен ақпараты болуы тиіс. Таңбалану үдерісіне индивидтің әлеуметтік рөлі мен қоғамдағы белсенділігі, оның психика және мінезінің ерекшеліктері де әсер етеді.

Жеке тұлғаның осындай ақпаратты білу, жеке және қоғамдық тәжірибені іске асыру, жылдам ассоциативтік байланыс-

тарды орындау (жүргізу) т.б. қабілеттеріне аталым үдерісінің нәтижесі мен жылдамдылығы тәуелді болады. Аталым субъектісінің жеке (индивидуалды) рөлінің маңыздылығын ескере отырып, дегенмен бұл үдерістің қоғамдық сипатын да мойындау қажет. Себебі субъектінің өзі тілдік тұлға ретінде сол тілдік қоғамның мүшесі болып, өзінің аталымдық және коммуникативтік мүмкіндіктерін қоғамдық орта жағдайында және сол қоғамның қажеттіліктеріне орай қызмет атқарады.

Аталым актісінің қоғамдық маңыздылығы, оған қатысушы сұхбаттасушыларға (сөйлеу коммуникациясының актісіне қатысушыларға) бағытталуымен ғана емес (екінші аталым), сонымен бірге жаңа атау (алғашқы аталым) тілдік ұжыммен немесе белгілі бір тілдік қауымдастықтың бір бөлігімен узуалды қабылдануы қажеттілігімен де айқындалады. Сол себепті аталым үдерісінің барлық кезеңдері де сол ұжымның тіршілік қарекетінің барлық салаларын көрсетуі, оны интерпретациялау формаларын анықтайтын ғаламның тілдік бейнесіне сәйкес келіп, ұлттық психология мен ұлттық мәдениет, этникалық салт-дәстүрлерді (элеуметтік-тұрмыстық, діни және т.б.), өзіндік ерекшеліктерді айқындауы, белгілеуі қажет.

Аталым субъектісі ақиқат болмысты тілдік таңбалауда, оның тілдік материалдануын жүзеге асыру барысында сол тілге тән жіктемелік-категориалды құрылым нұсқаларды пайдалануы тиіс. Кез келген аталатын нысан, ең алдымен, ақиқат болмыс элементі болып, көптеген қасиеттер мен қатынастардан тұрады. Ал бұл қасиеттер мен қатынастар жалпы сол ақиқат болмыстың негізінде туындап, мынадай заңдылықтардан тұрады: әлем құрылымын айқындайтын жалпы және жеке заңдар мен қарым-қатынастар, материя дамуы (трансформация) мен оның тіршілік ету формалары, адамның қоршаған ортаға әсер етуіне байланысты материалдық дүние элементтерінің, материя формаларының табиғи қасиеттері. Таңбаның тілдік формасы ұғымның бүкіл қасиеттері мен қатынастарын біртұтас бірлік ретінде көрсетеді. Бірақ ақиқат болмыс элементтерінің таңбалық белгіленуі тек жартылай ғана жүзеге асады. Бұл жөнінде В.Г.Гак: «... бір мағынаны білдіретін атаулар өзінің ішкі формасына заттың түрлі белгілерін негізге алуына байланысты әртекті болуы мүмкін», – деп көрсетеді [249, 82 б.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Осы ретте бір мағынаны беретін түрлі тілдердегі әр алуан атаулардың болуын атап көрсетуге болады. Әдетте тілдік форма сияқты ішкі мән-мағыналық мазмұн да белгілі бір ғана маңызды белгінің актуалдануы негізінде құрылады. Ал бұл заттың маңызды бір белгісінің атау негізіне алынуы аталым субъектісінің аталымдық интенциясына, аталушы нысанның қасиеттеріне, тіл жүйесі мен сөйлеушінің сол ортаның қоғамдық тұлғасы ретінде ғаламның тілдік бейнесі мүмкіндіктерін білу деңгейіне байланысты болып келеді.

Аталым теориясын зерттеушілердің пікірі бойынша, аталым үдерісі ақиқат болмыс жағдаяттарын бақылаудан, ол туралы түсінікті қалыптастыру, оны қабылдау мен концептуалдануы сияқты бастапқы кезеңдерден тұрады. Ғалым К.А.Переверзев айтып көрсеткендей: «... сол себепті де бір нақты жағдаят түрлі сөйлеу аталымға ие болуы мүмкін» [250, 24 б.]. Ақиқат болмыстың табиғи қалыптасқан қатынастары мен қасиеттерін аталым субъектісі өзіне мәлім ақпарат арқылы қабылдайды. Ал өз кезегінде бұл ақпарат тіл жүйесінде сақталып, сол тілдік ұжымның қоғамдық және жеке тәжірибе негізінде қалыптасқан ғаламның тілдік бейнесі арқылы сұрыпталады. Бұл адамның жаңа ақпаратты өзінде бар ақпарат негізінде қабылдауымен байланысты болады. Бұл ақпарат адам санасында қоғамдық-тарихи тұрғыдан тұрақты түрде тек тіл жүйесінде ғана сақталады. Осымен байланысты В.Г.Гактың тұжырымы бойынша: «Сөйлеуші субъекті жаңа нысандарға атау беруде, оларды топтастыру мен жіктеуде тілде бар тұрпат межесі мен мазмұн межесінің элементтерін қолданады» [249, 84 б.].

Экстралингвистикалық ақиқат болмыстың тілдік жіктелуі әрбір жеке тілде өзінше жүзеге асырылады. Ал аталымдық қызметті жүзеге асыру үшін әрбір тілдің өзіне тән ақиқат болмыстың жіктелуін, саралануын, оның элементтерінің таңбалық белгіленуін қамтамасыз ететін бейнелі-репрезентативтік және тілдік амал-тәсілдер жиынтығы болады. Аталушы заттың бірнеше белгісінің аталым барысында маңызды рөл атқара алатын мүмкіндігі бірнеше эквивалентті формалардың қатар пайда болуын қамтамасыз етіп, тілдің икемділік тегігімен түсіндіріледі. Бұл ретте сөз артық дублеттік формалардың жай пайда болуында емес, бір нысанды немесе

жағдаятты бірнеше амал-тәсілдер арқылы сипаттауға мүмкіндіктің болуында. Мысалы: *бұрғышы – бұрғылаушы, жалдап – алысатар – пайдакүнем (спекулянт), бітуажа – дәнекер (брокер), дәрісші – дәріскер (лектор), міршаһар – қала мәрі (мэр), ілкімді – кәсіпкер – бизнесші (бизнесмен), сақшы – қорғаушы – сақтаушы – күзетуші (милиционер), мұхаррир- мұхартир (редактор)* және т.б.

Аталымдық таңбаның ішкі және сыртқы формасының таңдалу еркінділігі аталым субъектісіне, оның ақиқат болмысты қабылдауына, аталым үдерісі жүретін дискурсивті ортаға байланысты болатындығын бір тіл ішіндегі немесе екі басқа тілдегі бір топқа немесе шағын топқа жататын денотаттар атауларын салыстыру негізінде айқындауға болады. Өйткені жалпы адамзат тіліне тілден тыс болмыстың екі рет белгілену қасиеті тән. Бұл қасиет тілдік тәсілдер жүйесінде, аталым бірліктерінде (жалпылама атаулар), сөйлеу мен коммуникация үдерістерінде (нақты, актуалданған атау) көрініс табады. Осы ажыратылмас байланыс пен өзара сабақтастықта жүретін үдерістердің жүзеге асуы тілде бір таңбаланушының түрлі атауларының пайда болуы мен қалыптасуына алып келеді. Жаңадан пайда болған нақты атау жалпыланып, тұжырымдалып, ұғымның екі кезеңдік даму жолын айқындайды: аталым субъектісінің қоғамдық және тілдік тәжірибесінің арқасында оның жасалуы кезінде және оның қолданылуы кезінде (ұжымның игілігіне айналған кезінде).

Өзінің аталымдық интенцияларын жүзеге асыратын тілдік тұлғалар бір тілдік қауымдастықтың түрлі ұжымдарының тілінде бірнеше альтернативті атаулардың қалыптасуына себеп болады. Сөйтіп сөйлеу коммуникациясының барысында пайда болған альтернативті номинативтердің ішінен нақты жағдайлар мен мақсаттарға байланысты ең қолайлысы, сәттісі таңдалып алынады. Яғни белгілі бір нысанды белгілеуде оның тек бір формасын ғана қолдануға (ең ықшам және айқын формасын) бағытталған тілдік үнемдеу заңы коммуникация қажеттігіне бағытталған тілдің барлық мүмкіндіктерін қамтамасыз ететін альтернативтік формалар заңдылығына қарама-қарсы қойылады.

Сонымен бірге атаулар альтернативтілігі психологиялық факторларға да байланысты болуы мүмкін: «Атау негізі тек

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— атауланушы ақиқат болмыс нысанның айқын белгіленуінен ғана емес, сонымен қатар атау беруші субъектісінің эмоционалды көңіл-күйі мен сезімінен де тұрады (метафоралар)» [24, 34 б.].

Сөйлеушінің аталымдық интенциясына сәйкес нысанның белгіленуі тілде бар көптеген түрлі үлгілер негізінде сипаттамалы (таратылған, бірнеше сөзден тұратын) немесе бір лексемалық атау (семантикалық деривация, аффикстену, универбтену және т.б.) ретінде бір белгісінің актуалдануы негізінде жасалады. Сөйлеушінің интенциясы өзгерген жағдайда түрлі терең белгілер мен ассоциациялар актуалданып, аталым негізі өзгеріп, аталмыш нысанның тілдік әлеуеттік шеңбері кеңейеді. Ақиқат болмыс құбылыстары мен заттары туралы тілдік пайымдау өте күрделі тілдік тетік екендігі белгілі. Кез келген тілдік формасы бар ұғым – осы пайымдаудың ықшамдалған көрінісі.

Сонымен, атаулар альтернативтілігін зерттеу әрбір тілдік аталым тәсілін және бұл тәсілдердің бәсекелестік қабілеттерін семиотикалық бағытта жете әрі терең талдауды қажет етеді. Осы мәселелерді жан-жақты зерттеу қазіргі лингвистиканың өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Терминологиялық аталымның динамикалық-үдерістік сипаты

Аталымдық жүйе және ғаламның тілдік бейнесі – жаңа білімдерге ие болуы мен олардың жинақталуын айқындайтын танымдық қызметтің көрінісі. Генетикалық тұрғыдан аталмыш тілдік жүйелер – гносеологиялық қызметті де жүзеге асыратын тіл жұмысының нәтижесі. Тіл жұмысы таным қажеттіліктерін өтеуге бағытталған, әрбір жаңа білімді белгілейтін жаңа таңбалар жасалуымен айқындалады, сонымен бірге тілдік бірліктердің реттелуін, олардың жасалу ерекшелігін, сондай-ақ материалдық дүниенің нақты құрылуын да көрсетеді.

Сондықтан да танымдық қызметтің тілдік сипаты аталымдық жүйелерге топтастырылатын туынды аталымдық бірліктер жасалуының аталымдық үдерісін айқындайды. Өз кезегінде аталымдық жүйе аталымдық бірліктердің жасалу жағдайын түсіндіреді, яғни аталымдық жүйе аталымдық үдерістер барысында болатын барлық тілдік құбылыстардың ай-

насы іспетті. Ғалам бейнесінің тіл динамикасымен байланысы жинақтау іс-әрекетімен сипатталып, тілдің жалпы семантикалық кеңістігі ретінде тілдік және тілден тыс құбылыстар арасында жүргізілетін аралық қызметті атқарады.

Аталымдық үдерістердің нәтижелері ойлау мен тілдің дамуындағы өзара әрекеттестігінің біртұтастығын көрсетеді. Аталым мен таным – саналы ойлау қызметінің нәтижесі. Олар бейвербалды ойлау мен интеллектуалдылықта ғана емес, интеллектуалдылыққа дейінгі сөйлеу құзыретінде де беріліп, түрлі заңдылықтардан (танымдағы логикалық заңдылықтар мен аталымдағы тіл заңдылықтары) тұратындығын анықтайды.

Аталымдық қызмет (тіл иелері атқаратын аталымдық үдерістер) ой-сана жұмысының екі бағытта жүргізілетінін көрсетеді: біріншісі – ойлау арқылы ақиқат болмыстың өңделуі, іріктелуі, басқаша айтқанда, електен өткізілуі болса, екіншісі – тіл жүйесінің негізінде жүргізілу. Танымның тілдік вербалдануы аталымдық қызметті коммуникативтік қызметпен жақындастырады. Өйткені аталған екі қызмет те вербалды құралдарды пайдаланады, бірақ бір-бірінен қызмет уәждері мен нәтижелері тұрғысынан ерекшеленеді.

Кез келген ақпараттың материалдануын қамтамасыз ететін аталымдық жүйеде тілдік бірліктер генезистері тұрғысынан ұқсастығы мен айырмашылықтары бойынша орналастырылады. Ақпаратты жеткізу, тыңдарманға әсер ету іс-әрекеттері сөйленімдерде (мәтіндерде) жүзеге асырылып, жұмсалымдық жүйе бірліктерінен құралады. Сөйлеу қызметінің динамикасы оның уәж-қызметтеріне орай екі түрлі бағытта анықталады. Біріншісі аталымдық бірліктер тудыру үдерісіне қатысты аталымдық қызмет болса, екіншісі коммуникативтік бірліктер (сөйленім, мәтін, дискурс) жасалу үдерісіне қатысты коммуникативтік қызмет болып табылады.

Аталымдық үдерістер динамикасы дайын аталымдық бірліктерде, аталымдық жүйелерде, сөйленім мен мәтіндерде көрініс табады. Олар ауызекі сөйлеудің табиғи жағдайларында бөлшектенуге бейім болады. Мысалы, *аңқұмар, аң аулаушы → аңшы; кейбір өндіріс орындарында, машина, аппарат басқаратын, оларды бақылап отыратын маман → аппаратшы; бақшаны күтіп бағушы, бағбан → бақшашы; дастан жазушы, дастанды жатқа айтушы → дас-*

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— таншы; ереуілге шығушы, ереуіл жасаушы → ереуілші; көшті бастаушы адам, жолбасшы → көшбасшы; қолды, әскерді бастаушы, қолбасшы → қолбасы; мұраға ие, мирасқар → мұрагер; салық жинаушы → салықшы және т.б.

Аталымдық қызмет коммуникативтік қызметпен қатар сөйлеу қызметінің бір формасы ретінде соңғысынан өзінің бастапқы уәж-қызметтерімен, нәтижелерімен және іс-әрекет, операциялар ерекшеліктерімен сипатталады. Аталым ең бірінші кезекте сөзтудырушылық тетіктермен жүзеге асырылса, коммуникативтік қызмет синтаксистік амалдармен іске қосылады.

Аталым танымдық қызметтен бастау алып, яғни ойлаудың бейвербалды қалыптасуы кезеңінен басталып, тілден тыс мазұнның тілдік формаға қарайғы бағытымен сипатталып, аталымдық қызметте жаңа білімнің вербалдануы, объективтік шындықтың алғашқы игерілуі сатысы көрсетіледі. Ал коммуникативтік қызметте тіл таксономиясынан алынатын белгілі бір білім таңбалады.

Тілдік материалданудың екі негізгі тәсілі бар. Олар: дағды тілдік бірліктің таңдалуы немесе жаңа тілдік бірліктің жасалуы. Алғашқысы көпмағыналылықтың дамуы, кірме сөздер қабылдау нәтижесінде пайда болса, екіншісі морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік тәсілдер арқылы жасалады. Аталымның динамикалық-үдерістік сипаты жалпы аталым теориясының өзегін құрайды да, аталымдық қызметтің басты саласы – сөз шығармашылығы болып табылады. Себебі, сол ғана аталымның сөйлеу қызметінің ерекше түрі ретіндегі негізгі белгілерін айқындай алады.

Ғалым Е.С.Кубрякова туынды сөз жасалымындағы аталымдық үдерістің үш түрін анықтайды:

- 1) деривация дереккөздерінің деңгейлік мәртебесі, сондай-ақ оның формасы мен созылыққылығына байланысты;
- 2) бастапқы бірліктен нәтижеге айналу тетігі мен осыған қажетті операциялар санына байланысты;
- 3) сөзжасамдық үдерістің құрылымдық ұйымдастырылуы аталым принциптеріне байланысты [9, 25 б.].

Аталған үдерісте сөздер белгілі бір үлгілер арқылы жасалып, негізінен уәжді сөздер қатарын толықтырады.

Тілдік және тілден тыс факторлардың қатысуына орай аталымдық үдерістер өзара өзекті және перефериялық үдерістер-

ге жіктеледі. Бұл дегеніміз – сөзтудырушылық үдерістің жеке актілерінің өзі белгілі бір үлгі, жүйе бойынша жүргізілетіндігін айқындайды. Ғалым И.С.Торопцев сөзтудырушы үлгінің алты компоненттен тұратындығын дәлелдеп көрсетеді:

1) синтаксистік объективтенуі арқылы идеалды мазмұнның дайындалуы;

2) бастапқы идеалды мазмұнның бір бөлігі ретінде уәждеуіш белгінің таңдалуы. Уәждеуіш белгі аталатын нысанды даралау, яғни оны басқа өзі тектес нысандардан ерекше танытатындай етіп көрсетуі қажет немесе тудырушы сөздің анықтамасына негіз болатын бүкіл идеалды мазмұнның таңдалуы;

3) 2-кезеңнің талабына сәйкес сөз тудырушы негіздің іздестіріліп табылуы;

4) идеалды мазмұнның әрі қарай сөзжасамдық үлгінің көздейтін жіктемелік бөлігінің белгіленуі;

5) сөзжасамдық үлгінің анықталуы мен жаңа сөздің таңбалық қабатының құрылуы;

6) идеалды мазмұн мен материалдық таңбаның бірігуі [15, 55-56 бб.].

Ғалымның пікірінше, жаңа жасалымның құрастырылуында ең маңызды операция уәжденімге тәуелді сөзтудырушы негіздің таңдалуы болып табылады. Автордың қорытындысы бойынша, уәжденімнің екі түрі болады: белгі уәжденімі және бүкіл мазмұн уәжденімі [15, 55-56 бб.]. Аталымдық акт секілді уәжденім де тілдік және тілден тыс факторлардың қатысуымен өтеді. Уәжденімнің бірінші түрі жай сөздерге тән болса, екіншісі композитжасам саласында белсенділік танытады. Сондықтан да жай және күрделі туындылардың сандық арақатынасы әрбір тілде түрлі болып келеді. Себебі әртүрлі тіл иелері уәжденім түрін таңдауларында өздерінше шешім қабылдайды. Егер тілдік қорда аффиксті сөздер көбірек болса, онда бұл тіл иелері белгі уәжденімін жиірек таңдағанының белгісі.

Сонымен, аталым теориясының ономасиологиялық парадигмасы аталымдық қызметтің екі аспектіде болатындығын айқындайды: динамикалық-үдерістік және оның нәтижелері көрсететін статикалық аспект. Аталым үдеріс ретінде гносеологиялық қызмет арқылы қадағаланып, тілдік факторлар

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— негізінде реттеліп отырады. Осының нәтижесінде аталымдық жүйе пайда болып, бір жағынан, өзінің элементтері құрылымында тілдің әлеуетінің іске асырылуын көрсетсе, екінші жағынан, олардың сөйлеу қызметінің формасында коммуникативтік қызметке дайындығын айқындайды.

Аталым үдерісі барысында тілдік және тілден тыс құбылыстардың алғашқы түйісуі жүзеге асырылады, яғни реалийлерді тудырушы тілдік субституттары мен аталымдық бірліктердің байланысы көрініс береді. Аталымдық бірліктер жаңа білім иелері ретінде ғаламның тілдік бейнесіне еніп, әрі қарай коммуникация барысында өзектеледі. Қарым-қатынас барысында білімнің қайта келтірілуі оларды белгілейтін аталымдық бірліктер негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте аталымдық бірліктер ақиқат болмыс үзіктерінің (фрагменттерінің) таңбалары ретінде екінші рет қолданылады. Егер аталымдық бірліктің алғашқы қолданылуы субъект арқылы жүргізіліп, оның міндетті түрде болуын қажет етсе, екінші рет аталымдық бірліктің пайдаланылуы аталым барысында туындайтын сәйкестіктің (корреляцияның) келтірілуі нәтижесінде субъектінің тікелей қатысуын қажет етпейді.

Сөйтіп, динамикалық аспект аталымдық бірліктердің құрылымында, олардың жасалуының амал-тәсілдері мен құралдарында көрініс тапса, статикалық аспект аталымдық бірліктердің аталымдық жүйе мен ғаламның тілдік бейнесіне ұйымдастырылуында анықталады. Аталым вербалды қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар жеке, дербес формасы болып табылады. Сондықтан да ұғым мен заттың арасында аталымдық үдеріс деп аталатын аса мәнді аралық кезең болатыны – ғалымдар тұрғысынан мойындалған құбылыс. Аталымдық бірлік дүние әлемін тіл әлемімен байланыстырады. Жаңа ұғымның тууы мен оның вербалдануының сыры бұған дейін белгісіз болып келген жаңа ұғымды адам санасындағы қарапайым атаудың бойына сыйдырып жіберуінде жатыр. Бұл ретте адам өз білімі мен өмірден алған тәжірибесіне сүйенеді.

Аталымның ең басты, қажетті шарты – денотаттың белгілерін көрсететін ұғым-сигнификаттың белгілі бір кешенді дыбыс жүйесімен таңбалануы. Сондықтан атаулану ұғымын атау мен зат арасындағы қарапайым байланыс деп қарауға болмайды. Бұл тұста «затқа деген концептуалды немесе

абстракті қарым-қатынас қажет» [251, 31 б.]. Осыған байланысты атаулану үдерісінің әр кезеңіндегі атау мен зат арасындағы байланысты зерттеген С.А.Колчин былай дейді: «Алғашқы кезеңде атау мен зат арасын байланыстырушы тетік – қабылдау болып табылады» [252, 126 б.].

Логиктер қабылдаудың жеке және жалпы түрлерін ажыратып көрсетеді. Жеке қабылдауда жекелік факт, зат сипатталуына қатысты тіл иелерінің сана-сезімінде мән-мазмұн қалыптаса қоймайды. Мысалы, *барлық Еуропа тілдерін білетін адам*. Ал жалпы қабылдаулар заттардың бүтін бір тобын көрсетеді. Осыдан туындайтын атаулар өзінің белгісіздігі мен күңгіртті түсінік білдіруімен ерекшеленеді. Бұл белгісіздік объективті (ақиқат шындықтың нақты белгілерінің болмауы) немесе субъективті (номинатордың бұл ұғымды ақиқат шындықтың ұқсас бейнелерінен ажырата алмауы) болуы мүмкін.

Осы атаулану үдерісінің *екінші кезеңінің* нәтижесі ретінде сипаттамалы атауларды көрсетуге болады. Мысалы, «Шетелдік машине мінген, үстіне кілең *«импорт»* киім киген, қалтасын шытырлаған шетелдің ақшасына толтырғандар өздерін *«Жаңа қазақыз»* деп атайды» («Ана тілі», 1997, 20 ақпан).

Үшінші кезеңде концептуалды қасиеттердің дамуы осы тілдік жүйе иелері үшін мазмұн өзектілігімен, прагматикалық негіздермен байланысты болып келеді. Осыған орай, келесі сұраққа жауап табуға болады «неліктен заттың кейбір бөліктеріне арнайы атау бар да, ал оның басқа бөліктері сөз болғанда біз үлкен сипаттамалы құрылымдарды қолданамыз?»

Әсіресе бұл құбылыс әртүрлі тілдердің жүйесін салыстырғанда айқын көрінеді. Осыған байланысты Е.И.Голанова былай дейді: «У некоторых народов Севера существуют, например, десятки слов для названия разных видов снега, льда, для обозначения холода. В языке одного из племен, живущих на островах Океании, есть 100 названий для разновидностей банана. В то же время некоторые племена индейцев называют одним словом все летающие предметы (кроме птиц), а в африканском языке суахили одним словом обозначают и поезд, и телегу, и карету, и детскую коляску, и велосипед» [253, 13-14 бб.].

Демек, бір халық үшін өзекті, актуалды ұғым басқа халық өкілдері үшін бұл ұғым соншалықты таныс емес (мүлдем

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— таныс емес деуге болады). Яғни бір тіл иелері үшін актуалды дүние, басқа тіл иелері үшін бұл ұғымның ешқандай маңызы жоқ.

«Ұғым» терминіне ғылымда әртүрлі анықтама беріледі. Біз зерттеуімізде келесі анықтаманы басшылыққа аламыз: «Понятие это мысль, представляющая собой результат обобщения и выделения предметов и явлений того или иного класса по более или менее существенным (а потому и общим для этих предметов и, в совокупности, специфическим для них, выделяющим их из множества других предметов и явлений) признакам» [254, 101-102 бб.]. Концептуалды өзек пен лексикалық мағынаның ұғыммен арақатынасын зерттеген С.Д.Кацнельсон мазмұндық және тұлғалық ұғымдар терминдерін қолданады. Ғалымның пайымдауынша: «Тұлғалық ұғым дегеніміз – белгілі бір затты танытатын және басқа заттардан айырмашылығын көрсететін заттың жалпы және ерекше белгілерінің қосындысы», ал мазмұндық ұғым автордың пікірі бойынша: «Заттың жаңа қырларын, қасиеттері мен басқа заттармен байланысын қамтиды. Сөздің лексикалық мағынасының концептуалды өзегі тұлғалық ұғымдардан құралады» [255, 18 б.].

Ғалымның бұл тұжырымы зерттеушілердің компоненттік талдау әдісіне деген екі түрлі аспектідегі көзқарасының пайдалуына алып келді. Біріншісі, семасиологиялық аспект – талдау барысы сөзден мағынаға қарай жүзеге асырылады (сөз мағынасын құраушы семаларды ажырату); екіншісі, ономаσιологиялық аспект – ұғымнан сөзге қарай талдау бағыты (сөздер білдіретін ұғымдардың дефиницияларын талдау).

Ұғымдық жөнінде көзқарас М.М.Копыленко еңбектерінде пайда болған еді. Кейін ол З.Д.Попова, З.К.Ахметжанова, С.А.Колчин, Р.М.Исаева, О.В.Жигалова, А.П.Бабушкиннің ғылыми жұмыстарында өз жалғасын тапты.

Зерттеушілердің пікірі бойынша: «... понятие не может возникнуть и существовать вне слова, поскольку оно и есть специфически словесная форма отражения предметов. Предлагается следующее определение понятийности осознание соотносимости содержания понятия с формой названия, в которой это понятие выражается. Отсюда «чем цельнее языковая форма, тем цельнее выражаемый ею смысл, тем он

«понятийнее». И наоборот, чем больше компонентов в плане выражения, чем самостоятельнее они в семантическом плане и выделеннее в плане формы, тем менее целостный и менее «понятийный» смысл они выражают...» [256, 17 б.].

Сонымен, атаулану үдерісінің үшінші кезеңінде қабылдаудың ұғымға айналу сатысы жүзеге асырылады. Н.Д.Голевтің пікірінше, бұл кезеңде «қабылдаудың мазмұн межесіндегі кездейсоқтық және маңызы жоқ белгілері жойылып, тек маңызды, мәнді белгілері ғана орын алады» [47, 91 б.]. Олар өз кезегінде болашақ атаулардың уәждеуіш белгілері болып табылады.

Атаулану үдерісінің үшінші кезеңі ұғымдық перифраздармен байланысты болады. Мысалы, «*Базар сыртындағы тротуардың екі жағында қаз-қатар тізіліп, сауда жасап тұрғандардың ана шеті мен мына шетіне көз жетпейді. Бұлар заңсыз сауда жасап тұрғандар*» («Ана тілі», 1997, 27 ақпан); «*Осы күні көптеген сән үлгісін жасаушылар қазақтың ұлттық ою-өрнегін кез келген жерге талғамсыз пайдалана беретін болды*» («Егемен Қазақстан», 1997, 12 қыркүйек); «*Алматының су добының шеберлері Ресейдің ашық біріншілігіне қатысып, ойындарын аяқтады*» («Алматы ақшамы», 1997, 11 сәуір); «*Осылармен бірге 30 жағдайда автокөлік иелері автокөліктерін туған-туыстарының мініп кеткенін білмей қалып, дабыра жасаған*» («Алматы ақшамы», 1997, 11 сәуір»); «*Қазақтың марафоншысы, ұзақ қашықтыққа жүгіретін тарлан дарабозы әлем чемпионатына қатысам деп құлшынып отыр*» («Егемен Қазақстан», 1997, 22 сәуір).

Атаулану үдерісінің төртінші кезеңі перифраздан фразеотіркес немесе туынды сөз жасалынуымен сипатталады. Мысалы: *салым иесі – салымшы, түсінік беруші – түсініктемеші, тың жерші – тыңгер* және т.б. Осымен байланысты ғалым В.В.Мартынов: «Сущность процесса именования заключается в том, что один из элементов номинации, состоящий по происхождению из двух элементов, утрачивает свою самостоятельность, в связи с чем происходит объединение этих элементов в одно целое, так сказать, «универбация», ...переход слов из категории мотивированных в

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— категорию немотивированных. Этот процесс является одним из общих законов языка», – деп көрсетеді [257, 112 б.].

Бірақ барлық жағдайларда сөз тіркестері лексемаға универбтелінеді деуге болмайды. Мысалы: *қалыпқа келтіруші, жұрт сенген өкіл, қоғамдық таратушы*.

Универбтену үдерісі атауланудың түрлі тәсілдерін қолдану арқылы жүзеге асады. Сондықтан да оның нәтижелерінің ұғымдық деңгейі әртүрлі болып келеді. Осы орайда ұғымдық пен уәжділіктің қарама-қарсы бағытты болатындығын айтып өткен жөн. Себебі неғұрлым сөздің уәжділік деңгейі жоғары болса, соғұрлым оның ұғымдық қасиеттері төмен болады.

Туынды сөздер ішінде абсолютті ұғымға ең жақыны – аффикстер арқылы жасалған құрылымдар: *орындаушы, көрермен, оқырман, әрлеуші, сақтандырушы, реттеуші, үміткер, ардагер, жобалаушы, жалгер, шақтыгер, асқарпаз, асаршы, сәулеткер* және т.б.

Аффикстер арқылы жасалған атаулардың ұғымдық деңгейі аффиксоидты құрылымдарға қарағанда жоғары. Өйткені аффикстер мағынасы аффиксоидтар білдіретін мағынамен салыстырғанда абстрактілеу болып келеді. Сондықтан ұғымдық деңгейінің келесі сатысын аффиксоидты құрылымдар құрайды: *жағажай, саяжай, әуежай, атаққұмар, малқұмар, мансапқұмар, сәнқұмар, ұрысқұмар, шайқұмар, арызқұмар, әуезовтанушы, шығыстанушы, өлкетанушы, әдебиеттанушы, театртанушы* т.б.

Күрделі сөздердің ұғымдық деңгейі аффиксоидты құрылымдардың ұғымдық дәрежесінен де төмен болады. Себебі күрделі сөздер құрамының уәжділігі айқын көрінеді де, сондықтан олардың ұғымдық қасиеті аса жоғары болмайды. Мысалы: *электрші-жөндеуші, репатриант-басқындар, көркемөнерпаз, теміржолшы, тоғызқұмалақшы, қызылзішілдер, қоссайысшы, онсайысшы, жолсерік, оққағар, бақысар, оқыптуған, радиоәуесқой, фототілші, қалабасы* және т.б.

Аталмыш үдерістің *бесінші кезеңінде* бейуәжді фразеологизмдер мен лексемалар қалыптасады. Мысалы: *ығай мен сығай; қағанағы қарқ, сағанағы сарқ; мылқау, жеңге,*

суайт, делдал т.б. Осы тұрғыдан қарастырсақ, соңғы кезеңнің нәтижелері бейуәжді фразеологизмдер мен сөздер ұғымдық-тың ең жоғарғы абсолютті деңгейі болып табылады.

Сонымен бірге абсолютті ұғымдарды білдіретін сөздер тобына кірме сөздерді де жатқызуға болады. Бұл пікірімізді К.Ш.Хұсайынның: «... в языке имеются и немотивированные для данного языка слова. Они возникают не только в результате утраты им мотивированности, но и вследствие заимствования из других языков и создания так называемых искусственных, выдуманных слов. Искусственные слова отличаются тем, что они немотивированны вообще, в то время как заимствованные слова мотивированы только в языке своего первоначального образования», – деген ойы құптай түседі [65, 16 б.]. Оған мына кірме сөздер мысал бола алады: *хакер, рэппер, стайер, спринтер, менеджер, маклер, аутсайдер, бакалавр, магистр, акционер, спикер, банкир, дилер, брокер, архиепископ* т.б.

Сөйтіп, атаулану үдерісінің кезеңдері ұғымдық сатыларымен байланысты екендігін дәлелдеп, біз қарастырып отырған ұғымдық деңгейлер ұғымның қалыптасу үдерісін көрсетеді. Ал енді өзіміздің негізгі тақырыбымызға келер болсақ, онда, ең алдымен, ТА үдерістік мазмұны, терминжасамның динамикалық ұғымы, аталмыш үдеріс қарама-қайшылығы, сондай-ақ ТА лексикалық аталымға қарағанда екіншілік сипаты мәселелерінің қарастырылуын қажет етеді.

ТА зерделеу терминнің тілдік табиғатына негізделеді. Терминнің негізгі даралаушы белгісі, ғалымдардың пікірінше, оның дефинитивтілігінде. Терминнің дефинитивтілік ұғымы – ТА үдерісін талдаудың негізгі тірегі. Дефинитивтілік дегеніміз – терминнің дефиниция туындысы болу қасиеті. Термин әрқашан актуалданған немесе потенциалды дефиниция негізінде жасалады.

Айта кететін жайт – терминнің дефиниция арқылы анықталуы В.В.Виноградовтың терминологиялық концепциясынан бастау алады. Бұл концепция бойынша: «Сөз аталымдық немесе дефинитивтік қызметті атқарады, яғни, ол нақты бір нәрсені белгілеу құралы болса, онда ол сөз, ал егер логикалық анықтама құралы болса, онда ол термин болып табылады» [258, 12 б.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

ТА динамикалық теориясы аспектісінде терминнің дефинитивтілік концепциясы логикалық және реттілік тұрғысынан тиімді деп санаймыз. Осы ретте біз ғалым Д.П.Горский ұсынған дефиницияның логикалық концепциясына сүйенеміз. Бұл концепцияның негізгі ұғымы ретінде дефиницияның қатыстылық сипаты алынады [259]. Сондықтан біз де ТА қарастыруда аталмыш дефиницияның қатыстылық сипатына сүйенеміз. Себебі статикалық аспектіде жүргізілетін терминологиялық зерттеулер дефинитивтілік ұғымын абсолюттік категория ретінде қабылдайды, яғни терминге тек бір ғана дефиниция сәйкес келеді деп тұжырымдалады. Мәселен, С.Д.Шелов: «Термин дегеніміз – ғылым мен техника саласының ұғымдар жүйесінің белгілі бір ұғымын көрсететін сөз немесе сөз тіркесі», – деп көрсетсе [260, 8 б.], Е.М.Галкина-Федорук терминге мынадай анықтама береді: «Термин дегеніміз – техника, ғылым, өнер т.б. салалардағы «белгілі бір ұғымға сәйкестендірілген сөз» [196, 117 б.].

Аталған авторлардың терминге берген анықтамаларынан байқағанымыз – олар термин дефинициясы ұғымын абсолюттік категория деңгейінде қарастырады. Біз дефиниция ұғымының осылайша қабылдануына қарсымыз. Өйткені барлық жағдайда жаңа термин белгілі өзінің нақты бір дефинициясымен бірге қалыптастырыла бермейді. Сондықтан біздің түсінігімізше, термин дегеніміз:

- 1) символ, яғни білім вербалдануының құралы;
- 2) үлгі, өйткені ақиқат болмыс құбылыстарын жанама түрде түсіндіретін таңба;
- 3) код, себебі ол семиотикалық жүйе таңбасы.

Сондықтан біз терминді ақиқат болмыс пен таным үдерісінің арасындағы дәнекерлік қызмет атқаратын тілдік бірлік деп түсінеміз. Сол себепті де термин негізіне алынған ұғымдар кейбір жағдайларда шартты, толық емес, шамалық сипатты білдіруі де мүмкін.

Термин дефинициясының шарттылық сипаты жөнінде Д.П.Горский былай деп жазады: «Табиғаттың көптеген заңдары тек алғашқыда ғана дәл болады. Осындай жағдай ғылым заңдарында да көрініс табады. Мысалы, Бойл-Мариотта заңын алып қарайтын болсақ, үлкен қысым мен төмен температурада нақты газдарда аталмыш заңнан маңызды

ауытқулар байқалады. Шындығында, Бойл-Мариот заңы нақты емес, идеалды газдың қасиеттерін сипаттайды» [259, 111 б.].

Н.З.Котелованың пайымдауынша: «Термин дефинициясының табиғаты ақиқатты емес, шартты» [261, 125 б.].

Сонымен, терминді қайта кодталған таңба ретінде қабылдау ТА үдерістік қызметін қарастыру үшін өте маңызды. Сондықтан осындай бағыттағы зерттеулерде терминнің мына үш белгісін ерекше атап көрсеткен жөн деп санаймыз:

- 1) термин – тілдік таңба;
- 2) термин табиғи тіл таңбаларына қарағанда екіншілік;
- 3) термин конвенциалды (шартты).

Терминнің таңбалық табиғаты, дәлірек айтатын болсақ, қайта кодталған таңбалық табиғаты жалпы терминологиялық концепцияның негізгі ұстанымын айқындап, төмендегідей үш критерийден тұрады:


- 1) үнемдеу критерийі;
- 2) дәлдік критерийі;
- 3) сәйкестік критерийі.

Ономасиологиялық аспектіде ТА термин жасалу үдерісі деп түсініледі. Бұл ретте сөзжасамдық процесс анықтама-сы лингвистикалық әдебиеттерде бірыңғай қабылданған деп айту қиын. Мысалы, А.И.Моисеев сөзжасамға мынадай анықтама береді: «Жалпы сөзжасам (ғылым ретінде) сөздің жасалу үдерісін емес, аталмыш үдерістің нәтижесін зерттейді» [262, 11 б.]. Бұл анықтама сөзжасамға деген дәстүрлі көзқарасты білдіреді, яғни ол үшін ең маңызды тек сөздің тіркелуі болып табылады.

Біздің зерттеуіміз үшін ең маңыздысы ТА үдерісінің негізгі мазмұнын анықтау болып саналады. Осы тұрғыдан келгенде, жаңа білімнің вербалдануы өте күрделі шығармашылық үдеріс, оның үстіне бұл үдеріс екі аспектіден тұрады:

- 1) жаңа білімнің адекватты сөздік өңделуі;
- 2) ақпараттың коммуникантқа адекватты берілуі.

Кез келген шығармашылық үдеріс сияқты жаңа білімнің вербалдануы да құрылымдық сипатта жүргізіледі. Аталмыш үдерісті жүзеге асыратын құралдар – зерттеушінің тілі, интеллекті және әлеуметтік тәжірибесі. Бұл үдерісті кесте түрінде былай көрсетуге болады:



Сурет 14 – Жаңа білімнің тілдік вербалдану үдерісінің сипаты

Байқап отырғанымыздай, дәл осы тіл, интеллект және әлеуметтік тәжірибе бірліктерінің саласында ғылыми сөйлеу пайда болады. Кез келген жаңа құбылыстың, нысанның сипатталуы табиғи тіл негізінде белгілі бір мәтін құрылуы арқылы жүзеге асырылады. Біздің түсінігіміз бойынша, аталым үдерісінің объективті және субъективті экстралингвистикалық мазмұны болады.

Объективті экстралингвистикалық мазмұн дегеніміз – нақты бір қажеттіліктен туындайтын терминологиялық бірлік

жасалуын көздейтін коммуникативтік міндет және коммуникацияға қатысушылардың білім қорлары.

Субъективті экстралингвистикалық мазмұн дегеніміз – ТА жүзеге асыратын субъектінің интеллектуалдық даму деңгейі, ой өрісі, әлеуметтік тәжірибесі, жаңа білімді игере алу қасиеті т.б. болып табылады. Термин шығармашылығы үдерісінің субъективті лингвистикалық факторларына тілді білу деңгейі, тілдік тәжірибе т.б. жатқызылады. Аталған шығармашылық үдерістің субъективті мазмұны оның шығармашылық бастамасын, объективті мазмұнын құрайды. Осындай объективті және субъективті факторлар ТА негізін қалаушы элементтер болып табылады.

Әрбір ғылыми-техникалық мәтіннің негізін оның терминологиясы айқындайды, сол себепті де терминжасам үдерісі үлкен коммуникативтік үдерістен басталады. Осыған орай, терминология тілдік коммуникацияның арнаулы саласы болса, термин оның туындысы болып табылады. Ономасиологиялық аспектіде ТА дегеніміз – терминжасамдық үдеріс, яғни оған терминжасам үлгілері, терминжасамдық үдерістердің типологиясы т.б. жатады.

ТА негізгі мақсаты терминологиялық бірліктердің жасалуы, яғни оның соңғы нәтижесі болып табылады. Осы тұрғыдан келгенде, ТА таным теориясының да, нақты бір ғылым мен техника саласының құрылым теориясының да компоненті болып саналады. Сондықтан да терминологиялық бірлік гносеологиялық аспектіде жаңа білімнің белгілену құралы ретінде оның жаңа ұғым формасында, ал ол өз кезінде бір дефинициялық мәтін негізінде жаңа атау формасында берілуін айқындайды.

ТА үдерісі жасалу, тудыру үдерісін де, қайта айтылу үдерісін де көрсетеді. Жоғарыда айтып кеткеніміздей, ТА екі үлкен кезеңнен тұрады: дефинитивтік мәтіннің жасалуы және терминнің жасалуы. Бұл ретте қайта айтылу деп отырғанымыз дефинитивтік мәтінде берілген семантикалық мазмұнның болашақ терминнің формасында да берілуі, яғни мазмұн межесінің жаңа сөз формасында тағы да қайталануы.

ТА үдерісінің негізгі ерекшелігі, оның динамикалық және сөз тудыру қасиетінде. Динамика ұғымы аталым теориясының негізін құрайды. Динамика аталымда даму, іс-әрекет іс-қимылмен ұштастырылады. Іс-қимыл философия теориясын-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— да материяның тіршілік ету тәсілі ретінде анықталады, ал тілдегі динамика ұғымы тілдік жүйенің қызмет ету амал-тәсілі дегенді білдіреді. Сөйтіп, тілдік болмыстың бұл екі жағының диалектикалық біртұтастығы лингвистикалық үдерістерде зерттеудің ең басты принципі болып табылады.

Осы күнге дейін лингвистикалық зерттеулерде гносологиялық бағытта жүргізілген жұмыстар басым болған. Динамика мен статиканың арақатынасы негізінен статикалық зерттеулердің пайдасына шешілген. Бұл өз кезегінде терминология мәселелері зерттеуіне де әсер етіп, терминологиялық жүйе статикалық жүйе тұрғысынан ғана қарастырылып келген.

ТА динамика ұғымы екі мағынада түсіндіріледі: біріншісі термин жасалуын үдеріс ретінде көрсететін болса, екіншісі терминнің ғылыми ойлаудың элементі болуына орай, ТА үдерісі сол ойлаудың құрылымдық дамуымен сабақтасады. Білімнің жаңалығы ғылыми ізденістің, ғылыми ой вербалдануының үдерісімен байланысты ерекше интеллектуалдық өріс жасалуына алып келеді. Ал терминдерді осындай мән-мағынаның конденсаторлары ретінде қарастыруға болады.


Сонымен, ТА динамикалық аспектіде қарастырылуы үдерістің өзін зерделеуді мақсат етіп қояды. ТА үдерісі динамикалық аспектіде тілдегі актуалдық пен потенциалдықтың өзара әрекеттестігі үдерісі ретінде танылады. Себебі актуалдықтың потенциалдыққа, керісінше, потенциалдықтың актуалдылыққа өту тетігі терминжасам үдерістерінің динамикалық негізін анықтайды. Ал жалпы термин жасалуының негізгі аргументі оның мәтіндік табиғатының астарында болады. Өйткені кез келген термин белгілі бір мәтін негізінде жасалады. Ол дефиниция да, дефинитивтік мәтін де, анықтамалық сипаттама түрінде де болуы мүмкін. Сондықтан термин семантика тұрғысынан оларға тепе-тең болып, қайта айтылуға бейім болады. Терминнің келешек сөздік формасы сол мәтін негізінде туындап, басқаша айтатын болсақ, терминнің жаңа қызметі семантика тұрғысынан сол мәтінде-ақ анықталып, тіл иелері жадынан дайын бірлік ретінде алынады.

ТА екіншілік сипаты екі аспектіде қарастырылады: а) жасалу дереккөздеріне қатысты және ә) жасалу амал-тәсіліне қатысты. Терминнің жасалу дереккөзіне қатысты екіншілік

сипаты оның вербалдық символдануында символ ретінде дайын форманы, сөзді пайдалануын айқындайды.

Ал жасалу амал-тәсіліне қатысты екіншілік сипаты дегеніміз – таратылған аталымның құрылымдық-семантикалық өзгертілуі негізінде терминологиялық бірліктің жасалуы. Сонымен, ТА екіншілік сипаты таратылған аталымнан екінші аталым жасалуы дегенді білдіреді.

Сонымен қатар, «туындылық» ұғымы да ономасиологиялық аспектіде дәстүрлі терминжасамда қалыптасқан анықтамасына сәйкес келмейді. Дәстүрлі терминжасам саласында қалыптасқан «туындылық» ұғымы туынды негізге белгілі бір қосымшаның жалғану нәтижесі деп анықталатын болса, ономасиология теориясында бұл нәтиже аталымның таратылған формасының ықшам, шағын формаға айналуы дегенді білдіреді. Яғни «туындылық» ұғымы дәстүрлі терминжасам мен ономасиологиялық аспектіде зерттеулердің қарама-қарсы бағытта жүргізілуімен сипатталады: дәстүрлі терминжасамда туынды сөзден қарайғы бағытта жүргізілсе, ономасиологиялық аспектіде туынды сөзге қарайғы бағытта жүзеге асырылады.



Сурет 15 – Терминологиялық аталым мен дәстүрлі терминжасамның зерттеу бағыттары

Жалпы ТА кезеңдерін айқындау үшін оның неден басталып, немен аяқталатынын білу шарт. Егер бұл үдерістің соңғы нәтижесі терминологиялық бірлік екендігі анық болса, ал оның бастапқы кезеңін сипаттауда осыған дейін біз бірнеше терминдерді қолдандық: дефиниция, дефинитивтік мәтін, таратылған аталым. Осы ретте бұл терминдердің барлығын біз синонимдер ретінде қолданатынымызды айтып кеткеніміз жөн. Сөйтіп біз дефиниция, кеңейтілген аталым, мәтін деп сөйлем немесе бірнеше сөйлем формасында берілген ақиқат болмыс нысаны немесе құбылысы ұғымының қисынды құрылған маңызды анықтамасы ретінде ұғынамыз.

ТА үдерісінің алғашқы кезеңінің таңбаланушы термин дефинициясының формалды-семантикалық өңделуіне бағыттал-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— ған операциялардан тұратындығын атап көрсетуге болады. Осындай өңделу іс-әрекеттерінің барысында мәтінде жаңа терминологиялық бірлік көрініс табатын нәтижелі сөйлем жасалады. Жаңадан жасалған терминологиялық бірліктің тұрпат межесі оның алдында болған дефиниция формасының қайта өңделіп жасалған түрі болса, ал семантикалық мазмұны тұрғысынан толығымен алғашқы дефинициясының мазмұн межесімен сәйкес келеді.

Жалпы термин емес сөздердің де лексикалық аталымда жасалуын осындай ретті операциялар арқылы көрсетуге болады. Алайда лексикалық аталымда мұндай қайта өңделетін тілдік құрылым дефиниция емес, ұғымның белгілі бір субъективтік сипаттамасы болып табылады. Сондықтан да ТА бастапқы кезеңінің лексикалық аталымнан басты ерекшелігі – дефиницияның туындысы болуында.

Ономасиология аспектісінде дефиницияның маңызды ерекшеліктерін – деривациялық сипаты мен туындылық қасиетін ескерген жөн. Нәтижелі сөйлем формасындағы дефиниция аталым бірліктің мәтінде жасалу үдерісінің нәтижесі болып табылады. Осыдан ТА екі негізгі кезеңдік сипаты анықталады: біріншісі дефиниция жасалуымен байланысты болса, екіншісі термин жасалуымен айқындалады.

ТА барысындағы дефиницияның маңызды рөлін анықтап, оның негізгі үш қызметін атап көрсеткен жөн деп санаймыз:

- 1) дефиниция – терминжасалымның негізгі тірегі;
- 2) дефиниция – терминнің семантикалық эквиваленті;
- 3) дефиниция – терминнің бірмағыналық түсінігін қамтамасыз етеді.

Біздің пайымдауымызша, ТА үдерісінде дефиниция формасының ықшамдалуы мен мазмұн межесінің семантикалық жағынан қорытындыланып жинақталуы жүзеге асырылады. Аталым үдерісі тетігінің негізін компрессия (ықшамдау) құрайды. Компрессия ұғымын анықтауда біз ғалым З.Қ.Ахметжанованың концепциясын ұстанамыз [263]. Ғалымның пікірінше, компрессия – тілдік үдеріс ретінде тілдік жүйенің синтагматикасына да (құрылымына), парадигматикасына да (семантикасына) қатысты; компрессия – тілдік жүйенің аталмыш екі жағын үнемі теңестіріп отыратын құбылыс. ТА үдерісінде дефиниция формасының компрессиясы

жүзеге асырылады да, ал семантикалық жағы ешбір өзгеріссіз қалады. Бұл ретте синтаксистік құрылымдардың оңай, қарапайым формалары жасалады (сөйлем → сөз тіркесі → сөз). Дегенмен кез келген мәтін көлемінің қысқартылуы компрессия семантикасының күрделенуіне алып келетіндігі белгілі. Өйткені қысқартылған формаға бүкіл дефиниция мағынасы жүктеледі. Дефиниция мағынасы жинақталған түрде терминнің тұрақты атрибуты болып саналады, себебі кез келген жағдайда ол өзінің «таратылған» алғашқы дефинитивтік мәтін формасында көрініс беруі мүмкін.

Терминдену барысында синтагматиканың эксплициттік жеңілдетілуі, оңайландырылуы компрессат парадигматикасының имплициттік күрделенуіне алып келеді. Осыған орай, терминдер ой кодтары, ал терминдену үдерісі табиғи тілдің қайта кодталу үдерісі дегенді білдіреді. Ғылым саласында коммуникантты түсіну үшін сол кодты білу қажет. Айтқан ойымызды нақтылау үшін зерттеуші С.Е.Никитинаның ойтұжырымын келтіреміз: «Терминді зерттеуіміздің идеалды нысаны ретінде дефиницияның атауы деп анықтауға болады» [264, 28 б.].

Жаңа терминнің ғылым мен техника тілінде жасалу үдерісі ғылыми білім даму логикасының талаптарына сәйкес келуі қажет. Шындығында, көп жағдайда ғалым жаңа құбылыс немесе жаңалықты белгілеу үшін бір арнаулы термин ойлап шығару мақсатын көздемейді. Оның басты мақсаты білімін басқалар түсінетіндей вербалдау, өзінің жеке білімін объективтендіру болып табылады. Әрине, бұл қатып қалған қағида емес, өйткені кейде зерттеуші ғалым саналы түрде тілде бар үлгілер, тілдік дәстүрлер бойынша жаңа термин жасау міндетін де алға қояды. Біздіңше, ТА лексикалық аталымнан басты өзгешелігі дәл осыдан туындайды: термин – саналы түрде қойылған мақсаттың нәтижесі.

ТА үдерісінің әдістемелік негізін мынадай ұғымдар құрайды: мәнмәтін, таратылған терминологиялық аталым, термин тудырушы негіз, компрессат (универб). Біз «мәнмәтін» терминін терминделуші жаңа білімнің адекватты сөздікте репрезентациялануын жүзеге асыратын вербалды кешен деп түсінеміз. Ал «кеңейтілген ТА» деп терминологиялық ұғым қалыптастырылатын мәтін бөлігін қарастырамыз. Термин ту-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— дырушы негіз дегеніміз – кеңейтілген ТА формалды-семантикалық мазмұнынан тұратын коммуникативтік-мәтіндік кешен.

«Компрессат» немесе «универб» дегеніміз – бастапқы кеңейтілген ТА ықшамдалуы (компрессия) барысында жасалатын тілдік бірлік. Басқаша айтқанда, ТА (үдерісінің) негізгі тілдік бірлігі.

Жалпы үдеріс барысы тікелей бақылауға келмейтіндігі, яғни оның зерттеуші санасында жүргізілетіндігі аталмыш үдерісті тек мәтінде көрініс беретін эксплицитті мәндерінен ғана сипаттауға болады. Мұндай зерттеудің негізгі әдісі үдерісті белгілі бір үлгіге келтіру болып табылады. ТА үдерісінің үлгісі абстрактілі болып келеді, өйткені үдерістің жалпы бағыты мен заңдылықтарын ғана айқындайды.

Сөзжасам саласында туынды сөздер коммуникативтік аталым түрлері деп қарастырылады. Өз кезегінде коммуникативтік аталым сөйлеу қызметінің әмбебап динамикалық бірлігі ретінде сипатталады. Аталымның бір түрі ретінде коммуникативтік аталым кеңейтілген аталым түрінде де, универб түрінде де көрініс береді. Коммуникативтік аталымның туынды сөзге өту үдерісі универбтену үдерісі ретінде танылады. Универбтену үдерісі бастапқы таратылған аталымның тема-ремалық негізінде қайта құрылуы болып табылады. Аталмыш сөзжасам концепциясы аспектісінде термин коммуникативтік аталым түрі ретінде анықталуы мүмкін.

ТА үлгісінің құрылуы терминнің мәтіндік табиғаты жайында жасалған гипотезаға негізделеді. Терминденуді коммуникативтік үдерістің бір бөлігі ретінде қарастыру бастапқы материал деп термин тудырушы негізді көздейді, ол болашақ терминнің дефинициясынан тұрады. Ал соңғы нәтижені сол термин жұмсалатын сөйлем құрайды. Әдетте ғылым-техникалық мәтіннің жасалуы ақиқат болмыс жаңа нысаны, құбылыс туралы ұғымның қалыптасуынан басталады. Таным теориясына сәйкес бұл ұғым сәйкестендіруші және даралаушы белгілерден құралады.

Жаңа ұғым терминге негіз болатын бастапқы мәтінде актуалданып, термин тудырушы негіз ретінде анықталады. Сол мәтіннен іздестіріліп отырған термин формасы бар нәтижелі сөйлем іріктеліп, бөлініп шығады. Сонымен, ТА үдерісін

басқаратын негізгі тілдік заңдылық компрессия және универб-тену кұбылыстары болып табылады. Компрессия нәтижесінде тақырып (тема) терминологиялық сөз тіркесінің тектік компонентіне айналады, ал рема аталмыш тіркестің түрлі компонентін айқындайды. ТА үдерісінің үлгісі былайша сипатталады:

1) бұл үлгі ономаσιологиялық бағытта жүргізіледі, себебі жаңа тілдік бірліктің жасалу үдерісі ұғымнан, мазмұннан туынды сөзге, формаға қарайғы бағытта іске асырылады;

2) термин тудырушы негіз – синтаксистік күрделі құрылым терминнің дефинициясы болып табылады. Осы үлгі бойынша ол формалды жай терминологиялық бірлік жасалуына негіз болады;

3) терминдену үдерісі – термин тудырушы негіз дефинициясында берілген мән-мағынаның қорытындыланып жинақталуы.


Әрбір ғылыми-техникалық терминологияның жасалып қалыптастырылуы белгілі бір нақты білімнің үлгіге негізделуі арқылы жүзеге асырылады. Әрине бұл үлгілер түрлі болуы мүмкін, дегенмен оларды адекватты түсіну үшін бұл үлгілердің негізгі құрылу ережелерін білу қажет. Термин тудырушы негіздің формалды және мазмұндық компоненттерінің экспликациялану сипаты терминнің кеңейтілген аталым туындысы екендігін айқындап, универбтің формалды-мазмұндық компоненттері мен термин тудырушы негіздің формалды – мазмұндық құрылымын талдау арқылы термин-жасам үдерісін көрсетуге мүмкіндік береді.

Термин жасалуында оның мазмұн межесі де, тұрпат межесі де термин тудырушы негізде тікелей орын алатын жағдайларда кездеседі. Бұл ретте экспликациялаудың толық негізде орындалғандығы туралы айтуға болады.

Универбтің формалды-мазмұндық компоненттері мен термин тудырушы негіз арасындағы байланыстың жартылай экспликациялануы терминологиялық бірлікте термин тудырушы негізден тек формалды немесе тек мазмұндық компонентінің алынуын көрсетеді. Сонымен бірге олардың арасындағы байланыс эксплицитті түрде емес, имплицитті негізде де болуы мүмкін. Бұл ретте бейуәжді терминдер табиғаты туралы айтылады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Сонымен, ТА үдерісінің жалпы жүргізілу жолдарын былайша көрсетуге болады:



Сурет 16 – Терминологиялық аталым үдерісінің сипаты

Аталмыш үдерістің кезеңдеріне жеке-жеке тоқталатын болсақ, онда ТА *алғашқы кезеңі* арнаулы заттар мен құбылыстардың бастапқы атаулануы ауызекі сөйлеу аталымына ұқсас келеді. Себебі арнаулы аталым саласында синонимия құбылысы кеңінен орын алып, бірден лайықты атау табу қиындық соқтырады. Әрбір зерттеуші заттар мен құбылыстарды өзінше қабылдап, өзіне көрінетін жақтары жайында ғана қорытынды жасайды.

Осындай микроатауланулар ұғымның нақты белгіленуіне дейін зертханалар мен ғылыми топтарда жүргізіліп жатады. Айта кететін жайт, біз ТА кезеңдерін айқындап сипаттауда А.В.Суперанская бастаған ғалымдардың терминдерін қолданамыз [73].

Арнаулы аталымның алғашқы шарттылығын ескере отырып, зерттеуші өзінің жасаған терминіне дефиниция беруі тиіс. Аталымның *алғашқы кезеңінде* берілген дефиниция ұғымның нақты белгіленуі емес, бұл жаңадан жасалған терминнің *микрораталымы* болып табылады. Оның атау мәртебесі, оның тілдегі орны, оның әрі қарайғы сөйлеудегі қызмет етуі үдерісінде нақтыланады. Мысалы, **делдал, келістіруші, біртуажса** дегеніміз – тауар өндірушілер мен тұтынушылардың, тауар сатушылар мен сатып алушылардың арасында жүрген тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің айналасына ықпал ететін адам. Заң жүзінде көбінесе делдалдарға сатушылар мен сатып алушылардың өзара шарт жасауына және оны орындауына жәрдемдесетін адамдар жатады (брокер, дилер, комиссионер, консигнатор, маклер, коммиваяжер, төлайым сатып алушы, өнеркәсіп және сауда агенттері т.б.); **сақтанушы, сақтандырушы** – мүлікті сақтандырушы немесе жеке сақтандыру шартын жасаушы жеке немесе заңды тұлға; **қарызын өтей алмайтын борышқор, дәрменсіз борышқор** – мүліктік және ақшалай алынған міндеттемелерін орындауға, қарыздарын қайтаруға дәрменсіз борышқор; **ағаштар мен бұта-**

ларда өсетін дақылдарды өсіруші бағбандар көшет материалдар мен топырақ қыртысын көшетке дайындайды, өнімді ағаштар мен бұталарды өсіреді және жинайды, жемістік және жаңғақ ағаштарын, шай бұталарын, жүзім шыбықтарын әрі басқа ағаштар мен бұталар сияқтыларды дайындау пункттері немесе тұтынушыларға сатуға қою; **қоғамдық тамақтандыру ұйымының қызметкерлері** тағамдар мен сусындарды дайындауға байланысты, мейрамханаларда, кафе, барларда, кемелерде, поездарда, емдеу мекемелерінде (ұйымдарда) және басқа қоғамдық тамақтандыру орындарында әртүрлі жұмыс түрлерін жүзеге асырады және т.б.

В.В.Мартыновтың көрсетуінше, аталымның әрбір актісі сәйкестендіруші және даралаушы элементтерден тұратын екіжақты құрылым жасалуымен сипатталады [215, 106 б.]. Сондықтан да ТА екінші кезеңінде міндетті түрде семантикалық микрожүйе пайда болады. Бұл ретте терминологиялық бірлік бұрыннан бар бірлік негізінде таңбаланады. Мысалы, *жарық-тазартқыштарды таңбалаушы, көлікті жөндеу жөніндегі шебер, тиеу-түсіру жұмыстарының шебері, былғары шикізатын пішуші, аяқкиімдер қондырмашысы, материалдар мен дайын бұйымдарды әрлеуші, аяқкиім қалыптарын жөндеуші, арнаулы баскиім аппаратурасын құрастырушы, таспалық өзекшелерді дайындаушы, магнит қасиеттерін өлшеуші, бөлшектер мен аспаптарды сынаушы, селендік түзеткіштерді құрастырушы, қышқыл ертінділерді пайдаланып, құтылар жуушы, жартылайөткізгіш аспаптарды пісіруші, газсорғыны дайындаушы, бөлшектер мен тораптарды шаюшы, қоғамдық көліктің кондукторы, жолаушы көлігінің тексерушісі, салттық қызмет көрсетуші жұмысшы, салттық жабдықтың машинисі және т.б.* Әдетте ТА екінші болып екі рет қайта таңбаланады: алғашқы семантикалық микрожүйеге қатысты және екінші жүйеге, яғни терминологиялық жүйеге қатысты.

ТА үшінші кезеңінде экстралингвистикалық факторға байланысты термин уәжденімі жүзеге асырылады. Бұл ретте термин ерекше сөз ретінде екі экстралингвистикалық болмысты уәждеуші мен уәжделуші ұғымдар біріктіреді. Сөйтіп термин өзінің терминологиялық өрісінде қызмет ете бастай-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— ды. Мағынаның белгілі бір дыбыстық кешенге тіркелуі түрлі ассоциативтік негізде жасалады (метафора, метанимия т.б.). Сонымен қатар, ТА үшінші кезеңінде компрессивті сөзжасам арқылы түрлі туынды терминдер де жасалады: аффиксті терминдер, күрделі терминдер, термин-қысқартулар. Мысалы, *көшіруші, төсеуші, желкенші, серіктес, әріптес, жолсерік, көсемсөзші, көшбасшы, зейнеткер, даугер, талапкер, жалгер, үміткер, жүлдегер, зияткер, қаржыгер, шипагер, балгер, емші, оралман, жазарман, тыңдарман, шабарман, лаңкес АҒҚ, КҒҚ, БҒҚ, ЖҒҚ* т.б.

Шынайы терминдік бірлік оны қалыптастырылатын элементтердің бірнеше рет кодталуы және қайта кодталуы нәтижесінде жасалады. А.А.Реформатскийдің сөзімен айтқанда: «Кодталусыз коммуникативтік жүйені үлгілеу және ойлау тегігін жүзеге асыру мүмкін емес» [217, 208 б.].

Төртінші кезеңде аталым негізінде алынған бейнелер мен ассоциациялардың бірте-бірте жойылуы арқылы терминдер бейуәжділік қасиетке ие бола бастайды. Мұндай бейуәжді терминдер қатарына кірме терминдер де жатқызылады: *визажшы, педикюрші, хиромант, маникюрші, косметолог, фармацевт, пастижер, радист-радиолокаторшы, гидролог, эмиссионер, имиджмейкер, секьюрити, ресепшен, кофе-брейк леди, клирингист, букмейкер* т.б.

Универбтену үдерісінің терминжасамдағы сипаты

Әрбір ұлттық тілдің терминологиясы өзінің құрамында қоғамның барлық кәсіби қызмет салалардың арнаулы ұғымдар атауларын біріктіреді. Сол сияқты қазақ терминологиясы да ғылым мен техниканың күрделі даму кезеңінен өтіп, қазіргі таңда қоғамдық институттар, өнер, мәдениет, отандық ғылым мен техника дамуының қазіргі деңгейіне сәйкес аталымның жоғары дамыған жүйесін көрсетеді. Қазіргі қазақ терминологиясының синхронды жағдайы біртұтас терминологиялық жүйелер мен жеке терминдердің жасалу уақыты тұрғысынан аталым тәсілдеріне қатысты жалпы оның қалыптасу көздерінің түрлі болуы мен күрделілігін айқындайды.

Ғылым тілін жалпы әдеби тілдің бір жүйесі ретінде бөліп қарастыруда зерттеушілер соңғысының көпқұрылымдылығы

мен көпжұмсалымдығына көңіл бөледі. Көпжұмсалымдық әдеби тілден ғылым тілінің ерекшелігі оның адам қызметінің белгілі бір саласына ғана тән ерекше коммуникация қажеттілігіне жұмсалуды. Ғылымның кәсіби тіл аталымдарын зерттеу мәселелері өзектілігі тұрғысынан арнайы зерттеуді қажет етеді.

Кез келген кәсіби салада оның ғылыми таным тәсілі ретіндегі тіл мәселесі өзекті болады. Яғни бұл дегеніміз – арнаулы білімнің қисынды, жүйелі берілуі мен оның тілдегі адекватты көрініс табу мәселесі. Осыған орай, ғылымның кәсіби тіл саласындағы аталым мәселелерін арнайы зерттеу қажеттілігі арта түсуде. Бұл ретте, тіл білімінде жалпы тілдік аталым теориясының қажетті деңгейде зерттелуі мен теориялық негіздерінің біршама айқындалуы көптеген лингвистикалық әдебиеттерде жалпыәдеби сөзжасам негіздерінің, мәселен, сөзжасамдық қатынастардың тұрақтылығы, морфемалар мен сөзжасамдық үлгілердің арнаулы сипатта дамуы жалпы терминжасам бағытын да айқындайды деген ғылыми көзқарастар қалыптасқан. Жалпы алғанда, әрине, бұл пікірлер дау тудырмайды. Алайда терминология ерекшелігі арнаулы ұғымдардың аталымында дербестік, өзгешелік көрсетпеуі мүмкін емес. Өйткені терминология, ең алдымен, аталым тәсілдері арқылы терминдер жүйелілігін беруге тырысып, ұғымдар жүйелілігін айқындауға бағытталады.

Осындай ТА тәсілдерінің бірі универбтену құбылысы деп аталады. Қазіргі таңда ғылым мен техниканың қарқынды дамуы аталымның ықшамдау тәсілдерін талап етіп, ақпаратты беру үшін тілдік құралдардың мүмкіндігінше аз қолданылуын қажет етеді. Ал тілдік тәсілдерді ықшамдау үдерісі түрлі тілдік деңгейлерде көрінеді. Универбтену құбылысы компрессивтік сөзжасамның тәсілі ретінде терминжасамда ғана емес, сонымен бірге түрлі әлеуметтік қарым-қатынас үдерістерінде де орын алады. Бұл құбылыстың кеңінен қолданылуы тілдің ішкі заңдылықтарымен де, экстралингвистикалық факторлармен де байланысты болып келеді.

Қазіргі кезде тіл ғылымы саласы үшін компрессивтік сөзжасамның пайда болуы мен қолданылу ерекшелігін зерттеуге үлкен мүмкіндіктер бар. Себебі компрессивтік сөзжасам тіл табиғатын айқындайтын қоғамдық үдерістер бары-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—сында жүзеге асады. Ал әлеуметтік қарым-қатынас үдерісін лингвистикалық тұрғыдан талдауда тілдік бірліктер мағынасында көрініс табатын ұлттық-мәдени, психологиялық ерекшеліктерден тыс қарау мүмкін емес.

Қарым-қатынас үдерісінде сөйлеуші мен тыңдаушының көздейтін мақсаттары сәйкес келмейді. Қоғамдық норма адамдар қарым-қатынасы барысында толық ақпаратты беруді талап етеді. Дегенмен белгілі бір жағдаятта күрделі таратылған атауларды қолдану бұл сөйлеушінің құзырында болады. Әрине сөйлеу жағдаятына тілді білу деңгейі, мақсатты бағытқа байланысты сөйлеу түрі, стилистикалық тәсілдерді қолдану сияқты құбылыстар әсер етеді. Сондықтан да универбтер негізінен ауызекі сөйлеу тіліне тән. Өйткені ауызекі сөйлеуде әрбір адам ыңғайлылық пен сөйлеу әрекетін үнемдеуге тырысады. Жалпы ауызекі сөйлеу тілі адамның әлеуметтік мәртебесінің сипатын айқындайтын ең бір маңызды көріністердің бірі болып табылады. Ауызекі сөйлеудегі әлеуметтік индикация фонетикада да, лексика мен грамматикада да көрініс табады.

Шетелдік лингвистерден тілдің үнемдеу принципіне ерекше назар аударған ғалым – А.Мартине. Ғалымның пікірі бойынша, бұл принцип жалпыға бірдей заңдылық болып, тілдік құралдарды үнемдеу үдерісі әлемнің көптеген тілдерінде орын алады. Өмірдің қарқынды өзгеруі, көпшілікке арналған атамдарға қажеттіліктің артуы, ақпараттық сипаттағы көп сөздерден құралған атауларға жаңадан қысқа әрі ыңғайлы атау беру мәселесін алға қояды. Сонымен бірге ақиқат болмыс өзгеруінің өзі де жаңа ұғымдар мен құбылыстарға атау беру қажеттілігін туғызады. Ал мұндай жаңа атауларға негіз болатын ғалым М.Докулилдің тұжырымы бойынша «... өз тілінің сөздік қоры мен атаулар жиынтығы» [265, 194 б.].

Бір құбылысқа немесе ұғымға атау беру барысында біз оны басқа да түрлі құбылыстар мен ұғымдардан бөліп алып, ал оған атауды таңдау мен оны басқа құбылыстар мен ұғымдардан ерекше бөліп алу қазақ тілінің лексика-семантикалық қорларына байланысты болады. Сондықтан да егер тілде мұндай құбылыстар мен ұғымдарға бір сөзбен берілетін атау болмаған жағдайда оларды мәтінде оның ерекшелігін айқындайтын басқа сөздермен тіркестіріп беріп немесе көп сөзден тұратын атау құрастыруға мәжбүр боламыз. Мысалы: *алғаш-*

қы ізашарлар, ойыншық бөлшектерін жинаушы, көрнекі құралдар сәнгері, технологиялық жиынтықтарды құрастырушы, үлгіні суретке салушы, өсімдік кептіруші, жылжымалы құрамның жуушы-жинаушысы, жуу қондырғысының мәшинисі, байланыс операторы, бұрғылау құлыптарын орнатушы, шахта пешінің газшысы және т.б.

Сипаттамалы құрылымдардың кемшіліктері кез келген көп сөзден құралған аталымдық қызметті атқаратын ақпараттық атауларды адекватты қысқартып беру қажеттілігін туғызады. Атаулану әктісі барысында көп құрылымды атауды айтуға кететін уақытты үнемдеу мақсатында оны бір сөзді универбке ықшамдау әрекеті жүзеге асырылады.

Басқа да қысқартулар секілді универбтер бейтарап немесе қарапайым стильде жасалып, бірақ узуалды болып табылады. Себебі мұндай құбылыстардың бастапқы жасалуы сөйлеу қарым-қатынасы барысында туындап, нәтижесінде алғашқы сөз тіркесіне синонимдес оның қысқа формасы жасалады.

Универбтердің пайда болуы тілдің үнемдеу заңына сәйкес түсіндіріледі. Өйткені көп сөзден құралған сөз тіркестерін немесе күрделі сөздерді қолданушы адамдарда міндетті түрде мүмкіндігінше уақытты, айтуға қажетті күш-қуатты, тіпті қағазды үнемдеу талпынысы пайда болады. Универбтену мәселелері ғылыми әдебиеттерде әр қырынан қарастырылады. Себебі бұл сөзжасамдық тәсіл өте күрделі құбылыс және қарама-қайшы келетін жақтары да бар. Кез келген жаңадан жасалған универб – тілдік ұжымның саналы әрекетінің нәтижесі.

Универбтену құбылысы тарихи тұрғыдан бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып, сандық жағынан көп болмағандықтан, тілге байқалмай ене бастаған. Тілдік факторларға байланысты универбтер негізінен ауызекі сөйлеуде пайда болып, сөздер мен сөз тіркестерінің ықшамдалған формаларының жасалуымен сипатталады. Ғалым А.Сопираның пайымдауынша, универбтену құбылысының пайда болуына мынадай экстралингвистикалық факторлар себеп болды: «... ғылыми-техникалық төңкеріс, соғыстар, қақтығыстар, ұлттық мемлекеттердің құрылуы және т.б., қоғамдық санада бұрыннан да бар үлгілердің белсенділігі мен өнімділігін арттырып, универбтер жасалуына ықпал етті» [266, 117-119 бб.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Яғни, бір жағынан, әлеуметтік даму мен ғылыми-техникалық прогресс барысында семантика тұрғысынан үнемі айқын және үнемді аталымдарды талап ететін жаңа құбылыстар мен үдерістер пайда болып, оларға сәйкес сипаттамалы атаулар жасалса, екінші жағынан, осы жаңа ұғымдар мен құбылыстарға сөзжасамның дәстүрлі және жаңа тәсілдері арқылы бір сөзден құралған атау беру үрдісі қалыптасады. Осыған байланысты тілші-ғалым С.Шадыко былай дейді: «... жаңа атаулар деривациясының тәсілдері дәл осындай үрдістермен тығыз байланысты» [267, 62 б.].

XX-XXI ғасырлар тоғысында тілдегі ықшамдау тетіктерінің белсенділігінің артуы – тіл мен қоғам тарихының тікелей байланыста болатындығының айқын дәлелі. Экономика, мәдениет, ғылыми-техникалық төңкерістердің қоғамдағы дамуы мен өркендеуі қарым-қатынас, коммуникативтік қызмет орнатылуының үнемді аталым амал-тәсілдерін қажет етеді.

Сөзжасамдағы компрессия – бұрыннан-ақ ғалымдардың назарынан тыс қалмаған мәселелердің бірі. Өткен ғасырдың басында ғалым Я.Розвадовский универбтер теориясын алғаш рет ұсынып, оған мынадай анықтама жасаған: «Кез келген атаудың бастапқы екі мүшелік табиғаты жөніндегі ілім» [268, 228 б.]. Я.Розвадовскийдің пікірінше, жаңадан пайда болған ұғымдар бір белгісі бойынша тілде бар ұғымдармен байланыстырылса, екінші бір белгілері тұрғысынан олардан ерекше етіп көрсетіледі. Сондықтан да тілдік таңба екі – сәйкестендіруші және даралаушы компоненттен тұрады, мысалы: *пятно* → *родимое пятно* → *родинка* [269, 28-29 бб.].

Осыдан екі компоненттен екі таңба емес, бір таңба жасалуы екі құрамды атаудың ықшамдалуын дәлелді түрде негіздейді. Я.Розвадовскийдің концепциясы 50-60-жылдары В.В.Виноградов пен А.В.Исаченко сияқты ғалымдардың еңбектерінде жалғасын тапты. Академик В.В.Виноградов бұл құбылысты синтетикалық қысқарту деп анықтап, мұндай сөзжасам негізінде бастапқы сөз түбірлер санына қарағанда ықшамдалған сөз жасалады деген қорытынды шығарады [268, 164 б.].

А.В.Исаченко атаулардың даму маңызын былайша көрсетеді: «Шығу тегіне орай, екі компоненттен тұратын аталым-

ның бір компоненті өзінің дербестігін жоғалтып, бұл элементтер бір құрылымда бірігеді, яғни универбтену құбылысы негізінде сөз уәжді категориядан бейуәжді сөздер қатарына енеді» [269, 338 б.].

Аталмыш мәселе жөнінде В.В.Виноградов, А.А.Потебня, А.А.Шахматов, Л.В.Щерба сынды ғалымдар құнды пікірлер айтқан. Мәселен, В.В.Виноградов: «...сөз тіркесі сөйлем құрамында болуы арқылы ғана сөйлеудің коммуникативтік категория жүйесіне еніп, хабарлау құралы бола алады. Алайда ол да – сөз сияқты белгілеу құралы, тілдің «аталымдық» құралдар саласына қатысы бар», – деп көрсетеді [270, 38 б.]. Ғалымның бұл пікірі орыс тілінде тұрақты сөз тіркестері негізінде жасалған аталымдар түрінің болуын дәлелдейді.

О.Есперсеннің «Грамматика философиясы» атты еңбегінде екі бөлек сөзден тұратын сөз тіркесінің бір сөзге айналу мүмкіндігі туралы айтылған [271, 103-104 бб.]. Өткен ғасырдың 70-80-жылдары универбтену мәселелеріне арналған З.К.Ахметжанова, Г.О.Винокур, М.Докулил, В.В.Лопатин, В.М.Мокиенко, А.Сопира, Д.Н.Шмелев сияқты ғалымдардың еңбектері жарық көрді. Қазіргі таңда сөзжасамның компрессия мәселелері қоғамдағы өзгерістерге байланысты көптеген сөзжасамдық бірліктер жасалуына алып келгендігіне орай, қайтадан тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Жалпы компрессивті сөзжасам саласы универбтенумен қатар субституция мен аббревиация, қысқартуларды да қарастырады. Компрессия лингвистикалық құбылысы ретінде тілдің семантика саласымен тығыз байланысты. Оның негізгі маңызы мәтіндегі ақпараттың аталмыш коммуникативтік актіде артық болып саналатын бөлігінің алынып тасталуын, одан шектелуін білдіреді. Яғни тілден тыс жағдаяттың сипатталуында коммуникация тұрғысынан тілдік құрылым ықшамдалып, үнемделеді. Алайда толық нұсқаның, компрессивтік құрылыммен ауыстырылуы тілдік бірліктің ақпараттылық жағын ешбір өзгеріссіз қалдырады.

Тіл білімінде компрессия құбылысы екі бағытта қарастырылды. Компрессия кең мағынада үдеріс ретінде зерттеліп, тілдің бүкіл жүйесін қамтиды, өйткені лингвистикалық

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— бірліктердің универбтенуі тілдік жүйенің барлық деңгейлерінде жүзеге асырылады: фонетика, синтаксис т.б.

Жалпы конденсаттарды, жұрнақ арқылы жасалған туынды зат есімдерді ерекше универбтер деп қабылдауға болады. Біз компрессияны аффиксті деривация нәтижесінде бастапқы нұсқадағы семантиканың конденсациялануымен қатар жүргізілетін лексикалық бірліктердің қысқартылып, ықшамдалуы деп қарастырамыз. Біздің ойымызша, мұндай сөзжасам түрі тек мазмұн межесіне ғана емес, сонымен бірге тұрпат межесіне де қатысты жүргізіледі.

Сондықтан сөз тіркесі мен оның ықшамдалған нұсқасын парадигматика да, синтагматика да тұрғысынан ақпарат берілуінің екі түрлі формасы деп қарастыруға әбден болады. Синтагматика мен парадигматика қатынастарын реттеуші компрессия тілдің динамикалық құбылысына жатады. Бұл негізінен тілдің әмбебап тетігі болып табылады. Тілдің динамикалық жүйе тұрғысынан зерттелуі компрессияның тілдік табиғаты жайында және оның негізінде сөйлеу қызметінің кейбір нәтижелері, мысалы, сөзжасамдағы үнемдеу принципін түсіндіруге мүмкіндік жасайды.

Кейбір жағдайларда компрессивтің мағынасы айқын әрі түсінікті болуы үшін ол перифразбен қатар беріліп отырады. Бұл ретте перифраздың артықшылығы оның мазмұнының универбте бекітілуі үшін қажет, яғни олардың бірдей мағынаны беретіндігін айқындау үшін маңызды.

Компрессия термині бұған дейін сөзжасам саласындағы зерттеулерде келтіріліп жүрген. Мәселен, Е.А.Земская компрессивті сөзжасамды ұзын атаудың қысқаға ауыстырылуы, яғни құрылымдық, материалдық компрессия деп түсіндіреді [88, 117 б.].

Семантикалық ықшамдау мәселелері А.Ф.Журавлев, Е.С.Кубрякованың зерттеу еңбектерінде арнайы қарастырылған. А.Ф.Журавлевтің көзқарасы бойынша, семантикалық компрессия (қысқартылу, конденсациялау, универбтену) белгілі бір сөздің семантикасына (даралаушы семантикалық компонент ретінде) басқа бір алғашқы сөзбен синтагматикалық байланыста болған сөздің мағынасының жүктелуі, яғни сөз тіркесіндегі бір сөз «бүкіл сөз тіркесінің мағынасын білдіреді, бірақ қалып қойған сөздің синтаксистік валенттілігін

алмастырмайды» [32, 60 б.]. Ал ғалым Е.С.Кубрякова семантикалық ықшамдауды «синтаксистік құрылымның бір сөзге ықшамдалуының табиғи нәтижесі. Ол дериваттардың мағына икемділігі, олардың семантикасының кеңдігі, тұжырымды формасымен бірқатар ой-қорытындылар мен айтылымдарға сілтеу қабілет-қасиеттері арқылы іске асырылады», – деп көрсетеді [89, 88 б.].

Ғалымның бұл ой-тұжырымы семантикалық ықшамдау ұғымын Е.А.Земскаяның құрылымдық ықшамдау мен А.Ф.Журавлевтің құрылымдық-семантикалық ықшамдауға қатысты айтылған қорытындыларын біріктіріп, бір құбылыстың екі қырын да айқындайды. Сонымен қатар автордың компрессивтік тілдік бірліктердің «бірқатар ой-қорытындылар мен айтылымдарға сілтеу» қасиеті тілдік ықшамдау тетіктерінің менталдық құбылыстармен сәйкестігін, аталмыш үдерістің менталды – әмбебап негізін анықтайды. Сондықтан бұл құбылысты «жеке тұлға – қоғам» ұғымдарының сабақтастығында, тікелей тығыз байланыста қарастыруға болатындығы универбтену құбылысының әлеуметтік лингвистика мен когнитивтік аспектілерін дәлелдейді.

Когнитивтік аспектіде ықшамдалған тілдік бірліктер құрылымдық тұрғыдан қарастырылады. Ал когнитивтік құрылым дегеніміз – дүние танымының ерекше тәсілін білдіретін нақты бір психикалық құрылымның сөзбен репрезентациялануы. Менталды үдерістерге қарағанда когнитивтік үдерістер әрқашанда вербалды.

Қазақстандық тіл білімінде универбтену құбылысын арнайы зерттеген ғалым, профессор З.Қ.Ахметжанова оған мынадай анықтама береді: «Бастапқы сипаттамалы құрылымнан (перифраздан) бір лексемалы құрылым (универб) жасалу үдерісі семантикалық мазмұнның бір сөзде жинақталуы мен формалды кеңейтілген құрылымның ықшам, қысқартылған формаға айналуымен сипатталады» [272, 108 б.].

Ғалымның пікірі бойынша, бұл үдеріс екі кезеңнен тұрады:

1) құрама атаудың жасалуы (сәйкестендіруші компонентке даралаушы компоненттің қосылуы);

2) универб – сөздің жасалуы (құрама атаудың ықшамдалуы) [272, 108 б.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Ғалымдардың пікірінше, егер әдеби тілде құрама атаулар жиірек қолданылса, ауызекі сөйлеу тілінде керісінше үнемді аталымдар тандалып, қысқа және экспрессивтік сөздер қолданылады. Тілде мынадай құбылыстар үнемі орын алады: сөйлеуші сөйленім үдерісін қарапайым, ыңғайлы жасауға тырысса, тыңдарман, керісінше, қабылдау үдерісін тиімді, қарапайым етуге бейімделеді. Сөйтіп тіл дамуы бірде сөйлеуші пайдасына қарай шешілсе, бірде тыңдарман пайдасына қарай бейімделеді. «Сөйлеуші – тыңдарман» антиномиясы сөйлеушінің тілдік үнемдеуге бейімділігін білдірсе, тыңдарман артық ақпарат алуға қарсылық білдірмейді. Осындай жағдаятта ықшамдау тетігі іске қосылады.

Универбтену барысында анықталушы немесе анықтаушы басты қызмет атқаруы мүмкін. Егер белгілі бір жағдаятта анықтаушы даралаушы маңызды болып табылса, онда анықталушы ерекше орын алады. Мысалы, институт атауларында: медициналық, педагогикалық, политехникалық т.б.

Универб бүкіл перифраздың семантикасын бойына сіңіріп, формалды тұрғыдан бір элементке ғана негізделеді, бұл элемент әдетте дифференциалды белгі болып келеді. Егер перифраздың даралаушы белгісі қызметінде сын есім болса, эллипсис аталмыш сын есімнің субстантивтенуімен сипатталады. Универбтену – сөз тіркесінің семантикалық және құрылымдық ықшамдалуының өнімді тәсілі.

Бұл құбылысты тілдегі белгілі қарама-қарсылық – атаудың көп құрамдылығы мен мағына біртұтастығы мәселесінің шешімі деп қарауға болады. Универбтену үдерісі тілдік үнемдеу заңымен тікелей байланысты «үнемдеу» ұғымы өте күрделі, өйткені ол философиялық және лингвистикалық ұғымдармен байланысты. Универбтер қалыптасуы нақты бір мәнмәтін мен коммуникативтік жағдаятқа тәуелді.

Ғылым мен техникада жаңа салалардың пайда болуы жаңа сөздер, терминдер жасалуына себепші болады. Бұл ретте аталымның элеуметтік сипаты анық көрінеді. Кәсіби сөйлеу түрлі универбтелген формалардың жасалуына негіз болады. Универбтер қатарына белгілі бір кәсіп иелері ұжымына тән түрлі кәсіби сөздер, айтылымдар да жатқызылады.

Синтаксистік қатынастардың өзгеруі негізінде пайда болатын сөзжасамдық қатынастар жеке, дербес деректер ре-

тінде қалыптасып, жаңа сөздер жасалуының үлгілері болады. Осыған орай универбтену құрылысы тілдік құрылымның түрлі деңгейлерінде көрініс табады.

Әлеуметтік лингвистика саласының маңызды мәселелеріне тілдің әлеуметтік және функционалдық даралануы, әдеби тіл, әлеуметтік диалект, кәсіби жаргондардың өзара әрекеттестік үдерістерін зерттеу болып табылады. Әрбір мемлекетте тіл қолданысының ерекше жағдайлары қалыптасады. Тілдің қолданылуы аталмыш түрлі топтарда тілдің ішкі заңдылықтары мен экстралингвистикалық факторлар негізінде қалыптасады. Сондықтан да универбтену құбылысының әлеуметтік лингвистика тұрғысынан қарастырылуы қазіргі таңда жалпы тіл білімінің өзекті мәселелерінің бірі болып табылады.

Универбтену композитті сөзжасамның негізгі тәсілі ретінде когнитивтік аспектіде қарастырылуы өте маңызды. Когнитивизмнің негізгі зерттеу нысаны адам санасы, ойлау мен менталды (когнитивтік, интеллектуалдық) үдерістер мен жағдайлар болып саналады. Когнитология ғылым ретінде адамның «ойлау тетігін», ақпараттардың өңделу үдерістерін зерттейді [273, 6-7 бб.].

XX ғасырдың соңы лингвистикадағы ғылыми парадигманың ауысуымен ерекшеленді (В.М.Алпатов, Е.С.Кубрякова, П.Б.Паршин, В.А.Пищальникова, Н.Д.Арутюнова, А.А.Уфимцева т.б.). Тіл білімінде когнитологияның пайда болуы – дүниетанымдағы жетістіктердің бірі іспеттес.

Адам тәжірибесі жеке тұлғаның ойлау қызметіне байланысты, өйткені танымдық қызмет барысында алынып, өңдеу нысаны болған мән-мағыналық ақпараттық сөздер арқылы таңбаланады. Адам қоршаған ортаны танып-білуі нәтижесінде қабылдаған ақпаратты өңдеп, сақтап, оны әрі қарай белгілі бір мақсаттарды, міндеттерді шешу үшін қолданады. Тіл адамның ойлау операциялары мен саналы іс-әрекеттерін табиғи жолмен жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Когнитивтік лингвистиканың негізгі тілдік бірліктері адам жадының оперативтік бірліктері ретінде түрлі фреймдер (стереотиптік жағдаяттар, үлгілер, сценарийлер), концептілер барлық сөздерде берілген мән-мағыналар жиынтығы: бұл мән-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— мағыналар адамның дүние туралы мәдени-ұлттық түсінігі болып табылады.

Менталдық репрезентациялану деп когнитивтік ғылымның негізгі ұғымын атайды. Бұл ұғым – адам санасында өтетін «құбылыстың» көрініс беру үдерісі. Ең маңызды болып табылатын концептілер адам миында кодталып, санада бейне, сурет, схема түрінде қалыптастырылады. Аталмыш құбылыстар арқылы жаңа сөздер мен олардың жасалу амал-тәсілдеріне негіз болатын деректерді айқындауға болады. Сонымен бірге қазіргі сөзжасамдағы белсенді үдерістерді, бұл үдерістердің терең психоллингвистикалық негіздемелерін де анықтауға мүмкіндік береді.

Универб-таңбаның коммуникация актісіндегі маңызын анықтау үшін оны мынадай ерекшеліктері тұрғысынан қарастыру қажет:

1) ақпарат берушінің жаңа таңба ұсынуы;

2) оны тыңдарманның қабылдауы;

3) таңбаның арасында дыбыстық формасы мен ақиқат болмыс заты немесе құбылыстың саналы байланыс орнатылуы нәтижесінде ақпарат беруші мен қабылдаушы бір-бірін түсінеді, себебі екеуі де таңбаға бірдей мағына береді.

Біқшамдау үдерісінде осындай менталдық құрылымдар ерекшелігінің анықталуы жаңа сөздердің жасалуы, жаңа тәсілінің пайда болуы мен оның әрі қарай даму үрдісін сипаттауға мүмкіндік жасайды. Когнитивтік лингвистика адам білімін зерттеуде жаңа жағдаят үлгісінің жасалуын қолданылатын ақпараттық білімді зерделейді. Бұл ретте айтылымның синтаксистік схемасы құрылуының психоллингвистикалық тетіктері мен лексемалар іздеу тетіктері өзара әрекеттестікке түседі. Осымен байланысты универбтену тәсілінің пайда болуы жеке тұлғаның концептуалдық жүйесінде жаңа когнитивтік құрылымдардың қалыптасуына жағдай жасайды. «Тарихпен, эволюциямен бірге таным табиғаты да өзгерістерге ұшырайды. Білім алу, қабылдау тәсілдері де, әлеуметтік және технологиялық тәжірибе де әлеуметтік ұйымдастырылу формаларының өзгерілуіне сәйкес үнемі өзгеріп отырады» [274, 33 б.]. Сондықтан да «адам және тіл» когнитивтік лингвистиканың өзекті мәселесіне айналып отыр. «Когнитивтік лингвистика тіл білімі зерттеулердің шеңбері ай-

тарлықтай, күшейте түсетін қазіргі антропоцентристік парадигмалар шегіндегі когнитивизм негізінде туындайды» [273, 9 б.].

Когнитивтік лингвистика – ғаламның тілдік бейнесінің концепциялары тұрғысынан тіл білімін жүйелеу мен құрудың құралы. Бір сөздің толық мән-мағынасы оның семантикалық және ассоциативтік өрісі арқылы айқындалады. Сөздің семантикалық және ассоциативтік өрісінде пайда болған ақпараттың құрамында когнитивтік және прагматикалық-синтагматикалық мағыналардың элементтері бейнеленеді. «Когнитивтік лингвистикада адам когнициясына басты назар аударылады, көзге түскен іс-әрекеттер ғана емес, олардың менталдық репрезентациялары, ішкі көріністері, үлгілері, тілдегі когнитивтік үлгі ретінде символдың түрлері, адамның стратегиялары да зерттеледі, олар білім негізінде іс-әрекеттерді туындатады, яғни адамның когнитивтік дүниетанымы, оның болмысы мен қызметі бойынша зерттеледі. Адамның болмысы, қызметі, ойлау негізі, тілдің белсенді түрде қатысуымен жүргізіледі, адам қызметінің уәждері мен ұстанымдарын қалыптастырады, нәтижесін болжайды» [273, 7 б.].

Когнитивтік лингвистика когнитивтік құрылымдарды қарастырумен қатар адам санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесінің құрылымын, сондай-ақ тілдік және тілдік емес ақпараттарды игеру, өңдеу, қолдану тәрізді әрекеттердің жүзеге асуын қарастырады. Тілдік таңба арқылы кодқа салынған ақпаратты ашу немесе ақпаратты кодқа салу тәрізді әрекеттер когнитивтік лингвистиканың құзырына жатады.

«Қоршаған шындық өмірді саналы түрде тану, адам тәжірибесін категориялау тілмен байланысты болып келеді, өйткені адамның когнитивтік қызметі барысында алынған мазмұндық ақпарат тіл мен тілдік формаларда көрініс тауып, сөйлеу арқылы білдіріледі. Диалектикалық формадағы когнитивтік процестер тілмен тығыз байланысты, оның басты себебі: тіл адамдардың қоғамдық тәжірибесі мен дүние туралы білімдерін бекітіп отырады. Ал біздің сана құрылымы туралы білгендеріміз тек қана тілге байланысты, тіл осы құрылымдар туралы хабарлауға және оларды кез келген табиғи тілде суреттеуге мүмкіндік береді» [275, 21 б.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Ғаламның тілдік бейнесінің әр этноста әртүрлі болуы, сол халықтың тәжірибесімен, білімімен байланысты, өйткені тілдік таңбаның таңбалау қызметі экстралингвистикалық факторлардың тікелей байланысында емес, адамның көрген-білгені, ойға түйгені білімінің негізі болып табылады. Әр ұлттың, халықтың өмірлік тәжірибесі әртүрлі болғандықтан, ғаламның тілдік бейнесі де, сол қоғамда өмір сүрген адамдардың тәжірибесі де әртүрлі болады. Сондықтан тілдік тұлға ретінде олардың когнитивтік санасындағы ғаламның тілдік бейнесінде айырмашылықтар болады.

Сонымен, «когнитивтік лингвистика дегеніміз — тілдегі жалпы когнитивтік тетік ретіндегі когнитивтік құрал, яғни ақпаратты репрезентациялау, кодтау және трансформациялауда маңызды рөл атқаратын таңбалар жүйесі ретінде қарастырылатын лингвистикалық бағыт» [276, 53 б.]. Тілдің когнитивтік ерекшеліктері негізінде когнитивтік тізбекте тәуелділік пен арақатынастарды орнату мәселелері ақыл-ой, сана, тіл, ішкі таным, концептілеу, категориялау, қабылдау түрінде танылады.

Ғалым Е.С.Кубрякованың пайымдауынша: «Лингвист объективтік шындық туралы түсінік соңында жеке, лингвистикалық формалардың қандай жүйеде тұрғандығын ғана болжауда емес, сонымен қатар тілдік бірлік, іштей байланысты табиғи тұтастық, тілдік берілімдер, категориялар дүниені қабылдаумен қалай байланысқандығын және олардың танымды қалай бейнелейтіндігін білуі тиіс» [277, 37 б.].

Қазақ тіл білімінде когнитивтік бағытта жазылған алғашқы зерттеу еңбегі— Қ.Ә.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» деп аталатын монографиясы. «Тіл мен таным процестерінің арақатысын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді. Тіл мен ойлаудың, тіл мен танымның арақатынасы адам баласының интеллектуалды өмірінде (оған тіл де кіреді) құндылықтар қаншалықты рөл атқаратынын белгілеп береді. Тіл мен таным арақатынасын сипаттайтын ұғымдар белгілі бір құрылымға түседі» [278, 3 б.].

Автордың көрсетуінше, «ішкі терең қажеттіліктер символдар арқылы оянады. Бұл процесс санаға эмоция арқылы белгілі болады. Енді өз кезегінде ішкі қажеттілікті қанағат-

тандыру үшін қайтадан символдар дүниесіне жүгінеді. Сөйтіп, терең негізі бар қажеттіліктердің сипаты символдар арқылы анықталады. Яғни сана сыртқы факторларға таңулы түрдегі тәуелділігін немесе ішкі өсу, жетілу қажеттілігін белгілі бір модельдің, форманың бойына жинақтау арқылы шешеді» [278, 8 б.].

Профессор Ж.Манкеева когнитивтік лингвистиканы былайша анықтап көрсетеді: «Тіл мен ойлау бірлігінің өзіндік ерекше қасиеттерін тіл білімінің дәстүрлі, таза тілдік және ғылым саласы шеңберінде зерттеу мүмкін емес. Оған қажет ғылыми парадигма – когнитивтік лингвистика, социалингвистикамен тұтасуы» [231, 40 б.]. Ғалым когнитивтік лингвистиканың дамуымен байланысты анықталуға тиіс бірнеше ұғым немесе мәселелер болуын, оның негізгісі тілдің қызметіне қатысты екендігін атап көрсетеді. Ж.Манкеева «тіл мен ой немесе таным, тіл мен ұлт т.б. мәселелер, сайып келгенде, ұлтты, ұлттың танымын өзінің терең құрылымдары арқылы тұтастырушы тілдің табиғатын анықтауға байланысты қазіргі тіл білімінде жаңа бағыттардың айқындалып, қалыптасып, дамып келе жатқаны байқалады. Оның көріністерін қазақ тіл білімінің даму күйінен де көріп отырмыз», – деген қорытынды жасайды [231, 43 б.].

Жалпы кез келген тілдегі вербалды таңбаларды когнитивтік тұрғыда зерттеуді төмендегідей негізде жүргізуге болады:

1) ұсынылған таңбаларда көрсетілген білімдердің түрлері мен типтері және таңбаланған білімдерді көрсету тетіктері, яғни ережелер мен түсіндірулер, интерпретациялар, когнитивтік семантика мен прагматика;

2) таңбалардың пайда болуы мен даму шарттары және олардың қызметін реттеп отыратын заңдар;

3) оларда бейнеленген тілдік таңбалар мен мәдени шындықтардың арақатынасы.

Г.В.Колшанский: «Аталымның мәні тілдік таңбаның затты білдіруінен немесе қандай да бір затқа қатысты болуынан емес, адамның танымдық қызметінің нәтижесі ретінде кейбір абстракцияның көрінісінен, жеке және жалпы шынайы заттар мен құбылыстардың диалектикалық қарама-қайшы-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—лығын бейнелейтін абстракциядан туындайды», – деп көрсетеді [279, 12 б.].

Жаңа тәсіл арқылы вербалды таңбаның универбтену үдерісінде жасалуы компрессия тетіктердің менталды үдерістің эмбебап формасының жүзеге асуы болып табылады. Тіл тілден тыс қабылданған ақпаратты игеру, өңдеу нәтижесінде белгілі бір стереотиптік жағдаятты құрастырады (фрейм). Бұл–лексемалар жасалуы мен түсінікті болуының менталды-лингвистикалық үлгісі.

Универбтердің қолданысын лингвистикалық және психоллингвистикалық тұрғыдан қарастыру өте маңызды. Өйткені қабылдау үдерісі адамның сөйлеу қызметіне қатысты тілдік және энциклопедиялық білімдердің өзара әрекеттестікке түсуі мәселелерімен байланысты. Әрбір универб тілде бұрыннан бар бірліктермен сәйкестендіріліп, олардың мән-мағыналық жақындығын айқындайды.

Соңғы онжылдықта коммуникация теориясы, лингвистика, психология, лингвистикалық семантика бағыттарының сабақтастығында жүргізілген зерттеулер, сондай-ақ сөйлеу актілері теориясының жетістіктері тілдік үдерістерді зерттеудің жаңаша аспектілерін айқындады. Тілдік сананың қалыптасуы жеке тұлғаның алғашқы тәжірибесінің жалпы негізіне сүйеніп, ал оның негізінде ойлау схемалар блогының когнитивтік өзегі құралады, әрі қарай когнитивтік өзек когнитивтік (менталды) үлгілер деңгейінің қалыптастырылуын қамтамасыз етеді. Сонымен, тіл жалпы интеллектуалдық тетік ретінде ақпараттың кодталуын және кодтан алынуын іске асыратын таңбалар жүйесіне ие болады.

Толық және қысқартылған атаулар түрлі когнитивтік құрылымдарды білдіреді. Универбтену үдерісі лингвистикалық таңба жасалуының ерекше тәсілі ретінде нейрофизиологиялық, психоллингвистикалық және менталды негіздермен байланысты болып келеді. Универбтену үдерісі эмбебап менталды тетігі қызметінің орындалу формасы ретінде мән-мағына ықшамдалуын, стереотиптелген қызметті ықшамдаумен сипатталады. Формалды тұрғыда құрама атаудың бір лексемалы тілдік бірлікке айналуы құрылымдық ерекшеліктерде танытса, мағына ықшамдалуы эмбебап менталды тетік болып табылады.

Кез келген динамикалық жүйенің қызмет ету үдерісінде бұл қызмет элементтері әрекеттерді орындаушылар ретінде қалыптастырылады да, олардың өзара қарым-қатынастары тұрақты сипатты білдіре бастайды. Осы ретте қайталану жиілігі және қайта айтылу қасиеті мен ақыл-ой қызметіне негізделген ықшамдау тетігі іске қосылады. Универбтің өзі белгілі бір код түрінде көрініс беріп, сол кодқа барынша дәл салыну мүмкіндігін білдіруімен айқындалады.

Тұрақты байланыстардың ықшамдалуы әмбебап менталды тетік ретінде сөйлеу қызметінде жүзеге асады. Сөйлеу қызметінде көрініс беретін ықшамдау тетігі когнитивтік және коммуникативтік аспектілерінің тілдегі біртұтас бірлік екендігін айқындайды. Бұл құбылыс универбтену үдерісінде мынадай түрде анықталады: тұрақты тіркес әдетте бірнеше компоненттен тұрады; зат есім тұлғасы тұрақты тіркес құрамында негізінен құрылымдық қызметті атқарады, яғни зат есім тілдік әрекеттерге бейім компонент ретінде анықталады; сөз тіркесі мен оны репрезентациялаушы ұғымның арасында нақты референттілік сәйкестілік орнатылған жағдайда, оның әрбір компоненті операциялық қызметті атқаруға дайындық көрсетіп, олардың байланысы тұрақты сипатты білдірген сәтте ықшамдау тетігі құрама атаудан универб жасайды. Жалпы сөйлеу барысында үнемді кодтардың таңдалып қолданылуы ақпарат, хабарлама берілуінің тез, жылдам орындалуын қамтамасыз етеді. Сөйтіп ықшамдаудың универбтік менталды тетігі – сөйлеу қызметінде жүзеге асырылатын құбылыс.

Адам ақыл-ойының әмбебап қасиеті оның алғашқыда сөз тіркесін толық формасында қабылдап барып ықшамдауында болып табылады. Адам оның толық дыбысталуы болғаннан кейін барып, ықшамдалған формасын жасауға белсенділік танытады. Адамның өзін қоршаған ортамен өзара әрекеттестігі нәтижесінде оның әлем, дүние туралы ой-тұжырымдары мен дүниенің белгілі бір үлгісі қалыптасады. Философиялық-лингвистикалық әдебиеттерде бұл үлгі ғаламның бейнесі деп аталады. «Ғаламның тілдік бейнесі» когнитивтік лингвистиканың басты термині болып табылады. Ғаламның бейнесі – қоршаған орта мен адам туралы ақпаратты қайта өңдеудің нәтижесі. Ғалам бейнесі дүниенің біртұтас ғаламдық образы, ол адамның бүкіл рухани белсенділігінің нәти-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— жесі болып табылады, адамның ғаламмен жасайтын барлық байланыстары барысында пайда болады.

Сонымен, компрессивті сөзжасамның когнитивтік құрылымдары универбтермен репрезентацияланады. Бұл когнитивтік құрылымның негізіне ықшамдау тетігі, әмбебап менталды тетігі алынған. Аталмыш тетіктер адамның ақыл-ойының жалпы интегративтік қызметі арқылы стереотиптелген тілдік құрылымның ықшам формасын жасайды. Оның нәтижесінде құрама тіркестің компоненттері операцияланып, олардың арасындағы байланыстар тұрақты бола бастайды.

Тіл иесінің құзырындағы лингвокогнитивтік деңгей дүние туралы жекелеген білімнің оның санасында қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оперативтік жад концептілері адам психикасында бүкіл ғаламның бейнесінің берілуіне мүмкіндік жасайды. Универбтену үдерісі негізінде жүзеге асырылатын ықшамдау тетігі екі фактор – сөз тіркесінің қолданас жиілігі мен аналогиялар заңы арқылы іске қосылады.

Ғалым Л.Г.Лузина атап көрсеткендей: «Орыс тіл біліміндегі аталым теориясы когнитивтік лингвистиканың алғашқы үлгілерін салды деуімізге әбден болады. Бұл бағыттың аясында адамның аталымдық әрекеті сөйлеу мен ойлау әрекеттерінің тоғысуы арқылы жүзеге асатын ерекшелік ретінде танылды. Ономасиологиялық жұмыстар қазіргі когнитивтік зерттеулерді жаңаша қарастыруға және когнитивтік лексикология мен когнитивтік ономасиологияның алғашқы үлгілері туралы болжамдар жасауға мүмкіндік береді» [280, 43 б.]. Сондықтан универбтер когнитивтік лингвистика тұрғысынан қарастырылғанда жаңа сөз тудырушы негізге аффикстің жалғануы деп қана емес, атаудың бір формасының (бір когнитивтік моделінің) басқа ықшам эквиваленттік, қайта құралған синонимдік жасалым нәтижесі болып табылады.

Жалпы тілдік эволюция адамдарға тән карама-қайшы қажеттіліктерден тұрады: қарым-қатынас пен өзінің ойын білдіру қажеттілігі және әрдайым өзінің ақыл-ойы мен физикалық қызметін үнемдеу қасиеті. Яғни қажеттіліктер эволюциясы сол қоғамдық топ эволюциясымен тікелей байланысты болып, әсіресе лексика дамуында айқын көрінеді. Мәселен, жаңа азық-түлік өнімдерінің пайда болуы жаңа атаулардың пайда болуына алып келеді, жұмыс түрлерінің көбеюі

жаңа терминдердің жасалуына себепші болады (жаңа кәсіп-мамандық атаулары, жаңа еңбек құралдары атаулары т.б.). Әлеуметтік құрылымдардағы өзгерістер тіл құрылымына әсер етеді. Қоғамның әлеуметтік қажеттіліктері тілдік бірліктерді қолдану жиілігіне де тікелей ықпал етеді: «... егер тілдік бірліктің қолдану жиілігі жоғарыласа, ықшамдау үдерісі арқылы оның формасы да редуцияланады» [281, 547 б.].

Осымен байланысты ғалым Н.Уәли: «Сөз мағынасының семантикалық құрылымындағы сигнификаттық компонент – таным процесінің нәтижесі. Таным процесі – өте күрделі құбылыс. Мысалы, ақиқат дүниедегі зат, құбылыс, уақиға, ситуация рецепторлық мүшелердің бірін тітіркендірудің барысында санада сол нәрсенің бейнесі пайда болады. Бірақ ол айнаға түскендей ақиқаттың «көшірмесі» емес. Ол белгілі бір объектінің санадағы ойша суреті немесе ойбейнесі (фото емес, картинка). Мысалы, адам санасында *алма ағаш* «діңі», «бұтақтары», «жапырақтары», «қызғылт, домалақ жемісі» бар нәрсе түрінде бейнеленеді. Бұл – ақиқат дүние үзігінің (фрагментінің) ойбейнесі. Санадағы ойсурет объектінің фотокөшірмесі емес, керісінше, аса мәнді деп танылған *дің, бұтақ, жапырақ, жеміс, қызыл* т.б. тәрізді белгілердің жиынтығы. Бұлар – ойсурет түріндегі «алма ағаш» концептісінің құрылымдық элементтері. Алайда санадағы құрылымдық белгілердің, элементтердің, бөлік, бөлшектердің бәрі бірдей вербалдануы, яғни тілдік ақиқатқа айналуы шарт емес. Егер *бұтағында алмасы бар жеміс ағашы* десек, бұл – ақиқат дүние үзігінің когнитивтік санадағы вербалдануы. Санада бейнеленген объекті және оның элементтері *бұтақ, алма, жеміс, ағаш* деген тілдік бірліктер арқылы объективтеніп, тілдік ақиқатқа айналған. Таным процесінің барысында ақиқат дүниеден алынған бұл ақпарат осы күйде санада қалып қоймай, әрі қарай да өңдеуден өтуі ықтимал. Атап айтқанда, когнитивтік санада жинақталған ақпараттық мәні төмен компоненттердің беймәнділігі (деактуализацияланып), редуциялануы мүмкін. Когнитивтік санада ондай маңызы төмендеген, беймәнді элементтер редуцияланады: [*бұтағында*] – *алма[сы бар жеміс] ағашы* > *алма ағаш[ы]* > *алма ағаш* (түсініктірек болу үшін редуцияланған элементтерді тік жақшамен белгілеп отырмыз)», – деп тұжырымдайды [193, 148-149 бб.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Тілдік бірліктердің универбтенуін синтагматикалық және парадигматикалық ықшамдалу тұрғысынан ажыратып қарастырған жөн. Өйткені синтагматикалық ықшамдауда екі компоненттен құралған сөз тіркесі бір компонентті универбке дейін қысқартылса, ал парадигматикалық тұрғыдан сөз тіркесінің семантикасы бір лексема түрінде ықшамдалады. Осы ретте жаңадан жасалған компрессивтік тілдік бірліктің формасы бастапқы тілдік бірліктің мағынасына тәуелсіз болуына байланысты жаңа тілдік форма тұрақтылық қасиетіне ие бола бастайды.

Соңғы кездері компрессивтік сөзжасам сөзжасамдық үдеріс ретінде едәуір белсенділік танытып отыр. Бұған дәлел — тілдің лексикалық қабатында айқын көрінетін түрлі зерттеу материалдары. Ақпаратпен алмасу үдерісінің қарқынды дамуы тілдік бірліктердің барынша ықшамдалуына алып келеді. Тілдік үнемдеу заңы қазіргі қоғамның барлық салаларында орын алып, кеңінен қызмет етіп, ешбір даусыз фактіге айналған құбылыс. Осындай тілдік ықшамдау тәсілдеріне аббревиация, субстантивтену және жұрнақ арқылы ықшамдау құбылыстары жатқызылады. Семантикалық ықшамдаудың жұрнақтар арқылы жасалуын ғалым А.В.Исаченко аффиксті деривация деп атайды [269, 341 б.].

Жұрнақ арқылы ықшамдау үдерісінде сөз тіркестің негізгі компоненті жұрнақпен алмастырылып, осы негізде жасалған тілдік бірлік бастапқы кеңейтілген сөз тіркесінің мағынасын білдіреді. Мысалы, *тоңазыту аппараты* → *тоңазытқыш*, *шаң сорып алатын құрал* → *шаңсорғыш*, *салқындату үшін қолданылатын құрал* → *салқындатқыш*, *тоқты ажырататын тетік* → *ажыратқыш*, *екі нәрсені бір-бірімен қосатын тетік* → *қосқыш* және т.б.

Сөйтіп бір компонентті жұрнақпен алмастыру негізінде терминологиялық лексика жасаудың тағы бір тәсілі пайда болды. Қазіргі қазақ тілінде семантикалық ықшамдауда *-ма*, *-ме*, *-ым*, *-ім*, *-м*, *-қы*, *-кі*, *-қыш*, *-кіш*, *-ғыш*, *-гіш*, *-уыш*, *-уіш* т.б. жұрнақтар маңызды қызмет атқарады. Ал жұрнақ арқылы семантикалық ықшамдауға негіз болатын — терминологиялық сөз тіркестері.

Терминологиялық сөз тіркестерінен жасалған жұрнақты конденсаттардың мағыналық құрылымы түбір сөз бен аффикс мағыналарынан құралып, термин-сөз семантикалық

Айдарбек Қарлығаш Жамалбекқызы
 элементтерінің бірігуін көрсетеді. Мысалы: *бір нәрсені қопсытуға арналған құрал* → *қопсытқыш*. Бұл құбылысты көрнекі түрде беретін болсақ:

Кесте 4 – Универбтену үдерісінің сипаты

Ұғымдық деңгей	Уәжділік деңгейі
Поливерб	Универб
<i>Жеңіл атлетиканың он түрі бойынша өтетін (онсайыс) спорт жарысына қатысатын спортшы</i>	Онсайышы (он+сайыс+шы)
<i>Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығын жан-жақты зерттейтін қазақ әдебиеттану ғылымы саласының зерттеушісі</i>	Абайтанушы (Абай+тану+шы)
<i>Фильмді қоюшы, кино-картинаның режиссері</i>	Кинорежиссер (кино+режиссер)
<i>Медицина бикесі</i>	Медбике (мед+бике)
<i>Дербес пенсионер</i>	Дерпен (дер+пен)
<i>Тәртіпке келтіруші, ретке салушы, жүйелеуші</i>	Реттеуші (реттеу+ші)
<i>Баға беруші</i>	Бағазер (баға+гер)
<i>Өндіріс жағдайында тоқу ісімен шұғылданушы маман</i>	Тоқымашы (тоқыма+шы)
<i>Акция ұстаушы адам</i>	Акционер

Қазақ терминологиялық лексикасында семантикалық тұрғыдан қысқартуға бейім келетін компоненттер «құрылғы, қондырғы, тетік, машина, аппарат» т.б. осы секілді терминдер болып келеді. Термин-конденсаттардың басым көпшілігі туынды түбірлер негізінде жасалады. Бұл, ең алдымен, түбір сөздерге қарағанда туынды түбірлердің бір

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— мағыналық қасиетімен түсіндіріледі, ал бұл өз кезегінде терминологиялық лексика үшін өте маңызды. Жұрнақ арқылы семантикалық ықшамдау құбылысы қазақ тілінде кеңінен ХХ ғасырдың 90-шы жылдарынан кейін орын ала бастады. Бұл үлгі бойынша негізінен неологизмдер жасалады.

Сонымен семантикалық ықшамдау, универбтену құбылысы терминжасамның өнімді тәсілдерінің бірі болып, терминдердің жұмсалымдық ерекшеліктеріне сәйкес, яғни қысқалық белгісін қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Универбтену үрдісінің қазақ ғылыми-техникалық терминологиясында кеңінен өріс алуы да осыған байланысты. Бұл термин-конденсаттар көпқұрылымды терминдерге жол бермеудің бірден-бір амалы болып табылады.

Тіл семиотикалық жүйе ретінде тек белгілі бір код қызметін атқару ерекшелігімен ғана емес, сонымен қатар қайта кодталу қасиетін де көрсете алады, яғни бірнеше салада қатар жұмсалуды мүмкін. Табиғи тіл – алғашқы жұмсалудың саласы болса, қалғандарының барлығы табиғи тіл таңбаларының қайта кодталуына орай екінші қызмет ету салалары болып саналады. Терминология – табиғи тілдің жұмсалудың екінші саласы немесе оның «кішігірім тілі» дегенді білдіреді. Сондықтан да термин мен сөздің арақатынасы туындылық принципіне негізделеді: сөз алғашқы, термин екінші, туынды яғни қайта кодталған таңба. Бірақ екеуі де: термин де, сөз де табиғи тіл негізінде жасалады. Жалпы терминді жалпықолданыстық сөзден ажыратып көрсетудегі ғылыми концепциялар, сайып келгенде, мынадай тұстардан тұрады: таңба белгілі бір ғылым саласына қатысты (сөз немесе сөз тіркесі) мағынасында ғана оның терминологиялық екендігі айқындалады; таңбаның терминологиялық екендігі оның мағынасын түсіндіретін белгілі бір жүйеге қатысты ғана анықталады; таңбаның терминологиялығы да аталмыш түсіндіру жүйесіне сәйкес оның мағынасын сәйкестендіруге неғұрлым көбірек мәлімет қажет болса, таңбаның терминологиялығы соғұрлым жоғары болады.

Әрбір тілдік бірлікті термин ретінде қабылдау үшін оның терминологиялық дәрежесін анықтау қажет. Бұл мәселені біз адамға қатысты атаулар негізінде қарастырамыз. Әдетте «адам» мағынасын білдіретін зат есімдер мынадай семантикалық топтарға жіктеледі: адамның атқаратын

қызметіне байланысты атаулар; адамның кәсібін немесе соған бейімділігін анықтайтын затқа байланысты қалыптасқан атаулар; адам мінезінің айрықша басым бір қасиетіне немесе бір белгісіне байланысты қалыптасқан атаулар; адамның ұлтына, тұрғылықты жеріне немесе еліне байланысты атаулар; адамның белгілі бір қоғамдық ағымға, идеологиялық бағытқа қатыстылығы немесе қоғамдық ұйым, мекеме құрамында болуына байланысты атаулар.

Бұл лексика-семантикалық топтардың барлығына ортақ, оларды біріктіретін *«адам, тұлға, кісі»* категориялды семасы даралаушы семалар сипатына әсер етіп, мағыналардың айқындалуына белгілі бір дәрежеде ықпал етеді. Осыған сәйкес аталмыш лексика-семантикалық топтардың жіктелуіне байланысты мынадай даралаушы семаларды ажыратып көрсетуге болады: *«қызмет»*, *«зат»*, *«қасиет»*, *«тұрғылықты жер»* және *«әлеуметтік жағдай»*. Соңғы аталған екі сема *«ел»*, *«тұрғылықты жер»*, *«ұлт»*, *«қоғамдық ағым»*, *«идеологиялық бағыт»*, *«қоғамдық ұйым»*, *«мекеме»* ұғымдарына сәйкес келіп, зат есім тұлғасында берілуіне байланысты оларды бір лексика-семантикалық топқа жатқызуға болады. Сондықтан барлық адамға қатысты атауларды *«қызметке байланысты атаулар»*, *«субстанцияға байланысты атаулар»*, *«қасиетке байланысты атаулар»* деп үш үлкен лексика-семантикалық топқа жинастыруға болады.

Осы жіктемеге сәйкес жалпы ономазиологиялық негізді *«қатынас түрін білдіруші адам»* деп алып, тілден тыс мазмұнды реттеу және жинақтап қорытындылау мақсатында мынадай үш ономазиологиялық категорияны ұсынуға болады: *«іс-әрекеттік қатынасты білдірушінің категориясы»*, *«субстанциялық қатынасты білдірушінің категориясы»*, *«қасиет иесінің категориясы»*. Осыған орай, адамға қатысты атаулардың төмендегідей терминдену дәрежелері болады: 1) *нөлдік дәреже* (терминдену құбылысының мүлдем болмауы): бұл мұнда, сөздің мағынасы мәнмәтінге тәуелді болып, тілдің арнаулы емес құралы күнделікті қолданылатын сөз ретінде ешбір терминологиялық өріске жатпайды; 2) *бірінші дәреже*: сөздер арнаулы белгілеу құралы ретінде қолданылып, кәсіби сөйлеудің белгілі бір жүйесінде ғана қызмет ететін нұсқаны, бірақ айқын бір

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— мазмұнды білдіре алмайтын тілдік бірліктер; 3) *екінші дәреже*: жалпы әдеби тілге қарағанда әлдеқайда даралаушы белгілері айқын ұғымдарды білдіретін, жабық, шектеулі жүйе шеңберіне жататын, арнаулы қолданыста белгілі мазмұны бар атаулар (топонимдер, өсімдік атаулары т.б.); 4) *үшінші дәреже*: арнаулы әдебиеттерде, оқу және анықтамалық құралдарда бекітілген мазмұнды білдіретін, ресми кодификацияланған таңба ретінде қабылданған атаулар. Адамға қатысты атаулардың терминдену дәрежелеріне байланысты ең жоғарғы дәрежені кәсіп иелерінің атаулары айқындайды.

Лексикалық аталымда ішкі форма лексикалық мағынаның басты компоненті ретінде туынды сөздерде емес, көпмағыналы сөздерде де көрініс табады. Полисемияның дамуы формаларға қатысты әрекеттерді қажет етпейді, сондықтан да ішкі форма тек мазмұн межесімен ғана шектеледі. Ол ауыспалы мағыналарда болып, оны метафора немесе метонимияны актуалдандырушы бейнелі семалар белгілейді. Сол себепті лексикадағы туынды сөздер мен көпмағыналы сөздердің ішкі формасы бір-біріне ұқсас келе бермейді. Терминологиядағы ішкі форма – терминологиялық аталымдық актісінің нәтижесі. Сонымен, сөздің ішкі формасы үш түрлі қарым-қатынасты көрсетеді: зат пен сөздің арасындағы, сөздің дыбысталуы мен мағынасының арасындағы, сөз формасы мен семантикасының бинарлық құрылым компоненттерінің арасындағы қарым-қатынас.

Аталымдық таңбаның ішкі және сыртқы формасының таңдалу еркіндігі аталым субъектісіне, оның ақиқат болмысты қабылдауына, аталым үдерісі жүретін дискурсивті ортаға байланысты болатындығын бір тіл ішіндегі немесе екі басқа тілдердегі бір топқа немесе разрядқа жататын денотаттар атауларын салыстыру негізінде айқындауға болады. Өйткені жалпы адамзат тіліне тілден тыс болмыстың екі рет белгілену қасиеті тән. Бұл қасиет тілдік тәсілдер жүйесінде, аталым бірліктерінде (жалпылама атаулар), сөйлеу мен коммуникация үдерістерінде (нақты, актуалданған атау) көрініс табады. Осы ажыратылмас байланыс пен өзара сабақтастықта жүретін үдерістердің жүзеге асуы тілде бір таңбаланушының түрлі атауларының пайда болуы мен қалыптасуына алып келеді. Жаңадан пайда болған нақты атау жалпыланып, тұжырымдалып,

ұғымның екі кезеңдік даму жолын айқындайды: аталым субъектісінің қоғамдық және тілдік тәжірибесінің арқасында оның жасалуы кезінде және оның қолданылуы кезінде (ұжымның игілігіне айналған кезінде). Сонымен, аталым теориясының ономасиологиялық парадигмасы аталымдық қызметтің екі аспектіде болатындығын айқындайды: динамикалық-үдерістік және оның нәтижелері көрсететін статикалық аспект.

Жаңа білімнің вербалдануы өте күрделі шығармашылық үдеріс, оның үстіне, бұл үдеріс екі аспектіден тұрады: 1) жаңа білімнің сапалы сөздік өңделуі; 2) ақпараттың коммуникантқа дәлме-дәл берілуі. Жаңа білімнің вербалдануы кез келген шығармашылық процесс сияқты құрылымдық сипатта жүргізіледі. Аталмыш үдерісті жүзеге асыратын құралдар бұл – зерттеушінің тілі, интеллекті және әлеуметтік тәжірибесі. Сонымен, ТА динамикалық аспектіде қарастырылуы үдерістің өзін зерделеуді мақсат етіп қояды. ТА үдерісі динамикалық аспектіде тілдегі актуалдық пен потенциалдықтың өзара әрекеттестігі үдерісі ретінде танылады.

Ықшамдау үдерісінде менталдық құрылымдар ерекшелігінің анықталуы жаңа сөздерден жасалуының, жаңа тәсілінің пайда болуы мен оның әрі қарай даму үрдісін сипаттауға мүмкіндік жасайды. Когнитивтік лингвистика адам білімін зерттеуде жаңа жағдаят үлгісінің жасалуын қолданылатын ақпараттық білімді зерделейді. Бұл ретте айтылымның синтаксистік схемасы құрылуының психолінгвистикалық тетіктері мен лексемалар іздеу тетіктері өзара әрекеттестікке түседі. Сондықтан универбтену тәсілінің пайда болуы жеке тұлғаның концептуалдық жүйесінде жаңа когнитивтік құрылымдардың қалыптасуына жағдай жасайды. Толық және қысқартылған атаулар түрлі когнитивтік құрылымдарды білдіреді. Универбтену үдерісі лингвистикалық таңба жасалуының ерекше тәсілі ретінде нейрофизиологиялық, психолінгвистикалық және менталды негіздермен байланысты болып келеді. Универбтену үдерісі әмбебап менталды тетігі қызметінің орындалу формасы ретінде мән-мағына ықшамдалуын, стереотиптелген қызметті ықшамдаумен сипатталады. Құрама атаудың формалды тұрғыдан бір лексемалы тілдік бірлікке айналуы құрылымдық ерекшелігін танытса, мағыналық тұрғыдан ықшамдалуы әмбебап менталды тетік болып табылады.

IV ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАЛЫМДАРЫНЫҢ ОНОМАСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ

Терминжасам мен сөзжасамның ономасиологиялық негіздері

Ғылымның кәсіби тіл аталымдары арнайы қарастыруды қажет ететін өзекті мәселелер қатарына жатады. Жалпы аталым теориясы тиісті дәрежеде зерттелгенімен, арнаулы лексика саласындағы аталым мәселелері әлі күнге дейін толық шешімін таппаған. В.П.Даниленконың пікірінше: «Аталым саласындағы барлық жаңа болып табылған, мейлі ол ұлттық тілдің өзінің «техникалық мүмкіндіктері» болсын немесе ұлттық тілден тыс, өзгеден қабылданған болсын, ең алдымен, кәсіби тілде көрініс табады, өйткені оның арнаулы лексикасы толығып тұруды қажет етеді. Ал бұл өз кезегінде үнемі аталымның амал-тәсілдері мен жаңа жолдарын іздестіруді талап етеді» [282, 62 б.].

Біздің ойымызша, ТА ономасиологиялық аспектіде зерттелуі, терминжасамның өзекті бірқатар мәселелерін анықтауға мүмкіндік береді: терминжасамның қазіргі таңдағы даму үдерісінің айқындалуы, қазақ тілінің терминжасалымындағы өнімді, өнімсіз тұлғалары, терминжасаушы элементтердің (аффикстер, күрделі сөздердің стандартты бөліктері т.б.) нақты бағаланып саралануы мен квалификациясы және т.б.

ТА сипаттама тәсілі арқылы беріліп жүрген терминологиялық бірліктер табиғаты ғылыми қызығушылық танытып, мұндай құрылымдардың ақпараттық қасиеті, олардың қолданылу уәждері аффиксті сөзжасам мүмкіндіктерінің

шектеулілігінен бе, әлде жоқ па деген мәселелер шешімін табуы тиіс. Осыған орай терминологиялық жүйелердің белгілі бір даму кезеңдерінде құрама атаулар өнімді болса, кейбір кезеңдерде универб-терминдер өнімділік танытады. Бұл үшін «арнаулы бірліктің міндетті түрдегі уәжділік сипатына байланысты ма, жоқ, ұғымдық аппараттың күрделенуінің дәлелі ме?» деген сұрақтар өте маңызды.

А.А.Реформатскийдің пайымдауынша, түрлі халықтардың терминологияларын тіларалық және ұлтаралық мақсатында «интернационалдық тілдік, терминологиялық қорлардың қолданылғаны дұрыс» [95, 170 б.]. Сөйтіп, «ешкімдікі де емес» (А.А.Реформатский бойынша) болып саналатын грек-латын сөздері, түбірлері мен формативтері, бір қарағанда, халықаралық еуропалық терминологияның семантикалық және сөзжасамдық біртұтастығына мүмкіндік туғызатын сияқты.

Академик Ө. Айтбайұлы: «Қазіргі қазақ тілінің сөздік құрамында ең бір бай әрі күрделі қабатты орыс тілінен енген кірме сөздер және сол арқылы келген халықаралық терминдер алып жатады. Бұлардың тілімізге ену, келу жолдары да басқаша. Бұл арада біз тіл дамуында бола беретін заңды құбылысты да, заңдылықтан тыс күштеу тәсілінің де орын алғанын байқаймыз. Ғасырлар бойы іргелес отырып, ауыс-түйіс жасап келген орыс халқы мен қазақ халқы мәдени қарым-қатынастың осы түрін, яғни тіларалық қатынасты тіпті ертеден-ақ бастаған тәрізді. С.Исаевтің дәлелдеуінше, тіпті XV ғасыр ескерткіші болып саналатын «Кодекс куманикусте» де «изба», «печь» тәрізді орыс сөздері қолданылған екен. Осыған қарағанда, қазақтар орыс сөздерін ежелден-ақ пайдаланып, әжетіне жарата бастаған деп түйін жасауға әбден болатын тәрізді» – дей келе, «Ал кейін, әсіресе, Қазан төңкерісінен соң орыс және интертерминдер жоспарлы және жүйелі түрде ресми әрекеттер нәтижесінде енгізіліп, қатар түзейді. Тіпті бұларды тым еркінсіткеніміз соншама, ана тіліміздің ежелден қалыптасқан сөзжасам заңдылықтарын аяқасты етіп, ол сөздер жат тілдік пішінін бұзбай қабылданатын болды. Емле ережеміз бен терминжасам принциптерінде мұны әбден заңдастырып алғаннан кейін бұлардың қатары мүлде көбейіп кетті. Сөйтіп, тіл гармониясы бұзылды», – деп қорытындылайды [112, 7-75 бб.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Бұл мәселе жөнінде ғалым Б.Қалиев былай деп жазады: «Егемен елдің өз мемлекеттік тілінің болуы заңды. Ол үшін мемлекеттік істердің бәрі мемлекеттік тілде жүргізілуі тиіс. Ғылымының да сол мемлекеттік тілде дамығандығы абзал. Олай болса, ғылыми терминдердің өзі де мемлекет тілдің негізінде жасалғандығы дұрыс болып табылады. Сонда ғана қоғамдық өмірдің сан алуан саласынан саналы түрде, еріксіз шеттетіліп, қолданылу аясы отбасы, ошақ қасынан аспай қалған ана тілімізді толыққанды мемлекеттік тіл еге аламыз. Сонда ғана оны (қазақ тілін) қоғамдық өмірдің күллі салаларында еркін пайдаланатын, кемелденген, сан салалы стильдік тармақтарда кеңінен қолданылатын шын мәніндегі мемлекеттік тілге айналдыра аламыз» [283, 35 б.].

Осыған байланысты профессор Ш.Құрманбайұлы айтылып жүрген пікірлерді екі топқа бөліп қарастырады, ол: «Біріншісі, —деп жазады — ана тілінің өз мүмкіндігін пайдаланып термин жасау, ондай мүмкіндік болмаған жағдайда шет тілдерінің терминдерінің қазақ тілінің фономорфологиялық ерекшеліктеріне үйлестіре қабылдау қажет. Екіншісі — термин шығармашылығында пуризм етек алып отыр, сондықтан оған жол бермей, осыған дейінгі қалыптасқан терминдерді бұрынғысынша қалдырып, шет тілдерінен термин қабылдауға шек қоймау керек деген пікір» [284, 25 б.].

Қазақ терминологиясының қазіргі дамуындағы көрсетілген үрдістер кәсіп иелерінің атаулары саласындағы арнаулы ұғымдардың тұрақты, тұрақсыздығын зерттеу мәселелерінің өзектілігі мен маңыздылығы терминологияда аталымның белгілі бір амал-тәсілінің қолданылуы кездейсоқ құбылыс еместігімен анықталады. Тіл әрқашанда жаңа ұғымды тіркеуде оның жасалу процесінен кейін қалып жүреді. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, соңғы аталымдардың қалыптасуына дейін алғашқы *микрoаталымдар* болады. Олар жаңа жасалған, ұсынылған атаулардан ең тиімдісі мен ұтымдысын, лайығын таңдап алуға, саналы түрде белгілі бір мақсатпен ойланyp талдау жүргізуге материал береді.

Тіл зерттеушілерін әрқашанда тіл қызметінің әлеуметтік және кәсіби тұрғыдан шектеулі салаларындағы аталымдық үдерістердің барысы қызықтырған. Бұл қызығушылық

арнаулы ұғымдардың аталым амал-тәсілдерін зерттеу қажеттілігінен, адам қызметінің нақты салаларындағы концептуалдық білімдердің кодқа салынуы мен терминологиялық бірліктердің тілдік белгілеу құралдары ретіндегі әлеуметтік маңыздылығымен, арнаулы лексика мен оның өзегін құрайтын терминологияның ғылыми-техникалық үдерістің үдемелі қозғалысын көрсететін жалпы лексиканың белсенді бөлігін құрайтындығымен айқындалады.

Ғылыми-техникалық төңкеріс жағдайында арнаулы лексика құрамына кіретін терминология тілдің лексика-семантикалық жүйесінің ең бір құбылмалы, динамикалық қабатын құрайды. Осыған орай, белгілі бір кәсіби топқа жататын адамдар сөздік қорының ерекшелігі де тілдің аталмыш қабатында айқындалады. Ал кез келген арнаулы лексиканың өзегі терминологиядан құралатындығы сөзсіз. Әрбір білім саласының терминологиясы арнаулы лексиканың, кең тұрғыда алғанда, жалпы тілдің лексика-семантикалық жүйесінің бір бөлігінің арнаулы ұғымдар жүйесіне сәйкес термин жүйесін айқындайды.

Адам білімі мен қызметінің арнаулы салаларын талдау нәтижесінде бұл салалардың ұғымдар жүйесі екі бағытта қалыптастырылады, біріншісі сол саланың концепциясының, теориясының элементтері ретінде белгіленсе, екіншісі терминдер жиынтығы ретінде көрініс береді. Осы ретте анықтамалар жиынтығы да, терминдер жиынтығы да жүйе ретінде сол сала теориясының заңды түрде қалай қалыптасқаны мен көрінісін айқындайтын ұғымдар жүйесіне сәйкес болып келеді [285, 15 б.].

Терминдер де ұғымдардың иерархиялық құрылымдарына сәйкес реттеледі. Олардың әрқайсысы сол терминдер жүйесіне сәйкес орналастырылып, басқаларымен белгілі бір байланыс пен қарым-қатынаста болады. Жалпы тілдік жүйенің лексикалық қорының бір бөлігі ретінде терминология — терминнің парадигматикалық және синтагматикалық сипаттарында көрініс беретін лексика-грамматикалық заңдылықтарға тәуелді болып келеді. Жай тілдік таңбаларға тән болатын семантикалық дамудың барлық түрлері де, жалпы тілдік сөзжасам, сөзтудырушылық пен сөз қолданысы терминдік бірліктерге қатысы бар құбылыстар, сонымен

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— бірге лексикалық бірліктің негізгі аталымдық және дистрибутивтік қызметтерін де сипаттайды.

Дегенмен жалпы тілдік заңдылықтардың әрекеттері терминологиялық жүйе шеңберінде экстралингвистикалық факторлар мен терминдердің ерекше ұғымдар жүйесін белгілеуіне орай бірнеше шектеулі болып келеді. Бұл ретте терминологияның белгілі бір ғылым мен техника саласының ұғымдар жүйесіне сәйкес терминдер жиынтығын айқындауы ең маңызды болып саналады. Яғни терминдер жүйесі нақты бір білім саласының ұғымдарын репрезентациялайды. «Ғылыми терминология, – деп жазады Д.С.Лотте, – сөздер жүйесі немесе сөз тіркестер жүйесін жай сөздер жиынтығындай емес, өзара бір-бірімен байланысты сөздер ретінде көрсетуі тиіс. «Жай» терминологиядан ғылыми терминологияның басты айырмашылығы міне дәл осында» [97, 73 б.].

Осындай жүйелік тәуелділігіне орай «әрбір терминнің қарастырылып отырған терминологиялық жүйесінде өз орны болады. Өз кезегінде терминнің алатын орны сол ұғымдар жүйесінде белгілейтін ұғымның орнына қатысты анықталады» [97, 14 б.]. Жоғарыда келтірілген терминге қойылатын талаптардың ішінде логикаға байланыстыларын (ұғымдар жүйесіне тәуелделігі, терминологиялық жүйенің жіктемелік түрі) және таза лингвистикаға қатыстыларын (ұғымдық, дәлдік, айқындылық т.б.) ажыратып көрсетуге болады.

Д.С.Лотте өзінің зерттеулерінде терминнің екіжақтылық табиғатына ерекше көңіл бөледі: дыбыстық кешен (дыбыстық құрам) және ұғымдарға (мағынамен) байланысты. Аталған екі жақтың біртұтастығы нәтижесінде терминологиялық жүйе мүшесі – термин жасалады. Д.С.Лотте терминологияның жетіспей жатқан тұстарына терминдердің сөзжасамдық элементтері, омонимия құбылысына терең талдау жүргізіп, терминдерге қойылатын негізгі шарттарды анықтаған: бірмағыналық, дәлдік, жүйелілік, қысқалық т.б.

Жалпы терминтаным теориясының дамуына елеулі үлес қосқан ғалым Г.О.Винокурдың пікірінше, терминдер арнайы мағыналары бар арнаулы сөздер ретінде нақты, дәл семасиологиялық шектері бар, өздерінің «интеллектуалдық тазалығын» сақтайтын (бейнелік пен эмоциялық құбылыстардан аулақ) тіл элементтері болып табылады [93, 3 б.].

Біздің зерттеуіміз үшін Г.О.Винокурдың айтқан белгілі мына тұжырымдары өте маңызды: «...терминдер пайда болмайды», оларға деген нақты қажеттілікті саналы түрде мойындау нәтижесінде олар «ойлап шығарылады», «жасалады» [93, 24 б.]. Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады: жай, қарапайым сөзшығармашылығына қарағанда ғылыми-техникалық терминжасам деректері жазбаша мәтінде көрініс береді.

Терминдер «ойлап шығарылып», «жасалып», яғни міндетті түрде тіркеледі, керісінше, жалпыәдеби тілдегі неологизмдер терминдер секілді қатаң қадағалау мен бақылауда болмауына байланысты «пайда болады». Міне, осыдан қарапайым және ғылыми ұғымдардың аталым үдерістерінің айырмашылығы айқындалады.

Терминтаным мәселелеріне арналған көптеген ғылыми әдебиеттерде терминжасамның жалпы сөзжасамды қайталайтындығы жайында пікір-көзқарастар жиі айтылады. Мәселен, В.Н.Телия терминжасамды екінші аталым үдерісі ретінде анықтап: «Өзінің гносеологиялық негізінде ұғымдардың бір-біріне өту қасиетіне сүйеніп, бұрыннан бар, танылған негіз арқылы қалыптасып, адамның ақиқат шындықты игерудегі жаңа белгілерді көрсетеді», – деп жазады [87, 168 б.].

Терминтанымның маңызын А.Ф.Лосев былай көрсетеді: «Әрбір жеке сөзді «ықшамдалған сөйлем» деп қарастыру қажет. Мысалы, переплетчик – «тот, кто переплетает»; переписать – «написать заново». Яғни жай сөздің жеке аффикстері мен терминсөздер өзара сөйлем мүшелері сияқты сәйкестендіріледі. Жаңа ұғымдар, әсіресе, терминдер таным үдерісінің заңдылықтарына сәйкес тілде бар ұғымдар негізінде қалыптастырылады. Ұғымдардың жасалуы, өз кезегінде, ой-пайымдау арқылы жүзеге асырылады. Пайымдау ойлау формасының бір түрі ретінде ойлаудың аяқталған актісін тіркеп, сөйлем формасында көрініс береді» [286, 104 б.]. Бұл ретте сөйлем құрылуының негізгі принципі предикация болып табылады.

Лингвистикалық энциклопедиялық сөздікте «предикация» терминіне мынадай анықтама берілген: «Ақиқат шындық оқиғаларын, операцияларын көрсету мақсатында жеке сөздермен берілген тәуелсіз ойлау заттары мен нысандарын біріктіру актісі» [287, 393 б.]. Біздің ойымызша, аталған көзқарас, теория терминжасамның ішкі мән-мағыналық маңызын айқындайды.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Біз ғалымдар А.Ф.Лосев пен В.Н.Володинаның терминді – жеке аффикстер, терминдік элементтердің жай мағына жиынтығы мен олардың композициясы деп қабылдауға болмайды деген тұжырымдарын қолдаймыз. Термин оны алмастыруға қабілетті белгілі бір «сөйлемге» сәйкес келеді, себебі терминнің атауы бір сөзге ықшамдалған таңбаланушы заттың жай немесе күрделі формуласы.

Ұғымның тілдік таңбалаушысы ретінде термин оның негізгі, маңызды белгілерін айқындап, сөйлем-айтылымға сәйкес «семантикалық өзек» немесе «семантикалық инварианттың» қысқа тілдік формасында берілуін қамтамасыз етеді. Ақпаратты ықшамдау арқылы термин кәсіби жадқа (есте сақтау қасиетіне) ие болады.

Терминнің объективті мазмұны, ғылыми-техникалық білімнің ерекше «жазбасы» ретінде арнаулы таңбаның мағынасын немесе мәнін сипаттап, тек таным нысаны ретінде ғана емес, сонымен бірге сол таныммен байланысты ойлау үдерісін де көрсетеді. Бұл ойлау үдерісі дефиницияда орын алады. Дефиниция ТА негізін құрайтын терминделуші нысанның нақты анықтамасын көрсетеді.

Автордың немесе бірнеше авторлардың терминге сәйкес келетін пара-пар (адекватты) анықтамасын жасау жолдары мынадай сатылардан тұрады:

- 1) терминделетін зат немесе құбылыс туралы пайымдау;
- 2) көп құрылымды сөз тіркесі;
- 3) құрама тіркестің универбке айналуы.

Синтаксистік құрылымның біртұтас атауға айналуы тіл білімінде «номинализациялану» терминімен аталады. Аталмыш құбылысқа негізделген сөзжасамдық үдерістерді Е.С.Кубрякова дефинициялық сөзжасам немесе синтаксистік негіздегі сөзжасам деп атайды [288, 26 б.].

Терминжасамға қатысты ТА дефинициялық тәсілін оның интернационалдық сипаты тұрғысынан қарастырған жөн. Терминде конденсацияланған ақпарат ғылыми метатілдік айтылым ретінде сипатталатын дефиниция арқылы түсінікті болып айқындалады.

Осы тұрғыдан келгенде ғалым Н.Д.Арутюнованың анықтамасына назар аударарлық: «Предикативтік аталым немесе белгілеудің өзі нақты құбылыстың мәнісіне кіру, ену

шығармашылық үдерістің танымын көрсетеді. Дәл осы предикативтік аталымдар аясында адамның әлемді танып-білуі, ол туралы білімнің пайда болып қалыптасуы, мағыналардың интеграциялануы мен ажыратылуы, ұғымдар жүйесінің кеңеюі мен толығуы жүзеге асады» [289, 332 б.].

Осымен байланысты тағы да ғалым А.В.Лосевтің предикацияға қатысты айтылған ой-тұжырымын келтірген жөн болар деп санаймыз: «Тіл мен сөйлеуде предикациясыз еш нәрсе болмайды, өйткені тілдік таңба әрқашанда адам санасы мен ойлауының актісі, ал ойлау мен сана предикация үдерісінсіз мүмкін емес» [286, 104 б.]. Автор терминжасам мен синтаксистің тікелей арақатынастық байланысы жөніндегі идеяны мойындап, бұл идеяның теориялық негізі «тіл туралы ғылымда бұрын болмаған синтетикалық көрініс» енгізуге мүмкіндік жасайтынын, осындай теория «жай сөздер мен термин-сөздердің жасалуының ішкі мән-мағыналық маңызын айқын суреттеуге және сол арқылы предикацияның әмбебап тілдік рөлін айқындауға болады», – деп тұжырымдайды [286, 107-108 бб.].

Сөйтіп, ТА мен терминологиялық жүйелердің қалыптасуы бізді қоршаған заттар мен құбылыстардың алғашқы аталымы мен тілдің лексикалық қоры қалыптасуына қарағанда екінші әрі кейінгі болып табылады. Кез келген термин белгілі бір білім саласында сол саланың маманы қолданатын ұғымдық аппараттың бір бөлігі, сондықтан да термин қалыптастыруға қажетті белгілі сөзжасамдық элементтер тобын кірістірмес бұрын ТА негізіне предикация арқылы жасалған дефинитивтік тәсіл алынады.

Бұл салада жүргізілген зерттеулер негізінде мынадай қорытынды жасауға болады:

1) терминологиялық жүйелер сандық жағынан ауқымды немесе кішігірім коммуникативтік-тақырыптық және коммуникативтік-жағдаяттық міндеттерді бірлесіп атқаратын терминдер жиынтығын айқындайды;

2) терминологиялық жүйе элементтері тікелей немесе жанама (басқа элементтер арқылы) коммуникативтік және құрылым тұрғысынан өзара бір-бірімен және жалпы жүйемен байланысты;

3) білгілі бір терминологиялық жүйеге кірмейтін немесе енбей қалған бірде-бір термин болмайды;

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

4) терминологиялық жүйелердің аралық шеңберлері анық белгіленген немесе айқын болмайды, себебі олар үнемі бір-бірімен түйісіп, сабақтасып жатады.

Осыған байланысты, зерттеушілердің ортақ пікірлері бойынша, терминологиялық жүйелер типологиясын жасауда терминдердің мынадай белгілері ескерілуі тиіс:

1) терминдердің адамның еңбек қызметі салаларына қатыстылығы;

2) терминдердің басқа ғылыми бағыттарға қатыстылығы.

Терминдердің мұндай белгілері мен қасиеттері экстралингвистикалық факторларға, сонымен бірге оның ішкі құрылымдық, формалды-семантикалық белгілеріне де байланысты болып келеді.

Терминологиялық бірліктердің аталмыш белгілеріне оның мынадай категориялары жатқызылады:

1) терминдерді бір-бірімен жақындастыратын, бір-бірінен айырып тұратын, терминологиялық қабаттар, қатарлар, өрістер т.б. қалыптастыратын термин семантикасының ұғымдық қасиеті (термин мен ұғымның байланысы);

2) терминдер арасындағы байланыстарды орнататын, терминологиялық жүйелердің қалыптасуы мен олардың қарым-қатынастарына ықпал ететін терминдер сөзжасамы мен дериватологиясы;

3) терминдердің қисынды-семантикалық, семантика-морфологиялық және семантика-дериватологиялық парадигматикасы;

4) ішкі (яғни терминологиялық тіркес негізінде пайда болатын) және сыртқы (терминдердің, сондай-ақ терминдер мен термин емес сөздер арасында болатын) синтагматикасы;

5) терминдердің терминологиялық синонимия, антонимия, семантикалық жақындастықты т.б. қамтамасыз ететін лексика-семантикалық қасиеттері.

Ғалым В.М.Лейчик терминологиялық жүйелердің негізгі белгілерін анықтау барысында, олардың қалыптасуы мынадай шарттарға байланысты деп санайды:

1) шеңберлері анық белгіленген арнаулы саланың болуы;

2) сол салаға қатысты жалпы ұғымдар жүйесінің болуы;

3) сол саланы сипаттайтын нақты теориясының, концепциясының болуы;

4) сол сала жүйесінің ұғымдарын белгілеу үшін қажетті лексикалық бірліктері бар, арнаулы мақсаттарды шешуге қажетті арнаулы тілді қалыптастыратын белгілі бір табиғи тілдің болуы [285, 20 б.].

Соңғы кездері лингвистикалық зерттеулерде тілдің медиумдық қызметі жөнінде сұрақтар жиі қозғалып, адамның дүниені танып-білуі белгілі бір таңбалық жүйе арқылы жүргізілетіні тіл білімінің өзекті мәселесіне айналып отыр. Бұл жөнінде Қ.Есенова: «...адамдардың ақпараттық қызмет-әрекетін репрезентациялаушы ғаламның медиа-бейнесі динамизмге толы, яғни өте тез өзгергіш болып табылады. Қазіргі кезде адамның тіршілік әрекетінің ақпараттық құрамдас бөлігі (өміріндегі ақпарат) өзгелерінен бөлініп шығып, көш ілгері кетіп қалғандай. Ақпараттық қызмет табиғи болмыстан бөлек, ерекше медиа-болмысты жасайды. Медиа-болмыс алуан түрлі БАҚ шығарып, тарататын медиамәтіндер арқылы жасалады. Медиа-мәтіндер болмысты (ақиқат бар болмыстан) заттандырады, ол үшін арнаулы кеңістік қажет болады, ғылыми әдебиетте оны медиа-кеңістік деп атайды. Медиа-мәтіндерді қабылдау барысында медиа-болмыс жеке тұлғаға тән болмыстың бір бөлігіне айналады, сөйтіп қоғамда әртүрлі өзгерістер орын алуына түрткі болады», – деп көрсетеді [290, 34 б.]. Яғни адамдар тіл арқылы қоршаған ортасын үнемі категорияландырып отырады. Негіз ретінде әлемнің категориялануының принциптерін жасаушы тілдің тудырушылық организм жайындағы тезисі алынады.

Осы тұрғыдан келгенде, атаулану табиғаты, тілдік таңбаны сәйкестендіру үдерістері, адамның сөйлеу қызметіндегі сөз-бейнелердің «таратылуы» үдерістері, сондай-ақ адам тәжірибесінің тілдік құрылымдар арқылы репрезентациялануы мәселелері жете зерттеуді қажет етеді. Осы ретте ғалым Е.С.Кубрякова туынды бірліктерді «когнитивтік-дискурсивтік» құрылымдар деп анықтап, ең алдымен олардың динамикалық позициялары, қалыптасуы мен қызмет ету аспектісін коммуникативтік мәнмәтінде, сондай-ақ менталды лексикада да қарастырылуы қажет деп санайды [291, 429 б.].

Автордың пайымдауынша, тілдің күрделі табиғаты күрделі зерттеулердің дүниеге келуін айқындайды, бұл мәселені әр дәуірде

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— тек біржақты қабылдау мүмкін емес, ол үшін білім мен тәжірибе, пайым мен зерде, жады мен зейін қажет [291, 429 б.].

Динамикалық аспектінің дамуы тіл білімінің мынадай бағыттарымен байланыстырылады:

1. Сөзжасамның ономаσιологиялық бағытта зерттелуі. Бұл зерттеу тәсілінде дериваттар анализі мен синтезінің аталымдық ережелерін анықтау міндеті қойылады. Туынды сөздің аталым нәтижесі ретінде қалыптастыратын негізгі категория ономаσιологиялық құрылым болып табылады. М. Докулил, Е.С.Кубрякованың зерттеу еңбектерінде ономаσιологиялық құрылымның үш компоненттен (ономаσιологиялық негіз, ономаσιологиялық белгі, ономаσιологиялық байлам) тұратындығы анықталып, аталым актісі адамның ой-санасының жұмысын көрсететін динамикалық үдеріс ретінде айқындалады.

2. Сөзжасамның когнитивтік бағытта зерттелуі. Бұл сала аясында пропозиция немесе пайым аталымдық және семасиологиялық қызмет тұрғысынан қарастырылып, пропозициялық құрылымның адамның аталымдық қызметінің негізіне алынып, сонымен қатар дериват мазмұнын ұйымдастыратын тетік ретінде сипатталады. Пропозиция дегеніміз – дүние туралы білім мен оның маңызын репрезентациялаушы бірлік – «біздің санамызда ұйымдастырылып, қорытылып пайымдалатын белгілі бір жағдаят пен қарым-қатынас түрлерін көрсететін ерекше құрылым» [292, 84 б.].

Сондықтан да кез келген туынды сөзді жинақталған пропозиция деп қабылдауға болады. Бұл пропозиция, бір жағынан, адамның сөйлеу-ойлау потенциаларының жүзеге асуына ықпал етсе, екінші жағынан, жеке тұлғаның лексиконындағы тілдік таңбаның орнын анықтайды.

Тілдік құбылыстардың ономаσιологиялық тұрғыдан қарастырылуы сөйлеуші өзінің қызметінде белгілі бір тілден тыс мазмұнға тілдік форма беруімен сипатталады. Ал бұл тілдік форма сөйлеуші құзырындағы тілдік жүйеден алынып, сөйлеуші оны жүйелік қалыпты сөйлеуге айналдырады. Бұл үдеріс, жоғарыда атап көрсеткеніміздей, ғалым В.П.Даниленконың «тілден тыс мазмұн – тілдік форма / тілдік жүйе – сөйлеу» бағытында жүргізіледі [282, 65 б.].

Бұл үдеріс құрылымдық-ономасиологиялық грамматикада «тілден тыс мазмұн – тілдік форма» бағытында жүзеге асырылса, жұмсалымдық-ономасиологиялық грамматикада тілдік қызмет «тілдік жүйе – сөйлеу» бағытында қарастырылады. Сөзжасамның ономасиологиялық бағытта зерттелуі алғаш рет чех лингвисті М.Докулил еңбектерінде жүргізілген. Ол сөзжасамның негізгі ономасиологиялық ұстанымдарын анықтаған:

1) тілден тыс мазмұнның аталмыш тілдің аталым тәсілдеріне сәйкес өңделуі, жіктелуі мен реттелуі атаудың негізін құрайтын ономасиологиялық категориялар арқылы жүзеге асырылады;

2) ономасиологиялық категориялардың негізі екі компоненттен тұрады: ономасиологиялық негіз белгілі ұғымдар тобын, тектік ұғымды көрсетсе, ономасиологиялық белгі даралаушы мүше ретінде белгілі бір топ ішіндегі затты ажыратып көрсететін түрлік белгіні құрайды. Мысалы, кәсіп иелерінің атауларына қатысты осындай даралаушы белгіні еңбекке, еңбек затына, еңбек құралына деген қатынастар көрсетеді.

Ресей лингвистикасында сөзжасамның ономасиологиялық аспектілері негізінен Е.С.Кубрякованың зерттеу еңбектерінде қарастырылады. Автор ономасиологияның мақсат-міндеттерін былайша түсіндіреді: «Ономасиологияның басты мақсаты – аталымдық қызметті жүзеге асыруда сөйлеушінің басшылыққа алатын принциптерін көрсету болып табылады. Осыдан аталым бізді қоршаған ортаның түрлі үзінділерін тану барысында, олардың тілдік таңбалануы қалай қалыптастырылады, ол үшін қандай тілдік тәсілдер мен құралдар, формалар жасалады немесе қолданылады деген сұрақтарға жауап беретін лингвистикалық теория ретінде анықталады. Ономасиологияның ең маңызды бөлігі деривациялық деп аталады. Ол жоғарыда аталған мәселелерді аталымдық таңба – туынды сөзге қатысты қарастырылады» [9, 21 б.].

Е.С.Кубрякованың пікірінше, сөзжасам ономасиологияның ең бір маңызды саласы ретінде танылып, бұл салада кез келген құбылысты аталымдық немесе ономасиологиялық аспектіде қарастыру қажет. Автор: «Сөзжасам табиғаты

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— бойынша екінші, мазмұны тұрғысынан уәжді, деривация негізінде бастапқы бірліктердің қайта жасалу сипатына және формалды әрекеттерге сәйкес құрастырылған бір сөзді атаулар ретінде көрініс беретін туынды бірліктер жасалуы мен қызмет етуін зерттейтін сала», – деген анықтама береді [293, 23 б.].

Жаңа сөз жасалуы актісін талдау барысында Е.С.Кубрякова мынадай қорытындыға келеді: аталым актісі ономаσιологиялық тұрғыдан екі операциядан тұрады:

1) бір затқа немесе құбылысқа атау беруде, ең алдымен, денотат немесе референтті сәйкестендіру, сөйлеушінің когнитивтік жүйесіндегі орнын айқындап, оны белгілі бір категорияға жатқызу қажет (жалпы категориялау);

2) референтті өзі тектес басқа референттермен салыстыру әрекеті нәтижесінде атайтын белгі – оның басқалардан ерекше етіп көрсететін сипаты айқындалады (субкатегориялау үдерісі).

Сөзжасамдағы когнитивтік процестер арқылы атау беруші аталым актісін орындау барысында ақиқат болмыстың жеке үзінділерінің өзара қатынастарын анықтап, оларды бір-бірімен салыстырады.

Аталым актісіне сөзжасамның мынадай белгілері тән болып келеді: жаңа атау бір сөзді атайтын белгі ретінде жасалады, туынды сөз – екінші бірлік, яғни жаңа мағыналық құрылым тілде бар дайын бірліктер негізінде жасалады; жаңа атаудың құрылымында бастапқы тілдік бірліктен барлық таңба немесе таңба бөлігі қайталаанады.

Аталым актісінің мынадай белгілерін ерекше атап көрсеткен жөн:

- 1) ақиқат болмыс денотаттарының бөлінуі;
- 2) олардың ішінен атаулары жоқ жаңа денотаттардың іріктелуі;
- 3) жаңа денотат бейнесінің жасалуы;
- 4) ойлау қызметінің жеке нысаны ретіндегі жаңа денотат бейнесінің белгілері мен қасиеттерінің сұрыпталуы;
- 5) жаңа денотаттың бір топ денотаттарға жатқызылуы;
- 6) жаңа денотаттың атаулары бар денотаттармен байланысының анықталуы;
- 7) жаңа денотаттың аталым стратегиясының айқындалуы;

8) атау шығармашылығы немесе атау қолданысы.

Туынды сөздердің бірсөзді лексикалық бірліктер ретінде бірнеше ерекше қасиеттерінің болуын Д.Митев, Л.А. Чижова, Е.С.Кубрякова т.б. ғалымдар анықтап, оларды былайша сипаттайды:

1) тілде бар аталымдық бірліктер негізінде жасалады;

2) парадигматика және тілдік семантикалық бірліктер мен категориялар иерархиясында белгілі орын алады;

3) басқа заттармен ассоциативтік байланыстар орнатады;

4) ақиқат болмыс құбылысы жөнінде пайымдау негізінде немесе тілде дефинитивтік түрдегі анықтама формаларының пайда болуы арқылы туындайды;

5) уәжді тілдік бірліктер ретінде беріледі, ал категориялық (жалпы, инварианттық) мағына иесі немесе туынды сөз мағынасы ономазиологиялық құрылым арқылы айқындалады;

6) құрылымдары (формасы мен семантикасы) сөзжасамдық үлгілер бойынша рәсімделеді;

7) өзінің жасалу актісі бойынша тілдік жүйенің дерегі болып табылады;

8) тілдің негізгі аталымдық-репрезентативтік және коммуникативтік қызметтерін орындауы барысында тілдік құрылымның жұмсалыуына қатысады.

Жалпы туынды сөздерді: 1) бір сөзжасамдық аффикстер арқылы берілген сөздер ретінде, яғни бір сөзжасамдық үлгі негізінде жасалған сөздер тұрғысынан; 2) туынды сөздің сөзжасамдық жұптағы, тізбектегі, ұядағы орнын айқындайтын, бастапқы сөздері бар туындылар деп қарастыруға болады.

Яғни туынды сөздердің когнитивтік құрылымы оның сөзжасамдық үлгісімен сәйкестендіріліп, кейін оны нақты лексикалық мазмұнмен толықтырады. Туынды сөздер үлгілерінің ортақтығы – олардың сипатталуын жеңілдетудің жолы, себебі олар жалпы категорияны – сөз топтарын құрайды. Әрбір үлгіге семантикалық компоненттердің өзіндік ұйымдастырылу тәртібі тән.

Сөзжасамдық үлгі – бірқатар туынды сөздердегі белгілі бір сөзжасамдық мағынаның бүкіл күрделілігі мен байланыстарын көрсетеді. Сонымен қатар сөзжасамдық үлгі – жалпылама категориялық мағынасы бар тұрақты құрылым,

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— сондай-ақ ол кез келген сөзжасамдық үдерістің басында болып, туынды сөздердің тілдің сөзжасамдық элементтері арқылы жасалуын анықтайды.

Ономасиологиялық аталымдық үдерістің бір түрі сөз тудырушы үдеріс – сөз семантикасының сөзжасамдық элементтері пайда болуына дейінгі актіде көрініс табады. Оның негізінде аталымдық актіге деген ықтиярлы мақсат көзделеді. Басқаша айтқанда, оны сөзтудырушы үдерістің уәжденімі деп атайды. Сөзтудырушы үдерістің уәжденімі аталым актісін айқындайтын бірнеше себептері мен жағдайлар кешенін көрсетеді. Мұндай себептер лингво-коммуникативтік сипатты білдіруімен қатар, экстралингвистикалық факторларға да байланысты болуы мүмкін, яғни психикалық, әлеуметтік, әлемдегі өзгерістерден туындайды. Уәжденім екі негізгі жағдайға байланысты болып келеді:

а) аталымның коммуникативтік жағдайлары (жағдаяттық немесе жеке тұлғалық);

ә) аталымның гносеологиялық қажеттілігінің сипаты (алғашқы, екінші және қайта).

Уәжденім бүкіл ономасиологиялық (аталымдық) үдерістің барысы мен сипатына, оның жеке, бөлек кезеңдеріне әсер етеді. Жалпы уәжденімді бірнеше ішкі және сыртқы факторларға байланысты аталым стратегиясының таңдалуы деп ұғынуға болады. Бұл аталымдық үдерістің алғашқы кезеңі, оның міндеті таңба жасалуының амал-тәсілі мен сипатын анықтау болып табылады.

Осы ретте, ең маңыздысы, «ақпарат (коммуникация) айналымының қай деңгейінде аталым қажеттілігі пайда болады, сөйлеу деңгейінде ме, әлде сөйлеуге дейінгі интенция деңгейінде ме?» деген мәселеге көңіл аудару қажет. Таңба жасалуының амал-тәсілі мен сөзтудырушы үлгі түрінің таңдалуы осыған тікелей тәуелді болады. Жалпы сөйлеу (жағдаяттық) уәжденім жағдайында әдетте трансформативтік (семантикалық тәсіл), транспозициялық (бір сөз табынан басқа сөз табына ауысуы), когнитивтік (бірігу немесе клишелу) үлгілері таңдалады, сондай-ақ кірме сөздер қабылдау үлгілері, сөзқосым үлгілері мен аббревиациялық үлгілер де негізге алынуы мүмкін. Түрлі аффиксті және

контаминациялық үлгілер жеке тұлғалық уәжденімдерге тән болып келеді.

Аталымның жеке тұлғалық уәжденімі қарапайым аталымдық үдеріс ретінде сипатталады. Аталым субъектісі уәжденім сипатына тікелей тәуелді дайын үлгіні негізге алуы немесе бар дүниені өзгертіп, өзінің үлгісін жасауы да мүмкін. Терминологиялық аталымдық үдеріске жеке тұлғалық уәжденім де, жағдаяттық уәжденім де сәйкес келеді. Ономасиологиялық аспект тұрғысынан терминологиялық бірліктер жай, коммуникативтік мәнмәтінде емес, керісінше, ерекше, арнайы ономасиологиялық мәнмәтінде, яғни коммуникативтік мәнмәтінге дейінгі коммуникативтік үдерісті жүзеге асыру мақсатында жасалады.

Уәждеуіш үдерістердің сипаты аталым қажеттілігімен де айқындалады. Мұндай жағдайда уәжденім аталымдық үдерістің гносеологиялық маңызын болжамдайды: нысан алғашқы рет атала ма, әлде қайта атала ма немесе біршама басқаша атала ма? Сөйтіп уәждеуіш белгі бойынша ономасиологиялық қызметтің үш түрін ажыратып көрсетуге болады: алғашқы, қайта және екінші аталым.

Алғашқы лексикалық аталым – бұл когнитивтік ұғымның лексикалық тәсілдер (сөз, лексикаланған тіркес) арқылы бұрын аталмаған құбылыстар мен заттар аталымы. Алғашқы лексикалық аталым әрқашанда тура болып келеді. Яғни алғашқы аталымда таңдалған белгі (белгілер) аталмыш нысанның атрибуттар жиынтығында маңызды рөл атқарады.

Қайта аталым дегеніміз – коммуникация түріне немесе аталмыш жағдаятта алғашқы аталымның қолайсыздығынан туындаған сол алғашқы аталым негізінде болған белгісі бойынша когнитивтік ұғымның қайта аталуы. Аталымның бұл түрі тілдің лексикалық қабатында да, терминологиялық қабатында да жүзеге асады. Қайта атаулар бір-бірін алмастыруға қабілетті (түрлі категориялы немесе бір категориялы) бір ұғымның атауларын көрсетеді. Алайда олардың мағынасы атқаратын қызметтеріне орай сәйкес келе бермейді. Мәселен, лексикалық мағына стилистикалық, синтаксистік, диалектілік, аймақтық т.б. салдарынан варианттылық танытса, терминологиялық бірліктер осыларға қоса инвариантты ұғымның варианты ретінде тілде бар

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— бірлікті белгілі бір прагматикалық мақсат тұрғысынан алмастырады.

Осындай прагматикалық ұстанымдары ретінде: сөйлеу қолданысына оңай, жеңіл және тілдік құралдарды үнемдеу мақсатында ықшам терминдердің жасалуы (аббревиациялық, жұрнақты-компрессивтік терминдер т.б.) мүмкін. Лексика саласында қайта аталымдар таза коммуникативтік аспектіде сөйлеу құралы ретінде қолданылып, негізінен, коннотативтік атаулар жасалуын қамтамасыз етеді. Екінші лексикалық аталымдардың қайта аталымдардан басты ерекшелігі олар семантика тұрғысынан бір-бірін толықтырып отырады.

Сонымен, сөзтудырушы үдерістің алғашқы кезеңінде болашақ сөздің мағынасының өзегі қалыптасады. Оның категориялық бөлігі (синтагманың өзекті сөзі әрқашанда болашақ сөз мағынасының категориялық қатыстылығын айқындайды), сигнификаты (субъект аталым сәтінде нақты қандай затқа немесе құбылысқа атау беретінін ұғынады) және референттік бөлігі (эмпирикалық ақпараттың бөлігі синтагманың сыртқы валенттілігі жөніндегі мәлімет) болады. Тағы да айта кететін жайт, алғашқы аталымда атаулардың референттік бөлігіне эмоционалдық пен эспрессивтілік жат құбылыстар болып саналады.

Ал екінші аталымда мазмұнның қалыптасуы басқаша түрде көрініс береді. Оның басты ерекшелігі бұрын аталған когнитивтік ұғымның функционалдық немесе семантикалық тұрғыдан басқаша ойластырылуы жүзеге асады. Осы тұрғыдан келгенде, жаңа аталымдар немесе неологизмдер түрлі аспектіде жіктеледі:

1) жаңа денотаттарды белгілейтін жаңа терминдер (кірме терминдер қабылдау);

2) тілде бар лексемалардың мағынасының кеңею нәтижесінде терминдік мағынада қолданылуы;

3) тілде бар денотаттың қайта аталуы.

Жоғарыда айтылған пікірлерді түйіндей келе, мынадай қорытынды жасауға болады: тілдің негізгі қызметі танымдық, когнитивтік болып табылады. Когнитивтік теориясы тұрғысынан тіл – таным-білім мен қоғамдық-тарихи тәжірибені игеру құралы, сондай-ақ ой-сана қызметін айқындайтын тәсіл. Лингвистиканың когнитивтік теориясы аталым теориясына

сүйенеді. Аталым концепциясындағы атаулану үдерісі тілдік элементтер мен ақиқат болмыс деректерінің арасында белгілі байланыс орнатып, заттар мен құбылыстар атауларының ұғымдық топтарын тілдік таңбалардың бір жүйесіне орнатады. Аталатын ұғымдарды белгілі бір категориямен байланыстыру, оларды белгілі бір топтарға ұйымдастыру арқылы көптеген аталымдық бірліктерді жасауға болады. Тілдің аталымдық бірліктері семантикалық мазмұны мен құрылымдары тұрғысынан алуан түрлі болып келеді. Олардың ішінде туынды сөздер маңызды рөл атқаратыны сөзсіз.

Туынды сөздер – тілдің аталымдық құралының бірі ретінде адамның танымдық қызметінің барысын айқын көрсететін тілдік бірліктер. Күрделі немесе туынды сөздер бөлшекті құрылымға ие болады, бұл құрылым семантикалық маңызды компоненттерден тұрады. Өз кезегінде аталмыш компоненттер тілдік құралдардың байланыстары мен заттар арасындағы қарым-қатынастарды реттеудегі ой-сана жұмысының нәтижесі болып саналады. Түбір сөздерден туынды сөздердің ең басты ерекшелігі оның мағынасының құраушы компоненттер мағынасынан шығарылуы.

Сонымен, терминжасам мен сөзжасамның ерекшеліктеріне мыналар жатады:

1) егер жалпы қолданыстағы сөздер бүкіл қоғамның қарым-қатынас жасау қажеттіліктерінен туындайтын болса, сондай-ақ оны жасаушы ретінде сол тілде сөйлеуші кез келген адам болуы мүмкін болса, терминжасамда керісінше терминдер белгілі бір тар шеңберлі сала ұғымдарын атау қажеттілігінен жасалып, сол саланың бір топ кәсіби байланысты адамдар қарым-қатынасын қамтамасыз етеді;

2) ТА әрқашанда саналы мақсатты үдеріс болып табылады;

3) термин шығармашылығының саналы түрде жүргізілуі оны бақылайтын, қадағалауға болатын үдеріс ретінде көрсетеді;

4) лексикалық бірлік сөзжасамына қарағанда терминнің сөзжасамдық әктісі әлдеқайда күрделі және қиын, себебі жалпықолданыстық сөзжасам үшін тілде бар сөзтудыру амалдарының бірі қолданылғаны жеткілікті болса, ТА мазмұнын айқындау үшін ұғым дефинициясы қажет;

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

5) ТА үшін міндетті түрде ішкі форманың айқындылығы қажет;

6) терминологиялық сөзжасам әктісі ұғымдар жіктемесіне тікелей тәуелді;

7) ТА бір түбірлі атаулар жасалымында реттілікті сақтаған жөн (мысалы, үдеріс белгісі мен тұлға ұғымдарында).

ТА мен терминологиялық жүйелердің қалыптасуы бізді қоршаған орта құбылыстары мен заттарының алғашқы аталымы және тілдің лексикалық қор қалыптасуымен салыстырғанда кейінгі үдеріс болып табылады.

Профессор Ш.Құрманбайұлы өзінің «Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері» атты ғылыми мақаласында былай деп жазды: «Әр салалық терминологияның ұғымдар жүйесінің ерекшелігін көрсететін терминдік элементтер модельдерді айқындап, терминдердің түрлері мен типтеріне қарай бөле отырып, оларды тілдік тұрғыдан жүйелеудің қажеттілігі дәл қазіргі кезеңде айқын аңғарылып отыр. Ұлт тілінде термин жасау мен терминологияны қалыптастырудың әдістемесін орнықтыруда өз тіліміздің сөзжасамдық ерекшелігі, ішкі заңдылықтары сақталумен қатар терминологиялық жүйеге қойылатын жалпы талаптар мен өзге тілдердің терминологиясын қалыптастырудың бізге жарайтын ұтымды жақтары да назардан тыс қалмауы керек. Сондай-ақ арнаулы саланың терминдер жүйесін қалыптастыруда сол саланың ұғымдар жүйесінің өзіндік ерекшеліктері ескерілуі тиіс» [294, 9-10 бб.]. Терминжам тәсілдері терминологиялық жүйе қалыптасуы уақытына тәуелді. Терминжасамда тілдік пуризмнің етек алуы да, тым кірме терминдерді қабылдай беру де дұрыс емес. Ең алдымен термин – бұл белгілі бір ғылым саласының элементі. Оның мазмұн межесі тілден тыс болмыспен айқындалса, тұрпат межесін жасалынды іріктеліп алынған терминдік элементтер немесе өзінің я өзге тілдің тілдік элементтері құрайды.

Туынды терминологиялық бірліктердің ономасиологиялық құрылымы

Кез келген тілде терминжасам үдерісі ең алдымен сол тілдің өз сөздік құрамы, ұлттық лексикасы негізінде жүзеге

асырылады. Демек, терминдер тілде бұрыннан бар сөздер мен түбірлерден жасалады. Осыған орай, терминдер қатарында сол тілге тән әртүрлі құрылымдық типтері кездеседі: түбір сөз, туынды сөз, күрделі сөз, сөз тіркесі және т.б.

Ғалым-терминолог Ө.Айтбайұлы «Қазақ сөзі» атты еңбегінде қазақ тіліндегі терминжасам тәсілдері мәселесіне кеңінен тоқталады: «Жаңа термин жасаудың тілдерде, оның ішінде, әсіресе түркі тілдерінде қалыптасқан мынадай бірнеше жолын, алдымен, атап көрсетуге болады: семантикалық тәсіл, морфологиялық тәсіл, синтаксистік тәсіл және калькалау тәсілі. Аталып отырған тәсілдің бәрі де, негізінен, екі түрлі арнадан туындайды. ... Оның бірі – тілімізде бұрыннан бар сөздерді терминдік мәнде қолдану болса, екіншісі – жаңа терминдерді қазақ тілінің сөзжасам мүмкіндіктерін пайдалана отырып жасау» [112, 125 б.].

Дегенмен, бұл аталған терминжасам тәсілдердің барлығы аталым шеңберінде өтетіндігі күмән келтірмейді. Себебі, тіл білімінде қалыптасқан «аталым» термин мағынасының астарында екі тілдік құбылыс көрініс табады: аталымдық бірліктің жасалу үдерісі және осы үдерістің нәтижесі – аталымдық бірлік. Қазіргі қазақ тіл білімінде көптеген зерттеушілер аталымның үдерістік аспектісінің мәселелеріне ерекше мән береді. Ономазиология саласының негізгі зерттеу нысаны аталымдық бірліктердің жасалу үдерісі болып табылады. Бұл мәселе жөнінде белгілі тіл зерттеушісі Н.Д.Шмелев былай дейді: «Жалпы аталым тәсілдері әртүрлі тілдерде бірдей болып келеді. Жаңа затты, құбылысты т.б. белгілеу үшін сол тілде бар аффиксті тәсілдерді қолдануға немесе басқа тілден алуға болады (бұл ретте лексикада жаңа тілдік бірліктер пайда болады), бар сөздің мағынасы қайта қарастырылуы мүмкін (мұндай жағдайда тілде көпмағыналық құбылысы ұлғая түседі). Сонымен қатар жаңа ұғым сипаттамалы түрде белгіленіп, тілдік жүйеде көп құрамды аталымдар орын алады (бұл тұста тілдегі біртұтас ұғым – біртұтас таңба тұрақтылығы бұзылады)» [295, 30 б.].

Қазақ грамматикасының теориялық мәселелерін зерттеуге үлкен үлес қосқан ғалым С.Исаев өзінің қазіргі қазақ тіліндегі

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— сөздердің грамматикалық ерекшеліктерін талдауға арналған зерттеуінде мынадай ой айтқан болатын: «Бөтен тілден енген сөздерге де, әртүрлі семантикалық процестердің (мағынаның кеңеюі мен тарылуы; бөлшектің бүтінге ауысуы, ұқсату т.б.) семантикалық процестердің нәтижесінде жаңа мағынаға ие болып отырған сөздерге де (бұл халық тілінде, әсіресе, көркем әдебиетте бірер рет қолданылатын келтірінді, ауыспалы, кейде метафоралық мағына емес), сөзжасам қосымшалары үстелу арқылы жасалған туынды сөздерге де, аналитикалық тәсіл (бірігу немесе кірігу, қосарлану, тіркесі) арқылы пайда болған күрделі сөздерге де тән басты тілдік қасиет – жаңа сөз тудыру, сол арқылы тілдің лексикалық құрамының қатарын жаңа туындылармен толықтыра, байыта, көбейте түсу. Өйткені тілімізде бұрын болмаған бөтен тілден енген сөз де жаңа сөз, жаңа мағынаға ие болған сөз де жаңа сөз, бірігіп (кірігіп), қосарланып, тіркесу арқылы жасалған күрделі сөз де жаңа сөз...» [296, 240-241 бб.].

Бұдан байқайтынымыз, аталым тәсілдері дегеніміз «жаңа сөз тудыру немесе дайын аталымдық бірліктерді пайдалану үшін аталымның ішкі және сыртқы тәсілдерінің (мүмкіндіктерінің) қолданылуы» [297, 79 б.]. Осымен байланысты атауларды тұтас құрылымды және бөлек құрылымды деп бөліп көрсетуге болады. Осы ретте терминжасам үдерісі барысында туындайтын терминдердің басым көпшілігін тұтас құрылымды туынды терминдер құрайды.

Туынды сөздер жасалуы барысында терминжасам үдерісінің семантикалық нәтижелері төменде келтірілген түрлердің біріне жатады:

1) таза транспозиция (сөздің бір сөз табынан басқа сөз табына ауысып, мағынасының ешбір өзгеріссіз қалуы): *аударылған мәтін → аударма мәтіні*;

2) транспозиция (туынды сөздің синтаксистік сипаты мен мағынасының өзгеруі): *жеткізу → жеткізілім, түсу → түсім*;

3) модификация (бір сөз табына жататын сөз тудырушы және туынды сөздер терминдері арасындағы айырмашылықтар): *тіл → тілші, аударма → аудармашы, анықтама → анықтамалық*;

4) мутация (бір сөз табы терминдерінің грамматикалық және мағыналық ерекшеліктері): *төраға* → *төрайым*.

Осы орайда, біздің ойымызша, семантикалық өзгерістердің ең алғашқысы синтаксистік деривация, екінші және үшінші типтері – лексикалық деривация, ал төртінші тип терминдік деривация ұғымдарына сәйкес келеді.

Терминжасам тәсілдерінің мәселесіне тоқталатын болсақ, онда көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, жалпы қазақ тілінің сөзжасам тәсілдерінің қай-қайсысы да терминжасам үдерісінде өнімді қызмет атқара алады. Алайда ең өнімді тәсіл арқылы жасалған терминдер аффиксті тұлғалар болып табылады.

Біз бұл тарауда туынды терминдерді ономазиологиялық құрылымдарың ұғымдық қасиетінің күшеюі тұрғысынан орналастырамыз: күрделі терминдер, аффиксоидты терминдер, қысқартулар, аффиксті терминдер. Олар әрі қарай да өзара аталмыш сипаттың бағытына орай жіктеледі.

а) Күрделі сөздер

Қазақ тіл білімінде күрделі сөз табиғатын зерттеуге арналған еңбектер біршама. Күрделі сөз ұғымын қос сөз терминімен айтып, алғаш зерттеген А.Байтұрсынұлы: «Қос сөзде екі сөз бірыңғай болса, мәселен, екеуі бірдей жуан я жіңішке айтылатын болса, онда екеуі айырылмай тұтас жазылады (басқұр, қолқап, Балжан, желкесер, айбалта ...).

Қос сөзде екі сөз бірыңғай болмаса, мәселен, бірі жуан, бірі жіңішке сөз болып келсе, онда аралары сызықшамен айырылып жазылады (жел-бау, төсек-ағаш) ...» [190, 183 б.]. Сондай-ақ профессор Қ.Жұбанұлы тұңғыш рет қазақ тіліндегі күрделі сөздерге былайша анықтама берген болатын: «Бірнеше сөздер қосылып, бір ғана екпінге – ең соңғысының екпініне бағынып, кейде бәрінің не біреуінің сыртқы формасы өзгеріп, не өзгермей-ақ бәрінің не біреуінің бұрынғы мағынасы өзгеріп, сондықтан бәрі жиналып бір-ақ нәрсенің аты болып, бір-ақ мағына беретін, сөйлемде бір-ақ мүше болып, бір-ақ сөздің орнына жүретін болса осыны кіріккен сөз дейміз» [298, 91 б.].

Күрделі сөздердің ерекшеліктеріне байланысты маңызды мәселелер К.Аханов зерттеуінде қозғалған. Ғалым күрделі сөздердің мынадай ерекшеліктерін атап көрсетеді:

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

«1) күрделі сөз кемінде екі түбірдің (немесе негіздің) бірігуінен, тіркесуінен, қосарлануынан, қысқаруынан жасалады; 2) күрделі сөз жасайтын бұл сыңарлар семантикалық жағынан да тұтасып, бір ғана ұғымды білдіреді; 3) күрделі сөздің құрылымдық тұтастығы бұзылмайды, оның сыңарларының арасына сыналап, басқа бір сөз кіргізуге және олардың орнын ауыстыруға да болмайды; 4) күрделі сөздің сыңарлары тұтас бір ауа түйдегімен үзіліссіз-үзкісз айтылады, бір ғана дауыс екпініне бағынады» [299, 49-97 бб.]. Күрделі сөздерге берілген дәл осындай анықтамаларды Ф.А.Ғаниев еңбегінен де көреміз [300, 30-31 бб.]. А. Ысқақовтың анықтамасы арнайы көңіл бөлуді қажет етеді: «Күрделі сөз деп кемінде екі я онан көп дара сөзден (жалаң я туынды түбірлерден) құралып, ритм-ырғақ жағынан бірұдай, лексика-семантикалық жағыннан біртұтас, лексика-грамматикалық жағынан бірбүтін тұлға болып бірлесіп тұрматалған құрама сөзді айтамыз» [116, 120 б.].

Өзге түркі тілдеріндегі сияқты қазақ тілінде де күрделі сөздерге қатысты маңызды мәселелердің бірі – олардың бірге немесе бөлек жазылуы. Бірқатар тілшілер күрделі сөздерді бөлек жазған дұрыс дейді. Күрделі сөздердің орфографиялық тұрғыдан бөлек жазылуын қолдайды. Мұны олар «қырғыз ғалымдары нақты бір түркі тілінде «күрделі сөз» деп аталған тілдік бірліктің компоненттерін мейлінше бөлек жазу ең дұрыс принцип болып табылады» деген пікірді негізге ала отырып, күрделі сөздердің бөлек жазылуы туралы көзқарасты ұстанады [301, 5 б.].

Ал қазақ, әзірбайжан, өзбек т. б. орфографияларда, керісінше, негізгі күрделі сөздердің компоненттерін мейлінше бірге жазу тұрақты ережеге айналған. Алайда күрделі сөздердің орфографиясына қатысты даулы мәселелерді мұнымен шешілді деуге болмайды.

З.Қ.Ахметжанова түркі тілдерінде күрделі сөздерді өзге аралас бірліктерден ажыратудың айқын белгілерінің жоқ екенін баса айтады: «Так, мы не можем с полной уверенностью утверждать, что каз. *ақсақал*, которому в русском языке соответствует перифраз *уважаемое лицо*, является универбом, а не сочетанием лексем» [263, 7 б.]. Бұл мәселе біздің зерттеуімізде де айрықша маңызды болып табылады.

Бірге жазу үрдісі әдеби тіл тәжірибесінде мейлінше өріс алып келеді. Әсіресе журналистер терминдер мен т.б. сөздердің тұтас ұғымды белгілеу тәсілі және рационалдық форма тәжірибесі ретінде тұтас жазылуын кеңінен қолдап дамытуда. Бұрын морфология құрамында қарастырылып келген сөзжасамды тіл білімінің жеке саласы ретінде бөліп көрсеткен жаңа еңбек авторлары да күрделі сөздердің тұтас, бірге жазылуы туралы пікірді қолдайды [302, 206-210 бб.].

Күрделі сөздерді топтастыруда үлкен қиындықтар кездеседі. Өйткені бұған дейін жарық көрген еңбектерде күрделі сөздер құрамында бөлек тіркесетін күрделі зат есім бөлініп көрсетілген. Ал күрделі сөздердің бұл соңғы түрі біздің зерттеу аямызға кірмейді, өйткені бір сөзден тұратын атауды универбтену (универбтену үдерісінен өткен) атау деп қарастыратын универбтену үдерісіне бағытталған.

Зерттеушілер күрделі сөздердің динамикасын (даму жолын) былайша көрсетеді: «...сөзден > сөз тіркестері, сөз тіркестерінен > лексикалық тіркестер, лексикалық тіркестерден > біріккен сөздер, біріккен сөздерден > кіріккен сөздер жасалады» [303, 191 б.].

М. Балақаев былай дейді: «Күрделі сөз тіркестерінен күрделі сөздерге (біріккен сөз), одан кіріккен сөзге айналу – сөздердің бұл түрінің үнемі дамып отыратындығының нәтижесі болып табылады. Мұнда олар түбегейлі түрде сөйлеудің тұтас, бүтін коммуникативтік единицалары ретінде айқындалады (қалыптасады)» [303, 191 б.]. Осыған байланысты біз күрделі сөздерді: қос сөздер, біріккен сөздер, кіріккен сөздер және күрделі интерлингвизмдер деп бөлеміз.

1) Қос сөздер.

Бұл күрделі зат есімдер сөздердің лексикалық мағынасына және компоненттерінің формаларына байланысты жұптасуы арқылы жасалады. Олардың қазақ және т.б. тілдердің көп ғасырлық даму тарихы барысында пайда болып, барлық түркі тілдердің сөзжасам жүйесінде айрықша орын алып отырған әр алуан құрылымдық үлгілері және заңдылықтары бар, сондықтан қос сөз мәселелері көптеген түркітанушылар еңбектерінде жан-жақты қарастырылады: қазақ тіл білімінде І.К.Кеңесбаев [304], якут тіл білімінде Е.И.Убрятова [305], өзбек тіл білімінде А.Н. Кононов [306], қарақалпақ тіл

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— білімінде Н.А.Баскаков [307], ұйғыр тілі материалы бойынша Ө.Т.Қайдаровтардың еңбектерін атап өткеніміз жөн [308].

М.Балақаев қос сөздерге: «...парные слова образуются из слов однотипных одинаковых в грамматическом отношении т.е. из слов одной и той же части речи... Парные слова отличаются от других сложных слов структурными и синтаксическими особенностями и служат не для образования новых лексем, как это имеет место в суффиксальном словообразовании. Им соответствуют различные способы формообразования ... и особая интонационная сочинительная связь их компонентов», – деген сипаттама береді [303, 185 б.].

Зерттеушілер қос сөздердің екі компоненті де дербес мағыналы болып келетін түрін бөліп көрсетеді. Жаңа атаулар ішінде 2-ші компоненті лексемалар тіркесінен тұратын қос сөздер ерекше көзге түседі, олардың ұғымдық дәрежесі төмен. Мысалы: *хатшы-машинке басушы* («Егемен Қазақстан», 1992, 8 қазан), *суретші-қалпына келтіруші* («Жас Алаш», 102) [171], *келімді-кетімді жан* («Ана тілі», 1994, 15 қыркүйек), *сынаушы-ғарышкер*, *зерттеуші-ғарышкер*, *зерттеуші-өтілші*, *зерттеуші-зертханашы*, *сынақшы-дәрігер*, *оқытушы-ұйымдастырушы*, *нұсқаушы-ғарышкер*, *нұсқаушы-ұшқыш*, *рәсімдеуші-суретші*, *жаңғыртушы-суретші*, *құрылымшы-суретші*, *мүсінші-суретші*, *қоюшы-суретші*, *сәнгер-суретші*, *жобалаушы-сәулетші* («Жас Алаш», 92:51), *жөндеуші-реттеуші* («Жас Алаш», 52), *суретші-жаңғыртушы* («Ана тілі», 1993, 29 шілде), *туындыгер-шығармашы* («Ана тілі», 1993, 25 наурыз), *тәлімгер-ұстаз* («Жас Алаш», 19), *дәрі-дәрмекші* («Ана тілі», 1992, 9 шілде), *сылап-сипаушы*, *ақылышы-ұстаз* («Жас Алаш», 19), *көші-қоншы*, *ұстаз-жетекші* («Жас Алаш», 109).

Қос сөздердің орыс тілі элементтерімен жасалуы, сөзсіз, жаңа құбылыстар қатарына жатады. Қазақ тіліндегі қос сөздердің құрамында орыс сөздері жиі кездеседі. Мысалы: *медик-ғалымдар*, *онколог-ғалымдар*, *ғалым-педагог*, *аспашы-слесарь* («Жас Алаш», 22), *репатриант-басқындар* («Егемен Қазақстан», 1994, 9 қазан), *модельші-конструктор*, *инженер-құрастырғыш* («Ана тілі», 1996, 11 қаңтар), *инженер-жасағыш*, *инженер-ойластырғыш*, *инженер-түзгіш* (барлығы сонда), *электрші-жөндеуші* («Алматы ақшамы»,

1994, 2 қыркүйек), *бутафор-суретші, гримші-суретші, дәрігер-диетолог, инженер-нұсқаушы, психолог-ұстаз, инспектор-тексеруші, хатшы-референт, аудармашы-редактор, суретші-декоратор, әртіс-конферансье, делдал-статистик* т.б.

Алғашқы компоненті ғана дербес мағыналы болып келетін қос сөздер келесі топты құрайды. Біз қарастырған еңбектерде мұндай жасалымдар кездеспейтіндіктен, көпшілікке бұрыннан таныс мысалдарды көрсетумен шектелеміз: *балашаға, қыз-қырқын, келін-кепіш* т. б.

2) Біріккен сөздер.

Бірігу – сөзжасамның өнімді тәсілдерінің бірі. М.Балақаев біріккен сөздердің мынадай ерекшеліктерін көрсетеді: «1) Сабақтаса байланысады; 2) екі сөз қиюласып, біртұтас ритмикалық әуенмен айтылады; 3) екі сөздің бірігуінен оның құрамындағы сөздердің мағыналары солғындап, жаңа сөз, жаңа атау жасалады: шекара, бесжылдық, бірталай т.б; 4) екі сөз көбінесе атау-түбір тұлғалы болады. Тұлғалық үйлесімі болуы шарт емес» [303, 195 б.]. Біріккен сөздердің айрықша белгілері жөнінде Г.Жәркешева былай дейді: «... тұтас бір ұғымды білдіреді, сөйлем құрамында жеке бір мүшесі болып табылады, тұтас бір екпінмен сипатталады» [309, 70 б.]. А.Бсқақов: «Біріккен сөз деп компоненттері мағына жағынан да елеулі өзгерістерге ұшырамай-ақ өзара бірігіп, жинақалған біртұтас лексика-семантикалық мағына білдіретін күрделі сөзді айтамыз», – деп көрсетеді [116, 139 б.].

Сөзжасаушы және сөзтүрлендіруші аффикстер (яғни көптік, тәуелділік, септік жалғаулары т.б.) күрделі сөздердің соңынан жалғанады. Күрделі зат есімдердің компоненттері – зат есім (N), сын есім (A), етістік фомасы (V), сан есім (C) болады. Олар бағыныңқы бірігу негізінде лексикалық тұтастық құрайды.

1) Біріккен сөздерді жіктеуді аффикстік (тұлғалық, жақтық адам ұғымын білдіретін аффикстер) дербес сөздерге тең компоненттерінің бірігуінен бастаймыз:

а) NN үлгісі: *қауындопшы* («Жас Алаш», 70), *көшбасшы*, *көсемсөзші* («Егемен Қазақстан», 1994, 28 сәуір),

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—
дәйексөзшілдер («Жас Алаш», 38), тыңжерші («Жас Алаш»,
60), жанемші (психиатр) («Ана тілі», 1993, 23 желтоқсан),
аратөреші («Жас Алаш», 21), жанемгер (психотерапевт)
 («Ана тілі», 1993, 23 желтоқсан) т. б.

б) А/СN үлгісі: қызылізшілдер («Қазақстан мектебі», №10,
1983), теңтуындыгер («Ана тілі», 1993, 25 наурыз),
жекеменшіктеуші («Ана тілі», 1994, 25 тамыз),
көпсайысшы, онсайысшы, теміржолшы т. б.

2) Аффикстердің дербес сөзге теңеспейтін (дербес сөз
болмайтын) тірек компоненттердің бірігуі. Мысалы, *-тану, -бет,
-ит: түркітанушы, сөзтанушы* («Егемен Қазақстан», 1993, 2
қараша), *саясаттанушы* («Жас алаш», 1991, 19 қараша),
*абайтанушы, әдебиеттанушы, өлкетанушы, шығыстанушы,
жаратылыстанушы, мұхиттанушы, құжаттанушы* т. б.

3) Тұлғалық (адам) ұғымды білдіруші аффикстерсіз дербес
сөздерге тең компоненттердің бірігуі:

а) NN үлгісі: *бортсерік, желаяқ* («Жас алаш», 48), *жолсерік*
 («Жас алаш», 51), *аспансерік, ойынсерік* («Жас алаш», 87),
ойсана («Жас алаш», 87), *жансерік* («Ана тілі», 1990, 24 мамыр),
мүлікбасы («Жас алаш», 84), *елбасы* («Саясат», №3, 1997),
елағасы («Ана тілі», 1990, 7 қараша), *қалабасы* («Жас алаш»,
68), *қолбасы* («Ана тілі», 1991, 31 қазан), *елжанды* («Егемен
Қазақстан», 1992, 1 мамыр), *төраға* («Жас алаш», 115), *төрайым*
 («Халық кеңесі», 1994, 13 тамыз), *төліе* («Ана тілі», 1994, 6 қазан),
мейіраға («Халық кеңесі», 1994, 13 тамыз), *мейірбике* («Ана тілі»,
1993, 21 қазан), *жасақағасы* («Ана тілі», 1992, 2 сәуір), *адамжан*
 («Ана тілі», 1994, 6 қазан) т. б.

ә) А/СN үлгісі: *әділқазы* («Қазақстан әйелдері», 1993, 3
қараша), *жасөспірім, ортаағасы* («Ана тілі», 1992, 2 сәуір),
жузағасы («Ана тілі», 1992, 2 сәуір), *жүзбасы* («Ана тілі»,
1991, 31 қазан), *мыңағасы* («Ана тілі», 1992, 2 сәуір), *онбасы*
 («Ана тілі», 1991, 31 қазан), *отызбасы* т. б.

б) NV үлгісі: *ізбасар, ізашар, бақсынар* («Ана тілі, 1993,
21 қазан), *жанкүйер* («Жас алаш», 92:44), *өнерсүйер*
 («Егемен Қазақстан», 1997, 7 қазан) т. б.

в) VV үлгісі: *алытсаңар, оқыптуған* («Зерде», 1990, №3) т. б.

3) Кіріккен сөздер.

Кіріккен сөздер – күрделі сөздердің айрықша
деформаланған түрі. «Олар тілдің ұзақ даму үдерісіндегі жаңа

жасалымдар болып табылады». Мысалы: *жекжат* (*жақ+жат*), *қайнаға* (*қайын+аға*), *ағайын* (*ағай+іні*), *балдыз* (*бал+жүз*) т. б. Кіріккен сөздердің компоненттері үлкен, арнайы лингвистикалық зерттеусіз қалпына келмейтін өзгерістерге ұшырап отырады.

4) Күрделі интерлингвизмдер.

Академик Ө.Айтбаевтың зерттеуінде халықаралық сөздердің (*біздің терминологиямыз бойынша интерлингвизм - Қ.Ж.*) жаппай аударылуы әртүрлі еңбектерде кездеседі [112]. Қазақ тілінің орфографиялық сөздігіне *кино, радио, фото* интерлингвизмдер дербес сөздер ретінде (жеке-жеке) берілген. Мысалы: *кино: киноактер, киноартист, кинодраматург, киномеханик, кинооператор, кинорежиссер, киносүйер* («Егемен Қазақстан», 1997, 5 маусым), *киноқұжатшы* («Ана тілі», 1994, 4 ақпан); *радио-: радиоәуесқой, радиокомментатор, радиоператор, радиотехник, радиотелеграфшы, радиожурналишы* («Ана тілі», 1997, 24 шілде); *фото - : фотокорреспондент, фоторепортер, фототілші* («Ана тілі», 1997, 20 ақпан) т. б.

Осылайша, күрделі сөздерде бұрын лексемалар тіркесі арқылы берілген ұғымның бөлінбейтіндігін, біртұтастығын бүтін бір формада көрсетуге ұмтылыс байқалады. Бұл ұғымның бөліктері (бөлшектері) уәжді түрде белгілі болады, сондықтан да ұғымдық қасиеті төмендеу.

ә) Аффиксоидты терминдер

Туынды сөздердің негізгі белгілерінің бірі – оның басқа түбірлес сөзбен байланыстылығы. Туынды сөздің лексикалық мағынасының болуы оны ерекше атау ретінде танытады да, түрлі сөздіктерге енеді. Туынды сөздердің түбір сөздерден ерекшелігі олар өз мағынасын басқа сөз мағынасына сілтеу арқылы білдіреді. Мысалы, *ізденуші, тексеруші, тербетуші, үйренуші, қорғанышы* сөздердің мазмұны олар атқаратын іс-қимылды, әрекетті білдіретін етістіктер мағынасына алып келеді: *ізде, тексер, тербе, үйрен, қорға*. Осы тұрғыдан, туынды сөздер екінші дәрежелік, басқа тілдік таңбаларға бағынышты құрылымдар болып саналады. Туынды құрылымдар қатарына күрделі сөздер, аффиксоидты құрылымдар, аффиксті сөздер жатады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Қазіргі тіл білімінде сөзжасам жүйесіндегі аффиксоидтардың орны күмән келтірмейді. Дегенмен тіл ғылымында аффиксоид мәселесі зерттеушілер тарапынан әлде де үлкен қызығушылық танытуда. Қазіргі таңда лингвистикада аффиксоидтарға қатысты үш концепция қалыптасты.

Бірінші концепцияны қолдаушылар аффиксоидты құрылымдарды күрделі сөздер қатарына жатқызады. З.Д.Котелованың пікірі бойынша: «Сөздікке жаңа морфемалар енгізілуде: 1) күрделі сөздердің бірінші сыңарлары (компоненттері) – префиксоидтар... 2) күрделі сөздердің екінші сыңарлары – суффиксоидтар» [310, 24 б.]. Бұл жөнінде В.В.Белый: «Күрделі терминдер – зат есімдер арасында аффиксоидты атаулардың басым көпшілігі – ерекше назар аудартады», – деген қорытынды жасайды [311, 16 б.].

Екінші концепцияны ұстанушы тілшілер аффиксоидтарды таза аффикстер деп санайды да, олардың жасалуын тірек лексемалар элементтерінің «семантикалық ажырау» жолы арқылы түсіндіреді [312, 155 б.]. Осы орайда Н.М.Шанский интерлингвизмдерге қатысты: «-лог, -ман, -фил, -фоб т.б. жұрнақтарға аякталатын сөздерде -олог, -оман, -офил, -офоб морфемалары айқын ажыратылады. Олар «таза» суффикстер...», – десе [313, 115 б.], ғалым Н.И.Сергееваның пайымдауынша: «Қазіргі сөзжасамдағы -лог, -вед, -вод элементтері жаңа атаулар жасау үдерісінде жиі қолданылып, сөз құрамында жалпы мағынаға ие... сондықтан олар – аффикстер» [314, 21 б.].

Үшінші концепция бойынша сөзжасамда «өтпелі» және сонымен бірге «тұрақты аймақ» болады. Сондықтан аффиксоидты құрылымдар түбірден басталып, аффикс дәрежесіне өтуімен аякталады деп түсіндіріледі [314, 21 б.]. М.М.Копыленко орыс тіліндегі *пол(у)*- аффиксоидының десемантизация және грамматикалану үдерісінің түрлі кезеңдерін көрсетіп, оның алдымен толық мағыналы компоненттен префиксоидқа айналуын, одан әрі қарай префикс қатарынан табылу заңдылығын дәлелдеп береді [316, 21-22 бб.].

Осы тұрғыдан келетін болсақ, негізгі мәселе аффиксоидтарды күрделі сөздер компоненттеріне немесе

аффикстер қатарына жатқызамыз ба дегенде емес. Ал сөзжасамдық форманттар ішінде ерекше «түбір де емес, бірақ әлі аффикс те емес» бір топтың пайда болуында [317, 78 б.].

Тіл білімінде аффиксоидтардың негізгі белгілері ретінде төмендегілер көрсетіледі: қайталанымдылық, өнімділік, омонимдік түбірлерге тән емес абстрактілі мағынаның пайда болуы, толық мағыналы коррелятпен семантикалық байланыстың үзілуі (Е.С.Кубрякова, Н.М.Шанский, М.Д.Степанова, Э.А.Григорян, С.А.Колчин).

«Аффиксоид» термині «аффикс және гректің «тәрізді» сөздер тіркесінен туындаған. Аффиксоидтарды біз түбір және аффиксті морфемалар арасындағы аралық орынды иеленетін сөздердің сөзжасамдық бөлшектері деп танымыз. «Аффиксоидтар – өтпелі түрдегі морфемалар. Олар аффикс тәрізді, бірақ аффикске де, түбірге де сәйкес келмейді» [318, 194-195 бб.]. Аффиксоидтарды кейде сөз-элементтер немесе жартылай аффикстер деп те атайды. Аффиксоидтардың пайда болуы заңды құбылыс болып табылады. Себебі аффиксоидтар күрделі сөздер компоненттерінен жасалып, уақыт өте өздерінің толық мағыналы коррелятынан ажырайды. Олар арасындағы семантикалық байланыс әлсізденіп, түбірлердің аффикстер қатарына бірте-бірте өту құбылысын байқауға болады.

Қазақ тіл білімінде М.Б.Балақаев: «...біріккен сөздердің кейде басыңқы, кейде бағыныңқы сыңарларының мағыналары күңгірттеніп, морфемалық дәреже бейім тұрады. Ондайлар жүре-бара көптеген біріккен сөздер құраудың амалына айналады. Мысалы *-тану*: *абайтану, әдебиеттану, жаратылыстану, өлкетану; -бет*: *бетбақ, бетбұрыс, бетперде, бетінезер, беташар; -ит*: *итсигек, итемген, итмұрын, итаяқ; -құмар*: *атаққұмар, бәлеқұмар, баққұмар* және т.б.», – деген пікірді білдіреді [303, 207 б.]. Осы мәселеге қатысты Б.Қасымның пікірі төмендегіше: «...аффиксоидтармен жасалған сөздер күрделі сөзге жатар ма екен деген де ой туады, себебі бұл құбылысты қазір лингвистикада сөзжасамның синтетикалық тәсіліне жатқызып жүр. Тілде аффиксоидтар жалпылық мәнге көшіп, жұрнақтардың дәрежесіне жеткен морфемалар болып табылады. Қазақ тілінде *-хана, -тану, -құмар, -паз, -нама*

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— т.б. журналдардың қызметін атқарады, олардың ішкі мазмұны белгілі өзгеріске ұшыраған грамматикалық тұлғалар» [64, 17 б.].

Қ.Күдерінова аффиксоидты құрылымдарға: «*-аралық* (ауданаралық, қалааралық), *-хана* (асхана, әжетхана), *ара-* (аракатынас, аражік), *-басы* (әскербасы, батырбасы, дінбасы), *-жанды* (ақынжанды, әйелжанды), *-жай* (жағажай, мекенжай, әуежай), *-хат* (сенімхат, арызхат), *-қап* (аяққап, кесеқап)» секілді тұлғаларды жатқызады [319, 114 б.].

Біздің ойымызша, бұл қатардағы *-хана*, *-паз*, *-нама* грамматикалық тұлғалары – аффиксоид дәрежесінен өтіп, қазірде толық аффикске айналған форманттар. Себебі түбір сөз ретінде қолданылмайды да, тек журнал қызметін атқаруымен ғана сипатталады. Сонымен қатар, *-қап*, *-аралық*, *-жай* тұлғаларының да аффиксоид болу мүмкіндігі күмән келтіреді. Өйткені аффиксоидтардың басты белгісі – олардың сөзжасамдық қабілетінің өнімділігінде. Мысалы, *-құмар* грамматикалық элементін біз толық аффиксоид деп білеміз, себебі бұл компонент әр зат есім тұлғасымен тіркесіп, атау жасауда мүмкіндігі шектеусіз: *атаққұмар*, *араққұмар*, *аңқұмар*, *арызқұмар*, *атқұмар*, *әнқұмар*, *әділқұмар*, *әңгімеқұмар*, *бәлеқұмар*, *баққұмар*, *дүниеқұмар*, *даңққұмар*, *кітапқұмар*, *картақұмар*, *жырқұмар*, *қалжыңқұмар*, *қанқұмар*, *қағазқұмар*, *құлқынқұмар*, *мақтанқұмар*, *малқұмар*, *мансапқұмар*, *мәжілісқұмар*, *өсекқұмар*, *пайдақұмар*, *сөзқұмар*, *соғысқұмар*, *сәнқұмар*, *ұрысқұмар*, *шайқұмар*, *шатаққұмар*, *шенқұмар* және т.б.

Қазақ тіліндегі аффиксоидты құрылымдар келесі түрлерге бөлінеді:

1. Бірінші сыңары интерлингвизм компонентті аффиксоидты атаулар: *астрофизик*, *геофизик*, *геохимик* т.б.;

2. Тірек сыңары интерлингвизм компонентті аффиксоидты атаулар: *-лог*: *бактериолог*, *библиолог*, *венеролог*, *гистолог*, *дерматолог*, *дефектолог*, *идеолог*, *паразитолог*, *формаколог*, *антрополог*, *лексиколог*, *терминолог*, *эпидимиолог*, *минеролог*, *анестезиолог*, *бактериолог*, *текстолог*, *климатолог*, *вирусолог*, *археолог*, *метеоролог*; *-граф*: *библиограф*, *кардиограф*, *каллиграф*,

метеорограф, картограф, лексикограф, терминограф, цинкограф және т.б.;

3. Тірек сыңары қазақтың төл сөзінен құралған аффиксоидты атаулар: *-басы: әскербасы, дінбасы, елбасы; -тану: абайтанушы, әуезовтанушы, шығыстанушы, өлкетанушы, әдебиеттанушы, театртанушы, құқықтанушы және т.б.*

Аффиксоидтар құрылымы жағынан бір морфемалық: *-тану, бет-, ит-,*

ара-, -хат, астра-, гео-, -лог, -граф, -басы және құрамды морфемалық: -танушы, -аралық болып жіктеледі.

Ғалым-терминолог Ш.Құрманбайұлы өзінің «Қазақ терминологиясының ғылыми қағидаттары» атты мақаласында жалпы қазақ терминологиясын дамыту мен жетілдірудің негізгі ғылыми қағидаттарын ұсынады: «Бірінші қағидат: Ұлттық терминқор қалыптастырудың ішкі көзі – қазақ тілінің лексикалық байлығы мен сөзжасам тәсілдерін барынша ұтымды пайдалану; Екінші қағидат: Терминқор қалыптастырудың сыртқы көзі болып табылатын өзге тілдерден термин қабылдау: а) туыстас түркі тілдерінен термин қабылдау; ә) туыстық жақындығы жоқ тілдерден термин қабылдау» [320, 12-17 бб.].

Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі аффиксоидты құрылымдар көрсетілген екі ғылыми қағидатты жүзеге асырудағы негізгі тілдік құралдардың бірі болып саналады. Әсіресе, соңғы кездері ресми ісқағаздары терминологиясы саласына қатысты іскери хаттар атауларының осындай тәсілмен кеңінен жасалғанын айтуға болады. Мысалы: *шақырухат, құттықтаухат, ұсынымхат, өтінішхат, ұсынысхат, ескертухат, алғысхат, жеделхат, ілеспехат, жолдамахат, телефонхат, сенімхат, кепілхат* және т.б.

Сонымен, аффиксоидты құрылымдар – жаңа атаулар жасаудағы ең өнімді тұлғалардың бірі. Әсіресе, терминжасам саласына қатысты атаулардың қазіргі қазақ тіліндегі құрамы жағынан күрделі терминдерді тудырушы ең өнімді тәсілге айналғанын атап өткіміз келеді.

б) Қысқарған сөздер

Қазіргі тіл білімінде лексикалық аталымның негізгі шарты болып саналатын таңбалау үдерісі гносеологиялық және

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— лингвистикалық тұрғыда қарастырылып жүр. Әрбір атаудың астарында ұғым тұрады, ал ұғым зат немесе құбылыстар жөнінде пайымдаудың жиынтығынан қалыптасады. Демек, ономасиология таныммен тікелей байланысты, ұғымның қалыптасуына қандай уәждер негіз болғанын зерттейді. Яғни «аталым-ұғым-ұлттық ойлау, таным» деген қағида аталым теориясының басшылыққа алатын теориялық негізі болып табылады.

Адамзат қоғамының үнемі өзгеруі мен дамуы, адам санасының жетілуі оның тіршілігін жаңа атаулармен толықтыру мәселесін туғызады. Бұл құбылыс өз кезегінде тілдің сөзжасам заңдылықтарына сәйкес жаңа атаулар жасап, жаңа аталымдық қатарлар түзеді. Осыған орай тіл білімінде туынды мағына – сөзжасамдық үдерістер нәтижесінде жасалатын жаңа аталымның мағынасы.

Осы тұрғыдан қарастырсақ, аббревиация да аффиксті атаулар, бірнеше сөзді терминдер, сөз тіркестері, күрделі атаулар сияқты аталымдық үдерістің нәтижесі болып саналады. «Аббревиация немесе қысқарту (сөз, буын не әріп қысқарту) амалдары да терминжасам тәсілінде кеңінен қолданылады. Бұл қазақ тілінде ғана емес, өзге туыс тілдерінде де тіл дамуының негізінде орыс тілі арқылы пайда болған терминжасамдағы жаңалықтың бірінен саналады. Өсіресе, ғылыми-техникалық ұғымдарды таңбалауға, білдіруге келгенде мұның мүмкіншілігі шексіз деген пікірлерге қосылуға әбден болады. Мұның бұлай болатын себебі белгілі бір нәрсе туралы ұғымды барынша қысқа әрі үнемді білдіруге бейім тұратындығынан. Қазіргі орыстың ғылыми әдебиетін қарап отырсаңыз, сөзді үнемдеп пайдаланудың осы тектес әр алуан тәсілдеріне орынды әуестікті байқаймыз. Қазақ тілінің терминжасам амалдарының қатарына қосылуына себеп болған да мұның осындай сөз үнемдеуші қасиет деп білеміз» [112, 186 б.].

Аббревиацияның сөзжасам тәсілдерінің бірі ретінде қалыптасуы қоғам дамуы мен тарихының тілмен тікелей байланысын дәлелдейді. Себебі, революциядан кейінгі аббревиатуралар тіл білімінде «Советтік қысқартулар» деп аталған. Осымен байланысты ғалым Л.А.Булаховский: «Факт негізінде тек Ұлы Октябрь социалистік революциядан кейін

ғана тілде жаңа сөзжасам түріндегі қысқартылған сөздер тобы қолданысқа енді. Бұл сөзжасам саласының басты атаулары – мекеме, лауазым, әкімшілік ұғымдары», - дейді [321, 195 б.].

Осыған орай «күрделі зат есімдердің бұл түрі құрамындағы компоненттердің біржола әрі қысқару, әрі бірігу тәсілі арқылы жасалады» [296, 221 б.]. Ғалым Ғ.Қалиев аббревиация құбылысына мынадай анықтама береді: «Аббревиация – сөзжасамның ерекше бір түрі, оның көмегімен сөз тіркестерінен қысқарған сөздер мен құрылымдар жасалады» [37, 88 б.]. Ал қысқарған күрделі сөз дегеніміз «бастапқы күрделі сөз тіркестерінің құрамына кірген сөздердің қысқаруынан не ықшамдалуынан жасалған зат есімдер. Қысқарған күрделі сөздердің құрылымы әр түрлі: 1) бастапқы сөз тіркестерінің құрамына кіретін сөздердің басқы дыбыстарынан жасалады: *МАҚКМ – Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі; ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы*; 2) бастапқы сөз тіркестерінің құрамына кіретін сөздердің басқы бөліктерінен жасалады: *кеңшар – кеңестік шаруашылық* (совхоз); 3) бастапқы сөз тіркестерінің құрамына кіретін сөздердің басқы бөліктерінен және тұтас сөздерден жасалады: *Қазмұнайгаз*; 4) бастапқы сөз тіркестерінің құрамына кіретін сөздердің басқы бөлігі мен басқы дыбыстарынан жасалады: *ЕураАзЭК – Еуропа-Азия экономикалық қоғамдастығы*; 5) бастапқы сөз тіркестерінің құрамына кіретін сөздердің алғашқы сөзі мен кейінгі сөзінің басқы бөлігінен жасалады: *ұжымшар – ұжымдық шаруашылық* (колхоз). Бұлар қазақ грамматикасында қысқарған сөздер деп аталады» [37, 190 б.].

Қазіргі қазақ тілінде аббревиатуралар тек зат есімнің сөзжасамына тән: «Қазақ тіліндегі әрбір қысқарған зат есім өз құрамына енген компоненттерінің қай сөз табына жататынына қарамастан, бір ғана ұғымның атауышы ретінде қолданылады. Барлық қысқарған сөздер тек зат есімнен ғана жасалады ...» [302, 221 б.]. «Олар ғылыми-техникалық, қоғамдық-саяси терминологияда, мекеме, ұйым аттарында ұшырасады» [299, 94 б.].

Қазақ тіл білімінде аббревиатуралардың бір-неше жіктелері бар. Мысалы, терминжасамға қатысты

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— академик Ө.Айтбайұлы оларды мынадай түрлерге бөліп көрсетеді [112, 186 б.]:

1. Толық мағыналы екі не үш сөздің басқы буындарын қысқарта біріктіру арқылы жасалған, сондай-ақ бірінші компоненттерінің бірінші буыны мен соңғы компоненттің толық түрінен құралған терминдер: *колхоз, совхоз* т.б. Қысқартудың бұл тәсілі онша өнімді сапаға көше алған жоқ.

2. Бірінші сөздің алғашқы буына мен келесі сөздердің басқы әріптерінен қысқарған терминдер: *ҚазТАГ, ҚазПИ, ҚазМУ* т.б.

3. Әр алуан техника атаулары *фото-, теле-, радио-* аспаптары, медицина және басқа ғылым салаларында қолданылатын құрал-саймандар маркалары мен модельдері: *АН-24, ГАЗ-24, А-АТ, ТУ-104, ИЛ-62* т.б.

Ғалымның пікірі бойынша: «Қазақ тілі лексикасының құрамындағы сөздердің тиісті буындары мен қайсыбір компоненттерінің басқы әріптері мен техниканың өрлеу заманында, әсіресе, активтене түсіп, терминжасамның негізгі көзінің біріне айналып барады» [112, 186 б.]

Біздің ойымызша, қазақ тіліндегі барлық қысқарған сөздерді мына топтарға бөліп қарастырған жөн:

1. Дыбыстық я әріптік қысқарымдардан жасалған зат есімдер: *ВЛКСМ – БЛКЖО, КПСС – СОКП, СССР – КСРО, ТАСС – КОТА* және т.б.

2. Буындық я бөліктік қысқарымдардан жасалған зат есімдер: *атком, военком, военкомат, волком* және т.б.

3. Дыбыстық, әріптік және буындық қысқарымдардан жасалған зат есімдер: *ҚазПИ, ҚазССР, завуч* және т.б.

4. Буындық я бөліктік қысқарым мен тұтас сөз бірікпесінен жасалған зат есімдер: *компартия, партбилет, партбюро* және т.б. [12, 221-223 бб.]

5. А.Ысқаков графикалық аббревиатуралар түрін атап көрсетеді: *т.б. – тағы басқалар; т.с.с. – тағы сол сияқтылар; т.с. – тағы сондайлар; т.т. – тағы тағылар* [116, 165 б.]

Графикалық қысқартулардың лексикалануы мына белгілер арқылы жүзеге асады: «1) қысқартулардан туынды сөздердің жасалуы (*эсдеки, кэвээщиктер*); 2) әріп атаулары бойынша тұрақты айтылуы (*цээрушник*); 3) жазу барысында

нүктелердің түсіп қалуы (Ц.К., М.К-ның орнына ЦК, МК деп берілуі)» [322, 68 б.].

Сонымен бірге зерттеушілер «...қазақ тіліндегі барлық қысқарған сөздер ортс тіліндегі қысқару үлгісімен жасалған деуге болады. Жалпы алғанда, қысқарған сөздер, яғни қысқарған зат есімдер, қазақ тілінің өз табиғатына етене құбылыс емес...», – деп көрсетеді [302, 224 б.]. Бірақ соңғы жылдары қазақ тілінде *авто-*, *авиа-* компонентті көптеген неологизмдердің пайда болуын мысал ретінде келтіре отырып (*автосоқа, автосуарғыш, автотаразы, автотербеліс, авиатежеуіш, автотұрмыстық, автотіркес, авиабайланыс, авиақұрылыс, авиаклуб, авиазауыт, авиақоректендіру* және т.б.), қазіргі таңда бұл тәсіл қазақ сөзжасамының ең өнімді тәсілдерінің біріне айналғанын айтқымыз келеді.

Жалпы лексикалық аббревиатуралар қысқарған күрделі сөздерге, олар өз кезегінде жартылай қысқарған сөздер, буындық я бөліктік сөздер және дыбыстық, әріптік және буындық (аралас) сөздер болып жіктеледі.

1. Жартылай қысқарған сөздер. Жартылай қысқарған сөздер әдеби тілде ең жиі кездесетін аббревиатураның түрі. Бұл тілдік бірліктер қысқарған және бүтін негіздердің бірігуі арқылы жасалады. «Бұлар көбінесе екі, аратұра үш компонентті қысқарымдар. Екі мүшелі жасалымдардың біреуі (алғашқысы я кейінгісі) қысқарған күйінде, екіншісі (көбінесе кейінгісі) тұтас күйінде алынады» [302, 223 б.].

Бұл сөзжасам тәсілінің өзектілігі оның қысқарту минимумы, семантикалық уәжділігінің айқындылығы мен стильдік бейтараптылығымен байланысты. «Қазіргі сөздіктегі сөздердің басым көпшілігі жартылай қысқарған сөздер болып табылады. Жеке, дербес қысқарған сөздердің жүзден астам түрі (*арт, погран, хоз* т.б.) аббревиатуралық сөзжасамға қатысады. Соңғы он жылда қолданысқа жаңа қысқарған негіздер түсе бастады (мысалы, *ин, космо, мат, мех, рем, студ* және т.б.)» [323, 161 б.].

1) Тірек компоненті дербес сөзге тең жартылай қысқарған сөздер («негіз бөлігі + толық негіз үлгісі»): *телекөрермен, телехабаршы, велошабандоз, медбибі, медбике, медайым, авиаконструктор, авиамодельші,*

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— авиатехник, автодиспетчер, автоинспектор, автомеханик, автопилот, автослесарь, автотурист, автоэлектрик, авиасаяхатшы, авиаколлекционер, авиақызметкер, авиамаман, авиадесантшы, автожүргізуші, автомашинист, автооператор, автоштурман, автовожаткер, телекорреспондент, теледраматург, телекомментатор, телеоператор, веломодельші, велотурист, еуродепутат, сандәрігер, санинспектор, санинструктор, экожасақшы және т.б.

2) «Толық негіз + негіз бөлігі» үлгісіндегі жартылай қысқарған сөздер. Мысалы: *басбух* – *бас бухгалтер* т.б.

2. **Буындық аббревиатуралар.** Бұл қысқарымдарға, әдетте, өзара тіркескен екі сөздің (зат есім мен зат есімнің немесе сын есім мен зат есімнің) басқы буындарының қосындысынан жасалған тілдік бірліктер жатады. Мысалы: *дерпен* (*дербес пенсионер*), *атком* (*атқару комитеті*), *завхоз*, *класком*, *комбриг*, *комдив*, *комсорг*, *парторг*, *профком*, *универмаг* және т.б.

3. **Инициалды аббревиатуралар (дыбыстық, әріптік және буындық сөздер).** Лингвистер инициалды аббревиатураларды *акронимдер*, *алфавиттік* және *алфавиттік-дыбыстық* деп бөліп қарастырады: 1) акронимдер – *загс*, *лавсан*, *АҚШ*, *КОТА*, *ТЮЗ* және т.б.; 2) алфавиттік аббревиатуралар – *БЛКЖО*, *КСРО*, *ББК* (бәрін білгім келеді), *АҒК* (аға ғылыми қызметкер), *ҒК* (ғылыми қызметкер), *ЖҒК* (жетекші ғылыми қызметкер), *БҒК* (бас ғылыми қызметкер) және т.б.; 3) түрлі буындық, инициалды түрлердің аралас сөздер тобы: *ҚазПИ*, *ҚазТАГ*, *завуч* т.б.

Сайып келгенде, қазіргі қазақ тілінде қолданылып жүрген қысқарған зат есімдердің қай түрін алсақ та, олардың ішінде орыс тілінен тікелей ауысып келген кірме сөздердің саны біршама. Дегенмен, қазақ тілі негізінде жасалған қысқарған сөздер де байқалады. Сондықтан қазіргі кезде қысқарған сөздер, яғни қысқарған зат есімдер қазақ тілінің өз табиғатына сай құбылыстардың бірі деп санаймыз.

в) Аффиксті терминдер

Аффиксті тәсіл уәждеуіш сөздің негізіне аффикстің жалғануы дегенді білдіреді. Сөзжасамның терминологиялық актісінің нәтижесі термин сөз белгілі бір ұғымның атауын

айқындап, сол ұғымның мазмұнын да көрсетеді. Аффиксті терминдердің олар білдіретін ұғымдық негіздің күшеюі тұрғысынан жіктелген топтамасын төменде көрсетеміз.

Қазақ тіліндегі адамның кәсібіне қатысты (негізінен кәсіби) аффиксті терминдер сөз тудырушы негіздің сипатына қатысты етістікті және субстантивті (заттық) туынды атауларға бөлінеді. Осымен байланысты көптеген жағдайда туынды сөздердің екіжақты уәжділік қасиеті жайлы айтып өткен жөн. А.И.Моисеевтің түсіндіруінше: «Кейбір атаулар өзінің жалпы мағынасы бойынша да, құрылымы бойынша да, етістікті де, субстантивті де аталымдарды білдіреді. Сондықтан олар үдерістік те, заттық та уәждемені көрсете алады. Мысалы, *переплетчик* → *переплетать*, *переплетчик* → *переплет*; *печатник* → *печатать*, *печатник* → *печать* және т.б.» [262, 28 б.].

Бірақ аталым теориясының зерттеушісі Т.В.Бредихинаның пікірі бойынша: «Екіжақты уәждемелік құбылысын мойындай отырып, басты сөз тудырушы негізді айқындау қажет. Бұл үшін сөзтудырушы мен туындының семантикалық арақатынасын анықтап, туындыдағы басым семаны айқындап алу қажет» [324, 27-28 бб.].

Мысалы, қазақ тіліндегі *-шы*, *-ші* аффиксті туындылар етістіктермен де, зат есіммен де уәжделуі мүмкін: *үтіктеуші* → *үтікте*, *үтіктеуші* → *үтік*; *жамаушы* → *жамау*, *жамаушы* → *жама*. Дегенмен, бұл жағдайларда, біздің ойымызша, етістікті уәждеме басым болады. Себебі, мұндай атаулардың көпшілігі негізінен етістік мағынаны білдіруімен қатар, белгілі бір мәнмәтінде «*іс-әрекетті жүзеге асырушы*» семасын көрсетеді. Оның үстіне, сөздіктерде бұл аталым нәтижелері уәждеуіш етістіктер арқылы ғана түсіндіріледі: «*киімнің бырыс-тырысын үтіктеп тегістеуші адам*» – **үтіктеуші**; «*ескі-құсқыны бүтіндеп жамайтын адам*» – **жамаушы**.

Туынды зат есімдердің лексикалық мағынасы сөзтудырушы және сөзжасамдық аффикс мағыналарының өзара әрекеттестігі нәтижесінде туындайды. Осыған орай, туынды сөздердің лексикалық мағынасын құрайтын компоненттердің, яғни ономасиологиялық негіз бен ономасиологиялық белгіні тудыратын тәсілдердің зерттелуі маңызды мәселелер қатарына жатады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Ономасиологиялық негіз дегеніміз – жаңа сөз негізін құрайтын ұғымды білдіреді. Адамға қатысты атаулардың терминжасам процесінде ономасиологиялық негіз қызметін тұлға мағынасын білдіретін аффикстер атқарады. Ономасиологиялық белгі дегеніміз – аталым негізін нақтылайтын, артық мағыналық семалардан шектейтін, жалпы мазмұнды анықтап түрлендіретін ұғым. Онома-сиологиялық белгі ономасиологиялық негізге қарағанда нақты семантиканы білдіреді. Әдетте ономасиологиялық белгіні лексикалық құрылымның бір бөлігі болып табылатын толық мағыналы сөздің негізі құрайды. Сонымен, арнайы аффикстермен белгіленетін ономасиологиялық негіз бен уәждеуіш сөздің негізінен құралатын ономасиологиялық белгі туынды термин сөздің ономасиологиялық құрылымын көрсетеді. Ономасиологиялық негіз бен ономасиологиялық белгі – туынды сөздер мағынасының негізгі, міндетті компоненттері. Кез келген туынды термин-сөздің семантикасы, жалпы алып қарағанда, тек осы екеуінің мағыналық бірлігінен ғана құралады.

Ал профессор М.М.Копыленконың пайымдауынша: «Орыс тіліндегі етістіктен жасалған зат есімдердің жүйесіндегі сөзжасамдық тәсілдер негізгі (денотативті) агентивті семантиканы көрсетуімен қатар қосымша (коннотативті) қарым-қатынастар мен белгілерді айқындауымен ерекшеленеді» [325, 514 б.]. Мысалы, қазақ тілінде мұндай қосымша (коннотативті) мағыналар құрамына уақыттық коннотацияны жатқызуға болады: *үйретуші* – іс-әрекетті орындаушы (презентті коннотация), *жүргізуші* – іс-әрекетті орындаушы (презентті коннотация), *тұрушы* – іс-әрекетті орындаған (аористі коннотация), *беруші (донор)*, *жазылушы*, *қоныстанушы* – іс-әрекетті орындаушы және орындаған (презентті-аористі коннотация). Сонымен қатар зат есімдер етістіктерге тән емес, шынайы қасиетті (шынайы коннотация) немесе экспрессивті қасиетті (экспрессивті коннотация) қосымша семантикалық белгілерімен сипатталады. Мысалы, *қашушы* – іс-әрекетті орындаған + шынайы коннотация (қадағалаудан т.б. нәрседен қашып кеткен адам), *езуші* – іс-әрекетті орындаушы + экспрессивті коннотация (айыптаушы, кінә тағушы, жазғырушы т.б.).

I. Іс-қимылды қатынасты білдіретін аффиксті терминдер ономасиологиялық құрылымы тұрғысынан төмендегідей түрлерге бөлініп, жіктеледі:

1) Ономасиологиялық белгісі іс-қимылды қасиет түрінде білдіретін етістіктен жасалған терминдер: *табалаушы, бұрмалаушы, бұзушы, қорлаушы, күйретуші* және т.б.;

2) Ономасиологиялық белгісі іс-қимылды орындауға бейімділікті білдіретін етістікпен берілген терминдер: *тыңдарман, тұтынушы, бопсалаушы, қорғаушы, шыңдаушы, өсіруші, шабарман* және т.б.

3) Ономасиологиялық белгісі іс-қимылды орындай алу қабілетін білдіретін етістікпен берілген терминдер. Бұл терминдер ең жоғарғы ұғымдық деңгейді білдіреді. Өйткені олар бастапқы перифраздағы етістіктен уәжелген болып табылады, мысалы: *уату, ұсақтау жұмыстарымен шұғылданушы маман → ұсақтаушы; механизмдерді реттеу жұмысымен шұғылданушы маман → реттеуші*. Өз кезегінде бұл топтағы терминдер мынандай түрлерге бөлінеді:

а) нысанды білдірмейтін терминдер: *әрлеуші, безендіруші, аларман, оралман, айдарман, келермен, үңгіші, құюшы, сылаушы, сараптаушы, сақтандырушы, реттеуші, үйретуші, жүргізуші, жұқартушы, ораушы, жаңғыртушы, құрастырушы, қиыстырушы, қалталаушы, жаңартушы, түзеуші, меңгеруші, атқарушы, ізденуші, үлестіруші, жіберуші, тазартушы* және т.б.;

ә) нысанды білдіретін терминдер: *көркемдеуші, майлаушы, сырлаушы, бағдарламашы, қалыптаушы, жобалаушы* және т.б.

II. Субстанцияға деген қатынасты білдіретін терминдер:

1) Ономасиологиялық байламы (жасырын предикат) статикалық етістікпен берілген терминдер: *қойма ұстаушы → қоймашы, қазына ұстаушы → қазынашы, білімгер, қарызгер, санагер, ардагер, үміткер, жинақышы, танымгер, жалгер, нәубетші, әріптес, әдістемеші, қаржыгер, жарнашы, жаршы, дәріскер, зияткер, иегер, аудандас, салымшы, серіктес, түсініктемеші, куәгер* және т.б.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

2) Ономасиологиялық байламы динамикалық етістікпен берілген терминдер. Бұл терминдер ономасиологиялық белгісінің, семантикасының ерекшелігіне байланысты екі үлкен топқа жіктеледі:

а) нәтижеге бағытталмаған, нысанға ауыспайтын іс-әрекет: (қайда, қай жерде) жұмыс істеу, (қайда) оқу, (неге) қатысу, (немен) шұғылдану, айналысу, (не) алу. Мысалы: зейнетақы алатын адам → **зейнеткер**, кеденде қызмет істейтін адам → **кеденші**, мерзімді науқан кезінде жұмыс істеуші → **науқаншы**, майданда болған адам → **майданшы**, сақпанға қатысушы адам → **сақпаншы**, парламентші, құрылтайшы, саясатшы, саяхатшы, үйірмеші, дәріханашы, зертханашы, саясаткер, шахтыгер, құрылысшы, тыңгер, бизнесші, айтыскер, асаршы, асқарпаз, төңкеріскер, мерейгер, емтиханшы, кәсіпкер, сарапшы, әдіскер, мәмілегер және т.б.;

ә) белгілі бір нәтижеге бағытталған нысанға белсенді түрде әсер ететін іс-әрекет. Мысалы, өңдеу, істеу, баптау, сату, жию, жинау, жасау, құру, зерттеу, пайдалану және т.б.: шана жасайтын адам → **шанашы**, тосқауыл жасаушы → **тосқауылшы**, көкнәрді пайдаланатын адам → **көкнәрші**, ауыз әдебиеті шығармаларын зерттейтін ғалым → **фольклоршы**, дастаншы, жылнамашы, жұлдызшы, сәнгер, үлгіші, мүсінші, нақышшы, ғарышкер, кескіндемеші, оймақшы, сұңғатшы, макетші, суретші, ғұмырнамагер, шығармашы, сәулетші, заңгер және т.б.

Сонымен, жоғарыда аталып өткен туынды терминдердің ономасиологиялық құрылымын құрайтын ономасиологиялық негіз бен ономасиологиялық белгі семантикалық ерекшеліктері бір тәсіл арқылы жасалған аффиксті тұлғалардың өзін де ұғымдық негізіне қарай бірнеше деңгейге бөліп қарастыруға мүмкіндік береді.

Терминжасамдағы семантикалық дериваттардың рөлі және термин семантикасының даму эволюциясы

Кез келген тілдік бірлік түрінің жасалуы, жалпы тілдің өзінің жасалуы секілді белгілі бір заңдылықтарға, ережелерге, үлгілерге, схемаларға негізделген адамның тілдік шығармашылық қызметінің жемісі болып табылады. Яғни

тілдік бірліктің әрбірі мейлі ол фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем, мәтін, дискурс т.б. болсын стихиялық түрдегі емес, белгілі бір заңдылықтарға бағынышты үдеріс нәтижесінде пайда болады. Тілде сөздер мен сөз тіркестерінің жасалуына алып келетін мұндай үдерістер мен оның нәтижелері тілдік деривация, деривациялық процестер деп аталады.

Аталған тілдік бірліктердің екі түрі де өздерінің ішкі жасалу сипатымен, сондай-ақ құрылымдық-семантикалық, аталымдық, функционалдық тұрғыдан түрлі ерекшеліктер білдіруімен айқындалады. Алайда барлық толық мағыналы сөздер өздерінің жасалу ережелері мен үлгілері, оның барысында қолданылған тілдік тәсілдер бойынша бірдей болып келеді. Бұл тілдік бірліктердің барлық жиынтығы сол тілдің сөзжасам жүйесін құрап, ал оларды зерттейтін ғылым саласы – сөзжасам теориясы деп аталады.

Әрбір тіл өзінің сөзжасам жүйесімен айқындалып, ал сөздік қор дамуы мен толығында түрлі амал-тәсілдер мен жолдар қолданылуымен ерекшеленеді. Дегенмен олардың барлығын мына екі түрге бөліп көрсетуге болады: а) инновациялық; ә) кірме сөз қабылдау. Сөздік қор дамуының инновациялық жолы тілдегі бұрыннан бар сөздердің инновацияларға, өзгерістерге ұшырауын анықтайды. Бұл ретте инновациялар мен өзгерістерге сөздің сыртқы формасы емес, тек оның мазмұндық жағы ғана ұшырайды. Сөзжасам саласындағы мұндай тілдік деривация түрі семантикалық деривация деп аталып, тек сөз мағынасының өзгеруімен ғана сипатталады.

Тіл білімінде сөз мағынасы өзгеруінің негізгі төрт тәсілі немесе тетігі ажыратылып көрсетіледі. Олар:

- а) мағына кеңеюі;
- ә) мағына тарылуы;
- б) сөздің ауыспалы мағынасы;
- в) сөздің көпмағыналылығына алып келетін жаңа мағыналардың пайда болуы.

Мағына өзгеруінің бірінші амалы сөз семантикасының кеңеюі нәтижесінде олардың абстрактілік немесе жалпыламалық қасиетінің артуына алып келеді, керісінше, мағына тарылуы сөздің бастапқы кең мағынасын тарылту арқылы оның нақтылануын, жекеленуін қамтамасыз етеді.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

Сөздің ауыспалы мағынасы дегеніміз – сөз өзінің негізгі мағынасы бойынша ақиқат болмыстың бір құбылысын немесе затын белгілесе, ауыспалы мағынасымен оның басқа бір құбылыстарын айқындайды. Мұндай тіл мүмкіндіктері ақиқат болмыс құбылыстар мен нысандарының өзара белгілі бір қарым-қатынастарда (ұқсастық, шектестік, себеп-салдарлық, локальдық, уақыттық, кеңістік және т.б.) болуынан туындайды.

Жаңа пайда болған ұғымға атау беру үдерісінде тілдің ішкі мүмкіндіктері кеңінен қолданылады. Бұл құбылыс формалды жаңа тілдік бірліктің жасалуымен қатар, дайын аталымдық бірлікке жаңа семантикалық қызметтің жүктелуімен де жүзеге асырылады. Алғашқы болып бұл құбылысқа ерекше көңіл бөліп зерттеген ғалымдардың бірі В.В.Виноградов оны сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі деп атап: «жаңа ұғымдардың тілде бар сөздермен таңбалануы», – деген анықтама береді [268, 213 б.].

Көптеген ғалымдардың пікірі бойынша, сөзжасамның бұл тәсілі тілдің үнемдеу қасиетімен, сондай-ақ ақиқат өмірдегі барлық өзгерістерді тілдің таңбалау мүмкіндігінің шектеулі екендігімен түсіндіріледі. Семантикалық дериваттар қатарына түрлі сөз таптарының (жалпы есімдер, жалқы есімдер, етістіктер, сын есімдер, үстеулер т. б.) толық мағыналы сөздері жатады. Бұл тілдік бірліктер негізі теңеуге қатысты ойлау әрекетінен құрылып, соған сәйкес семалармен беріледі. Біз «семантикалық дериваттың маңыздылығы оның жанама аталымдық қабілетінде» деген ой-тұжырымды қолдаймыз [22; 87; 326].

Жалпы екінші бейнелер бірінші бейне элементтерінің бірінің актуалдануы негізінде туындайды. Бірінші бейне тілдегі сөздің тура аталымдық мағынасымен сәйкес келеді. Бұл мағына экстралингвистикалық болмыстағы денотатты айқындаумен сипатталады. Осымен байланысты бірінші бейне денотаттың маңызды және маңызды емес белгілер жиынтығын көрсетеді. Ал тіл білімінде семантикалық дериват терминімен аталатын екінші образ референцияның басқа саласын білдіреді. Демек, екінші бейне басқа денотатпен сәйкестендіріліп, оған белгілі бір қасиеттерді жүктейді. Бұл ретте денотаттың өзі немесе оның бір белгісі басқа атауға

ие болады. «Кез келген семантикалық дериватта оның көпмағыналылығын көрсететін түрлі мағыналар болады» [327, 10-11 бб.].

Тілдік бірліктердің көпмағыналылығы немесе полисемиясы синонимия, антонимия, омонимия сияқты тілдің әмбебеп семантикалық категорияларын айқындайды. Полисемия құбылысы тілдік жүйенің рационалды құрылысының сипатын анықтайды. Ол ақиқат дүниенің шектеусіздігін және осыған орай дүниетаным мен оның таңбалануының да шексіздігін көрсетеді.

Алайда сөздер мен сөз тіркестері, яғни тілдік құралдар шексіз емес, өйткені адам жады барлық таным нәтижелері мен оларды белгілеу таңбаларын бірдей сыйдыра алмайды. Оның үстіне, мұндай сөздер мен сөз тіркестерінің санының таным шексіздігін көрсетуде белгілі дәрежеде санаулы екендігі аңғарылады. Сондықтан да таным шексіздігі мен тілдік құралдардың (сөздер мен сөз тіркестері) санаулы болуының қарама-қарсылығы тілдің рационалды тетігі – полисемияның (тіл жаңа сөздер жасамай, бұрыннан бар сөздерді қолданады) тілдік табиғатын айқындаудың бірден-бір жолы болып табылады.

Бұл сөздердің мағыналары өзгерістерге ұшырап, адамның танымдық қызметінің жаңа нәтижелерін айқындайтын жаңа мағыналарды білдіре бастайды. Көпмағыналы сөздердің тілдік табиғаты күрделі сөздер қатарына жатқызылады, себебі оның әрбір жаңа мағынасының пайда болуы олардың әрқайсысын арнайы зерттеуді қажет ететін экстралингвистикалық және интралингвистикалық деректерге байланысты.

Сонымен бірге көпмағыналы сөздің жеке мағыналары өзара бір-бірімен байланысты болып, олардың арасында омонимиялық сөздерде байқалмайтын белгілі бір семантикалық ортақтылық бөлек мағынаның полисемиялық сөздің бір мағынасы ретінде қарауға мүмкіндік береді. Өз кезегінде бұл мағыналардың барлық жиынтығы сол сөздің біртұтас мән-мағыналық құрылымын айқындайды. Сөйлеу, коммуникация барысында көпмағыналы сөздің бір мағыналық белгісінің актуалдануы оның лексика-семантикалық түрлендірілуі деп танылады. Өйткені сөйлеуде

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— әрқашанда көпмағыналы сөздің бір мағынасы ғана актуалданады. Тілдік таңбаның, сөздің, жалпы тілдің өзінің де икемділігі мен құбылмалылығының сыры міне осында жатыр.

Сонымен, көпмағыналылық тілдік жүйенің немесе осы тілдік жүйе сөзінің негізгі белгісі, ал сөйлеуде сөз үнемі бірмағыналылық сипатын көрсетеді, себебі сөйлеу барысында көпмағыналылық құбылысы мәнмәтін арқылы жойылады. Сөздің көпмағыналылық сипатының дамуы барлық тілдерде көрініс табады, яғни кез келген тілдің сөздері, негізінен, көпмағыналы болып, олар сөйлеу жағдаяты мен мәнмәтін арқылы айқындалады.

Ғалым С.Л.Акопова көпмағыналылық мәселесі жөнінде былай дейді: «Полисемия құбылысы ұқсас белгілері жоқ сөздің басқа мағыналары болып келетін, таңбалануы бір-екі түрлі ұғымды білдіретін тілдік қасиетке негізделеді. Көпмағыналылық мәселесін нақты ақиқат болмыс реалийлерін көрсететін ұғымдар негізінде сөздің екінші мағыналарының пайда болуымен байланысты қарастыру көптеген лингвистердің еңбектерінде кездеседі: Л.А.Булаховский, Р.А.Будагов, В.В.Виноградов, Д.Н.Шмелев, Н.М.Шанский, А.Ф.Ефремова және т.б.» [328, 7 б.].

Семантикалық деривация сөзжасамның өнімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Бұл – тілде бар сөздер мағынасының өзгеруіне байланысты инновацияның бір түрі. Тілде бұрыннан бар сөздердің басқа инновациялық түрі – олардың құрылымдық-семантикалық, яғни құрылым өзгеруімен байланысты инновация түрі. Таңбаның мағыналық өзгеруін ғана қамтамасыз ететін семантикалық деривациядан құрылымдық-семантикалық инновацияның өзгешелігі – ол таңбаның екі жағының да (сыртқы және ішкі) өзгеріске ұшырауына негізделеді. Осы тұрғыдан келгенде, құрылымдық сөзжасам өзіндік дербес деривациялық жүйе құрайды. Бұл жүйе синхронды және диахронды сөзжасам ұғымдары мен категориялардан тұрады.

Қазақ тіл білімінде сөзжасам бұрын морфологияның құрамында қарастырылып, әрбір жеке сөз табының жасалуы сөзжасам тәсілінің жеке бір түрі (қосымшалар немесе жұрнақтар арқылы – синтетикалық тәсіл; сөздердің бірігуі,

қосарлануы, тіркесуі – аналитикалық тәсіл; заттану, сын есімге айналу, сан есімге айналу, үстеуге айналу – семантикалық тәсіл) арқылы беріліп, белгілі бір сөз табының жасалу жолы аясында зерттеліп келді.

Сөзжасам қазақ тіл білімінің жеке саласы ретінде тек соңғы 10-15 жылдың көлемінде арнайы бөлініп шықты. Бұған негіз болған – Н.О.Оралбаева, А.Қалыбаева, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, С.Нұрмұқанов, Қ. Есенов және т.б. ғалымдардың бірігіп жазған «Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі» атты зерттеу еңбегі.

Ғалым Н.О.Оралбаеваның пайымдауынша: «Сөзжасам – өзінің зерттеу нысаны бар тіл білімінің дербес саласы. Бұл саланың объектісіне сөз жасаушы тәсілдер, сөз жасаушы тілдік нұсқалар, сөзжасамдық типтер мен тізбектер, сөздердің жасалу үлгілері, туынды сөздер, олардың түрлері, сөзжасамдық заңдылықтар мен мағына, сөзжасамның сөз таптарына қатысы сияқты күрделі мәселелер жатады» [329, 8 б.].

Зерттеушілер жаңа сөз жасалуының дәстүрлі үш тәсілін атап көрсетеді: «синтетикалық немесе морфологиялық (қосымшалар арқылы), аналитикалық немесе синтаксистік (екі түбірдің я сөздің бірігуі, қосарлануы, тіркесу арқылы), лексикалық немесе лексика-семантикалық (сөздің сыртқы түрі өзгермей-ақ жаңа мағыналарға ие болуы)» [296, 255 б.].

Сөзжасам зерттеушісі белгілі ғалым Қ.Есенов сөзжасамның лексика-семантикалық тәсіліне мынадай анықтама берген: «...белгілі бір сөздің жаңа мағынаға ие болуы, көп мәнді, ең бастысы, омонимдік қатарда келуі арқылы жасалады. Сондай-ақ осы жол кейбір сөздердің о бастағы мәнін жоғалту не болмаса, әлсірету барысында басқа бір сөз табының қатарынан танылуға жол береді. Тіл білімінде мұндай құбылыс прономинализация – «сөздердің бір сөз табының екіншісіне айналуы» деп аталып жүр» [330, 99-100 бб.].

Ал ғалым С.Исаевтың пікірі бойынша, лексика-семантикалық тәсілді лексикалық және таза семантикалық тәсілдерге бөліп қарастыру қажет: «Лексикалық тәсілге басқа тілдерден енген сөздерді тікелей сол күйінде алу жатады... Ал семантикалық процесс, семантикалық өзгеріс сөзжасамның барлық тәсілдері арқылы жасалған туындылардың қай-қайсысында да болып отырады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— Сондықтан сөзжасамның бұл түрін жалпы тіл білімінде кейде конверсиялық тәсіл деп те атайды» [296, 280-281 бб.].

Біздің ойымызша, бір зат атауының басқа зат, құбылыс немесе ұғым атауына ауысуы, таңбаның жаңа мағынада, жаңа қызметте жұмсалуына бағытталған тілдік бірліктердің басқа лексемалар негізінде жасалу үдерісі семантикалық деривация арқылы жүзеге асады.

«Деривация» (лат. *derivatio* – бөлу, құру) ұғымын лингвистикаға ХХ ғасырдың 30-жылдарында алғаш енгізген поляк лингвисті Е. Курилович болатын. Е. Курилович 1936 жылы жазған мақаласында «деривация» терминін сөзжасам мағынасында ғана емес, кең мағынасындағы «тілдік өзгеріс» деп қолданатынын айтады, лексикалық деривацияны синтаксистік деривациямен салыстыра келіп, «лексикалық деривация дегеніміз – бірінші синтаксистік қызметі бойынша бастапқы және туынды сөздердің сәйкес келуі», – деген анықтама берді [28, 63 б.].

«Деривация дегеніміз – белгілі бір бастапқы тілдік бірліктен кейінгі тілдік бірліктердің жасалуы, туындау үдерісі. Кейінгі бірліктердің туындауы аналитикалық та, синтетикалық та тәсілдермен жасалады» [287, 129 б.].

Сөз мағынасының өзгеруі, дамуы – адамның когнитивтік іс-әрекетінің нәтижесі. Яғни семантикалық деривацияның гносеологиялық (зат-құбылыс-ұғым), семиотикалық (сөз-таңба) және семантикалық (мағыналы сөз) негіздеріне сүйене отырып, деривацияға бастапқы тілдік бірліктен кейінгі туынды тілдік бірліктердің жасалу үдерісі деген анықтама беруге болады.

«Деривация үдерісі – тілдік бірліктердің (дериваттардың) формалық (құрылымдық) және мазмұндық (семантикалық) өзгеруі. Мазмұндық, мағыналық өзгеріс негізінен лексикалық-семантикалық деривацияда болады. Мағыналық өзгеріс тілдік таңбаның: 1) жаңа мағынада; 2) жаңа қызметте; 3) жаңа тіркесімде болуы арқылы іске асады» [164, 129 б.].

Жаңа сөз мағынасының қалыптасуы – адамның ойлау іс-әрекетінің өнімі. Зерттеушілердің пікірлерін тұжырымдай келсек, сөз мағынасы үш элементтен тұрады. Олар: а) субъектінің нысанды таңбалау барысындағы ойлау еңбегі; ә) аталым барысында қолданылатын құралдар, яғни атаушы

субъектінің бағынышындағы тілдік құралдар (сөздер); б) аталым заты, яғни атау берілетін материалдық немесе идеалды өмір сүретін экстралингвистикалық нысан. Аталымдық актіге және тілдік бірліктердің семантикасының қалыптасуына қатысатын үш элемент (атау беруші субъект, тілдік материал, аталатын нысан) бір-бірімен тығыз байланысты.

А.А.Уфимцева: «Сөздің мағыналық құрылымы» деген термин – қазіргі лингвистикада көп мағыналы термин, соның бірі және негізгі көпмағыналы сөздің мазмұнымен байланысты, яғни көпмағыналы сөз құрамындағы жеке, дербес мағыналардың заттық-ұғымдық негізіндегі ассоциативті белгілермен байланысты», – деп көрсетеді [331, 69 б.].

Қазақ тіл білімінде семантикалық деривацияны арнайы зерттеген ғалым Ш.Ш.Жалмаханов: «Өзгеріс – деривация, деривация – процесс. Деривация – өзгеріс болғандықтан процесс. Деривациялық процестің бастапқы және кейінгі қалыптары болады. ... бастапқы қалып – бастапқы мағына, кейінгі қалып – кейінгі мағына. Өзгеріс сан сипатты болады. Сондықтан да өзгерістерді: I. Бағытына қарай: 1) ілгері өзгеріс, 2) кері өзгеріс; II. Көлеміне қарай: 1) кең ауқымды өзгеріс, 2) тар ауқымды өзгеріс; III. Сан-мөлшеріне қарай: 1) көп мөлшерлі өзгеріс, 2) аз мөлшерлі өзгеріс; IV. Сапасына қарай: 1) мардымды өзгеріс, 2) мардымсыз өзгеріс деп жіктеуге болады. Өзгеріс – динамикалық процесс, сондықтан да оның фазалық құрылымы, яғни басталуы, жалғасуы, аяқталуы болады», – деген қорытынды жасайды [31, 21-22 бб.].

Семантикалық дериваттарды талдау барысында термин-атаулардың мынадай түрлерін анықтадық.

I. Сөзжасамдық үлгінің бірнеше рет әрекет етуі арқылы жасалған терминдер. Мысалы: *азаматтардың жеке басына және мүлкіне қамқорлық жасау үшін заңмен бекітілген адам* → **қорғаншы** және жалпы мағынасы бар аффиксті атау: 1) *Қауіп-қатерден сақтаушы, ел қорғаны;* 2) *белгілі бір мүддені, мақсатты жақтаушы, қамқоршы;* 3) *Сот процесінде қылмысты адамның құқығын жақтаушы, адвокат;* 4) *Спорт қарсыластар шабуылдарына тойтарыс беретін ойыншы* → **қорғаншы**; *дүкеннен зат сатып алушы адам* → **аларман** – *алушы, алғыш* → **аларман** және т.б.


Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

II. Сын есімдердің заттануы арқылы жасалған терминдер. «Субстантивтену деп әдетте сөз мағынасының заттануын, заттық тиянақтылық алуын айтады. Егер зат есім емес сөз не септелуге келсе, не тәуелденуге жараса, не көптік жалғауын қабылдай алса, онда бұл оның субстантивтенуге жарамдылығын көрсетеді» [332, 224 б.]. Мысалы: *күйгелек* (псих), *кемеңгер* (гений), *уәли* (глава, администратор), *қасақы* (браконьер), *бауырмал* (интернационалист), *қалаулы* (депутат) және т.б.

III. Қайта атау арқылы жасалған тілдік бірліктер. Аталым теориясында екінші аталымның негізгі екі тәсілі ретінде метафора мен метонимия аталады. Метафора абстракт ойлаудың алғашқы формасын көрсетеді, себебі адам санасы аталым актісі барысында ең алдымен метафораға жүгінеді.

М.М.Копыленко мен З.Д.Попованың пікірі бойынша: «Нағыз екінші аталым коннотативтік семемамен бірге (уәжді-К1 немесе бейуәжді-К2) тура атауы бар белгілі бір денотаттың басқа бір денотат образына сілтеме жасау арқылы екінші атаудың туындауы негізінде жасалады» [333, 116 б.]


Егер А және А1 денотаттар арасында тұрақты немесе окказионалды заттық-логикалық байланыс орнатылса, онда А1 үшін В атауы қолданыла алады. Ал А-В және А1-В1 қатынасы тура аталым қарым-қатынасы болып табылады. Мысалы:



Сурет 17 – Семантикалық дериваттар қалыптасуының сипаты

Бұл ретте А1 ұғымының жанама таңбасы В белгісінің жалғыз да нақты атауы болады. Аталым барысында көне

реалий формалары атауы жоқ жаңа мазмұнмен сипатталу/толығы құбылыстары да кездесіп жатады. Мысалы:



Сурет 18 – Көне сөздің термин ретінде жаңа мазмұнмен толығы көрінісі

Демек семантикалық деривацияның негізінде термин-сөздің, сөз мағынасының өзгеруі, сөздердің өзара ауысуы мен ассоциациялық ұқсастық ассоциация (метафора), қатыстық ассоциация (метонимия, синекдоха) деген жүйеішілік не жүйеаралық өзгерулерге тікелей байланысты.

Жалпы ТА қолданылатын амал-тәсілдердің, бір қарағанда, жалпы әдеби тілдегі тәсілдерден ешбір айырмашылығы жоқ сияқты. Өйткені термин жасалымы да, жай сөздер жасалымы да тілдегі бар құрылымдарға негізделеді. Алайда ТА бұл амал-тәсілдер терминологияға қажетті бағытта өзгертіледі.

Мәселен, жалпы әдеби тілде де, терминжасамда да пайдаланылатын семантикалық тәсіл терминологияда түрлі мөлшер мен көлемде қолданылуымен ерекшеленеді. Жалпы әдеби тіл сөздерінің жасалымында бұл тәсіл тұрақты және өнімді сипатқа ие деп айту қиын. Ал ғылым тілі үшін бұл ең бір өнімді және маңызды тәсілдердің бірі болып табылады. Осы тәсіл арқылы терминология үнемі өзекті болып табылатын жаңа терминдер қажеттілігін өтейді. Орыс ғалымдарының пікірінше, бұл тәсіл терминологиялық атаулар жасауының алғашқы сөзжасамдық амалы болып саналады: «Зерттеушілер бұл тәсілдің ғылым тілінің орыс тілі негізінде қалыптасуына дейінгі кезеңде-ақ болған деп тұжырымдайды. Жалпыхалықтық сөздердің терминологиялық атаулар ретінде қалыптастырылуы олардың ерекше мәнмәтіндерде пайда-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— ланылуынан басталып, семантикалық арнауландырылудан (специализация) өткізілген» [94, 98 б.].

Мысалы, ежелгі орыс тілінің әскери лексикасын зерттеген ғалым Ф.П.Филин былай деп жазады: «В нашей оригинальной письменности имеются сотни военных терминов и специальных выражений, которые в целом представляли развитый профессиональный язык военных в древнекиевской Руси. Однако этот профессиональный язык корнями своими был теснейшим образом связан с общеразговорной и литературной речью, составлял часть ее. Военное значение многих терминов определялось лишь контекстом речи; в ином речевом контексте эти термины могли принимать и другие значения (социально-политические, бытовые, абстрактные и т.п.)» [334, 166 б.].

Академик Ө.Айтбайұлының еңбектерінде терминжасамның бұл тәсілі мәністік тәсіл, терминдендіру, терминдену деп аталады [112, 131-132 бб.]. Бұл мәселе жөнінде профессор Ш. Құрманбайұлы: «Ғалымдардың түрліше атап жүрген атауларының ішінен біз «терминологизация» терминіне тоқталып, оның қазақ тіліндегі нұсқасын «терминдену» деп алған жөн деп таптық. Себебі, ... терминдердің көпшілігі терминге қойылатын талаптарға сай емес немесе терминдік ұғымды дәл бере алмайды. Мәселен, жалпы қолданыстағы сөздің терминге айналуы, жалпы қолданыстағы сөздерге жаңа арнаулы мағына жүктеу, жалпы әдеби тілдегі сөздердің терминденуі, байырғы сөздерді терминологиялық мағынада жұмсау, тілдегі сөздерді терминологиялық мағынада қолдану, халықтық лексиканың терминденуі, сөз мағынасын өзгерту терминдері – біріншіден, тым шұбалаңқы, қолдануға қолайсыз, екіншіден, олардың ұғым атауы болудан гөрі сипаттық мәні басым, үшіншіден, ғылыми ұғымның өзіне ғана тән ең маңызды белгілері қамтылмаған», – дей келе, терминдену құбылысына мынадай анықтама береді: «Терминдену дегеніміз – тілдің жалпы лексикасынан немесе арнаулы лексикасынан терминделуші ұғымға сәйкес келетін сөзді тауып, оны сол ұғым қатысты болатын терминологиялық өріске өткізу арқылы аталған ұғымның атауы ретінде терминдік мағына жүктеу процесі» [41, 140-143 бб.].

Бұл тәсілдің ерекшелігі мен дамуы туралы Е.Н.Толикина: «Тіл тарихының бастапқы дәуірлерінде сөз бен терминнің айырмашылығы, қазіргі сөйлеуге қарағанда онша маңызды, үлкен болмаған деп болжамдауға болады. Қазіргі уақытта термин-сөздер саны жағынан да, құрамы тұрғысынан да көбейіп, олардың құрылымы күрделеніп келуін байқауға болады, әсіресе, бұл қоғамдық-саяси, ғылыми және техникалық терминологияға қатысты айқын көрінеді. Термин сөздердің көбейіп, молая түсуіне байланысты бірнеше сөздер тобының семантикасы қарама-қарсы бағытта дамып, бастапқы нақтылық-заттық сипатын жоғалтып, жалпылама семантикалық қасиеттері басым болып келеді», – деген тұжырым жасайды [335, 16 б.].

Семантикалық тәсілдің терминологиялық атаулар қалыптасуының бастапқы кезеңдерінде қолданылуы, әсіресе, метафора арқылы мағынаның өзгеруі термин жасаушылардың қоғамдық, ұжымдық ой-сана мен ойлау даму деңгейлеріне байланысты. Кез келген тіл материалының негізінде алғашқы терминологиялық атауларда заттар мен құбылыстардың таза сыртқы ұқсастықтарына негізделген ойлаудың нақты-бейнелік белгілері сақталғандығын байқауға болады. Қазіргі таңда мұндай атаулардың сирек кездесуі және бұл тәсілдің дерексіз терминологиялық атаулар жасалымында қолданылуы термин жасаушылар мен оны қолданушылардың жоғары абстрактілі, қоғамдық ойлаудың, жоғарғы деңгейдегі дамуын айқындайды.

Қазіргі кездегі бұл тәсілдің терминжасамдағы және жалпыәдеби семантикалық сөзжасамынан басты айырмашылығын В.В.Виноградов жалпыәдеби тілдегі семантикалық өзгеру сөздің ұзақ эволюциясының нәтижесі болып табылуында деп түсіндіреді [268, 167 б.]. В.П.Даниленко да осы пікірді қолдап, терминологияда тілде бұрыннан бар сөздің семантикалық тұрғыдан өзгеріске ұшырап, жаңа мағынаға бейімделу үшін ұзақ мерзімнің қажет емес екендігін атап көрсетеді [94, 102 б.].

Дегенмен, бұл тәсіл қазіргі таңда терминологиялық лексика толығының негізгі дереккөздерінің бірі болып табылады, себебі олар терминдерге қойылатын басты шарттарға сәйкес келеді: термин қысқалығы мен уәжділігі. Біз ғалым-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— дардың жоғарыда келтірілген ой-пікірлеріне қосыламыз, алайда сөз бен терминнің семантикалық өзгеруін талдауда оның эволюциялық даму уақытына емес, семалық талдау арқылы олардағы пайда болған негізгі мағыналық ерекшеліктерге назар аударамыз.

Мағына құрылымында семалар ерекше түрдегі құрылым түзеді және өз ішінен әртүрлі типтерге бөлінеді. Мәселен, «интегралды сема» (Д.Н.Шмилев), «архисема» (В.Г.Гак), «ядролық сема» (И.А.Стернин), «лексика-грамматикалық» (Э.Кузнецова) т.б. Қазақ тілі білімінде сөздің лексикалық мағынасының құрылымын зерттеген Ғ.Хасанов семаларды үлкен үш түрге топтастырады:

1) денотаттық-сигнификаттық семалар (узуалды, окказионалды, топтық, жекелік);

2) айыру күшіне байланысты семалар (интегралды, архисема, дифференциалды);

3) мазмұндық сипаты бойыншы (тұрақты, ықтималды, ассертивті, диспозиционалды, анық, бұлыңғыр, позитивті, негативті) [336, 18-19 бб.].

Профессор Ш.Ш.Жалмаханов: «Негізінде бастапқы зат белгілерінің жиынтығы – архисема (бастапқы жалпы белгі), бастапқы зат пен кейінгі заттың бір сөзбен аталуына негіз болған белгі не белгілер – интегралсема, бастапқы және кейінгі заттардың өздеріне тән өзіндік белгілері – дифференсема. Экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторлардың әсерінен лексемалардың семантикалық жақындығы немесе алыстығы туындайды. Лексемалардың семантикалық жақындығы дегеніміз – ортақ интегралсемалардың көбейіп, дифференсемалардың азаюы», –деп көрсетеді [31, 184 б.].

Зерттеу материалымыздың ерекшелігіне орай, біз семаларды тектік (архисема), сәйкестендіруші (жалпылаушы), даралаушы және потенциалдыларға бөліп қарастырамыз. Біздіңше, тектік семалар бірнеше нысандар тобына тән белгілерді айқындайды. Мысалы, жалпы адам атаулыға қатысты тектік семалар – «адам», «ер/әйел жынысы» деген семаларды білдіреді.

Сәйкестендіруші семалар бір топ нысандар ішіндегі кіші топқа ортақ белгілерді көрсетеді. Мәселен, «адамның

анатомиялық, физиологиялық және т.б. белгілері», «адамның ойлау мен сөйлеуге қабілеттілігіне қатысты белгілер», «адамның іс-әрекет игіліктері мен еңбек құралдарын жасап шығарушы ретіндегі белгілері» және т.б. Сөйтіп, сәйкестендіруші семалар «тұлға», «адам» «жұмысшы», «жұмыскер», «маман», «қолдаушы», «мүше», «тұрғын» т.б. осы сияқты кең түрдегі тектік белгілерді айқындайды.

Даралаушы семаларды біз сипаттамалы және қатыстық деп екіге бөліп қарастырамыз. Сипаттамалы семалар аталмыш тұлғаға тән объективті қасиеттерін белгілейді (бойы, жасы, сыртқы пішіні т.б.). Ал қатыстық семалар бір нысанның басқа нысандармен байланысын анықтайды. Адамға қатысты бұл белгілер еңбекке, еңбек затына, қоғамдағы атқаратын қызметтеріне деген байланыстарын көрсетеді. Жалпы түрлік белгі даралаушы, сипаттамалы немесе қатыстық семалар арқылы айқындалады. Потенциалды семалар болмашы белгілерге қатысты түрлі ассоциацияларға қатысты болып келеді. Сөздің тура мағынасында олар көрініс бермейді [83, 14-16 бб.]. Л.А.Шкатова адамның тектік белгісін көрсету үшін «маман» – «ғылым мен техника саласында белгілі бір кәсіп иесі, қызметкер», «жұмысшы» – «өндірістік кәсіп иелерінің атауларына қатысты (өндірісте жұмыс істейтін адам, жұмыскер)» және «тұлға» лексемаларын кәсіби емес атауларға тән деп белгілейді [161, 111 б.].

Қазақ тілінде тектік мағынаны беретін бірізді анықтамалар жоқтығын мына мысалдар арқылы көрсетуге болады: *сазтанушы* – *музыка ғылымымен айналысатын маман (музыкатану маманы)*; *бағдарламашы* – *бағдарламалау жұмысымен айналасушы адам (бағдарламалау маманы)*; *көкөнісші* – *көкініс өндірумен шұғылданушы (көкөніс шаруашылығының маманы)* және т.б.

Қазақ тілінде тектік белгіні беру үшін «маман», «қызметкер» лексемаларын ғылым мен техника саласындағы белгілі бір кәсіп иесін, қызметкерін айқындауға, «жұмысшы», «жұмыскер» лексемаларын – өндірістік кәсіп иелері атауларын», ал «адам» және «-шы» жұрнағы арқылы кәсіби емес іс-әрекеттерін орындаушыларды анықтауға болады деп санаймыз.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Қазақ тілінің 10-томдық түсіндірме сөздігінде «көне» белгісімен берілген көптеген төл сөздер қазіргі таңда семантикаларының өзгеруіне орай тіл қолданысында белсенді рөл атқаруда. Мысалы, **әкім** көне. «елге билік жүргізуші, ел басқарушы адам» → **әкім** – «бір істі басқарушы лауазымды адам; жауапты бұйырушы»; **сардар** көне. «сарбаздардың басшысы; жасақ басы, қолбасшы» → **сардар** «әскери бөлімнің, бөлімшенің немесе әскери кеменің басшысы»; **сарбаз** «жасақшы қол: әскер, жауынгер» → **сарбаз** «басшы және командалық құрамға енбейтін әскери адам» және т.б.

Н.Әшімбаева көнерген сөздердің қазіргі әскери терминологияны қалыптастырудағы маңызды рөлін анықтап, -уыл, -еуіл, -уыл, -уіл сөзжасамдық үлгісінің өнімділігін атап көрсетеді, мысалы: айдауыл, асауыл, бақауыл, бекеуіл, бегауыл, бұқауыл, барлауыл, ереуіл, ертеуіл, жасауыл, жортауыл, жандауыл, кептеуіл, кешуіл, қайдауыл, қорғауыл, қарауыл, қырауыл, сасауыл, сайдауыл//сандауыл, сыртауыл, сырғауыл, торғауыл, тексеуіл, тоқтауыл, томауыл, тосқауыл, тыңдауыл, тежеуіл, тұмауыл, шығауыл және т.б. [337, 191 б.].

Осымен байланысты ғалым А.Алдашева қазақ тілінің өз сөздік қорында бұрыннан бар, әскери іс саласына топтасатын аталымдар легі ретінде төмендегілерді атауға болады деп көрсетеді: айдауыл (конвой), алғыншы (авангард), алтыатар, берен; дулыға; нысана; жортуыл; әскери әлеует; әскери нөкер (эскорт); қарауыл; ершік (седловина); жедел ақпар (депеша); оқшантай; кіреуке (кольчуга); сауыт (кольчуга); зеңбірек; шүріппе; торуыл (засада); құндақ (цевье); сарбаз; қолбасшы; тапанша (пистолет); ұңғы (дуло, ствол); қалқан; сап; лек; семсер; зеңбірек; шеп; шолғын (дозор) және т.б. [338, 187 б.].

Семантикалық өзгерістер әсіресе туынды сөздерді талдау барысында айқынырақ көрініс табады. Өйткені орыс ғалымы Е.С.Кубрякова атап көрсеткеніндей, туынды сөздер семантикасының негізгі белгісі олардың сілтемелік сипатында: «Туынды сөздердің ең басты белгісі олардың мән-мағына-

лық құрылымының екіжақты референциялау қасиетінде: ақиқат шындық дүниеге қатысты референция (әрбір туынды сөздің жеке лексикалық мағынасы) және сөздер әлеміне қатысты референция (әрбір туынды сөздің мағынасы онымен түбірлес сөздің мағынасынан туындауы)» [339, 90 б.].

Бұл құбылысты мына мысалдардан байқауға болады: *тоқушы* → *«тоқу ісімен шұғылданушы, тоқымашы»* – *«өндіріс жағдайында мата тоқу ісімен шұғылданушы маман»* → *тоқымашы*; *жібекші* – *«жібек құртын өсірушілер, жібек талшығын өңдеушілер»* – *«жібек мата шығарушы маман»* → *жібекші*; *әрлеуші* – *«нәрсенің сырт көрінісін көркемдеп, әдемілеуші»* – *«үйдің іші-сыртын белгілі бір түрге келтіруші маман, құрылыс жұмысшысы»* → *әрлеуші*; *баспаханашы* – *«баспахана қожасы, иесі»* – *«баспахана қызметкері»* → *баспаханашы*; *сыншы* → *«біткен істі немесе біреуді сынап - мінуге бейім, кемшілікті көргіш, мінші»* – *«жазушы шығармасын талдап баға беретін, әдеби сынмен шұғылданушы маман»* → *сыншы*; *тәрбиеші* → *«тәрбие жұмысын жүргізуші, тәрбиелеуші»* – *«тәлім-тәрбие беруші, ұстаз, тәрбие жұмысын жүргізуші маман»* → *тәрбиеші*; *сықақшы* → *«біреуді әжуалап келемеждеуге шебер, талкекші, мысқылшы»* – *«сықақ жанрындағы жазушы»* → *сықақшы*; *сағатшы* – *«сағатты жөндеп түзеумен шұғылданатын адам»* – *«сағат жөндеуші шебер»* → *сағатшы*; *жолшы* → *«сапарға, жолға шыққан адам, жолаушы»* – *«жол жөндейтін адам»* → *жолшы*; *«теміржол көлігінің маманы немесе жалпы жол қатынасы қызметкері»* → *жолшы* және т.б.

Жалпықолданыстық сөз мағынасының кәсіби мағынаға одан әрі қарай терминологиялық-дефинитивтік мағынаға дейін даму динамикасын төмендегі кестелерден көруге болады (мысалдар экономика терминдерінен алынған):

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Кесте 5 – Терминдер семантикасының даму динамикасы

<i>Кәсіпкер</i>			
Жалпықолданыстық мағына	Белгілі бір кәсіппен айналысатын адам	↑ _____	
Кәсіби мағына	Кәсіпкой мамандық иесі	кәсіпті, істі ұйымдастырушы бизнесмен	↑ _____
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Кәсіпкерлікпен айналысып жүрген	құқықты заңды тұлға	жеке азамат
<i>Делдал</i>			
Жалпықолданыстық мағына	Екі адам арасын келістіру үшін жүретін адам	↑ _____	
Кәсіби мағына	Сатушы мен алушы арасында жүретін	пайдакүнем	↑ _____
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Тауар өндірушілер мен тұтынушылардың	тауар сатушылар мен сатып алушылардың арасындағы жүрген	тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің айналасына ықпал ететін адам
<i>Қазынашы</i>			
Жалпықолданыстық мағына	Қазына байлығын сақтайтын адам	↑ _____	
Кәсіби мағына	Қазына ұстаушы	мекеменің, ұйымның ақшасын, бағалы затын сақтайтын, күтетін адам	↑ _____
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Мемлекеттік бюджетке жоба жасау және оның орындалуын қадағалау	мемлекет қарызын басқару	мемлекеттік құнды қағаздар шығару саласының маманы
<i>Қызметкер</i>			
Жалпықолданыстық мағына (көне)	Біреуге жалға тұрып жұмыс істеуші даяшы	↑ _____	
Кәсіби мағына	Белгілі бір мамандық бойынша	кеңсе жұмысында істейтін кісі	↑ _____
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Жұмыс атқаратын	кәсіпорындар мен фирмаларда	мекемелер мен ұйымдарда жұмыс істейтін тұлға
<i>Тапсырысшы</i>			
Жалпықолданыстық мағына	Тапсырыс беретін адам	↑ _____	
Кәсіби мағына	Белгілі бір нәрсені дайындау үшін	алдын ала тапсырыс беретін адам	↑ _____
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Белгілі бір тауар түрін жеткізуге не қызмет көрсетуге	тауар өндірушілер мен сатушыларға, жабдықтаушыларға, қызмет көрсетушілерге	өтініш білдірген заңды немесе жеке тұлға

5 – ші кестенің жалғасы

Саудагер

Жалпықолданыстық мағына	Алған затын қымбатырақ бағаға қайта сататын алыпсатар	↑	
Кәсіби мағына	Заттың тұрақты, өзіндік басағасын асырып,	қайта сататын сатарман, алыпсатар	↑
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Жеке кәсіпкерлік қызметпен –	саудамен, сауда қызметімен	шұғылданатын тұлға

Жарнашы

Жалпықолданыстық мағына	Жарна төлеуші, пайшы	↑	
Кәсіби мағына	Ортақ іске өз үлесін қосушы	жарна жинайтын қызметкер	↑
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Жарна төлеуші	кооперативті мекемеге, ұйымға жарнасын төлеген мүше	ортақ іске ұпай, үлес қосқан адам

Байқағанымыздай, жалпықолданыстық сөз мағынасының негізгі белгісі кәсіби мағынада сақталып, терминологиялық-дефинитивтік мағынада да көрініс береді.

Алайда жалпықолданыстық мағына мен кәсіби мағына арасындағы байланыс терминологиялық дефинитивтік мағынаға қарағанда жақынырақ болады, оны төмендегі мысалдардан байқауға болады:

Кесте 6 – Жалпықолданыстық мағына мен кәсіби мағына және терминологиялық дефинитивтік мағына арақатынасы

Салымшы

Жалпықолданыстық кәсіби мағына	Жинақ банкісіне ақша салған адам	↑	
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Жинақ банкісіне немесе кез келген басқа несиелеу мекемелеріне	сақтауға салынған ақша сомасының иесі.	

Тұтынушы

Жалпықолданыстық кәсіби мағына	Пайдаға асырушы, керегіне жаратушы	↑	
Терминологиялық дефинитивтік мағына	Басқа бір жақтың шығарған өнімдерін, көрсетілетін қызметтерін	өз өнімдерін де тұтынушы, пайдаланатын жеке тұлға	

Керісінше, кәсіби мағына мен терминологиялық мағына ұқсастығы басым болуы да мүмкін.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—
Кесте 7 – Жалпықолданыстық мағына мен кәсіби терминологиялық дефинитивтік мағына арақатынасы

<i>Сақтандырушы</i>		
Жалпықолданыстық мағына	Сақтандырған адам, ескертуші	↑ _____
Кәсіби терминологиялық дефинитивтік мағына	Клиенттерді сақтандыру жұмысын жүргізетін, қауіп-қатердің деңгейін анықтайтын сақтандыру бірлестігінің жұмыскері	мүлікті сақтандырушы немесе жеке сақтандыру шартын жасаушы жеке тұлға

Сонымен, қазақ тілінде жалпықолданыстық лексиканың терминдер қатарына өту барысында бастапқы сөздің негізгі семантикалық белгісі сақталып, терминологиялық-дефинитивтік мағынада көрініс береді.

Сөйтіп, кейбір ғалымдардың жалпықолданыстық сөз терминдер қатарына енуінде (Л.А. Капанадзе) өзінің лексикалық мағынасын мүлдем жояды деген пікірлерін жоққа шығаруға болады.

Қазақ тіліндегі кірме атаулардың ономаσιологиялық сипаты

Тіл білімінде сөздерді түбір сөздер мен туынды сөздерге бөліп қарастыру дәстүрі қалыптасқан. «...түбірсіз ешбір сөз жасалмайды, сондықтан ол – сөзжасамдағы негізгі тұлға. Түбір сөздің сөзжасам жүйесінде өзіндік белгілі қызметі бар. ...Сөзжасам үдерісіндегі түбірдің негізі тұлға болып саналады, себебі түбір сөздің лексикалық мағынасы жаңа сөздің лексикалық мағынасына арқау болады, өйткені тілде бір лексикалық мағына екінші лексикалық мағынаның негізінде жасалады. ...түбір сөздің мағынасы арқылы жасалған туынды сөздің мағынасы өте тығыз байланысты және ол кездейсоқ құбылыс емес, сөз жасауда рөлі күшті. Сөзжасамға – түбір сөз ретінде қатысатын сөздердің бәрі лексикалық мағыналы сөздер болғандықтан, оларға тілде дербес сөз түрінде қолданылып жүрген сөздер жатады» [340, 14-15 бб.]. Яғни туынды сөздер мен түбір сөздердің негізгі айырмашылығы туынды сөз мағынасының тілде бар белгілі бір тілдік бірліктің мағынасы арқылы белгіленуінде.

Тіл білімінде туынды сөз семантикасын арнайы зерттеген ғалым Е.С.Кубрякованың: «Туынды сөз немесе сөзжа-

сам тұрғысынан уәжді болып қасында формалды немесе мазмұн жағынан байланысты тілдік бірлігі бар сөз ғана саналады», – деген пікірі айтылған ой-тұжырымды құптай түседі [341, 88 б.]. Ал түбір сөз мағынасын мұндай жол арқылы белгілеу де, түсіндіру де мүмкін емес. Демек, түбір сөз мағынасы жайында сөз болғанда онымен түбірлес таңба референциясына жүгіне алмаймыз. Себебі сөз тудырушы негіз жоқ жерде туынды сөз де болмайды. Сондықтан егер сөздің этимологиясы оның басқа бір сөзден, сөз тіркесінен туындағанын дәлелдеп тұрса да, ал синхрония тұрғысынан оның сөзжасам белгілері күңгірттеніп, белгісіз болса, онда ол бейуәжді сөз болып саналады.

Сонымен қатар, «Уәжділік – форма мен мазмұн арасын байланыстырушы құрал, маңызды белгілердің бірі. Сондықтан уәжділік пен мазмұн алшақтықтарын сөз еткенде оның форма мен уәжділік арасындағы әртүрлі гносеологиялық қызметтері туралы ұмытпағанымыз жөн. Уәжділік кез келген сөзге, дәлірек айтсақ, оның ішкі формасына тән емес. Сөздің уәжділігін ашпас бұрын оның мазмұны мен ішкі формасының сәйкестілігіне мән берген жөн. Уәжділік шегі лексикалық мағынаның оның ішкі формасына өзекті бөлігімен айқындалады» [57, 67 б.].

Осымен байланысты түбір және туынды сөздер табиғатын арнайы зерттеген ғалым Н.М.Шанский олардың әрқайсысына тән белгілер жүйесін ұсынады [342, 73-74 бб.]:

Туынды негіз:

- 1) жеке морфемаларға бөлшектенеді;
- 2) бөлшектенетін бүтін ретінде өзіне сәйкес бейтуынды (түбір) негізге тәуелді;
- 3) мағынасы бөлшек мағыналардан құралып, оларға сәйкес келеді;
- 4) ақиқат өмірдегі затты, құбылысты олардың басқа заттармен немесе құбылыстармен байланысын орнату арқылы белгіленеді.

Түбір негіз:

- 1) морфологиялық тұрғыдан бөлшектеуге келмейді;
- 2) қазіргі семантика-сөзжасамдық байланыстар тұрғысынан мағынасы шартты және бейуәжді болып саналады.

Демек, сөздердің түбір және туынды болып жіктелуінің басты шарты семантикаға негізделеді. Сондықтан «туынды

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері— сөздер деп жұрнақтар арқылы негізгі түбірден өрбіген сөздерді айтамыз» [116, 90 б.]. Осымен байланысты «бір сөзге сөз тудырушы қосымша жалғау арқылы жасалған жаңа мағыналы сөзді қосымшалы түбір дейміз», – деген пікірлерді де ескеру қажет [343, 12 б.].

Қазақ тіл біліміндегі сөзжасам негізін салушы Н.Оралбаева былай дейді: «Тілдің сөзжасамдық тұлғаларына сүйенбей, ешбір жаңа сөз жасалмайды. Ол жөніндегі ғалымдар пікірі бойынша да және түркі тілдердің сөз жасау тәжірибесінде де жоқтан сөз жасау кездеспейді» [340, 14 б.].

Негізінен, тілдің ішкі дамуы – лингвистикалық факторларға байланысты болса, ал сыртқы дамуы – экстралингвистикалық болмысқа негізделіп, зат-ұғым-атау-таңба арасындағы үдеріс тікелей аталым теориясы негізінде жүзеге асады.

Тіл білімінде аталым теориясына қатысты Е.С.Кубрякова, В.Г.Гак, М.Н.Яценецкая, В.Н.Телия, И.С.Торопцев, Л.К.Жаналина, Н.Д.Голев, С.Е.Исабеков, А.И.Моисеев, С.С.Маслова-Лашанская, Л.А.Шкатова, А.В.Исаченко, Р.М.Исаева, Н.И.Мигирин т.б., ал уәжтану теориясына қатысты қазақ тіл білімінде уәжділік, уәж мәселелері туралы Ө.Қайдар, Е.Жанпейісов, К.Хұсайынов, Б.Қалиев, Н.Уәлиев т.б. еңбектерін атауға болады.

Қазақ тіл білімінде уәжтану теориясына зерттеу жүргізген К.Ш.Хұсайыновтың «Звукоизобразительность номинации в казахском языке» атты теориялық еңбегінде: «...тіл жүйесінде бейуәжді сөздер де болады. Олар тек уақыт өте уәжділік белгілері күңгірттенуі арқылы ғана емес, сонымен бірге басқа тілдерден сөз қабылдау (кірме сөздер) және жасалынды сөздер жасау барысында да пайда болады. Егер жасалынды сөздер жалпы бейуәжді болса, кірме сөздер тек сол тілде ғана уәжді болып саналады», – деп берілген [65, 16 б.].

Сонымен қатар, «...кірме сөздер де жаңа туынды бірлік болып саналады, өйткені олар да сөзжасам қатарын арттырып, тілдің сөздік құрамын жаңа сөздермен байытады...» [296, 280 б.]. Қазіргі қоғамда бір-бірімен етене араласуының нәтижесінде көптеген халықтардың тілдік қатынастары жан-жақты дамып күрделене түсті. Әлемдегі тілдер секілді, қазақ тілі де жақын, алыс елдермен түрлі қарым-қатынас жасай отырып, дамудың түрлі-түрлі сатысынан өту кезеңінде.

Жоғарыда аталған сөзжасам мен сөздердің семантикалық тәсілдері сөздік қорды, оның ішінде терминологияны да қалыптастырудың барлық тарихи кезеңдерінде де жетекші үдерістер болып табылады. Осымен қатар өзге лексиканы да қабылдау, әсіресе, ғылыми-техникалық прогресс заманында ерекше орын алады. Қазақ терминологиясының жаңа кезеңінде, әрине, сөзжасамдық және семантикалық үдерістері басты қызмет атқарады, алайда орыс тілінен және сол тіл арқылы басқа еуропа тілдерінен де тура және жанама түрде атаулар қабылдау үдерістері қазіргі әдеби тілдің, әсіресе, терминологияның қалыптасуында маңызды рөл атқаруда. Яғни кез келген тіл терминологиясының зерттелуі мен реттелуінің теориялық әрі практикалық маңызы зор.

Терминологияның даму жолдары мен толығыуы, сондай-ақ оның әрбір жеке саласы терминдерінің реттелуі, терминжасам тәсілдерінің талдау мәселелері жан-жақты зерттеуді қажет ететін өзекті мәселелер қатарына жатқызылады. Ғалымдардың пікірінше, қазіргі лексиканың ең бір маңызды, таласты мәселесі – ғылыми-техникалық терминологиялар жасалуы мен толығыуы болып саналады. Жаңа терминдер қажеттілігі білімнің барлық салаларында байқалады. Орыс тілінің ықпал етуіне байланысты қазақ тіліне көптеген шетел терминдері кірігуде, біршама терминдерді тілдің ішкі көздері негізінде өз сөзжасамдық тәсілдері арқылы, сондай-ақ калькалау және жаңа сөз бен сөз тіркестері белгілі сөзжасамдық және фразеологиялық үлгілер арқылы жасалуда.

Дегенмен жаңа терминдер жасалуында ғылыми принциптердің қатаң сақталмауы салдарынан, сонымен бірге мемлекеттегі терминологиялық жұмыстарды ұйымдастыратын ғылыми орталықтың болмауы бір зат пен құбылысқа түрліше атаулар берілуіне әкеліп, нәтижесінде жаңа терминологияның тұрақсыздығы орын алып, оның қолданылуына кері әсер етеді. Терминология ғылыми-техникалық прогресс реалийлерін айқындап, үнемі үздіксіз даму барысын сипаттап, өзінің ішкі қорлары мен лек-легімен кіріп жатқан кірме лексика арқылы толығып, трансформацияланып жатады. Ақпараттылық ағын күшінің қуаттылығы мен терминологиялық қордың толығыуының жоғары қарқыны кейде терминжасам барысының астан-кестен, ретсіз түрде жүзеге асуына алып келеді.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Неологизм деп кез келген жаңа сөз немесе сөз тіркесі, сондай-ақ қарым-қатынас қажеттілігінен туындайтын бұрыннан бар сөздер мағынасының жаңа семантикалық белгілерін де түсінеміз. Әдеби тілге еніп жатқан неологизмдердің ба-сы көпшілігі терминдер болып табылады. Қазіргі таңда неологизмдер – термин шығармашылығы аясында қарастырылатын маңызды мәселелердің бірі. Әрбір ғылым саласы сол білім саласының терминологиялық жүйесін құрайтын терминдерді пайдаланады. Термин, ең алдымен, мәнмәтінге емес, терминологиялық өріске тәуелді, себебі терминологиялық өрістен тыс ол өзінің жүйелік және дефинитивтік сипаттарын жоғалтады. Әдетте ғылыми әдебиеттерде терминдердің үш негізгі құрылымдық түрлері ажыратылып көрсетіледі:

- 1) термин-сөздер (түбірлі, туынды);
- 2) термин-сөз тіркестері;
- 3) термин-символдар.

Терминологияға омонимия, синонимия, антонимия және көпмағыналық сияқты лексика-семантикалық үдерістер де жат емес. Мысалы, бір термин сол тілдің түрлі терминологияларына еніп, ғылымаралық терминологиялық омонимияны көрсетеді: «ассимиляция» 1) этнографияда; 2) фонетикада; 3) физикада; 4) философияда.

Терминдердің омонимиялық және көпмағыналылық қасиеттері аударма ісінде белгілі қиындықтар тудырады. Қазақ тіліндегі дұрыс эквивалентті таңдау үшін терминдердің негізгі түрлерін білу және мәнмәтінмен жұмыс істей алу қажет.

Мәнмәтіндер көлеміне қарай:

- фразалық мәнмәтін;
- фразалықтан тыс мәнмәтін;
- экстралингвистикалық мәнмәтін болып ажыратылады.

Лингвистика мен аударма мәселелері өте күрделі құбылыстардың бірі болып табылады. Аударма, ең алдымен, сөйлеу тілінің материалдарымен байланысты, сондықтан ол лингвистикалық заңдылықтарға бағынады. Өйткені аударма – лексикалық және грамматикалық тұрғыдан екі тілдің салғастырмалы көрінісі. Осымен байланысты аударма – билингвизм тетігінде қалыптастырылатын күрделі сөйлеу тілінің қызметі. Аударма теориясында аударманың негізгі екі түрі бар деп көрсетіледі. Олар көркем аударма және ақпараттық

аударма. Көркем аударма дегеніміз – бұл көркем әдебиет шығармаларының аудармасы. Ал ақпараттық аударма дегеніміз – оқырманға кейбір мәліметтерді жеткізетін мәтіннің аударылуы. Мұндай мәтіндерге ғылыми-техникалық, іскерлік, қоғамдық-саяси және т.б. мәтін материалдары жатады. Аударманың осы түрімен айналысатын аудармашының негізгі міндеті – мәтінді осы мәтіндегі ақпаратты толық жеткізу, жоғары деңгейдегі баламалық мүмкіндігін пайдалана отырып аудару.

Осымен байланысты мәтін құрылымы мәселесіне тоқталатын болсақ, онда мәтін, ең алдымен, сөйлемнен, ал сөйлем сөздерден құралады: мәтін > сөйлем > сөз. Сонымен, аударманың ең кіші тілдік бірлігі сөз болып табылады.

Өз кезегінде сөз аударманың ең кіші тілдік бірлігі ретінде аударма мәтінінде жалпы қолданыстағы сөз бен терминологиялық бірлік негізінде көрініс табады. Жалпы қолданыстағы сөзді аудару жолдары мен түрлері ғылыми әдебиеттерде кеңінен қарастырылған және аса қиындық тудырмайтын мәселелердің қатарына жатқызылады. Осы ретте терминдік бірліктерді аудару мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді. Терминдер ғылыми-техникалық, іскерлік, қоғамдық-саяси т.б. мәтін материалдарының негізін құрап, аударманың ақпараттық түріне жатады.

Ғалым Б.Момынова: «Интеграциялық процестер мен әдеби тілдің интеллектілену жағдайы тілдің лексика саласынан мейлінше айқын байқалады. Тіліміздегі ғылыми, ғылыми-техникалық, оқу-педагогикалық, қоғамдық-саяси терминдердің көбін (өткен ғасырдың 80-жылдарындағы статистикалық мәлімет бойынша 70-80%-ын) орыс тілі арқылы өзге тілдерден енген немесе орыс тілі терминдері құрады. Әрине, ол кезде интернационалдық терминология жасау ұранының күшейіп тұрған кезі еді. Қазір ондай ұран болмағанымен, терминдердің түгел қазақшалануы ... жүзеге аса қойған жоқ», – деп көрсетіп, оның негізгі себептері ретінде грек-латын негізді халықаралық терминдерді аударудың, калькілеудің нәтижесі терминдік қордың жасандылығын арттырып жіберуі, қазақшаланған терминдердің тілімізге сіңісіп кетуіне белгілі бір уақыт қажеттілігі сияқты бірнеше дәлелдемелерді келтіреді [344, 47 б.].

Осы мәселеге қатысты зерттеуші Е.Әбдірәсілов аударма терминжасам ісіндегі өнімді тәсілдерінің бірі екендігін анықтап, осы бағытта көптеген істерді қолға алу керектігін бы-

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

лайша жеткізеді: «Қазір терминдерді қалыптастыруда аудару немесе аудармау деген өзекті мәселе, екі бақытқа негізделген пікірлер қалыптасып отыр. Негізі тілдегі терминдерді біржақты аудару немесе аудармау деген көзқарастардың болуы дұрыс емес. Әрине, аудармау, қазақ тілінде қалыптастыруға ұмтылыс жасалуы керек. Бірақ кез келген терминді бірден аударуға мүмкіндік туындай бермейді. Өйткені тіл бүгін жасап, ертең алып тастай салатын ойыншық құбылыс емес немесе термин жасау, оны енгізу ісі өнертапқыштық қабілетпен шектелмейді. Екіншіден, термин – сөз. Сөз – тілдің ойынша маңызды бірлігі. Олар атайды, тілде, негізінен, терминдер де атауыштық қызмет атқарады. Ал ұғымды бір сөзбен атау, ойлап табылған сөздің барлығымен, аударылған әйтеуір бір нұсқасының табылуымен шешіле салмайды. Үшінші фактор – сөздіктердің сапасы» [345, 210-211 бб.].

Жалпы аудару барысында сол терминнің қандай функционалдық топқа жататынына орай түрлі мәнмәтіндер қолданылуы мүмкін. Мәселен, екі басқа терминологиялық жүйеге омоним терминдерді аударуда олардың қай терминологиялық жүйеге қатыстылығын айқындау үшін мәнмәтінді қолдануға болады, яғни оны толықтырушы сөз немесе бір топ сөздер арқылы көрсету қажет.

Фразалық мәнмәтін бір терминологиялық жүйе шеңберінде көпмағыналы терминнің қажетті мағынасын таңдап алуға мүмкіндік береді. Егер фразалық мәнмәтін талданатын терминнің бір мағыналығын орнатуға мүмкіндік бермеген жағдайда фразалықтан тыс мәнмәтін келтіру (бір топ сөйлем, абзац, мәтін бөлігінің мазмұны) немесе экстралингвистикалық мәнмәтінді қолдану қажет. Экстралингвистикалық мәнмәтін дегеніміз – аудармашының сипатталып жатқан құбылыс жөніндегі анықтамалық құралдардан, мақалалардан оқып алған өз білімін, сондай-ақ ғылым мен техниканың сол саласының маманымен кеңесуі арқылы алынған ақпаратты білдіреді.

Терминологиядағы синонимия құбылысы, негізінен, оның бастапқы қалыптасуы кезеңіне тән келіп, үш түрлі бағытта көрініс береді:

- бірнеше кірме атаулардың қолданылуы;
- қазақ тілінде термин бола тұрып, кірме термин қабылдау;
- кірме терминге эквивалент ретінде неологизм жасау.

Қазіргі таңда ғылыми-публицистикалық мәтіндерде жоғарыда аталған терминдер синонимиясы түрлерінің барлығы да бір мәнмәтін шеңберінде қолданудың тұрақты үрдісі байқалады. Сондықтан да аударма терминдері қатарындағы варианттылық, жарыспалылық құбылысы заңды болып табылады. Мәселен, ең алғашқыда төмендегідей терминдердің мынадай варианттары тең дәрежеде қолданылған:

Снегурочка – ақшақар, қарханшайым, қаршақыз;

Коляска – бесікарба, қолкүйме, күймебесік;

Личный счет – бетесеп, жеке есеп;

Экстрасенс – болжамгер, емгер;

Консолидация нации – ел болып ұю, ұлт болып ұю;

Патриот – елжанды, ұлтжанды, отансүйгіш;

Боеголовка – құстұмсық, оқтұмсық, оқбасы;

Опекун – қорғанышы, қамқоршы;

Тратуар – аяқжол, жиекжол, жаяусоқпақ және т.б.

Қазіргі қазақ тілінде *приватизатор* терминінің аудармасы ретінде «*жекешелендіруші*» сөзі қалыптасқан. Егер аударма сөздің құрылымы мен семантикасына назар аударатын болсақ, онда бұл сөзді қабылдауды, ұғынуды қиындататын элементтерді байқауға болады: *приватизатор* – *приват* (лат.*privat* – жекеменшік), *-из* (*іс-әрекетті білдіруші жұрнақ*), *-атор* (*іс-әрекетті атқарушы*); *жекешелендіруші* – *жекеше* (*дербес, бөлек, өз алдына*), *-лен* (*пассивтену*), *-дір* (*каузатив*), *-у* (*іс-әрекет*), *-ші* (*іс-әрекетті атқарушы*).

Семантикасы мен құрылымы тұрғысынан бұл терминге негізінен қазақ тілінің *жекеменшік* – *жекеменшіктеуші* сөздері лайық болып келеді. Бірақ та *жекешелендіруші* сөзі кеңінен таралып, тіл фактісіне айналды. Яғни узуалдану үдерісінің барысында кез келген окказионалды атау узуалдыға айналуы мүмкін. Ал жалпы узуалдану үдерісі дегеніміз – бір атаудың бірнеше нұсқасының ішінен біреуінің іріктеліп, сол ұғымның болашақта атауы болатын нұсқаның таңдалып алынуы.

Мысалы, кезінде *медсестра* терминінің сөйлеу тілінде қолданылған мынадай бірнеше нұсқасы болған: *мейірбике*, *медбике*, *емші бибі* («Ана тілі» газеті), *медбибі*, *шипажер*, *аяжан*, *емшібике*, *медайым*, *медицина бикесі* («Алматы ақшамы» газеті). Осы нұсқалар, арасынан бекітілгені – *мед-*

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

бибі нұсқасы. Бұл ретте, біздің ойымызша, аталған терминнің узуалдануына мынадай факторлар себеп болды: 1) атаудың қолданыс жиілігі; 2) нұсқалардың, басқа атаулардың орнына қолданылуы (*врач – шипагер, сестра милосердия – мейір-бике*); 3) аталған нұсқаны қолданған авторлардың маман ретіндегі беделі (Т.Жанұзақов, Ө.Айтбайұлы).

Кез келген терминология күрделі ұйымдасқан лексика-фразеологиялық жүйені айқындайды. Бұл жүйе аясында жалпы лексикология заңдары іске асырылады, себебі, аталған көпмағыналылық, синонимия, антонимия және омонимия сияқты лексика-семантикалық процестер негізгі терминологиялық ұстанымдарға (бірмағыналылық, ұғым айқындылығы т.б.) қарама-қайшы келгенімен, ғылыми-техникалық мәнмәтіндерде орын алуын жоққа шығара алмаймыз.

Ғалым Ә.С.Тарақ терминдерді түсіну және аудару қиындығына байланысты оларды үш топқа бөліп қарастырады:

«1. Шетелдік өмірдегі реалийді белгілейтін терминдер. Бұл топтағы терминдерді түсіну қиындық тудырмайды, дегенмен мынадай жағдайлар болуы мүмкін: а) ағылшын терминіне (интернационалдық термин) байланысты қазақша балама түр табу оңай емес.

2. Шетелдік тұрмыс-тіршілік реалийін белгілейтін қазақ өміріне қатыссыз немесе жалпыға бірдей (орыс) терминологиялық баламасы бар терминдер.

3. Шетелдік болмыс реалийін белгілейтін қазақ болмысында қолданылмайтын, жалпыға бірдей қазақ тілінде терминологиялық баламасы жоқ терминдер. Мұндай терминдерді аудару мынадай жолдармен жүргізіледі:

а) ағылшын терминін сипаттау;

ә) сөзбе-сөз аудару;

б) жекелеген немесе толық түрдегі транслитерациясын беру (транслитерация шетелдік сөздің графикалық үлгіде, яғни әріптік қабылдау түрінде жеткізуге арналған аударма тәсілі);

в) бір әліпби жүйесінде (негізгі тілде) жазылған мәтінде басқа әліпби жүйесіндегі (аударма тіліндегі) құралдармен беру;

г) шетел сөзінің әріптерін қазақ әліпбиі негізінде беру (транслитерация және сөзбе-сөз аудармасы);

д) мәтінді жеткізу тәсілінде дыбысталуын анағұрлым дәл жеткізуге ұмтылу үшін аударма тілі әліпбиінің көмегіне сүйену» [346, 217 б.].

Сонымен, белгілі бір кірме ұғымды қабылдауда, оны «игеруде», ең алдымен, бұл терминнің сол жүйедегі басқа ұғымдар ішіндегі жіктелік орнын нақты айқындап алу қажет. Содан соң барып, термин құрылысына кірісуге болады. Бұл үшін ұғымның маңызды деген бір белгісі алынады немесе сол арқылы тілде бар сөз таңдалып, оған ұғымның семантикасы жүктеледі.

Өз кезегінде бұл сөз екі ұғымның белгілі бір аналогиясы (сыртқы немесе техникалық) бойынша іріктеліп алынады. Бүкіл шетелдік терминдер, оның ішінде орыс терминдері де терминологиялық жүйе ерекшелігіне негізделіп жасалады, сондықтан да ұғым белгісінің сөздік таңбалануы басқа ұғымдардың да сыртқы пішініне тікелей байланысты. Сол себепті де кей жағдайда аударма термин (калька) дұрыс аударылғанымен (тіл ерекшелігін, идиома құрылымы ескерілуімен және т.б.), сәтсіз болуы мүмкін.

Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, өзге тілдерден кірме терминдер қабылдау – ТА өнімді тәсілдерінің бірі. Кірме терминдерді әдетте лексикалық (сыртқы тұлғасы) және семантикалық (ішкі формасы немесе калькалау) деп екіге бөледі. Лексикалық кірме терминдерге мынадай сөздер мен сөз тіркестерін жатқызуға болады: *опера, балет, шахмат, альма матер, терра инкогнита* және т.б.

Калькалау тәсілі арқылы жасалған терминдер де екіге бөлінеді: а) сөзжасамдық калькалар: *денсаулықсақтау* ← *здравоохранение*; ә) семантикалық калькалар: грамматика термині *тек* ← *род* т.б. Сонымен қатар сөз тіркесті калькалау құбылысын да байқауға болады: *теміржол* ← *железная дорога*; *ақ алтын* ← *белое золото*; *қара алтын* ← *чернок золото* т.б. Егер өзге тілдегі сөз жартылай ғана көшірілсе, оны *жартылай калька* дейді. Мысалы, *теледидар, автокөлік, велошабандоз* т.б.

Ғылым, экономикалық және техникалық дамудың ақпараттық үдерістер қарқыны, ең алдымен, ғылым мен техника саласындағы лексиканың интернационалданылуымен сипатталады. Алайда бұл процестердің жүзеге асуы ұлттық

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— тілдердің лексикалық қорларының сақталуына нұқсан келтірмей, олардың ерекшеліктері мен қажеттіліктерін бұзбағаны абзал.

Лингвистика тұрғысынан кірме сөздер мен интернационалды сөздердің аражігін ажырату күрделі әрі таласты мәселе болып табылады. Кей жағдайда интернационализмдер категориясы лексикалық кірмелер деп көрсетіліп, олардың ерекшеліктері түсініксіз болып қалады. Кірме атаулар шығу тегіне байланысты өзге шетелдік болып табылады, бірақ олар диахронды категория болып саналады. Ал бұл категория интернационализмдерге қарағанда бірнеше тілдерде, оның ішінде генетикалық жақындығы жоқ тілдерде болуы міндетті емес. Ал интернационалды сөздер, керісінше, бірнеше тілдерде сәйкестік табуы міндетті.

Әдетте интернационалды сөздер де кірме сөздер қабылдау үдерісінде пайда болады. Бірақ интернационалдық терминнің кірме сөзден басты айырмашылығы – бастапқы тіл үшін кірме сөз ретінде қабылданбауында (мысалы, компьютер – ағылшын тілі үшін, спутник – орыс тілі үшін т.б.).

Академик Ө.Айтбайұлы: «Терминжасам тәсілдерін талдамас бұрын, осы процеске материал беретін мынадай негізгі үш тірекке назар аудару қажет. Мұны қарапайым тілмен айтқанда, термин сөздердің жасалу көздері болып табылады.

1. Өз сөздік құрамының ішкі мүмкіндігін сарқа пайдаланатын ұлттық тіл;

2. Дайын терминдер беретін немесе калькалау тәсілін ұсынатын орыс тілі;

3. Дайын күйінде термин беретін немесе калькалау тәсіліне ерік беретін интернационалдық терминдер.

Интернационалдық деп аталып жүрген терминдердің көпшілігі әдетте орыс тілі арқылы енген кірме сөздер. Шет тілдерінен тікелей енген термин мүлде аз. Тек бірден-саран ғана мысал келтіруге болады. Онда да араб, иран сөздерін ғана тілге тиек ете аламыз», – десе [112, 129 б.], профессор Ш.Құрманбайұлы оларды былайша көрсетеді: «Қазіргі қазақ терминологиясында арнайы назар аударуды қажет ететін мәселенің бірі – тілімізге өзге тілдерден орыс тілі арқылы еніп, халықаралық терминдер деген атқа ие болып жүрген атаулар. Мұндай атаулар, көбінесе, Еуропа мен ТМД елдерінің

бірқатарында қолданылады. Жиырмасыншы жылдың бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді «жат сөздер», «кірме сөздер», «бұратана сөздер», «бөгде сөздер», «котыр сөздер», «бұралқы сөздер» деп атап, бұл сөздердің тілімізге кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдаса, 30-жылдардан бастап бұл атауларға «интернационалдық терминдер», «халықаралық терминдер» деген ат беріп атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін баса айта бастадық» [41, 83-84 бб.].

Сөйтіп тіл зерттеушілері қазіргі ғылым мен техника саласында интернационалдық терминдер санының көбеюінің ұтымды жақтарымен қоса бірнеше кемшіліктерін баса айтады. Интернационалдық терминдердің ұтымды тұстарына олардың термин айқындылығы мен қысқалық талаптарына сәйкес келуі, семантикалық тұрақтылығы қасиеті т.б. жатқызылады. Оның үстіне, термин – интернационализмдер ғылым мен техниканың жаңа салаларында басымдылық танытады (кибернетика, ядролық физика, есептеуіш техника, ғарыш саласы т.б.), себебі бұл салалар халықаралық үйлестіруді қажет етеді. Сондай-ақ интернационализмдердің жоғары сөзжасамдық мүмкіндіктері мен қабілеттерін де атап айтқан жөн.

Ал екінші жағынан, әрине, өз ана тілі негізінде жасалған терминдерді қолдану әлдеқайда қолайлы, өйткені олар интернационалдық терминдерге қарағанда жеңіл әрі түсінікті. Сондықтан да ана тілі негізінде жасалған термин болған жағдайда интернационалдық терминдерді пайдаланудың ешбір қажеті жоқ. Осы тұрғыдан келгенде, біздің ойымызша, терминологияның интернационалдылығына қатысты мәселеде тым біржақты көзқарасты ұстануға болмайды, яғни оның тіларалық объективті категория екендігін мүлдем жоққа шығаруға немесе оның әсіре эмбебаптық жүйе екендігін де мойындау аса қажет емес. Мұндай жағдайда саналы түрде ұлттық және интернационалдық терминдердің байланысын қабылдап, соңғысының алғашқысына қарама-қарсылығын баса айта бермей, оның ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделуі мен ұлттық «дүниенің» бір бөлігіне айналдыру мәселесін қарастыру қажет.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Көп жағдайда интернационалдық терминдердің реттелуі мен іріктелуі, қолданылуы даулы және күрделі мәселеге айналады. Бұл мәселенің шешімін арнаулы лексиканың уәжділік табиғатын іздестіру қажет, өйткені ол тек сапалық тұрғыдан емес, сонымен бірге сандық жағынан да айқындалады. Бұл ретте уәжділік деп терминнің ішкі формасының лексикалық мағынамен сәйкестігі түсініледі. Ал мағына, әдетте, дефиниция түрінде түсіндірме немесе терминологиялық сөздіктерде тіркеледі. Түрлі тілдердегі терминдердің құрылымдық, семантикалық және типологиялық ерекшеліктеріне орай, оларды былайша жіктеп көрсетуге болады:

1) толық интернационализмдер (компоненттердің сыртқы формасы да, ішкі формасы да толық сәйкес келеді);

2) жартылай интернационализмдер (бір бөлігінің ішкі және сыртқы формасы сәйкес келсе, екінші бір бөлігі тек ішкі формасы тұрғыдан ғана сәйкес келеді);

3) имплицитті интернационалдық терминдер (салғастырылатын тілдің терминдері тек ішкі формасы тұрғысынан ғана сәйкес келеді).

Сонымен, термин толықтай интернационалдық деп қабылдануы үшін ол бірнеше тілде мағынасы жағынан да, сыртқы формасы тұрғысынан да сәйкес келуі қажет. Егер өз ана тілі негізінде жасалған термин уәжділігі бойынша интернационалдық терминге сәйкес келетін болса, онда, әрине, біріншісінің қолданылғаны жөн.

Түрлі тілдік жүйеге жататын тілдердің бір-біріне өзара әсері, олардың құрылымдық және сөзжасамдық жүйесі мамандар арасында айтарлықтай қызығушылық тудырып келеді. Өмірдің түрлі салаларындағы қарым-қатынастар тілге де өз әсерін тигізбей қоймайтыны белгілі. Бір тілдің сөздері екінші бір тілге ауысып жатады. Тіл ғылымында сөздердің бір тілден екінші бір тілге ауысу құбылысы кірме сөз деп аталады. Кірме сөздердің ену тәсілдері мен жолдары жайлы қазақ тіл білімінде біршама пікірлер айтылған.

Кірме сөздердің тілімізге ену тәсілдерін ғалым К.Аханов тікелей ауысу және жанама түрде ауысу деп екіге бөлсе [1], І.Кеңесбаев пен Ғ.Мұсабаев араб және иран тілінен енген кірме сөздерді атқаратын қызметіне қарай үш топқа: шаруашылық, үй тұрмысы және діни деп бөліп қарастырған [347].

Ә.Болғанбайұлы және Ғ.Қалиұлы атқаратын қызметіне қарай оларды төрт топқа:

- 1) тілге әбден сіңісіп, қазақтың байырғы төл сөзіндей болып кеткен актив сөздер;
- 2) терминдік сипаты бар арнаулы сөздер;
- 3) экспрессивті-эмоциялық мәні бар сөздер;
- 4) әдеби тілдің шеңберінен біржола ығысқан немесе ығысуға жақын жүрген сөздер.

Ал ену саласына қарай үш топқа: ғылым мен мәдениетке байланысты сөздер, үй тұрмысы мен шаруашылыққа қатысты сөздер, дінге байланысты сөздер деп бөлген [348].

Академик Ө.Айтбайұлы кірме сөздерді: «Араб-парсыдан енген терминдік атаулар, моңғол тілімен ортақ атау сөздер, орыс және орыс тілі арқылы енген интернационалдық терминдер деп қарастырып, олардың басым көпшілігі діни, ғылыми, қоғамдық-саяси, түрлі шаруашылыққа, ұсақ өндіріске, қолөнерге, үй іші жабдықтарына, құрал-саймандарына, әскери-әкімшілікке байланысты термин сөздер», – болып келетінін атап көрсетеді [112, 67-100 бб.].

Академик Р.Сыздықова 1968 жылы шыққан «Абай шығармаларының тілі» атты зерттеу еңбегінде кірме сөздерге байланысты мынадай ой-тұжырымдарын келтіреді: «а) қазақ тілінің жұрнақтары арқылы жаңа сөздер жасайды; ә) кірме сөздерден грамматикалық және тұрақты тіркестер жасалады; олар, мысалы, *қызмет* сөзінің *істеу* деген сөздің түрлі ситуацияларға байланысты қолданылатын әртүрлі синонимдерімен тіркесіп, көпмағыналылық сипатқа ие бола алады» [349, 77-78 бб.].

Сонымен, рухани-мәдени байланыстар нәтижесінде тілімізге енген атаулардың, кірме сөздердің қазақ тілінің лексикалық, терминологиялық жүйелерінде өзіндік орны бар. Кез келген атау өзі шыққан тілінде ғана ерекше бір уәждік белгілер арқылы жасалады. Ал басқа тілге еніп, кірме сөзге айналғанда ол өзінің уәжділік белгілерін жоғалтып, бейуәжді сөз болып саналады да түбір сөздер қатарына жатады.

Осымен байланысты аталым теориясы үшін ең маңызды мәселелердің бірі – аталымның жасалынды және табиғи түрлерге жіктелу ерекшелігі. Табиғи аталымдық үдеріс деп тілдік шығармашылыққа негізделген аталым түрі аталады [56, 6 б.].

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Ал жасалынды аталымдар тобына мүлдем бейуәжді сөздердің жасалу тәсілдері жатады [350, 152-153 бб.].

Осы тұрғыдан, кірме сөздер табиғи аталым нәтижесі ретінде аталымның ерекше бір тәсілі болып табылады. Осыған орай, ғалым В.В.Мартынов былай дейді: «... жаңа ұғым пайда болған жағдайда оны белгілеудің екі жолы бар: таңбаны басқа тілден ешбір өзгеріссіз, сол күйінде алу (кірме сөз) немесе өз тілінің негізінде сипаттамалы құрылым арқылы беру» [257, 105 б.].

Осындай лексикамызға енген бейуәжді түбір сөздер болып табылатын кірме сөздердің біршамасы адамға қатысты термин-атауларда да көрініс тапқан.

I. Қазақ тіліндегі өзекті немесе енді актуалданып келе жатқан ұғымдар мен құбылыстарды білдіретін кірме сөздер. Мұндай «кірме сөздер сол тілдегі зат, құбылыспен т.б. қабылдаушы тілге бірге енуімен ерекшеленеді» [153, 50 б.]. Мысалы: *арбитражер, аутсайдер, маклер, дилер, индоссант, коммерсант, клакер, менеджер, мэр, скейтер, хиппи, хилер, тинейджер, панк, плейбой, продюсер, рантье, рокер, риелтер, джоббер, бакалавр, магистр, бизнесмен, рэппер, рэйвер, хакер, дизайнер, кутюрье, имджмейкер, диск-жокей, киллер, скейтборист, сателлит, резидент, абстинент, аудитор, оферент, кондотьер, акцептант, сенатор, банкир, маркетинг, фермер, спикер, координатор, депонент, декоратор, декламатор, дегустатор, акционер, коммивояжер, контрагент, инвестор, комитент, диспашер, брокер, комиссионер, агент, дебитор, диспонтент, трейдер, стокброкер, билброкер және т.б.*

II. Тек өзге «бөтен» ұғымдар мен құбылыстарды білдіретін кірме сөздер (реалий сөздер). Тіл білімінде мұндай сөздер бірнеше терминдермен аталады: «экзотизм», «экзотикалық лексика» (О.С.Ахманова, Р.М.Бутина, Л.П.Крысин), «ксенизм» (В.Г.Гак), «регионализм» (И.Е.Гальченко), «реалий», «реалий-сөздер» (С.Влахов, С.Флорин, М.М.Копыленко) және т.б.

Ғалым М.М.Копыленконың пікірінше: «Кірме реалий-сөздер реалистік шығармалардың негізгі бір бөлігі, өйткені оның авторлары бізге таныс емес халықтардың мәдениеті

мен тұрмыс-тіршілігін сипаттау барысында аталған кірме сөздерді қолданады» [351, 3-8 бб.]. Мысалы: *омбудсмен, скинхед, моджахед, моджахир, итрейкбрехер, роллер-циклист, архиепископ, аббат, ашуғ, пастор, шах, шахиншах, архирей, епископ, патриарх, монах, канцлер, шаман, поп, дьякон, матадор* және т.б.

Сонымен, қазақ әдеби тіліндегі жаңа кірме лексиканың кеңінен жұмсалуды мен игерілуі көптеген себептермен айқындалады: 1) жаңа затқа, жаңа ұғымға, жаңа құбылысқа атау беру қажеттілігі; 2) мазмұн жағынан жақын, дегенмен бөлек ұғымдарды ажыратып беру қажеттілігі; 3) бөлек және тұтас құрылымды тілдік бірліктер арасында сәйкестік орнату үрдісі. Яғни тілдегі тіркесті атауларды универб атаулармен алмастыру үрдісі. Мысалы, *ұзын қашықтыққа жүгіруші* → **стайер**; *қысқа қашықтыққа жүгіруші* → **спринтер**; *чемпионатқа қатысқандардың ішіндегі ең соңғы орында келе жатқан команда немесе спортшы* → **аутсайдер**; *Парламент төрағасы* → **спикер**; *акция ұстаушы адам* → **акционер** және т.б.

ТА актісі үшін сөзжасамның мынадай белгілері тән болып келеді: жаңа атау бірсөзді атау ретінде жасалады, туынды сөз – екінші бірлік, яғни жаңа мағыналық құрылым тілде бар дайын бірліктер негізінде жасалады; жаңа атаудың құрылымында бастапқы тілдік бірлікте бар таңба немесе таңба бөлігі қайталады. Аталым актісінің мынадай белгілерін ерекше атап көрсеткен жөн: ақиқат болмыс денотаттарының бөлінуі; олардың ішінен атаулары жоқ жаңа денотаттардың іріктелуі; жаңа денотат бейнесінің жасалуы; ойлау қызметінің жеке нысаны ретіндегі жаңа денотат бейнесінің белгілері мен қасиеттерінің сұрыпталуы; жаңа денотаттың бір топ денотаттарға жатқызылуы; жаңа денотаттың атаулары бар денотаттармен байланыстарының анықталуы; жаңа денотаттың аталым стратегиясының айқындалуы; атау шығармашылығы немесе атау қолданысы.

Терминжасам мен сөзжасамның ерекшеліктеріне мыналар жатады: 1) егер жалпы қолданыстағы сөздер бүкіл

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

қоғамның қарым-қатынас жасау қажеттіліктерінен туындайтын болса, сондай-ақ оны жасаушы ретінде сол тілде сөйлейтін кез келген адам болуы мүмкін болса, терминжасамда, керісінше, терминдер белгілі бір тар шеңберлі сала ұғымдарын атау қажеттілігінен жасалып, сол саланың бір топ кәсіби адамдарының қарым-қатынасын қамтамасыз етеді; 2) ТА әрқашанда саналы мақсатты үдеріс болып табылады; 3) термин шығармашылығының саналы мақсатты түрде жүргізілуі оны бақылайтын, қадағалауға болатын үдеріс ретінде көрсетеді; 4) лексикалық бірлік сөзжасамына қарағанда терминнің сөзжасамдық әктісі әлдеқайда күрделі әрі қиын, себебі жалпықолданыстық сөзжасам үшін тілде бар сөзтудыру амалдарының бірі қолданылғаны жеткілікті болса, ТА мазмұнын айқындау үшін ұғым дефинициясы қажет; 5) ТА үшін міндетті түрде ішкі форманың айқындылығы қажет; 6) терминологиялық сөзжасам әктісі ұғымдар жіктемесіне тікелей тәуелді; 7) ТА бір түбірлі атаулар жасалымында реттілікті сақтаған жөн (мысалы, үдеріс белгісі мен тұлға ұғымдарында).

ТА мен терминологиялық жүйелердің қалыптасуы бізді қоршаған орта құбылыстары мен заттарының алғашқы аталымы және тілдің лексикалық қор қалыптасуымен салыстырғанда екінші болып табылады. Туынды сөздер жасалуы барысында терминжасам үдерісінің семантикалық нәтижелері төменде келтірілген түрлердің біріне жатады: 1) таза транспозиция (сөздің бір сөз табынан басқа сөз табына ауысып, мағынасының ешбір өзгеріссіз қалуы): *аударылған мәтін → аударма мәтіні*; 2) транспозиция (туынды сөздің синтаксистік сипаты мен мағынасының өзгеруі): *жеткізу → жеткізілім, түсу → түсім*; 3) модификация (бір сөз табына жататын сөз тудырушы және туынды сөздер терминдері арасындағы айырмашылықтар): *тіл → тілші, аударма → аудармашы, анықтама → анықтамалық*; 4) мутация (бір сөз табы терминдерінің грамматикалық және мағыналық ерекшеліктері): *төраға → төрайым*.

Ономасиологиялық негіз дегеніміз – жаңа сөз негізін құрайтын ұғымды білдіреді. Адамға қатысты атаулардың терминжасам үдерісінде ономасиологиялық негіз қызметін тұлға мағынасын білдіретін аффикстер атқарады. Ономасиологиялық белгі дегеніміз – аталым негізін нақтылайтын, артық мағыналық семалардан шектейтін, жалпы мазмұнды анықтап түрлендіретін ұғым. Ономасиологиялық белгі ономасиологиялық негізге қарағанда нақты семантиканы білдіреді. Кез келген туынды термин сөздің семантикасы жалпы алып қарағанда тек осы екеуінің мағыналық бірлігінен ғана құралады.

Зерттеу материалымыздың ерекшелігіне орай, біз семаларды тектік, сәйкестендіруші, даралаушы және потенциалдыларға бөліп қарастырамыз. Біздіңше, тектік семалар бірнеше нысандар тобына тән белгілерді айқындайды. Мысалы, жалпы адам атаулыға қатысты тектік сема – *«адам» «ер/әйел жынысы»* деген семаларды білдіреді. Сәйкестендіруші семалар бір топ нысандар ішіндегі кіші топқа ортақ белгілерді көрсетеді. Мәселен, *«адамның анатомиялық, физиологиялық және т.б. белгілері», «адамның ойлау мен сөйлеуге қабілеттілігіне қатысты белгілер», «адамның іс-әрекет игіліктері мен еңбек құралдарын жасап шығарушы ретіндегі белгілері»* және т.б. Сөйтіп, сәйкестендіруші семалар *«тұлға», «адам» «жұмысшы», «жұмыскер», «маман», «қолдаушы», «мүше», «тұрғын»* т.б. осы сияқты кең түрдегі тектік белгілерді айқындайды. Даралаушы семаларды біз сипаттамалы және қатыстық деп екіге бөліп қарастырамыз. Сипаттамалы семалар аталмыш тұлғаға тән объективті қасиеттерді белгілейді (бойы, жасы, сыртқы пішіні т.б.). Ал қатыстық семалар бір нысанның басқа нысандармен байланысын анықтайды. Адамға қатысты бұл белгілер еңбекке, еңбек затына, қоғамдағы атқаратын қызметтеріне деген байланыстарын көрсетеді. Жалпы түрлік белгі даралаушы, сипаттамалы немесе қатыстық семалар арқылы айқындалады.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

Потенциалды семалар болмашы белгілерге қатысты түрлі ассоциацияларға қатысты болып келеді.

Қазақ тілінде тектік белгіні беру үшін «*маман*», «*қызметкер*» лексемаларын ғылым мен техника саласындағы белгілі бір кәсіп иесін, қызметкерін айқындауға, «*жұмысшы*», «*жұмыскер*» лексемаларын – өндірістік кәсіп иелері атауларын», ал «*адам*» және «*-шы*» жұрнағы арқылы «*кәсіби емес іс-әрекеттерін орындаушыларды*» анықтауға болады деп санаймыз.

Ал белгілі бір кірме ұғымды қабылдауда, оны «игеруде», ең алдымен, бұл терминнің сол жүйедегі басқа ұғымдар ішіндегі жіктемелік орнын нақты айқындап алу қажет. Содан соң барып, термин құрылысына кірісуге болады. Бұл үшін ұғымның маңызды деген бір белгісі алынады немесе сол арқылы тілде бар сөз таңдалып, оған ұғымның семантикасы жүктеледі. Өз кезегінде, бұл сөз екі ұғымның белгілі бір аналогиясы (сыртқы немесе техникалық) бойынша іріктеліп алынады. Бүкіл шетелдік терминдер, оның ішінде орыс терминдері де терминологиялық жүйе ерекшелігіне негізделіп жасалады, сондықтан да ұғым белгісінің сөздік таңбалануы басқа ұғымдардың да сыртқы пішініне тікелей байланысты. Сол себепті де кей жағдайда аударма термин (калька) дұрыс аударылғанымен (тіл ерекшелігін, идиома құрылымы ескерілуімен және т.б.), сәтсіз болуы мүмкін.

Біздің ойымызша, терминологияның интернационалдылығына қатысты мәселеде тым біржақты көзқарасты ұстануға болмайды, яғни оның объективтік тілралық категория екендігін мүлдем жоққа шығаруға немесе оның әсіре эмбебаптық жүйе екендігін де мойындау аса қажет емес. Мұндай жағдайда саналы түрде ұлттық және интернационалды терминдердің байланысын қабылдап, соңғысының алғашқысына қарама-қарсылығын баса айта бермей, оның ұлттық ерекшеліктеріне сәйкес бейімделуі мен ұлттық дүниенің бір бөлігіне айналдыру мәселесін қарастыру қажет. Сонымен, қазақ әдеби тіліндегі жаңа

кірме лексиканың кеңінен жұмсалуды мен игерілуі көптеген себептермен айқындалады: 1) жаңа затқа, жаңа ұғымға, жаңа құбылысқа атау беру қажеттілігі; 2) мазмұн жағынан жақын, бірақ дегенмен бөлек ұғымдарды ажыратып беру қажеттілігі; 3) бөлек және тұтас құрылымды тілдік бірліктер арасында сәйкестік орнату, яғни тілдегі тіркесті атауларды универб атаулармен алмастыру үрдісі.

ҚОРЫТЫНДЫ

Ғылыми-зерттеу монографиясында қазақ тілінің ТА саласы ономасиологиялық аспектіде алғаш рет кешенді түрде зерттеліп, оның тілдік табиғаты ашылып, негізгі теориялық принциптері анықталады, ТА жасалу жолдары белгіленіп, түрлері мен үлгілері айқындалады, даму, қалыптасу заңдылықтары дәлелденді. ТА тілді байытудағы атқаратын зор қызметі көрсетіліп, оның ономасиологиялық теориялық негізі жасалды.

1. Осы кезге дейін аталым теориясына арналған ғылыми әдебиеттерде «аталым» жалпы «тілдік аталым» деп көрсетіліп, «терминологиялық аталым» мәселелеріне негізделген зерттеулерде, ол тілдік аталыммен салыстырылып келген. Біздіңше, ТА да тіл білімінің бір саласы ретінде тілдік қарым-қатынастың өзгеше тетігін зерттеуге бағытталғандықтан, оны жалпы тілдік аталымнан ажыратып көрсетуге болмайды. Керісінше, ТА жалпы тілдік аталымның бір бөлігі болып саналады. Ал осы уақытқа дейін аталым теориясының аясында, негізінен, лексикалық аталым түрлері қарастырылған. Зерттеу жұмысы нәтижелерінің негізінде ТА қазақ тіл білімінің үлкен арнасы екендігі анықталып, өзінің зерттеу нысаны, негізгі ғылыми ұғымдары мен бірліктері, құрылымдық түрлері мен үлгілері бары айқындалды.

2. Тілдік аталым аясында қарастырылған лексикалық аталымды жіктеуде ең басты параметрлер ретінде жаңа тілдік бірліктің жаңалығын ұғынып немесе ұғынбай жасау және аталымның стандарттылығы және стандартқа сәйкес келмеуі немесе нормаға сәйкестігі мен сәйкессіздігі секілді критерийлер

басшылыққа алынатындығын, ТА үдерісі барысында терминдік бірліктердің жай тілдік бірліктерден өзгешелігін ескере отырып, оның ең басты параметрлері ретінде терминдердің стандарттылығын, нормаға және саналы түрде белгілі бір мақсатпен жасалуын атап көрсетуге болады. Осы тұрғыдан ТА мынадай негізгі түрлері айқындалды: *қалыпты ТА* (нормаға сәйкес, саналы түрде жасалған терминдер); *мутациялық ТА* (стандартты, тұрақты үлгілер арқылы жасалған терминдер); *жасалынды ТА* (тілдік нормаға сәйкес жасалған, бірақ алғашқы кезеңде термин жасандылығы белгілі болып тұрады).

3. ТА тіл білімінің жеке саласы ретінде анықтайтын негізгі принциптер көрсетілді. ТА жалпы тілдік аталымға қарағанда, негізінен, екінші аталымға сәйкес келеді. Өйткені жалпы тілдегі барлық құбылыстардың бұрыннан қалыптасқан атаулары бар, ал арнаулы салалар үнемі жаңа атаулар қажеттілігімен сипатталады. Осыған орай, ТА оны тіл білімінің жеке саласы ретінде анықтайтын бірнеше төмендегідей критерийлермен байланысты екендігі дәлелденді: термин шығармашылығы; терминологиялық мағынаның арнаулы бағытта дамуы; жүйелілік; реттілік; бірізділік; белгілі бір жүйеде және оған сәйкес терминологиялық өрісте ұйымдастырылып, реттелуі; термин экстенциясы (терминнің заттық-ұғымдық өрісі) мен интенциясы (аталушы нысанға дәл, нақты атау берілуі) және т.б.

4. Терминдердің ономасиологиялық құрылымы алғаш рет қарастырылып, оларды ономасиологиялық тұрғыдан талдау үлгілері айқындалды. Кез келген туынды терминдік бірліктің семантикасы ономасиологиялық негіз бен ономасиологиялық белгінің мағыналық бірлігінен ғана құралатындығы анықталып, жалпы терминдерді ономасиологиялық тұрғыдан талдау үлгісі төмендегідей сатылардан тұратындығы дәлелденді: атаудың негізіне алынған ұғымды талдау; атаулану негізіне алынған ономасиологиялық категорияны анықтау; терминдерді сөзжасамдық тұрғыдан талдау; терминнің морфемдік талдануы; сөздің этимологиялық талдануы; терминдерге қойылатын талаптарға сәйкес келуі; атау сөздің термин ретінде қолдануға болатындығы жайлы тұжырымды қорытынды жасау.

5. Терминдік бірліктердің мазмұн межесі мен тұрпат межесі аталым теориясына сәйкес нақтыланды. Термин өзінің тұрпат межесі тұрғысынан жай сөзбен тең келгенімен,

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— мазмұн межесі жағынан жай сөзге мүлдем ұқсас келмейді. Егер жай сөз өзінің сыртқы формасы арқылы танылса, терминдер үшін ең маңызды қызметті оның мазмұны атқарады. Сол себепті де жай сөздер үшін аталушы заттың дыбысталуы мен мазмұны біртұтас бірлік ретіндегі сипаты аса маңызды болса, терминдерде бұл тұтастық байқала бермейді. Термин-ұғымның толық мағынасы оның терминологиялық өрісінде, өзі тектес терминдер жүйесінде немесе дефинициясы арқылы ғана анықталады.

6. ТА семантикалық-құрылымдық негізі айқындалды:

1) ТА мен терминологиялық жүйелердің қалыптасуын жеке тілдердің лексикалық қорының қалыптасуымен салыстырғанда уақыт жағынан олар әлдеқайда кейінгі, ал ақиқат болмыс заттары мен құбылыстарының алғашқы аталымына байланысты екінші аталым болып саналады; 2) терминжасам тәсілдерінің сипаты терминологиялық жүйе қалыптасуының уақыттық кезеңіне тәуелді болады; 3) терминнің мазмұн межесі – ғылыми жүйелерде жасалынды түрде қалыптастырылатын тілден тыс ақиқат болмысты білдірсе, тұрпат межесін өзінің немесе өзге тілдің тілдік элементтері және жасанды түрде іріктелген терминдік элементтер айқындайды; 4) кез келген термин шектеулі мамандар тобы қолданатын ұғымдық аппараттың құрамдас бір бөлігін анықтап, арнаулы білім саласында қалыптасады; 5) ТА үдерісінде термин уәжділігіне ерекше көңіл бөлінеді; 6) тілдердің басым көпшілігінде терминдік элементтер ретінде латын және грек тілдерінің элементтері қабылданған; 7) терминдер грамматикалық тұрғыдан сын есім, етістік, үстеу секілді сөз таптарынан жасала береді. Бірақ олардың аталымдық қасиеттерінің төмен болуына байланысты ТА зат есімдердің атауыштық қызметі ең жоғары болып, аталмыш үдерістің негізін құрайтын грамматикалық категория болып саналады.

7. Арнаулы терминологиялар қалыптастырудағы ТА кезеңдік сипаты айқындалды. Арнаулы терминологияның қалыптасу үдерісі екі кезеңге – стихиялық және ұйымдық-мақсатты деп бөлініп, арнаулы терминология қалыптасуының бірінші кезеңі белгілі бір кәсіби-ғылыми саланың құрылуымен байланысты болса, ал екіншісі оның жоғары деңгейдегі дамуымен байланысты болып келеді. ТА үдерісінің екінші

ұйымдық-мақсатты кезеңінде жасалған терминдік бірліктер екінші аталым нәтижесі болып табылады. ТА стихиялық кезеңінде қалыптасқан терминдер әрбір терминологиялық жүйеге қажетті тектік-түрлік жіктемелік принципке барлық жағдайда бағына бермейтіндігі анықталады.

8. Жаңадан жасалған терминнің өміршеңдігін оның ғылыми мазмұны айқындайды. Бұл терминологиялық неологизацияның басты шарттарының бірі болып табылады, яғни жекелеген терминдерді нақты бір терминдік жүйеге іріктеу барысында термин-неологизмдердің ғылыми таным нысаны ретіндегі ғылыми ойлау нысаны мен ғылыми ойлау белгілерінің ажыратылмас бірлік екендігін ескеру қажет. Терминология саласындағы неологизация құбылысы үшін саналы түрде басқарылатын фактор тән. Сол себепті де неологиялық терминжасамның нормативтік параметрлерінің негізгілерін мынадай белгілер құрайтындығы анықталды: атаудың ұғым мазмұнына сай келу, келмеуі; терминнің көпмағыналылығына мүмкіндігінше жол бермеу; термин-синонимдердің тек қажеттілерін қалдырып, синонимдер санын шектеу; терминнің тілдік белгіленуінің ұтымды формасын беру; терминнің қысқалық белгісін, жеңіл айтылуын қамтамасыз ету; жаңа терминдерді өздерінің терминологиялық өріс үлгілеріне сәйкес жасап енгізу.

9. Адамға қатысты атаулардың терминдену дәрежесі нақтыланып, олардың терминологиялық бірлік ретінде теориялық негіздемесі жасалып, бұл атаулардың терминологиялық жүйедегі алатын орны айқындалды. Бұл атаулардың терминдену деңгейі әлеуметтік және ішкі тілдік заңдылықтарға бағынышты болып, мынадай шарттардың ескерілуін қажет ететіндігі көрсетілді: 1) қоғамдық қарым-қатынастар сипаты; 2) өндіріс, ғылым мен техниканың даму деңгейі; 3) еңбек мазмұны мен сипатын айқындайтын даралаушы белгілердің дамуы; 4) тілдің даму кезеңіне сәйкес тілдік жүйеде арнайы сөзжасамдық тәсілдердің болуы; 5) лексикалық жүйедегі парадигматикалық және синтагматикалық байланыстар дамуының деңгейі; 6) өнімді ономиологиялық құрылымдар ішіндегі қарым-қатынас түрлері.

10. ТА үдерісінің когнитивтік негізі айқындалып, ономиологиялық аспектіде ол екі түрлі әрекеттен тұратындығы дәлелденді: 1) затқа немесе құбылысқа атау беру үшін ең алдымен референтті немесе денотатты сәйкестендіріп (идентификация-

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері— лау), оның сөйлеушінің когнитивтік жүйесіндегі орнын анықтап, белгілі бір категорияға жатқызу қажет; 2) аталған референттің өзіне ұқсас, тектес басқа референттермен салыстыру әрекеті жүргізіліп, нәтижесінде оның басқалардан айырым белгілері айқындалып, жалпы сипаттамасы жасалады. Алдымен, жалпы категориялау құбылыстары, содан кейін субкатегориялау құбылыстары жүзеге асырылады. Аталым актісін орындау барысында атау беруші (номинатор) ақиқат болмыстың жеке үзінділерін бір-бірімен салыстырып, олардың арасында белгілі бір қарым-қатынастар орнатады.

11. ТА жасалынды және табиғи түрлерінің негізгі ономасиологиялық белгілері анықталады. Табиғи ТА атаулану сөйлеу коммуникациясында жүзеге асырылып, бұл үдерістің сөйлеу жағдаятында орындалуының негізгі тірегі аталымдық қызмет атқаратын денотаттың вербалды белгіленуінің қажеттілігі болып табылады. Атау берілетін нысанның нақты анықталуына мүмкіндік туғызатын ең жоғары ақпараттық сипаттағы белгілерін іріктеп көрсету уәждеуіш белгінің атаудың соңғы нұсқасында бекітілуі аталмыш белгінің атау берушіге де, адресатқа да объективті маңызын дәлелдейді. ТА табиғи түрінде аталымдық бірліктің узуалдануы халықтық тәжірибе сараптама-сынан (апробациядан) өтуі нәтижесінде жүзеге асырылса, жасалынды ТА үшін адресат – тілдік ұжым, субъектінің аталымдық қызметті саналы түрде орындауы коммуникация міндетімен байланысы, термин шығармашылығының жекелік сипаты аталымның субъективтік факторларын алға тартуы, атау беруші жаңадан жасалатын терминнің алдын ала қолданылуын, адресатпен қабылдануын болжам жасауға талпынысы сияқты ұстанымдар маңызды.

12. ТА - *тәжірибе, лингвистикалық техника, адамдар психологиясы мен жеке тұлғаның рөлі, қоғамның атқаратын рөлі, сыртқы жағдайлардың ықпалы, аталым және тілдік жүйе, тілдердің қарым-қатынастары, ақиқат болмыс туралы ой-тұжырым* секілді негізгі экстралингвистикалық және интралингвистикалық факторларына тәуелділігі анықталды. ТА үдерісі мен оның нақты актілерінің мынадай принциптері айқындалды: *заттың атауы басқа ассоциациялар тудырмауы қажет; аталым үдерісінің барысында атау интенциясына назар аудару*

қажет, себебі адамның жаңа затты қабылдауында, оның санасында ол жайлы мағына мен мәнді осы атау интенциясы қалыптастырады; жаңа атау мағынасының репрезентациялау қызметі тек сол атау берілетін зат туралы ғана түсінікті қалыптастыру міндетін атқарады және де оны осы тектес заттардан бөліп, ажыратып көрсетуге мүмкіндік береді; аталым негізіне атау беретін субъектінің сезімі, эмоционалдық көңілкүйі де әсер етеді.

13. ТА теориясының ономасиологиялық парадигмасы аталымдық қызметтің екі аспектіде болатындығын айқындайды: динамикалық – үдерістік және оның нәтижелері көрсететін статикалық аспект. Аталым үдерісі барысында тілдік және тілден тыс құбылыстардың алғашқы түйісуі жүзеге асырылады, яғни реалійлердің тудырушы тілдік субституттары мен аталымдық бірліктердің байланысы көрініс береді. Аталымдық бірліктер жаңа білім иелері ретінде ғаламның тілдік бейнесіне еніп, әрі қарай коммуникация барысында актуалданады. Қарым-қатынас барысында білімнің қолданылуы оларды белгілейтін аталымдық бірліктер негізінде жүзеге асырылады. Бұл ретте аталымдық бірліктер ақиқат болмыс үзінділерінің таңбалары ретінде екінші рет қолданылады. Егер аталымдық бірліктің алғашқы қолданылуы субъекті арқылы жүргізіліп, оның міндетті түрде болуын қажет етсе, екінші рет аталымдық бірліктің пайдаланылуы аталым барысында пайда болған корреляцияның келтірілуі нәтижесінде субъектінің тікелей қатысуын қажет етпейді. ТА динамикалық аспектін аталымдық бірліктердің құрылымында, олардың жасалуының амал-тәсілдері мен құралдарында көрініс тапса, статикалық аспект аталымдық бірліктердің аталымдық жүйе мен ғаламның тілдік бейнесіне ұйымдастырылуында анықталады. Аталым – вербалды қызметтің өзіндік ерекшеліктері бар жеке, дербес формасы болып табылады. Сондықтан да ұғым мен заттың арасында аталымдық үдеріс деп аталатын аса мәнді аралық кезең болатыны – ғалымдар тұрғысынан мойындалған құбылыс. Аталымдық бірлік дүние әлемін тіл әлемімен байланыстырады. Жаңа ұғымның тууы мен оның вербалдануының сыры бұған дейін белгісіз болып келген жаңа ұғымды адам санасындағы қарапайым атаудың бойына сыйдырып жіберуінде жатыр. Бұл ретте адам өз білімі мен өмірден алған тәжірибесіне сүйенеді.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

14. ТА үдерісінің кезеңдері айқындалып, оның *алғашқы кезеңі* арнаулы заттар мен құбылыстардың бастапқы атаулануы зертханалар жағдайында ауызекі сөйлеу аталымына ұқсас келетіндігі сипатталды. Аталымның *алғашқы кезеңінде* берілген дефиниция ұғымның нақты белгіленуі емес, бұл жаңадан жасалған терминнің *микроаталымы* болып табылады. Оның атау мәртебесі, оның тілдегі орны оның әрі қарайғы сөйлеудегі қызмет етуі үдерісінде нақтыланды. ТА *екінші кезеңінде* міндетті түрде *семантикалық микрожүйе* пайда болады. Бұл ретте терминологиялық бірлік бұрыннан бар бірлік негізінде таңбаланады. Әдетте ТА екінші болып екі рет қайта таңбаланады: алғашқы семантикалық микрожүйеге қатысты және екінші жүйеге, яғни терминологиялық жүйеге қатысты. ТА *үшінші кезеңінде* экстралингвистикалық факторға байланысты *термин уәжденімі* жүзеге асырылады. Бұл ретте термин ерекше сөз ретінде екі экстралингвистикалық болмысты уәждеуші мен уәжделуші ұғымдарды біріктіреді. *Төртінші кезеңде* аталым негізінде алынған бейнелер мен ассоциациялардың бірте-бірте жойылуы арқылы терминдер бейуәжділік қасиетке ие бола бастайды. Мұндай бейуәжді терминдер қатарына кірме терминдер де жатқызылады.

15. Терминжасамдағы универбтену үдерісінің рөлі сипатталып, компрессивті сөзжасамның когнитивтік құрылымдары универбтермен репрезентацияланатындығы көрсетілді. Бұл когнитивтік құрылымның негізіне ықшамдау тетігі, әмбебап менталды тетігі алынған. Аталмыш тетіктер адамның ақыл-ойының жалпы интегративтік қызметі арқылы стереотиптелген тілдік құрылымның ықшам формасын жасайды. Оның нәтижесінде құрама тіркестің компоненттері тілдік әрекеттерге түсіп, олардың арасындағы байланыстар тұрақты бола бастайды. Тіл иесінің құзырындағы лингвокогнитивтік деңгей дүние туралы жекелеген білімнің оның санасында қалыптасуын қамтамасыз етеді. Оперативтік жад концептілері адам психикасында бүкіл ғаламның бейнесінің берілуіне мүмкіндік жасайды. Универбтену үдерісі негізінде жүзеге асырылатын ықшамдау тетігі екі фактордың іс-әрекеттері арқылы іске қосылады: сөз тіркесінің қолданыс жиілігі мен аналогия заңы.

16. ТА әктісі үшін сөзжасамның мынадай белгілері тән болып келеді: жаңа атау бірсөзді атау ретінде жасалады,

туынды сөз – екінші бірлік, яғни жаңа мағыналық құрылым тілде бар дайын бірліктер негізінде жасалады; жаңа атаудың құрылымында бастапқы тілдік бірлікте бар таңба немесе таңба бөлігі қайталанатын және аталым актісінің мынадай белгілерін ерекше атап көрсеткен жөн: ақиқат болмыс денотаттарының бөлінуі; олардың ішінен атаулары жоқ жаңа денотаттардың іріктелуі; жаңа денотат бейнесінің жасалуы; ойлау қызметінің жеке нысаны ретіндегі жаңа денотат бейнесінің белгілері мен қасиеттерінің сұрыпталуы; жаңа денотаттың бір топ денотаттарға жатқызылуы; жаңа денотаттың атаулары бар денотаттармен байланыстарының анықталуы; жаңа денотаттың аталым стратегиясының айқандалуы; атау шығармашылығы немесе атау қолданысы.

17. Қазақ тілінде тектік мағынаны беретін бірізді анықтамалар жоқтығы айқындалып, тектік белгіні беру үшін «*маман*», «*қызметкер*» лексемаларын «ғылым мен техника саласындағы белгілі бір кәсіп иесін, қызметкерін» айқындауға, «*жұмысшы*», «*жұмыскер*» лексемаларын – «өндірістік кәсіп иелері атауларын», ал «*адам*» және «*-шы*» жұрнағы арқылы «кәсіби емес іс-әрекеттерін орындаушыларды» анықтауға болады деп тұжырымдаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Аханов К. Тіл білімінің негіздері: Оқулық. 3-басылым. – Алматы: Санат, 1993. – 496 б.

2 Уфимцева А.А. Понятие языкового знака // Общее языкознание. Формы существования, функции, история языка. – М., 1977. – С. 96-139.

3 Кубрякова Е.С. Ономаσιология // Лингвистический энциклопедический словарь /гл. ред. В.Н. Ярцева. – М.: Большая Российская энциклопедия, 1990. – С. 345-346.

4 Даниленко В.П., Канделаки Т.Л. Русская терминология // Развитие терминологии на языках союзных республик СССР. – М., 1986.

5 Щерба Л.В. Очередные проблемы языковедения // Известия АН СССР. ОЛЯ. – Т. 4. – Вып. 5. – 1945.

6 Мещанинов И.И. Понятийные категории в языке. Труды / Военный ин-т иностранных языков. – М., 1945. – № 1. – С. 56-61.

7 Мещанинов И.И. Члены предложения и части речи. – М.-Л.: Изд-во АН СССР, 1945.

8 Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана, 2002. – 784 б.

9 Кубрякова Е.С. Типы языковых значений. Семантика производного слова. – М.: Наука, 1981. – 200 с.

10 Кубрякова Е.С. Номинативный аспект речевой деятельности. – М.: Наука, 1986. – 158 с.

11 Матезиус В. О системном грамматическом анализе // Пражский лингвистический кружок. – М.: Прогресс, 1967. – С. 226-238.

12 Канделаки Т.Л. Семантика и мотивированность терминов. – М.: Наука, 1977. – 167 с.

13 Кацнельсон С.Д. Содержание слова, значение и обозначение. – М.-Л.: Наука, 1965. – 110 с.

14 Кубрякова Е.С. Об определении границ ономаσιологических исследований. // Науч. труды. Курский гос. пед. ин-т. – Т. 175. Проблемы ономаσιологии. – 4. – Курск, 1977. – С. 23-26

15 Торопцев И.С. Словопроизводственная модель. – Воронеж: Изд-во Воронеж. гос. ун-та, 1980. – 148 с.

16 Dokulil M. Kzakladnim otazkam tvoreni slov. – O vedeckem poznani soudobych jazyku. – Praha, 1958; Dokulil M. Kuchar J. Vztah jazyka a mysleni ve structure pojmenovani. – Problemy marhisticke jazykovedy. – Praha, 1962.

17 Гинатуллин М.М. К исследованию мотивации лексических единиц (на материале наименований птиц): автореф. ... канд. фил. наук: 10.02.02. – Алма-Ата, 1972. – 24 с.

18 Тихонов А.Н. Словообразовательный словарь русского языка. В 2-х томах. – Т. 1. – М.: Русский язык, 1990. – 632 с.

19 Тіл білімі сөздігі /жалпы ред. басқ.: проф. Э.Д.Сүлейменова. – Алматы: Ғылым, 1998. – 232 б.

20 Голев Н.Д. Ономазиология как наука о номинации (о некоторых общих вопросах лексики и семантики в связи с разграничением ономазиологического и семасиологического подходов) // Русское слово в языке и речи. – Вып. 2. – Кемерово, 1977. – С. 13-22.

21 Голев Н.Д. Мотивация и словообразование // Проблемы лексической и словообразовательной мотивации в русском языке. – Барнаул, 1986. – С. 30-46.

22 Гак В.Г. К типологии лингвистических номинаций // Языковая номинация. Общие вопросы. – М.: Наука, 1977. – С. 230-293.

23 Қапалбеков Б. Тұлғалық және жұмсалымдық бағыттың ерекшеліктері // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 74-98 бб.

24 Языковая номинация (Общие вопросы). – М.: Наука, 1977. – 224 с.

25 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М., 1996. – 606 с.

26 Жаналина Л.К. Номинация как форма речевой деятельности: дис. ... д-ра фил. наук. – Алматы, 1994. – 310 с.

27 Габинская О.А. Типология причин словотворчества. – Воронеж, 1981. – 154 с.

28 Курилович Е. Деривация лексическая и деривация синтаксическая (К теории частей речи, 1936) // Очерки по лингвистике: Сб. ст. – М.: Ин. лит-ра, 1962. – С. 57-70.

29 Торопцев И.С. Очерк русской ономазиологии: Возникновение знаменательных лексических единиц: автореф. ... д-ра фил. наук. – Л., 1970. – 37 с.

30 Торопцев И.С. Исходные моменты лексической объективации // Проблемы ономазиологии. – Т. 46/ 139/. – Вып. 2. – Курск, 1975. – С. 3-146.

31 Жалмаханов Ш.Ш. Қазақ лексикасының семантикалық деривациясы: Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары бойынша. Монография. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2003. – 212 б.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

32 Журавлев А.Ф. Технические возможности русского языка в области предметной номинации // Способы номинации в современном русском языке. – М.: Наука, 1982. – С. 45-109.

33 Рут М.Э. Образная номинация в русском языке. – Екатеринбург: Изд-во Уральского ун-та, 1992. – 146 с.

34 Голомидова М.В. Искусственная номинация в русской ономастике: дис. ... д-ра фил. наук. – Екатеринбург, 1998. – 375 с.

35 Қалиұлы Б. Қазақша термин жасау мәселесі және оны қалыптастырудағы БАҚ-тың рөлі // Қазақ терминологиясы және бұқаралық ақпарат құралдары. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2004. – 33-41 бб.

36 Құрманбайұлы Ш. Терминологияны қалыптастырудағы қазақ баспасөзінің рөлі // Қазақ терминологиясы және бұқаралық ақпарат құралдары. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2004. – 6-14 бб.

37 Қалиев Ф. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 440 б.

38 Уфимцева А.А. Лексическая номинация (первичная нейтральная) // Языковая номинация (Виды наименований). – М.: Наука, 1977. – С. 224-309.

39 Момынова Б. Парадигматикалық және синтагматикалық қатынастар (Тіл деңгейлері мен стратумдарының дамуына тигізетін әсері). – Алматы, 1998. – 31 б.

40 Янко-Триницкая Н.А. Процессы включения в лексику и словообразовании // Развитие грамматики и лексики современного русского языка. – М., 1964. – С. 93-197.

41 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері (Барлық сала мамандарына арналған әдістемелік құрал). – Алматы: Сөздік-Словарь, 2005. – 240 б.

42 Момынова Б., Сәткенова Ж. Қазақ тілі морфологиясы. Есімдер. Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2007. – 120 б.

43 Арутюнова Н.Д. О номинативном аспекте предложения // ВЯ. –1971. – № 6.

44 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии. – М.: Наука, 1978. – 198 с.

45 Способы номинации в современном русском языке. – М.: Наука, 1982. –294 с.

46 Суперанская А.В. Общая теория имени собственного. – М.: Наука, 1973. – 336 с.

47 Голев Н.Д. Динамический аспект лексической мотивации. – Томск, 1989. – 253 с.

48 Голев Н.Д. «Естественная» номинация объектов природы собственными и нарицательными именами // Вопросы ономастики. – № 8-9. – Свердловск, 1974. – С. 88-97.

49 Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку. – М., 1957.

50 Звегинцев В.А. Семасиология. – М.: МГУ, 1957. – 280 с.

51 Винокур Г.О. Заметки по русскому словообразованию // Винокур Г.О. Избранные работы по русскому языку. – М., 1957. – С. 419-442.

52 Чернявский М.Н. О состоянии древнегреческой фармацевтической терминологии по трудам Гиппократата // Сб. научных работ Московского фармацевтического ин-та. – Т. 1. – М., 1957.

53 Матвеев А.К. Топонамастика и современность. – М.: Наука, 1974.

54 Қапалбеков Б. Көсемшелердің жұмсалы өрісі. – Алматы, 2006. – 164 б.

55 Лосев А.Ф. Знак. Символ. Миф. – М., 1982.

56 Копочева В.В. Соотношение искусственной и естественной номинации: (на материале названий растения): автореф.. канд. фил.наук. –Томск, 1985. –17 с.

57 Кияк Т.Р. Мотивированность лексических единиц. – Львов: Вища школа, 1988. – 161 с.

58 Торопцев И.С. Язык и речь. – Воронеж, 1985. – 160 с.

59 Левицкий В.В. Виды мотивированности слова, их взаимодействие и роль в лексико-семантических изменениях // Материалы семинара по проблемам мотивированности языкового знака. – Л.: Наука, 1969. – С. 21-25.

60 Ульман С. Семантические универсалии // Новое в лингвистике. – Вып. 5. – М., 1970. – С. 225.

61 Голев Н.Д. О соотношении семантических и мотивированных признаков // Вопросы языкознания и сибирской диалектологии. – Томск, 1977. – С. 22-23.

62 Калиев Б. Лексика-семантическая структура названий растений в казахском языке. – Алматы, 1996. –168 с.

63 Исакова С.С. Қазақ терминтанымның когнитивтік-прагматикалық аспектісі: фил. ғыл. д-ры ... автореф. – Алматы, 2008. – 46 б.

64 Қасым Б.Қ. Қазақ тіліндегі заттың күрделі атауларының теориялық негіздері: фил. ғыл. д-ры. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2002. – 50 б.

65 Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность номинации в казахском языке. – Алма-Ата, 1988. – 331 с.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

66 Колшанский Г.В. Некоторые вопросы семантики языка в гносеологическом аспекте // Принципы и методы семантических исследований. – М.: Наука, 1976. – С.5-31.

67 Зинченко В.П. Избранные психологические труды /комментарий: Запорожец А.В. – Т. 1. – М., 1986. – С. 285-297.

68 Сергеев В.М. Терминология изобразительного искусства в русском языке XIX-XX вв.: автореф. ... канд. фил. наук. – Л., 1964.

70 Национальное и интернациональное в литературе и языке. – Кишинев, 1969.

71 Реформатский А.А., Суперанская А.В. Как назвать новый химический элемент? // Вопросы культуры речи. – Вып. 7. – М., 1966.

72 Степанов Г.В. Современная научно-техническая терминология на языках народов СССР и проблемы ее унификации // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в Академиях наук союзных Республик. – М., 1983. – С. 57-73.

73 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология. Терминологическая деятельность. – М., 1993. – 246 с.

74 Скворцов Л.И. Вопросы терминологии и терминотворчества в эпоху НТР // Терминология и культура речи. – М.: Наука, 1981. – С. 11-17.

75 Красильникова Е.В. Инвентарь морфем // Способы номинации в современном русском языке. – М.: Наука, 1982. – С. 133-158.

76 Володина М.Н. Специфика терминологической номинации // Вест. Моск. ун-та. Сер. филология. – 1986. – №5. – С. 38-47.

77 Суперанская А.В. Эволюция теории имени собственного в Европе // Вопросы филологии. – 2002. – №3 (12). – С. 5-17.

78 Лурия А.Р. Основные проблемы нейролингвистики. – М., 1975.

79 Тезисы Пражского лингвистического кружка // Пражский лингвистический кружок. – М., 1967. – С. 17-197.

80 Арутюнова Н.Д. Коммуникативная функция и значение слова // Филологические науки. – 1973. – №3.

81 Гак В.Г. Фразеорефлексы в этнокультурном аспекте // Филологические науки. – 1995. – №5.

82 Володина М.Н. Теория терминологической номинации. – М., 1997. – 345 с.

83 Гак В.Г. Сопоставительная лексикология. – М., 1977. – 264 с.

84 Гумбольдт В. фон. О различии строения человеческих языков и его влияние на духовное развитие человеческого рода // Хрестоматия по истории языкознания в XIX-XX вв. /сост. Звегинцев В.А. – М., 1956.

- 85 Вежбицкая А. Язык. Культура. Познание. – М., 1996.
- 86 Гак В.Г. Формирование терминологической структуры русского биологического текста. – Л., 1981.
- 87 Телия В.Н. Вторичная номинация и ее виды // Языковая номинация: Виды наименований. – М.: Наука, 1977. – С. 129-225.
- 88 Земская Е.А. Современный русский язык. Словообразование. – М.: Просвещение, 1973. – 304 с.
- 89 Кубрякова Е.С. Части речи в ономаσιологическом освещении. – М.: Наука, 1978. – 115 с.
- 90 Уфимцева А.А. Семантический аспект языковых единиц // Принципы и методы семантических исследований. – М.: Наука, 1976. – С. 31-46.
- 91 Реформатский А.А. Что такое термин и его терминология // Вопросы терминологии. – М., 1961. – С. 53-67.
- 92 Моисеев А.И. Основные вопросы словообразования в современном русском литературном языке. – Л.: Изд-во ЛГУ, 1987.
- 93 Винокур Г.О. О некоторых явлениях словообразования в русской технической терминологии // Труды МИФЛИ. Сборник статей по языкознанию. – Т. 5. – М., 1939.
- 94 Даниленко В.П. Русская терминология: Опыт лингвистического описания. – М., 1977. – 246 с.
- 95 Реформатский А.А. Мысли о терминологии // Современные проблемы русской терминологии. – М.: Наука, 1986. – С. 163-198.
- 96 Исаченко А.В. Термин – описание или термин – название? // Славянска лингвистична терминология. – Т. 1. – София, 1962.
- 97 Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии. (вопросы теории и методики). – М., 1961. – 43 с.
- 98 Канделаки Т.Л. Об одном типе словаря международных терминологических наук // Научные доклады высшей школы. Филологические науки. – М., 1967. – №2.
- 99 Лейчик В.М. Оптимальная длина и оптимальная структура термина // Вопросы языкознания. – М., 1981. – №2.
- 100 Реформатский А.А. Термин как член лексической системы языка // Проблемы структурной лингвистики 1967. – М., 1968.
- 101 Шевчук В.Н. Производные военные термины в английском языке. – М., 1983.
- 102 Леонтьев А.Н. Деятельность и сознание // Вопросы философии. 1972. – №12. – С. 129-140.
- 103 Колшанский Г.В. Соотношение субъективных и объективных факторов в языке. – М., 1975. – 231 с.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

104 Колшанский Г.В. Лингво-гносеологические основы языковой номинации // Языковая номинация (Общие вопросы). – М.: Наука, 1977.

105 Серебренников Б.А. Язык как общественное явление // Общее языкознание. Формы существования, функции истории языка. – 1977. – С. 417-450.

106 Уфимцева А.А., Азнаурова Э.С., Кубрякова Е.С., Телия В.Н. Лингвистическая сущность и аспекты номинации // Языковая номинация (Общие вопросы). – М.: Наука, 1977.

107 Norecky I. Zaklady slovenkej terminolgie. – Bratislava, 1956.

108 Виноградов В.В. Вопросы терминологии. – М.: Изд. АН СССР, 1962. – С. 5-9.

109 Даниленко В.П. О терминологическом словообразовании // Вопросы языкознания. – 1973. – №4. – С. 69-80.

110 Капанадзе Л.Н. О понятиях «термин» и «терминология» // Развитие лексики современного русского языка. – М.: Наука, 1965. – С.75-85.

111 Малбақов М. Бір тілді түсіндірме сөздіктердің құрылымдық негіздері. – Алматы: Ғылым, 2002. – 368 б.

112 Айтбайұлы Ө. Қазақ сөзі: (Қазақ терминологиясының негіздері). – Алматы: Рауан, 1997. – 240 б.

113 Даниленко В.П. Как создаются термины // Русская речь. – 1967. – №2. – С. 49-63.

114 Будагов Р.А. Введение в науку о языке. – М., 1965. – 137 с.

115 Қазақ тілінің сөздігі /жауапты ред. Т.Жанұзақов. – Алматы: Дайк-Пресс, 1999. – 776 б.

116 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Мектеп, 1974. – 402 б.

117 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының дамуының кезеңдік сипаты. – Астана, 2002. – 184 б.

118 Құрманбайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминдену үрдісі: фил. ғыл. д-ры ... автореф. – Алматы, 1999. – 55 б.

119 Сауранбаев Н.Т. К истории казахского литературного языка. Труды III сессии АП КазССР. – Алма-Ата, 1949.

120 Мұсабаев Ғ.Ғ. Современный казахский язык: Лексика. – Ч. I. – Алма-Ата, 1969.

121 Балақаев М.Б. Қазақ әдеби тілі. – Алматы: ҚазССР Ғылым академиясы, 1987. – 269 б.

122 Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы, 1971.

123 Момынова Б.Қ. «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы: Арыс, 1998. – 110 б.

124 Терминология мәселелері. 2-кітап. – Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2006. – 228 б.

125 Сыздық Р. Ғалым-азамат (Профессор Құдайберген Жұбанов туралы). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. – 68 б.

126 Құрманбайұлы Ш. Мемлекеттік саясат және терминология мәселесі // Егемен Қазақстан. – 2003. – 30 қыркүйек.

127 Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Рауан, 1993. – 43 б.

128 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б.

129 Ярцева В.Н. Развитие языка науки // Наука и человечество. – М., 1985.

130 Даниленко В.П., Крыжановская А.В., Скворцов Л.И. Лингвистические проблемы стандартизации терминологии // Международный симпозиум «Теоретические и методологические вопросы терминологии». – М., 1979.

131 Rondeau G., Inerouction a terminoiogie. – Quebec, 1980.

132 Қайдар Ә. Терминологияның бүгінгі барысы туралы кейбір ойлар // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. – Астана, 2002. – 17-22 бб.

133 Телия В.Н. Гносеологический и семиотический аспекты номинации // Языковая номинация (Общие вопросы). – М.: Наука, 1977. – С. 129-145.

134 Флоренский П.А. Термин // В.А.Татаринов. История отечественного терминоведения. – М., 1994. – С. 359-400.

135 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика // Ю.Д.Апресян. Избранные труды. – Т. I. – М., 1995.

136 Лейбниц. Успехи математических наук. – 1948.

137 Момынова Б. Шәкәрім поэзиясының тілі (лексика-функционалды ракурс). – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 258 б.

138 Hoffmann L. Vom Fachwort zum fachtext. Beitrage Angewadten Linguistik. – Tubingen, 1992.

139 Котов Р.Г. Развитие терминологии и информационные потребности современного общества // Проблемы разработки и упорядочения терминологии в академии наук союзных республик. – А., 1983.

140 Сабыр М.Б. Орта түркі тілі лексикасы мен қазақ тілі лексикасының сабақтастығы (XIV ғасыр жазба ескерткіштері негізінде): фил. ғыл. д-ры ... автореф. – Алматы, 2004. – 58 б.

141 Рүстемов Ж.З. Қазіргі қазақ тіліндегі араб-парсы кірме сөздері. – Алматы: Ғылым, 1982. – 160 б.

142 Бизақов С. Варианттылық және әдеби норма: фил. ғыл. д-ры ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2000. – 65 б.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

143 Айтмұхаметова Қ. Кәсіби саладағы маман сөзқолданысының прагматикалық ерекшеліктері // Қазақ грамматикасының өзекті мәселелері. – Алматы: «Кие» лингвоелтану инновациялық орталығы, 2007. – 434-463 бб.

144 Ахметжанов Қ.С. Жараған темір кигендер (Батырлардың қару-жарағы, әскери өнері, салт-дәстүрлері). – Алматы: Дәуір, 1996. – 240 б.

145 Гринев С.В. Терминологические заимствования: Краткий обзор современного состояния вопроса // Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминологических элементов. – М., 1982.

146 Лейчик В.М. Новый вид аббревиатур (слова с двойной мотивацией) // Особенности функционирования стилей научной литературы и деловой документации. Научно-технический семинар. – Челябинск, 1973. – С. 13-24.

147 Лотте Д.С. Вопросы заимствования и упорядочения иноязычных терминов и терминологических элементов. – М., 1982. – 148 с.

148 Толика Е.Н. Некоторые лингвистические проблемы изучения термина // Лингвистические проблемы научной терминологии. – М.: Наука, 1970. – С. 78-88.

149 Апресян Ю.Д. Лексическая семантика: Синонимические средства языка. – М., 1974.

150 Потенция А.А. Мысль и язык // Потенция А.А. Слово и миф. – М.: Правда, 1989. – 624 с.

151 Щерба Л.В. Опыт общей теории лексикографии // Щерба Л.В. Языковая система и речевая деятельность. – Л., 1974.

152 Лейчик В.М. О некоторых современных способах словообразования // Особенности словообразования в терминосистемах и литературной норме. – Владивосток, 1983. – С. 70-87.

153 Крысин Л.П. Иноязычные слова в современном русском языке. – М., 1968. – 208 с.

154 Шелов С.Д. Терминология, профессиональная лексика и профессионализмы (к проблеме классификации специальной лексики) // ВЯ. – 1984. – №5.

155 Құрманбайұлы Ш. Алғы сөз // Қаратышқанов Н. Пән сөздері. – Терминологиялық сөздік. – Алматы: Ер-Дәулет, 2004. – 3-14 бб.

156 Арнольд И.В. Лексикология современного английского языка. – М., 1959.

157 Қазақ білімпаздарының тұңғыш сіеізі. – Алматы, 2005. – 144 б.

158 Құрманбайұлы Ш. 1920-1930 жылдары жарық көрген терминологиялық жинақтар мен сөздіктер туралы // Терминология мәселелері. 1-кітап. – Астана: «ІС-Сервис» ЖШС, 2006. – 246-282 бб.

159 Құрманбайұлы Ш. «Атаулар сөздігі» туралы // Атаулар сөздігі. – Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. – 3-8 бб.

160 Трубачев О.Н. Ремесленная терминология в славянских языках (этимология и опыт групповой реконструкции). – М.: Наука, 1964.

161 Шкатова Л.А. Развитие ономаσιологических структур (на примере наименований лиц по профессии в русском языке). – Иркутск: Изд-во Иркут. ун-та, 1984. – 152 с.

162 Сыздық Р. Термин жасау – Ахмет Байтұрсынұлы көтерген тарихи жүктің бірі // Ұлттық рухтың ұлы тіні. Ғылыми мақалалар жинағы (қазақ, орыс, ағылшын т.б. тілдерде). – Алматы: Ғылым, 1999. – 250-261 бб.

163 Шкатова Л.А. Заметки об унификации названий профессий // Исследования по русской терминологии. – М.: Наука, 1971. – С. 37-51.

164 Шмелев Д.Н. Проблемы семантического анализа лексики. – М.: Наука, 1973. – 120 с.

165 Будагов Р.А. Эстетика языка // Русская речь. – 1975. – №5.

166 Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910-1930 жылдар). Монография. – Алматы: «Ел-шежіре» ҚҚҚ, 2008. – 240 б.

167 Денисов П.Н. Некоторые лингвистические проблемы терминологии // Русский язык в школе. – 1965. – №6.

168 Моисеев А.И. Наименование лиц по профессии в современном русском языке: автореф. ... д-ра фил. наук. – Л., 1968. – 45 с.

169 Кубрякова Е.С. Теория номинации и словообразование // Языковая номинация: Виды наименований. – М.: Наука, 1977. – С. 222-303.

170 Гак В.Г. Семантическая структура слова как компонент семантической структуры высказывания // Семантическая структура слова. Психолингвистические исследования. – М., 1965. – 435 с.

171 Туркин В.Н. Об опыте компонентного анализа древнерусской общественно-политической лексики XIV-XV вв. // Вопросы прикладной лингвистики. – Вып. 1. – Днепропетровск, 1969. – С. 61-75.

172 Лыков А.Г. Русское окказиональное слово: автореф. ... д-ра фил. наук. – М., 1972. – 44 с.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

173 Серебренников Б.А. К проблеме сущности языка // Общее языкознание: Формы существования, функции, истории языка. – М., 1970. – С. 76-94.

174 Реформатский А.А. Введение в языковедение. – М., 1967. – 542 с.

175 Соссюр Ф. де. Курс общей лингвистики. – М.: Соцэкгиз, 1933. – 272 с.

176 Копыленко М.М. О соотношении языка и речи в связи с вопросами изучения сочетаний лексем // Филологический сборник. – Вып. 4. – Алма-Ата, 1965. – С. 192-199.

177 Лыков А.Г. Дискретное и континуальное в выражении лексической семантики // Лингвистика на исходе XX века: итоги и перспективы: Тезисы международной конференции. – Т. II. – М., 1995. – С. 325-327.

178 Щерба Л.В. О тroyаком аспекте языковых явлений и об эксперименте в языкознании // Звегинцев В.А. История языкознания XIX–XX веков в очерках и извлечениях. – Ч. I. – М., 1965.

179 Сыздыкова Р. Жаңа сөздер жайынан // Өнер алды – кызыл тіл. – Алматы: Жазушы, 1996. – 148-153 бб.

180 Гак В.Г. О современной французской неологии // Новые слова и словари новых слов. – Л., 1978. – С. 37-52.

181 Котелова Н.З. Первый опыт лексикографического описания русских неологизмов // Новые слова и словари новых слов. – Л., 1978. – С. 12-14.

182 Жаңа атаулар /А.Алдашева, Ш.Сарыбаев, Н.Уәлиев. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 128 б.

183 Лыков А.Г. Окказиональное слово как лексическая единица речи // Филологические науки. – 1971. – №5. – С. 73-81.

184 Земская Е.А. Окказиональные и потенциальные слова в русском словообразовании // Актуальные проблемы русского словообразования. – Ч. I. – Самарканд, 1973. – С.19-28.

185 Агоронян И.В. Словообразование окказионализмов-существительных в эпистолярном наследии II половины XIX-I четверти XX веков: автореф. ... канд. фил. наук. – Куйбышев, 1972. – 26 с.

186 Зуева Р.С. К вопросу о разграничении окказиональных и потенциальных слов // Семантико-стилистические исследования. Сб. науч. тр. КазГУ. – Алма-Ата, 1989. – С. 7-13.

187 Нұрмұқанов Х.М. Сөз және шеберлік. – Алматы: Ғылым, 1987. – 300 б.; Жанпейісов Е. Зат есімнің сөз жасамы // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 102-142 бб.

188 Сарыбаев Ш.Ш. Казахская региональная лексикография. – Алма-Ата: Наука, 1976. – 216 с.

189 Бейсенбаева З., Уәлиев Н. Жаңа сөздердің қолданылуы жайында // Қазақстан мұғалімі. – 1976. – 6 август. – 4 б.

190 Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992. – 446 б.

191 Құрманбайұлы Ш. Мемлекеттік тіл саясаты және терминологияны қалыптастырудың қағидаттары // Терминология және тіл мәдениетінің мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2004. – 10-19 бб.

192 Сыздық Р. Сөз құдіреті. – Алматы: Санат, 1997. – 224 б.

193 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: фил. ғыл. д-ры дис.: 10.02.02. – Алматы, 2007. – 330 б.

194 Колшанский Г.В. К проблеме понятия и значения слова. // Иностранные языки в высшей школе. – Изд.1. – МГПИИЯ. – 1962.

195 Степанов Ю.С. Основы языкознания. – М.: Просвещение, 1966. – 271 с.

196 Галкина-Федорук Е.М. Современный русский язык. – Ч. 1. – М.: Изд-во МГУ, 1962. – 146 с.

197 Галкина-Федорук Е.М. Значение и понятие // Язык и мышление. – М.: Наука, 1965. – С. 80-83.

198 Смирницкий А.И. Звучание слова и его семантика // Вопросы языкознания. – 1960. – №5. – С. 112-116.

199 Лейчик В.М. О языковом субстрате термина // Вопросы языкознания. – 1986. – №5. – С. 87-97.

200 Никифоров В.А. О системности термина // Вопросы языкознания. – 1966. – №1. – С. 111-114.

201 Ступин В.А. Терминологическая структура // Семиотические проблемы языков науки, терминологии и информатики. – Ч. II. – М., 1971.

202 Марчук Ю.Н. Вычислительная лексикография. – М., 1976.

203 Құрманбайұлы Ш. Сөздің лексикалық және терминологиялық мағыналары арасындағы өзгешелік пен ұқсастықты ұғым белгілері арқылы анықтау // Ахметтану тағылымдары. – Алматы: Ғылым, 1998. – 170-175 бб.

204 Климовицкий Я.А. Некоторые методологические вопросы работы над терминологией науки и техники // Современные проблемы терминологии науки и техники. – М., 1969. – С. 32-61.

205 Хаютин А.О. Термин, терминология, номенклатура: Учебное пособие. – Самарканд, 1972.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

206 Лейчик В.М., Бесекирска Л. Терминоведение: предмет, методы, структура. – Bialystok, 1998.

207 Герд А.С. Еще раз о значении термина // Лингвистические аспекты терминологии. – Воронеж, 1980. – С. 3-9.

208 Никитин М.В. Основы лингвистической теории значения. – М., 1988.

209 Шкатова Л.А. Различные степени терминологизации наименований лиц // Современные проблемы русской терминологии. – М.: Наука, 1986. – С. 37-52.

210 Виноградов В.В. Русский язык: (Грамматическое учение о слове). 2-е изд. – М.: Высш.шк., 1972. – 269 с.

211 Земская Е.А., Китайгородская М.В., Ширяев Е.Н. Русская разговорная речь. – М.: Наука, 1981.

212 Ельмслев Л. Прологомены к теории языка // Новое в лингвистике. – Вып. 17. – М., 1960.

213 Смирницкий А.И. Значение слова // Вопросы языкознания. – 1955. – № 2.

214 Мельников Г.П. Анализ процесса наименования // Доклад в Институте языкознания АН СССР. – М., 1968.

215 Мартьянов В.В. Номинативные единицы языка и их системное описание // Актуальные проблемы лексикологии: Тезисы докладов лингвистической конференции. – Вып. II. – Ч. 1. – Новосибирск, 1969.

216 Выготский Л.С. Избранные психологические исследования. – М., 1956.

217 Реформатский А.А. О перекодировании и трансформации коммуникативных систем // Исследование по структурной типологии. – М., 1963.

218 Жанпейісов Е. Этнокультурная лексика казахского языка (на материалах произведений М.Ауезова). – Алма-Ата: Наука, 1989. – 288 с.

219 Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы: фил. ғыл. д-ры ... автореф. – Алматы, 1997. – 53 б.

220 Манкеева Ж.А. Мәдени лексиканың ұлттық сипаты. – Алматы: Ғылым, 1997. – 272 б.

221 Сейілхан А. Қазақ тіліндегі этнографизмдердің лингвомәдениеттанымдық сипаты: фил. ғыл. д-ры ... автореф. – Алматы, 2001. – 26 б.

222 Елемесова Ш. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары: фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 2003. – 29 б.

223 Қайрбаева Қ. Қазақ тіліндегі этномәдени атаулардың символдық мәні: фил. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 29 б.

224 Тұрышев А.Қ. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары лексикасының этномәдени негіздері: фил. ғыл. д-ры ...автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 27 б.

225 Калиев Б.К. Лексико-семантическая и морфологическая структура названий растений в казахском языке. – Алма-Ата: Мектеп, 1996. – 168 с.

226 Салқынбай А. Тарихи сөзжасам (семантикалық аспект). – Алматы: Қазақ университеті, 1999. – 309 б.

227 Ока А. Киіз үйге қатысты атаулардың ономасиологиялық жүйесі: фил. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2005. – 29 б.

228 Жаубасова Т.Б. Қазақ музыка аспаптары атауларының этнолингвистикалық табиғаты: фил. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 30 б.

229 Копыленко М.М. О мотивации наименований животных в тюркских языках // Проблемы этимологии тюркских языков. – Алма-Ата: Гылым, 1990. – С. 102-108.

230 Шойбеков Р.Н. Қазақ тілінің қолөнер лексикасы: фил. ғыл. д-ры ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2006. – 54 б.

231 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным. – 2006. – №4. – 40-46 бб.

232 Лотте Д.С. Основы построения научно-технической терминологии: Вопросы теории и методики. – М., 1961.

233 Краткое методическое пособие по разработке и упорядочению научно-технической терминологии /отв. ред. В.И. Сифоров. – М., 1979.

234 Кияк Т.Р. Объективные критерии нормализации научно-технической терминологии. Деп. в ИНИОН АН СССР. – Черновцы, 1984. – № 17977.

235 Блинова О.И. Явление мотивации слов: лексикологический аспект. – Томск, 1984. – 191 с.

236 Гринев С.В. Введение в терминоведение. – М., 1993.

237 Комаров О.П. О внутренних противоречиях языка. – Алма-Ата, 1988.

238 Әділбаева Ұ. Қазақ тіліндегі өсімдік атауларының уәжділігі: фил. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2001. – 120 б.

239 Гумбольдт В. Избранные труды по языкознанию. – М.: Прогресс, 1983. – 300 с.

240 Потебня А.А. Из записок по русской грамматике. – Т. I-II. – М., 1958.

241 Варина В.Г. Лексическая семантика и внутренняя форма языковых единиц // Принципы и методы семантических исследований. – М., 1976.

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—

242 Комлев Н.Г. Компоненты содержательной структуры слова. – М., 1969. – 192 с.

243 Голев Н.Д. Система номинации конкретных предметов в русском языке: дис. ... канд. фил. наук. – Томск, 1974. – 253 с.

244 Алмауытова Ә.Б. Қазақ тіліндегі киім атауларының этнолингвистикалық табиғаты: фил. ғыл. канд. ... автореф.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 30 б.

245 Кубрякова Е.С. Словообразование и другие сферы языковой системы в структуре номинативного акта // Словообразование в его отношениях к другим сферам языка // И.С. Улуханову к 65-летию со дня рождения. – Innsbruck, 2000. – С. 13-26.

246 Соссюр де Ф. Труды по языкознанию /переводы с франц. языка под ред. А.А.Холодовича. – М., 1977. – 272 с.

247 Бенвенист Э. Общая лингвистика. – М., 1974.

248 Арутюнова Н.Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990. – С.136-137.

249 Гак В.Г. К диалектике семантических отношений в языке // Принципы и методы семантических исследований. – М., 1976. – С. 73-92.

250 Переверзев К.А. Высказывание и ситуация: об онтологическом аспекте философии языка // Вопросы языкознания, 1998. – №5. – С. 24-25.

251 Ахманова О.С. Очерки по общей и русской лексикологии. – М., 1957. – 295 с.

252 Колчин С.А. Пять этапов процесса номинации // Семантика слова и синтаксические конструкции. – Воронеж: Изд-во Воронежского ун-та, 1987. – С. 120-128.

253 Голанова Е.И. Как возникают названия. – М.: Просвещение, 1989. – 141 с.

254 Войшвилло Е.К. Понятие. – М.: МГУ, 1967. – 286 с.

255 Кацнельсон С.Д. Содержание слова, значение и обозначение. – Л.: Наука, 1965. – 110 с.

256 Копыленко М.М., Попова З.Д. Фразеосочетание и понятие // Вопросы фразеологии. – Вып. XIV. – Самарканд, 1979. – С.15-22.

257 Мартынов В.В. Кибернетика. Семиотика: Лингвистика. – Минск: Наука и техника, 1966. – 146 с.

258 Виноградов В.В. Русский язык. Грамматическое учение о слове. – М.-Л., 1947. – 358 с.

259 Горский Д.П. Определение (логико-методологические проблемы). – М., 1974. – 351 с.

260 Шелов С.Д. О языковой природе термина // Научно-техническая информация. Сер. 2. – 1982. – №9. – С.1-9.

261 Котелова Н.З. Банк русских неологизмов // Новые слова и словари новых слов. – Л.: Наука, 1983. – С. 115-222.

262 Моисеев А.И. Наименования лиц по профессии в современном русском языке. Структурно-семантическая характеристика: дис. ... д-ра фил. наук. – Л., 1968. – 245 с.

263 Ахметжанова З.К. Сопоставительное исследование лексики тюркских (казахского, киргизского, узбекского) и русского языков: автореф. ... канд. фил. наук. – Алма-Ата, 1981. – 24 с.

264 Никитина С.Е. Семантический анализ языка науки. На материале лингвистики. – М., 1987.

265 Dokulil M. Tvo reni slov v neltin. – Praha, 1962. – 263 с.

266 Сопира А. Влияние НТР на развитие аббревиации // Третий международный симпозиум русистов: тез. докл. и сообщений. – М.: Нитра, 1981. – С.117-119.

267 Шадыко С. Аббревиатуры в русском языке (в сопоставлении с польским): дис. ... д-ра фил. наук. – Варшава, 2000. – 320 с.

268 Виноградов В.В. Словообразование в его отношении к грамматике и лексикологии // В.В.Виноградов. Исследования по русской грамматике. – М.: Наука, 1975. – С.160-220.

269 Исаченко А.В. К вопросу о структурной типологии словарного состава славянских языков. – Slavia, 1958. – №3. – С. 341-347.

270 Виноградов В.В. Словообразование имен существительных // Современный русский язык. Морфология. – М.: МГУ, 1952. – С.16-130.

271 Есперсен О. Философия грамматики. – М., 1958.

272 Ахметжанова З.К. О процессе универбации // Проблемы теории и методики преподавания иностранных языков и литературоведения. – Вып. 2. – Алма-Ата, 1977. – С. 108-116.

273 Маслова В.А. Когнитивная лингвистика. Учебное пособие. – Минск.: Тетра системе, 2004. – 255 с.

274 Павиленис Р.И. Философия языка: Проблема смысла // Вопросы философии. – 1976. – №3. – С. 30-45.

275 Кубрякова Е.С. Части речи с когнитивной точки зрения. – М.: Наука, 1997. – 289 с.

276 Кубрякова Е.С., Демьянков В.З., Панкрац Ю.Г., Лузина Л.Г. Краткий словарь когнитивных терминов /под общей ред. Е.С. Кубряковой. – М.: Наука, 1996. – 340 с.

277 Кубрякова Е.С. Начальные этапы становления когнитивизма: Лингвистика – психология – когнитивная наука // Вопросы языкознания. – М.: Наука, 1994. – С.34-37.

278 Жаманбаева Қ.Ә. Тілдік қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана. – Алматы: Ғылым, 1998. – 140 б.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

279 Колшанский Г.В. Некоторые вопросы семантики языка в гносеологических исследованиях // Принципы и методы лингвистических исследований. – М.: Наука, 1976. – С. 5-81.

280 Лузина Л.Г. О когнитивно-дискурсивной парадигме лингвистического знания // Парадигмы научного знания в современной лингвистике: Сб. науч. трудов /редкол.: Кубрякова Е.С., Лузина Л.Г. и др. РАН. ИНИОН. Центр гуманитар. науч.-информ. исслед. Отд. языкознания. – М., 2006. – С. 41-49.

281 Мартине А. Основы общей лингвистики // Новое в лингвистике /под ред. В.А.Звегинцева. – Вып. 3. – М.: Иностран. лит., 1963. – С. 366-566.

282 Даниленко В.П. Терминология современного языка науки // Терминоведение и терминография в индоевропейских языках: Сб. науч. тр. – Владивосток, 1987. – С. 61-66.

283 Қалиев Б. Мемлекеттік тіл және оның терминологиясы // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Республикалық ғылыми-практикалық конференцияның материалдары. – Астана, 2002. – 28-35 бб.

284 Күркебайұлы Ш. Қазақ лексикасының терминденуі. – Алматы, 1998. – 205 б.

285 Лейчик В.М., Шелов С.Д. Соизмеримость научных теорий и анализ терминологических определений // Научно-техническая информация. Сер. 2. – 1991. – № 8. – С. 9-15.

286 Лосев А.В. Философия имени // Лосев А.В. Бытие. Имя. Космос. – М., 1993.

287 Лингвистический энциклопедический словарь. – М., 1990.

288 Кубрякова Е.С. Проблемы представления знаний в современной науке и роль лингвистики в решении этих проблем // Язык и структуры представления знаний. – М., 1992. – С. 4-38.

289 Арутюнова Н.Д. Номинация и текст // Языковая номинация: Виды наименований. – М.: Наука, 1977.

290 Есенова Қ. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). – Алматы, 2007. – 450 б.

291 Кубрякова Е.С. Язык и знание: На пути получения знаний о языке: Части речи с когнитивной точки зрения. Роль языка в познании мира. – М., 2004. – 560 с.

292 Панкрац Ю.Г. Пропозициональные структуры и их роль в формировании языковых единиц разных уровней. – Минск – М., 1992.

293 Кубрякова Е.С. Ономаσιологические характеристики комплексных единиц словообразовательной структуры // Акту-

альные проблемы русского словообразования. – Ташкент, 1982. – С. 21-25.

294 Құрманбайұлы Ш. Қазіргі қазақ терминологиясының міндеттері // Қазақ терминологиясының өзекті мәселелері. Респубикалық ғылыми-практикалық конференциясының материалдары. – Астана, 2002. – 6-17 бб.

295 Шмелев Н.Д. Введение // Способы номинации в современном русском языке. – М.: Наука, 1982. – С. 3-44.

296 Исаев С. Қазіргі қазақ тіліндегі сөздердің грамматикалық сипаты. – Алматы: Рауан, 1998. – 304 б.

297 Поляков В.А. Способы лексической номинации в югском и кетском языках // Исследования по грамматике и лексике енисейских языков. – Новосибирск: Наука, 1986. – С.79-87.

298 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы, 1966. – 361 б.

299 Аханов К. Грамматика теориясының негіздері. – Алматы, 1972. – 217 б.

300 Ганиев Ф.А. Образование сложных слов в татарском языке. – М., 1982. – 150 б.

301 Орфография тюркских литературных языков СССР. – М., 1973. – 302 с.

302 Қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 368 б.

303 Балакаев М.Б. Казахский литературный язык. – Алматы, 1987. – 271 с.

304 Кенесбаев С. К. К вопросу о системности лексических значений слова на материале парных слов казахского языка // Актуальные проблемы филологии. – Кишинев, 1985. – С.95-105.

305 Убрятова Е.И. Парные слова в якутском языке // Язык и мышление. – Вып. 11. – М., 1948. – С. 297-328.

306 Кононов А. Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. – М.-Л., 1960. – 446 с.

307 Баскаков Н. А. Каракалпакский язык. – М., 1952. – 543 с.

308 Кайдаров А.Т. Парные слова в современном уйгурском языке. – Алматы, 1958. – 168 с.

309 Жәркешева Г. Біріккен сөздердің кейбір мәселелері // Қазақ ССР Ғылым академиясының Хабарлары. Филол. сер. – 1954. – № 135. – 70-71 бб.

310 Котелова З.Д. Проект словаря новых слов русского языка. – Л.: Наука, 1982. – 86 с.

311 Белый В.В. Структурная и семантическая характеристика терминов в современном русском языке (на материале лингвистических терминов).

Қазақ терминологиялық аталымының ономасиологиялық негіздері—
тической терминологии): автореф. ... канд. фил. наук. – М., 1982.
– 24 с.

312 Степанова М.Д., Фляйшер В. Теоретические основы словообразования в немецком языке. – М.: Высшая школа, 1984. – 264 с.

313 Шанский Н.М. Очерки по русскому словообразованию. – М.: Изд. Моск. ун-та, 1970. – 264 с.

314 Сергеева Н.И. Новообразования имен существительных русского языка 50-х годов XX в.: автореф. ... канд. фил. наук. – М., 1982. – 16 с.

315 Чинчлей Г.С. Проблематика минимальных значимых единиц (на материале французского языка): автореф. ... д-ра фил. наук. – М., 1974. – 45 с.

316 Копыленко М.М. Сложные слова с первым компонентом пол(у)- в современном русском языке: (на материале художественных произведений А.С.Пушкина) // Тезисы докладов на VI научной конференции профессорско-преподавательского состава. – Алма-Ата, 1958. – С. 21-22.

317 Григорян Э.В. Словообразовательные форманты «-вод», «-водец», «-провод», «-отвод» в современном русском литературном языке // Русский язык в школе. – М., 1982. – № 4. – С. 78-83.

318 Шанский Н.М. Современный русский литературный язык. – М.: Просвещение, 1988. – 669 с.

319 Күдерина Қ. М.Б. Балақаев біріккен сөз туралы // Тілдік жүйе және құрылым. – Алматы: Ғылым, 1997. – 110-114 бб.

320 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясының ғылыми қағидаттары // Терминологиялық хабаршы. – Астана, 2005. – №1 (11). – 10-20 бб.

321 Булаховский Л.А. Курс русского литературного языка. – Т. I. – Киев, 1952. – 436 с.

322 Алексеев Д.И. Создание новых словообразовательных способов (аббревиация) // Русский язык и советское общество: Словообразование современного русского литературного языка. – М.:Наука, 1968. – С.66-99.

323 Левашов Е.А. Лексические сокращения и толковые словари русского языка // Современная русская лексикография. – Л.: Наука, 1975. – С.159-167.

324 Бредихина Т.В. Наименования лиц в русском языке XVIII века: дис. ... канд. фил. наук. – Воронеж, 1990. – 190 с.

325 Копыленко М.М. Генераторы отглагольных агентивных существительных русского языка // Проблемы структурной лингвистики. – М., 1972. – С. 504-520.

326 Ермакова О.П. Вторичная номинация в семантической структуре многозначных производных слов // Способы номинации в современном русском языке. – М.: Наука, 1982. – С.109-123.

327 Винарева Л.В. Ономаσιологические характеристики семантической деривации в современном английском языке: (Номинация человека): автореф. ... канд. фил. наук. – Киев, 1986. – 24 с.

328 Акопова С.Л. Лексико-семантический способ образования имен существительных со значением лица (на основе метафоризации): автореф. ... канд. фил. наук. – М., 1986. – 16 с.

329 Оралбаева Н.О. Сөзжасамның жалпы мәселелері // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 8-63 бб.

330 Есенов Қ. Сөзжасамның лексика-семантикалық тәсілі // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 99-100 бб.

331 Уфимцева А.А. Аспекты семантических исследований. – М.: Наука, 1980. – 358 с.

332 Балақаев М.Б., Жанпейісов Е., Нұрмұқанов С. Зат есімнің жасалу жолдары // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – Б. 102-224.

333 Копыленко М.М., Попова З.Д. Очерки по общей фразеологии: Проблемы, методы, опыты. – Воронеж: ВГУ, 1978.-143 с.

334 Филин Ф.П. Лексика русского литературного языка древнекиевской эпохи. Уч. зап. ЛГПИ им. Герцена. – Т. 80. – Л., 1949.

335 Толикина Е.Н. Термин в толковом словаре: К проблеме отбора // Вопросы исторической лексикологии и лексикографии восточнославянских языков. М., 1974. – С. 15-88.

336 Хасанов Ғ. Сөздің лексикалық мағынасының құрылымы: фил. ғыл. канд. ... автореф. – Алматы, 1997. – 23 б.

337 Әшімбаева Н. Көнерген сөздер – термижасамның бір көзі // Тіл тарихы және сөз табиғаты. – Алматы, 1997. – 190-197 бб.

338 Алдашева А. Бекітілген терминдер қатарындағы төл сөздердің әлеуеті туралы // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 184-192 бб.

339 Кубрякова Е.С. Семантика производного слова // Аспекты семантических исследований. – М.: Наука, 1980. – С.81-155.

340 Оралбаева Н. Тілдің сөзжасам жүйесі // Қазіргі қазақ тілінің сөзжасам жүйесі. – Алматы: Ғылым, 1989. – 8-64 бб.

341 Кубрякова Е.С. Семантика производного слова // Аспекты семантических исследований. – М.: Наука, 1980. – С. 81-155.

Қазақ терминологиялық аталымының ономаσιологиялық негіздері—

342 Шанский Н.М. Очерки по русскому словообразованию и лексикологии. – М.: Наука, 1959. – 327 с.

343 Маманов Ы. Қазақ тілі. – Алматы, 1973. – 89 б.

344 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.

345 Әбдірәсілов Е. Салалық терминологияны қалыптастыруда ескерілетін қазіргі қазақ терминологиясының өзекті мәселері // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 210-215 бб.

346 Тарақ Ә. Термин және оның аударылуы // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). – Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. – 215-218 бб.

347 Кеңесбаев І., Мұсабаев Ф. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Мектеп, 1962. – 217 б.

348 Болғанбайұлы Ә., Қалиұлы Ф. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. – Алматы, 1997. – 256 б.

349 Сыздықова Р. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 334 б.

350 Колчин С.А. Именование лиц в русском языке: дис. ... канд. фил. наук. – Томск, 1988. – 200 с.

351 Копыленко М.М. Типы и функции иноязычных компонентов в художественных текстах // Казахское слово в русском художественном тексте. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – С. 5-30.

МАЗМУНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	3
---------------	---

I ТАРАУ

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАЛЫМНЫҢ ОНОМАСИОЛОГИЯЛЫҚ ТИПОЛОГИЯСЫ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ	7
Ономасиология және оның тіл білімі салаларымен арақатынасы	7
Лексикалық және терминологиялық аталымдардың ономасиологиялық типологиясы	26
Терминологиялық аталымның табиғи және жасалынды түрлерінің ономасиологиялық сипаты	48
Терминологиялық аталымның ономасиологиялық принциптері	70

II ТАРАУ

ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАЛЫМ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ КЕЗЕҢДІК СИПАТЫ	95
Қазақ терминологиясы және кәсіп иелері атауларының даму кезеңдері	95
Қазақ терминологиялық аталымының стихиялық түрде жасалу кезеңі	117
Қазақ терминологиялық аталымының ұйымдық-мақсатты түрде жасалу кезеңі	137
Қазақ ұлттық терминологиясы дамуының жаңа кезеңі	160

III ТАРАУ

ТЕРМИНЖАСАМ ҮДЕРІСІ ЖӘНЕ ТЕРМИНДЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ОНОМАСИОЛОГИЯЛЫҚ АСПЕКТІСІ	187
Терминдердің мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері	187
Кәсіп иелері атаулары терминденуінің деңгейлік сипаты	198
Терминологиялық бірліктердің уәжділік сипаты	209
Терминологиялық аталым мүмкіндіктерінің альтернативтілігі ...	223
Терминологиялық аталымның динамикалық-үдерістік сипаты ..	229
Универбтену үдерісінің терминжасамдағы сипаты	251

IV ТАРАУ

ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯЛЫҚ АТАЛЫМДАРЫНЫҢ ОНОМАСИОЛОГИЯЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМДАРЫ МЕН ТҮРЛЕРІ	275
Терминжасам мен сөзжасамның ономасиологиялық негіздері	275
Туынды терминологиялық бірліктердің ономасиологиялық құрылымы	293
Терминжасамдағы семантикалық дериваттардың рөлі және термин семантикасының даму эволюциясы	315
Қазақ тіліндегі кірме атаулардың ономасиологиялық сипаты	333
ҚОРЫТЫНДЫ	353
ӘДЕБИЕТТЕРТІЗІМІ	361

Редакторы Ш.Жамықаева
Тех. редакторы Б. Қосдәулетов

Теруге 25. 01.2010 берілді.
Басуға 22.02 .2010 қол қойылды.
Пішімі 84x108 $\frac{1}{16}$. Офсеттік басылым.
Қаріп түрі «Times New Roman»
Шартты баспа табағы 25,5.
Есептік баспа табағы 24,0.
Таралымы 500.